
Алтын ғасырдан қазіргі шағымызға дейін

Өркениет Ивығындағы Жауһарлар 1

Осман Нұри ТОПБАШ



ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алтын ғасырдан қазіргі шағымызға дейін

Өркениет Шыңындағы Жауһарлар

I том

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алматы - 2010

УДК 28
ББК 86.38
Т 49

Бас редактор: Батыржан Мансұров
Қазақ тіліне тәржімалағандар: Ерғали Алпысбаев
Жанар Ақылбекқызы
Сарапшы редактор: Саясат Көкенай
Компьютерге терген: Нұрбол Шайқыұлы
Көркемдеуші: Жандар Рашитұлы

ТОПБАШ О.Н.
Алтын ғасырдан қазіргі шағымызға дейін
ӨРКЕНИЕТ ШЫҢЫНДАҒЫ ЖАУҺАРЛАР. - ЕКІ ТОМДЫҚ
– Алматы, «Хикмет» баспа үйі, 2010
ISBN 978-601-7094-39-3
1-ші том, - 496 б.

ISBN 978-601-7094-40-9

Қолдарыңыздағы бұл кітап үлкен екі томнан тұрады. Бірінші томында Жаратушы Раббымыздың адамзатқа тура жол көрсету үшін жіберген Пайғамбарлары мен олардың мұрагерлері болып табылатын, яғни Аллаһты шынайы түрде танитын данагөй құлдардың өз ғумырларында атқарған ізгіліктері мен игі амалдары, сондай-ақ өшпес құнды естеліктері төңірегінде сөз қозғалды. Кітаптың авторы белгілі исламтанушы, ғалым Осман Нұри Топбаш мырза салиқалы пенделердің қазіргі күнімізде де ауадай қажет екендігін ескере келе, әрбір тақырыпты өте ғибратты оқиғалармен өрнектеген.

Кітапта келтірілген деректер ізгілікті жанына жолдас етпекші болған әрбір мұсылманға таптырмас құнды да тағылымы мол мәлімет берері сөзсіз.

Кітаптың тілі жеңіл һәм ұғынықты. Барша оқырман қауымға арналады.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7094-40-9 (Т.1.)
ISBN 978-601-7094-39-3

© «Хикмет» баспа үйі, ЖШС, 2010.

АЛҒЫ СӨЗ

Тіршілік әлемін оның ішінде адамзаттың мәртебесін Хазірет Пайғамбар арқылы асқақтата көтерген, мұнымен қоса бүкіл ғаламның мақтанышы ардақты Елшінің ғұмырымен ант ете отырып, оны абырой мен беделдің қайнар бұлағы еткен, әрі бізді оған ұмбет болу бақытына бөлеген Аллаһ Тағалаға сансыз мадақтар мен шүкірлер болсын!

Барша ғалам үшін мейірім мен берекеттің қайнар бұлағы болған және үлгілі де өнегелі сансыз парасатты әрекеттерімен мінез-құлықтың биік шыңына шыққан, адам баласына теңдесі жоқ өнегелі тұлға ретінде жіберілген һәм пайғамбарлардың сұлтаны Хазірет Мұхаммед Мұстафаға сансыз салауат және сәлем болсын!

Жер мен көктегі барша жаратылыс атаулы өзіне қызметші ретінде ұсынылған адам баласы ең әуелі Аллаһтың осы берген иләһи сыйына шүкіршілік етіп, соған лайықты түрде өмір сүруі қажет. Ал бұл – Жаратушы Иемізге шынайы құл болу арқылы ғана іске аспақ. Шынайы құл болудың негізі **«мәкәриму ахлақ»,** яғни мақталған, ең көркем іс-әрекеттермен абатталған мінез-құлыққа ие бола білу.

Өйткені, Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «*Мен қандай да бір мақсат үшін емес, тек жақсы, көркем мінез-құлықты тәмамдау үшін жіберілдім*» (Муатта, Хусни-хулқ 8) дей отырып, негізгі міндетінің асыл сыры мен көркем ахлақтың мән-маңыздылығына баса назар аудартқан. Расында, Хазірет Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүткіл іс-әрекетін қай жағынан алып қарасақ та, оның үлгі-өнеге мен тәлім-тәрбиеге, сұлулыққа тұнып тұрғанын байқаймыз. Тіпті, Аллаһ Тағала: **«Уа, Расулім! Күмәнсіз, сен көркем мінез-құлық иесісің!»** (Қалам сүресі, 4-аят) дей отырып, осы ақиқатты тағы бір мәрте нақтылай түскендей.

Сондықтан, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек Құран Кәрімнің сөздерін үйрететін жай бір ұстаз ретінде ғана емес, керісінше ол – тірі Құран, иләһи ақиқаттарды өзінің іс-әрекеттері

арқылы үйретуші, әрі hидаят (тура жол) көрсетушісі ретінде өмір сүрді. Сол себептен, оның мүбәрәк ғұмыры қияметке дейін жалғасатын барша ұрпақ үшін керемет үлгі әрі теңдессіз өнеге болып қала бермек.

Ақиқатында, оның нұрының шарапатымен дүниенің қараңғы кеңістігі мен көмескі тұстары нұрға бөленді. Адамзаттың көптен күткен бақыт таңы атты. Жүздерге қан жүгіріп, жүректерге қайта жан бітті. Көңілдегі перделер түрілді. Қысқасы, ол адамзатты өзінің хақиқи төл абыройы мен қасиетіне қауыштырды. Жақсылық пен ақиқатқа, әділдік пен ізгілікке жетеледі. Сондай-ақ, ол адамзат баласына осы өмір мен мәңгілік өмірдің терең сырларын үйретті.

Одан кейін ешқандай пайғамбар келмейтіндіктен, адам баласына қажетті барлық сұлулық пен жақсы қасиеттер оның бойына дарытылған. Сондықтан, оның тұла бойында көркем ахлақ пен жақсы қасиеттер көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда:

Ол – махаббаттың асқар шыңы. Ол – батылдықтың заңғар биігі. Ол – сабырлылықтың, тұрақтылықтың шыңы. Ол – жомарттықтың, жанқиярлықтың, өзгенің мұң-мұқтажына шара болудың асқар шыңы. Үлкен олжалар мен дүние нығметтері аяғының астына жайылса да ол – зүhд[1], уараға[2], қанағат және кішіпейілділік қасиеттерінің биік шыңы. Ол – рақымдылық пен мейірімділіктің асқар шыңы. Ол – мұқтаж жандарға қол ұшын берудің асқар шыңы. Ол – ықылас пен тақуалықтың асқар шыңы. Ол – разылық пен шүкіршілік етудің асқар шыңы. Ол – Мағрифатуллаh[3] пен ирфанның[4] асқар шыңы. Ол – сый тарту мен жақсылық жасаудың асқар шыңы. Ол – пайғамбарлықтың асқар шыңы. Ол – тәлім-тәрбие берудің, Илаһи әдептің асқар шыңы. Ол – жаралы көңілдерге жұбаныш болудың асқар шыңы. Ол – туралық пен сенімділіктің асқар шыңы. Ол – Жаратушыға дос hәм сүйікті болудың асқар шыңы. Ол – қияметте махшар имамы. Ол – күнәһарлардың шапағатшысы. Қысқасы, түрлі ерекше қасиеттердің, ахлақ пен қызметтің, яғни ең тамаша құл болудың асқар шыңы тек қана – Ол (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм).

Өйткені, Аллаh Тағала ұнататын мінез-құлық, іс-әрекет пен ізгіліктерден тұратын көркем ахлақ Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) мүбәрәк сөзі мен орындауы арқылы адамдарға жеткізілген. Ұлы Жаратушымыз Ислам арқылы мақсат еткен **«кәміл адам»** үлгісін Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) ұлы тұлғасында бейнелеген. Оны бүткіл адамзат баласы үшін үлгілі тұлға еткен.

---

1. Дүниеден және дүниелік заттардан өзін алыс ұстау (аудармашыдан).
2. Харамнан және халал немесе харам екендігі белгісіз күмәнді нәрселерден сақтану (аудармашы)
3. Аллаһты тану, білу (аудармашыдан)
4. Білу, тану, ұғыну (аудармашыдан)

Осылайша Хазірет Пайғамбардың мүбәрак сөздері мен ұстанымдары оның өз өмірінде және қияметке дейін жалғасатын үмбетінің өмірінде өміршеңдігін жоймайтын ең көркем өнегелер тізбегі болып қала бермек.

Керісінше, ақыл-ойлары уахи бұлағымен сусындамаған, уахидың тәлімін алмаған ойшыл-философтардың қоғамдық татулық және тыныштық орнату мақсатында ахлақ тақырыбында өрбіткен (пайдалы, мейлі пайдасыз) пікірлері болса, көбінесе кітапханалардың шаң басқан сөрелеріндегі кітаптардан ары аспаған. Өмірге қадам басқандарының ғұмырлары өте қысқа болған. Өйткені, бұл философтар ауыздарымен айтқандарын өз өмірлерінде тәжірибе жүзінде іске асырмаған және басқаларға үлгі бола алмағандықтары үшін пікірлері жай ғана теория жүзінде қалып қойған.

Мысалы, Аристотель ахлақ философиясының бірқатар заңдылықтары мен қағидаттарының негізін қалаған. Бірақ, уахимен ешқандай қатысы болмағаны үшін оның философиясына иланып, өмірінде қолданған және сол арқылы бақытқа кенелген бірде-бір жанды кездестіре алмаймыз. Сондай-ақ, Фарабидің саналы санасының туындысы «Ізгілік қаласы және кемшіліксіз әлеумет» туралы пікірлерін қамтыған тамаша еңбегінің өзі әлі күнге дейін тәжірибе жүзінде қолданылу мүмкіндігіне ие бола алмаған. Ол да кітап халінен ары аса алмаған. Өйткені, ол пікірлер іс жүзінде тәжірибеден өткізіліп, жазылған әлде айтылған хақиқи дүние болмағандықтан, қанша қаламға тартылса да өміршеңдік сипатқа ие емес.

Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса, елшілік міндетіне кіріспестен бұрын өзін барша жанға сүйдіре, құрметтете білген. Сондай-ақ, өзінің дара тұлға екендігін дәлелдейтін теңдессіз ізгі қасиеттеріменен халқының шынайы ықыласына бөленіп, сенімді, шыншыл мағыналарын білдіретін **«әл-Әмин»**, **«әс-Садиқ»** деген тамаша лақап атқа ие болған. Оның тәблиғ (дінді жеткізу, дінге шақыру) міндеті жақсы қасиеттерінің халқы тарапынан мойындалғаннан кейін ғана басталған.

Міне, оның көркем мінез-құлқы мен рухани тәрбиесінің арқасында жаңа ғасыр, жаңа ұрпақ қалыптасты. Адамзат баласы үшін «аср сағадат», яғни «бақыт ғасыры» есік ашты. Ислам құқығы әдістемесі саласының белгілі ғалымы Қарафи (ө.684) осы орайда былай дейді:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешқандай мұғжизасы болмаған күнде де, тәрбиелеген саңлақ сахабалары оның пайғамбарлығына жеткілікті дәрежеде дәлел болмақ».

Хазірет Пайғамбарымыздың өзі, сөзі, тіпті әрбір хал-қарекеті – бастан-аяқ Құран Кәрім аяттарында бейнеленген көркем ахлақтың іс-жүзіндегі

тәпсірі. Бүткіл ізгі де кәміл өнегелер оның мүбәрәк ғұмырында көрініс тапқан.

Ұлы Аллаһтың жаратқандарының ішіндегі ең мәртебелісі – адамзат баласы. Адамзаттағы рухани кемелдіктің асқар шыңы – Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Жаратқан Аллаһ, Хазірет Мұхаммедке мойынсұнуды өзіне мойынсұну, ал оған қарсы келуді өзіне қарсы келу деп қабыл етті.

Құран Кәрімде былай делінген:

«(Уа, Елшім! Оларға ескерт) **Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, маған еріңдер! Сонда Аллаһ сендерді жақсы көреді, әрі күнәларыңды кешіреді. Аллаһ өте кешірімді әрі мейірімді деп айт!»** (Әли-Имран сүресі, 31-аят).

Осы тұрғыдан алғанда, сүйікті Пайғамбарымыз үшін айтылатын әрбір мадақ-мақтаулар (серік қосуға апармау шартымен) мұбах болып есептеледі. Оны қаншалықты танысақ, мадақтап-мақтауымыз да соншалықты болмақ.

Ұлы Жаратушының тамаша туындыларының бірі болып табылатын Расулуллаһты ең жақсы танығандар мен оның бойынан біздерге құнды мұра жеткізгендердің басында саңлақ сахабалар келмек.

Шындығында, Расулуллаһтың ғибадатын, отбасы мүшелерімен және өзге де адамдармен қарым-қатынасының өнегелі тұстарын келешек ұрпаққа жеткізу міндетін алғаш болып арқалаған ізгілер тобы – оның рухани сұхбаттарымен сусындаған жоғарыда аталған мүбәрәк жандар еді. Сол себептен, Пайғамбарымыз олардың «Көктегі жұлдыздар іспетті» екендігін айтып кеткен.

Расулуллаһтың пайғамбарлық ахлағынан өздеріне тиесілі үлес ала отырып, адам баласына қажетті негізгі байлықтың ақырет үшін жасалған ізгі амалдарға қарай өлшенетіндігін терең ұққан ардақты сахабалар Аллаһ ризалығы үшін теңдессіз жомарттық пен жанқиярлылық таныта білді. Олар өмірлерін бір Аллаһтың ризалығы жолына арнаған. Рақымдылық пен мейірбандық сезімдерін арттырып, хақиқатты (ислам) тарату жауапкершілігін жіті ұғына білген. Олар үшін өмірдің ең ләззатты да мағыналы сәттері иман байлықтары арқылы адамдарға таухид хабарын жеткізген кездері болған.

Сондай-ақ, сахабалардың ізімен жүре отырып, олардың ізгі ұстанымдарын өздеріне бағыт-бағдар еткен Аллаһтың дос құлдарының мәртебелері Расулуллаһтың рухани нәріменен асқақтаған.

Осы орайда Хазірет Мәуланаңың мынадай тамаша сөзі бар:

«Ей, көңіл, кел! Хақиқи мереке – Ұлы Мұхаммедке қауышу. Өйткені, дүниенің жарығы – сол мүбәрәк жаратылыстың сұлулығының нұры.

«Уәрәсәтул-Әнбия», яғни Пайғамбарлар мұрагері болудың бақытына кенелген Аллаһтың дос құлдары ғалымдар мен Аллаһты шынайы таныған арифтер пайғамбарлық тәлім-тәрбиенің әр кезеңге таралған бейнелі көріністері болып табылады. Яғни, олар – өздеріне Хазірет Пайғамбар мен оның сахабаларын көру бақыты нәсіп болмаған адамдардың ізгілік жолындағы жол бастаушылары.

Қысқасы, өліп қалған жүректерге жан бітірушілер олар – сөзсіз пайғамбарлар. Сол пайғамбарлар құрған алғашқы саптың михрабында[5] Пайғамбарлар Сұлтаны Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұрады. Олардан кейінгі саптарды сол пайғамбарларға мойынсұнуда жақындық тұрғысына қарай ықыласты ғалымдар, салих құлдар, Аллаһты шынайы таныған арифтер және де басқалар құрайды. Олар өз өмірлерін құлшылық пен ізгі амалдар арқылы әрлендіре отырып, қалың жұртшылық арасында таңдаулы тұлғаларға айналған. Сондай-ақ, олардың өмірлік ұстанымдары әр уақыт шынайылық пен ықылас болғандықтан, айналасындағыларға ұмытылмас ізгі дүниелер мен құнды естеліктер қалдырып кеткен. Осылайша, олар дүниеге **«Ізгілікке толы мәдениет»** әкелді. Олар жайында айтылған ізгілікке толы оқиғалар адамдардың ішкі-жан дүниесіне тыныштық пен рахат сыйлап, дертті көңілге дәрмен болды .

Имам Ағзам Әбу Ханифа ізгілік турасында айтылған қыссалардан тағылым алудың қажеттілігі жайында былай дейді:

«(Салих) Ғалымдардың жақсылықтары жайында сөз ететін қыссалар мен үшін фиқһтың үлкен бір бөлігінен әлдеқайда артығырақ. Өйткені, мұндай қыссалар Аллаһқа жақын құлдардың әдептері мен ахлақтарын үйретеді».

Шындығында да, қандайда бір мәселені мысал-өрнексіз толық ұғыну мүмкін емес. Сондай-ақ, бір нәрсенің жақсы немесе жаман екендігі мысалдар арқылы тез әрі оңай ұғынылады. Сүйіспеншілік ұғымы мысалдарда өте шынайы түрде беріледі. Сүйген кісінің кейпіне ену одан туындаған өнегелі дүниелерді үлгі тұту арқылы іске аспақ. Сондықтан да, тағылымы мол мысалдар адамды хақиқи тектілігі мен қасиетіне жеткізетін иләһи сыйлардың бірі болып табылады.

Осы тұрғыда Малик бин Динардың мынадай бір сөзі бар:

«Салих құлдардың тағылымы мол қиссалары бейнебір жәннәт сыйындай».

Сондықтан да, ізгілік жайындағы қыссалардың әрбірі біздерге тарту етілген құнды да асыл інжу-маржандармен тең.

5. Мешіттің құбыла жағында имам тұратын жер (аудармашыдан)

Ең негізгі мәселе ізгілік пен көркем ахлақты өмірдің мызғымас берік тірегіне айналдыру қажет. Бұл жайында Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Қиямет күні мүмин құлдың таразысын ауыр басатын көркем ахлақтан асқан салмақты ешқандай амал болмайды. Аллаһ Тағала жаман әрекеттер істеп, жаман сөздер айтатын адамдарды жек көреді» (Тирмизи, Бирр, 62/2002).

Көркем мінез-құлыққа тек Хазірет Пайғамбардың жолында және оның ізімен жүруші салих құлдармен дос болу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ізгілер тобына қосылудың бірінші шарты да – осы. Олармен достығыңды үзіп, ғапылдықтың қою қараңғылығында жоқ болу – жаман ахлақтың тап өзі.

«Кімде-кім (Маған шын ықыласымен құлшылық ететін) менің бір досыма дұшпандық жасаса, Мен оған соғыс жариялаймын. Құлымды Маған ең жақын еткен нәрселердің ішінде ең көп ұнайтыны оған парыз қылғандарымды орындауы. Құлым Маған (парыздарға қосымша ретінде істеген) нәпіл ғибадаттарымен де жақындауды жалғастырады. Ақырында Мен оны жақсы көремін. Құлымды жақсы көргеннен кейін, Мен оның (құдды) еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы, сезетін жүрегі және сөйлейтін тілі боламын. Менен не сұраса, оны міндетті түрде беремін. Мені паналаса, қорғанышы боламын. Мен бірнәрсе істерімде құлымның жанын алу мәселесіндегідей қарарсыз жағдайға түспегенмін.[6] (Себебі) ол өлімді жақсы көрмейді, Мен де оның жақсы көрмеген нәрсесін жақсы көрмеймін» (Бұхари, Риқақ, 38; Ахмед YI, 256; Хайсәми II, 248).

Ұлы Жаратушымыздың құзырында қабыл болатын жақсы қасиеттерге қол жеткізу үшін Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және оның ізбасарлары Аллаһтың дос құлдарын шын көңілмен жақсы көріп әрі олардың ізімен жүруіміз қажет.

Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) лайықты түрде тану және оның мақтаулы қасиеттерін өз өмірімізде өнеге тұту «оны көру» сияқты болмаса да, мүбәрәк тілімен сүйіншілегеніндей «бауыры» болу бақытына кенелтетініне Ұлы Раббымыздан үміт етеміз.

Бүгін біз оны танысақ, ертең махшарда ол да бізді таниды. Оны көруге лайықты болсақ, ол да бізге назарын салады. Оның сөздеріне құлақ асып, айтқандарын орындасақ, ол да біздің жанайқайымызға құлақ салып, қол ұшын созады. Әрқайсымыз үшін бұдан үлкен абырой сірә болмас деп білемін.

---

6. Аллаһ Тағала адамдар сияқты екі ойдың арасында бір шешімге бара алмай қалу сынды адамдарға тән сипаттардан пәк. Бұлай айтылудағы мақсат – сүйетін құлына үлкен маңыз беретіндігін адамдарға түсінікті тілмен жеткізу.

Қолыңыздағы бұл қарапайым ғана кітап үлгілі де, тағылымы мол өрнек-мысалдарға толы. Әуелі Хазірет Пайғамбар Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұлғасындағы өнегелі мысалдарды, одан кейін сахабалар мен уәлилердің, ғалымдар мен салих құлдардың өмірлеріндегі өнегелі тұстарды қамтиды.

Сондай-ақ, тек пайғамбарлар мен уәли құлдардың мәнқибаларымен[7] ғана шектелмей, басқару мен әлеуметтік өмірде маңызы зор тұлғалардың және әлемнің бағыт-бағдарына едәуір үлес қосқан қайсар жауынгерлердің бастарынан кешкен өнегелі оқиғаларынан да мысалдар келтіруге тырыстық. Бәлкім, солар сияқты күнімізде басқару мен қоғамдық істердің басы-қасында жүрген кейбір бауырларымыз кітабымыздан өздеріне қажетті өнегелі мысалдар кездестірер деп сенеміз.

Бүкіл жақсы қасиеттер бойында жиналған, кейін оның ұлы тұлғасынан өнегелі ізгі жандарға дарытылған жындар мен адамдардың сұлтаны Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) лайықты түрде жеткізу, әрине біз үшін оңайға соқпайды. Мақсатымыз – оның ұлылыққа толы түпсіз терең сырлы дариясының бір тамшысымен болса да құрғап тұрған еріндерімізді жібіту. Оған бір қадам болса да жақындау. Оған деген сүйіспеншілігімізді, махаббатымызды жаңғырту. Оған тәуелділігімізді ұсыну. Оның мейіріміне асығып, шапағатын паналау...

Біз сияқты әлсіз құлдарын Өзінің сүйіктісі Хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбет болу бақытына бөлеген Аллаһ Тағалаға шексіз шүкірлер болсын. Осы иләһи сыйдың қадірін ұғынып, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйіспеншілігі мен «бауырларым» деген ілтипатына лайық болудың бірден-бір жолы – оның Сүннет жолынан айырылмай, мұрагерлері болып табылатын уәли құлдар сияқты қолымыздан келгенінше пайғамбарлық ахлақты бойымызға сіңіре білу.

Сол үшін сахабалар мен уәли құлдар сияқты бүгінгі күнімізде де Аллаһтың Елшісіне деген сүйіспеншілігімізді нығайта отырып, оның көркем ахлағын құштарлықпен үйренуге тиіспіз. Арадан қанша ғасыр өтсе де олардың ешқашан да ескіріп көнермейтін құнды дүниелерін бойымызға дарытып, өміршеңдігін жоймау жолында әліміз жеткенінше әрекет етуге тиіспіз. Өйткені, әлемнің мақтанышы Ұлы Пайғамбарымызға хақиқи үмбет болу бақытына кенелудің ақысы – осы болмақ.

Осы кітапты дайындау барысында көмегін тигізген Мұрат Кая мырза мен өзге де ғылым жолында жүрген бауырларымызға шын жүрегімнен алғысымды білдіремін. Хақ Тағаламыздан олардың сіңірген еңбектерінің «садақа-жария» болуын тілеймін!

---

7. Ғалым, әулие құлдардың өнегелі сөздері, істері, қал-ахуалдары мен өмірлері туралы хикаялар, естелік жазбалар. (аудармашыдан)

Өнегелі мысалдардан үлгі ала отырып, Жаратушы Иеміздің разылығына лайықты өмір сүру баршамызға нәсіп болғай! Аллаһ Тағала бізге екі дүниеде де, сүйікті елшісіне жақын дос болуды нәсіп еткей! Әрі бізді оның шапағатына лайық қылғай!..

Әмин!..

Осман Нұри ТОПБАШ

Үскүдар, Мамыр 2006 жыл

ТІРІНШІ ТӨЛІМ



СЕНІМ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ

1. ИМАН МАХАББАТЫМЕН ӨМІР СҮРУ

Иман – ақылдың нұры, сана-сезімнің және жүректің өзара үйлесім табуы. Бұл жалған дүниеден мәңгілік әлеміне сау-сәлеметпен барудың бірден-бір жолы – иман арқылы мүмкін болмақ.

Иман жолын көрсетушілер олар – пайғамбарлар, иләһи кітаптар және солар көрсеткен бағытта өмір сүрген Аллаһтың уәли (дос) құлдары. Тарих беттеріне үңілер болсақ пайғамбарлар, уәли-әулиелер және салих құлдар тек иман құштарлығымен ғана іске асатын өнегелі көріністердің жанды мысалдары бола білген.

Иман – иләһи сый. Сынақ – иманның дұрыстық дәрежесін өлшейтін таразы. Ал мүминнен талап етілетін сабыр ету мен бойұсыну иманды сақтау болса, иләһи сыйлыққа қол жеткізудің ақысы іспеттес. Яғни, Аллаһ Тағала құлына тарту еткен иман нығметінің қандай үлкен сый екенін және оның қадір-қасиетін ұғындыру үшін құлдарынан ақы талап етуде.

Құран Кәрімдегі: **«Аллаһ мүминдердің малдары мен жандарын оларға (берілетін) жәннаттың ақысы ретінде сатып алды...»** (Тәубе сүресі, 111-аят) деген аят осы шындықтың анықтамасы секілді.

Сондықтан да, Жаратушы Иеміздің разылығына бөлену үшін бізден талап етілген ақыны (жан, мал-мүлік т.б.) қуана-қуана шынайы ризашылығымызбен Оның жолында пида ету иманды кемелдік дәрежесіне жеткізетін басты факторлардың бірі.

Өмір сынақтарының барлық қиындықтарын разылық пен тәслімият (берілу) арқылы жеңе отырып, Аллаһ және Оның елшісінің жолында жүру – мүминнің ең маңызды имани ұстанымы. Әрбір мүмин Аллаһ Тағалаға иман нығметінің ақысын өтеуге тиісті. Өйткені, ақысы өтелмеген затты иеленудің немесе талап етудің әбестік екендігі айтпаса да түсінікті.

Мүмин құлдың иманның ең биік шыңына қарай өрлеуі салих амал, яғни Аллаһ ризалығы үшін жасалатын шынайы ниет, ғибадат және ізгі амалдар арқылы ғана мүмкін болмақ. Сол себептен де, иман мен салих амал Құран Кәрім мен хадис шәріптерде қатар айтылған. Иман дегеніміз құрғақ білімнен тұрмайды, яғни теория жүзінде ғана білу емес, керісінше оны жүрекпен сезініп, оның талаптарын іс-әрекеттеріміз арқылы жүзеге асыру демек. Мүмин кісі әлемдегі иләһи құдірет сырларына ой жүгірте отырып, міндет етілген құлшылықтарын лайықты түрде орындау арқылы иманның шынайы дәмін татады. Бұл оның өнегелі де мағыналы амалдар істеуіне бірден-бір себепші болады.

Иман бүткіл ғибадаттардан жоғары тұрады. Өйткені, ғибадаттар тек иман арқылы өз қалпын сақтайды. Сондай-ақ, ғибадаттар белгілі уақыттарда ғана орындалады. Амалдардың ең қайырлысы (жоғарысы) болып табылатын намаздың өзі күнде бес уақыт парыз етілген. Ал иман болса, әруақыт парыз. Сондықтан да оны әрдайым жүрегімізбен сезініп жүруіміз шарт. Сол себептен жүректі ғапылдыққа түсіретін әр түрлі тұзақтардан сақтандырып, рухани қалқан болып табылатын ізгі амалдар арқылы иманымызды қорғауға мәжбүрміз.

Иман – мүминнің ең құнды да асыл дүниесі. Құран Кәрім аяттарында нағыз дұшпан екендігі айтылатын шайтан мен оның жендеттері азғыру және уәсуәсә жасау арқылы кез-келген сәтте мүмин құлды осы бір құнды дүниесінен айыруға дайын жүреді. Сондықтан, әрдайым бойымызды сергек ұстап, иманымыздың қадірін біліп, оған деген махаббатымызды арттырып және оны салих амалдармен қорғап жүру ең басты міндетіміз болып табылады.

Иманды сақтаудың бірден-бір жолы – Аллаһты жиі зікір ету, яғни еске алу. Аллаһты жиі еске алу арқылы иман жүрекке бекем орнығады. Иман жүрекке орныққан соң, ғапылдық пен масиуаға[8] ол жерде орын қалмайды. Міне, сол кезде жүрек нағыз тыныштық пен рахатқа қауышып, иманның шынайы дәмін сезеді.

Осындай рухани кемелдікке жеткен мүбәрәк құлдардың иманы – дүниедегі бүткіл өткінші ләззаттардан басым келеді. Ал, дүниедегі барлық ауыртпалықтар мен қиыншылықтардың олар үшін ешқандай әсері болмайды.

Бізге иманның не екенін үйреткен Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және осындай үлкен нығметтің бүгінге дейін жетуіне үлес қосқан салих мүминдердің, сондай-ақ олардың осы жолда көрсеткен табандылықтарын, сабырлылықтарын, шыдамдылықтарын, парасаттылықтары мен жанқиярлықтарын сыр етіп шертетін көптеген мысалдардың бірнешеуімен таныс болсақ:

8. *Аллаһтан басқа барлық нәрсе (аудармашыдан)*

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әлі он екі жасар бала кезінде Бахира деген поп:

– Ей, балақай, Лат және Ғүзза атымен сұраймын, жауап бер! - дейді. Сол кезде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Менен Лат пен Ғүзза атымен ант етіп ешнәрсе сұрамаңыз! Аллаһқа ант етемін! Мен ол екеуін барлық нәрседен жек көремін, - деп жауап береді.[9]

Адамзаттың асыл тұлғасы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кішкентай жасынан бастап пұттардан және күпірліктен бойын аулақ ұстаған. Оның пайғамбарлық міндеті жүктелгеннен кейінгі иман жолында көрсеткен ерекше қажыр-қайраты барша мүминдер тарапынан белгілі болғаны ақиқат.

Перғауынның тәңірлігін мойындамай, оның көрсеткен адам төзгісіз зұлымдығына:

– Сенің көрсететін зұлымдығың осы дүниеге ғана тиесілі. Сен үкім беруде, қандай әрекеттер жасасаң да еріктісің. Бірақ, біз қалай болған күнде де Раббымызға қайтарыламыз! - дей отырып, иман батылдығымен Перғауынға қарсы тұрған сиқыршылар аяқтары мен қолдары қиғашынан кесілмей тұрғанда және құрма ағашына асылмай тұрып, дәрменсіздік танытып, имандарына аз да болса нұқсан келтіріп алудан қауіптеніп, қолдарын аспанға жайған күйде:

«Уа, Раббым! Үстімізге сабыр жаудыра гөр (бізге сабыр бер)! Сондай-ақ, жанымызды мұсылман болған күйде ғана ала гөр!» (Ағраф сүресі, 126-аят) деп жалбарынады. Осылайша олар шәһәдәт шәрбәтін тата отырып, Раббыларына қауышады.

***

Шынайы түрде Аллаһқа мойынсұнған алғашқы христиандар да имандарын қорғау жолында әр түрлі ауыр жазаға мойымаған. Олар цирктердегі арыстандардың азу тістерінде жем болып, шейіт болған.

***

«Асхабул-Ухдуд» тарапынан тірідей өртке тасталған мұсылмандар да иман жолының басты қаһармандары болып табылады. Милади төртінші ғасырда Йеменнің патшасы болып тағайындалған яһуди Зу Нувас сол кезде таухид сенімінде болған христиан Нәжран халқын діни сенімдерін өзгертуге мәжбүрлеген. Бұған көнбеген адамдарды тірідей қалың оттың

9. Ибн Исхақ, Сира, Коня 1981, 54 б.; ибн Сағд, ат-Табақатул-Кубра, Бейрут, Дару Садыр I, 154. Ахмед бин Ханбал, Мұснәд V, 362

арасына лақтырып, өртеткен. Деректерде осылай өлтірілгендердің саны жиырма мыңға жуық екендігі айтылған.

Бұл залымдар мүминдерді өртеу мақсатымен іші отқа толтырылған ор (ухдуд) қазырғандары үшін «Асхабул-Ухдуд» деп аталған. Алайда, жүректерінде лаулаған иман отын өшіруге олардың шамалары жетпеді. Керісінше, Аллаһтың қаһары мен азабына душар болып, жеңіліске ұшырады. Мәңгілікке лағынеттеліп, масқара болды. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді: **«(Мүминдерді өртеу үшін) отқа толтырылған орларды дайындаған Асхабул-Ухдуд лағынетке ұшырады»** (Буруж сүресі, 4-5 аяттар).

***

Исламның алғашқы дәуірінде «алғашқы шәһид» мәртебесіне ие болған бақытты ханым сахаба бибі Сүмәийя болатын. Мұсылман болмай тұрып тіпті қолының ұшына иненің батуына денесі түршігетін ол – иманның шынайы дәмін татқаннан кейін мүшріктердің адам төзгісіз азаптарына шыдамдылық танытып, иманынан еш ауытқымады. Мүшріктер оны иманынан бас тартуы үшін отқа қыздырылған темірлермен күйдіріп азаптайды. Мұны да қанағат тұтпаған олар Сүмәийяның бір аяғын бір түйеге, екінші аяғын келесі бір түйеге байлап, екі жаққа керіп, жауыздықпен өлтірген. Ал оның күйеуі Хазірет Ясир болса, әлсіз қарт болғанына қарамастан, үлкен сабырлық көрсетіп, ол да шәһидтіктің шәрбәтін татты. Осылайша, Ясир отбасы (Аллаһ оларға разы болғай) Исламның алғашқы шәһидтері болды.[10] Олар имандарының құнын лайықты түрде өтеді.

***

Хазірет Біләл де (радиаллаһу анһу) мүшріктердің қолынан аз азап шеккен жоқ. Мүшріктер оны иманынан қайтару үшін аяусыз азаптады. Ол күннің аптабында күйіп тұрған ауыр тастардың астында азапталып жатса да «Ахад», ахад, ахад; Аллаһ бір, Аллаһ бір, Аллаһ бір...» деп Аллаһтың бір екенін дәріптеуден танбады. Сол сәтте иманынан терең ләззәт алған Біләл жанының қиналғанын ұмытып, Раббысына қауышу бақытын сезіну күйінде болды.[11]

***

Халифалық дәуірінде Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) алғаш мұсылман болғандардың бірі Хаббаб бин Әраттан (радиаллаһу анһу) Аллаһ жолында тартқан азаптары жайында әңгімелеп беруін өтінді.

---

10. Ибн Хажар, әл-Исаба, Бейрут 1328, Дару Ихияит-Турасил-Араби III, 648; Замахшари, Кәшшаф, тахқиқын жасаған Мұхаммад Мәрси Амир, Кайр 1988, III, 164.

11. Ахмед I, 404; ибн Сағд III, 233; Белазури, Әнсабул-Әшраф, Мысыр 1959, I, 186.

Хазірет Хаббаб:

– Уа, мүминдердің әміршісі! Арқама қараңыз, - деді. Оның арқасын көрген Омар:

– Өмірімде мұншалықты азапталған адамның арқасын көрмеген едім - деп, таңырқады. Хаббаб (радиаллаһу анһу) әңгімесін жалғастырып:

– Кәпірлер мені азаптау үшін арнайы от жағатын. Кейін мені киімсіз сол оттың үстіне жатқызатын. Жанып тұрған отты арқамнан еріп аққан май ғана сөндіретін.[12]

Мүшріктер отқа қыздырылған тастарды Хазірет Хаббабтың арқасына қойып азаптайтын. Қыздырылған тастардың ыстықтығы соншалық, мүбәрәк сахабаның еттері күйіп, сөгіліп түсетін. Бұған қарамастан, ол кәпірлердің талап еткен сөздерін айтпайтын (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба II, 114).

Өйткені, иманнан туындайтын «услат» Аллаһқа қауышу сезімі дүниедегі барлық қиындықтар мен ауыртпалықтарды жояды.

Хаббаб бин Арат былай дейді:

Бір күні Аллаһтың Елшісі қағбаның көлеңкесін паналап отыр екен. Оның қасына барып, мүшріктерден көрген азаптарымызды айтып шағымдандық. Сосын, бұл азаптардан құтылуымыз үшін Аллаһтан жәрдем тілеуін өтіндік.

Ол бізге былай деп жауап берді:

«Сендерден бұрынғы қауымдардың ішінде бір шұңқырға жатқызылып, басынан аяғына дейін арамен екіге бөлінген, еттері темір тарақтармен тырмаланған мүминдер болған. Бірақ, олар соған қарамастан діндерінен қайтпаған. Аллаһқа мақтаулар болсын! Ол бұл дінді соңына дейін жеткізіп, үстем қылады. Барлық адам екі нәрседен, яғни Аллаһтан және қойларына шабатын қасқырдан басқа ешнәрседен қорықпай, алаңдамай Санадан Хадрамаутқа дейін есендік ішінде барып-келетін болады. Ал сендер болсаңдар, сабырсыздануда сыңдар!.. (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 29, Мәнақиб, 25, Икраһ 1; Әбу Дәуіт, Жиһад 97/2649).

***

Ислам дұшпандары Хазірет Суһайыбты (радиаллаһу анһу) да аяусыз, есінен таңғанша ұратын, сабайтын. Бұл азаптаулар Меккеден көшкенге дейін жалғасты. Бір күні Суһайыб (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың артынан Мәдинаға көшуге бел буып, жолға шыққан еді. Алайда, меккеліктер соңынан қуып жетіп:

– Сен жұртымызға көшіп келгенде пақыр және әлсіз болғансың.

12. Ибн Әсир, Усдул-Ғаба, Кайр 1970, II, 115.

Арамызға қосылып, бай болдың. Енді, өзіңмен бірге дүние-мүлкіңді де алып кетпексің бе? Құдайға ант етейік, біз бұған жол бермейміз, - деді.

Суһайыб дереу атынан түсіп, садағын қолына алды да:

– Ей, Құрайыш жамағаты! Сендер менің құралайды көзге атқан мерген екенімді жақсы білесіңдер. Аллаһтың атына ант етемін! Қолымдағы оқтар таусылғанша үстеріңе қардай боратамын. Сосын қылышымды суырып алып, қарсы алдарыңа шығамын. Қолымда қаруым бар кезде менің маңайыма ешқайсысың жолай алмайсыңдар. Қазір сендерге дүние-мүлкімнің қай жерде екенін айтып, оны сендерге қалдырсам, жолыма кедергі болмай мені қоя бересіңдер ме? - деді.

Мүшріктер оның бұл ұсынысына келісімдерін берді. Сөйтіп, Хазірет Суһайыб (радиаллаһу анһу) оларға дүние-мүлкінің қай жерде екенін айтып, жолын одан ары жалғастыра береді. Рабиъул-Әууәл айының ортасына таман Құба мекеніне жетіп, Аллаһтың Елшісіне қауышты.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Суһайыбты көргенде мүбәрәк жүзі күлімсіреп, иманы үшін бүкіл дүние-мүлкін пида еткенін меңзей отырып:

«Суһайыб ұтты! Суһайыб ұтты! Ей, Яхияның әкесі! Саудаң табысты болды! Саудаң табысты болды!» деді.[13]

Деректер бойынша осы оқиғаға қатысты мына аят түскен:

«Адамдардың ішінде Аллаһтың разылығын табу үшін өздерін (және малдарын) **пида ететіндер бар. Аллаһ Тағала құлдарына өте мейірімді»** (Бақара сүресі, 207-аят).

***

Зиннира ханым да мүшріктер тарапынан адам төзгісіз түрлі азап көрген әйел сахабалардың бірі. Әбу Жәһилдің азаптауынан кейін оның көздері көрмей қалған.

Әбу Жәһил:

– Көрдің бе?! Лат пен Ғүзза сенің көздеріңді көр қылды, - деді.

Зиннира ханым :

– Жоқ! Аллаһтың атымен ант етемін! Менің көздерімді көр қылған олар емес. Лат пен Ғүзза ешқандай пайда да бере алмайды, зиян да тигізе алмайды. Ал менің Раббымның көздерімді қайта көрсетуге күші толық жетеді, - деді.

Ертесі күні Аллаһтың құдіретімен Зиннира ханымның көздерінің жазылғанын көрген тас жүрек, жауыз мүшріктер өз көздеріне сенер-

13. Ибн Сағд III, 226-230; Хаким, әл-Мұстәдрак алас-Сахихайн, Бейрут 1990, III, 450,452

сенбестерін білмей таңырқап қалысты.[14]

***

Алғашқы мұсылмандардың қаншамасы осындай адам төзгісіз азаптарды бастарынан кешірді. Амр бин Фухайра, Әбу Фукайһа, Миқдат бин Амр, Үммү Үбәйс, Лүбәйнә ханым, Нәһдия ханым және оның қызы сияқты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саңлақ сахабалары жан түршігерлік өте ауыр азаптарға душар болды. Жауыз мүшріктер оларды аяқтарына шынжыр байлап сүйреп, күннің аптап ыстығында киімсіз сахараға шығаратын. Сөйтіп, олардың үстеріне ауыр үлкен тастар қойып, естерінен айрылғанша азаптың түр-түрімен қинайтын болған. Мойындарынан қысып-қылқындырып, өлді-ау дегенде қоя беретін.[15]

Ардақты сахабалар осыншалықты адам төзгісіз ауыр азап пен зұлымдықтарды бастарынан кешірсе де, имандарын қызғыштай қорғаған. Осы иләһи нығметтің бізге дейін жетуі үшін аянбай тер төкті. Өйткені, олар Ислам нығметінің ұлылығын, оның барлық нәрседен жоғары екендігін жіті ұғына білген жандар еді. Осылайша, олар екі дүниеде де абыройлы иләһи мәртебеге кенелді. Олардың пәни дүниедегі өмірлері **«Ей, иман келтіргендер, Аллаһтан шынайы түрде қорқыңдар да, тек мұсылман болған күйде ғана жан беріңдер!»** (Әли-Имран сүресі, 102-аят) деген аятта айтылғандай Аллаһтың бұйрығы бойынша аяқталып, хақиқи әрі мәңгілік бақытқа қол жеткізді.

***

Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) анасын қатты жақсы көретін. Ол анасының бір айтқанын екі етпейтін тілалғыш бала болатын. Ислам дінін қабылдағанында анасы оған:

– Ей, Сағд! Сен не істедің? Егер тез арада мына жаңа дінді тастап, ата-бабаңның дініне қайтпасаң, ант етемін өлгенге дейін ас ішуден бас тартамын. Сөйтіп, сен «Анасын өлтірген адам» деген жаман атқа қаласың, - деді.

Сағд (радиаллаһу анһу) анасына:

– Анашым! Мені бұл діннен ешнәрсе бастартқыза алмайды, - дегенде анасы ас ішуді доғарып, екі күн бойы нәр тартпайды. Кейін әлсіреп құлап түседі. Мұны көрген Сағд:

– Анашым! Аллаһтың атымен ант етемін! Жүз жаның болып, жүз мәрте жаның шықса да мен бұл діннен әсте бастартпаймын. Мұны

14. Ибн Һишам, Сиратун-Нәби, Бейрут 1937, Дарул-Фикр I, 340-341; ибн Әсир, әл-Камил фит-Тарих, Бейрут 1979-1982, II, 69; Үдсдул-Ғаба YII, 123
15. Ибн Мәжә, Муқаддима 11; Ахмед I, 404.

жақсылап ұғып алыңыз! - деді. Сағдтың алған бетінен қайтпайтынын түсінген анасы қасарысуын тоқтатып, ас ішуін жалғастырады.

Осы оқиғаға байланысты аят түскен:

«Біз адам баласына ата-анасына жақсы қарауды бұйырдық. Өйткені, анасы қанша қиындықтарға мойымастан, оны қарнында тасиды. Екі жыл емізеді. (Сондықтан) **алдымен Маған, сосын ата-анаңа шүкір ет** (рақмет айт)**! деп өсиет қылдық. Маған қайта ораласыңдар. Егер, олар сені білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға мәжбүрлесе, оларға мойынсұнба! Олармен дүниеде жақсы қарым-қатынаста бол. Маған бетбұрғандардың соңына ер! Түбінде тек Мен жаққа қайтасыңдар. Сол уақытта сендерге істегендерің жайында хабар беремін** (амалдарыңның пайдасын немесе зиянын көресіңдер)**»** (Лұқман сүресі, 14-15 аяттар), (Мүслим, Фадайлус-Сахаба, 43-44; ибн Әсир, Усдул-Ғаба II, 368).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдина қаласына һижрет ететін кезінде Хазірет Алиді жанына шақырып, Аллаһтан һижрет әмірі келгендігі жайлы хабар берді. Сондай-ақ, Алиді аманаттарды иелеріне тапсыруы үшін өзінің уәкілі етіп тағайындағанын айтты. Пайғамбарымыздың шыншылдығына сенім артқан меккеліктер бағалы заттарын Оған аманат етіп қалдыратын болған.

Аллаһтың Елшісі мүшріктердің қара ниет жоспарларынан сақтану үшін Хазірет Алиге былай деді:

– Ей, Али! Бүгін түнде менің төсегіме жат! Мына шапанымды ал! Үстіңе жабасың! Қорықпа! Саған ешқандай зиян келмейді! (Ибн Һишам II, 95,98).

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) еш қорықпастан Аллаһтың Елшісінің төсегіне жатады. Көздері қанға толған мүшріктер Хазірет Пайғамбарды өлтіру үшін үйіне келгенде көрпенің астында жатқан Алиді көреді. Жоспарларының түкке аспағанына ашуланған мүшріктер:

– Ей, Али көкеңнің баласы қайда? - деп бақырып-шақырады.

Сонда Хазірет Али (радиаллаһу анһу):

– Қайда екенін мен қайдан білейін? Мен оның күзетшісі емеспін ғой! Сендер одан Меккеден кетуін талап етпедіңдер ме?! «Біздің арамыздан кет!» демедіңдер ме?! Ол да кетті, - деді.

Хазірет Алидің сөздеріне ашуланған мүшріктер оны жәбірлеп, таяқ астына алады. Тіпті, Харам мешітінде (Қағба) біраз уақыт қамауда ұстап, кейін босатып жібереді.[16]

16. Ибн Һишам II, 96; Ахмед I, 348; Якуби, Тарихул-Якуби, Бейрут 1992, II, 39

Нәжид тайпасынан бір топ адам Хазрет Пайғамбарға келіп, Исламды үйренгілері келетіндіктерін айтады. Аллаһтың Елшісі олардың сұраныстарын қанағаттандыру үшін нәжидтықтарға Исламды жақсы білетін Суффада тәлім-тәрбие жетпіс қарыны жібереді. Бұл жетпіс сахаба Биррул-Мауна мекеніндегі бір үңгірде демалып жатқандарында алдынала жоспарланған тұзаққа түседі. Тап осы кезде Жаббар бин Сұлма деген мүшріктің лақтырған найзасы Амир бин Фухайраның арқасынан кіріп, көкірегінен бірақ шығады. Сол уақытта шейіт етілгендігін ұққан Амир бин Фухайра үлкен қуанышпен:

«Аллаһқа ант етемін! Ұттым!» деп айқайлап жібереді.

Бұл тұзақты ұйымдастырған ибн Туфайыл тірі қалған бір мұсылманды жанына ертіп, шейіт болған Амир бин Фухайраның қасына келеді. Одан:

– Бұл кім? - деп сұрады. Ол:

– Амир бин Фухайра, - деп жауап берді. Ибн Туфайыл:

– Мен оның өлтірілгеннен кейін денесінің көкке көтерілгенін көрдім. Жер мен көктің арасында тұрған кезі әлі көз алдымда тұр. Сосын қайта жерге түсті, - деді.

Атақты шайырлардың бірі ибн Туфайыл бұл оқиғаны өз көзімен көрсе де мұсылман болмады. Бірақ, Амир бин Фухайраны (радиаллаһу анһу) шейіт еткен Жаббар біраз күннен кейін һидаятқа (тура жолға) келді. Өйткені, өзі шейіт еткен кісінің **«Аллаһқа ант етемін! Ұттым!»** деген айқайы біраз күн бойы көкірегін кеміріп, жанын жай таптыртпады. Бұл сөздер ол үшін шешімі табылмаған жұмбақ болды. «Мен оны өлтіріп жатырмын, ал ол болса, ұттым дейді. Сонда бұл қалай болғаны?» деп бірнеше апта бойы ойланып, толғанады. Бір күні Пайғамбарымыз бір өзі жүз кісіге татиды деген қаһарман жерлесі Даххақ бин Суфиянан «Аллаһқа ант етемін! Ұттым!» деген сөздің қандай мағына беретінін сұрады. Даххақ: «Жәннатқа қауыштым» деген сөз, - деп жауап берді. Сол кезде Жаббар ғапылдық үйқысынан оянып, иманға бет бұрды.[17]

Ұхұд соғысы аяқталып, айнала тынышталғаннан соң Сафийя ханым (радиаллаһу анһа) шейіт болған бауыры Хазірет Хамзаның (радиаллаһу анһу) өлі денесін көргісі келеді. Сөйтіп, шейіттер жатқан жаққа жақындап қалғанында баласы Зубайр алдынан шығып:

– Анашым! Аллаһтың Елшісі кері қайтуыңды әмір етті, - деді. Ол:

– Не үшін? Бауырымды көрмеуім үшін бе? Мен оның денесінің жауыздықпен тілініп, кесіліп-бөлшектеліп тасталғанын жақсы білемін.

17. Ибн Хажар, Фатхул-Бари, Дарул-Фикр, Фуад Абдулбақи тасхих жасаған, VII, 390, Мағази, 28; ибн Һишам III, 187; Уақиди, Мағази, Бейрут 1989, I, 349

Ол Аллаһ үшін осындай қайғылы оқиғаға душар болды. Бізге жұбаныш болатын жалғыз нәрсе – оның осы жолда шейіт болуы. Иншаллаһ, сабыр етіп, Аллаһтан сауабын үміт етемін, - деді.

Зубайр Хазрет Пайғамбарымызға барып, анасының айтқандарын жеткізеді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Олай болса, жіберіңдер көрсін*, - деді. Сафийя ханым (радиаллаһу анһа) шейіттердің сұлтаны болудың бақытына ерген бауыры Хазірет Хамзаның жанына келіп, дұға жасады (Ибн Һишам III, 48, ибн Хажар, әл-Исаба IY, 349).

***

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) патшаларға жолдаған хаттарын жеткізген сахабалардың көрсеткен қайсарлықтары мұсылмандардың арасында аңызға айналған. Әртүрлі қауіп-қатерге бастарын тіге отырып, дүниенің бір бөлігін билеп отырған залым патшалардың алдында Аллаһтан басқа ешнәрседен қорықпастан Пайғамбарымыздың хабарын жеткізген. Олар бүйірлеріне тақалған қылыш пен найзалардың арасында тұрса да, батыл сөйлеуден еш бас тартпаған. Осы сахабалар жайында айтылған мынадай бір өнегелі мысалдарға көз жүгіртелік:

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Мұсылмандар! Сауабы мен жақсылығын Аллаһтан үміт етіп, мына хатты Александрияның Мұқауқисына қайсысыңыз жеткізесіздер?» - деп сұраған еді. Сонда Хатиб бин Балтаға (радиаллаһу анһу) орнынан атып тұрып Пайғамбарымыздың жанына барды:

– Уа Аллаһтың Елшісі! Маған беріңіз, мен жеткізейін, - деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Уа Хатиб! Аллаһ Тағала бұл міндетті сен үшін мүбәрәк қылсын*! - деді...

Хатиб бин Балтаға (радиаллаһу анһу) Александрияға барып, патшаның құзырында Пайғамбарымыздың хатын оқыды. Содан кейін Мұқауқис дін адамдарын жинап, Хатибты (радиаллаһу анһу) жандарына шақырды. Бұл оқиғаның арықарай қалай өрбігенін Хазірет Хатибтің (радиаллаһу анһу) өз аузынан естиік:

Мұқауқис маған:

– Кейбір нәрселерді түсінуім үшін сенімен сөйлесейін, - деді.

Оған:

– Ләббай - дедім.

Мұқауқис:

– Сенің мырзаң Пайғамбар ғой, солай емес пе? - деп сұрады.

– Иә, ол - Аллаһтың Елшісі, - деп жауап бердім. Кейін тағы да:

– Егер ол шынымменде Пайғамбар болса, оны жұртынан қуып-шығарып, басқа жерді паналауға мәжбүр қылған қауымына не үшін теріс дұға жасамады? - деп сұрады. Мен оған:

– Сіз Иса бин Мариямның Аллаһтың Елшісі екендігіне күәлік етесіз ғой, солай емес пе?! Ендеше Хазірет Иса қауымы оны айқыш ағашқа кермек болған кезде көкке көтерілудің орнына қауымының құрып-жоқ болуы үшін Аллаһқа теріс дұға қылса болмас па еді? - дедім.

Мұқауқис не деп жауап берерін білмей, біраз уақыт үнсіз ойланып қалды. Сосын айтқандарымды тағы да қайталауды сұрады. Мен қайта айтып беріп едім, Мұқауқис тағы біраз ойланып тұрды да:

– Өте жақсы айттың. Сен бір данасың. Айтқандарыңның бәрі орынды. Өйткені, сен де дана адамның қасынан келдің, - деді.

Мен Мұқауқисқа жауап ретінде:

– Сенен бұрын осы жерде болған бір адам өзін «тәңірмін» деп, тәңірлігін жариялаған. Аллаһ Тағала сол Перғауынды дүние және ақырет азабына душар еткен. Сен бұрынғылардан ғибрат ал. Бірақ, өзгелерге ғибрат болма! - дедім.

Мұқауқис:

– Біздің дініміз біреу-ақ. Одан жақсысы келмейінше оны әсте тәрк етпейміз, - деді.

Мен де:

– Ислам сенің дініңнен әлде қайда жоғары! Біз сені Аллаһ Тағаланың адам баласы үшін дін ретінде таңдаған Ислам дініне шақырудамыз. Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек сені ғана емес, барлық адамдарды Исламға шақыруда. Адамдардың ішінде оған аяусыз қатыгездік жасағандар құрайыштықтар. Оған ең қатты дұшпан болғандар – яһудилер. Адамдардың ішінде оған ең жақындық танытқандар болса, олар христиандар. Хазірет Мұса (аләйһиссәләм) Иса пайғамбардың келетінін сүйіншілегендей ол (Иса) да Хазірет Мұхаммедтің (аләйһиссалату уәс-сәләм) келетінін сүйіншілеген. Біздің сені Құранға шақыруымыз сенің Таурат иелерін Інжілге шақырғаның сияқты. Әрбір адам өзі өмір сүрген ғасырда келген пайғамбарға үмбет болуға тиісті. Сен де Хазірет Мұхаммед Пайғамбар (аләйһис-салату уәс-сәләм) келген ғасырда өмір сүрудесің. Сондықтан, біз сені Исламға шақырумен Хазірет Исаның (аләйһиссәләм) дінінен алыстатқан болмаймыз. Керісінше, оның діні бойынша ең лайық болған нәрсені орындауыңды өсиет етіп, насихаттаудамыз, - дедім.

Мұқауқис:

– Мен бұл пайғамбардың дінін зерттеп қарадым. Бұл діннің етек-жеңді жиып, дүниеден ұзақ тұруды әмір етпегенін және ұнамды, қажетті дүниелерді тыйым салмағанын көрдім. Ол жолынан адасқан сиқыршы да, ғайыптан хабар алатынын айтатын өтірікші де емес. Бірақ, оның бойында ғайыптан хабар беру секілді пайғамбарлық белгілері бар. Бұған қарамастан біраз ойлануым керек, - деді.

Мұқауқис кейінірек Пайғамбарымыздың хатына жауап жаздырды. Ол бұдан артық ешнәрсе істемеді және мұсылман да болған жоқ.

Ол маған:

– Байқа! Мына айтқандарыңның ешқайсысын қыптыйлар естіп қойып жүрмесін. Егер естісе, саған зияндарын тигізбей қоймайды, - деп ескерту жасады.[18]

Хазірет Хатибтың (радиаллаһу анһу) патшаның құзырында тұрып, тайсалмастан айтқан жоғарыдағы хикметті сөздері шынайы иман сүйіспеншілігімен өмір сүретін мұсылманның парасаттылығы мен мәрттігіне қандай тамаша мысал десеңізші.

***

Пайғамбарымыздың Иран билеушісі Кисраға жолдаған хатын Абдуллаһ бин Хұзафа (радиаллаһу анһу) жеткізді. Кисра хаттағы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есімінің өзінің есімінен бұрын жазылғанына қатты ашуланып хатты жыртып-жыртып тастайды. Мұнымен қоймастан елшіні қорлайтын ауыр сөздер айтады.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) иманынан алған күш-қуатымен Кисра мен оның адамдарына былай дейді:

«Ей, Парсы халқы! Сендер қол астыларыңда жер бетінің бір бөлігін билеп-төстеп отырғандарыңмен, пайғамбарсыз, кітапсыз санаулы ғана қалған күндеріңді өткізудесіңдер. Сендер шынайы өмірде емес, қиял-тұс әлемінде өмір сүріп жүрсіңдер. Сендердің биліктерің жүрмейтін жер бетінде әлі қаншама жер бар.

Ей, Кисра! Сенен бұрын да дүниені немесе ақыретті таңдаған қаншама патша өз биліктерін жүргізіп кетті. Солардың ішінде ақыретті таңдағандар дүниеден өз нәсіптерін алды. Ал дүниені ғана таңдағандар болса, ақыреттегі нәсіптерден құр қалды. Сен біз ұсынып отырған дінді менсінбей отырсың. Дегенмен, Аллаһқа ант етемін! Қай жерде жүрсең жүр, менсінбеген нәрсең бір күні саған үстем болғанда, одан қорқып, сақтана да алмай қалатын боласың!»

18. Ибн Кәсир, әл-Бидая уән-Ниһая, Кайр 1993, IV, 266-267; ибн Сағд I, 260-261; ибн Хажар, әл-Исаба III, 530-531

Кисра жауап ретінде билік пен салтанаттың тек өзіне ғана тиесілі екендігін, ешкімнен де жеңілмейтінін, өзіне тең келетін бәсекелестің шығуынан да қорықпайтынын айтты.[19] Артынан жендеттеріне Абуллаһ бин Хұзафаны сыртқа шығарып жіберулерін әмір етті.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) Кисраның құзырынан шығар-шықпас атына мініп, Мәдинаға қарай жөнелді. Жолда келе жатып, өз-өзіне:

«Аллаһқа ант етемін! Менің алдымнан екі нәрсенің (өлім немесе тірі қалу) қайсысы шықса да қам жемеймін! Аллаһқа шүкір! Аллаһтың Елшісінің хатын тиісті мекен-жайына жеткізіп, міндетімді атқардым», - деді.[20]

Міне, бұл – Расулуллаһтың бір тілегін орындау үшін жанын пида етуге даяр болған Ислам қаһармандарының иманы алдындағы ұждан рахаты...

***

Абдуллаһ бин Хұзафаның (радиаллаһу анһу) артықшылығы мен имани батылдығына дәлел боларлық ғибратқа толы тағы бір қиссасы бар:

Хазірет Омардың (радиаллаһу анһу) халифаттық дәуірінде Рим әскерлеріне қарсы Шамның Қайсария тарапына Ислам әскері жіберілген болатын. Абдуллаһ бин Хұзафада (радиаллаһу анһу) осы әскердің арасында еді. Ол бір себептермен римдіктерге тұтқынға түсіп қалады. Рим әскерлері оны патшаларына апарып, «бұл Мұхаммедтің әскері» деді. Патша Хазірет Абдуллаһты біраз күн бойы бір үйде ас-су берместен қамап тастады. Әбден ашықты дегенде барып шарап пен доңыз етін жібереді. Үш күн бойы оны бақылап жүреді. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) шарап пен доңыз етіне қолының ұшын да тигізбейді. Әскерлер патшаға келіп:

– Ол әбден әлсіреді, оны ана жерден шығармасақ, өліп кетуі мүмкін, - деді.

Патша оны құзырына алдыртып:

– Сен не үшін ішіп-жемедің? - деп сұрады.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Негізінде мәжбүр (зарурат) болған кезде оларды ішіп-жеуге рұқсат етілген. Бірақ, мен өзімді және Исламды мазақ етіп, күлуіңді қаламаймын, - деді.

Патша оның мәрттігіне қызығып:

– Егер христиан болсаң, саған дүние-мүлкімнің жартысын беремін.

19. Суһайли, Раудул-Унф, Бейрут 1978, YI, 589-590
20. Ахмад I, 305; ибн Сағд I, 260, IY, 189; ибн Кәсир, әл-Бидая IY, 263-6; Хамидуллаһ, әл-Уасайқус-Сиясия, Бейрут 1985, 140 б.

Сені дүние-мүлкіме және билігіме ортақ қыламын және қызыма үйлендіремін. Ал бұған не дейсің? - деді.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу):

– Сен маған Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дінінен бір сәтке болса да бастартуым үшін барлық дүниеңмен қоса бүткіл арабтардың дүниесін берсең де, мен мұны еш уақытта істемеймін, - деді.

Патша:

– Олай болса, сені өлтіртуден басқа амалым жоқ, - деді.

– Ол сенің шаруаң, - деді.

Патша Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) айқыш ағашқа кергіздірді. Садақшылар оны қорқыту үшін айналасына оқ атты. Кейін христиан болуы үшін тағы да ұсыныс жасады. Хазірет Абдуллаһ алған бетінен еш қайтпады. Патша оған:

– Христиан бол! Әйтпесе, сені қайнап тұрған қазанның ішіне тастаймын, - деді.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) сонда да райынан қайтпады. Болмаған соң үлкен қазан әкелдіріп, ішін зәйтүн майы мен суға толтыртты. Астына от қойып қайнатып, тұтқынға түскен мұсылмандардың біреуін алдыртты да оған христиан болуды ұсынды. Ол христиандықты қабыл алмаған соң, оны қазанға тастауға әмір етті. Мұсылман тұтқын қайнап тұрған қазанға тасталды. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) одан көзін алмай қарап тұрды. Бір кезде еттері сүйектерінен ажырап түсті.

Патша Абдуллаһқа (радиаллаһу анһу) тағы бір мәрте христиан болуды ұсынды. Бұл жолы да бастартып еді, патша оны да қайнап тұрған қазанға тастауға әмір берді. Хазірет Абдуллаһ қазанға тасталар кезде көздері жасқа толып, жылап жіберді. Патша пікірін өзгерткен екен деп Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) жанына әкелдіріп, оған тағы да христиан болуды ұсынды. Оның бұдан үзілді-кесілді қабыл етпегенін көргенде аң-таң болып:

– Олай болса, не үшін жыладың? - деп сұрады.

Хазірет Абдуллаһ оған мынадай деп тамаша жауап берді:

– Мені азаптап өлтіретініңнен қорқып жылады деп ойлама! Мен Аллаһ жолында беретін жаным біреу ғана болғаны үшін жыладым. Өзөзіме: «Сенің бір ғана жаның бар, ол да мына қазанға тасталғалы тұр. Сосын аз ғана бір сәт ішінде Аллаһ жолында жоқ болып кетесің. Әйтпесе, мен денемдегі түктің санындай жанымның көп болғанын және олардың әрқайсысы үшін Аллаһ жолында осы нәрселердің қайта-қайта жасалуын сондай қалар едім» дедім.

Хазірет Абдуллаһтың табандылығы мен қайтпас қайсар мінезіне дән риза болған патша оны өз еркіне қоя бергісі келді.

Патша:

– Басымды сүй, сені қоя берейін, - деді.

Абдуллаһ (радиаллаһу аһһу):

– Егер басыңды сүйсем, менімен бірге бүткіл мұсылман тұтқындарды да босатасың ба? - деді.

Патша:

– Иә, босатамын, - деп еді, ол:

– Міне, енді болады, - деді.

Хазірет Абдуллаһ (радиаллаһу аһһу):

– Ішімнен өз-өзіме: «Өзімнің жанымды әрі қаншама мұсылман тұтқынның жанын құтқару үшін Аллаһ дұшпандарынан бірінің басын сүюдің қандай зияны болсын! Сүй! Ештеме болмайды» - дедім.

Сол күні сексен мұсылман тұтқыннан босатылды. Хазірет Омардың жанына келгендерінде болған жағдайды айтып берді. Хазірет Омар (радиаллаһу аһһу):

– Бүгіннен бастап Абдуллаһ бин Хұзафаның басын сүю әрбір мұсылманның міндеті. Мұны ең бірінші болып мен бастаймын, - деді де, орнынан түрып Абдуллаһтың қасына барды да оның басынан сүйді.[21]

Көкірегі ояу, көзі ашық кәміл мүминдер оқиғаларды ақырет тұрғысынан саралайды. Олар әрдайым пайда мен зиянды есепке алып жүреді. Сондықтан, олар үшін осы дүниедегі ауыртпалықтар мен қиындықтардың ешқандай маңызы жоқ, жай өткінші дүние ғана.

***

Иманның шынайы дәмін татқан қаһарман мүминдердің бірі де – Уаһб бин Кәбшә (радиаллаһу аһһу). Бұл мүбәрәк сахабаның мазары Қытай жерінде.[22] Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды тәблиғ етуі үшін оны Қытайға жіберген. Ол кездері Мәдина қаласынан Қытайға бару үшін кем дегенде бір жылдай уақыт жол жүрілетін. Хазірет Уаһб ол жерге барып ұзақ уақыт тәблиғ міндетін атқарады. Кейінірек ол

21. Ибн Әсир, Усдул-Ғаба III, 212-213; Зәһәби, Сияру Ағламин-Нубәлә, Бейрут 1986-1988, II, 14-15.

22. Қытайдың Guangzhou қаласында Сағд бин Әби Уәққасқа да (радиаллаһу аһһу) тиісті етілген бір орын да бар. Сахаба және Аллаһтың уәли құлдарының қабірлерінің сол жердегі халықтың діни сенім-нанымдарының ұмытылмай сақталып қалуына үлкен септігін тигізетіндігі тарихи шындық. Орта Азиядағы Самарқанд, Бұхара, Түркістан және Ташкент сияқты жерлерде мұның мысалдарын молынан кездестіруге болады.

Аллаһтың Елшісіне деген сағынышын сәл де болса басу үшін Мәдинаға қарай жолға шығады. Бір жыл бойы сапар шеккен ол басынан азапты ауыр күндер өткізіп, әзер дегенде нұрлы Мәдина қаласына жетеді. Бірақ, ол келместен бұрын Хазірет Пайғамбарымыз дүние салған еді. Содан оның Аллаһтың Елшісіне деген сағынышы екі есеге артты. Уаһб бин Кәбшә (радиаллаһу анһу) Расулуллаһтың өзіне жүктеген міндетінің қадір-қасиетін сезіне отырып, қайтадан Қытайға келеді де өмірінің соңына дейін сол жерде Аллаһтың діні жолында қызмет етеді.

Осылайша Уаһб бин Кәбшә (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың Қытай жеріндегі алғашқы өкілі болу бақытына ие болды.

***

Сұлтан II Баязид пен оның бауыры Жем Сұлтан арасында болған мына оқиғалар да мұсылман бабаларымыздың бойындағы иман мен ислам дарытқан сұлулық пен артықшылықтарға тамаша мысал бола алады:

Баязид Уәли 1481 жылы таққа отырғаннан кейін билігінің алғашқы он төрт жылын туған бауыры Жем Сұлтанмен арасындағы таққа талас нәтижесінде туындаған мәселелерді шешумен өткізеді. Бұл жағдай II Баязидтің Христиан әлемінде белгілі дәрежеде әрекетсіз қалуына себеп болды. Бір күні Жем Сұлтан Баязид Ханға:

– Мемлекетімізді арамызда екіге бөліп алайық, бір жартысын сен билейсің, келесі жартысын мен билеймін, - деп ұсыныс жасайды.

Баязид Уәли :

– Бауырым! Отан – үмбеттің малы. Егер оны екіге бөлсек, мемлекетіміз күшін жоғалтады. Нәтижесінде әлсіз, қауқарсыз дара тайпаларға айналамыз. Бұлай істесек мемлекетімізге обал болады. Денем екіге бөлінсе де, үмбеттің жері әсте бөлінбейді, - деп оның ұсынысын қабылдамады.

Ойы іске аспаған Жем Сұлтан Родос сардарлары тарапынан көркем тілмен жазылған шақырту хат алып, Родосқа қарай жол жүріп кетеді. Сардарлар берген сөздерінде тұрмай, оны тұтқын ретінде Папалыққа сатып жібереді. Папалық Османлыға қарсы ұйымдастырып жатқан Крест жорығында ханзада Жемді қолдануды жоспарлаған еді. Бірақ, бұл жоспардың іске аспайтындығын түсінген Папа Иннокентий оған христиан болуды ұсынады. Папаның ұсынысы Жем Сұлтанның жанына қатты батты. Істеген тірлігіне қатты өкінген Жем Папаға:

– Османлы билігі былай тұрсын, күллі дүниенің билігін берсеңдер де дінімді ауыстырмаймын!.. - деді.

Жем Сұлтан өзінің кресшілдер тарапынан Исламға қарсы қолданылатынын түсінген кезде Аллаһ Тағалаға жалбарынып дұға

жасады. Оның бұл жалбарынуы дініне қаншалықты берік екендігін көрсетеді:

«Уа Раббым! Кәпірлер мені Ислам әлеміне зиян беру үшін құрал ретінде қолданғылары келсе, бұл құлыңды өмір сүргізбе! Рухымды тезірек құзырыңа қабыл ал!..»

Оның жасаған дұғасы қабыл болып, Жем Сұлтан отыз алты жасында Наполи қаласында дүние салды. Ол пәни дүниемен қоштасар сәтінде қасындағы адамдарға мынадай өсиет айтып кетеді:

«Менің өлгенімді шартарапқа естіртіңдер! Мұны міндетті түрде орындаңыздар, кәпірлердің айлалары іске аспасын! Сосын ағам Сұлтан Баязидке барып, қалай болғанда да мұрдемді отаныма алдыруын өтініңдер. Кәпірлердің жерінде жерленгім келмейді. Осы уақытқа дейін болған нәрсе болды, бояуы сіңді. Бұл өтінішімді аяқсыз қалдырмасын! Жақсылық етіп, қарыздарымды да өтесін! Аллаһ Тағаланың құзырына қарыз болған күйде барғым келмейді. Әйелім мен бала-шағамды және маған қызмет еткендерді кешіріп, оларды жағдайына қарай разы қылсын...»

Баязид Хан інісі Жем Сұлтанның өсиеттерін толық орындады.

Міне, Исламның адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл екі бауыр арасындағы қарым-қатынас – шынайы имандылық, отанға деген сүйіспеншілік, үмбеттің тыныштығы мен амандығы жолында барлық нәрсесін пида ету, кеңпейілділік, кінәсін түсіну нәтижесінде ар-ұжданы алдында есеп беру, құл ақысынан сақтану, кешіру және мейірімділік сияқты ізгі әрекеттерді көрсетуде.

***

Осман халифаты тарихында өзіндік ерекше орны бар ағайынды Иляс, Оруч және Хызыр көсемдер Ақ теңіз жиһады басталмастан бұрын теңіз саудасымен айналысқан болатын. Алайда, Ақ теңізде мұндай кәсіппен айналысу өте қауіпті еді. Бір күні көсем Оруч Родос қарақшылары тарапынан тұтқынға түсті. Бауыры көсем Хызыр Оручты құтқару шараларын қарастырады. Ағасын құтқару үшін мол сый-сияпат жіберсе де, сөздерінде тұрмаған қарақшылардың айлалары кесірінен ағасы ұзақ уақыт тұтқында ұсталды. Мұнымен шектелмеген кәпірлер көсем Оручқа бір поп жіберіп, оның шоқынып христиан болуын ұсынған. Бірақ көсем Оручтың:

– Ей, ғапылдар! Мен Хақ дінді тастап, қалайша батыл дінге өтемін? - деген жауабы оларға қатты соққы болды.

Бұған ашуланған қарақшылар:

– Олай болса, Мұхаммедің келіп сені құтқарсын, көрелік - деп, оны кемеде жұмыс істету үшін шынжырлап байлап тастады.

Көсем Оруч оларға:

– Раббымның маған қалай жәрдем беретінін көресіңдер әлі! - деді де Аллаһ Тағалаға сыйынды.

Біраз уақыт өткеннен соң көсем Оруч кәпірлердің де көздеріне көрінген ақ көйлекті, жасыл сәлделі кісілердің жәрдемімен аяғы мен қолындағы кісендерді шешіп, өзі теңізге секіреді де тұтқыннан құтылады. Осылайша, ол иманының арқасында Аллаһтың жазғанына тәслім болу мен тәуекелділігінің жемісін көреді.

Осы оқиғадан кейін көсем Оруч бауыры Хызырмен бірге Ақ теңіз қарақшыларына қарсы тынымсыз күрес жүргізе бастайды. Аз ғана уақыттың ішінде кезінде теңіз қасқыры болған бір топ кісі олардың маңайына жиналып, барлығы бірге:

– Соғыс уақыты, бисимиллаһ желкендеріңді ашыңдар, - деп теңізге шықты.

***

Иман сүйіспеншілігімен өмір сүрудің Чанаккале майданындағы көріністері де ғибратқа толы. Чанаккале соғысында қолбасшы болған ардагер бір офицердің естелік хаттарында былай деп жазылған:

«Чанаккале майданында соғыстың жалғасып жатқан күндердің бірі еді. Сол күні кешқұрымға дейін жалғасқан соғыста дұшпанның қаружарағының бізге қарағанда әлдеқайда күшті болғанына қарамастан, жеңіс бізге жақын еді. Барлау мекенінде соғыстың соңғы сәттерін қобалжулы күйде бақылап отырған едім. Ислам жауынгерлерінің (мехметчиктердің) «Аллаһ, Аллаһ...» деген дауыстары шартарапты жаңғыртып барады. Тіпті, бұл ғажайып дауыстың жанында жау жақтан қарша бораған үрейлі зеңбірек дауыстарының өзі түк те болмай қалады.

Бір кезде жақыннан бір аяқ даусын естігендей болдым. Артыма бұрылып қарасам сержант Али екен. Қуарған жүзінен ерекше қобалжу байқалады. «Не болды?» деуге келместен, маған барлық жағдайды түсіндіруге жетерліктей қолын көрсетті. Қолын көріп қатты қорықтым. Сол қолы білегінен төрт бармақтай жоғары жерінен кесіліп түскелі тұр екен. Салбырап тұрған қолын үзілуден жұқа терісі ғана ұстап тұр. Сержант Али тістеніп, үрейін жеңгісі келді. Оң қолындағы бәкісін маған ұзатып:

– Капитаным, кесіп жіберіңіз, - деді.

Осы үш сөзден құралған сөйлемнің керемет қалау мен мәжбүрлікті аңғартқаны соншалық, еріксіз бәкіні алып, теріге ілініп тұрған қолды кесіп жібердім. Осы бір жан түршігерлік жағдайда да:

«Қайғырма сержант Али, Аллаһ тәніңе саулық берсін!» - деп демеу беруге тырыстым.

Көп ұзамастан сержант Али Отан үшін қолын ғана емес, мүбәрак жанын да пида етті. Көз жұмар алдында:

«Отан аман болсын! **Аллаһым иманнан айырмасын!..** Жаным отан үшін құрбан болсын!...» деген сөздерді қайталаумен соңғы демін алды. Сержанттың қызыл қандары маңайын кішкене қан көлшігіне айналдырды.

Міне, Чанаккаледе жүрегі иман нұрына толы әрбір жауынгер отанды қорғау ұғымын имани борышым деп білетін және осы борышын жанымен өтеуден де еш тайсалмайтын. Сондықтан да, қарулары сияқты діндеріне, имандары сияқты қаруларына жабысып айырылмайтын еді...

Чанаккале соғысында Румелі Межидие штабы дұшпанның күшті соққысы нәтижесінде толықтай қираған болатын. Снарядтардың көбі ауаға атылып, он алтыға жуық зеңбірекші жауынгеріміз шейіт болды. Штабта аман қалған жалғыз капитан мен екі жауынгер және сынық, аузына оқ сыймайтын зеңбірек бар еді.

Капитан жақын жердегі отрядтарға хабар беру үшін ұзап кеткен еді. Қожа Сейид теңізден жан-жаққа өлім шашып келе жатқан дұшпан кемелеріне қарап қатты күрсінді. Екі көзі жасқа толды. Дұшпан алдында шарасыз қалғандарына іштей күйініп, екі қолын аспанға көтерді де:

«Уа, Раббым! Ей, құдіреті күшті Аллаһым! Маған осы уақытқа дейін ешқандай құлыңа бермеген күш-қуат бере гөр!» - деп Раббысына сыйынып, одан жәрдем сұрады.

Қожа Сейид бұл жалған дүниеден өтіп Раббысының құзырында тұрғандай күй кешті. Көздерінен аққан жас жерге тамып жатты. Біраз уақыт бойы «Лә хаулә уә лә қууата иллә билләһ» деп дұға оқыды.

Кейін бірден «Я Аллаһ» деп айқайлады да 270 кг салмағындағы снарядты құшақтап көтеріп алды. Снарядты көтерген бойда темір сатылардан үш мәрте түсіп-шықты. Жүрген сайын көкірек пен омыртқа сүйектерінің сықырлаған даусы естіледі. Тері судай аққан Қожа Сейид жарылған еріндерімен:

«Аллаһым! Күшіңді менен аяй көрме!» деп дұғасын қайталауды тоқтатпады.

Соңында зеңбіректің аузына салған әйгілі үшінші снаряды сол соғыстың тағдырын шешті. Снаряд Ағылшындардың «Оушын» (Ocean) атты брондалған кемесіне дәл тиіп, теңіз үстін отқа орады.

Осы оқиғаны естіген Жәудәт Паша Ұлы Аллаһқа шүкір қылып, Қожа Сейидке жасаған ерлігі үшін зор алғысын айтты. Жәудәт Паша Қожа Сейидтен дәл сондай салмақтағы снарядты тағы бір мәрте көтеруін талап етті. Ол:

– Пашам! Мен ол снарядты көтерген сәтте жүрегім Аллаһтың рухани нәрімен толып-тасып, Одан күш-қуат алғандай күйде едім. Мен ол кезде өзімді басқаша күйде сезіндім. Ұлы Жаратушымызға жасаған дұғаларымның арқасында маған Оның жәрдемі мен демеуі келіп жетті. Бұл тек сол сәтке ғана тән нәрсе. Қазір мен снарядты көтере алмаймын жолдас командир, айыпқа бұйыра көрмеңіз!.. - деді.

Жәудәт Паша оған:

– Әскер! Сен өте үлкен іс тындырдың. Не қалайсың? Менен бір сыйсияпат сұра! - деді.

Аллаһқа құл болудан басқа ешнәрсеге мән бермейтін жанқияр жігіт рухындағы екінші бір қаһармандығын мына сөздерімен көрсетті:

«Жолдас командир! Ешнәрсе қаламаймын. Тек денем ірі болғандықтан маған күнде бір таба нан жетпейді. Дұшпан алдында бұдан да күштірек болуым үшін маған екі таба нан берілуін әмір етсеңіз болғаны!..» деді.

Оның бұл тілегіне күлімсіреген Жәудәт Паша оны сержант шенімен марапаттады.

Кешкі аста басқаларға бір таба, ал өзіне екі таба нан берілгенде қаһарман сержант Сейид азық-түлік тапшы болып жатқан қиын-қыстау кезеңде жолдастарынан ерекше болуды қаламады. Өзіне берілген екі нанның біреуін қайтарды да, екінші рет біреуден артық алмады.

Қандай ақ ниетті таза жан десеңізші. Қожа Сейидтің бұл әрекеттері күмәнсіз иманы мен ықыласының, шынайылығының анық дәлелі болса керек.

Қысқасы, иман – «иман келтірдім» деген жай құрғақ сөз емес. Иман – мүминнің жүрегінің деңгейі мен кәмілдігінің куәсі. Оның белгісі – жанқиярлық. Иман мәңгілік ақырет әлемінің байлығы болғандықтан, оны сақтап, арықарай қуаттандыру жолында тарихта көптеген адам жанын пида етіп, түрлі азап-қиыншылықтарға сабыр етіп төзе білген. Аллаһтың разылығы үшін теңдессіз ізгілік пен қаһармандық көрсеткен. Бүгінгі күні ең алдымен иман сүйіспеншілігімен өмір сүрудің маңызы өте зор. Бізге сый боп берілген иман нығметіне шүкір ету борышы ретінде бүткіл адам баласының Дәрус-Сәләмға (жәннатқа) кірулері үшін бар күшімізбен атсалысуымыз қажет. Иман сүйіспеншілігімен өмір сүретін әрбір мүмин қоғамның хал-жағдайы үшін өзін жауапты сезінеді. Осы пәни дүниеде иманымыздың берік кемелденуі үшін қанша жанқиярлық іс-әрекет жасасақ, ақыретте Аллаһ Тағаланың құзырындағы дәрежеміз де соншалық болмақ. Иншаллаһ!

Аллаһ Тағала баршамызды иманның кемел дәрежесіне қол жеткізген және өмірін осы жолда сарп еткен құлдарынан болуды жазғай!..

Әмин!..

2. ЫҚЫЛАС

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Амалдар ниетке байланысты...» (яғни іс-амалдың нәтижесі ниетке қатысты) деген (Бұхари, Иман, 41; Мүслим, Имара, 155).

Осы тұрғыдан алғанда, ғибадаттан бастап, барлық ізгі амалдар ең алдымен Аллаһ разылығы үшін жасалуы тиіс. Әрине, бұл тек шынайы ықылас арқылы ғана мүмкін болмақ. Басқаша айтар болсақ, амалдарды тек шынайы ықыласпен орындау арқылы ғана ғибадат дәрежесіне көтеру мүмкін. Сондықтан, амалдардың Аллаһ құзырында қабыл болуының басты шарты – ықылас.

Ықылас – амалдарды тек Жаратушының разылығын тілеп орындау, оны нәпсілік мақсаттармен араластырмау деген сөз. Тән үшін жанның маңыздылығы қаншалықты болса, амал үшін де ықыластың маңыздылығы соншалық. Ықылассыз орындалған амал құр мақсатсыз шаршау, бос әурешілік.

Ықылас – Аллаһ Тағалаға жақын болу мақсатымен жүректі әр түрлі дүниелік пайдалардан сақтау.

Ықылас – амалдардың рия (көзбояушылық), мен-мендік секілді түрлі рухани кірлерден тазартылуы. Өйткені, мұндай жаман қасиеттер ықыласты кірлетіп, оның жойылуына себеп болады.

Аллаһтың разылығына жеткізбейтін әр түрлі мақсат-мұраттарды көңілден шығарып тастау – әрбір мұсылманның ең басты міндеті болып табылады.

Бірақ, мына бір нәрсеге көңіл бөлген жөн; ықыласты кісілер нәпсілерінің басым келуі нәтижесінде бұл жақсы қасиеттерінен айырылып қалу қаупімен үнемі бетпе-бет жүреді. Бағындырған шыңды ұстап тұру қандай қиын болса, ықыласты сақтап тұру да соншалықты қиын. Бұл жайында Хазірет Зуннун әл-Мысридың мынадай сөзі бар:

«Ғалымдардан басқа бүткіл адамзат – өлі. Бүткіл ғалымдар ұйқыда, тек ілімімен амал етуші ғалымдар тыс. Ілімімен амал етушілердің де алдану ықтималдары бар, тек ықыластылар тыс. Ықыластылар да (дүниеде) әр уақыт қауіп-қатермен бетпе-бет жүреді...».[23]

Қиындықтарға қарамастан, шынайы ықыластарын әрдайым сақтап жүретін құлдар Аллаһтың көптеген жақсылықтарына кенеледі.

Қорыта айтар болсақ, ықылас құлдарды игі-қайырдың ең үлкені Аллаһтың разылығына жеткізеді. Өйткені, Аллаһ Тағала құлдарының

23. Бәйһақи, Шуабул-Иман, Бейрут, 1990, V, 345.

амалдарын тек өзінің разылығы үшін, яғни ықыласпен орындалуын қалайды. Құранда былай делінген:

«(Ей, Расулім!) **Күмәнсіз, Саған Кітапты** (Құран) **ақиқатпен түсірдік. Олай болса, сен де дінді тек Аллаһқа арнап шынайы ықыласпен құлшылық жаса!»** (Зүмәр сүресі, 2-аят).

«Маған дінді тек Аллаһқа арнап шынайы ықыласпен құлшылық ету бұйырылды деп, - айт!» (Зүмәр сүресі, 11-аят).

Ықылас мүминді ең үлкен дұшпан шайтанның қулық-сұмдықтарынан құтқарады. Олай дейтініміз, шайтан ықыласы төмен, ықылассыз құлдарды тұзағына оңай түсіреді. Бұл турасында аятта былай делінген:

«Малғұн (Шайтан)**: Уа, Раббым! Ант етемін! Мені адастырғаның үшін оларға жер бетінде** (күнәларды) **әсемдеймін де олардың барлықтарын адастырамын. Тек олардың ішінде ықыласты құлдарың бұнан тыс»** (Хижр сүресі, 39-40 аяттар).

Ықыласты құлдар тозақ азабынан құтылады. Ұлы Аллаһтың: **«**(Азаптан) **тек Аллаһтың ықыласты құлдары ғана аман қалады»** деген сөзі осы шындықты сүйіншілеуде.

Ықыласпен орындалған амал аз болса да, иесінің құтылуына жетерлік. Бұл жайында Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Дініңде ықыласты бол! Егер осыны орындасаң, аз амалдың өзі саған жеткілікті болады», деген (Хаким IV, 341).

Ықылас Аллаһтың жәрдемін шақырады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Аллаһ бұл үмбетке әлсіздердің дұғалары мен намаздары және ықыластары арқылы жәрдем етеді», деген (Нәсай, Жиһад, 43).

Ықыластың басым келетіндігінен еш күмәнданбаған жөн. Ықыласпен төгілген тер әр уақыт сақталып тұрады. Ешуақытта жоқ болып кетпейді. Тарихта ықыласты да сабырлы жауынгерлер Аллаһтың жәрдемімен өздерінен саны мен қару-жарағы жағынан әлдеқайда күшті әскерлерден басым түскен. Бұл – жеңістің негізі ықылас екендігін айдан анық көрсетіп тұрса керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак өмірі ықылас атаулыға мысал боларлық тамаша оқиғаларға толы. Оның пайғамбарлық міндетінің алғашқы кезеңінде орын алған мына бір оқиға осы ақиқатқа дәлел болары хақ:

Мүшріктер Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

Исламға шақыруынан бас тартқызу үшін көкесі Әбу Талибті араға салып, бұл әрекетін тоқтатуын өтінді. Мүшріктердің өтінішін жеткізген көкесіне Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп жауап берді:

– Көке! Аллаһқа ант етемін! Аллаһтың дініне шақырудан бас тартуым үшін оң қолыма күнді, сол қолыма айды ұстатса да, мен бұл ісімнен әсте бас тартпаймын. Не Ұлы Аллаһ дінін күллі дүниеге жайып, міндетім аяқталады немесе бұл жолда жанымды беремін![24]

Әбу Талибті араға салғанымен діттеген мақсаттарына жете алмаған мүшріктер бұл жолы Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздері келіп мынадай ұсыныс жасайды:

– Егер бай болғың келсе, саған қалағаныңша мал-мүлік берейік. Арамыздағы ең байымыз сен бол!

Егер басшы болғың келсе, сені өзімізге басшы етіп алайық, Меккенің хакімі бол!

Егер текті, сұлу бір әйелмен үйленгің келсе, саған Құрайыштың ең сымбатты, сұлу қыздарының ішінен қалағаныңды әперейік.

Сен не қаласаң, соны істеуге әзірміз. Сен тек осы әрекетіңнен (Исламға шақырудан) бас тарт!»

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғапыл мүшріктердің бұл ұсыныстарына жауап ретінде былай деді:

– Мен сендерден ешнәрсе сұрамаймын. Мал-мүлік те, басшылық та, әйел де керек емес. Менің сендерден қалайтыным: табынып жүрген пұттарыңнан бас тартып, жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етулерің![25]

Сүйікті Пайғамбарымыз (алейһис-салату уәс-сәләм) бүкіл ғұмырын Аллаһтың хақ дінін тәблиғ етумен өткізген және бұл үшін адамдардан ешқандай да ақы сұрамаған. Сондай-ақ, жеке басы үшін де ешкімнен ешнәрсе талап етпеген. Пайғамбарымыз бұрынғы басқа пайғамбарлардың қауымдарына дағуат жасағанда Құранда айтылған мына бір сөзді қайталап отырған:

«Жасаған дағуатым үшін сендерден ешнәрсе сұрамаймын. Менің сыйымды тек әлемдердің Раббысы Аллаһ қана береді».[26]

***

Хазірет Мұса (аләйһиссәләм) жайындағы мына оқиға ықыластың пәрменді көріністерінің бірі болса керек:

---

24. Ибн Әсир, әл-Камил II, 64
25. Ибн Хишам I, 236.
26. Шұғара сүресі, 109, 127, 145, 164, 180-аяттар; Юнус сүресі, 72-аят; Һуд сүресі, 29-аят.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Мұса (аләйһиссәләм) **Мәдиян суына келгенде, сол жерде** (қойларын) **суарып жүрген бір топ адамды көреді. Олардың арғы жағында** (қойларын суға жібермей тұрған) **тағы екі әйелді көреді. Ол екеуіне:**

«Сіздер неге бұлай істеп тұрсыздар?» дейді. Олар:

«Шопандар суғарып кетпейінше, біз (олардың арасына араласып қойларымызды) **суғара алмаймыз. Әкеміз болса, өте қарт кісі» деп жауап береді»** (Қасас сүресі, 23-аят).

Бұл екі әйел Хазірет Шұғайбтың (аләйһиссәләм) қыздары Сафура мен Суфәйра болатын. Мұса пайғамбар (аләйһиссәләм) сегіз күн бойы нәр татпаса да құдықтан су тартып, олардың қойларын суарып береді. Екеуі Мұсаға (аләйһиссәләм) рақметтерін айтып, кетіп қалады.

Біраз уақыт өткен соң Шұғайыб (аләйһиссәләм) Хазірет Мұсаны үйіне шақыртып, қонақ қылды. Мұса (аләйһиссәләм) бірнеше күн бойы аш жүрсе де алдына қойылған асты жеуден тартынады. Шұғайб (аләйһиссәләм) мұның себебін сұрағанда Мұса (аләйһиссәләм) оған:

– *Біз ақырет үшін жасаған амалдарды дүниелік нәрселермен ауыстырмайтын отбасымыз. Мен сіздерге мына тамақ үшін емес, Аллаһ Тағаланың разылығы үшін жәрдем бердім,* - деп жауап берді.

Оның берген жауабына дән риза болған Шұғайыб (аләйһиссәләм):

– *Саған жасап отырған мына сыйымыз бізге істеген жақсылығың үшін емес, қонағымыз болғаның үшін. Қане, же енді,* - деді.

Шаршаңқы әрі неше күннен бері нәр татпаған Мұса пайғамбар Шұғайыбтың (аләйһиссәләм) осы айтқандарынан кейін ғана барып дастарқаннан дәм татады.

Мұса Пайғамбардың осы бір ғибратты сөздері Аллаһ разылығы үшін жасалған қайырлы істің сауабын жойып жібермеу үшін қандай да бір дүниелік ақы күтіп, ниеттегі ықыласты кірлетіп, ластамау керек екендігін білдіріп тұрғандай.

***

Тәбүк жорығында орын алған ғибратты бір оқиғаны Уасилә бин Әсқа (радиаллаһу анһу) былай деп әңгімелейді:

Тәбүк жорығына дайындық жүріп жатқан күндердің бірінде (жорыққа шығатын мал-мүлкім де, көлігім де жоқ еді. Бұл берекелі жорықтан мақұрым қалмайын деп) Мәдинада былай деп үн қаттым:

– Кімде-кім мені көлігіне мінгізіп жорыққа ала кетсе, соған үлесіме түскен олжамды беремін!

Ансарлық бір қарт кісі кезектесіп мінуге келісіп, мені жорыққа ала кететінін айтты. Мен де келістік деп едім:

– Олай болса, Аллаһтың берекетін тілей отырып, жолға шығайық, - деді.

Осылайша қайырлы бір жолдаспен сапарға шықтым. Аллаһ Тағала бізге үлкен олжа нәсіп етті. Үлесіме бірнеше түйе түсті. Оларды айдай отырып (әлгі ансарлық қартқа) әкелдім. Ол болса маған:

– Түйелеріңді ал да, кері қайт, - деді.

– Арамызда жасасқан келісім бойынша бұлар сенікі, - десем де ансарлық қарт:

– Ей, бауырым! Олжаңды өзің ал! Мен сенің дүниелік үлесіңді сұрағаным жоқ. (Мен сенің сауабыңа, яғни рухани табысыңа ортақ болуды ойлаған едім) деп жауап берді (Әбу Дәуіт, Жиһад, 113/2676).

Бар мүмкіншіліктерін Аллаһтың разылығына ие болу үшін жомарттықпен жұмсай білген ардақты сахабалар Аллаһ жолында күреске шығар кезде де, мүмин бауырына қол ұшын берген кезде де шынайы ықыласпен орындауға аса мән беріп, Аллаһ үшін істеген қайырлы амалдарын дүниелік пайдалармен араластырмауға қатты көңіл бөлген.

***

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) жоқ-жітім, міскіндерге жәрдем берген кезде міскін рақметін айтып дұға жасаса, Айша анамыз да оған дәл сондай дұға қайтаратын болған. Одан:

– Адамдарға жақсылық жасайсың әрі оларға дұға етесің, бұның қалай сонда? - деп сұрағанда:

– Оның мен үшін жасаған дұғасы менің берген садақамның ақысы болуынан қорқамын. Берген садақамның ақысыз тап-таза болуын қалаймын және оның сауабын тек Аллаһтан ғана үміт етемін. Сондықтан, міскіннің маған жасаған дұғасына мен де қайталап дұға етемін,[27] - деп жауап берді.

Міне, бұл айтылған әрекет шынайы ықыластың қандай тамаша мысалы десеңізші!.. Расында да сол мүбәрак кісілер ықыластарының сауабын сақтап қалуға аса көңіл бөлген.

***

Хазірет Алидің (радиаллаһу анһу) шынайы ықыласына тамаша мысал боларлық мына бір оқиға сөзсіз ғибратқа толы:

27. Нежати Иениел-Хусейн Каяпынар, Сүнән Әбу Дәуіт Аударма және Шархы, Стамбул 1988, VI, 304.

Мүшріктермен болған соғыстың бірінде Хазірет Али бір дұшпанды жерге жығып өлтірмекші болады. Жерде жатқан дұшпан Хазірет Алидің нұрлы келбетіне түкіріп жібереді.

Әһлі бәйіттің (Пайғамбар әулеті) қаһарман батыры, «Аллаһтың арыстаны» болған Хазірет Али үшін астында жығылып жатқан дұшпанның басын кесу түк те емес еді. Алайда, ол Аллаһ разылығы үшін күресу ниетіне нәпсілік ашуының араласуынан қауіптеніп, тоқтай қалады да қолындағы Пайғамбардың сыйлаған Зүлфиқар атты қылышын төмен түсіріп, оны өлтіруден бас тартады.

Хазірет Алидің аяғының астында өлімін күтіп жатқан әлгі дұшпан оның бұл әрекетіне аң-таң қалады. Өйткені, ол Хазірет Алиді бетіне түкіргеніне қатты ашуланып, еш тартынбастан аяусыз өлтіреді деп ойлаған еді. Бірақ, ол ойлағандай болмады. Керісінше, оның ойына кіріп-шықпаған нәрсе болды. Ислам қаһарманы Хазірет Алидің бұл әрекетін ақылына сыйдыра алмаған ол таңырқаған күйде:

– Ей, Али! Мені өлтірейін деп тұрып, неге тоқтап қалдың? Мені өлтіруден неге бас тарттың? Не себептен ашуың бірден басылып, үндемей қалдың? - деп сұрады.

Хазірет Али оған былай деді:

– Мен Хазірет Пайғамбар сыйлаған мына Зүлфиқарды тек Аллаһ жолында ғана қолданамын. Аллаһтың дұшпандарының басын тек Оның разылығы үшін ғана кесемін. Бұл іске нәпсімді әсте араластырмаймын... Сен мені қорлап, ашуландыру үшін жүзіме түкірдің. Егер мен сол кезде ашуланып, нәпсіме жеңілгенімде, сені мүминге жараспайтын әрекетпен өлтірген болар едім. Асылында мен атақ-даңқымды асқақтатып, нәпсілік құмарымды қандыру үшін емес, Аллаһ разылығы үшін күресемін.

Соңында, оның көркем мінез-құлқы дұшпанның жан-дүниесін қалың ұйқыдан оятып, өмірге деген көзқарасын толықтай өзгертті. Сөйтіп, ол Хазірет Алидің шынайы иманынан, нәпсіге деген күресі мен ықыласынан қатты әсерленіп, иман келтіреді.

***

Бағдат қаласының мыс-бақыр сататын базарында үлкен өрт шықты. Жанып жатқан дүкендердің бірінде кішкене екі бала айналаны ораған өрттің арасынан шыға алмай қалып қояды. «Құтқарыңдар!» деп қанша айқайлағандарымен қалың өрттің арасына кіріп оларды алып шығуға ешкімнің батылы жетпеді. Не істерін біле алмай дал болған әлгі балалардың ұста-ұстазы шарасыздықтан:

«Кім балаларды құтқарса, соған мың алтын беремін» деп айқай салды.

Дәл сол уақытта сол маңайдан өтіп бара жатқан Хазірет Әбу Хусайн Нури болып жатқан ахуалды көріп, бейшара екі балаға мейірімі түсіп, жаны ашиды да қалың өрттің арасына кіріп кетеді. Өрт ол мүбәрәк кісі үшін гүлістан бағына айналды. Хазірет Әбу Хусайн өрттің арасынан Ұлы Аллаһтың жәрдемімен екі баланы аман алып шығады.

Әлгі екі баланың ұста-ұстазы үлкен ризашылықпен Хазірет Әбу Хусайн Нуриға рақметін айтып, уәде еткен алтындарын ұсынды. Бұған разы болмаған Хазірет Әбу Хусайн Нури ұстаға қабағын шытыңқырап:

«Алтындарың өзіңе бұйырсын! Оданша Аллаһқа шүкіршілік ет! Егер мен бұны Аллаһ үшін емес, дүниелік ақша үшін істеген болсам, ана екі баланы өрттің арасынан әсте шығара алмас едім!» деді.

Осы оқиғаға ұқсас қаншама өрт, ықыластың берекетімен гүлістан бағына айналғаны хақ. Алайда, өрттің ішіне кіру тек Аллаһтың Досы (Халилуллаһ) Ибраһимнің (аләйһиссәләм) рухани халін жіті ұғынып, оның рухани дүниесінен нәр алу арқылы ғана мүмкін болмақ. Өйткені, Хазірет Ибраһимнің (аләйһиссәләм) өрттен қорықпастан, Жаратушысына шынайы махаббатпен тәслім болуының арқасында өртте жанбады. Бұл – Аллаһ Тағаланың оған берген ерекше бір сыйы еді.

***

Ықылас барлық нәрседе өз әсерін байқатады. Инфақ еткен садақаңызды шынайы ықыласпен берген болсаңыз, ол лайық болмаған кісіге барса да, шынайылығыңыз үшін сауап аласыз. Садақаны алған кісілерде де ықыласыңыздың деңгейі мөлшерінде дұрыс жаққа қарай бетбұрыс пайда болады. Осы бір ақиқатқа көңіл аудара отырып, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген-ді:

«Бір күні бір кісі:

– Мен міндетті түрде садақа беруім керек, - деп ниет етеді.

Сөйтіп, ол түннің бір уақытында садақасын алып шығып байқамастан бір ұрлықшының қолына ұстатып жібереді. Ертесі күні қала халқы:

– (Таңқаларлық жайт) Кеше түнде біреу бір ұрлықшыға садақа беріпті, - деп әңгіме тарата бастайды. Әлгі кісі:

– Уа, Аллаһ! Саған мақтаулар болсын! Мен бүгін де садақа беремін» дейді.

Ол тағы да садақасын алып үйінен шықты да оны (бұл жолы да білместікпен) бір жезөкшенің қолына ұстатты. Ертесі күні қала тұрғындары:

– (Мүмкін емес) Кеше түнде бір адам жезөкшеге садақа беріпті, - деп бұл жолы да әңгіме қыла бастады. Әлгі кісі:

– Аллаһым! Жезөкшеге болса да садақа бергенім үшін Саған мақтаулар болсын! Мен міндетті түрде тағы да садақа беремін, - деді.

Осы түні де садақасын алып үйінен шығып оны (бұл жолы да білместікпен) бір бай кісінің қолына ұстатып жіберді. Ертесі күні халық:

– (Бұл не қылған сұмдық) Кеше түнде де біреу бай адамға садақа беріпті, - деп әңгіме ете бастады. Әлгі кісі:

– Аллаһым! Ұрлықшыға болса да, жезөкшеге болса да, байға болса да садақа бере алғаным үшін Саған шүкірлер болсын, - деді.

(Шынайы ықыласы үшін) ол кісіге түсінде:

«Ұрлықшыға берген садақаң, бәлкім оны жасаған ұрлығынан ұялдырып, ұрлық қылудан бастартқызар. Жезөкше әйел бәлкім істеген тірлігіне өкініп, абыройлы бір әйел болар. Бай адам да осыдан ғибрат алып, Аллаһтың өзіне берген дүниенің бір бөлігін мұқтаж жандарға тарқатар», - деп айтылды» (Бұхари, Зекет, 14).

Міне, ықылас пен шынайылықтың берекеттері... Жоғарыда айтылған хадис шәріп садақа бергенде жүректе шынайылық пен ықыласты жолдас етудің маңызды екендігіне назар аудартқан. Мұнымен қоса, ниеттің амалдан да қайырлы екендігі айтылған. Бірақ, бұл хадистің мағынасынан садақаны кімге болса да тарқату абзал амал екен деп түсініліп жүрмесін. Керісінше, мүмин кісі садақа немесе зекетін берместен бұрын қолынан келгенше шын мәніндегі мұқтаж адамдарды қарастырғаны жөн. Яғни, садақаны алуға ең лайықты кісілерге берген дұрыс.

***

Жоғарыда өткен хадис шәріптің жанды көрінісі іспеттес мына бір оқиға қандай ғибратты десеңізші:

Хазірет Сами ұстаздың Анадолыға жасаған сапары кезінде бір кісі Сами ұстаз отырған көліктің жанына келіп, одан темекі алуға ақша сұрады. Хазірет Сами ұстаз жанындағы жолдастарының іштей қарсылық танытқандарына қарамастан:

«Сұрап тұрған екен, онда беру керек» деп жанындағы жолаушы серіктері ол кісінің бұл әрекетіне аң-таң болып тұрса да, ойланбастан тіленшіге сұраған ақшасын береді. Ол кісіге разы болған пақыр адам ниетін өзгертіп:

– Қазір барып, бұл ақшаға нан аламын, - деді де, қуанышты күйде ол жерден алыстап кетті.

Бұл оқиға инфақ етілген малдың халалдығы мен ниеттің тазалығының қайырлы істің жүзеге асауына себеп болатындығына айқын мысал.

***

Ислам тарихының алғашқы жылдарында Мәдина Мунауурадағы кейбір пақыр кісілердің есігінің алдына белгісіз бір адам әр күні таңертеңмен бір дорба азық-түлік тастап кетіп жүрді. Бір күні ертеңгісін әлгі пақырлар үйқыларынан тұрғандарында есіктерінің алдында ешқандай дорбаның қойылмағанын көрді. Мұның себебін білу үшін алаңдап жүргендерінде жаназаға шақырып жүрген хабар естілді. Сол кезде Мәдина Мунауура Хазірет Алидің (радиаллаһу анһу) немересі Зәйнәл-Абидиннің өлім хабарымен қатты сілкінген еді. Бүткіл халық мүбәрәк кісінің өлгенін естіп, қайғырып аза тұтты.

Пайғамбар ұрпағы алдындағы соңғы міндеттер аса ұқыптылықпен атқарылып жатты. Кезек оның мүбәрәк денесін жууға келгенде бұл абыройлы қызметті атқарушы кісі оның арқасынан сары су үймелеген үлкен-үлкен жараларды көріп аң-таң қалды. Бұның себебін түсіне алмаған ол жақын туыстарынан сұрап еді, оның сырын білетін сол жерде отырған пайғамбарлар әулетінен бір кісі былай деді:

«Хазірет Зәйнәл-Абидин күніге таңертеңмен дорбаларын азық-түлікке толтырып, оларды арқалап пақырлардың есіктерінің алдына қойып, ешкімге көрінбестен кері қайтатын. Ол дорбаларды кімнің қойғанынан ешкімнің хабары болмайтын. Оның арқасындағы жаралар сол дорбаларды арқалағаннан болды» (Ибн Кәсир, әл-Бидая IX, 112,122; Әбу Нуайм, Хилия III, 136).

Міне, ақиқатқа мойынсұнған жүрегі мейірім-шапағатқа толы мүмин құлдың шынайы ықыласымен жасаған жақсылықтарының сауабын адам баласының ілтипаттары жуып-шайып кетпесін деген ниетпен өмірбойы осылай ұқыпты болған.

***

Раббысына бүткіл жан дүниесімен берілген Сұлтан Алпарслан жайындағы мына оқиға оның шынайы ықыласының тамаша мысалы бола алады:

Сұлтан Алпарслан 1071 жылы Малазгирт соғысына аттанбастан бұрын үстіне мақтадай ақ киім киіп: «Бұл менің кебінім!» дейді. Ол өзін тарихта аты қалып әйгілі болуға емес, Ұлы Аллаһ жолында шейіт болуға дайындаған еді. Соғысқа шығар сәтте әскерінің алдына шығып қысқаша сөз сөйлейді:

«Не жеңіске жетіп мақсатыма жетемін, не шейіт болып жәннатқа кетемін. Сендердің іштеріңде маған еремін дейтіндер болса, ерсін. Жоқ, кері қайтамын дейтіндерің болса, кері қайтсын. Бұл жерде бұйрық беруші сұлтан да жоқ, орындаушы әскер де жоқ. Өйткені, бүгін мен де сендердің біріңмін. Сендермен бірге соғысушы әскермін. Маған ергендер мен жандарын Ұлы Аллаһқа тапсырып шейіт болғандар жәннаттық, аман

қалғандар да ғази болады. Ал кері қайтқандарды ақыретте от, дүниеде масқаралық күтіп тұр» дейді.

Аллаһ Тағала Сұлтан Алпарсланның шынайы ықыласы үшін өз әскерінен бес есеге көп Роман Диожен әскерін ойсыратып жеңіс нәсіп етті.

Жоғарыда айтып өткендей, адамдардың ішінде тек ықыласты болғандар ғана нағыз жеңіске қол жеткізеді. Бірақ, ықыласы жоғары адамдар әрдайым қатерлі сынақтармен сыналып тұрады. Ислам әскерінің ұлы қолбасшысы Алпарсланның өліміне себеп болған қастандық та сол сынақтардың бірі ретінде жүзеге асқан.

Сұлтан Алпарслан Малазгирт жеңісінен кейін 1072 жылы үлкен атты әскермен Мәуереннаһрға қарай жорыққа шығады. Ол Амудария өзенінің жағасында орналасқан Хана қорғанын қоршауға алады. Қорғанның билеушісі адасушы Батыния сектасының мүшесі Юсуф әл-Хорезми еді. Қорғанды көп ұстап тұра алмайтындығын түсінген ол өз еркімен берілді. Оны Сұлтан Алпарсланның құзырына әкелгендерінде Сұлтанға қарай ұмтылып, оны қанжарымен ауыр жаралайды. Юсуф әл-Хорезми сол жерде өлтіріледі. Сұлтан Алпарслан да алған жарақатының ауырлығынан көп ұзамай көз жұмады. 25 қазан 1072 жылы шейіт болған Алпарсланның соңғы сөздері мынадай еді:

«Қашан дұшпанға қарай соғысқа шықсам, міндетті түрде Аллаһ Тағалаға сыйынып, Одан жәрдем тілейтінмін. Кеше бір төбеге шыққанымда әскерімнің көптігінен табанымның астындағы тау дірілдеп жатқандай болды. Сол сәтте маған «Мен бүкіл әлемнің билеушісімін, сірә мені ешкім жеңе алмас» деген ой келді. Міне, осының нәтижесі ретінде Ұлы Аллаһ мені өзінің әлсіз бір құлымен жазаландырды. Осы ойым және бұрын істеген басқа да қателіктерім мен кемшіліктерім үшін Аллаһ Тағаладан кешірім сұрап, тәубе етемін. Лә иләһә иллаллаһ Мұхаммадур-Расулуллаһ!..»

Күмәнсіз, бұл ахуал рухани жүрегі таза кісінің ар-ұждан алдындағы есебі болса керек.

***

Аллаһтың уәли (әулие) құлдарының бірінен:

– Ықылас тұрғысында сізге қатты әсерін тигізген қандай да бір оқиғаны басыңыздан кешірдіңіз бе? - деп сұрады. Ол кісі:

– Иә, басымнан өткізгенмін - деп, әңгімесін жалғастырды:

«Мекке Мүкәррамада ақша салған дорбамды жоғалтып алып, мұқтаж жағдайға душар болдым. Басрадан ақшаның келуін күтіп жүрдім, бірақ тым ұзап кетті. Шашым мен сақалым да қатты өсіп кеткен еді. Сөйтіп бір шаштаразға барып:

– Ешқандай ақшам жоқ, Аллаһ разылығы үшін шашымды қиып бересің бе? - деп сұрадым.

Дәл сол уақытта ол басқа біреудің шашын алып жатқан болатын. Дегенімше болмады жанындағы бос орынды көрсетіп: «Мына жерге отыр» деді де ана кісіні тастап, менің шашымды қиа бастады. Ол кісі қарсылық көрсетіп еді, шаштаразшы:

– Айыпқа бұйырмаңыз! Сіздің шашыңызды берген теңгеңіз үшін қиып жатырмын, ал мына кісі болса, Аллаһ разылығы үшін сұрады. Аллаһ үшін орындалатын іс қай уақытта болмасын барлық нәрседен бұрын тұрады әрі оның ақысы болмайды. Сондай-ақ, Аллаһ үшін орындалатын істің құнын (сауабын) құлдар біле алмайды, өтей де алмайды, - деді.

Шаштаразшы шашымды қиып болған соң қоярда-қоймай қалтама бірнеше алтын салып жіберіп:

– Аса қажеттіліктерің үшін жұмсарсын. Шамамның келгені осы болып тұр, айыпқа бұйырма! - деді.

Бірнеше күн өткен соң Басрадан күткен ақша да келді. Жаныма бір дорба алтын алып әлгі шаштаразшыға апарып беріп едім:

– Ала алмаймын. Аллаһ үшін істеген істің ақысын өтеуге құлдардың шамасы жетпейді. Сіз кете беріңіз, жолыңыздан қалмаңыз! Аллаһ амандық берсін! Сау-сәлеметте болыңыз! - деді.

Көнбеген соң, адалдық тілесіп өз арамызда кешірісіп ол жерден кетіп қалдым. Міне, содан бері қырық жыл өтті, бірақ күнде түнде тұрып сол кісіге дұға етіп келемін» деді.

Міне, Ұлы Аллаһ өзінің разылығы үшін істелген салих амалдар мен қайырлы істердің ақысын осылай өзіне лайықты әдемілікпен тарту етіп отырады.

***

Османлы қоғамында Рамазан айы келгенде көптеген бай-дәулетті адамдар киімдерін өзгертіп танымайтын аудандардағы дүкен, базарларға барып сатушылардан қарыз адамдардың тізімі жазылған дәптерлерін сұрайтын. Дәптердің кез келген бір жерінде жазулы тұрған қарыздарды біріктіріп, жалпы есебін шығартып өтейтін де:

«Мына қарыздарды өшіріп тастаңыз! Аллаһым өзің қабыл ал!» деп өздерінің кім екендерін танытпастан кетіп қалатын.

Осылайша қарызы өтелген кісі оны кімнің өтегенінен, қарызды өтеген кісі де кімді қарызынан құтқарғанынан бейхабар болатын. Жасырын берген нәпіл садақаның ашық түрде берген садақадан әлдеқайда

артық екендігін жақсы білетін кісілер қайырымдылықтарын қолдарынан келгенше білдірмей істеуге тырысатын-ды. Бабаларымыз оң қолымен бергенін сол қолынан жасыратын. Жасаған жақсылықтарын тез-ақ ұмытып кететін.

Әулие құлдар екі нәрсені ұмытуды өсиет етеді:

1. Жасаған жақсылығыңды ұмыт. Өйткені, ол менмендік пен тәкәппарлыққа себеп болуы мүмкін.

2. Біреудің жасаған жамандығын ұмыт. Өйткені, жүрекке кек пен ыза туғызуы мүмкін.

Қысқасы, ықылас – қол жетуі және оны сақтап тұруы өте қиын асыл тас іспеттес. Оның құнын Аллаһтан басқа ешкім белгілей алмайды. Өйткені, жүректің есігі бір Аллаһқа ғана ашық тұрады. Ықылас – пенденің дүниеде және ақыретте жоғары дәрежелерге жетуіне бірден-бір дәнекер болатын және Аллаһқа жақындататын ұлық қасиет. Аллаһ Тағала ықылассыз жасалған амалдарды қабыл етпейді. Риякер, яғни көзбояушылықпен істелген амалдар қиямет күні шіріген шүберек сияқты иесінің бетіне лақтырылады. Аллаһ Тағала ықыласқа берекет жаудырып құлының азын көп, өмірін ұзақ және рухани кемелдігін мәңгілік етеді.

3. ТАҚУАЛЫҚ

Тақуалық – жүректі Аллаһ Тағаладан ұзақтататын барлық нәрселерден тазарту арқылы Оның көркем сипаттарының шағылысына айналуы. Тақуалық – мүминнің Аллаһтың қорғанын паналай отырып, ақыретте өзіне зияны тиетін дүниелерден ұқыптылықпен сақтануы және күнәлардан бойын аулақ ұстап, ізгі амалдар істеуі.

Сүйікті Пайғамбарымыз Хазірет Әбу Зәрге (радиаллаһу анһу) тақуалықтың Аллаһ Тағаланың құзырында амалдардың мәртебесі мен қабыл болуының бірегей өлшемі екендігін түсіндіре отырып былай деген:

«Тыңда! Сен қызыл нәсілдіден де, қара нәсілдіден де артық емессің! Олардан тек тақуалықпен ғана жоғары бола аласың» (Ахмед V, 158).

Тағы бір хадисінде:

«Сендердің іштеріңдегі ең тақуаларың – менмін» (Бұхари, Иман, 13; Мүслим, Сиям, 74) деген Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің әрбір кезеңінде тақуалықпен әрекет еткен. Сондықтан, тақуа мүмин болу үшін Аллаһтың Елшісінің сүннетіне көңіл бөліп, оны үлгі-өнеге тұту қажет.

Хазірет Исаның (аләйһиссәләм) тақуалыққа берген мына анықтамасы қандай тамаша десеңізші:

Бір кісі Иса Пайғамбарға (аләйһиссәләм) келіп:

«Ей, жақсылықтарды үйретуші ұстаз! Аллаһтың тақуа құлы болу үшін не істеу керек?» деп сұрады.

Хазірет Иса (аләйһиссәләм):

– Бұл өте оңай нәрсе. Әуелі Аллаһ Тағаланы шын көңіліңмен жақсы көріп, Оның разылығы үшін қолыңнан келгенше салих амалдар жасайсың. Сосын өзіңе жаның ашығандай бүткіл адам баласына жанашырлық жасап, рақымдылық пен мейірімділік танытасың, - деп жауап берді. Сонымен қатар:

– Өзгенің саған істегенді қаламайтын нәрсеңді, сен де басқаларға істеме! Міне, сол уақытта Аллаһтың нағыз тақуа құлы боласың! - деді (Ахмед, Зүһд, 59 б.).

Хазірет Омар бір күні Убәй бин Кағб радиаллаһу анһудан тақуалықтың не екендігін сұраған еді. Убәй радиаллаһу анһу:

– Ей, Омар! Сен өміріңде тікенді жолмен жүріп көрдің бе? - деді.

Хазірет Омар:

– Иә, жүрдім, - деп жауап берді.

Убәй радиаллаһу анһ оған:

– Сол кезде не істедің? - деді.

Хазірет Омар:

– Киімімнің етегін түріп алдым да, тікендерді баспау үшін барынша сақтықпен жүрдім, - деді.

Сол кезде Убәй бин Кағб:

– Міне, тақуалық деген де осы, - деп жауап берді.[28]

Тақуалықтың басы – күпірлік пен ширктен отқа түсуден қашқан сияқты қашу. Мұның көрінісі – парыздарды толық орындап, бүткіл күнәлардан сақтану.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп бұйырады:

«Қай жерде жүрсеңде, Аллаһтан қорық (тақуа бол)! Істеген жамандығыңның артынан дереу жақсылық жаса, жамандығыңды жойсын! Адамдармен көркем ахлақпен мәміле жаса!» (Тирмизи, Бирр, 55/1987).

28. Ибн Кәсир, Тәфсирул-Құранил-Азим, Бейрут 1988, I, 42.

Тақуалықтың заңғар шыңы – жүректі Ұлы Аллаһтан ғапыл қылатын барлық нәрседен ұзақ ұстап, ішкі жан дүниемен Аллаһ Тағалаға бет бұру. Бұл мәртебенің соңы жоқ, шексіз. Міне бұл Құран Кәрімнің:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қалай қорқу қажет болса, солай қорқып, (әмірлеріне қарсы келуден) **сақтаныңдар да, тек мұсылман болған күйде жан беріңдер!»** (Әли Имран сүресі, 102-аят) деген аятында әмір етілген хақиқи-шынайы тақуалық.

Тақуалықта кемел дәрежеге жету үшін күмәнді нәрселерден алыс тұру шарт. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай дейді:

«Құл тыйым салынған нәрселерді істеп қоюдан қорқып, кейбір тыйым салынбаған нәрселерді тастамайынша шынайы тақуалық дәрежесіне жете алмайды» (Тирмизи, Қиямет, 9/2415; Ибн Мәжә, Зүһд, 24).

Осы жайында Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) мынадай ескерту жасаған:

«Адам жүрегін кеміріп, ішкі жан дүниесін мазалайтын нәрселерді тәрк етпейінше тақуалық дәрежесіне жете алмайды» (Бұхари, Иман, 1).

Құл тақуалық дәрежесіне жету үшін әрдайым нәпсісімен есептесіп отыруы керек. Өйткені, жүректің ең үлкен дұшпаны болып табылатын «нәфс әммараның» тілек-қалауларына қарсылық көрсетіп, оның апаттарынан сақтану тек тақуалық сезімді күшейтіп-қуаттандыру арқылы ғана мүмкін болмақ.

Юсуф (аләйһиссәләм) алдына жайылған нәпсіге жағымды, тартымды дүниелердің арбауынан сақтану үшін «маазаллаһ» дей отырып, олардан құтылудың жалғыз жолы – шынайы тақуалықпен «Аллаһқа сыйыну» екендігін көрсеткен. Бұл иләһи жәрдемнің келіп жетуі үшін міндетті түрде тақуалықтың қажет екендігін байқатады.

Сүйікті Пайғамбарымыз да өзіне тақуалықты нәсіп етуі үшін Ұлы Жаратушыға былай деп дұға ететін:

«Аллаһым! Нәпсіме тақуалық беріп, оны тазарта гөр! Оны тазартушы тек Өзіңсің. Сен оның иесісің әрі қожайынысың (үәлиісің және Мәуләсысың)» (Мүслим, Зикр, 73).

«Аллаһым! Сенен тура жол, тақуалық, абырой және көңіл байлығын тілеймін» (Мүслим, Зикр, 72).

Аллаһтың құзырында адамдардың ең мәртебелісі – ең тақуа болғандары.[29] Аллаһ Тағала тақуа құлдарын жақсы көреді[30] және олар-

29. Хұжұрат сүресі, 13-аят
30. Әли Имран сүресі, 76-аят

мен әрдайым бірге болады.[31] Тақуа құлдарға көк пен жердің кеңдігіндей жәннат уәде етілген.[32] Сондай-ақ, Аллаһ Тағала тақуа құлына жақсылық пен жамандықты ажырата білетін қасиетті нәсіп етіп, оның күнәларын кешіреді.[33] Қиналған сәттерінде оған шығар жол көрсетіп, ойламаған жерден ризық береді. Жұмыстарын жеңілдетіп, жамандықтарын кешіреді де көптеген сый-сияпат нәсіп етеді.[34]

Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) риуаят еткен хадисте Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні сахабаларына:

– Мен бір аят білемін. Егер адамдар сол аятты ұстанатын болса, барлық нәрсе үшін жеткілікті болар еді, - деді.

Сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол қайсы аят? - деп сұрады.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«...Кім Аллаһтан қорқатын (тақуа) болса, Аллаһ Тағала оған шығар жол нәсіп етеді» (Талақ сүресі, 2-аят) деген аятты оқыды (Ибн Мәжә, Зүһд, 24).

Пайғамбарымызға рухани тұрғыдан ең жақын кісілер – тақуалар. Муаз бин Жәбәл (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені Йеменге әкім етіп жіберіп жатқан кезде шығарып салу үшін Мәдинаның сыртына дейін ілесіп шықты. Мен ат үстінде, ал ол болса жаяу келе жатты. Маған біраз насихат айтты да кейін:

«Ей, Муаз! Бәлкім, осы жылдан соң мені көрмейтін де шығарсың. Мүмкін мына мешітім мен қабірімді зиярат етерсің» деді.

Бұл сөздерді естіген соң Аллаһтың Елшісімен қоштасатынына қатты қайғырып жылай бастадым. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жылама Муаз!» - деді де жүзін Мәдинаға қарай бұрып:

«Адамдардың ішінде маған ең жақыны қай жерде болса да, Аллаһтан қорқатын тақуа кісілер» деп дұға жасады.[35]

Келесі бір хадисте сүйікті Пайғамбарымыз:

«Күмәнсіз, менің достарым тақуалар» деген (Әбу Дәуіт, Фитән, 1/4242).

Тақуалықта кемелдік дәрежеге жеткен жүрек, Аллаһтың назары

31. Нахл сүресі, 128-аят
32. Әли Имран сүресі, 133-аят
33. Әнфал сүресі, 29-аят
34. Талақ сүресі, 2-5 аяттар
35. Ахмед V, 235; Хайсәми, Мәжмаһуз-Зауайд, Бейрут, 1988, IX, 22

түсетін орынға айналады әрі иләһи хикмет-сырлардың көрініс тапқан мекені болады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Имам Ағзам, Имам Шафиғи және Ахмед бин Ханбал сынды ғұлама ғалымдар өмірлерін тақуалықпен өткізген. Бұған мысал ретінде: Бір күні киіміне тиген кішкене дақты тазалап жатқан Имам Ағзамды көрген бір кісі одан:

– Уа, Имам! Берген пәтуаңыз бойынша мына кішкентай дағыңыз намазға кедергі емес қой, оны неге тазалап әуре боп жатырсыз? - деп сұрайды.

Хазірет Имам Ағзам оған:

– Ол – пәтуасы. Ал бұл – тақуасы, - деп жауап берген екен.

Байқағанымыздай, тақуалық – Аллаһтың әмірлеріментыйымдарының алдында өте ұқыпты әрі мұқият болу.

Күнә істеп қойып жүрермін деген қорқынышпен Құран Кәрім аяттарынан басқа ешқандай сөз сөйлемейтін мына бір тақуа әйелдің халі қандай ғибратты еді.

Осы ғибратты оқиғаны жеткізген Хазірет Абдуллаһ бин Мүбәрак былай деп әңгімелейді:

Аллаһтың қасиетті үйіне (қағба) қажылық жасап болып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қабірін зиярат ету үшін жолға шыққан едім. Жолда келе жатып алыстан қарайған бір нәрсені көзім шалды. Жақындап келіп қарасам, үстіне жүннен тігілген киім киген, басына жүн орамал таққан жалғыз әйел екен. Оған:

– Ассаламу аләйкум уә рахматуллаһи уә бәрәкатүһ! - деп сәлем бердім.

Ол «Ясин» сүресінің:

«(Бұл да) **Аса жарылқаушы Раббыларының сәлемі!»** (Ясин сүресі, 58-аят) деген аятын оқып, сәлемімді алды.

Мен одан:

– Аллаһтың жақсылығы болсын! Сен бұл жерде жалғыз не істеп жүрсің? - деп сұрағанымда ол:

«Аллаһ кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды…» деген Ағраф сүресінің 186-аятын оқыды.

Бұдан оның жолынан адасып қалғанын түсіндім. Сосын одан:

– Қай жерге баруың керек еді? - деп сұрадым. Ол Исра сүресінің 1-аятындағы:

«Бір түні құлын Мешіт Харамнан алып Мешіт Ақсаға апарған...» деген жерді оқыды. Оның бұл жауабынан қажылық жасап, Құдыс шаһарына қайтып бара жатқанын түсіндім. Одан:

– Бұл жерде жүргеніңе неше күн болды? - деп сұрадым. Ол Мариям сүресінің 10-аятындағы:

«Аман-сау күйіңде үш тәулік...» деген жерді оқыды. Мен:

– Жаныңда жейтін азығыңда жоқ екен! - дедім. Ол:

«Маған жегізген де, ішкізген де Ол (Аллаһ)» деген Шұғара сүресінің 79-аятын оқыды. Мен одан:

– Мына шөл далада немен дәрет алып жүрсің? - деп сұрадым. Ол Ниса сүресінің 43-аятындағы:

«Егер су таба алмасаңдар, таза топырақпен тәйәммум алыңдар!..» деген жерді оқыды. Мен:

– Менде жейтін бір нәрселер бар, соны ішіп-жеп ал!» дедім. Ол Бақара сүресінің 187-аятындағы **«...Содан соң күн батқанға дейін оразаларыңды тәмамдаңдар!..»** деген жерді оқыды. Мен оған:

– Қазір Рамазан айы емес қой? - дедім. Ол Бақара сүресінің 158-аятындағы: **«...Кімде-кім шын көңілімен** (нәпіл) **бір жақсылық істесе** (сыйлығын алады). **Өйткені, Аллаһ ғибадаттардың сауабын беруші, әрі** (барлық нәрсені) **толығымен біліуші»** деген жерді оқыды. Мен:

– Сапарда жүргенде ауыз бекітпесе де болады ғой, - дедім. Ол Бақара сүресінің 184-аятындағы:

«Егер білсеңдер (қиын болса да), **сендер үшін ораза ұстағандарың әлде қайда жақсырақ»** деген жерді оқыды. Мен:

– Менімен неге мен секілді (қарапайым тілде) сөйлеспейсің? - деп сұрадым. Ол:

«Адамның аузынан қандай сөз шықса да, оны қалт жібермей жазып тұратын бақылаушы періште бар» деген Кәһф сүресінің 18-аятын оқыды. Оған:

– Сені түйеме мінгізіп, керуеніңе дейін жеткізіп салайын, - дедім. Ол Бақара сүресінің:

«...Сендер қандай жақсылық істесеңдер, Аллаһ одан хабардар...» деген 197-аятын оқыды.

Оны мінгізейін деп түйемді шөктірдім. Ол Нұр сүресінің:

«Мүминдерге айт! Көздерін харамға қараудан сақтасын!» деген 30-аятын оқыды.

Түйеге мінгеннен соң ол:

«Осыларды бізге бағындышты қылған Аллаһ өте пәк! Әйтпесе, бұған біздің шамамыз жетпес еді. Күмәнсіз біз Раббымызға қайтарыламыз» деген Зұхруф сүресінің 13-14 аяттарын оқыды.

Жолда келе жатқанымызда Мүззәммил сүресінің:

«Енді Құранның өздеріңе жеңіл келетін жерінен оқыңдар!..» деген 20-аятын оқыды. Мен де:

«...Кімге даналық (хикмет) берілсе, күмәнсіз оған мол игілік беріледі...» (Бақара сүресі, 269-аят) деген аяттан шабыт ала отырып:

– Саған мол игілік беріліпті, - дедім. Ал ол болса, осы аяттың жалғасындағы:

«...Мұны тек нағыз ақылдылар ғана түсінеді» (Бақара сүресі, 269-аят) деген жерді оқыды.

Ақырында оның керуеніне де қуып жеттік. Сосын мен оған:

– Мынау сенің керуенің! Оның ішінде туыстарың бар ма? - дедім. Ол:

«Мал мен балалар – дүние өмірінің сәні» деген Кәһф сүресінің 46-аятын оқыды. Керуенде оның балалары бар екенін түсіндім. Кейін:

– Олардың керуендегі қызметтері қандай? - деп сұрадым. Ол:

«Бұдан басқа да қаншама белгілер жаратты. Олар жұлдыздарға қарап жол табады» деген Нахл сүресінің 16-аятын оқыды. Бұдан балаларының жол көрсетуші екендігін түсіндім.

Керуен жақты нұсқап:

– Сенің балаларың анау тұрғандардың қайсысы? - деп сұрадым. Ол:

«...Аллаһ Ибраһимді өзіне дос тұтты», **«Аллаһ расында да Мұсамен сөйлесті»** және **«Ей Яхия! Кітапты бар күшіңмен ұстан!»** деген Ниса сүресінің 125, 164 және Мариям сүресінің 12-аяттарын оқыды. Сосын мен:

«Ей, Ибраһим! Ей, Мұса! Ей, Яхия!» деп оларды шақырдым. Алдымнан жүздері толған айдай нұр шашқан үш жігіт шыға келді.

Аналары оларға:

«...Қазір араларыңнан біреуіңді мына күміс ақшамен қалаға жіберіңдер. Байқап көрсін! Кімнің тағамы таза болса, содан азық сатып әкелсін...» деген Кәһф сүресінің 19-аятын оқыды.

Олардың бірі қалаға барып, азық әкелді де оны менің алдыма жайды. Ол әйел:

«Бұрын істеген жақсылықтарыңның қайтарымы ретінде көңіл рахатымен ішіп-жеңдер!» деген Хаққа сүресінің 24-аятын оқыды. Мен әйелдің балаларына:

– Маған аналарың туралы айтып бермесеңдер, тағамдарыңнан дәм татпаймын, - дедім. Олар:

– Біздің анамыз «Аллаһқа ұнамайтын қандай да бір қателік жасап қоямын ба?» деген қорқынышпен қырық жылдан бері Құран Кәрім аяттарынан басқа ешнәрсе сөйлемей келеді, - деді. Мен оның бұл әрекетіне дән риза болып Жұма сүресінің:

«Бұл – Аллаһтың қалаған құлына беретін артықшылығы. Аллаһ үлкен кеңшілік иесі» деген 4-аятын оқыдым.[36]

***

Тақуалық харам істеп қою қаупімен күмәнді нәрселерден қашуды, тіпті кейбір мұбах нәрселерді де тәрк етуді қажет етеді. Бұған бір мысал:

Мемлекеттің қарулы күшін жоғары дәрежеге көтеріп, шебер саясат ұстанудың арқасында ішкі жанжалдарды ауыздықтаған әрі мемлекетті бұрынғы абыройлы деңгейіне жеткізе бастаған Сұлтан Абдулазиз Хан күллі әлемнің назарын өзіне аудартты. Сол себептен де, Франция және Англия сияқты алып мемлекеттер оны өз елдеріне сыйлы қонақ болуға шақырды.

Абдулазиз хан өте діндар адам еді. Ол еуропалықтардың тағамдары Ислам шариғатында тыйым салынған болуы мүмкін деген оймен өзімен бірге аспаздарын да ерте барған.

Абдулазиз хан діни ұстанымдарға өте берік, өмірін бір қалыпты жүйемен өткізетін салих мұсылман болатын. Бүткіл өмірі бойынша қарапайым судың орнына зәмзәм ішетіндей дәрежеде өте тақуа еді. Тіпті, еуропаға сапарға шыққан кезде өзімен бірге дәрет суын ала баратындығы жайында да деректер кездеседі. Намазын уақытылы өтеп, Құран Кәрімді көп оқитын. Дүшпандары тарапынан аяусыз шейіт етілген кезде де бөлмесіндегі үстелдің үстінен «Юсуф» сүресі ашық тұрған Құран Кәрім табылған. Оның мүбәрак қаны жағылған сол Құран Кәрім қазір Топкапы сарайында сақтаулы тұр.

Бір хадис шәріпте былай делінген:

«Адам қалай өмір сүрсе солай өледі, ал қалай өлсе, солай тірілтіледі».[37]

***

36. М.Асым Көксал, Китаб ве Сүннет, Истанбул 1999, 21-25
37. Мүслим, Жәннат, 83; Мунауй, Фейзул-Қадир, Бейрут 1994, V, 663

Тақуалықты өмірлік серігі еткен тарихи тұлғалардың бірі II Абдулхамид Хан. Ол маңызды бір іс шықса түннің қай уақытында болса да өзін оятуларын талап еткен. Істің ертесі күнге қалдырылуын қаламайтын. Бұл жайында бас хатшысы Әсад Бей өз естеліктерінде былай дейді:

«Бір күні түн ортасында, аса маңызды бір құжатқа қол қойдыру үшін Сұлтанның есігін қақтым. Бірақ, ешкім есікті ашпады. Біраз уақыт күттім де, тағы қақтым. Бұл жолы да есік ашылмады. Сосын «Сұлтанға Аллаһтың әмірі (ажал) жетті ме екен?» деп мазасыздана бастадым. Сәлден соң есікті тағы да қақтым. Бұл жолы қолына сұлгісін ұстаған Сұлтан есікті ашты. Бетін құрғатып тұр екен. Күлімсіреп:

– Осындай бір уақытта келгеніңе қарағанда маңызды бір іс екенін түсіндім. Есікті алғаш қаққаныңда-ақ ояндым. Дәрет алып келемін дегенше кешігіп қалдым. Өйткені, осы уақытқа дейін халқымның ешқандай құжатына дәретсіз қол қоймадым... Әкел! Қолымды қояйын... - деді де, «бисимлләһ» деп қол қойды».

II Абдулхамид Ханның жұбайы оның аса ұқыптылығы жайында былай дейді:

«Абдулхамид Ханның төсегінің бас жағында әрдайым таза кесек тұратын. Ол үйқысынан оянғанда дәрет алатын жерге дейін таһаратсыз жерді баспайын деп кесекпен тәяммум соғатын. Бір жолы одан мұның себебін сұрағанымда:

«Осыншама мұсылманның халифасы бола тұра, сүннетке көңіл бөлмейтін болсам, бұдан Мұхаммедтің үмбеті зиян шегеді» - деп жауап берді.

Абдулхамид Ханның тақуалық өмірі оны саясатта да озық дана қылды. Ең қиын да, қауіпті жылдардағы шебер басқару қабілеті оның парасаттылығын дүние тарихына алтын әріптермен ойып жаздырды.

Қысқасы, тақуалық – діннің негізі әрі рухани өмірді әсемдейтін жақсы қасиеттердің бастауы. Ақырет өмірінің ең үлкен байлығы да – тақуалық. Тақуалықсыз өмір қатерлерге толы. Тақуалықтан жұрдай болған адамның өмірі: *«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер»* (Мүнауи, V, 663) деген хадисте айтылғандай (Аллаһ сақтасын) ақтық дем бақытсыздығына, яғни мәңгілік өкінішке себеп болуы ғажап емес. Бұл пәни дүниеде нәпсілік иірімдердің жамандығынан сақтануымыз үшін бейнебір жарылғыш миналар жасырылған аймақта жүргендей өте сақтықпен аңдап басып, ұқыптылықпен өмір сүру қажет.

Соғыстар белгілі кезеңдерде және белгілі жерлерде болады. Ал, тақуалық арқылы нәпсіге қарсы жасалатын күрес өмір бойы үздіксіз жалғасуы тиіс. Құран Кәрімде:

«...Саған яқин (өлім) келгенге дейін Раббыңа құлшылық етуді жалағастыр!» (Хижр сүресі, 99-аят) деп бұйырылған.

Аллаһ Тағала баршамызды нәпсінің құлығы мен сұмдығынан сақтап, ғапылдыққа мүмкіндік бермей, әрдайым жүрегіміз бен көкірек көзімізді ояу ұстауымызды және тақуалықпен құлшылық етуді нәсіп еткей!

Әмин!..

4. ТӘУБЕ ЖӘНЕ ИСТИҒФАР

Адам баласы нәпсілік иірімдерге жеңіліп, иманының күш-қуатын жоғалтқан кезінде күнәлі істер істеуге қарай бейімделе түседі. Сонымен қатар, ар-ұжданындағы ахлақи демеулер азайған сайын терең ойлау қабілеті мен рухани байлықтары да жоғала бастайды. Истиқамат, яғни туралықты сақтауда әлсіздік танытады. Осының нәтижесінде күнәлі істер сиқырлы әуен секілді нәпсіні өзіне баурап алып, ақыреттегі жауапкершілікті сездірместен, жасала береді.

Негізінде, адам баласы дүние есігін күнәдән пәк, тап-таза күйінде ашады. Ал, дін – оның жаратылыс тазалығын, пәктігін сақтау үшін адам баласына тарту еткен Аллаһ Тағаланың мейірімінің көрінісі. Сол себептен, адам баласы жаратылысындағы тазалықты сақтап, дінінің рухани күшінен нәсіп ала отырып, ғапылдықтан сақтанатын болса ғана пенделікпен қандай да бір күнә істеп қойғанында оның ауырлығын ар-ұжданымен сезінеді. Сондай-ақ, оны ішкі жан дүниесінде жасырын түрған ізгі сезімдері мазалап, ояна бастайды. Өзегін өкініштің оты өртеп, көз жасын төккен күйде шын жүрегімен Раббысына бетбұрады. Міне, осы жүректегі өкініш пен көздегі жас **«тәубе»** болып табылады. Артынша мағфирет (кешірім) тілеу үшін жүрек жарды жалбарынулар **«истиғфар»** деп аталады.

Күнәлар – жәннаттың кіреберіс есігіне қойылған бөгеттер. Ал салих амалдармен қуаттандырылған және шын көңілмен сұралған тәубелер болса, жәһәннамнан сақтанудың жолдары.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай деген:

«Адам баласы бір күнә істегенде жүрегіне қара дақ түсіріледі. Егер ол күнәні тәрк етіп, Аллаһтан кешірім сұрап, тәубе етсе жүрегі тазарады. Ал бұлай істемей, күнә істеуді одан ары жалғастыра беретін болса, қара дақтар көбейе түседі, соңында бүткіл жүрегін қара дақ басып қалады. Аллаһ Тағала:

«Жоқ! Шындығында істеген күнәларының себебінен олардың

жүректерін тот басып қалған» (Мутаффифин сүресі, 14-аят) *дей отырып, осыны меңзеген»* (Тирмизи, Тәпсір, 83/3334).

Келесі бір хадис шәріпте:

«Ең үлкен дерт – күнәнің дерті. Ал оның дәрісі түн ортасында тұрып ***истиғфар тілеу»*** делінген.[38]

Пенделікпен қандай да бір күнә істеп қойған жағдайда дереу тәубе жасап және истиғфар тілеп Аллаһқа бет бұру керек. Өйткені, Аллаһ Тағала риза болған тақуа құлдарын былай деп дәріптеген:

«Оларкүнәістепнемесеөз-өздерінезұлымдықжасапқойғандарында Аллаһты естеріне алады да, істеген күнәлары үшін дереу тәубе қылып, истиғфар етеді. Күнәларды Аллаһтан басқа кім кешіреді?! Сондай-ақ, олар күнәні біліп тұрып қайталап істеуге ұмтылмайды» (Әли Имран сүресі, 135-аят).

«Ол тақуа құлдар түнде аз ұйықтайды, сәресі уақыттарында үнемі истиғфар етеді» (Зарият сүресі, 17-18 аяттар).

Аллаһ Тағала көптеген аятта тәубе қылған құлдарды кешіретінін білдірген. Тіпті, шынайы (насух) тәубе жасап, өзіне бетбұрған құлдардың күнәларын сауапқа айналдыратынын да айтқан. Осы жайында мына аятта:

«Бірақ, тәубе етіп, иман келтірген және салих амал істегендер мұның тысында. Аллаһ олардың күнәларын сауапқа айналдырады. Аллаһ өте кешірімді, аса мейірімді» (Фурқан сүресі, 70-аят) делінген.

Сүйікті Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді:

«Аллаһ Тағала күндіз күнә істеген кісінің тәубесін қабыл алу үшін түнде қолын ашады. Түнде күнә істеген кісінің тәубесін қабыл алу үшін күндіз қолын ашады. Осы әрекет күн батқан жерінен шыққанша, яғни қияметке дейін осылай жалғаса береді» (Мүслим, Тәубе, 31).

Алайда, тәубенің қабыл болуы үшін шынайылық пен ықыластың маңыздылығы өте зор. Әрдайым тәубесінде тұрмай, оны жиі бұзып тұратын кісі шайтанның масқарасына айналады. Ұлы Аллаһ бұл жайында былай деп бұйырған:

«...Біліп қойыңдар! Аллаһтың уәдесі – күмәнсіз ақиқат. Абай болыңдар, мына дүние өмірі сендерді алдамасын. Сондай-ақ, шайтан сендерді Аллаһтың кешіретініне сендіріп, алдап жүрмесін!» (Лұқман сүресі, 33-аят).

Келесі бір тұрғыдан алғанда, тәубе мен истиғфар – бұ дүниеде де, ақыретте де азаптан құтылудың бірден-бір жолы. Бұл жайында Аллаһтың

38. *Дәйләми, әл-Фирдаус би-Мәсұрил-Хитаб, Бейрут, 1986, I, 136*

Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай дейді:

«Аллаһ Тағала (мына аят арқылы) үмбетім үшін азаптан аман қалудың екі жолын берді:

1. **Сен олардың араларында болған мерзімде Аллаһ оларға азап жібермейді.**

2. Олар истиғфар етуді жалғастырғанда (кешірім тілеп жатқан уақытта) **Аллаһ оларды азаптамайды.** (Әнфал сүресі, 33-аят).

Мен олардың арасынан кеткенімде (Аллаһтың азабынан құтқаратын екінші жолды) истиғфарды қияметке дейін үмбетімнің жанында қалдырамын» (Тирмизи, Тәпсір, 8/3082).

Тәубе мен истиғфар – құлды Аллаһқа жақындататын ең әсерлі жолдардың бірі. Аллаһқа бетбұруда және жүректің рухани дәрежеге жетуінде өзіндік маңызы бар истиғфар рухани кірлерден тазаланудың бірден-бір жолы. Қабыл болған тәубе құл мен Раббысы арасындағы бөгеттерді бұзып, Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөлейді. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«Күмәнсіз, Аллаһ көп тәубе қылушылар мен көп тазаланушыларды жақсы көреді» (Бақара сүресі, 222-аят).

Сүйікті Пайғамбарымыз Раббымыздың құлдары тәубе жасағанда қалай қуанатындығын түсінідіру үшін мынадай бір мысал келтіреді:

«Шөл далада келе жатып азығы мен сусыны үстінде қалып қойған түйесін қашырып алып, қанша іздегенімен таба алмай шаршаған және оны іздеуден үмітін үзіп бір ағаштың көлеңкесінде жатқанында қасынан шыға келген түйесін көріп, бұйдасына жабысып, қуанғаны соншалық айтатын сөздерін шатастырып:

«Аллаһым! Сен менің құлымсың, мен Сенің Раббыңмын» деген кісінің қуанғанынан Аллаһ Тағаланың сендерден біріңнің тәубе қылғанда қуанғаны қаншама есе артық».

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) келесі бір хадисінде истиғфардың пайдалары турасында былай деп баяндайды:

«Кімде-кім истиғфарды аузынан тастамаса, оған Аллаһ Тағала кезкелген тығырықтан шығу, әртүрлі қайғыдан құтылу жолдарын көрсетеді және оған күтпеген жерден ризық береді» (Әбу Дәуіт, Үтір, 26/1518; ибн Мәжә, Әдеп, 57).

Дегенмен, құлдардың ең маңызды мәселесі «тәзкиятун-нәфс» және «тасфиятул-қалб», яғни нәпсі мен жүректі жаман қасиеттерден тазарту. Ал жоғарыда айтылған тәубе мен истиғфар болса, аталмыш мәселеге бетбұрудың қақпасы секілді. Бұл қақпадан кіргеннен соң міндетті түрде

салих амалдар істеу керек. Парыз, уәжіп және сүннет амалдарды өз орнымен орындаумен қатар, құл ақысы мен ата-ана ақысына абай болу, Аллаһ разылығы үшін қайырымдылық жасау, бүткіл махлұқатқа мейірімділік көрсету және кешірімшіл болу сияқты жақсы қасиеттерді бойға сіңіру қажет.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әлемнің мақтанышы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай деп бұйырған:

«Ей, адамдар! Аллаһқа тәубе етіп, Одан кешірім тілеңдер! Өйткені, мен Оған күнде жүз мәрте тәубе қыламын» (Мүслим, Зикр, 42).

Аллаһ Елшісінің бұрынғы және келешектегі бүткіл күнәлары кешірілгеніне қарамастан, әрдайым тәубе жасап, истиғфар етуі Аллаһ Тағаланың өзіне берген нығметтеріне білдірген шүкірі әрі үмбетіне көрсетіп кеткен тағылымы еді.

Әрбір құлдың ең маңызды міндеті Аллаһты зікір етіп, Оған ғибадат жасау екендігін жақсы білетін Пайғамбарымыз Раббысына көп құлшылық жасайтын, әрі бос уақыттарын тәубе қылып, истиғфар етумен өткізетін. Сондай-ақ, ол үмбетінің атынан да тәубе қылып, истиғфар ететін.

***

Ибн Омар радиаллаһу анһу былай дейді:

«Біз Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір отырғанда жүз мәрте:

رَبِّ اغْفِرْ لِي وَتُبْ عَلَيَّ إِنَّكَ أَنْتَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ

«Аллаһым! Мені кешір және тәубемді қабыл ете гөр! Өйткені, Сен тәубелерді көп қабыл етушісің әрі өте рақымдысың» деп айтқанын санайтын едік» (Әбу Дәуіт, Үтір, 26/1516; Тирмизи, Дағауат, 38/3434).

Аллаһтың Елшісінің жасаған тәубелері мен истиғфары істеген бір қателігі үшін емес, керісінше Аллаһ Тағалаға көбірек жақын болу және Оның разылығына бөлену үшін еді. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз өткен әрбір сәт сайын рухани түрғыдан жоғарлау үстінде болғандықтан, біраз уақыт бұрынғы хал-жағдайы мен дәрежесі үшін истиғфар ететін.

***

Аллаһтың Елшісі саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өмірінің соңғы жылдарында:

سُبْحَانَ اللهِ وَبِحَمْدِهِ أَسْتَغْفِرُ اللهَ وَأَتُوبُ إِلَيْهِ

«Мен Аллаһты улуһият (тәңірлік) мәртебесіне жараспайтын сипаттардан пәктеп, мадақтаймын. Сонымен қатар, Аллаһтан кешірім тілеп,

Оған тәубе қыламын» деген сөздерді жиі айтатын. Бибі Айша анамыз:

– Уа, Расулуллаһ! «Субханаллаһи уа бихамдиһи астағфируллаһа уә атубу иләйһи» деген сөздерді көп айтып жүргеніңізді байқап жүрмін. Мұның себебі не? - деп сұрадым.

Пайғамбарымыз:

– Раббым маған ұмбетімнің ішінде бір белгі көретінімді білдірді. Сол белгіні көргеннен бастап осы тәсбихті көп айтып жүрмін. Мен ол белгіні Меккенің жеңісін меңзеген **«Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі жетіп, адамдардың Аллаһтың дініне топ-топ болып кіргендерін көрген сәтінде Раббыңды мадақтап пәкте де, Одан кешірім сұра! Өйткені, Аллаһ тәубелерді көп қабыл етуші»** (Наср сүресі) *деген сүреде көрдім,* - дейді (Мүслим, Салат, 220).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне истиғфардың басқа да түрлерін үйреттетін. Олардың ең маңыздысы – **«Сәйидуль-Истиғфар»**. Ол жайында Пайғамбарымыз (аләйһис-салату уәс-сәләм) бір хадис шәріпінде былай деп айтқан:

«Истиғфардың ең мәртебелісі құлдың былай деп айтқаны:

اَللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لا إِلهَ إِلاَّ أَنْتَ خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ

أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ أَبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ وَأَبُوءُ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لاَ يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلاَّ أَنْتَ

«Аллаһым! Сен менің Раббымсың. Сенен басқа құлшылық жасауға лайықты тәңір жоқ. Мені Сен жараттың. Мен Сенің құлыңмын. Саған берген сөзімде және уәдемде күш-қуатым жеткенше тұрудамын. Істеген күнәларымның жамандығынан Өзіңе сыйынамын. Маған берген нығметтеріңді құзырыңда есіме алып, күнәларымды мойындаймын. Мені кешіре гөр. Күмәнсіз, Сенен басқа күнәларды кешіретін ешкім жоқ».

Расулуллаһ сөзін ары қарай мына сөздермен жалғастырды:

«Кімде-кім осы Сәйидуль-Истиғфарды сауабы мен артықшылығына шын көңілімен сене отырып, күндіз оқып, сол күні кешке көз жұмса жәннаттық болады. Сондай-ақ, кімде-кім сауабы мен артықшылығына шын көңілімен сене отырып, түнде оқып, таң атпай қайтыс болса, ол да жәннаттық болады» (Бұхари, Дағауат, 2, 16; Әбу Дәуіт, Әдеп, 100-101).

***

Тәубе мен истиғфарды салих амалдар жасап қуаттандыру қажет. Ибн

Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бір кісі Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– *Мен үлкен күнә істеп қойдым, соған тәубе етсем болады ма?* - деді.

Аллаһтың Елшісі одан:

– *Анаң тірі ме?* - деп сұрады.

Әлгі адам:

– *Жоқ, тірі емес* - деп жауап берді.

– *Анаңның әпке-сіңлісі бар ма?* - деп сұрады.

Ол:

– *Иә, бар* - деді. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз:

– *Олай болса, соған жақсылық жаса. Анаңның әпке-сіңлісі ана орнында болады* - деді (Тирмизи, Бирр, 6; Ахмед II, 13-14).

Бұл жерде сүйікті Пайғамбарымыз істеген күнәсына өкініп, Аллаһтан кешірім сұрап, истиғфар еткен сахабаға жасаған тәубесін салих амалдармен қуаттандыру керек екендігін өсиет етуде. Істелген жақсылықтардың жамандықтарға кәффарат (кепіл) болып, оларды жойып жіберетіндігін білдірген.

***

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз бір күні түсінде Біләл радиаллаһу анһуды көрді. Ертесі күні таңертеңмен Біләлді жанына шақырып, оған:

– *Біләл! Кеше түнде жәннатта алдымнан сықырлаған аяқ-киіміңнің даусы естілді. Қандай амал жасап, менен бұрын жәннатқа кірдің,* - деп сұрады.

Біләл радиаллаһу анһу:

– Уа, Расулуллаһ! Қашан кішкентай бір күнә істеп қойсам, артынша екі рәкағат намаз оқимын. Сондай-ақ, қашан дәретім бұзылса артынша дәрет аламын, - деп жауап берді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Міне, осы амалдың арқасында*, - деді.[39]

Осыдан байқағанымыздай, қандай да бір қателік жасап қойғанымызда уақыт жоғалтпастан тәубе қылып, оның қабыл болуы үшін салих амалдарды дәнекер (тәуәссүл) етуіміз қажет.

***

39. *Ибн Хузайма, Сахих, Бейрут 1970, II, 213/1209*

Кағыб бин Малик Тәбүк жорығына қатысуды ұмытып кетіп, кешігіп қалады. Есіне түсіп, керуенге қосыламын дегенше де керуеннен қалып қояды. Жіберген осы бір қателігі үшін дереу тәубе қылып, истиғфар етеді. Осы қателігіне қатты өкінген Кағыб бин Маликке кең дүние тар келіп, жаны қатты қысылады. Кейін тәубесінің қабыл болғандығын естігенде қуаныштан жүрегі жарыла жаздап, дереу сәждеге жығылады (Ибн Мәжә, Салат, 192). Кейінірек ол бүткіл дүние-мүлкін әкеліп Пайғамбарымызға тәслім етіп, оларды садақа ретінде таратуын өтінді. Алайда, Аллаһтың Елшісі дүние-мүлкінің жартысын мұқтаждарға тарқатып, келесі жартысын бала-шағасына қалдыруын өсиет етті (Бұхари, Мағази, 79).

Аллаһтың Елшісі кез келген адамның жасаған қайырымдылығын (инфақ) оның ішкі-жан дүниесіне қарай қабыл алатын. Өйткені, ол сахабасының істеген ісіне кейіннен өкініп, алған сауаптарының зая кетуін қаламайтын.

***

Аллаһ Тағала тәубе жасап, истиғфар еткен құлын әр түрлі қиындықтардан құтқарады, әрі оған көптеген жақсылықтар нәсіп етеді. Бір күні Хасан Басриге төрт кісі келіп, бірі құрғақшылықты, екіншісі кедейшілікті, келесісі егіс алқабының құнарсыздығын, тағы бірі баласының болмағанын айтып шағымданады. Олар Хасан Басриден өздеріне дұға жасап, жәрдем етуін өтінді. Хасан Басри оларға көп истиғфар етулерін өсиет етті. Ол кісінің жанындағылар:

– Мырзам! Бұл төртеуінің дерті әр түрлі, бірақ сіз барлығына бірдей нәрсені өсиет еттіңіз?! - деді. Хазірет Хасан Басри оларға мына аятты оқи отырып, жауап берді:

«Раббыларыңнан мағфирет (кешірім) **тіленděр. Өйткені, Ол өте кешірімді.** (Тілеген мағфиреттерің арқылы) **Көктен мол жаңбыр жаудырып, малдарың мен бала-шағаларыңды көбейтсін! Сендерге бақшалар нәсіп етіп, әрі сендер үшін өзендер ағызсын!»** (Нұх сүресі, 10-12 аяттар), (Ибн Хажар, Фатхул-Бари, XI, 98; Айний, Умдатул-Қарий, Бейрут XXII, 277-278).

***

Шайтанның азғыруына еріп, тәубе қылуды кешіктіру ысырап етудің ең үлкені болып саналады. Яғни, бұл – «өмірді ысрап ету» деген сөз. Ақылды мүминдер тәубе қылуға асығып, өздерін ақтық демге дайындаулары керек.

Риуаятта бір тігінші салих кісіге:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Аллаһ Тағала құлының тәубесін жаны алқымына келгенше қабыл алады»* (Тирмизи, Дағауат, 98/3537) деген хадис шәріпі жайында не айтасыз?» деп сұрады. Әлгі салих кісі:

– Иә, бұл дұрыс. Ал, өзіңнің кәсібің не? - деп сұрады. Ол:

– Тігіншімін, киім тігемін, - деп жауап берді.

– Тігіншілікте ең оңай нәрсе не? - деді. Ол:

– Қайшымен матаны кесу, - деді.

– Бұл істі істеп жүргеніңе неше жыл болды? - деді. Ол:

– Отыз жыл болды, - деп жауап берді.

– Жаның алқымыңа тығылғанда мата кесе аласың ба? - деп сұрады. Ол:

– Жоқ, кесе алмаймын, - деді. Салих кісі оған:

– Е-е, тігінші! Қаншама уақыт тер төгіп үйреніп, сосын отыз жыл бойы оп-оңай істеп жүрген ісіңді жан алқымға келгенде істей алмасаң, өміріңде ешқашан істеп көрмеген тәубені сол кезде қалай қылмақсың? Бүгін күш-қуатың барда тәубе етуге асық! Әйтпесе, ақтық деміңде истиғфар ету, хуснул-хатим, яғни иманмен жан тапсыру нәсіп болмауы да мүмкін. Сен осы уақытқа дейін: *«Өлім келмей тұрып, тәубе қылуға асығыңдар!»* (Мүнауи, V, 65) деген сөзді естімедің бе? - деді.

Осыдан кейін әлгі тігінші шынайы ықыласпен тәубе қылып, салих құлдардың қатарына қосылды.

Бұл турасында, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың қалай өмір сүрсе солай өлетіндігін, қалай өлсе солай тірілетіндігін айтқан.[40]

***

Хазірет Баязид Бистами дәрі жасайтын бір дәрігерге келіп :

– Ей дәрігер! Сенде менің сырқатыма дәрі табылады ма? - деп сұрады.

Дәрігер:

– Сырқатың қандай еді? - деді.

– Күнә сырқаты, - деп жауап берді. Дәрігер қолын қусырып:

– Мен күнә сырқатының дәрісін білмеймін, - деді.

Сол кезде ақылында кемістігі бар бір жас жігіт сөзге араласып:

– Әкей сенің сырқатыңның дәрісін мен білемін, - деді. Сырқатына дәрі тапқанына қуанған Хазірет Баязид одан:

– Ей, жас жігіт! Қандай дәрі ол? - деп сұрады.

40. Муслим, Жәннат, 83; Мунауи, V, 663

Халық оны жынды деп ойлап жүргенімен негізінде бір ариф (Аллаһты шынайы танушы) саналатын әлгі жігіт күнә сырқатының дәрісін былай деп айтып берді:

«Он дирһам тәубе тамыры мен он дирһам истиғфар жапырағын аласың. Оларды жүрек деген ыдысқа саласың. Сосын оларды таухид тоқпағымен тоқпақтап үгітесің. Сосын ынсап елегінен өткізесің. Одан кейін көз жастарымен илеп, ашыт та, махаббат пен өкініштің пешіне салып пісір. Осылайша, пайда болған дәріні күніне бес қасықтан ішіп түр. Ауруыңнан ешқандай із қалмайды...».

Осыларды тындап тұрған Баязид Бистами бір күрсініп алып:

«Сен сияқты ариф құлдарды жынды деп өздерін ақылды санайтындарға қандай өкінішті!..» - деді.

***

Қысқасы, қателік істемейтін, кемшіліксіз пенде жоқ. Дегенмен де, адам баласы тәубе мен истиғфарын аузынан тастамауы әрі ниетін салих амалдармен сүйемелдеп, қуаттандырып отыруы қажет. Истиғфар мен салих амалдар – Аллаһ Тағалаға құл болу міндеттерінің бірі. Аятта былай делінген:

«Ей, адамдар! Аллаһтың уәдесі – ақиқат. Абай болыңдар, мына дүние өмірі сендерді алдамасын. Сондай-ақ, шайтан да сендерді Аллаһтың кешіретініне сендіріп, алдап жүрмесін!» (Фатыр сүресі, 5-аят).

Нәпсі мен шайтанға алданып, тәубе етуді өмірдің соңына қалдыру – қайғымен бітетін ең үлкен қателік. Олай болса, тәубе қылу мен истиғфар етуге асығып және оларды салих амалдармен қуаттандырып тура жолдан таймағанымыз жөн. Бұл жағдай, құлды басқа келетін пәле мен апаттардан сақтаумен қатар, Аллаһтың нығметтері мен жақсылықтарына да кенелтеді.

5. АЛЛАҺТЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕЛШІСІНІҢ ӘМІРЛЕРІНЕ МОЙЫНСҰНУ

Мүмин кісінің рухани дәрежесі Аллаһ Тағала мен Елшісінің әмірлеріне қаншалықты мойынсұнғанына қарай өлшенеді. Сондай-ақ, оның иманының кәмілдігі де мойынсұнудағы ұқыптылығына, сүйіспеншілігіне және махаббатына қарай артып отырады. Аллаһ пен Елшісін жақсы көруде және мойынсұнуда оқ бойы озық болған құлдар екі дүниеде де Аллаһтың сыйына бөленеді. Бұл жайында аятта былай делінген:

«Кімде-кім Аллаһқа және Оның елшісіне мойынсұнса, міне солар Аллаһтың сый-құрметіне бөленген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және салихтармен бірге болады. Бұлар қандай тамаша достар!» (Ниса сүресі, 69-аят).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай дейді:

«Раббыңыз азза уә жәллә былай деп бұйырды: Егер құлдарым Маған тиісті дәрежеде мойынсұнатын болса, Мен оларға жаңбырды түнде жаудырып, күндіз төбелеріне күнді туғызамын. Тіпті, оларға күннің күркіregенін де естіртпеймін!» (Ахмед II, 359; Хаким IV, 285/7657).

Әрдайым Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнуды, басына қандай қайғылы жағдай келсе де Жартушысына арқа сүйеп, тағдырына разылық білдіруді өмірлік ұстанымы еткен құлдардың ішкі жан дүниелері иләһи хикметке, қайырға және нәр ағатын дарияға айналады. Ал, керісінше харам мен күмәнді нәрселерден сақтанбай, оларға мән беріп қарамайтындардың жүректері мен тәндері бастан-аяқ жамандық пен ахлақсыздық астауына айналады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәдір соғысына аттанбастан бұрын сахабаларының пікірін білгісі келеді. Сол кезде Миқдад бин Әсуәд (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып сөз алды:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Саған Раббың нені әмір еткен болса, соны орында. Біз сенімен біргеміз! Аллаһқа ант етемін, біз саған Исрайыл ұлдарының Мұсаға (аләйһиссәләм) айтқанындай айтпаймыз. Олар Хазірет Мұсаға: **«...Сен Раббың екеуің барып соғысыңдар. Біз осы жерде отырамыз»** (Мәйда сүресі, 24-аят) деген болатын. Сені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етемін, егер сен бізді Бирқуль-Ғимадқа[41] дейін апарсаң да, біз саған ілесеміз. Сен қасымызда болсаң, бұдан да ауыр қиындықтарға шыдаймыз. Сенің оң жағында да, сол жағында да және алдында да, артында да жүріп дұшпанмен соңына дейін соғысуға бармыз![42] - деді (Бұхари, Мағази 4, Тәпсір, 5/4; Уақиди I, 48).

Сахаба Миқдадтан кейін Сағд бин Муаз (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып:

---

41. Бирқул-Ғимад: Мекке Мүкәррамаға бес күндік қашықтықта орналасқан Қызыл теңіз маңайындағы бір жердің атауы. Басқа бір деректе Йемендегі бір жердің аты екендігі білдірілген.

42. Ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:
«Миқдад бин Әсуәдтың сондай нақты да тамаша сөз айтқанына куә болдым. Сол сөздің иесі болу мен үшін оның сөзінің деңгейіндегі бүткіл хикметті сөздерден әлдеқайда артығырақ...» (Бұхари, Мағази 4, Тәпсір, 5/4).

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз саған иман келтіріп, сенің пайғамбарлығыңды растадық. Сен әкелген Құран мен Сүннеттің хақ екендігіне куәлік еттік. Осы жолда сенің әрбір сөзіңе құлақ салып тындауға және мойынсұнуға саған уәде де бердік!

Уа, Расулаллаһ! Не қаласаң, соны істе! Сені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етемін, егер сен бізге мына теңізді көрсетіп, ішіне кірсең, сенімен бірге біз де кіреміз. Арамыздан кері шегінетін ешкім де болмайды. Ертең бізді дұшпанға қарсы бетпе-бет әкелді деп те саған кейіп, налымаймыз. Соғыста сабыр қылып, табандылық көрсету, дұшпанмен бетпе-бет келгенде уәдеде тұру біздің ұстанымымыз. Бәлкім, Аллаһ Тағала саған біз арқылы сені қуантатын нәрселер көрсететін шығар. Алға, ей, Расулаллаһ! Бізді Аллаһтың берекетіне қарай жетеле! - деді.

Сахабаларының шынайылығы мен тәслімиятына (берілу, мойынсұну) дән риза болған Расулуллаһтың мүбәрәк жүзі күлімсіреп, Аллаһтан жақсылық тілеп дұға қылды да:

«Олай болса, Аллаһтан берекет тілеп, жолға шығайық! Сендерге сүйінші хабар айтайын! Аллаһ екі топтың біреуін уәде етті.[43] Аллаһқа ант етемін, мен қазір Құрайыштың соғыс алаңында ойсырай жеңілетін жерін көріп тұрғандаймын...» (Мүслим, Жиһад, 83; Уақиди I, 48-49; ибн Хишам II, 253-254).

Сүйікті Пайғамбарымыздың асқақ рухты сахабалары осындай ғибратты сөздері арқылы Аллаһқа және Оның Елшісіне деген сүйіспеншіліктері мен адалдықтарын қандай тамаша көрсете білген десеңізші.

***

Әнас (радиаллаһу анһу) Аллаһ пен Елшісінің әмірлеріне мойынсұнып, оларды бұлжытпай орындауда ардақты сахабалардың көрсеткен шынайы ықыластарына, ұқыптылық пен ыждахаттылықтарына мысал боларлық мына бір ғажап оқиғаны риуаят еткен:

Әбу Талханың үйінде шарап құйюшы болып қызмет етіп жүргенімде арақ-шарапқа тыйым салынған еді. Аллаһтың Елшісі бір хабаршы арқылы шарапқа тыйым салынғандығы жайында жан-жаққа хабар таратуын әмір етті. Біз үйде отырғанымызда әлгі хабаршының дауысын естідік. Әбу Талха:

– Сыртқа шығып бір қарап жіберші, не деп айқайлап жатыр өзі? - деді. Шығып қарадым да:

---

43. Әнфал сүресінің жетінші аятында уәде етілген екі топтың бірі – Құрайыш, яғни олардың жеңіліске ұшырап, тұтқынға алынулары. Ал келесі топ болса, Құрайыштың Шам қаласынан келе жатқан үлкен керуені

– Бір хабаршы: «Назар аударыңыздар! Шарапқа тыйым салынды, шарап ішу харам!» деп айтып жатыр, - дедім. Ол маған:

– Олай болса, барда бүкіл шарапты төгіп таста! - деді.

Сол уақыттан бастап Мәдинаның көшелерінде шарап ақты (Бұхари, Тәпсір, 5/11).

Ардақты сахабалар шараптың тыйым салынғандығын ести-естімес ешқандай сылтау айтпастан; «Қолымдағыны іше салайын, сосын қоямын» деместен, тез арада бұйрыққа мойынсұнған. Тіпті, тыйым салынған сәтте ішіп жатқан шыныаяқта қалған шараптан бастап, бүкіл шараптарын далаға төгіп үлкен көрегендік танытқан.

***

Әсләм руынан бір жас жігіт Хазірет Пайғамбарымызға келіп:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Менің соғысқа қатысқым келеді, бірақ қару-жарағым, мінетін көлігім, ешнәрсем жоқ, - деді. Сүйікті Пайғамбарымыз:

«Пәленше деген кісіге бар. Ол соғысқа бару үшін дайындық жасаған болатын, ауырып қалыпты. Содан сұра» деді. Әлгі жас жігіт сол кісіге барып:

«Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саған сәлем жолдады. Соғысқа дайындап қойған заттарыңды маған берсін» - деді. Сонда әлгі кісі әйелін шақырып:

«Жұбайым! Соғысқа дайындаған заттарымның барлығын мына жігітке берші. Байқа, ешнәрсе қалып қоймасын. Аллаһ разылығы үшін бәрін түгелдей бер. Аллаһ берекетін берсін!» - деді (Мүслим, Имара, 134).

Бұлсахаба Расулуллаһтыңбұйрығынасүйіспеншілікпенмойынсұнып, өзіне дайындап қойған заттарының ешқайсысын қалдырмастан біреуге беруі үшін әйеліне қайта-қайта ескерту жасаған. Осылайша, ол Аллаһтың Елшісіне деген махаббатын, мойынсұнғыштығын және қайырлы істер жасауға деген құштарлығын көрсете білген.

***

Ибн Омар (радиаллаһу анһума) былай дейді:

«Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке алынған күні Мешіт Харамға келіп, Қағбаның хажибы[44] Осман бин Талхаға

44. Хажиб: Қағбаның «Хижабә» міндетін атқарушы кісіге берілген атау. Хижабә деп: Қағбаның күтімін жасау, есігі мен кілтін күзету, есікті белгілі уақыттарда зиярат етушілерге ашып тұру және Мақаму Ибраһимды, сыйға тартылған бағалы заттарды, ішкі және сыртқы жапқыштарды күзету және солардың күтімін жасау секілді қызметке айтылады.

Қағбаның кілтін әкелуін әмір етті. Осман (радиаллаһу анһу) кілттерді сақтап жүретін анасының қасына барып, одан кілттерді сұрады. Алайда, ол мүшрик әйел кілттерді беруден бастартты. Осман (радиаллаһу анһу):

«Аллаһқа ант етемін, егер кілттерді бермесең мына қылыш қынынан шығады» деді.

Әйел қорыққанынан кілттерді берді. Осман (радиаллаһу анһу) оларды Расулуллаһқа әкеліп тәслім етті. Әлемнің мырзасы (аләйһиссалату уәссәләм) есікті ашып Бәйтуллаһқа (Аллаһтың үйіне) кірді. Онымен бірге Усама, Біләл және Осман (радиаллаһу анһум) ілесіп кірді. Пайғамбарымыз ұзақ уақыт бойы Қағбаның ішінде қалып, кейіндеу шықты. Содан кейін адамдар бір-бірімен жарысып Қағбаның ішіне топырлап кіре бастады.

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) солардың арасында алғаш кіргендердің бірі еді. Қағбаның ішіне кірер-кірмес есіктің артында тұрған Біләлді (радиаллаһу анһу) көрді. Одан:

– Аллаһтың Елшісі қай жерде намаз оқыды? - деп сұрады. Хазірет Біләл оған Пайғамбарымыздың (аләйһиссалату уәссәләм) намаз оқыған жерін көрсетті. Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай дейді:

– Қанша рәкағат оқығанын сұрауды ұмытып кетіппін (Бұхари, Жиһад 127, Салат 30,81, 96, Таһаджуд 25, Хаж 51,52, Мағази 77, 48; Мүслим, Хаж 389).

Осы бір оқиғада Хазірет Османның (радиаллаһу анһу) Аллаһтың Елшісінің бұйрығын орындаудағы қарарлылығы мен Абдулла бин Омардың (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың әрбір әрекетіне мән беріп, оның ізімен жүруге қаншалықты көңіл бөлгендігін байқауға болады.

***

Сүйікті Пайғамбарымыз:

«Ешқайсыңыз біреуді орнынан тұрғызып, орнына өзі отырмасын. Бірақ, араларыңды ашып, кеңейтіңдер (бос орын ашыңдар), Аллаһ та сендерге кеңшілік берсін!» деп бұйырған.

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһума) Аллаһтың Елшісінің осы бұйрығын естіген күннен бастап өмірінің соңына дейін орындаған. Біреу тұрып, оған орнын берсе де, ешқашан ол жерге отырмаған (Бұхари, Истизан 32; Мүслим, Сәләм 29).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Шақырған жерге барыңдар!» деп әмір еткен.

Мұны естіген Хазірет Абдуллаһ бин Омар аузы берік болса да, той және басқа да шақырған жерлерден қалмайтын (Бұхари, Никах 71, 74; Мүслим, Никах 103).

Ол кісі нәпіл ораза ұстаған болса, шақырған жерге барғанда оразасын бұзып, кейін қазасын өтейтін болған. Егер, парыз немесе уәжіп ораза ұстаған болса, оразасын бұзбаса да Аллаһтың Елшісінің әміріне мойынсұну үшін шақырған жерден қалмайтын-ды.

***

Әлемнің Мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешіттің бір есігі жайында:

«Мына есікті әйелдерге арнасақ!» деген болатын.

Осыдан кейін Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһума) сол есіктен өмірінің соңына дейін еш кірмеді (Әбу Дәуіт, Салат 53/571).

***

Убәй бин Кағыбтың табиғин[45] буынынан саналатын ұлы Туфайл сахабалармен сұхбат құрып, ілімдерінен пайдаланатын. Сондай-ақ, ол Абдуллаһ бин Омарға жиі барып тұратын, онымен бірге базарға шығатын.

Туфайл Хазірет Абдуллаһтың Пайғамбарымыздың әмірлеріне мойынсұнудағы ұқыптылығын былай деп әңгімелейді:

«Абдуллаһ бин Омармен бірге базарға барғанымда ол алдынан кім шықса да соған сәлем беретін. Мейлі ол арзан, ескі дүние-мүлік сатушысы болсын, мейлі қымбат, бағалы зат сатушысы болсын, мейлі міскін болсын, мейлі ол танымайтын адам болсын ешқайсысын алаламай, бәріне бірдей сәлем беретін. Бір күні тағы да оның жанына бардым. Ол маған бірге базарға барайық деді. Мен оған:

– Базарға барып не қыласың?! Сауда жасауды білмейсің. Сатылып жатқан заттардың бағасын сұрамайсың. Ешнәрсе сатып алмайсың. Адамдар топ болып әңгіме-дүкен құрған жерде отырмайсың. Кел, оданда мына жерге отырып сұхбат қылайық, - дедім.

Абдуллаһ бин Омар маған:

– Бауырым! Базарға алдымыздан шыққан кісілерге Аллаһтың сәлемін жаю үшін барамыз. Басқа мақсатымыз жоқ, - деді (Муатта, Сәләм 6; Бұхари, әл-Әдәбуль-Муфрад, 348 б.).

Барлық сахабалар Аллаһтың және Елшісінің әмірлеріне мойынсұнуда аса ұқыптылық танытқан. Олар адамдардың арасында Аллаһтың сәлемін

45. *Табиғин: Сахабалардың көзін көрген буын*

жайып, сүйіспеншілікті нығайтқан. Осылайша, мүминдердің көңілдеріне имани бауырластықтың негізін қалауға атсалысқан. Әсіресе, Абдуллаһ бин Омардың (радиаллаһу анһума) құштарлығын ерекше атап өткен жөн. Мұны жоғарыдағы мысалдардан да анық байқауға болады.

***

«Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан көтеріңкі шығармаңдар» (Хұжурат сүресі, 2-аят) деген аят түскенде Сабит бин Қайс (радиаллаһу анһу) үйінде отырып жылаған екен.

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біраз күннен бері көрінбей кеткен Сабиттің қайда жүргенін сұрады. Сол жерде отырғандардың бірі:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Мен оның қайда тұратынын білемін, - деді. Сөйтіп оны үйіне іздеп барды. Қараса, басын алдына иіп алып еңкілдеп жылап отыр екен. Одан:

– Неге жылап отырсың? - деп сұрады. Ол:

– Жағдайым өте қиын. Менің дауысым Расулуллаһтыңкінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты шығатын еді. Барлық амалдарым зая кетті. Құрыдым, жәһаннамдық болдым, - деп жауап берді.

Әлгі сахаба Сабиттің айтқан сөздерін Хазірет Пайғамбарымызға жеткізді. Пайғамбарымыз:

– Оған бар да, сен жәһаннамдық емессің, керісінше жәннаттықсың деп айт! - деді (Бұхари, Манақиб 25, Тәпсір 49/1; Мүслим, Иман 187).

Сабит (радиаллаһу анһу) дауысы өте жуан сахаба болатын. Ол Аллаһтың әміріне мойынсұнбадым деген оймен қатты уайымға салынады. Бірақ, ол жаратылысынан дауысы жуан әрі жүрегі таза жан болғандықтан оның жағдайы басқалардан өзгеше болды. Оның хабарын Пайғамбарымызға жеткізген әлгі сахаба үлкен қуанышпен оралып, оны жәннатпен сүйіншіледі.

Сабиттің (радиаллаһу анһу) жағдайын біліп келуге барған әлгі сахабаның әрекеті – сахабалардың Расулуллаһтың қарапайым сөзінің өзін бұйрық ретінде қабылдап, барлық нәрселерін пида етуге дайын екендіктеріне дәлел боларлық тамаша мысал.

***

Абдуллаһ бин Рауаханың жұбайы былай дейді:

«Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хұтбаға шықты. Сол уақытта Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) мешітке қарай келе жатқан болатын. Аллаһтың Елшісінің «отырыңдар!» деген сөзін алыстан естіген ол әлі мешітке жетпесе де, тұрған жерінде отыра қалды. Кейінірек оның бұл әрекеті Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткенде,

Аллаһтың Елшісі Хазірет Абдуллаһқа:

«Аллаһ Тағалам Өзіне және Елшісіне мойынсұну құштарлығыңды арттырсын!» - деп дұға қылды.[46]

***

Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһума) былай дейді:

Уяйна бин Хисын Мәдинаға келіп, жиені Хұр бин Қайстың үйінде қонақ болды. Хұр бин Қайс Хазірет Омардың кеңесшілерінің бірі еді. Хазірет Омардың алқа мәжілісіне кәрі-жас демей, барлық ғалымдар (Құрра) қатысатын. Уяйна жиені Хұр бин Қайсқа:

– Жиен сенің мемлекет басшысының алдында абыройың бар. Мені онымен бір жолықтырсаң, - деді.

Хұр Хазірет Омармен (радиаллаһу анһу) жолығуға рұқсат алды. Уяйна Хазірет Омардың құзырына келіп:

– Ей, Хаттабтың ұлы! Аллаһқа ант етемін, бізге артығымен ешнәрсе бермейсің. Үкім бергенде де әділдікті ұстанбайсың, - деді.

Хазірет Омардың ашуланып, Уяйнаны жазаландырғысы келді. Мұны сезіп тұрған Хұр:

– Ей, мүминдердің әміршісі! Аллаһ Пайғамбарына **«Кешірімді бол! Жақсылықты әмір ет! Надандардан бетіңді бұр!»** (Ағраф сүресі, 199-аят) деп бұйырған. Менің көкем де надан адам, - деді.

Аллаһқа ант етейін, Хұр осы аятты оқысымен Омар (радиаллаһу анһу) Уяйнаны жазаландырудан тез арада бас тартты. Өйткені, Хазірет Омар Аллаһтың кітабын бекем ұстанатын сахаба еді (Бұхари, Тәпсір 7/5, Иғтисам 2).

Оған Аллаһтың әмірі ескертілгенде тез арада ашу-ызасын жеңіп, Аллаһтың бұйрығына тәслім болып, өз әрекетінен бас тартқан. Осылайша, ол кәміл мүминнің Раббысының әмірлеріне мойынсұнудағы ұқыптылығына тамаша мысал бола білген.

***

Сахаба Хишам бин Хаким Палестина жерінде жүрген еді. Ол салығын төлемегендері үшін үстеріне зәйтүн майы құйылған күйде күннің астында байлаулы тұрған бір топ ғайри мұслим (мұсылман емес) шаруаны көреді. Тез арада сол жердің әміршісіне барып, бұл әрекетінің дұрыс емес екендігін айтты. Артынан оған Аллаһтың Елшісінен өз құлағымен естіген:

46. Али әл-Мұттақи әл-Һинди, Кәнзул-Уммал, Бейрут 1985, XIII, 450/37171; Хайсами IX, 316

«Адамдарды дүниеде жазықсыз азаптағандарды Аллаһ міндетті түрде азаптайды!» деген хадис шәріпті риуаят етті.

Палестинаның Әміршісі хадисті естір-естімес шаруаларды босатып жібереді (Мүслим, Бирр 117-119; Әбу Дәуіт, Имара 32; Ахмед III, 403, 404, 468).

Өйткені, олар яғни сахабалар Пайғамбардың бір хадисін естігенде ойланбастан, тез арада мойынсұнатын болған.

***

Абдуллаһ бин Әби Әуфа (радиаллаһу анһума) қызының жаназа намазында төрт мәрте тәкбір алған еді. Төртінші тәкбірден кейін екі тәкбірдің арасында біраз уақыт тұрып қызының кешірілуін тілеп, дұға қылды.

Оның артында тұрған жамағат Абдулланы бесінші мәрте тәкбір алады деп ойлап қалды. Кейін ол оң жағына, сосын сол жағына қарап сәлем берді. Намаз біткен соң жамағат одан:

– Неге бұлай істедің? - деп сұрады. Ол:

– Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылай істейтін еді» деп жауап берді (Хаким I, 360; ибн Мәжә, Жанайз 24).

Абдуллаһ бин Әби Әуфаның бұл жауабы сахабалардың кез келген мәселеде Аллаһ Елшісін өздеріне үлгі-өнеге тұтатындықтарын көрсетуі тұрғысынан өте маңызды болып табылады. Олардың өмірлік өлшемдері Хазірет Пайғамбардың сүннеті болатын. Сол себептен де, олар өз іс-әрекеттерін түсіндіргенде Құран немесе Сүннетпен дәлелдер келтіретін. Сонымен қатар, өмірлерін Құран мен Сүннетті негізге ала отырып жүйеге келтірген. Қазіргі таңда, әсіресе Сүннетті өміріміздің өлшемі ретінде ұстануға, келтірілген дәлелдерді, пікір-таластарды Құран мен Сүннет бағытында бірлестіруге аса қажеттілік туындап отыр. Өйткені, тұлғалығымыз бен мұсылмандығымыздың кемелдігі Құран мен Сүннетке деген жақындығымызға қарай болмақ.

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні құптан уақытында сахабаларына:

– *Ертең намазға жиналыңыздар, сіздерге айтатын бір мәселе бар,* - деді. Сахабалардың бірі жолдастарына:

– Ей, пәленше! Сен Расулуллаһтың бірінші сөзін, сен содан кейінгі сөзін, сен де одан кейінгісін жақсылап жаттап алыңдар. Аллаһтың Елшісінің айтқандарынан бірнәрсе жіберіп алып жүрмейік, - деді (Хайсами I, 46).

Сахабалардың ардақты Пайғамбарымыздың әмірлерін үйреніп, іске асыру жолында көрсеткен осыншалықты мұқияттылықтары таңқаларлық жағдай екендігі даусыз. Өйткені, бүгін біз сол мүбәрәк

буынның ұқыптылықпен атқарған осы бір еңбектерінің арқасында Пайғамбарымыздың өмірін, тұлғалығын, мінез-құлқын жақыннан тануға қол жеткізіп отырмыз. Аллаһ сол кісілерге разы болсын!

***

Әбу Бурда былай дейді:

Бір күні Әбу Мұса әл-Ашғари сырқаттанып, басы әйелінің құшағында қалған күйде есінен танып қалады. Әйелі оның бұл халінен қатты қорқып, дауыстап бақырып жібереді де, айғайлап жылай бастайды. Алайда, Әбу Мұса әйеліне «бұл әрекетіңді қой» деп айтатындай жағдайда емес еді. Есін жинағаннан соң:

– Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұнатпайтын, бойын аулақ ұстайтын нәрселерді мен де ұнатпаймын және ол нәрседен мен де ұзақ тұрамын. Пайғамбарымыз ойбай салып, бақырып-шақырып жылайтын, шаштарын жұлатын, үсті-басын жыртатын әйелдерден ұзақ тұратын» деп әйеліне ескерту жасады (Бұхари, Жанайз 37, 38; Мүслим, Иман 167; Нәсәй, Жанайз 17).

Өліммен арпалысып жатса да Аллаһтың Елшісінің әмірлеріне мойынсұнуға талпыну, тырысып-бағу қандай асыл қасиет, қандай тамаша ұқыптылық десеңізші!

***

Дихя бин Халифа (радиаллаһу анһу) бір күні (кейбір кісілердің сүннетке қайшы әрекет еткендерін көргенде) былай деді:

«Уаллаһи! (Аллаһқа ант етемін) бүгін ақылыма еш кіріп шықпайтын бір оқиғаға куә болдым. Бір топ адамдар Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен оның сахабаларының сүннетінен бас тартты. Аллаһым! Мені жаныңа ала гөр, (рухымды ал)!» (Әбу Дәуіт, Саум 47/2413).

***

Бишр Хафи (рахматуллаһи аләйһи) былай дейді:

«Бір күні түсімде әлемнің мақтанышы Пайғамбарымызды көрдім. Ол маған:

– *Ей, Бишр! Аллаһ сенің қадіріңді не себептен жоғарлатқанын білесің бе?* - деді. Мен:

– Жоқ, білмеймін Расулаллаһ, - дедім. Ол маған:

«Менің сүннетіммен жүруің, салих кісілерге қызмет етуің, дін бауырларыңа уағыз-насихат жасауың, сахабаларым мен әһлі бәйтімді жақсы көруің сені салихтардың дәрежесіне көтерді» - деді».[47]

***

47. *Маһир Из, Тасаууф, Стамбул 1969, 184 б*

Хазірет Абдулхалық Гүждуани хақиқи құлдықты өте тамаша түсіндірген:

Бір күні одан:

– Нәпсінің қалағандарын орындайық па, әлде қаламағандарын ба? - деп сұрады. Хазірет Абдулхалық:

– Бұл екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтау қиын мәселе. Нәпсі бұл қалаулардың Рахмани ма, әлде шайтани ма екендігін білуде адамдардың көбін жаңылыстырады. Сондықтан, тек Аллаһтың әмірлерін ғана орындап, тыйғандарынан бойыңды аулақ ұстауың керек. Нағыз құлдық – осы» деп жауап береді.

***

Хақ жолының жолаушылары Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнуды және дін бауырларына қызмет етіп, насихат қылуды өздерінің өмірлік ұстанымдары етіп, мәңгілік бақытқа жетелейтін осы бір қасиеттер арқылы Аллаһтың разылығын алуға атсалысулары қажет. Бір күні Хазірет Дәуіт Тайдың сұхбаттарына үнемі қатысып жүретін бір салих кісі Мағруф Кәрхиге:

– Байқа! Амал етуді тастап қоюшы болма! Өйткені, амал сені Аллаһ Тағаланың разылығына жақындатады, - деді. Мағруф одан:

– Амалмен нені меңзеп отырсың? - деп сұрады. Ол:

– Әр уақыт Раббыңа мойынсұнуыңды және мұсылмандарға қызмет етіп, насихат айтуыңды... - деп жауап берді.

***

Қысқасы, Аллаһты сүйюдің ең үлкен белгісі – Оған мойынсұну. «Сүйген кісі сүйіктісіне мойынсұнады» дегендей, Раббысын шын сүйетін мүмин әрдайым оған мойынсұнады. Аллаһтың құзырында мойынсұну және бағыныштылықпен жасалған бір ғибадат тәслимиятсыз орындалған мың ғибадаттан әлдеқайда артығырақ. Өйткені, Аллаһқа құл болу – мойынсұну мен тәслім болудан бастау алады. Малғұн шайтанның Аллаһтың құзырынан қуылуының себебі, ғибадатының кемдігінен емес, Оның бұйрығына мойынсұнбай, тәслім болмағаны үшін еді.

Ардақты сахабалар Аллаһқа және Елшісіне деген сүйіспеншіліктері мен бағыныштылықтарының деңгейіне қарай кемелденді. Сондай-ақ, олар Аллаһтың әмірлеріне махаббатпен, ешқандай қарсылық көрсетпестен разылық білдіріп тәслім болу мен мойынсұнуларының арқасында күллі үмбет үшін үлгі-өнеге боларлық шоқтығы биік тұлғалар дәрежесіне қол жеткізген.

Хазірет Мәулана «Мәснәуи» атты еңбегінде жансыз дүниелердің де Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнатынын айтып өткен:

«Көрмейсің бе?! Бұлттар, күн, ай менен жұлдыздар бәрі де бір тәртіп, бір жүйе бойынша әрекет етіп отыр. Бұл сансыз жұлдыздың әрбірі өз уақытында шығады. Шығу уақытынан озбайды да, кешікпейді де.

Осы ғажайып дүниелерді қалай пайғамбарлардың мұғжизаларынан біліп, түсіне алмағанбыз? Олар үшін тас пен аса таяқ ақылды адам халіне келген. Осыларды көр де, қалған жансыз дүниелерді аса таяқ пен тас бөлшектеріне ұқсатып салыстыр!

Тас бөлшектерінің сүйікті Пайғамбарымызға, аса таяқтың да Мұса Пайғамбарға мойынсұнуы бүткіл жансыздардың Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнатындығын білдірмейді ме?!

Олар өздеріне тән тілменен былай дейді: «Біз Аллаһты танимыз және Оған мойынсұнамыз. Біз құрдан-құр жаратыла салған бос нәрсе емеспіз. Біз Қызыл теңіз сияқтымыз. Ол теңіз болса да, Перғауын мен Исрайыл ұлдарын батырып тұншықтырғанда оларды басқалардан ажырата алған».

Ағаш та, тас та Хазірет Мұстафаны көргенде сәлем бермеуші ме еді?! Олай болса, жансыз деп жүрген барлық нәрсенің жанды екенін білетін бол!..»

Қысқасы, адамдар мен жындардан басқа бүткіл жануарлар, өсімдіктер, тіпті жансыз дүниелер де Аллаһқа және Елшісіне мойынсұнады. Күллі жаратылыс атаулы Жаратушысына мойынсұнып жатқанда, адам баласының қарсылық көрсетуі қандай өкінішті жағдай десеңізші. Олай болса, Аллаһтың өзге махлұқаттарынан ғибрат ала отырып, Жаратушы иеміздің алдында кәміл иманмен бас игеніміз жөн болар еді.

6. ҒИБАДАТТАҒЫ ҰҚЫПТЫЛЫҚ

Адам баласы иләһи құдіреттің сансыз нақыштарымен безендірілген осы әлемде иләһи өнердің керемет туындысы ретінде жаратылған. Өзіне тарту етілген осы бір ұлы нығметке шүкір қылуы және Раббысына жақын болуы үшін оған ғибадат ету міндеті жүктелген. Аллаһ Тағала бірнеше аятта адам баласының мәңгілік бақытсыздығынан құтылып, «қалбу сәлим» мен «қалбу мүниб»[48] және «нәпсүл-мүтмаиннаға» (күнәлардан тазарып, тыныштыққа жеткен нәпсі) қол жеткізуі үшін салих амал жасауын әмір еткен.

---

*48. **Қалбу салим:** Күмән, ширк, күпірлік, екі жүзділік сияқты жаман қасиеттерден арылған, әр уақыт Аллаһқа бағынышты болған жүрек.*
***Қалб мүниб:** Өткінші ләззаттардың тұтқындығынан құтылып, әрдайым сүйіспеншілікпен Аллаһқа бет бұрған жүрек*

Ғибадат – құлдың рух әлемінде Раббысына берген уәдесінде түрғандығын көрсететін нышан. Ғибадат – мүминді Жаратушысы Аллаһ Тағалаға жақын қылатын ең үлкен мүмкіншілік. Сондай-ақ, ол өлім және ақырет қайғысы мен қорқынышын жеңілдетіп, көңілдерге шипа береді және тыныштық ұялатады. Сонымен қатар, ол – ішкі-жан сезімдерді таразылау үшін ақыреттегі есендікті қамтамасыз етіп, құлдық мәртебенің жоғарылауы үшін аса қажетті қайнаркөз.

Сондықтан да, ғибадаттарымызға қатты көңіл бөліп, оларды ұқыптылықпен орындауымыз бірінші кезектегі маңызды ісіміз болуы тиіс.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Намаз үшін дәреттің мәні өте зор. Сол себепті, ең алдымен дәретті ұқыптылықпен алудың маңыздылығына тоқталып өту керек. Өйткені, дәретке немқұрайдылықпен қарау ғибадаттарымызға кері әсерін тигізері хақ.

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жамағатпен таң намазын өткізген еді. Намазда «Рум» сүресін оқып жатып шатасып кетеді. Пайғамбарымыз намазын аяқтаған соң жамағатқа қарай бұрылып:

«Кейбіреулер намазға дәретсіз келгендіктен, шайтан Құран оқығанда шатасып кетуімізге себеп болуда. Намазға келгендеріңде дәреттеріңді жақсылап алыңдар!» деді (Ахмед III, 471; Нәсәй, Ифтитах 41; Мүжтәбә шархы II, 156).

Демек, намазға бастамас бұрын тазаланудың, яғни дәретті жүйелі түрде алудың жасаған ғибадатымыздың дұрыс болуы үшін маңызы өте зор.

Қолдан келгенше, әрдайым дәретпен жүру үлкен артықшылық болып саналады. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық ісін дәретпен орындағанды артық санайтын.

Әбу Жұһаймның (радиаллаһу анһу) айтуы бойынша Аллаһтың Елшісі Жәмәл құдығы жақтан келе жатқан еді, алдынан бір кісі шықты. Ол Пайғамбарымызды көрді де, оған сәлем берді. Бірақ, Пайғамбарымыз ол кісінің сәлеміне жауап қайтармады. Дереу бір дуалдың жанына барып, беті мен қолдарын мәсіх етіп, таяммум алды да, сосын сәлеміне жауап берді (Бұхари, Таяммум 3).

Аллаһтың Елшісі осы бір әрекеті арқылы әрдайым дәретпен жүрудің және қандай істі болмасын дәретпен орындаудың міндетті де маңызды екендігін өз іс-әрекетімен көрсеткен.

***

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әжетханадан шыққанда алдымен сумен қолдарын жуып, сосын топырақпен таяммүм алатын. Одан:

– Ей, Аллаһтың Елшісі судың жанындасыз ғой! (Неге бұлай істеп жатырсыз?) - дедім. Пайғамбарымыз маған:

– Қайдан білейін, бәлкім оған жетпей тұрып (рухымды тәслім етуім де мүмкін), - деп жауап берді (Ахмед I, 288, 303; Хайсами I, 263).

Басқа бір риуаятта сүйікті Пайғамбарымыз ғұсыл алу керек болған жағдайларда ғұсыл құйынғанға дейін дәретсіз жүрмеу үшін қолдарын дуалға ұрып тәяммүм алатын (Хайсами, I, 264).

Міне, әлемнің мақтанышы сүйікті Пайғамбарымыздың үмметіне көрсетіп кеткен дене тазалығы мен рухани тазалық ұғымы осындай болған.

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларымен бірге қабырстанға барады. Хазірет Пайғамбарымыз:

«Аллаһтың сәлемі болсын сендерге, ей, мүминдер мекенінің тұрғындары! Иншаллаһ бір күні бізде сендерге қосыламыз. Бауырларымды көргім келеді. Оларды қатты сағындым» деді.

Сахабалар:

– Біз де сенің бауырың емеспіз бе, уа Расулуллаһ? - деді.

Пайғамбарымыз:

– Сендер менің сахабаларымсыңдар, ал менің бауырларым әлі дүниеге келмегендер, - деді. Сахабалар:

– Әлі дүниеге келмеген үмбетіңізді қалай танисыз, уа, Расулуллаһ? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Бір кісінің қасқа, ала аяқты аты бар деп ойлаңыздар. Сол кісі бір үйір қара түсті жылқының арасынан өзінің атын тани алмайды ма? - деп сұрады. Сахабалар:

– Иә, әлбетте тани алады, уа, Аллаһтың Елшісі, - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Міне, менің ол үмбеттерім дәрет алғандықтан жүздері нұрлы, аяқ-қолдары жарқыраған күйде келеді. Мен оларға сый-құрмет жасау үшін ертерек хауызымның қасына барып, күтіп тұрамын. Назар аударыңыз! Кейбір кісілер бір үйір түйенің арасынан бөтен түйенің қуылып ұзақтатылғаны сияқты менің хауызымнан қуылады. Мен оларға «бері келіңдер!» деп айқайлаймын. Маған:

«Олар сен дүниеден өткеннен кейін жүріс-тұрыстарын өзгерткен. (Сенің Сүннетіңмен жүруді қойып, басқа жолға түсіп адасқан» делінеді. Сосын мен де:

«Олай болса, аулақ жүрсін! Аулақ жүрсін!» деп айтамын» (Мүслим, Тahарат 39; Фадайл 26).

Демек, дәретті ұқыптылықпен алған мүмин құлдар Аллаһтың Елшісінің сүйіспеншілігі мен «бауырым» деген ілтипатына бөленеді. Дәрет және басқа да ғибадаттарды орындауда немқұрайдылық танытып, қате жолдарға түскендер болса, қиямет күні бөтен түйелер сияқты қуылып ұзақтатылады. Сондай-ақ, қайғылы жағдайға душар болып, бақытсыздыққа ұшырайды.

***

Бір күні табиғин буынынан саналатын Әбу Хазым сахаба Әбу Һурайраның (радиаллаһу анһу) дәрет алғанда қолдарын қолтығына дейін жуғанын көреді.

– Ей, Әбу Һурайра! Бұл қандай дәрет өзі? - деп сұрады. Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу):

– Ей, Фаррух ұлдары! Сендер осында ма едіңдер? Мен бұл жерде екендеріңді білгенімде бұлай дәрет алмайтын едім - деді. Сосын:

– Досым Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қиямет күні мүминнің нұры дәрет суы тиген жерге дейін жетеді» деген сөзін естідім, - деді (Мүслим, Тahарат 40).

***

Хазірет Алидің (радиаллаһу анһу) мына айтқан сөздері Аллаһтың Елшісінің ғибадат сүйіспеншілігін қандай тамаша баян етеді:

«Бәдір күні арамызда Миқдаттан басқа атты әскер жоқ еді. Жақсы білемін, сол кезде Аллаһтың Елшісінен басқамыздың барлығымыз ұйықтап жаттық. Ал Хазірет Пайғамбарымыз болса, азанға дейін бір ағаштың астында намаз оқып жылап шықты».[49]

Жай күндерде де, сапарда да еш кемімейтін, азаймайтын қандай ғибадат сүйіспеншілігі десеңізші!..

Ұлы Жаратушымыз былай дейді: **«Саған яқин** (өлім) **келіп жеткенге дейін Раббыңа құлшылық жаса!»** (Хижр сүресі, 99-аят).

«Сәжде қыл да, жақында!» (Ағлақ сүресі, 19-аят).

***

49. Ибн Хузайма, Сахих, Бейрут 1970, II, 52

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазына өте ұқыптылықпен қарайтын сахаба Абдуллаһ бин Рауахаға «Бауырым» деп ілтипат ете отырып, оны былай мақтаған:

«Бауырым Абдуллаһ бин Рауахаға Аллаһтың рақымы болсын! Намаз уақыты кіргенде қай жерде болса да, дереу намазын оқиды» (Хайсами IX, 316).

***

Жәрх бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні түнде Расулуллаһпен бірге отырған едік. Ол толған айға қарап былай деді:

«Мынау толған айды бір-біріңді итермей, қағып-соқпастан қалайша анық көріп тұрған болсаңдар, Раббыларыңды да дәл осылай көресіңдер. Бұдан былай, күннің шығуынан және батуынан бұрынғы барлық намаздарды оқу үшін қолдарыңнан келгенше тырысып бағыңдар».

Сосын мына аятты оқыды: **«...Күннің шығуынан және батуынан бұрын Раббыңды мадақтап, тасбих қыл (пәкте)! Оны түнде де, күндіз де пәктеп, мадақта, Раббыңның разылығына бөленетін боласың!»** (Таһа сүресі, 130-аят), (Бұхари, Мауақит 16, 26, Тәпсір 50/1, Таухид 24; Мүслим, Мәсәжид 211).

Демек, ақыретте Ұлы Раббымызды көре алуымызға дәнекер болатын ең үлкен себеп - парыз намаздарды ұқыптылықпен орындау.

***

Жасаған әрбір ғибадат жәннатқа кіретін рұқсат қағаз сияқты болуы керек және бұған аса рухани құштарлықпен көңіл бөліп, орындағанымыз жөн.

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді: *«Кімде-кім рукуғ пен сәждені толық орындап, намазын тамаша түрде оқыса, намазы ол кісіге: «Мені сақтағаның сияқты, Аллаһ та сені сақтап жүрсін!» дейді. Кейін намаз жоғары көтеріледі.*

Ал кімде-кім рукуғ пен сәждені толық орындамай, намазын дұрыстап оқымаса, намазы оған: «Мені қорлағаның сияқты, Аллаһ та сені қор қылсын!» дейді. Кейін оның намазы, ескі киімнің оратылғаны сияқты оратылып, әлгі кісінің бетіне лақтырылады».[50]

Бұл жайында аятта былай делінген:

«Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! Олар намаздарына немқұрайды қарайды (ғапылдықпен оқиды)» (Мағун сүресі, 4-5 аяттар).

***

50. *Суюти, әл-Жамиъус-Сағир, Мысыр 1321, I, 58/364*

Селқостыққа салынып, намазды соңғы уақытына дейін кешіктіру немесе уақыт өтіп бара жатқанда міндетінен тез арада құтылу үшін тек парызын ғана оқи салу Аллаһ сақтасын, адам баласын екі жүзділікке жетелейтін жаман қасиетке жатады. Ала бин Абдуррахман былай дейді:

«Бір күні бесін намазынан кейін Әнәс бин Маликтің қасына барған едік. Біз Әнәстың жанына барғанда ол дереу орнынан тұрып, асыр намазын оқыды. Намазын бітірген соң, оған ерте оқығанын айттық. Ол неліктен ерте оқығандығын былай деп түсіндірді:

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дегенін естідім:

«Ол – екі жүзділердің намазы! Ол – екі жүзділердің намазы! Ол – екі жүзділердің намазы![51] Олардың бірі отырып-отырып, күн толықтай сарғайып батуға аз қалғанда, шайтанның екі мүйізінің арасына кіргенде орнынан тұрады. Сөйтіп, құстың жем шоқығанындай тез-тез төрт мәрте жатып тұрады. Намаз оқығанда Аллаһты өте аз еске алады» (Муатта, Құран Кәрім 46; Мүслим, Мәсәжид, 195).

* * *

Халифа Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) әкімдеріне былай деп насихат айтқан екен:

«Мен үшін сендердің ең маңызды істерің – намаздарың. Кім оны сақтап, өз уақытында орындауға көңіл бөлсе, дінін сақтаған болады. Ал кім оны орындамай жоғалтып алса, ол көп ұзамай дінінен де айрылады» (Муатта, Уқутус-салат 6).

* * *

Мисуәр бин Махрама (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһу) пышақталып ауыр халде жатқанында жиі-жиі есінен таңып қалып жатты. Бір кезде оның жанына бардым. Қарасам үстін жапқышпен жауып қойыпты. Есінен айрылған күйде жатыр екен. Жанындағыларға:

– Жағдайы қалай? - деп сұрадым. Олар:

– Көріп тұрғаныңдай, есін жыя алмай жатыр - деді.

– Намазға шақырдыңдар ма? Егер тірі болса, оны намаздан басқа ешнәрсе қорқытып, ояндыра алмайды - дедім. Кейін олар:

– Ей, мүминдердің әміршісі! Намаз! Намаз оқылып жатыр! - деп дауыстады. Хазірет Омар дереу есін жыйып:

51. Хадис шәріпте айтылған екі жүзділік сенім тұрғысындағы емес, амал тұрғысындағы екі жүзділіктің белгісі

«Солай ма?! Аллаһқа ант етемін, намазды тәрк еткен кісінің Исламнан нәсібі жоқ» - деді. Орнынан тұрып, жарақатынан қан аққан күйде намазын оқыды» (Хайсами I, 295; ибн Сағд III, 35; Муатта, Таһарат 51).

Хазірет Али (радиаллаһу аньһу) Куфа жерінде хұтпа оқып тұрып, Аллаһтың Елшісінен естігенін айтып, былай деді:

«Жұма күні болғанда шайтан ертеңмен дүкен мен базарларға өзімен бірге туларын ала барып, адамдардың бастарына мың түрлі іс ашып, кедергі болуға, (ең болмағанда) оларды Жұма намазына кешіктіруге тырысады. Періштелер де ертеңмен мешіттерге келіп, есіктің алдында тұрады. Келушілерді; бірінші сағатта келгендер, екінші сағатта келгендер деп жазып отырады. Осылай имам (хұтбаға) шыққанға дейін жалғасады. ***Кімде-кім мешітте имамды көріп-есті алатындай жерде отырып, шын көңілімен тыңдаса және сөйлемесе, оған екі есе сауап жазылады.*** *Кімде-кім ұзақ жерде қалып, имамның айтқандарын есті алмайтындай жерде отырса, сөйлемей үндеместен тұрса, бір сауап алады. Егер имамды көріп, есті алатындай жерге отырып, бірақ бос сөздер айтып, үнсіздікті сақтамаса оған екі күнә жазылады...»* (Әбу Дәуіт, Салат 209/1051).

Жұма намазының маңыздылығына көңіл бөліп, мешітке ерте келіп, имамды жақсы есті алатын бір жерге отырып, жан дүниесімен оны тыңдап, тыныштықты сақтап отырған кісілер, әлбетте өздері сияқты істей алмағандарға қарағанда әлдеқайда табысты болады.

***

Табиғин буынының бетке ұстар тәпсір және қырағат ғалымдарының бірі Мұжаһид (рахматуллаһи аләйһи) былай дейді:

«Абдуллаһ бин Зуабайр (радиаллаһу аньһума) ғибадат жасауда ешкімнің қолы жете алмаған дәрежеге жеткен еді. Бір жолы тауаф ететін мекенді сел басып қалған болатын. Соның кесірінен халық бір аптадай тауафтарын жасай алмады. Ал Хазірет Абдуллаһ болса, бір апта бойы Қағбаны жүзіп тауаф қылды» (Али әл-Муттақи XIII, 471/37228; Заһаби, Сияр III, 370).

***

Шайх Сағдидің «Гүлістан» атты еңбегінде айтып өткен мына бір естелігі ғибадаттардан алған сауаптарды болмашы қателіктермен зая етіп жібермеу керек екендігіне мысал бола алары хақ:

«Бала кезімде зүһд,[52] риязатқа[53] қатты мән беріп, түнгі ғибадаттарды

52. Зүһд: Дүниеден және дүниелік нәрселерден ұзақ тұру (Аудармашы).
53. Риязат: Аз ішіп-жеу, аз ұйықтау және көп ғибадат ету арқылы нәпсіні тәрбиелеу яғни дүние қызықтарынан бас тарту (Аудармашы)

беріліп орындайтынмын. Бір күні түнде әкемнің қасында отырдым. Түні бойы көзімді ілмей, тапжылмай Құран Кәрім оқыдым. Кейін айналамыздағы кейбір кісілердің ұйықтап жатқанын көріп, әкеме:

– Мыналардың ешқайсысы бастарын көтеріп екі рәкағат тәһәжүд оқығанды білмейді; құдды өлілер сияқты ұйықтап жатыр ғой, - дедім. Бұл сөзіме разы болмаған әкем қабағын шытып:

– Балам Сағди! Басқаларды өсектегеннен гөрі сенің де ұйықтап жатқаның артық еді! (Өйткені, сен төмен санап тұрған мына адамдар осы уақыттағы иләһи рақымдылықтан мақұрым қалғандарымен, оларға «Кираман Катибин» періштелер күнә жазып жатқан жоқ. Ал сенің амал дәптеріңе дін бауырларын төмен санау, менсінбеу және ғайбат айтудан күнәлар жазылды)» - деді.

***

Бұрынғы мұсылмандар ғибадаттарына деген ұқыптылықтарын соғыс алаңдарында да көрсете білген. Осылайша, олар Аллаһтың жәрдеміне қол жеткізіп отырған. Венециялық Травияни Йылдырым Баязиттың қаһарман жауынгерлерін былай деп суреттеген:

«Османлы жауынгерлерінде біздегілердегі сияқты шарап ішу, құмар ойнау, арсыздық жасау деген нәрселер жоқ. Олар әскери міндеттерін мұлтіксіз орындаумен қатар, тәңірлерінің ұлы есімдерін әрдайым зікір етіп, күні-түні ғибадат қылатын. Сол себептен де, әруақыт жеңіп жүреді».

***

Баязит мешітінің құрылысы аяқталып, жұма күні ашылды. Ол мешітте алғаш болып Фатихтың ұлы II Баязит хан намаз оқытты. Осы оқиғаның куәсі болған әулие Чәләби былай деп әңгімелейді:

«Мешіттің құрылысы аяқталғаннан соң жұма күні үлкен ресми салтанатпен ғибадатқа ашылды. Ашылу кезінде Аллаһтың уәли құлы Баязит сөз алып:

«Кімде-кім өмірінде асыр мен құптан намаздарының алғашқы сүннеттерін қалдырмай оқып келген болса, осы қасиетті уақытта сол имам болсын!» - деді.

Бір топ жамағаттың ішінен ешкім шықпаған соң, қаламаса да «мен» деуге мәжбүр болған Баязит Хан:

«Әлхамдулиллаһ! Біз соғыста да, бейбіт кезде де бұл сүннетті қалдырған емеспіз» деді де, имамдыққа шығып намаз оқытты».

***

Османлы сұлтандарының бірі VI Мехмед Решад сарайдағы ханзадаларға тәлім-тәрбие беру үшін «Муаллиматус-Салатин», яғни

«Сұлтандардың ұстазы» етіп тағайындалған Сафия ханымға ең алғаш мына нәрсені әмір еткен:

«Намаз оқымағандарға, ораза ұстамағандарға берген ас-суым харам болсын деймін. Менің бұл талабым ханым ұстаздары тарапынан талаба ханзадалар мен ханым сұлтандарға ескертілсін».[54]

Дүниелік мақам мен мансап ол кісілерге ғибадат ұқыптылығын ұмыттыра алмаған. Олар намаз, ораза секілді ақыреттік азықтары саналатын ғибадаттарын әруақыт бірінші орынға қойған.

***

Ғибадатта ұқыптылық танытқан жанды мысалдардың бірі де – Кавказдықтардың атақты батыры шайх Шамил. Ол 1829 жылы Гимри тойтарысы кезінде денесіне найзамен, қылышпен, оқпен қатты жарақат алып жараланған болатын. Көкірегінен кіріп арқасынан бірақ шыққан найза өкпе-бауырына едәуір зақым келтірген еді. Сондай-ақ, қабырғасы мен қолы да сынды. Оның хирург қайын атасы оған медициналық көмек көрсетіп, алты ай бойы ем-дом жасайды. Соның нәтижесінде ақырындап өз-өзіне келе бастайды. Жарақат алған күннен бастап 25 күн бойы естүссіз жатқан бұл жас жауынгер жиырма бесінші күні есін жиып көзін ашқанда бас жағында тұрған анасын көреді. Оған айтқан ең бірінші сөзі де:

«Анашым! Намаздың уақыты шығып кетті ме?» деген сұрағы болды».[55]

Чанаккале майданы жалғасып жатқан күндердің бірі Рамазан мерекесінің арапа күніне тұспа-тұс келген болатын. Командир Уәһип Паша тоғызыншы дивизияның жас имамын шақыртып, іштей айтқысы келмесе де қайғылы күйде:

«Хафиз![56] Ертең Рамазан мерекесі. Жауынгерлер жамағат болып, айт намазын оқимыз дейді. Не десем де оларды бұл пікірлерінен бас тартқыза алмадым. Өйткені, бұл өте қауіпті. Біле-білсең, дұшпан үшін бұл таптырмас мүмкіншілік. Осыны сен жұмсақ тілмен айтып түсіндірші оларға» - деді.

Жас имам Пашаның қасынан шығып келе жатыр еді, алдынан нұрлы жүзді бір кісі шыға келді. Ол жас имамға:

«Балам! Байқа, жауынгерлерге бірнәрсе айтушы болма! Бәлкім, солай істегенің хайырлы болар. Аллаһ не қалаған болса, сол болады» - деді.

---

54. Сафия Үнүвар, Сарай Хатыралары, Стамбул 1964, 21 б.
55. Ибраһим Рефик, Ефсане Солуклар, Стамбул 2002, 78 б.
56. Құранды бастан-аяқ жатқа білетін кісіге берілетін атау (Аудармашы).

Ертесі күні азанда баршаны еріксіз таңқалдырған Құдайдың кереметі болды. Көк аспаннан түскен қалың бұлт ішкі жан дүниелері Аллаһқа құлшылық қылу сезімімен толып-тасыған мүминдердің үстін жауып қалды. Оларды дүрбімен бақылап отырған дұшпан әскері аппақ бұлттан басқа ешнәрсе көре алмады. Сол күні азанда ерекше рухани құлшыныспен оқылған айт намазында алынған тәкбірлер толқын болып көк аспанға көтерілді. Жүзі нұрлы әлгі қарт кісі Фатх сүресінің аяттарын оқығанда жауынгерлердің көңілінен тасып шыққан «Аллаһу әкбар» дауыстар дұшпандарға да естіліп жатты.

Дәл осы уақытта Ағылшын әскерлерінің арасында үлкен шатақ пайда болды. Себебі, Ағылшындардың отарындағы кейбір мемлекеттерден алданып келген бір топ мұсылмандар құлақтарына жеткен тәкбір және таухид сөздерін естіп өздері сияқты мұсылмандармен соғысып жатқандарын түсінді. Сол себептен, олар соғысудан бастартып, бүлік шығарды. Не істерлерін білмей дал болған залым ағылшындар олардың бір тобын атып тастап, келесі бір тобын тез арада шептің бас жағынан ұзақтатуға мәжбүр болды.

Ислам жауынгерлерінің бойындағы имандары алынбайтын бекем қорған іспеттес соғыс майданында да ғибадаттарын орындауға үлкен септігін тигізген. Соның нәтижесінде иләһи нәр мен жәрдем келіп, бүткіл әскерді қуанышқа бөлеген.

***

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың Сырат көпірінен жасаған құлшылықтарындағы ұқыптылықтарына қарай тез өтетіндерін білдіре отырып, былай деген:

«Адамдар жәһәннамның алдына келеді. Сосын әркім істеген амалдарына қарай сол жерден өтеді. Олардың бірінші тобы жарқ еткен найзағай сияқты тез арада өтіп кетеді. Екінші топ жел сияқты есіп өтіп кетеді. Кейінгі топ аттың шабысындай жылдамдықпен, келесі топ түйенің желісіндей жылдамдықпен, одан кейінгісі жүгіріп, одан кейінгісі болса жай жүріспен өтеді» (Тирмизи, Тәпсір 19/3159).

Қысқасы, ғибадат-құлшылықтағы мақсат – шынайы жүрекпен Аллаһ Тағаланы жанында, өзіңмен бірге екендігін сезіну. Яғни, «Марифатуллаһ» (Аллаһты тану) пен «махаббатуллаһ» (Аллаһты шын көңілмен сүю). Ғибадаттар адам баласының мінез-құлқын жақсартып, көркемдейді. Құштарлық пен сағыныш арқылы орындалған ғибадат рухани сезімдерді байытып, құлды Аллаһқа жақындатады. Жүректе мейірім, жомарттық сезімдерін оятып, арттырады. Жаратушы Аллаһ осындай сипаттағы құлдарының көретін көзі, естітін құлағы болады. Яғни, олардың пікірлері мен сезімдері, ой-толғаулары мен сөйлеген сөздері иләһи нұрдың бастау бұлағынан сусындайтындай халге жетеді.

Раббымыз осылайша болуды баршамызға нәсіп етсін! Әмин!

А) НӘПІЛ ҒИБАДАТ

Нәпіл ғибадат парыздарды толықтырып, құлдың Аллаһқа жақын болуына үлкен септігін тигізеді. Парыздарды қанша тырысқанымен толық, кемшіліксіз, Аллаһтың құзырында қабыл болатындай дәрежеде орындау мүмкін емес. Қанша маңыз бөлгенімен міндетті түрде кемшіліктер мен қателіктер болып тұрады. Сол себептен де, бұл кемшіліктерді толықтыру үшін нәпіл ғибадаттарды орындаудан басқа жол жоқ. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында былай дейді:

«Қиямет күні әрбір құлдың ең бірінші есеп беретін амалы – намаз. Егер оның намазы дұрыс болса, ісі оңға басып, ұтысты шығады. Ал егер намазы дұрыс болмаса, ұтылып, зиянға ұшырайды. Егер парыздарында кемшілік болса, Құдіреті күшті Ұлы Аллаһ:

«Құлымның нәпіл ғибадаттары бар ма екен, көріңдер!» деп әмір береді. Парыздардағы кемшіліктер нәпіл ғибадаттармен толықтырылады. Кейін басқа амалдары бойынша да осылай есеп береді» (Тирмизи, Салат 188/413).

Алайда, бұл хадистің мағынасынан парыздарды тастап, нәпіл ғибадаттармен шұғылдану керек деген ой түюге болмайды. Тек парыздарды ғана орындап, нәпіл ғибадаттарға немқұрайды қарау дұрыс болмағаны сияқты, тек нәпіл ғибадаттармен ғана шұғылданып, парыздарды тәрк ету де дұрыс емес. Ең дұрысы парыздарды орындаумен қатар, қолдан келгенше нәпіл ғибадаттармен де шұғылданған жөн. Өйткені, Расулуллаһ пен сахабалардың құлшылықтарына үңілер болсақ, олардың ғибадаттарының өмір бойы осы бағытта өрбігеніне куә боламыз.

Келесі бір жақтан, қазасы бар кісілердің де тек қазаларын ғана өтеп, нәпіл ғибадаттарды тәрк етулері дұрыс емес. Себебі, қаза намаздарды мәкрүһ уақыттарының тысында күннің кез келген уақытында оқуға болады. Ал тәһәжүд, ишрақ, дұха және әууәбин сияқты нәпіл намаздары белгілі уақыттарға қатысты болғандықтан, оларды өтеу мәселесіне дұрыс көңіл бөлген жөн.[57]

Құл Аллаһқа парыздармен жақындағаны сияқты басқа ешқандай амалмен жақындай алмайды. Дегенмен, нәпіл ғибадаттар арқылы да Аллаһ Тағалаға жақындауға болады. Себебі, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында былай деген:

«Кімде-кім (Маған шын ықыласымен құлшылық қылатын) бір досыма дұшпандық жасаса, Мен оған соғыс жариялаймын. Құлымды Маған ең жақын қылған нәрселердің ішінде ең көп ұнайтыны – оған па-

57. Ханафи мәзһабының мүжтәһид ғалымдары сүннет намаздарын тәрк етпеу керектігіне баса назар аударған. Бірақ, парыз бен сүннеттерді бір мезгілде қылуға шама келмейтін жасқа келгенде, яғни қатты қартайған шақта сүннет намаздарының орнына қаза намаздарын оқуға болады.

рыз қылғандарымды орындауы. Құлым Маған (парыздарға қосымша ретінде істеген) нәпіл ғибадаттарымен де жақындауды жалғастырады. Ақырында, Мен оны жақсы көремін. Құлымды жақсы көргеннен кейін, ***Мен оның (құдды) еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы, сезетін жүрегі және сөйлейтін тілі боламын.*** *Менен не сұраса, оны міндетті түрде беремін. Мені паналаса, қорғанышы боламын. Мен бірнәрсе істерімде дәл құлымның жанын алу мәселесіндегідей қарарсыз жағдайға түспегенмін. (Себебі) ол өлімді жақсы көрмейді, Мен де оның жақсы көрмеген нәрсесін жақсы көрмеймін»* (Бұхари, Риқақ, 38; Ахмед VI, 256; Хайсәми II, 248).

Нәпіл ғибадаттар әрдайым бізге құл екендігімізді ұмыттырмай, еске салып тұрады. Ол жүректі жұмсартады және рухты сезімтал етіп, жүзді нұрландырады. Нәпіл ғибадаттар арқылы жүректері Аллаһты еске алып, тыныштық тапқан құлдардың имандары мен ақыретке деген құштарлығы әлдеқайда басым болады. Әрине, ақырет бақыты мен қуанышы да осыған байланысты болады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күндіз де, түнде де парыздардан бөлек бірнеше нәпіл ғибадат жасайтын. Парыздардан бұрын және кейін қылатын сүннет намаздары, түнде қалдырмай орындайтын Тәһәжүд намазы, зікір мен тәфәккүр ғибадаттары, әр күні белгілі мөлшерде Құран оқуы, Ишрақ, Дұха, Әууабин намаздары, нәпіл оразалары, садақа-қайырымдылықтары, Аллаһ жолындағы ерен еңбектері, мүбәрәк жүзіндегі күлімсіреулері – ішкі жан дүниеге рақат пен тыныштық беретін Аллаһ Тағаламен бірге болуының белгілері еді.

Қуанған кезінде, я болмаса қуанышты бір хабар алғанында Аллаһтың бұл жақсылығына шүкіршілік етіп сәждеге жығылып,[58] намаз оқитын.[59] Күн мен айдың тұтылуы сияқты төтенше жағдайларда, яғни Аллаһтың ұлылығы көрініс алған уақыттарда тез арада намазға жығылатын.[60] Аллаһтан бірнәрсе сұрайтын кезде де, намаз оқитын. Пайғамбарымыздың Рамазан айы тарауих, иғтикаф, қайырымдылық жасау секілді ғибадаттар орындаумен ерекше рухани жағдайда өтетін. Рамазан айынан кейін де нәпіл ораза ұстауды жалғастыратын. Әсіресе, дүйсенбі және бейсенбі күндерінде ораза ұстауды артық санайтын. Мұның себебін де былай деп түсіндіреді:

---

58. Шүкір сәждесі тиләуәт сәждесі сияқты жасалады. Дәрет алып, шүкір сәждесін қылуға деп ниет етеміз. Сосын қолдарды көтерместен «Аллаһу әкбар» деп тәкбір аламыз да, сәждеге жығыламыз. Мүмкін болса сәждені ұзақ қылған абзалырақ. Кейін орнымыздан тұрамыз.

59. Ибн Мәжә, Салат 192.

60. Бұхари, Кусуф, 2-4; ибн Хиббан, Сахих, Бейрут 1993, VII, 68, 100.

«Амалдар Аллаһ Тағалаға дүйсенбі және бейсенбі күндері ұсынылып тұрады. Мен амалдарымның ораза ұстаған күйімде ұсынылғанын қалаймын» (Тирмизи, Саум 44/747).

Әр һижри айдың «Әйямул-Биыд» деп аталатын 13, 14 және 15 жұлдыздарында ораза ұстауға аса мән беретін және сахабаларына да ұстауларын өсиет ететін. Бұл жайында ибн Аббас (радиаллаһу анһу):

«Хазірет Пайғамбарымыз Әйямул-Биыдта ораза ұстауды жай күнде де, сапарға шыққанында да тастамайтын» деген (Нәсай, Саум 70).

Аллаһтың Елшісі Шәууәл айының алты күнін оразамен өткізетін.[61] Мұхаррам айының 9-10 немесе 10-11 жұлдыздарында Ашура оразасын ұстайтын.[62]

Сондай-ақ, сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) умра мен қажылықтың артықшылығын түсіндіріп, әрдайым Аллаһты зікір ететін және тәсбих, истиғфарды аузынан тастамайтын. Сонымен қатар, ол өзінің атынан және үмбетінің арасында шамасы келмейтіндердің атынан құрбан шалатын.[63]

***

Рабиға бин Кағыб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулуллаһтың есігінің алдында түнеп, оның дәрет суын дайындайтынмын. Керек нәрселерін әкеліп беріп тұратынмын. Түннің бір уақытында оның: *«Самиаллаһу лимән хамидаһ»,* келесі бір уақытында да: *«Әлхамду лиллаһи Раббил-аләмин»* дегенін естітінмін» (Ибн Сағд IV, 313).

Бір күні Аллаһтың Елшісі:

– *Менен қалаған нәрсеңді сұра!* - деді.

– Жәннатта Сенімен бірге болуды қалаймын - дедім. Пайғамбарымыз:

– *Басқа нәрсе сұрасаң болмас па?* - деді. Мен:

– Тек қалауым осы, - дедім. Аллаһтың Елшісі:

– Олай болса көп сәжде қылып, өзің үшін маған жәрдемші бол! - деді (Мүслим, Салат 226).

Бұл жерде Пайғамбарымыздың сәжде дегені – намаз. Олай болса жәннатқа кіріп, Аллаһтың сүйіктісіне көрші болуды қалайтындар көп намаз оқулары керек. Аллаһқа ең жақын сәттер болып табы-

61. Мүслим, Сыйям, 204.
62. Мүслим, Сыйям, 115.
63. Әбу Дәуіт, Әдаһи, 3-4/2792; Ибн Сағд I, 249.

латын сәжделерді көбейту қажет. Себебі, Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәннаттағы орны өзге пайғамбарлардан да жоғары тұратын мәртебелі орын. Хадис шәріпте баяндалғандай, Пайғамбарымызға жәннатта жақын болу үшін оның сүннет жолынан бір елі ауытқымай, талаптарын орындап шынайы ықыласпен көп намаз оқуымыз қажет.

***

Үммү Хабибә (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кімде-кім күн сайын парыздан тыс он екі рәкағат нәпіл намаз оқыса, Аллаһ ол кісі үшін жәннатта бір үй тұрғызады» - деп бұйырды. Осы сүйінші хабарды Аллаһтың Елшісінен естіген күннен бері бұл намаздарды еш қалдырмай оқып келемін» (Мүслим, Мүсафирин 103).

***

Хайбар алынған күні бір адам Хазірет Пайғамбарымызға келіп:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Мен бүгін сондай көп пайда таптым. Осы уақытқа дейін ондай пайданы мына жердің тұрғындарының ешқайсысы таба алмаған, - деді. Сүйікті Пайғамбарымыз:

– *Солай ма?! Қанекей, қандай пайда таптың, көрелік?* - деді. Сахаба:

– Мен алып-сатуды тоқтатпастан жалғастырдым. Содан үш жүз уқия[64] пайда таптым, - деді. Сонда Хазірет Пайғамбарымыз:

– *Саған пайданың ең қайырлысын айтайын ба?* - деді.

Ол кісі:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, ол не болды екен? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

«(Парыз) намаздан кейін оқылған екі рәкағат нәпіл намаз» деп жауап берді (Әбу Дәуіт, Жихад 168/2782).

***

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір елді-мекенге әскери батальон жіберді. Ислам әскері ол жерден аз уақыттың ішінде үлкен олжамен оралды. Сол кезде бір кісі Пайғамбарымызға:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Осы уақытқа дейін бұлардан тез және мұншалықты көп олжамен оралған әлдебір батальон көрген емес едік, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

– *Мен сендерге бұдан да тез қайтатын әрі мол олжаға кенелтетін бір*

64. Уқия – 1283 граммдық көне қолданыстағы салмақ пен құн өлшемі.

нәрсе айтайын ба? - деді. Сосын сөзін арықарай жалғастырып:

«Кім жақсылап дәретін алып, мешітке барса, сөйтіп сол жерде таң намазын оқып, артынан дұха намазын да оқитын болса, міне сол адам әрі тез, әрі көп олжаға қол жеткізген болады» деді (Ибн Хиббан VI, 276/2535).

***

Ибн Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Әбу Зәрға (радиаллаһу анһу): «Аға, маған бір насихат айтыңызшы» - дедім. Сонда ол маған: «Сен менен Расулуллаһтан сұраған нәрсемді сұрадың. Аллаһтың Елшісі былай деген еді:

«Дұха намазын екі рәкағат оқысаң, ғапылдар тобына жазылмайсың. Төрт рәкағат оқысаң, «абидтер» (ғибадат қылушылар) тобына жазыласың. Алты рәкағат оқысаң, Аллаһ сенің мұқтаждықтарыңды кетіреді. Сегіз рәкағат оқысаң, «қанитин» (көп ғибадат қылушылар) тобына жазыласың. Ал, егер он екі рәкағат оқысаң, жәннатта саған арнап үй тұрғызылады.

Аллаһ Тағала күндіз болсын, мейлі түнде болсын кез келген сәтте қалаған құлына тілеуін береді. Аллаһ Тағаланың құлдарына берген сыйының арасында құлының жүрегіне Өзін зікір етуден салып қоюдан артық сый жоқ» (Хайсами II, 236; Али әл-Мүттақи VII, 809, 21511).

***

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Жәннатта бір есік бар. Ол – Дұха деп аталады. Қиямет күні бір жаршы:

«Дұха намазын әрдайым оқып жүргендер қайдасыңдар? Міне, мынау сендердің есіктерің. Аллаһтың рақымымен сол есіктен (жәннатқа) кіріңдер!» деп шақырады (Суюти I, 355/2323).[65]

Дәрет немесе ғұсыл алғаннан кейін ең аз дегенде екі рәкағат намаз оқып, Ислам нығметі мен дәрет алу бақытына бөлеген Аллаһ Тағалаға шүкіршілік қылу жақсы қасиет болып табылады.

Хазірет Осман (радиаллаһу анһу) дәрет алғаннан кейін адамдарға үйрету мақсатымен былай дейтін болған:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылай дәрет алғанын көрдім. Расулуллаһ дәрет алып біткеннен соң былай дейтін: *«Кімде-кім мен сияқты дәрет алып, артынан екі рәкағат намаз оқыса*

65. Дұха намазы күндіздің төртте бірі өтіп, күн жан-жақты ысыта бастаған уақыттан бастап күн дәл төбеге келген кезге дейін, яғни зәуәл уақытына дейін оқылады.

және намазда тұрғанда нәпсісінің уәсуәсасынан (азғыруынан) ұзақ тұрса, оның өткен күнәлары кешіріледі» (Бұхари, Уду 24).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Біләлға (радиаллаһу аһһу):

«Ей, Біләл! Мұсылман болғаннан кейін жасаған ғибадаттарыңның ішінде ең көп сауап күтетін ғибадатың қайсысы? Себебі мен жәннатта сенің аяқ-киіміңнің дыбысын естідім» деп сұрады. Сонда сахаба Біләл:

«Түнде немесе күндіз дәрет алғаннан кейін оқи алғанымша намаз оқитынмын. Ең көп сауап күтетін ғибадатым да осы» - деді (Бұхари, Тәһәжүд 17, Таухид 47; Мүслим, Фадайлус-Сахаба 108).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түсінде Хазірет Біләлдің жәннатта алдында жүріп бара жатқанын көрген.[66] Аллаһ Тағала нәпіл ғибадаттың маңыздылығын білдіру үшін Пайғамбарымызға осы түсті көрсеткен.

***

Әбу Қатада бір күні Мәсжидун-Нәбәуиге келіп, Аллаһтың Елшісін сахабаларының арасында отырғанын көреді. Сөйтіп солардың қасына келіп, отыра кетеді. Сол кезде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Қатадаға бұрылып:

– *Отырмас бұрын екі рәкағат намаз оқуыңа не кедергі болды?* - деді. Әбу Қатада:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Сенің де және жамағатыңның да отырғанын көрдім (сол үшін отырдым) - деді. Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сіздердің қай-қайсыңыз болмасын мешітке кірген кездеріңізде екі рәкағат намаз оқымай тұрып, отырмасын!» - деді (Мүслим, Мусафирин 70).

***

Ардақты сахабалар қандай да бір нәрсеге мұқтаж болғандарында немесе қысыл-таяң жағдайға тап болып қалған кездерінде тез арада намазға жығылып, Аллаһ Тағаладан жәрдем сұрайтын. Бірде жаздыгүні Хазірет Әнастың бағбаны көптен бері жаңбыр жаумағандықтан бақшаның құрап кеткендігін айтып күйінді. Әнас (радиаллаһу аһһу) одан су сұрап, дәрет алып, намазға тұрды. Сәлем беріп намазын тәмамдаған соң бағбанға:

– Аспаннан бірнәрсе көрінеді ме? - деп сұрады. Бағбан:

– Жоқ, көрінбейді, - деп жауап берді. Әнас (радиаллаһу аһһу) намаз оқуды арықарай жалғастырды. Үшінші немесе төртінші мәртесінде:

66. *Қараңыз: Бұхари, Асхабун-Нәби, 6.*

– Аспаннан бірнәрсе көріп тұрсың ба? - деді. Бағбан:

– Құстың қанатындай бір бұлт көріп тұрмын - деді. Әнас (радиаллаһу анһу) намазы мен дұғасын арықарай жалғастыра түсті. Сәлден соң бағбан жанына келіп:

– Аспан түнеріп, жаңбыр жауа бастады, - деді. Хазірет Әнас:

– Сен енді, Бишр бин Шәғафтың атына мін де, жаңбырдың қай жерге дейін жауғанын қарап кел! - деді.

Бағбан атқа мінген бойда маңайды аралап, жаңбырдың Мүсәйиәрин жаздық үйлері мен Ғадбан сарайынан ары аспағанын көрді. Хазірет Әнәстың бақшасы да осы аймақтың ішінде еді (Ибн Сағд VII, 21-22).

Ардақты сахабалардың нәпіл ғибадатқа берген маңыздылықтарын бала-шағаларына да сездіріп отыратын. Ханым сахабалардың бірі Рубайи бинти Муаууиз (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Біз Ашура оразасын ұстайтын едік. Кішкентай балаларымызға да ұстататынбыз. Мешітке баратын балаларға жүннен ойыншықтар жасайтынбыз. Балалардың бірі жылағанда сол ойыншықтарды беріп, ауыза-шар уақытына дейін көңілін аулайтынбыз» (Бұхари, Саум 47; Мүслим, Сиям 136).

***

Қысқасы, парыз ғибадаттар – құлдарға әмір етілген ең төменгі мөлшердегі ғибадаттар. Мүминдер өздеріне жүктелген осы төменгі мөлшердегі міндеттерімен қатар, Раббыларына жақын болу ниетімен берілген нығметтерге қылған шүкіршіліктері ретінде әруақыт қосымша (нәпіл) ғибадаттар жасаулары қажет. Сондай-ақ, нәпіл ғибадаттарды мүмкіндігінше бірте-бірте көбейтіп отырған жөн. Өйткені, ғибадат – Аллаһ Тағаланың құзырына шығып, Онымен тілдесу деген сөз. Ал бұл – мүминдердің көңілдерін рухани шаттыққа бөлейтін ерекше жағдай.

Құлдар нәпіл ғибадаттарды жүйелі түрде орындаудың нәтижесінде әрдайым Аллаһпен бірге болуды білдіретін **«ихсан»** дәрежесіне қол жеткізеді.

Сондай-ақ, нәпіл ғибадат – адамның жаратылғандағы мақсатына ең лайықты әрекет және әрбір құл үшін дүниедегі барлық нәрседен маңызды ақырет азығы.

Ә) НАМАЗДЫ ӘРДАЙЫМ ЖАМАҒАТПЕН ОҚУ

Қоғамдық тәрбие Ислам дінінің ең маңызды тіректерінің бірі. Кез келген мұсылманның ең алғашқы қоғамдық тәрбиесі жамағатпен бірге намаз оқумен басталады. Таухид негізіне құрылған Ислам әлеуметінің

бірлігі мен ынтымағын жарастырып, нығайтатын ең ықпалды фактор, яғни салих амал – жамағатпен намаз оқу. Демек, қай жерде жамағат болып намаз оқылып жатса, сол жерде Исламның рухани және әлеуметтік құрылымы бой көтере бастады деген сөз.

Ислам діні мүминдерге бір жамағат болып өмір сүруді, кез келген мәселеде бір-бірлерін сүйемелдеп, жәрдемдесуді, сондай-ақ бірліктері мен ынтымақтары жарасқан күйде Аллаһ жолында күш жұмсауларын әмір етеді. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Аллаһ өз жолында мықты қаланған қорған сияқты сап түзеп күрескендерді жақсы көреді»** (Саф сүресі, 4-аят).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«(Әрдайым бірлігі мен ынтымағы жарасқан) бір жамағат болып жүруленіңді және бөлінушілікке түсіп, ыдырап кетуден аулақ болуларыңды қалаймын. Себебі, шайтан жалғыз жүретіндермен бірге болады. Екі кісілік болса да, жамағат болғандардан ол ұзақ жүреді. Жәннаттың ортасында болғысы келетін кісі жамағаттан қалмасын...» (Тирмизи, Фитән 7/2165).

Біз намаздың барлық рәкағатында оқылатын Фатиха сүресінің **«Тек Саған ғана құлшылық етеміз, әрі бір Өзіңнен ғана жәрдем тілейміз!»** деген аятын оқи отырып, Раббымызға жамағат халінде екендігімізді күнде ең аз дегенде қырық мәрте білдіреміз.

Сүйікті Пайғамбарымыздың Құба мен Мәдина Мұнауараға барғанында атқарған ең бірінші ісі – мешіт салдыру болған. Өзі де сол мешіттің құрылысында қызмет ете отырып, Ислам жамағатының негізін қалаған. Пайғамбарымыздың осы бір сүннетін ұстанған бабаларымыз қандай да бір қала тұрғызар кезде ең алдымен орталыққа үлкен етіп мешіт салып, содан кейін ғана күннен тараған сәуле тәрізді мешіттің айналасына қала тұрғызған.

Сол себептен, намазды жамағатпен оқу Исламның мақсат-мұратына ең лайықты әрекет әрі бұл Ұлы Жаратушымыздың әмірі болып табылады.

Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм былай дейді:

«Мұсылман кісі намаз оқу, зікір қылу ниетімен мешітке көбірек келетін болса, Аллаһ Тағала оның бұл әрекетіне бір отбасының өзге жұртта жүрген жақын туысының келгеніне қуанғанындай қуанып, дән риза болады» (Ибн Мәжә, Мәсәжид 19).

«Кім мешітке бауыр басса, Аллаһ та сол кісіге бауыр басады» (Суюти II, 143).

«Сендерге Аллаһ Тағаланың күнәларды немен өшіріп, дәрежелерді немен көтеретінін айтайын ба? Суық күнде дәрет алып, ұзақ жерлерден

жамағатқа келу және намазды оқығаннан кейін келесі уақыттың кіруін күту. Міне, нағыз бауыр басу деген осы! Міне, нағыз бауыр басу деген осы! Міне, нағыз бауыр басу деген осы!» (Муатта, Қасрус-Салат 55).

Айша (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Кімде-кім азанды ести тұра жамағатқа бармаса, жақсылықты қаламаған немесе оған жақсылық (істеуі) мұрат етілмеген болады» (Бәйһақи, әс-Сүнәнүл-Кубра III, 57).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жамағаттан қалмау мәселесінде еріншектік, немқұрайдылық танытқандарға ақталатын мүмкіншілік бермеген. Осыған байланысты бір хадисінде:

«Кімде-кім азаншыны ести тұра ешқандай үзірі болмаса да (себептен-себепсіз) жамағатқа бармаса, оның жалғыз боп оқыған намазы (кәміл дәрежеде оқылған намаз ретінде) қабыл болмайды» деп бұйырған. Сонда сахабаның бірі:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Үзір деген не? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Қауіп-қатер немесе сырқаттану,* - деді (Әбу Дәуіт, Салат 46/551).

Жамағатты тәрк ету Ислам қоғамының ыдыруына әкеп соғады. Сондықтан да, Ұлы Жаратушымыз жамағаттың ыдырап, бөлінуіне себеп болғандарға былай деп сөгіс айтқан:

«Діндерін бөлшек-бөлшек етіп, топтарға бөлінгендер бар емес пе?! Сенің олармен ешқандай байланысың жоқ…» (Әнғам сүресі, 159-аят).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сапарларының бірінде Дәжнан мен Усфан елді мекендерінің арасында түнеген болатын. Мүшріктер:

«Мұсылмандар оқитын бір намаз бар. Сол намаз олар үшін әкелерінен де, бала-шағаларынан да жоғары тұрады. Дайындықтарыңды жасаңдар да, оларды топ болып бас салыңдар» деді.

Сол уақытта Жәбірәйіл аләйһис-сәләм Аллаһтың Елшісіне соғыс уақыттарында намазды жамағат болып қалай оқу керектігін көрсететін Ниса сүресінің 102-аятын әкелді» (Тирмизи, Тәпсір 4/21).

Демек, мұсылмандардың қандай жағдайда болмасын, тіпті соғыс уақытында да намазды өз уақытынан кешіктірулеріне әрі жамағатпен оқуды тәрк етулеріне жол берілмеген.

***

Жағфар бин Амр әкесінің былай дегенін риуаят етеді:

«Расулуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің (пісірілген қойдың) алдыңғы аяғын кесіп жегенін көрдім. Сол уақытта азан да айтыла бастаған-ды. Ол дереу орнынан тұрды да, қолындағы пышақты жерге қойып, дәретін жаңаламастан намазын оқыды» (Бұхари, Азан 43).

Аллаһтың Елшісі жамағат мәселесіне ерекше назар аударғандықтан, қолындағы асын қоя салған әрі ас жеп болғаннан кейін де оқуға мүмкіндігі болғанына қарамастан, намазды алғашқы уақытында оқуға тырысқан.

***

Язид бин Амр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аллаһтың Елшісі намаз оқып жатқанда қасына бардым. Жамағатқа қосылмай бір шетте отырдым. Пайғамбарымыз намазды аяқтаған соң бізге бұрылды да менің шетте отырғанымды көріп:

– Ей, Язид, сен әлі мұсылман болмадың ба? - деді. Мен:

– Болдым, уа, Аллаһтың Елшісі! - дедім. Ол маған:

– Олай болса жамағатқа неге қосылмадың? - деді.

– Сіздерді намаз оқып қойған екен деп үйде оқыдым, - дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі:

«Намазға келгеніңде адамдардың (жамағат болып) намаз оқып жатқанын көрсең, олармен бірге сен де оқы. Егер бұрын намазыңды оқып қойған болсаң, бұл сен үшін нәпіл (қосымша) болады. Үйде оқыған намазың парыз орнына жүреді» - деді (Әбу Дәуіт, Салат 56/577).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің соңғы кезеңдерінде сырқаттанып жүргенде де жамағатпен бірге намаз оқуға қатты көңіл бөлген. Хазірет Әнастың айтуына қарағанда Әлемнің мақтанышы Мырзамыз сырқатының тек соңғы үш күнінде ғана жамағатқа қосыла алмаған (Бұхари, Азан 46).

Бибі Айша (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Ардақты Елшінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ауыруы қатты күшейген кезде:

– *Сахабаларым намаз оқыды ма?* - деп сұрады. Оған:

– Жоқ, уа, Аллаһтың Елшісі, Олар сізді күтіп отыр - дедік. Ол:

– *Олай болса маған су дайындаңдар* - деді. Біз су дайындадық. Ол дәретін алды. Сосын енді тұрмақшы болып еді, есінен танып қалды. Біраз уақыт өткен соң есін жиды. Сосын:

– *Сахабаларым намаз оқыды ма?* - деп тағы сұрады. Оған:

– Жоқ, уа, Аллаһтың Елшісі, Сізді күтіп отыр, - дедік.

– *Олай болса маған су дайындаңдар,* - деді. Біз су дайындадық. Ол дәретін алды. Сосын енді тұрмақшы болып еді тағы да есінен танып қалды. Біраз уақыт өткен соң қайтадан есін жиды.

Бұл жағдай бірнеше мәрте қайталанды. Ол кезде адамдар мешітте Пайғамбар аләйһис-салату уәс-сәләмді құтпан намазына күтіп отыр еді. Кейін Аллаһтың Елшісі намазды оқытсын деп Хазірет Әбу Бәкірге хабар жіберді. Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) жұмсақ мінезді жан еді. Сондықтан да ол Хазірет Омарға:

– Уа, Омар! Имамдыққа сен шықсаң қайтеді? - деді. Хазірет Омар:

– Сен имамдыққа әлдеқайда лайықсың, - деді. Ол кездері имамдыққа Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) шығып жүрген болатын.

Кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін жақсы сезінген кезде екі кісінің демеуімен түскі бесін намазына мешітке келді. (Жүрген кезде әлсіздіктен мүбәрәк аяқтарын жерде сүйреткені әлі көз алдымызда)[67] Дәл сол уақытта Хазірет Әбу Бәкір имам болып намаз оқытып жатыр еді. Пайғамбарымыздың келгенін көріп арт жаққа тұрмақшы болды. Бірақ Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған орныңнан қозғалма деп белгі берді. Сосын келді де Хазірет Әбу Бәкірдің жанына отырды. Сөйтіп Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Хазірет Пайғамбарға, ал адамдар сахаба Әбу Бәкірге ілесіп намаздарын тәмамдады (Бұхари, Азан 51).

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Күн дүйсенбі болатын. Хазірет Әбу Бәкір имам болып намаз оқытып жатыр еді. Соңында Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк бөлмесінің пердесін түріп есік жақтан бізге қарап тамашалап тұрды. Оның келбеті Құран Кәрім парақтарындай жып-жылтыр боп жарқырап тұрды. Күлімсіреп еді, еріндерінің арасынан маржандай тізілген мүбәрәк тістері көрінді. Сүйікті Пайғамбарымызды көргенде қуанғанымыз соншалық, намазды бұзуға сәл қалдық. Хазірет Әбу Бәкір Аллаһтың Елшісі намазға қосылатын шығар деген оймен артқа қарай жылжый бастады. Алайда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «намаздарыңды тәмамдаңдар» деген белгі беріп, пердесін жапты. Міне (осы кез оны соңғы рет көргеніміз болды) сол күні ол «дәрүлбақаға», яғни мәңгілік жұртына көш етті» (Бұхари, Азан 46).

Артына қорғасынмен мықтап қаланған қорған сияқты бір сап түзеп,

67. *Бұхари, Азан 67.*

намаздарын әрдайым жамағатпен бірге оқитын қауым қалдырып бара жатқаны Аллаһтың Елшісін қуантқаны соншалық, жүзі күлімсіреп, еріксіз жымиды. Пайғамбарымыздың жаһан даланы жарыққа бөлеген бұл күлімсіреуі сахабалардың көңілдерінде үміт отын жаққан еді. Алайда, ол көңіл тыныштығымен «Рафиқүл-Ағла», яғни Ұлы Досқа қарай бет бұрып, «услат» (кездесу) сәтін күтуде болатын.

Аллаһтың ардақты елшісі ақтық демінде айтқан соңғы сөзінде:

«Намазға, әсіресе намазға аса көңіл бөліңдер! Қол астарыңдағыларға әділетсіздік қылудан Аллаһтан қорқыңдар» деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 123-124/5156; ибн Мәжә, Уасая 1).

***

Жабир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Менің руым (қауымым) Сәлимұлдары тұратын махалла мешітке әжептеуір қашық жерде болатын. Нәбәуи мешітінің айналасында бос жерлер бар еді. Үйімізді сатып мешіттің жанына көшіп келмекші болдық. Сол уақытта мына аят түсті:

«Расында Біз өлілерді қайтадан тірілтеміз. Олардың істеген (жақсы-жаман) барлық істерін және арттарында қалдырған (жақсы-жаман) барлық іздерін жазып қоямыз» (Ясин сүресі, 12-аят).

Біздің көшпек ниетімізді біліп қойған Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сәлимұлдарына:

– *Естуімше мешіттің қасына көшіп келмекші екенсіңдер, солай ма?* - деп сұрады. Олар:

– Иә, уа, Аллаһтың Елшісі! Шыныменде көшіп келгіміз келеді, - деді.

Сол кезде Хазірет Пайғамбар:

– *Ей, Сәлимұлдары! Тұрған жерлеріңде қалыңдар. Өйткені, мешітке қарай басқан әрбір қадамдарыңа сауап жазылады. Иә, тұрған жерлеріңде қалыңдар; мешітке қарай басқан әрбір қадамдарыңа сауап жазылсын»* - деді (Мүслим, Масажид 280, 281; Тирмизи, Тафсирул-Құран 36/1).

***

Абдуллаһ бин Умму Мәктум (радяллаһу анһу) былай дейді:

– Уа, Расулаллаһ! Мәдина қаласының улы жәндіктері мен жыртқыш аңдары көп. (Маған осы жануарлардың зияны тие ме деп қорқамын. Жамағатқа бармай-ақ, намазымды үйде оқуыма рұқсат бар ма? - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *«Хайя алас-салаһ» (намазға асығыңдар) пен «хайя алал-фәләх»*

(құтылуға асығыңдар) деген сөздерді естисің бе? Олай болса, кері қалмай мешітке кел! - деді (Әбу Дәуіт, Солат 46/553).

Осыдан байқап отырғанымыздай, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қандай жағдай болмасын бір мүмкіндік тауып жамағатпен бірге намаз оқуға мән берудің маңыздылығын баса көрсеткен.

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жамағатқа келмейтіндерге түрлі ескертулер жасайтын. Убәй бин Кағыб (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

«Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге имам болып таң намазын оқытты. Кейін:

– *Пәленше намазға келді ме?* - деп сұрады. Сахабалар:

– Келмеді, - деп жауап берді.

– *Пәленше келді ме?* - деп сұрады. Сахабалар:

– Келмеді, - деп жауап берді. Сосын:

– *Дәл осы екі намаз (құптан мен таң) – мұнафықтар (екіжүзді) үшін ең ауыр келетін намаз. Егер осы намаздарда қандай сауап бар екенін білсеңдер, тізелеріңмен еңбектеп болса да жамағатқа келетін едіңдер. Бірінші қатар періштелердің қатарындай. Ол жерде тұрудың сауабы қандай екенін білетін болсаңдар, бір-бірлеріңмен жарысқа түсер едіңдер. Бір кісінің келесі бір кісімен бірге оқыған намазы жалғыз оқыған намазынан әлде қайда берекелі әрі сауабы да мол болады. Оның екі кісімен оқыған намазы бір кісімен оқыған намазынан әлде қайда берекелі әрі артық болады. Бірге оқығандардың сандары қаншалықты көп болса, Аллаһ Тағала да бұған соншалықты разы болады»* - деп бұйырды (Әбу Дәуіт, Солат 47/554; Нәсай, Имамат 45).

***

Абдуллаһ бин Мәсғуд радиаллаһу аһһу былай дейді:

«Уаллаһи! Мен екіжүзділігі белгілі мұнафықтардан өзге, арамыздан намазға бармайтындарды көрген емеспін. Аллаһқа ант етейін сырқат адамның өзі екі кісінің иығына асылып, аяқтары салбырап күйде намазға әкелінетін. Сөйтіп, екі жағынан сүйемелдеп сапқа тұрғызылатын» (Мүслим, Масажид 256-257).

***

Бір күні Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу аһһу) базар аралап жүргенде намаздың уақыты болған еді. Ол мұсылмандардың азанды ести салып дүкендері мен дүңгіршектерін жауып, мешітке қарай жөнелгендерін көрді. Сосын ол өз-өзіне:

«Аллаһ Тағаланың: **«Сондай нағыз ерлер бар, олардың Аллаһты зікір етулеріне, намаз оқуларына, зекет берулеріне ешқандай саудасаттық кедергі бола алмайды. Олар жүрек пен көздердің шарасынан шығатын бір күннен қорқады»** (Нұр сүресі, 37-аят) деп мақтаған адамдары міне осылар» - деді (Ибн Кәсир, Тәпсір III, 306; Хайсами VII, 83).

***

Шифа бинт Абдилләһ (радиаллаһу анһа) былай дейді:

Бір күні Омар бин Хаттаб біздің үйге келген болатын. Отбасы мүшелерінен ұйықтап жатқан екі кісіні көріп:

– Мыналарға не көрінген өзі, менімен бірге жамағатқа қосылып намаз оқуға келмейді? - деді. Мен:

– Ей, Мүминдердің Әміршісі! Бұлар түнде көпшілікпен бірге намаз оқыды. (Бұл оқиға Рамазан айында орын алған болатын). Сосын таң атқанға дейін де намаз оқуды жалғастырды. Кейін таң намазын оқып, содан соң жатты дедім. Сол кезде Хазірет Омар: «Мен үшін таң намазын жамағатпен оқу таңға дейін намаз оқудан әлде қайда артығырақ» - деді.[68]

***

Бір күні Осман бин Аффан (радиаллаһу анһу) құптан намазына келді. Жамағаттың аздығын көрген ол мешіттің арт жағына барып отырып, жамағаттың көбеюін күтті. Сол уақытта мешітке келген ибн Әби Амр Хазірет Османның жанына келіп отырды. Осман (радиаллаһу анһу) одан кім екенін сұрады. Ибн Әби Амр оған өзін таныстырды.

Хазірет Осман одан:

– Құраннан қанша сүре-аят білесің? - деп сұрады. Ибн Әби Амр жауап берген соң Хазірет Осман сөзін жалғап:

– Ей, достым! Мен Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің былай деп бұйырғанын естігенмін:

«Құптан намазын жамағатпен бірге оқыған кісі түннің жартысын намаз оқумен өткізгендей сауап алады. Ал таң намазын жамағатпен бірге оқыған кісі болса, түні бойы намаз оқып шыққандай сауап алады» (Қараңыз: Муатта, Салатул-Жамаға 7; Мүслим, Масажид 260).

***

Сабит бин Хажжаж сахабалардың жамағатқа келмейтін кісілерге деген көзқарасын білдіретін төмендегі мына бір оқиғаны риуаят еткен:

Бір күні Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһу) намаз оқу үшін мешітке

68. Абдурраззақ, әл-Мусаннаф, Бейрут 1970, I, 526; Муатта, Салатул-Жамаға 7

келді. Адамдарға қарай бұрылды да, азаншыға азан айтуын бұйырды. Сосын түрегеп тұрған бойда: «Намазға ешкімді күтпейміз» деді. Намазды оқып болған соң жамағатқа қарай бұрылып мыналарды айтты:

«Кейбіреулерге не көрінген, жамағатпен бірге намаз оқуға келмейді. Олар осы әрекеттерімен басқалардың да жамағатқа келмеулеріне себеп болуда. Уаллаһи, менің көкейіме «Оларға адам жіберейін. Ұстап әкелсін. Сөйтіп мен оларға «Намазға келіңдер!» деп сөгіс беріп, ескерту жасайын» деген бір ой келді» (Абдурраззақ I, 519).

***

Уммуд-Дәрда (радиаллаһу анһа) былай дейді:

Бір күні Әбуд Дәрда (радиаллаһу анһума) ашулы күйде жаныма келді. Одан:

– Неге ашуланып жүрсің? - деп сұрадым. Ол маған:

– Уаллаһи, Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбеті жайында намазды жамағатпен бірге оқуларынан басқа ешнәрсе білмеймін. (Мына адамдар неге намазды жамағатпен бірге оқу мәселесіне немқұрайлы қарайды) - деді (Бұхари, Азан 31).

***

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) бір намазды жамағатпен бірге оқуды жіберіп алған кезінде келесі намаздың уақыты кіргенге дейін ғибадат етумен айналысатын. Тіпті құптан намазын жамағаттан кешіктіріп алса да осылай істейтін. Яғни, құптан намазынан қалып қойғанда таң атқанға дейін ғибадат жасайтын (Ибн Хажар, Исаба II, 349).

***

Сахаба Харис бин Хассан енді ғана үйленген болатын. Ол уақыттарда жаңа үйленген адам бірнеше күн бойы сыртқа шықпайтын. Сол себептен де, таң намазына жамағатқа келмейтін. Алайда, Харис үйленген күні ертесіне таң намазына жамағатқа келді. Оған жамағат ішінен:

– Осы түнде ғана емес пе әйеліңе қосылғаның, неге сыртқа шықтың? - дегендер болды. Сонда Харис оларға қарап:

– Уаллаһи, таң намазын жамағатпен бірге оқуыма кедергі болатын әйел қандай жаман әйел - деп жауап берді (Хайсами II, 41).

***

Ибн Журайш табиғин ұрпағының әйгілі ғалымдарының бірі Атадан (рахматуллаһи аләйһ) былай деп сұрады:

– Кімде-кім (үйінде) парыз оқып жатып азан немесе қаматты естісе, намазын тастап мешітке баруы қажет пе? Ата:

– Парыз намазының қай жеріне болмасын үлгеретініне үміті бар болса, онда мешітке бару керек - деді.

– Ал қаматты естігенімде де азанды естіген сияқты намазға келуім міндетті ме? - деп сұрады. Ата бұл жолы да: «Иә, келуің керек» - деп жауап берді (Абдурраззақ I, 514).

Сол сияқты, бір күні ибн Омар (радиаллаһу анһума) үйінде (төрт рәкағаттық) бір парыз намаздың алғашқы екі рәкағатын оқып болған еді, сол уақытта қамат айтылып жатқанын естіді. Сөйтіп ол дереу мешітке қарай жөнеліп кетті (Абдурраззақ I, 514, 115).

***

Амр бин Абдуллаһ өлім аузында жатқан болатын. Санаулы ғана демі қалған кезде туған-туысқандары келіп, оның жан-жағында жылап отырды. Амр шам намазының азанын естісімен маңайындағыларға:

– Мені тұрғызыңдар! - деді. Олар:

– Жайшылық па, қайда? - деді. Амр:

– Мешітке, - деді. Айналасындағылар аң-таң болған күйде:

– Осы халіңмен бе? - деді. Ол өзінің мықтылығымен:

– Субханаллаһ, азаншыны естіп тұрып, намазға қалай бармайын. Бұлай істеу мүмкін бе? Қане, мені тұрғызыңдар! - деді.

Амр туысқандарымен бірге мешітке барды. Ол жерде имамға ұйып бір рәкағат оқыған соң сәждеде жатқан бойда рухын тәслім етті.

Өмір бойы жамағатпен бірге намаз оқуға үлкен мән беріп келген бір құлдың Ұлы Аллаһтың жәрдемімен ақтық демін сәждеде беруі – *«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер»* деген хадистің мазмұнын керемет айқындай түсті.

***

Ата бин Сабит рахматуллаһи аләйһи былай дейді:

Аллаһтың уәли құлдарының бірі болып табылатын Абдуллаһ бин Сүләмидің сырқаттанғанын естідік. Барып хал-жағдайын сұрайық дестік. Бізге базбіреулер оның мешітте жатып жүргенін айтты. Біз бұны естігенде жатырқадық. Өйткені, үйінде төсегі бола тұра, оның мешітте түнеуі бізге шынында да ерсі болып көрінді. Мешітке барғанымызда шынымен де оны сол жерде намаз оқып тұрған күйде көрдік. Оның тынысы тарылып қиналып дем алып жатқанын көргенде қорқып, қайғырдық. Оған:

– Уа, шейх! Үйіңіздегі төсекте жатқаныңыз сізге әлде қайда ыңғайлы болмас па еді? - дедік. Ол бізге:

– Маған жеткен бір хадисте Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «адамның жамағатпен намаз оқығаны әлде қайда жақсырақ» екендігін айтқан. Мен жанымның мешітте намаз оқып жатқанда алынғанын қалаймын, - деді.

***

Хазірет Мұхаммед бин Саммад ғибадатқа берілген бір құл еді. Әсіресе жамағатпен бірге намаз оқуға қатты мән беретін. Ол былай дейді:

«Намаздарымды жамағатпен бірге оқитынмын. Қырық жылдан бері бір рет те болса ифтитах тәкбірді жіберіп алған емеспін. Бірақ, анам қайтыс болғанда жаназа жұмыстарымен арпалысып жүріп, бір намаздың алғашқы рәкағатына үлгере алмадым. Осы намазды жамағат сауабын алу ниетімен жиырма бес мәрте қайталап оқыдым. Сол түні түсімде біреу:

– Ей, Мұхаммед! Намазыңды жиырма бес мәрте оқыдың. Ал енді періштелердің «әмин» деп айтқандарының сауабын қайтпексің? - деді (Кандәһләуи, Фазайлүл-Амал, 275-б.).

Себебі, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында былай деген:

«Имам Фатиха (сүресін) бітіргенде жамағат та «әмин» деп айтсын. Өйткені, жамағаттың бұл сөзі көк түрғындарының «әмин» сөзімен сәйкес түсетін болса, адамның барлық өткен (кіші) күнәлары кешіріледі» (Бұхари, Азан 113; Мүслим, Салат 76).

***

Деректерде айтылғандай қиямет күні Аллаһ Тағала:

– Менің көршілерім қайда? - деп сұрайтын болады.

Періштелер:

– Уа, Раббымыз! Саған кім көрші болуы мүмкін?! - дейді.

Аллаһ Тағала:

– Менің мешіттерімді түрғызғандар (яғни үнемі жамағатпен бірге намаз оқитындар) - дейді (Али әл-Мүттақи VII, 578/20339).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Мешіт – барша тақуа құлдың үйі. Аллаһ Тағала мешітті үйіне айналдырған кісіге рақаттықты, рақымдылықты, Сырат көпірінен өтіп жәннатқа кіруді және Аллаһтың разылығына бөленуді уәде еткен».[69]

Османлы халифатының алғашқы тарихшыларының бірі Ашық Пашазаде былай дейді:

69. *Табарани, әл-Муғжамул-Кабир, тахқиқ. Хамди Абдулмажид әс-Сәләфи, Бейрут, Дару Ихияит-Турасил-Араби VI, 254/6143; Али әл-Мүттақи VII, 580/20349*

«Мына Осман ұрпақтары сенімді бір тектен тараған жандар. Олар шариғатқа қайшы келетін ешқандай да амал жасамаған. Сондай-ақ, олар ғұламалар күнә деген нәрселер мен амалдардан бойларын аулақ ұстаған».

Осындай қасиет пен ерекше тұлғалық қандарында бар болғандықтан, Шайхул-ислам Молда Фәнари Сұлтан Йылдырым Баязидтің жамағатқа келмегендігі үшін куәгерлігін қабылдамай, өзінің батылдығын көрсете білген. Одан бұның себебін сұраған Сұлтанға ашық түрде:

«Сұлтаным! Сіздің жамағатқа келгеніңізді көрмеймін. Сіз осы елдің көшбастаушы басшысы ретінде алғашқы сапта тұруыңыз керек? Айтпағым сіздің салих амал істеуші ізгі адам болуыңыз шарт... Егер жамағатқа келмесеңіз, елге жаман үлгі көрсетесіз. Ал, бұл әрекет куәгерлігіңіздің қабыл болуына кедергі болады...», - деп жауап береді.

Бір деректе, осы оқиғадан кейін Йылдырым Баязид Ниболу жеңісін нәсіп еткені үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік қылу ретінде Бұрса қаласындағы әйгілі Ұлы Жами мешітін салдырып, бес уақыт жамағаттан қалмай намазға барып тұрған екен.

***

Қысқасы, намазды әрдайым жамағатпен бірге оқу – иманымызға беріктігіміздің бір дәлелі. Осыған орай Хазірет Пайғамбарымыз:

«Бір кісінің мешіттен қалмай жүргенін көрсеңдер, оның иманды адам екендігіне куәлік етіңдер!» деп:

«Аллаһтың мешіттерін тек Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіріп, намазды түп-тура оқитын, зекет беретін және Аллаһтан басқадан қорықпайтын адамдар ғана тұрғызады (жандандырады). Міне, солардың тура жолға түскендерден болулары үміт етіледі» (Тәубә сүресі, 18-аят) деген аятты оқыған (Тирмизи, Иман 8/2617).

Күн сайын бес уақыт мешітке барып жамағатқа қатысып жүрудің пайдаларын Аллаһтың уәли құлдары былай деп тізбектейді:

- Мешіттердегі Аллаһтың сыйы мен берекетінің арқасында мүминдердің жүректерінде ынтымақтастық пен жамағат болу сезімінің тамыр жаюы,

- Намаздарды ең дұрыс, ең қабыл болатын уақытта, яғни алғашқы уақытында оқу,

- Періштелердің дұғасына, истиғфарына және куәлік етулеріне қатысады,

- Шайтаннан алыстайды,

- Ифтитах тәкбіріне үлгеру арқылы үлкен сауапқа ие болады,

- Амалдағы нифақ, яғни екіжүзділік сипатынан арылады,

- Көпшілікпен жасалған дұға, зікірлердің берекетінен пайдаланады,

- Мұсылмандар арасындағы бауырмашылдықтың жалғасымды болуына үлес қосады,

- Аллаһқа мойынсұну және ғибадат жасауда жәрдемдеседі,

- Дауыстап оқылатын намаздарда құранның оқылу ережелеріне дағдылану және үйрену,

- Намазды толық және шынайы көңілмен орындайды.

Байқап отырғанымыздай, намазды жамағатпен бірге оқудың көптеген пайдалары бар. Міне, сондықтан да Аллаһ Тағала мен Оның Сүйікті елшісі мүминдердің әрдайым мешітке барып, жамағатқа қатысуларын қайта-қайта ескертіп отырған.

Б) ТҮҢГІ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Түннің бір мезгілінде Ұлы Аллаһпен бірге болу, яғни оған құлшылық жасау – құл үшін теңдесі жоқ бақыт пен зор қуаныштың қайнаркөзі. Жаратушы Иеміздің осы уақыттарда жасалатын құлшылыққа разы болуы тұрғысынан да бұл уақыт айрықша рахмет (рақым), мағфират (кешірім) пен лутуфқа (сый-сияпат) бөленудің ең оңтайлы сәттерінің бірі. Аятта былай делінген:

«(Ол тақуа құлдар түннің бір уақытында намаз оқып, истиғфар ету үшін) **тәтті ұйқыларын бөліп, жылы төсектерінен тұрады. Раббыларының азабынан қорқып әрі рақым-шапағатын үміт ете отырып, жалбарына дұға қылады. Оларға берген ризықтарымыздың бір бөлігін қайырымдылық жолдарына жұмсайды»** (Сәбә сүресі, 16-аят).

Түнгі мезгілге жасырылған иләһи хикметтер мен құпия-сырлар адамның рухани дәрежесіне қарай белгілі болады. Миғраж секілді иләһи сыйлардың, уахидың түсуінің, сондай-ақ иләһи құдіреттің көрінісі болып табылатын пәлекет-апаттардың көбінесе түнгі уақыттарда орын алуы осы уақыттарға айрықша маңыз бөлудің қажет екендігін меңзеп тұрғандай.

Аллаһқа жақын болуды көксейтін мүминдер үшін түнгі уақыт – таптырмас олжа. Осыған орай бір хадисте:

«Түнде сондай бір уақыт бар, мұсылман адамның Аллаһтан дүниеге немесе ақыретке байланысты тілеген жақсы бір тілегі сол уақытқа сәйкес келсе, Аллаһ оған тілеген нәрсесін міндетті түрде береді. Бұл уақыт барлық түндерде бар» делінген (Мүслим, Мусафирин 166).

Хажә Али Рамитәни (қуддисә сирруһ) былай дейді:

«Үш жүрек бір жерге жиналған кезде мүмин құлдың тілегі орындалады. Олар: Мүминнің шынайы жүрегі, Құранның жүрегі Ясин сүресі және түннің жүрегі сағар (таңсәрі) уақыты».[70] Осы бір нығметтің қадірін жете түсінген құлдар күллі махлұқат қалың ұйқы құшағына еніп, бүкіл әлемді тыныштық жайлаған уақытта дұға қылудың, құлшылық жасаудың, яғни Жаратушыға бет бұрудың ең нәрлі сәтін тауып мінәжат етеді. Ұлы Аллаһ сол бақытты құлдарының мәртебесін асқақтата былай деп мақтайды:

«Олар түнде аз ұйықтайды. Сағар (таңсәрі) уақыттарында истиғфар етіп, кешірім тілейді» (Зарият сүресі, 17-18 аяттар).

Түнгі мезгіл тәтті ұйқы мен жылы төсекті бір Аллаһ Тағаланың разылығы үшін тәрк етіп, иләһи құзырда Раббымызға шынайы сүйіспеншілікпен бас иетін сәт болып табылады. Сондықтан, түннің алаңсыз уақытында оқылған намаздардың, Құранның, мақтап-дәріптеудің, айтылған тасбихтардың Аллаһқа жақындық тұрғысынан мәні де өте зор болмақ. Түнде жасалған ғибадаттар Ұлы Доспен ұшырасып, сұхбат қылу деген мағынаға саяды. Барлық адам жаппай ұйқыда жатқанда ояу болу, Ұлы Жаратушымыздың рақым-шапағатының аясына ену – Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігіне бөленіп, кешіріміне ие болған ерекше құлдардың қатарына қосылу деген сөз.

Ішкі жан дүниеміздегі Аллаһқа деген сүйіспеншілігіміз бен махаббатымыздың деңгейі қаншалықты болса, түнгі құлшылыққа деген ынтызарлығымыз бен құштарлығымыз да соншалықты дәрежеде көрініс таппақ. Осы орайда, түнгі құлшылықтың рухани нәрін алып, дәмін татқан кейбір ғибадатқа берілген құлдар: «Мен өлімнен қорықпас едім, бірақ ол түнгі намазым мен менің арамды бөлуде» деген екен.

Расында да, Раббысын сүйетін құлдың түнін ғапылдықтың қою қараңғылығында таңертеңге дейін ұйқымен өткізуін қалай ақылға сыйдыруға болады? Міне сол себептен де, сағар уақыттарында құлшылық қылу Аллаһқа деген шынайы махаббат пен тағзымның айқын белгісі болып есептелген. Сондықтан, ғапылдыққа салынып, ұйқымен өткізілген түндерді тасқа, теңізге немесе шөл далаға жауған жаңбыр сияқты өнімсіз немесе үлкен кемшілік деп есептеген жөн.

Осыған орай, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһ бин Амр бин Асқа былай деп өсиет айтқан:

«Абдуллаһ! Сен пәленше сияқты болма! Өйткені ол түнде құлшылық қылып жүріп, тастап кетті» (Бұхари, Тәһәжжүд 19).

---

70. Мұхаммед Парса, Мұхаммед Баха әд-Дин Хазретлерінің сұхбетлері, ауд. Неждет Төсун, Истанбул 1998, 60-б.

Демек, тәһәжжүд намазын оқымау үлкен кемшілік пен ұтылыстың бірден-бір себебі деуге негіз бар.

Түннен тиесілі несібе алу ең алдымен «истиғфармен» басталады. Сосын таухид (Аллаһты бірлеу) көлимасы мен Пайғамбарға салауат шәріп айту және зікірдің рухани кеңістігіне ену арқылы жалғасын таппақ. Сahар (таңсәрі) уақытында жасалатын зікір, яғни құлдың Иесімен кездесуі жүректің жандануы тұрғысынан таптырмас мүмкіншілік. Себебі, тәніміз материалдық азықтарға қаншалықты мұқтаж болса, сол секілді рухымыз да рухани азықтарға соншалықты мұқтаж. Аллаһ Тағала басқа уақыттарда жасалған зікірлерге қарағанда, сahар уақытында жасалған зікірлерге өте үлкен мән берген. Бұл жайында аят кәримада былай делінген:

«Түннің бір уақытында Оған сәжде қыл да, ұзақ уақыт Оны пәктеп, тасбих айт! Расында адамдар әп-сәтте өтіп кететін бұл дүниені жақсы көріп, ауыр күнді (ақыретті) **арттарына тастап, ұмытып кетеді»** (Инсан сүресі, 26-27 аяттар).

Амр бин Абәсә (радиаллаһу анһу) былай дейді:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Уақыттардың ішінде Аллаһқа жақындық тұрғысынан бәрінен артық бір уақыт бар ма? - деп сұрадым. Аллаһтың Елшісі:

«Иә, Раббысының құлына ең жақын болатын уақыт – түннің соңғы бөлімінің орта кезі. Егер сол уақытта Аллаһты зікір ететін кісілердің қатарынан бола алсаң, бол! Өйткені, ол уақытта оқылған намазға періштелер келіп тұрады», - деді (Нәсай, Мауақитус-Салат 35).

Қысқасы, мүмин кісі түнін Аллаһ және Елшісі көрсеткен бағытта жүйелі түрде өткізіп, зікірдің рухани пайдаларынан үлес ала білсе, оның түні күндізінен де жап-жарық болады. Осы орайда, Хазірет Баязит Бистами:

«Түндерім күндізге айналмай тұрып, маған ешқандай сырлар ашылмады», - деген.

Түннің қадір-қасиетін жете ұғынып, үлкен сый мен берекеге толы уақыттарын лайықты түрде өткізе білген құлдардың сahар уақытынан алған рухани азықтары күндіз де өз пайдасын тигізеді. Осы тұрғыдан, түнгі мезгілдің нәр мен рухани азыққа толы аясын тиісті дәрежеде пайдалану үшін сahар уақытында жасайтын амалымызды күніміздің барлық уақытына жеткізуіміз керек. Осылайша, күндізгі уақыттарда күнә істеуден сақтанып жүргеніміз жөн.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Тағала сүйікті елшісіне түннің нәрлі уақыттарынан пайдала-

нуы үшін былай деп әмір берген:

«Түннің бір бөлімінде нәпіл ретінде өзіңе ғана тиісті тәһәджүд намазын оқы! Бәлкім, Аллаһ Тағала сені «Мақаму Махмудқа» (Мақтаулы орын**) жеткізер»** (Исра сүресі, 79-аят).

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың осы әмірінен кейін түннің берекелі уақыттарында намаз оқуды, истиғфар (кешірім) сұрауды, Құран оқуды және дұға қылуды ешқашан тастамады. Тіпті, науқастанған кездерінде де, орнынан тұра алмайтындай деңгейде күш-қуаты таусылған уақыттарда да тәһәджүд намазын оқыған. Сахар уақыттарын орнында отырып болса да зікір, тасбих айтып құлшылықпен өткізген (Әбу Дәуіт, Татауұғ 18/1307).

Сүйікті Пайғамбарымыз өмір бойы тәһәджүд намазын үтір намазымен бірге он үш рәкағат, өмірінің соңғы кезеңдерінде он бір рәкағат оқыған. Қайтыс болуына жақын сырқат тартып жатқан кезінде де тоғыз рәкағат оқыған. Осылайша, ол тәһәджүд намазын ешуақытта қалдырмаған (Әбу Дәуіт, Татауұғ 26/1363).

***

Бибі Айша анамыз былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Рамазан айында болсын, мейлі басқа уақыттарда болсын түнде он бір рәкағаттан артық намаз оқымайтын. Алдымен төрт рәкағат оқитын. Олардың әдемілігі мен ұзақтығын ауызбен айтып жеткізу мүмкін еместей еді. Кейін тағы да төрт рәкағат оқитын. Олардың әдемілігі мен ұзындығын сұрамай-ақ қойыңыздар! Сосын тағы үш рәкағат оқитын. Мен бір күні:

– Уа, Расулаллаһ! Үтір намазын оқымастан ұйықтайсыз ба? - дедім.

– Айша! Менің көздерім ұйықтайды, бірақ жүрегім ұйықтамайды, - деді (Бұхари, Тәһәджүд 16, Тарауих 1; Мүслим, Мусафирин 125).

Осы хадис шәріп Сүйікті Пайғамбарымыздың жүрегінің тек құлшылық жасаған кездерде ғана емес, әрдайым Ұлы Аллаһпен бірге екендігін аңғартары сөзсіз.

***

Пайғамбарымыз нәпіл намаз оқып тұрғанда артына ұйыған Хұзайфа (радиаллаһу анһу) оның құлшылық жасаған кездегі халін былай деп суреттейді:

«Бір күні түнде Аллаһтың Елшісімен бірге намазға тұрдым. Ол Бақара сүресін оқи бастады. Мен ішімнен «Жүзінші аятқа келгенде рукуғқа баратын шығар» деп ойладым. (Бірақ) Ол жүзінші аятқа келгенімен, қырағатын арықарай жалғастырды. «Бәлкім осы сүремен екі рәкағат оқитын шығар» дедім ішімнен. Ал ол болса қырағатын жалғастыра берді.

«Сүрені бітірген соң рукуғқа баратын шығар» деп ойладым. Бірақ, бұл жолы да қырағатын бітірмеді. Ниса сүресін оқи бастады. Оны бітірген соң Али Имран сүресіне өтті.[71] Ақырын-ақырын оқып жатты. Тасбих аяттарына келгенде *«Субханаллаһ»* деді. Дұға аяты келгенде дұға жасады. Истиаза (сыйыну) аяты келгенде Аллаһқа сыйынды. Кейіннен рукуғқа барды, сосын *«Субхана Рабиал-Азим»* дей бастады. Рукуғы да қиямы сияқты ұзаққа созылды. Кейін *«Самиаллаһу лимән хамидәһ, Раббанә уа ләкәл-хамд»* деп (тік тұрды). Рукуғта тұрған уақытындай тік тұрды. Кейін сәжде жасады. Сәждеде *«Субхана Рабиал-Ағла»* деп айтып жатты. Оның сәждесі де қиямы сияқты ұзақ уақытқа созылды» (Мүслим, Мусафирин 203).

Айша анамыз былай дейді:

«Бір күні түнде оянғанымда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанымда жоқ екен. Басқа әйелдерінің бірінің қасына кеткен екен ғой деп ойладым. Орнымнан тұрып оны іздей бастадым. Біраз уақыттан соң қайтып келіп қарасам, Оның рукуғта немесе сәждеде:

سُبْحَانَكَ وَبِحَمْدِكَ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ

«(Аллаһым! Сені нұқсан сипаттардан пәктеймін әрі Сені дәріптеп, мадақтаймын.) Сенен басқа тәңір жоқ» деп жатыр екен. Сол уақытта (өзімнен өзім ұялып):

«Ата-анам сенің жолыңда құрбан болсын, уа, Расулаллаһ! Менің істеп жүргенім мынау, ал сіздікі мынау...» дедім (Мүслим, Салат 221).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани жоғарылаудың ең маңызды негіздерінің бірі болып табылатын тәһәджүд намазын бүткіл үмбеті тарапынан оқылуын қалайтын. Осы мәселені насихаттауды ең алдымен өз жақындарынан бастаған. Бір күні түнде Хазірет Али мен Фатиманың есігін қағып:

«Намаз оқымайсыңдар ма?» - деп[72] оларды намазға оята отырып, түннің берекелі де рухани нәрінен пайдалануларын өсиет етіп отырған.

Басқа сахабаларына да:

---

71. Жоғарыдағы хадистің түсіндірмесі бойынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бақара сүресінен кейін Ниса сүресін, сосын Али Имран сүресін оқыған. Аталмыш сүрелердің осы реттік тәртіп бойынша оқылуы қазіргі таңдағы Бақара, Али Имран, Ниса сүресі сияқты сүрелердің реттік тәртібіне сәйкес түспеген. Хадис түсіндірмешілері бұның себебін екі түрлі жолмен түсіндіруде. Біріншісі: Ол кездерде сүрелердің реттік тәртібі әлі толық аяқталмаған. Екіншісі: Аталмыш реттік тәртіп бойынша да оқуға болатындығын көрсету үшін.

72. Бұхари, Тәһәжжүд 5.

«Түнде тұруға бар күштеріңді салыңдар! Өйткені, түнгі намаз – сендерден бұрынғылардың салты әрі Аллаһқа жақындататын дәнекер. (Бұл ғибадат) күнәлардан сақтап, қателіктерге кәффәрат болады және төндегі дерттерді кетіреді» (Тиримзи, Дағауат 101/3549) дей отырып, оларды сahар уақыттарында ояу болуға шақырған.

***

Жәбир бин Абдуллаh (радиаллаhу анhу) былай дейді:

Расулуллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) былай деп бұйырды:

«Хазірет Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлеймен аләйhимәс-сәләмның анасы ұлына:

«Құлыншағым! Түнде көп ұйықтама! Себебі, түнде көп ұйықтау адамды қиямет күні кедей қылады» деп айтқан» (Ибн Мәжә, Иқаматус-Салаh 174).

***

Ибн Омар (радиаллаhу анhума) риуаят еткен мына бір оқиға тәһәджүд намазының адам баласын жәһәннам азабынан алыстататындығын анық білдіріп тұр:

«Аллаһтың Елшісінің көзі тірісі кезінде түс көрген кісі Пайғамбарымызға келіп көрген түсін айтып беретін. Мен де бір түс көріп, оны Пайғамбарымызға айтып беруді қатты қалайтынмын. Ол кездері мен бойдақ жас жігіт болатынмын әрі мешітте түнейтінмін.

Бір күні түсімде екі періште мені жәһәннамға апарды. Қарасам, ол құдықтың дуалы сияқты өрілген және құдықтағы сияқты екі тірегі бар екен. Сасып қалдым. Өйткені, ол жерде мен танитын бірнеше кісі бар еді. Мен:

«Жәһәннамнан Аллаһқа сыйынамын! Жәһәннамнан Аллаһқа сыйынамын!» - деп айқайлай бастадым. Сол уақытта қасыма бір періште келіп, маған:

«Қорықпа саған ешнәрсе болмайды!» - деді.

Осы түсімді Хафса әпкеме айтып бердім. Ол да Аллаһтың Елшісіне айтыпты. Сосын Пайғамбарымыз әпкеме:

«Абуллаһ қандай жақсы, қандай тамаша адам! Мұнымен қоса түнгі намазын да қалдырмай оқып жүрсе ғой!..» деген екен.

Абдуллаh (радиаллаhу анhу) сол күннен бастап түннің үлкен бір бөлігін құлшылықпен өткізіп, аз ұйықтайтын болды (Бұхари, Асхабун-Нәби 19).

***

Расулуллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Ұлы Раббысынан риуа-

ят ете отырып, бір құдси хадисте жасырын инфақ ететін, тәһәджүдке тұратын және Аллаһ жолында шын ықыласымен күресетін мүминдерді дәріптеп былай деген:

«Үш кісі бар, Аллаһ оларды жақсы көреді. Тағы үш кісі бар, Аллаһ оларды жек көреді. Аллаһтың жақсы көретін үш кісісіне келетін болсақ:

Бір кісі бір топ адамға келіп араларындағы туыстық байланысы арқылы емес, бір Аллаһтың разылығы үшін олардан бірнәрсе сұрайды. Олар оған сұрағанын бермейді. Сол жамағаттың ішінен бір кісі ақырын ғана ешкімге білдірместен топтың арт жағына өтіп, әлгі сұраған кісіге жасырын түрде жақсылық жасайды. Оның жасырын бергенін тек Аллаһ пен жәрдем берген кісісі ғана біледі.

(Екіншісіне келетін болсақ) Бір топ кісі сапарға шығады. Түнімен жол жүреді. Әбден шаршап-шалдыққанда үйқы олар үшін барлық нәрседен қымбат болады. Бір жерге қонуға тоқтайды. (Барлығы тәтті үйқыда жатқанда) іштерінен біреуі үйқысынан тұрып, Менің алдымда бас иіп, мінәжат қылады, аяттарымды оқиды.

(Үшіншісіне келсек) Бір кісі әскерге қосылып, дұшпанмен соғысады. Алайда, әскер бытырап жан-жаққа қашып, жеңіліске ұшырайды. Бірақ ол өлгенге дейін немесе жеңіске жеткенге дейін соғысуды жалғастырады.

Аллаһ Тағала жек көретін үш кісі болса: Зинақор қарт, тәкәппар кедей және залым бай» (Тирмизи, Жәннат 25/2568; Нәсай, Зекет 75).

***

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) риуаят еткен хадисте Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Жәннәтта бірнеше сарай бар. Олардың сырты ішінен, ал іші сыртынан көрініп тұрады,* - дейді. Осыны естіп тұрған бір бәдәуи орнынан тұрып:

– Бұл сарайлар кімдер үшін, уа, Аллаһтың Елшісі? - деп сұрады. Әлемнің Мақтанышы Пайғамбарымыз:

– *Жақсы да ұнамды сөз сөйлейтін, бал тілді, (жоқ-жітікті) тамақтандыратын, оразасын үзбей ұстайтын және түнде бәрі ұйықтап жатқанда үйқысын бөліп, Аллаһ разылығын тілеп намаз оқитындар үшін,* - деді. (Тирмизи, Бирр 53/1984).

***

Марқұм ұстазымыз қадірлі Мұса мырза рахматуллаһи аләйһи өзінің рухани ұстазы Сұлтанул-Арифин Хазірет Махмуд Сами Рамазанұлының мағрифатуллаһ және құлшылық жолындағы көркем мінезі мен түнгі хал-жағдайы жайында өз көзімен көріп, көкірегіне түйгендерін былай деп жеткізеді:

«Хазірет Махмуд Сами Рамазанұлының жүзі жайдары болғанымен жан-дүниесі от болып өртеніп, жүрегі сыздап жүретін. Күллі мұсылман әлемінің залымдардың зорлық-зомбылығынан құтылуы үшін іштей егіліп, көз жасын төгетін. Күнәһарлардың жарылқанып, кешірілуі үшін де жан-дүниесімен егілетін. Құран Кәрім оқылған сәтте жан-тәнімен тыңдайтын. Кейде мүбәрәк көз жастары нұрлы жүзінен моншақтап төгілетін. Әсіресе, қажылық кезінде Мәдина Мұнауарадан Мекке Мүкәррәмаға бара жатқанда көлік ішінде қасындағы жолдастары ұйықтап жатқанда айдың сәулесінен көзінен аққан тамшы жастың інжу-маржан секілді төгілгені байқалушы еді. Айтып түсіндіруге тіл жетпейтін бұл көрініс, тіпті шешен ақындар мен көркем жазушылардың да тілімен суреттеп жеткізуі қиынға соғатын сырлы сұлулық еді.

***

Марқұм әкем Хазірет Мұса мырзаның түнгі құлшылыққа деген ынтызарлығы сүйіктісімен кездесетін әрбір сәтті толқулы күйде сағынышпен асыға күтетін бейне бір ғашық жанның халіндей болатын. Денсаулығы нашарлап сырқаттанып жүрсе де, әрдайым сондай ынтызар күйде жүретін. Осылайша, ол Аллаһқа деген махаббатын әрдайым барлық нәрседен жоғары ұстайтын. Бір күні көзіне операция жасатып, наркоздан оянған кезде жанындағылардан ең бірінші сұраған нәрсесі:

– Сағат қанша болды? - деген сөз болған-ды.

– Мырзам! Сағат үш болып қалды! - дегенде:

«Түнгі құлшылық өте маңызды, қалдыруға болмайды», - деп жанындағы кісілердің жәрдемімен таяммум алып, ауру халін ұмытқан халде жан-дүниесімен Раббысына бет бұрады. Түсіндіруге сөз жетпейтін рухани ләззатқа бөленген күйде құштарлықпен «има» (бас изеу) арқылы екі рәкағат тәһәжжүд намазын оқыды. Сосын әрдайым орындап жүрген зікірлері мен тасбихтарын айтты. Ол осы бір әрекеті арқылы бізге:

«Олар түнде тәтті ұйқыларын бөліп, қорыққан күйде Раббыларына жалбарына дұға қылады. Сондай-ақ, олар біз берген ризық-несібеден Аллаһ жолында жұмсайды» (Сәжде сүресі, 16-аят) деген қасиетті аяттың сырын түсіндіргендей болды.

***

Бір кісі Хазірет Ибраһим бин Әдһамнан:

– Түнгі құлшылыққа тура алмай жүрмін, маған бір жолын көрсетіңіз, - деп сұрайды. Ибраһим бин Әдһам:

– Күндіз Аллаһқа қарсы келуші болма. Міне, сол кезде Ол сені түнде құзырында тұрғызады. Түнде Оның құзырында тұру – бұл ең үлкен абырой. Ал, күнәһарлар бұл абыройға лайық емес! - деп жауап береді.

***

Түнгі құлшылық жан мен тәннің саулығына оң әсерін тигізетін ең маңызды факторлардың бірі.[73] Сонымен қатар, ауруларды жойып, рухани әрі материалдық тұрғыдан күш-қуат, зейінділік пен айбаттылық бағыштайды. Осы айтылған жайтқа дәлел боларлық мына бір ғибратқа толы оқиғаға тоқталып өтелік:

Ярмук соғысында екі қарсылас әскер бір-біріне таяп қалған кезде Рум қолбасшысы Ислам әскерінің жағдайын барлап келу үшін бір араб тыңшыны жібереді. Тыңшы қажетті мәліметтерді жинап кері қайтады. Одан қолбасшы:

– Мұсылмандардың жағдайы қалай? Не істеп жатыр екен? - деп сұрады. Тыңшы көрген-білгендерін қолбасшыға:

بِاللَّيْلِ رُهْبَانٌ وَبِالنَّهَارِ فُرْسَانٌ

«Олар түнде тұрып құлшылық қылатын, ал күндіз атқа қонып жауға шабуға дайын жүретін әскер екен» деп айтып береді.

Мұны естіген қолбасшы:

– Егер айтқаның рас болса, жердің астында болғанымыз, олармен жердің үстінде кездескеннен әлдеқайда артығырақ... - дейді.[74]

Осыған ұқсас тағы бір оқиға:

Соғыстарда ешқандай дұшпан әскері Расулуллаһтың сахабаларын жеңе алмай жүрді. Сол секілді мұсылмандардан жеңіліс тапқан Рум билеушісі Геракл әскеріне ашуланып:

– Не деген масқара! Әлгі сендер соғысқан қауым қандай адамдар? Олар да өздерің секілді ет пен сүйектен жаралған, жұмыр басты пенде емес пе? - деп айқайлап, ашулана сұрады. Олар:

– Иә, - деп жауап берді.

– Енді маған айтыңдаршы, сендер көпсіңдер ме, әлде олар көп пе? - деді. Олар:

– Патшамыз! Әлбетте, біз олардан сан есе көппіз, - деді.

– Олай болса, неліктен олармен соғысқан сайын жеңілесіңдер де тұрасыңдар? - дейді. Сонда Румның лауазымды адамдарының арасынан білімді бір қарт кісі орнынан тұрып былай деді:

– Өйткені, олар түнді ғибадат қылумен, ал күндізді ораза ұстаумен өткізеді. Берген уәделерінде тұрады. Жақсылықты насихаттап, жамандықтан сақтандырып жүреді. Сондай-ақ, олар қолдарындағы

73. Қараңыз: Тирмизи, Дағауат 101/3549
74. Табари, Тарих, Мысыр III, 418.

барлық нәрселерін бір-бірімен бөліседі... Бұны естіген Геракл:

– Иә, сен шынымменде рас айтып тұрсың, - деді.[75]

***

Қысқасы, түнгі уақыт зейін мен жүректің тың, түсіну түйсіктерінің, сезім мүшелерінің және сөздердің өткір, есте сақтау қабілетінің күшті, сондай-ақ, рухани және дүниелік бағыттарда алға ілгерілеу жылдам әрі оңтайлы болатын ерекше уақыт болып табылады. Өздерін үлкен міндеттер күтіп тұрған адамдардың күндізгі жұмыстарына дайындалулары үшін түнгі уақыттар таптырмайтын мүмкіншілік. Қоғамның түзелуі үшін күш салып, қажыр-қайрат жұмсап жүрген тақуа жанқияр жандар үшін де тұлғалықтарын қалыптастыратын сәт. Түннің тыныштыққа толы әсем көрінісінің хақиқи сырын түнді құлшылық ете отырып, терең ойға шомып өткізген салих мүминдер ғана ұғына алмақ. Осы құпия сырлар мен хикметтерге қанық болған құлдардың көңілі көркем қасиеттермен безену арқылы жер мен көктің арасындай кеңейіп, көптеген иләһи көріністердің шағылысы халіне келіп, мағрифатуллаһ киіміне оранады, яғни Аллаһты шынайы тани түседі.

Уа, Раббым! Біздерді қамшының сабындай мына қысқа ғана өмірде түнді ғапылдықпен өткізудің зияны мен қасіретінен сақтағайсың! Түннің құпия сырларынан бізге де нәсіп еткейсің! Құлшылықпен өткізілген түндердің берекелі де нұрлы нәсерімен көңілімізді әсемдеп абаттағайсың! Бізді бір түн сияқты болған мына дүниеден Өзіңнің разылығыңды алған шынайы күйде ақырет таңына жеткізіп, рухымызды өзіңе қауышудың ләззатына бөлегейсің!

Әмин!

В) ДҰҒА МЕН МІНӘЖӘТ

Дұға мен мінәжәт – пенденің Аллаһтың шексіз құдіреті алдында әлсіздігін мойындап, оған бас ие отырып шынайы ықыласпен Оның кеңшілігі мен жәрдемін тілеуі. Мінәжәтта, яғни дұға жасағанда Жаратушыға сыйыну – дәрменсіздік пен иләһи құзырды паналау мағынасына келгендіктен, дініміз тұрғысынан маңызы зор.

Құл Аллаһ Тағалаға мінәжәт жасағанда тек тілімен ғана емес, жүрегі арқылы да үлкен ықыласпен орындауы тиіс. Дұғаны **«хауф пен ража»**, яғни қорқыныш пен үміт сезімдері арасында ерекше тебіреніспен жасау керек. Дұға жүректен келуі тиіс. Сонымен қатар, жүрек те дұға сөзінің

75. Ибн Асакир, Тариху Димашқ II 97

мағынасындағы тілек-қалаулармен дірілдеп, қобалжуы керек. Егер, дұғаны күнәмыздың кешірілуі үшін қылатын болсақ, ол күнәны бір жолата істемеу үшін іштей нақты бір шешімге келу қажет.

Бұл жайында Хазірет Мәулана құдисса сирруһ былай деген:

«Өзегіңді өкініштің өрті жаққан күйде және жасауға қан көзбенен дұға қылып, тәубе ет! Өйткені, гүлдер күннің көзі түсетін шуақты әрі сулы жерлерде өседі».

Мүмин кісі өзінің құлдық міндеті бойынша әрдайым Раббысына жалбарынып жүруі керек. Сондай-ақ, дініміз мүмин құлдың рухында дұға ету сезімінің әрдайым ояу жүргенін мақсат тұтады. Себебі, дұға – жүректен Аллаһқа қарай ашылатын ұлы есіктің кілті. Аят кәримада былай делінген:

«(Ей, Мұхаммед!) **Егер құлдарым сенен Мен туралы сұраса,** (оларға айт) **Мен оларға өте жақынмын. Маған дұға жасаса дұғаларын қабыл етемін…»** (Бақара сүресі, 186-аят).

Дұға қайталанған сайын жүректің түкпірінен орын алып, бейне бір ішкі сезімдер іспетті мүминнің рухында нақышталып, тұлғалығына сіңеді. Сөйтіп, оның ерекше қасиеттерінің біріне айналады. Асқақ рухты жандардың әрдайым дұғадан қол үзбей мінәжәт етіп жүрулерінің сыры да осында жатса керек.

Дұға – құдірет күші шексіз Аллаһ Тағалаға әлсіздігімізді мойындап, Оның құзырында тәслім болып, бағыныштылығымызбен бас ию. Шындығын да, дұғаны әлсіздігіміз бен қателігімізді мойындаудан бастау Аллаһтың мейірім-шапағатын оятуға әрі дұғаның қабыл болуына үлкен септігін тигізеді.

Бізге шынайы дұғаны өзінің өнегелі іс-әрекеті арқылы тамаша түрде үйреткен кісі – Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Ол көз жасын көл қылып, аяқтары іскенше намаз оқып, дәрменсіз күйде әрдайым Ұлы Аллаһқа сыйынатын болған. Мәнді де мағыналы дұғаларды жақсы көретін. Ешуақытта мәнсіз-мағынасыз дұға қылмайтын.[76]

«Құлдың Раббысына ең жақын болатын сәті – сәждеде жатқан кезі. Сол үшін сәждеде көп дұға жасауға тырысыңдар!» (Мүслим, Салат 215) деп өсиет еткен.

Мүмин құл әрдайым дұға қылумен қатар кедей, әлжуаз және мұқтаж дін бауырларының ыстық ықыласына бөленіп, олардың да дұғаларын алуға тырысқаны жөн. Себебі, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде:

76. *Әбу Дәуіт, Ұтыр 23/1482.*

«Мүминнің – мүмин бауырына тілеген дұғасындай тез қабыл болатын сірә дұға жоқ» деген (Тирмизи, Бирр 50/1980).

Хазірет Мәулана былай дейді:

«Сен дүние-мүлкіңді жақсы бір жолмен инфақ (сарп) ете отырып, көңіл жұбатуға атсалыс! Өйткені, көңілін жұбатқан кісінің дұғасы мазарда қап-қараңғы түнде саған жарық беріп, нұр шашады!..»

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жер бетінде мұсылман кісі Аллаһтан бірнәрсе тілесе, тілегені күнә немесе туысқанымен қатынасын үзуіне себеп болатын нәрсе болмаса, Аллаһ Тағала оның сұрағанын міндетті түрде береді, яки сұраған нәрсесінің дәрежесіндегі бір жамандықты одан алыстатады» деді.

Сол уақытта сахабалардың бірі:

– Олай болса, біз Аллаһтан көп нәрсе сұраймыз ғой, - деді. Сонда Сүйікті Пайғамбарымыз:

– *Аллаһтың лұтфы (ризығы) сендердің сұрағандарыңнан әлде қайда көбірек,* - деп жауап берді (Тирмизи, Дағауат 115/3573; Ахмед III, 18).

Аллаһ Тағала шынайы ниетпен жасалған дұғаларды кері қайтармайды. Дегенмен, қанша шынайылықпен қылынса да, Аллаһтың жазған тағдырына сай келмейтін кейбір тілектерге бұл дүниеде жауап келмейді. Алайда, құл бұған бола үмітсіздікке салынып, дұға етуді жиыстырып қоймауы тиіс. Себебі, мұндай жағдайда дұғаның жауабы ақыретке қалдырылған болуы мүмкін. Өйткені, Аллаһ Тағала:

«...Маған дұға қылыңдар, дұғаларыңды қабыл аламын...» (Мүмин сүресі, 60-деп) деп бұйырған.

Бір күні Әлемнің мақтанышы сүйікті Пайғамбарымыз:

– *Кімде-кім күнә немесе туысының ренжуіне себеп болатын нәрсе сұрамаса, яки асықпаса дұғасы қабыл болады,* - деді. Сонда сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! «Асықпаса» дегенді қалай түсінуге болады? - деп сұрады.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Құл «қаншама рет дұға жасадым, бірақ Раббым қабыл етпеді» деп айтады. Сөйтіп, дұғасының тез қабыл болмағаны үшін жалығып, бір күні дұға жасауды тастап кетеді. (Міне, сол уақытта асыққан болады)» деп жауап берді (Мүслим, Зікір 92).

Сондай-ақ, Зәкәрия аләйһис-сәләмнің дінді жаюда сүйенішім бол-

сын деген ниетпен **«...Раббым! Мені жалғыз қалдырма!..»** (Әнбия сүресі, 89-аят) деп Аллаһтан сұраған баласы қырық жыл өткеннен кейін Яхия аләйһис-сәләм, яғни бір пайғамбар болып берілген.[77]

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздан кейін салауат айтпастан дұға еткен бір кісіні көрді. Сосын ол жайында:

– *Анау адам асықты,* - деді. Кейін оны қасына шақырып алып, барлық үмбетіне мынадай ескерту жасады:

«Қайсы бірің дұға қылмақ болсаңдар алдымен Аллаһ Тағалаға хамд-сәна, сосын маған салауат-сәлем айтсын. Кейін бұлардың артынан қалағанынша дұға жасасын!» (Тирмизи, Дағауат 64/3477).

***

Әлемнің мақтанышы сүйікті Пайғамбарымыз мүминдерге дін бауырлары үшін көз алдарында да, жоқ кезде арттарынан да дұға қылып жүрулерін өсиет еткен. Умра ғибадаты үшін рұқсат сұрап келген Хазірет Омарға:

«Бауырым, ұмытпай бізге де дұға ет!» - деген (Тирмизи, Дағауат 109/3562).

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың осы бір ілтипатының алдында қандай күй кешкенін былай деп жеткізеді:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы айтқан сөзінің орнына маған дүниені берсе де осыншалықты қуанбас едім» (Әбу Дәуіт, Үтір 23/1498).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Мұсылман кісінің (қасында болмаған) дін бауырына жасаған дұғасы қабыл болады. Кімде-кім дін бауырына қайырлы дұға ететін болса, жанындағы арнайы тағайындалған періште; «Аллаһ дұғаңды қабыл етсін, оған тілеген нәрсеңді саған да берсін!» деп өзіне дұға етіп тұрады» (Мұслим, Зікір 87, 88; ибн Мәжә, Мәнасик 5).

Олай болса, біздің мұсылман бауырларымыз үшін дұға қылғанымыз әрі олардан да өзіміз үшін дұға етуді сұрағанымыз абзал болады.

***

Осы пәни дүниеде адам баласына ең қажетті дүние тақуалық болғандықтан, дұға қылғанда көбінесе тақуа болуды сұрауымыз керек. Бір кісі Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

77. *Қараңыз: Мәриям сүресі, 7-8 аяттар; ибн Аллан, Дәлилул-Фалихин IV, 311-312.*

– Уа, Расулаллаһ! Сапарға шығып барамын, маған дұға жасаңыз, - деді.

Расулуллаһ оған:

– Аллаһ саған тақуалық нәсіп етсін! - деді. Ол кісі:

– Тағы да уа, Расулаллаһ! - деді. Пайғамбарымыз:

– Аллаһ күнәларыңды кешірсін! - деді. Әлгі сахаба:

– Тағы да, ата-анам сенің жолыңда құрбан болсын уа, Расулаллаһ! - деді.

Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала қай жерде жүрсең де қайырымдылық жасауыңды нәсіп етсін», - деді (Тирмизи, Дағауат 44/3444).

***

Бір күні Аллаһтың Елшісі Ибраһим аләйһис-сәләмнің:

«Раббым! Пұттар көптеген адамның адасуына себеп болды. Енді кім маған мойынсұнса, ол менен...» (Ибраһим сүресі, 36-аят) деген сөзі мен Иса алейһис-сәләмнің:

«Егер оларды азаптасаң, күмәнсіз олар Сенің құлдарың. Ал егер оларды кешірсең, күмәнсіз Сен күшті әрі данасың» (Майда сүресі, 118-аят) деген дұғасын оқыды. Сосын қолдарын жайды да:

«Аллаһым үмбетімді қорғап-жебей жүр! Үмбетімді рақымдылығыңа бөле!» деп жалбарынып жылады. Сол кезде Ұлы Аллаһ:

«Әй, Жәбірейіл! Раббың барлық нәрсені өте жақсы біледі (бірақ, адамдардың білуі үшін) бар да Мұхаммедтен не үшін жылағанын сұра», - деді.

Жәбірейіл аләйһис-сәләм Пайғамбарымызға келді. Расулуллаһ (с.а.у.) оған үмбетім үшін қайғырып жыладым деді. (Жәбірейіл періште мұны Аллаһқа жеткізгенде) Аллаһ Тағала:

«Әй, Жәбірейіл! Мұхаммедке барып, оған: «Үмбетің жайында сені риза қыламыз. Сені ешуақытта қайғыртпаймыз» деген сүйінші хабарды жеткіз», - деді (Мүслим, Иман 346).

Міне, Сүйікті Пайғамбарымыздың үмбетіне деген ынтықтығы мен жанының ашығыштығы осындай дәрежеде болған. Осы хадис шәріп жайында жасқылап ойлана отырып, өзіміздің оны қаншалықты дәрежеде жақсы көретіндігімізді, сондай-ақ сүйіспеншілігіміздің дәлелі ретінде оның сүннет сәниясын қаншалықты дәрежеде күнделікті тіршілігімізде іске асырып жүргенімізді, оның көркем ахлағын қаншалықты үлгі-өнеге тұтып жүргенімізді бір ойланып, өз-өзімізбен есептескеніміз жөн болар.

***

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түнде намаз оқып болған соң былай деп дұға жасағанын естідім:

«Аллаһым! Сенен сондай бір рақымдылық тілеймін, сол арқылы жүрегіме һидаят, істеріме жүйелілік, шашыраңқылығыма жинақылық, ішкі дүниеме кәміл иман, сыртыма салих амал, амалдарыма шынайылық пен ықылас бере гөр! Разылығыңа сай бір бағыт көрсет! Бауырбасатын бір дос нәсіп ет! Мені түрлі жамандықтардан сақтап жүргейсің!

Аллаһым маған сондай бір иман, сондай бір сенім бер, одан кейін ешқандай күпірлікке (ықтималына) жай қалмасын. Сондай бір мейірім бер, сол арқылы дүниеде және ақыретте Сенің назарыңда ең жоғары саналатын мәртебеге қол жеткізейін.

Аллаһым! Біз жайында беретін үкіміңнен рақымдылығың арқылы құтылуды қалаймын. (Өзіңе жақын болуға лайық болған) шейіттерге арналған мәртебені нәсіп етуіңді тілеймін. Бақытты құлдарыңның өмірін тілеймін. Дұшпандарға қарсы жәрдеміңді тілеймін.

Аллаһым! Түсінігім шектеулі, амалым аз болса да (дүниелік және ақыреттік) мұқтаждықтарымды Өзіңнің есігіңнің алдына келіп сұрап тұрмын. Рақымдылығыңа мұқтажбын. Жағдайымды бір Өзіңе тапсырамын.

Уа, істерге үкім жүргізіп, оларды орындаушы, жүректердің қажеттіліктерін өтеп, шипа беруші Раббым! ***Теңіздердің арасын ажыратқаныңдай мені мен жәһаннамның да арасын ажыратуыңды,*** *құрдымға кетуден және қабір азабынан сақтауыңды тілеймін!*

Аллаһым! Құлдарыңның қайсы біріне берген немесе жаратқандарыңның қайсы біріне уәде еткен бір сыйың болып, оған ақыл-ойым жетпегендіктен, ниетім ұласпағандықтан сұрағандарымның тысында қалып қойған болса, уа, Әлемдердің Раббысы оған қол жеткізу үшін Өзіңе жалбарынамын. Рақымдылығың арқылы оны маған нәсіп етуіңді тілеймін!

Уа, Аллаһым! Уа, (Құран мен дін атты) қуатты жіп пен тура жолдың иесі! Кәпірлер үшін жәһаннам уәде етілген қиямет күнінде бір Өзіңнен жәһаннамнан аман қалуды, содан кейін басталатын мәңгілік күнінде Ұлы құзырыңда болатын мұқаррабин періштелеріңмен, (дүниеде жүргенде көп) рукуғ-сәжде қылғандармен және берген уәделерінде тұрғандармен бірге жәннатыңа кіруді тілеймін! Сен шексіз рақым иесісің! Сен шексіз сүйіспеншілік иесісің! Сен қалаған нәрсеңді орындайсың! (Тілеушілер қанша көп нәрсе әрі қанша үлкен нәрселер сұраса да, бұлардың барлығын орындауға күш-қуатың жетерлік).

Аллаһым! Бізді адаспаған әрі өзгелерді адастырмаған, тура жолға

түскен һидаят жол нұсқаушылары қыла гөр! Достарымызға дос, дұшпандарымызға дұшпан қыл! Сені жақсы көргендерді (саған деген) сүйіспеншілігіміз үшін жақсы көреміз. Саған қарсы шыққандарға да Сенің оларға деген әділеттілігің үшін дұшпан боламыз.

Аллаһым! Бұл – біздің жасаған дұғамыз. Мұны кеңшілік-жомарттық сипатыңмен қабыл ету Сенің билігіңде. Бұл – біздің талпынысымыз. Сүйенішіміз бір ғана Өзіңсің.

Аллаһым! Жүрегіме нұр, қабіріме нұр бер! Алдыма нұр, артыма нұр бер! Оң жағыма нұр, сол жағыма нұр бер! Үстіме нұр, астыма нұр бер! Құлағыма нұр, көзіме нұр бер! Шашыма нұр, теріме нұр бер! Етіме нұр, қаныма нұр бер! Және сүйектеріме де нұр бер!

Аллаһым нұрымды арттыр! (айтқандарымның бәрінің орнына жүретін) нұр бер, (айтқандарымды да қамтитын) бір нұр бер!

Ғиззат сипатына оранып, оны өзінің белгісі қылған Аллаһты пәктеймін! Ұлылық сипатына оранып, сондықтан да құлдарына мол ризық берген Аллаһты пәктеймін! Пәктік пен Қасиеттілік тек өзіне ғана жарасқан Аллаһты пәктеймін! Бүткіл ризық-нығметтердің иесі Аллаһты пәктеймін! Күш-қуат пен кеңшілік иесі болған Аллаһты пәктеймін! Ұлылық пен сый-сыйапат иесі болған Аллаһты пәктеймін! Ол барлық нұқсан сипаттардан пәк!» (Тирмизи, Дағауат 30/3419).

***

Бір күні бір топ адам Пайғамбарымызға келіп, жаңбырдың жаумай кеткенін, сондықтан да құрғақшылық жайлап бара жатқандығын айтып шағымданды. Сол уақытта Пайғамбарымыз мінбер әкелуді бұйырды. Ол мінбер жұма, Айт және жаназа намаздары оқылатын алаңға (мусалла) құрылды. Сөйтіп адамдардың сол жерге жиналуы үшін арнайы бір күн белгіленді. Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кеңістікте күннің қызыл шапақтары көріне бастағанда жолға шықты. Мусаллаға келіп, мінбердің үстіне отырды. Тәкбір алып, Аллаһқа хамд (мақтау) айтты да:

«Сіздер! Тұрып жатқан жерлеріңізді қуаңшылық жайлағанын, жаңбырдың уақытында жаумағанын айтып шағымдандыңыздар. Аллаһ жәллә жәләлуһу өзіне дұға жасауларыңызды әмір етті. Дұғаларыңызға жауап беретінін (яғни қабыл алатынын) уәде етуде» деді. Сосын былай дұға жасады:

«Барлық мақтау мен мадақ Әлемдердің Раббысына тән! Ол – Рахман (аса жарылқаушы) әрі Рахим (өте мейірімді). Ақырет күнінің иесі. Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол қалағанын істейді. Уа, Раббымыз! Сен – өзіңнен басқа тәңір болмаған Аллаһсың! Сен байсың, ал біз кедейміз (саған мұқтажбыз)! Төбеміздің жаңбыр жаудыра гөр! Жаудырғаныңды

біздің күш-қуатымыздың көзі қыл! Оны бізге белгілі бір уақытқа дейін жеткілікті қыл!».

Осыларды айтқаннан кейін қолдарын көтерді. Қолдарын биік көтергені соншалық қолтығының астындағы ақ жері көрінді. Сосын арқасын халық жаққа беріп, киімін теріс аударды. Бұл уақытта қолдары жоғары көтеріліп тұрған болатын. Кейін қайтадан халыққа қарай бұрылды. Мінберден түсіп, екі рәкағат намаз оқыды. Аллаһ Тағала сол уақыт арасында бұлттарын жіберді. Көк аспан күркіреп, найзағай жарқылдады. Аллаһтың қалауымен жаңбыр жауа бастады. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз мешітіне жетпей жатып-ақ жаңбырдың суы сел болып ақты. Аллаһтың Елшісі жиналып тұрған жамағаттың таса жерлерді паналау үшін асыққандарын көріп күлімсіреді де:

«Аллаһтың барлық нәрсеге күші толық жететіндігіне және Аллаһтың құлы әрі Елшісі екендігіме куәлік етемін», - деді (Әбу Дәуіт, Истисқа 2/1173).

Хазірет Пайғамбарымыз Аллаһ Тағаладан жаңбыр жаудыруын тілегенде «Истисқа намазын» оқыған және дұғасының қабыл болуы үшін нәпіл намазын «уәсилә» (дәнекер) қылған.

***

Бибі Айша анамыз былай дейді:

«Бір күні түнде оянғанымда Аллаһтың Елшісі қасымда жоқ екен. Маған басқа әйелдерінің біріне кеткен шығар деген ой келді. Қолыммен жан-жағымды сипалап қарадым. Бір кезде қолым аяғына тиді. Сол уақытта Аллаһтың Елшісінің сәжде етіп жатқанын түсіндім. Ақырын құлақ беріп тындасам, өксіп жылап, дұға жасап, жалбарынып жатыр екен:

اَللَّهُمَّ أَعُوذُ بِرِضَاكَ مِنْ سَخَطِكَ وَبِمُعَافَاتِكَ مِنْ عُقُوبَتِكَ وَأَعُوذُ بِكَ مِنْكَ
لَا أُحْصِي ثَنَاءً عَلَيْكَ أَنْتَ كَمَا أَثْنَيْتَ عَلَى نَفْسِكَ

«Аллаһым! Азабыңнан өзіңнің разылығыңа сыйынамын. Жазаландыруыңнан кешіріміңе сыйынамын! Аллаһым Өзіңнен және Өзіңе сыйынамын. Сені кәміл түрде мадақтауға сөздерім жетпейді. Сен өзіңді мадақтағандайсың!» (Мүслим, Салат 222; Тирмизи, Дағауат 75/3493).

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бәдір соғысы болатын күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүшріктерге қарады. Олар мың кісі болатын. Ал сахабалары болса, үш жүз он үш-ақ кісі еді.[78] Тез арада құбылаға қарай бұрылып,

78. *Қараңыз: Бұхари, Мағази 6; Тирмизи, Сияр 38/1598.*

қолдарын көтерді де Раббысына дауыстап, дұға қылып жалбарына бастады:

«Уа, Аллаһым! Маған берген уәдеңді орындай гөр! Аллаһым! Маған жеңіс нәсіп ет! Уа, Аллаһым! Егер мұсылмандардың осы тобын өлтіретін болсаң, бұлардан кейін жер бетінде саған құлшылық жасайтын ешкім қалмайтын болады!».

Қолдарын көтерген бойда дұға қылуын жалғастыра бергені соншалық, иығындағы шапаны жерге құлап түсті. Мұны көріп тұрған Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қасына келіп, шапанды алды да, иығына жапты. Құлағына жақындап:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Раббыңа осыншалықты жалбарынғаның жетер. Аллаһ Тағала саған берген уәдесін міндетті түрде орындайды» - деді.

Сол уақытта құдіреті күшті ұлы Аллаһ мына аят кәриманы түсірді:

«Естеріңе түсіріңдер! Сендер Раббыларыңнан жәрдем тілеп едіңдер Ол; «Мен сендерге міндетті түрде бірінің соңынан бірі ілескен мың періштемен жәрдем беремін» деп жауап беріп, дұғаларыңды қабыл алған еді ғой» (Әнфал сүресі, 9-аят).

Ұлы Аллаһ Тағала сол күні мүминдерге періштелерін жіберіп жәрдем берді» (Мүслим, Жиһад 58; Бұхари, Мағази 4).

***

Әбу Миғлақ деген бір сахаба бар еді. Ол кісі басқа адамдармен бірге ортақ болып сауда жасайтын. Өзі турашыл әрі тақуа кісі болатын. Бір күні ол сапарға шығады. Жолда келе жатқанында алдынан қару асынған бір қарақшы шығып:

– Қандай мүлкің бар? Барлығын шығар, әйтпесе сені өлтіремін! - деді. Әбу Миғлақ:

– Ниетің малымды алу болса, ал! - деді. Қарақшы:

– Мен тек сенің жаныңды ғана алуды қалаймын, - деді. Әбу Миғлақ:

– Олай болса, екі рәкағат намаз оқуыма мұрсат бер, - деді. Қарақшы:

– Қалағаныңша оқы! - деді. Әбу Миғлақ намазын оқып болып былай деп дұға жасады:

يَا وَدُودُ يَا ذَاالْعَرْشِ الْمَجِيد يَا فَعَّالاً لِمَا يُرِيدُ أَسْأَلُكَ بِعِزَّتِكَ الَّتِي
لاَ تُرَامُ وَمُلْكِكَ الَّذِي لاَ يُضَامُ وَبِنُورِكَ الَّذِي مَلأَ أَرْكَانَ عَرْشِكَ
أَنْ تَكْفِيَنِي شَرَّ هَذَا ﴿اللِّصِّ﴾ يَا مُغِيثُ أَغِثْنِي

«Уа, көңілдердің сүйіктісі! Уа, ұлы Арштың Иесі! Уа, қалаған нәрсесін істеуші! Ұласылмайтын ғиззаттыңның, қол жетпейтін билігіңнің және Аршыңды жарыққа толтырған нұрыңның құрметіне мені мына қарақшының жамандығынан қорғауыңды сұраймын! Уа, көмек сұрағандарға көмек қолын ұзатушы Аллаһым! Мені құтқара гөр!»

Әбу Миғлақ бұл дұғаны үш рет қайталап айтты. Дұғасын аяқтар-аяқтамас бір атты жауынгер пайда болды да, қарақшыны өлтірді.

Аллаһтың жәрдемінің арқасында құтылған сахаба әлгі атты жауынгерге:

– Аллаһ сен арқылы маған жәрдем берді! Сен кімсің? - деп сұрады.

Атты жауынгер:

– Мен төртінші қабат көктің тұрғынымын. Бірінші дұғаңды сұрағанда көк аспанның қақпаларының сықырлағанын естідім. Екінші рет дұға жасағаныңда, көк аспан тұрғындарының айқай шуын естідім. Үшінші мәрте дұға жасағаныңда «Қиындыққа душар болған бір адам дұға қылып жатыр» дегенді естідім. Осыны естіген соң Аллаһтан қарақшыны өлтіру үшін мені жіберуін сұрадым. Аллаһ Тағала тілегімді қабыл алды. Сосын келдім. Мынаны біліп жүр: дәрет алып сосын төрт рәкағат намаз оқыған кісі осы дұғаны айтса қиындыққа душар болсын, мейлі болмасын дұғасы қабыл болады» деді (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 182).

***

Әйел сахабалардың бірі Үммү Сәләмә анамыздан (радиаллаһу аңһа):

– Ей, мүминдердің анасы! Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сіздің жаныңызда жүргенде қай дұғаны көп оқитын еді? - деп сұрады. Сонда ол:

Көбінесе:

يَا مُقَلِّبَ الْقُلُوبِ ثَبِّتْ قَلْبِي عَلَى دِينِكَ

«Уа, жүректерді әр түрлі халге өзгертуші Аллаһым! Менің жүрегімді дініңде тұрақты қыл!» деп дұға етуші еді» деп жауап берді (Тирмизи, Дағауат 89/3522; Ахмед IV, 182, VI, 91).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетінің тура жолға түсуі үшін көп дұға жасайтын. Йемен халқының һидаятқа (тура жолға) келулері үшін *«Аллаһым! Олардың көңілдерін біз жаққа бұр!»* (Тирмизи, Мәнақиб 71/ 3934) деп дұға қылған. Өзін жұрттарынан таспен борандатып атқылап, әр түрлі зорлық көрсету арқылы қуып шығарған, сондай-ақ хижри тоғызыншы жылға дейін берілмей қарсыласып, мұсылмандарға

үлкен зарар келтірген тайыфтықтарға *«Уа, Раббым! Сақиф руына һидаят бере гөр! Оларды қатарымызға қос!»* деп Ұлы Аллаһқа жалбарынып дұға еткен (Ибн Һишам IV, 134; Тирмизи, Мәнақиб 73/ 3942).

Сондай-ақ, әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Алиді Йеменге қазылық ететін қазы ретінде жіберер кезде мойнына алған міндетінің жауапкершілігінен қобалжып тұрған немере інісінің көкірегіне қолын қойып:

«Аллаһым! Мұның жүрегін туралыққа, һидаятқа бастай гөр! Тілін ақиқатты айтуда берік қыл!» деп дұға етеді.

Хазірет Али былай дейді:

«Сол дұғадан кейін екі кісі арасында үкім бергенде ешқашан екі ұшты ой арасында қалмадым» (Ибн Мәжә, Ахкам 1).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қажылық барысында «уақфа» парызын орындап тұрғанда бір қолымен түйесінің тізгінін ұстап, келесі қолын жоғары көтеріп, ұзақ уақыт мәнді де мағыналы дұға жасады. Осы бір тамаша дұғадан үзінді келтіре кетсек:

«Уа, Аллаһым! Өзіңнің бұйырғаның тәрізді және біздің айтқандарымыздан да мың есе жоғары дәрежеде Саған хамд-мақтаулар болсын! Уа, Аллаһым! Менің намазым, құлшылығым, өмірім мен өлімім бір өзің үшін ғана! Қайтар жағым тек Сен жақ!

Уа, Аллаһым! Қабір азабынан, көңіліме сыбырлаған уәсуәсәләрдан, істермінің жүйесіздігінен бір өзіңе сыйынамын! Уа, Аллаһым! Жел-боран пәлекетінің жамандығынан өзіңе сыйынамын!

Уа, Аллаһым! Көзіме нұр, құлағыма нұр, жүрегіме нұр бере гөр! Уа, Аллаһым! Көкірегіме кеңдік бер! Істеріме жеңілдік бер! Уа, Аллаһым! Деннің саулығының ауруға айналуынан, табан астында келетін азабыңнан және бүткіл ашу-ызаңнан Өзіңе сыйынамын! Уа, Аллаһым! Мені тура жолға сал! Өткен және келешектегі күнәларымды кеше гөр!

Уа, дәрежелерді жоғарлатушы, (көктен) берекет түсіруші, уа, көк пен жерді жаратқан Аллаһым! Дауыстар әр түрлі тілде Саған қарай көтерілуде, Сенен өтініш-тілектер сұрауда. Менің тілегім: дүние түрғындарының мені естерінен шығарған мына сынақ дүниесінде сен мені есіңе ал!

Уа, Аллаһым! Сен сөздерімді естудесің, тұрған жерімді көрудесің, ашық-жасырын барлық әрекеттерімді білудесің. Әрекетерімнің ешқайсысы Саған жасырын емес. Мен шарасызбын, мұқтажбын! Сенен жәрдем, басыма амандық тілеймін! Қорқып тұрмын, күнәларымды мойындаймын! Шарасыз бір құлың Сенен қалай сұраса, мен де солай сұраймын.

Қорланған бір күнәһар құлың Саған қалай жалбарынса, мен де солай жалбарынамын. Сенің ұлы құзырыңда басын иген, Сен үшін көз жасын ағызған, Сенің жолыңда барлық дүниесін пида қылған, Сенің разылығың үшін жүзін топыраққа сүрген бір құлың Саған қалай дұға етсе, мен де солай дұға етемін! Уа, Раббым! Мені дұғамның қабыл болуынан мақрұм ете гөрме! Уа, өзінен тілек тілеушілердің ең қайырлысы мен қайырымдылық жасаушылардың ең жомарты! Маған Рауф (рақымды) және Рахим (мейірімді) бол!».[79]

Бұл – ешқандай күнәсы болмаған Аллаһтың Елшісінің Ұлы Раббысының құзырында ішкі жан-дүниесімен беріле жасаған шынайы, мәнді де мағыналы дұғасы еді.

***

Сәләфус-Салихиннің Арафатта жасаған дұғаларынан үзінді:

«Раббым! Сенің алдыңда кім өзін мақтай алмақ? Раббым! Тілім күнәлардың шырмауына оралумен қатар, менің Саған уәсилә (себеп) қылатын мардымды амалым да, рақымыңды тілеуден басқа шапағатшым да жоқ. Раббым! Білемін, істеген күнәларымның себебінен құзырыңда айтарлықтай дәрежем де, Сенен кешірім тілейтіндей жүзім де жоқ. Алайда, Сен жарылқаушылардың ең жарылқаушысысың! Раббым! Мен Сенің рақымшылығыңа лайық болмасам да, рақымдылығың маған жетуде. Өйткені, Сенің рақымың барлық нәрсені қамтитындай дәрежеде кеңшілік иесісің! Раббым! Менің күнәларым қаншалықты үлкен болса да, Сенің кешіріміңнің қасында кішкентай болып қалады. Сен оларды кешіре гөр, уа, жарылқаушы Ием Аллаһым!

Раббым! Сен тек мойынсұнғыш құлдарыңды ғана жарылқасаң, күнәһар құлдарың кімге барып сыйынбақ? Раббым! Сен тек тақуа құлдарыңды ғана рақымыңа бөлеп, оларға мейірім-шапағатыңды түсірсең, күнәһар құлдарың кімнен жәрдем сұрамақ?

Мен Саған әруақыт мұқтажбын! Ал Сен маған ешқандай мұқтаж емессің! Жаратушым ретінде тек бір Өзің ғана мені кешіре алмақсың! Мені осы тұрған жерімнен бүткіл қажеттіліктерім өтелген, дұғаларым қабыл болған, тілектерім орындалған күйде қайтара гөр!

Уа, сұрағандардардың қажеттіліктеріне иелік етуші Аллаһым! Уа, үнсіздердің іштерінен не ойлағанын білуші Аллаһым! Уа, өзінен басқа жәрдем тілейтін ешқандай тәңір болмаған Аллаһым! Уа, өзінен басқа қорқылатын ешқандай жаратушы жоқ Аллаһым! Уа, жанына баратын уәзірі, пара берілетін күзетшісі жоқ Аллаһым! Уа, дұға-тілектер көбейген

79. *Қараңыз: Ибн Кәсир, әл-Бидая V, 166-168; Хайсами III, 252; ибн Қайюм, Задул-Мағад, Бейрут 1995, II, 237.*

сайын жомарттығы асып-таситын Аллаһым! Мұқтаждықтар көбейген сайын қайырымдылығы асып-таситын Аллаһым! Уа, Аллаһым! Сен барлық қонақты күтесің! Біз де Сенің қонағыңбыз! Бізді де жәннатыңа қонақ қыл!

Уа, Аллаһым! Әрбір керуенге сыйлық, сұраған әрбір кісіге теңге беріледі. Келген әрбір зиярат етушіге де сый-сияпат көрсетіледі. Сауап үміт еткен әрбір кісіге де сауап беріледі. Біз топ болып Сенің Бәйтүл-Харамыңа қасиетті үйіңе келдік. Мына үлкен құлшылық алаңында уақфа жасадық. Ғибадат ниетімен анау мүбәрак жерлерде болдық. Бар үмітіміз ұлы құзырыңдағы сауап пен сый-сияпатқа қол жеткізу! Үмітімізді босқа кетіре көрме, Аллаһым!».[80]

***

Әбу Умама (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірнеше дұға оқыды. Бірақ біз олардың ешқайсысын жаттай алмадық. Сол себептен де:

– Уа, Расулаллаһ! Көп дұға оқыдыңыз. Біз оларды есімізде сақтап қала алмадық, - дедік. Сол кезде Ардақты елші былай деді:

– Сендерге сол дұғалардың барлығын қамтитын бір дұға үйретейін бе? Былай деп дұға қылыңдар:

اَللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ مِنْ خَيْرِ مَا سَأَلَكَ مِنْهُ نَبِيُّكَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
وَنَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا اسْتَعَاذَكَ مِنْهُ نَبِيُّكَ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
وَأَنْتَ الْمُسْتَعَانُ وَعَلَيْكَ الْبَلاَغُ وَلاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللهِ

«Аллаһым! Сенен Пайғамбарың Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұраған жақсылықтарды сұраймыз. Пайғамбарың Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Саған сыйынған жамандықтардан біз де Саған сыйынамыз. Жәрдем тілейтініміз бір Өзің ғанасың! Адамдарды бұл дүниеде және ақыретте асыл арманына жеткізетін де бір Өзіңсің. Күнәдан құтылатын күш пенен құлшылық қылатын қуатқа бір Аллаһтың жәрдемімен ғана қол жеткізу мүмкін» (Тирмизи, Дағауат 88/3521).

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) халсіз жатқан бір сырқаттың көңілін сұрап барды. Оған:

– *Аллаһтан бірнәрсе үшін дұға қылатын ба едің немесе Одан бірнәрсе*

80. Қараңыз: Ғазали, Ихияу-Улумуд-Дин, Бейрут 1990, I, 337-338; Байхақи, Шуғабул-Иман II, 25-26.

сұраушы едің ба? - деп сұрады. Науқас адам:

– Иә, «Аллаһым маған ақыретте беретін жазаңды осы дүниеде көрсете гөр!» деп дұға қылушы едім» - деді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– *Субханаллаһ! Сен бұған шыдай алмайсың ғой. Оданда:*

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَ فِي الآخِرَةِ حَسَنَةً وَ قِنَا عَذَابَ النَّار

«...Раббымыз! Бізге осы дүниеде де, ақыретте де жақсылық бере гөр! Сондай-ақ, бізді жәһәннам отынан сақта!» (Бақара сүресі, 201-аят) *деп дұға қылсаң болмас па еді?»* деді.

Осыдан кейін әлгі сырқат кісі Пайғамбарымыз үйреткен дұғаны оқыды да, сырқатынан айықты (Мүслим, Зикр 23; Тирмизи, Дағауат 71/3487).

Дұға жасағанда Аллаһ Тағаладан сұрайтын нәрсемізді бір ойланып, дұға жасаудың әдептерін ескергеніміз жөн. Жаратушы Иемізден әрдайым жақсылық, амандық-есендік тілеп жүруіміз керек.

***

Хазірет Али радиаллаһу анһудан риуаят етілген бір хадисте мүкәтап (қожайынымен келісім-шартқа отырған) бір құл келіп одан:

– Қарызымды өтеуге еш мүмкіншілігім жоқ, маған жәрдем ет, - деп көмек сұрады. Ол:

– Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған үйреткен бір дұғасын саған да үйретейін бе? Бұл дұғаны әрдайым тастамай айтып жүрсең, мойныңда Сәбір тауындай қарыз болса да, Аллаһ Тағала оны өтеуіңе жәрдем береді, - деді де дұғаны оқыды.

اَللَّهُمَّ اكْفِنِي بِحَلاَلِكَ عَنْ حَرَامِكَ واغْنِنِي بِفَضْلِكَ عَمَّنْ سِوَاكَ

«Аллаһым! Маған халал ризық нәсіп етіп, харам нәрселерден сақтағайсың! Мырзалығың арқылы Өзіңнен басқаға мұқтаж ете гөрме!» (Тирмизи, Дағауат 110/3563).

***

1389 жылы 8 тамызда Сұлтан I Мұрат Һудавендигар Косова жеріне аяқ басқанда жерден шаң-тозаң көтеріліп, қатты боран соғады. Тосыннан соққан боран айналаның астаң-кестеңін шығарады. Адам жанындағысын көре алмайтындай жағдайға түседі. Ол түн – «Бәрағат түні» болатын. Хан Мұрат екі рәкағат намаз оқып, артынан көзінен жас аққан күйде былай деп дұға жасайды:

«Уа, Раббым! Дауыл тұрып, боран соғып ауа-райының күрт бұзылуы,

мына әлсіз құлың Мұраттың істеген күнәларының себебінен болған болса, оның кесірінен кінәсіз әскерімді жазаландыра гөрме!.. Аллаһым! Олар жұрттарынан осы жерге дейін тек Сенің ұлы есіміңді ұлықтап, Исламды жаю үшін ғана келді.

Раббым! Осы уақытқа дейін мені жеңістерден мақұрым қылмадың. Әрқашан дұғаларымды қабыл еттің. Бұл жолы да өзіңе сыйынып дұға қылудамын, дұғамды қабыл алғайсың. Жаңбыр жаудырып, мына дауылшаңды басуыңды сұраймын. Осылайша, дұшпан әскерін анық көріп, бетпе-бет күресейік!

Уа, Раббым! Билік те, мына құлың да Өзіңдікі. Мен бір әлсіз құлыңмын. Менің ниетім мен ішкі сырларым бір өзіңе ғана аян. Билік пен дүние мүлік әсте мақсатым емес. Мен тек Сенің разылығыңды ғана қалаймын.

Уа, Раббым! Мына мұмин әскерге кәпірлердің қолынан жеңіліс беріп, жоя көрме. Оларға сондай бір жеңіс нәсіп ет, сол жеңіс күллі мұсылман шат-шадыман тойлайтын мереке-мейрам болсын! ***Қаласаң құлың Мұрат, яғни мына мен сол мереке күннің құрбаны болайын!***

Уа, Раббым! Осыншама әскердің жойылуына мені себеп қыла көрме! Оларға жәрдем беріп, жеңіс нәсіп ет! Олар үшін мен жанымды пида қыламын, Сен мені шәһидтер тобына қабыл етсең болғаны. Ислам әскері үшін жанымды беруге разымын... Мені жауынгер қылдың. Әйтеуір соңында кеңшілігіңмен, жомарттығыңмен шәһидтік мәртебесіне лайық қылғайсың!.. Әмин!».

Сұлтан ішкі жан-дүниесімен дұға қылып, мінәжәт етіп болған соң, көңілі тынышталған күйде Құран Кәрім оқуға кірісті. Көп уақыт өтпестен-ақ рақымдылық бұлттары пайда болып, Косова майданына жаңбыр жауа бастады. Жел тоқтап, шаң басылды...

Осындай иләһи көріністерден кейін дұшпанға қарай шабуыл жасалды. Сегіз сағатқа созылған соғыс мұсылмандардың жеңісімен аяқталды.

Хан Мұрат соғыс біткен соң майдан алаңында жатқан жаралылар мен шәһидтердің арасында жүргенін кезде өліп жатқан жау әскерлерінің ішінен бір сербиялық әскер орнынан тұрып:

«Мені жіберіңдер, Падишахтың қолын сүйіп, мұсылман боламын» - деді. Жаралысымақ болып көрінген сербиялық әскер Сұлтанның қолын сүйетін сияқты кейіп танытып, қолтығының астында жасырулы тұрған қанжарын суырып алды да Падишахтың көкірегіне қадады. Сол жерде шәһидтік шәрбәтын татқан Хан Мұраттың дұғасы толықтай қабыл болды...

***

Қысқасы, дұға – құлшылық пен ғибадаттың мәнді мәйегі. Себебі, Аллаһ Тағала жақсы көретін нәрселердің бірі – құлының өз әлсіздігін

сезіне отырып, қол жайған бойда Раббысына дұға қылып, мінәжәт етуі. Сондықтан, Аллаһ Тағала дұға қылуды қажетсінбейтін, өзінен ешнәрсе сұрамайтын құлдарын азапқа душар етеді.

Осыған орай аятта былай делінген:

«(Уа, Елшім!) Оларға айт: Егер сендердің құлшылықтарың мен дұға-мінәжәттарың болмаса, Раббым сендерді қалайша бағаласын!..» (Фұрқан сүресі, 77-аят).

Дұға – мейірім есіктерінің кілті, мүминнің қаруы, діннің тірегі, көк пен жердің нұры. Кімге дұғаның есіктері ашылған болса, оған қайыр (жақсылық), хикмет және мейірім есіктері ашылды деген сөз. Қиын-қыстау, ауыр күндерде дұғасының қабыл болуын қалайтын кісі, басының аман-сау күнінде де әрдайым дұға қылып жүру керек екендігін ұмытпағаны жөн. Асқақ рухты кісілер әрдайым дұға жасап жүретін болған.

Г) ХҰШУҒ

Хұшуғ сөзінің мағынасы – жүректің Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен қорқыныш сезімдерімен толып-тасуы және осы сезімдер арқылы дене мүшелерінің тыныштық табуы деген мағынаға саяды.

Хұшуғ негізінің жүректе, ал көріністерінің денеде болуы тұрғысынан екі тұғырлы болып келеді. Жүрекке қатысты жағы – Аллаһтың ұлылығы мен құдіретінің алдында өзіңнің түкке тұрмайтындығыңды түсініп, нәпсіңді Оның әміріне мойынсұнғызу. Өзіңді Оның ұлы құзырында тұрғандай сезініп, әдептілік сақтау, тағзым ету, құрмет көрсету. Сыртқы көрінісі – дене мүшелерінің осы сезімдердің әсерімен қажетсіз бос қимыл жасамай, тыныш тұруы. Мысалы, намазда тұрғанда көздің жан-жаққа емес, алдына яғни сәжде қылатын жерге қарап тұруы секілді...

Өмір мен ғиабадаттарды хұшуғ сезімімен өткізудің ең өнегелі де көрнекті мысалдарын Хазірет Пайғамбарымыз (с.а.у.) бен ардақты сахабалардың ұлағатты өмір жолдарынан байқауға болады. Өмірінің ешқандай сәтін ақырет ақиқатынан бөле-жара қарамаған Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғибадат қылғанда бейне соңғы демді алып тұрғандай күйде болудың қажеттігіне баса назар аударған.

Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сахаба келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Маған үгіт-насихат айтыңызшы! Бірақ, қысқа әрі нұсқа болсын! - деді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Намазыңды өмірмен қош айтысып тұрған кісінің намазындай етіп

оқы! Кешірім сұрататын сөз айтпа! Адамдардың мүлкіне көзіңді салма!» - деді (Ибн Мәжә, Зүһд 15; Ахмед V, 412).

Құлшылық көңіл көзің ояу әрі хұшуғ әрі тәфәккүрмен орындалғанда ғана мәнді, мағыналы болмақ. Ардақты сахабалар мен олардың ізімен жүрген салих мүминдердің ең айрықша ерекшеліктерінің бірі де осы рухани деңгейге қол жеткізулері еді. Сондай-ақ, Абдуллаһ бин Масғуд (радиаллаһу анһу) достарына былай дейтін болған:

– *Сендер сахабалардан да көп намаз оқисыңдар, әрі олардан көп күш-қайрат жұмсайсыңдар. Бірақ, олар сендерден әлде қайда артық». Оған:*

– *Олар қандай ерекшеліктерімен бізден артық саналады? - дегенде:*

– *Олар сендерге қарағанда көбірек дүниеден алыс, көбірек ақыретке жақын жүретін, - деді* (Ибнул-Жаузи, Сифатус-Сафуа, Бейрут 1979, I, 420).

Намазды хұшуғпен оқудың маңызы өте зор. Өйткені, құлды құтылуға апаратын жол хұшуғ қақпасынан өту арқылы іске асады. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Мүминун сүресінде:

«Күмәнсіз мүминдер құтылды. Олар намаздарында хұшуғпен тұрады» (Мүминун сүресі, 1-2 аяттар) деп бұйырған.

Сонымен қатар, Пайғамбарымыз да пендеге намазына қаншалықты маңыз бөлгеніне қарай мәміле жасалатынын айтқан:

«Адам намазын оқиды. Бірақ, өзіне оқыған намазының тек онда бірі, тоғызда бірі, сегізде бірі, жетіде бірі, алтыда бірі, бесте бірі, төртте бірі, үште бірі немесе жартысы ғана жазылады» (Әбу Дәуіт, Салат 123-124/796).

Яғни, әрбір құлға хұшуғпен (шын ықыласпен) оқыған намазының ғана сауабы жазылады.

Аллаһ Тағала келесі бір аятында намазды хұшуғпен оқудың қалай іске асатындығын былай деп түсіндірген: **«Сабырлық етумен және намаз оқу арқылы Аллаһтан жәрдем сұраңдар. Күмәнсіз ол (намаз) хұшуғ иелерінен басқаларға өте ауыр соғады. Сондай-ақ, олар Раббыларына қауышатындарына және оған қайтатындарына кіршіксіз иман келтіреді»** (Бақара сүресі, 45-46 аяттар).

Яғни, намазды «күмәнсіз бір күні Раббымның құзырына барамын», «қайткен күнде де Оған қайтып, есеп беремін» деген сезіммен оқыған кісі шынайы хұшуғ халіне жеткен болып табылады.

Адамның намаздағы хұшуғ халі әрдайым жалғасып тұратын болса, бұл бірте-бірте оның бүткіл өміріне, өмірінің әрбір белестеріне тарқайды. Осы орайда Хазірет Мәулана құддиса сирруһ **«Олар намаздарын әрдайым оқиды»** (Мағариж сүресі, 23-аят) деген аятты меңзей келе: *«Намаздан кейінгі халдің де намаздағы сияқты болып жалғасуы»* деп

түсініктеме берген.

Мұндай халге жету үшін шынайы ықыласпен әрі жан-дүниемізбен Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көркем ахлағынан несібе ала отырып және сол сияқты болуға, оған ұқсап бағуға тырысуымыз қажет. Өйткені, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«...Аллаһ Тағала хұшуғ сезімі күшті, мұңды да рақымды, әрі адамдарға жақсылықты үйретіп, Өзіне мойынсұнуға шақыратын әрбір жүрек иесін сүйеді. Ал тастай қатты, бос істермен әурешіл, рухының өзіне қайтып беріліп-берілмейтінін білмейтін бүкіл түнін ұйқымен өткізетін және Аллаһты өте аз еске алатын әрбір жүрек иесін жек көреді» (Дәйләми I, 158).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Абдуллаһ бин Шыххир (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың хұшуғ сезімін былайша баяндайды:

«Бір күні Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанына барғанымда ол намаз оқып отыр екен. Намазда жылап тұрғаны соншалық, көкірегінен қайнаған қазанның даусындай дауыс шығып жатты» (Әбу Дәуіт, Салат 156-157/904; Ахмед IV, 25, 26).

Намаздың фиқһ үкімдеріне көңіл бөлу керек, бұл өте маңызды. Мұнымен қоса, хадисте баяндалғанындай оның рухани жағына да үлкен мән беруіміз қажет. Фиқһ дәрет пен тазалану арқылы құлды намазға дайындайтын болса, ал жүрек тазалығы, яғни хұшуғ мүминді тыныштыққа, Аллаһтың хикметтерін ойлануға және «иләһи услатқа» жеткізеді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазды хұшуғпен және Ұлы Аллаға жалбарынған күйде оқудың қажеттілігін мына сөздерімен жеткізген:

«Намаз екі рәкағаттан оқылады. Әрбір екі рәкағаттан кейін бір тәшәһһүд (отырыс) бар. Намаз – хұшуғты сезіну, Аллаһтың алдында кішірею, әлсіздік пен дәрменсіздікті сыртқа көрсету. (Намазды аяқтаған соң) алақаныңды жүзіңе қаратқан күйде Ұлы Раббыңа қолдарыңды жаясың да: «Уа, Раббым! Уа, Раббым!» деп жалбарынасың. Кім бұлай істемесе, оның намазы кем болады» (Тирмизи, Салат 166/385).

***

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) былай дейді:

Бір күні Әбу Жәһм (радиаллаһу анһу) Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ою-өрнегі бар нақышталған жұқа шапан сыйлады.

Расулуллаһ сол шапанды киіп намаз оқыды. Намазын бітірген соң:

«Мына шапанды Әбу Жәһмге қайтарып бер! Намазда көздерім оюларына шағылыса берді. Сәл болмағанда ойымды бөле жаздады», - деді (Муатта, Салат 67; Бұхари, Салат 14).

***

Қоштасу қажылығында Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне қажылықтың рүкіндерін өз іс-әрекеттері арқылы үйреткен болатын. Сонымен қатар, қажылықты да басқа ғибадаттар сияқты хұшуғпен орындау керек екендігіне аса мән берген:

Арапа күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) (Арафаттан Муздалифаға қарай) қайтып келе жатты. Арт жақтан баз-біреулердің бақырып-шақырығанын, түйесін ұрғанын және түйелердің өкірген даусын естіді. Сосын оларға аса таяғымен белгі беріп тұрып:

«Уа, Адамдар! Асықпаңдар! Асығыстық жасап сауаб ала алмайсыңдар», - деді (Бұхари, Хаж 94; Мүслим, Хаж 268).

***

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) былай деп риуаят етеді:

Пайғамбарымыз намазда сақалымен ойнап тұрған бір кісіні көрді. Сосын ол жайында:

«Егер жүрегі тыныш тұрса, дене мүшелері де тыныш тұратын еді». - деді (Али әл-Муттақи VIII, 197/22530).

***

Бибі Айшаның риуаяты бойынша оның анасы Үммү Руман былай деген екен:

Намаз оқып жатып, оңға солға жалтақтап тұрдым. Әбу Бәкір мұнымды көргенде қатты сөкті, сәл болмағанда намазымды бұзып жіберетін едім. Сосын ол маған былай деді:

Расулуллаһ мырзамыз былай деп бұйырған:

«Кімде-кім намазға тұрғанда барлық жері тыныш, хұшуғпен тұрсын. Яһудилер секілді теңселмесін. Өйткені, намазда дене мүшелерінің тыныш тұруы, намазды толықтыратын жайттар болып саналады».[81]

***

Хазірет Сүлеймен аләйһис-сәләм өзіне үлкен билік пен байлықтың берілгеніне қарамастан, әрдайым хұшуғ иесі болған және ол кішіпейіл, қарапайым құл сияқты өмір сүріп, жүрегін дүниелік нәрселерден алыс

81. Алуси, Рухуль-Мағани, Бейрут XVIII, 3.

ұстай білген. Оның осы бір ерешелігіне назар аудару үшін ол жайында былай делінген екен.:

«Сүлеймен аләйһис-сәләм өзіне берілген билік пен байлыққа қарамастан, Аллаһқа деген хұшуғ сезімінен (құрметінен) дүниеден өткенше басын аспанға көтермеген».[82]

***

Абдуллаһ бин Әбу Бәкір (радиаллаһу анһума) былай дейді:

«Әбу Талха бақшасында намаз оқып жатқанда Дубси атты бір құс бақшаның сыртына шықпақ болып ұшып жүрді. Құс шығатын жер таппай олай да, былай да ұшты. Әбу Талханың көңілі құсқа ауып, сәл уақыт оған қарап тұрды. Кейін ойын намазға бұрып ары қарай жалғастырмақ болды. Бірақ, қанша рәкағат оқығанын ұмытып қалды. Мына дүние-мүлкім фитнәға себеп болды, хұшуғ халімді бұзды деп Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келді де, басынан өткен жағдайын айтып берді. Сосын:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына дүниемді Аллаһ үшін садақа қылдым. Бұларды қалауыңызша қолдансаңыз да, қалаған жеріңізге берсеңіз де болады» деді (Муатта, Салат 69).

***

Ардақты сахабалардың намаздағы хұшуғ халдеріне мысал болатын мына бір оқиға қандай керемет десеңізші:

Пайғамбарымыз бір жорықтан Мәдинаға қайтып келе жатып бір жерге қонуға тоқтаған еді. Сахабаларына бұрылып:

– Бүгін түнде бізді кім күзетеді? - деді.

Мұһажирлерден Аммар бин Ясир мен Ансарлықтардан Аббад бин Бишр дереу орындарынан тұрып:

– Біз күзетеміз, уа, Расулаллаһ! - деді.

Аббад (радиаллаһу анһу) Аммардан:

– Сен түннің қай бөлімінде; басында күзеткің келеді ме, әлде соңында ма? - деп сұрады. Аммар (радиаллаһу анһу):

– Соң бөлімінде күзеткім келеді, - деді. Сөйтіп, Аммар оң жағымен жатқан бойда ұйықтап кетті. Аббад намаз оқи бастайды. Сол уақытта бір мүшрик шыға келіп, қарайып түрегеп тұрған бірнәрсені көреді де, оның күзетші екенін аңғарады. Сосын дереу қорамсабынан оқ суырып алады да садағымен тартып жіберді. Садақтың оғы Аббадқа дәл тиді. Аббад оқты суырып тастады да намазын жалғастыра берді. Әлгі мүшрик екінші,

82. *Ибн Әби Шәйбә, әл-Мусаннаф, Бейрут Дарул-Фикр 1989, VIII, 1187.*

үшінші мәрте садағымен оқ атып, тағы да дәл тигізді. Аббад (радиаллаһу анһу) әр оқ тиген сайын орнында тіп-тік тұрған бойда оқтарды суырып тастап, намазын оқи берді. Сөйтіп, сәждеге барды. Сәлем беріп намазын аяқтаған соң Аммарды оятып:

– Тұр! Мен жараландым! - деді.

Аммар орнынан атып тұрды. Мүшрик оларға қарап, өзін байқап қойғандарын түсінді де қашып кетті. Аммар Аббадтың қансырап жатқанын көріп:

– Субханаллаһ! Бірінші оқ тигенде-ақ неге мені оятпадың? - деді. Сол кезде Аббад намазға деген сүйіспеншілігі мен құштарлығына, ғибадаттағы керемет хұшуғ халіне дәлел болатын мынадай тамаша жауап қайырды:

– Бір сүрені оқып жатқан едім, оны бітірместен намазымды бұзуды қаламадым. Бірақ, оқтар бірінен соң бірі тигендіктен, қырағатты доғарып рукуғқа бардым. Аллаһқа ант етейін, Аллаһтың Елшісі қорғауға әмір еткен мына мекеннен айырылып қалу қаупі болмағанда, сүрені бітірмей жатып намазды бөлгеннен гөрі өлгенім артық еді (Әбу Дәуіт, Таһарат 78/198; Ахмед III, 344; ибн Һишам III, 219; Уақиди I, 397).

***

Хазірет Әбу Бәкірдің қызы Әсмадан немересі Абдуллаһ:

– Әже! Хазірет Пайғамбардың сахабалары Құран тыңдаған уақыттарында қандай күйде болатын еді? - деп сұрады.

Әсма (радиаллаһу анһа) оған:

– Дәл Құран Кәрімде баяндалғандай көздерінен жас ағып, денелері түршігіп, қалтыраушы еді, - деп жауап берді (Бәйхақи, Шуғабул-Иман II, 365).

Аллаһ Тағала хұшуғпен Құран оқитын құлдарын былай деп суреттейді: «(Құран оқылған сәтте) **жылаған күйде маңдайларымен сәждеге жығылады. Құран олардың хұшуғ сезімдерін арттырады»** (Исра сүресі, 109-аят).

«...Раббыларынан қорқатындардың мына Кітаптың әсерінен денелері түршігеді. Сәлден соң олардың тәндері мен көңілдері Аллаһтың зікіріне үйреніп, жұмсарады...» (Зумар сүресі, 23-аят).

***

Соғыстың бірінде Хазірет Алидің (радиаллаһу анһу) аяғына садақтың оғы қадалған еді. Жарақат алған жері сыздап ауыртып, оқты суыртқызбай қояды. Хазірет Али (радиаллаһу анһу) сахабаларға:

– Мен намаз оқиын. Сендер сол кезде суырып алыңдар! - деді.

Сахабалар оның айтқанындай етіп жасаған еді, қадалып тұрған оқты оп-оңай суырып алды. Хазірет Али сәлем беріп, намазын бітірген соң олардан:

– Не істедіңдер? - деп сұрады.

Олар:

– Оқты суырып алдық!.. - деп жауап берді.

***

Уайсал Қараниден анасы:

– Ұлым! Түні бойы таңға дейін қалай ғибадат жасай аласың? Бұған қалай төзімің жетеді? - деп сұрады.

Аллаһтың әулие құлы Уайсал Қарани:

– Уа, менің ардақты анам! Ғибадатымды бар ынта-ықыласыммен орындаймын. Жүрегімнің хұшуғ (ықылас) сезімімен кеңейетіні соңшалық, шаршау дегенді ұмытып, дүниеден және әр түрлі хайуани сезімдерден байланысым үзіледі. Бір қарасам, таң атып қойған болады! - деді.

– Уа, Уайс! Хұшуғ халі деген не?

– Хұшуғ – денеге найза қадалса да, рухтың одан хабары болмауы, - деп жауап береді.

***

Тағы да бір деректер бойынша Хазірет Зәйнәлабидиннің дәрет алу үшін орнынан тұрғанда түрі бозарып кетеді екен. Намазға бастайтын кезде де аяқтары дірілдейді екен. Мұның себебін сұраған кісілерге:

– Кімнің құзырында тұратынымнан хабарларың жоқ па?! - деп жауап берген екен (Әбу Нуғайм, Хиля III, 133).

Бір күні ол намаз оқып тұрғанда үйінен өрт шығыпты. Бірақ, оның өрттен хабары жоқ еді. Сәлем беріп намазын аяқтағанда оған үйінен өрт шыққанын айтады. Сосын одан:

– Үйіңіз жанып жатса да, оны қалай сезбедіңіз? - деп сұрады.

Хазірет Зәйнәлабидин:

– Адамдарды күтіп тұрған ақыреттегі үлкен өрт маған дүниедегі кішкене өртті сездірмеді, - деп жауап берді.

***

Мүслим бин Ясардың намаз оқығандағы жай-күйі дәл осындай болатын. Ол Басрадағы бір мешітте намаз оқып жатқан еді. Сол уақытта мешіт дүмп етіп құлап түсті. Бірақ, Мүслим бин Ясар бұл жайттан хабарсыз намазын жалғастырып жатты. Сәлем беріп намазын бітіргенде

жанына бір топ адам келіп:

– Мешіт жығылып, быт-шыт болды. Ал сен орныңнан қылт етіп қозғалмадың? Бұл недеген хал өзі? - деп сұрады.

Ол болса, аң-таң болған күйде:

– Мешіт жығылды ма? - деп намаз оқып жатқанда ешнәрсе сезбегендігін айтты.

***

Аллаһтың бір әулие құлы былай дейді:

«Хазірет Зуннун Мысридың артында тұрып Асыр намазын оқыдым. Ол «Аллаһу әкбар» деген уақытта «Аллаһ» сөзінің оған әсер еткені соншалық, жаны тұла бойынан үшып кеткендей күй кешті. Тұрған бойда сілейіп қатып қалды. «Әкбар» деген уақытта да оның айтқан тәкбірінің айбаттылығынан менің жүрегім бейне бөлшек-бөлшек болып бөлініп кеткендей болды».

***

Амир бин Абдуллаһ намаз оқығанда дүниеге қатысты барлық байланысы үзілетін. Сондай-ақ, ешнәрсе оның намаздағы хұшуғ сезімін бұза алмайтын еді.

«Намазда тұрғанда біреудің сөзі мен әрекетін байқағаннан денеме оқтың қадалғанын артық санаймын» деген екен.

***

Бір кісі Баһауддин Нақшыбанд құддиса сирруһтан:

– Намаз оқығанда хұшуғ халіне қалай қол жеткізуге болады? - деп сұраған екен. Ол:

– Төрт нәрсе арқылы! - деп жауап беріп, мыналарды айтыпты:

1. Халал ас жеу,

2. Дәрет алғанда ғапылдықтан ұзақ тұру,

3. Алғашқы тәкбірді алғанда өзіңді Жаратқанның құзырында екеніңді сезіну,

4. Намаздан кейін де Аллаһты ұмытпау, яғни намаздағы тыныштықты сақтап, күнәдан ұзақ тұрған халіңді намаз аяқталғаннан кейін де жалғастыру».

***

Қорыта келе, хұшуғ – Аллаһтың әмірлерін бар ынта-ықыласпен орындау, тыйған тыйымдарынан барынша бойды аулақ ұстау. Хұшуғ, тақуалық, ықылас және ихсан – құлдың бойынан табылатын мағыналары

бір-біріне өте жақын жағдаяттар. Бұлардың қайнар бұлағы – Аллаһқа деген махаббат пен сүйіспеншілік. Аллаһқа деген махаббат мүминнің рухани дәрежесінің көрсеткіші болып табылады. Ал бұл рухани дәреже хұшуғпен орындалған ғибадаттар мен амалдардың кемелдік деңгейде болуы арқылы көрініс таппақ.

Хұшуғ намазымыздан бастап барлық ғибадатымызда және өміріміздің әрбір сәтінде жүрегімізді толтырумен қатар, дене мүшелеріміз арқылы тыныштық халінде маңайымыздағыларға да әсер етуі қажет.

7. ҚҰРАН КӘРІММЕН АМАЛ ЕТУ

Құран Кәрім – адамзатқа хақ жолды көрсететін һидаятқа нұсқаушы. Сондай-ақ, ол – мүмин құлдар үшін рақымдылық, жүрек аурулары үшін шипа көзі. Бұлармен қоса, Аллаһ Тағаланың қалауымен адамзатты қараңғылықтан жарыққа алып шығатын, Жаратушымызға жақындататын иләһи жол көрсетуші.

Құран Кәрім – жаратылыстың жаратылу мақсатын, адамның бар болу хикметін баян етумен қатар, ғаламдағы иләһи жүйе мен тәртіпке сай өмір сүруімізді әмір ететін иләһи пәрмен. Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

«Аллаһ сөздің ең жақсысын бір-бірімен үйлесімді түрде және жалықпастан қайта-қайта оқылатын бір кітап ретінде түсірді. Раббыларынан қорқатындардың осы Кітаптың әсерінен денелері тітіркенеді. Сәл уақыттан соң, денелері мен көңілдері Аллаһтың зікіріне үйреніп жұмсарады. Міне, бұл Құран – Аллаһтың қалаған құлын өзі (құран) **арқылы тура жолға салатын һидаят нұсқаушысы. Аллаһ кімді тура жолдан тайдырса, одан кейін оны ешкім тура жолға сала алмайды»** (Зүмар сүресі, 23-аят).

Осы аятта біздің қасиетті Құран Кәріммен рухани байланысымыздың қандай болуы керектігін баяндауда.

Тақуалық деңгейіміздің көрсеткіші – Құран Кәрімдік мәдениетіміз. Құрани мәдениетіміз құлшылық-ғибадаттарда ықылас, іс-әрекетте әдемілік, сүйкімділік әрі рухани тереңдік секілді Құранда айтылған көркем мінез-құлық ретінде көрініс табады.

Құран Кәрім – Аллаһ разылығын алуды және әр түрлі жамандықтар мен мәңгілік азаптан құтылуды қалайтындар үшін Аллаһ Тағаланың құлдарына берген ұстануға тұрарлық ең мықты тұтқасы. Осы тұтқадан ұстағандар құтылады және абыройлары асқақтап, күш-қуатқа ие болады. Ал оны ұстанудан бас тартқандар болса, төмендейді, қорланады және тура жолдан алыстайды.

Құран Кәрім – Аллаһ Тағаланың құлдарына сый-сияпат көрсету үшін жайған рухани дастарқаны. Раббымыздың шақыруын қабыл алып, осы сый-сияпатқа қосылғандар бақыт, қуаныш пен тыныштық сыйлайтын мәңгілік нығметтерден ләззат алмақ.

Адам баласының қадір-қасиеті мен беделі Құранның үкімдерімен амал етуіне және оның құнды ахлақи тағылымдарынан тиесілі несібе алуына қарай артып отырады. Яғни, адам баласы Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнғандығына және Құранның рухани байлығынан өзіне қаншалықты нәр ала алғандығына қарай жаратылу мақсатына лайықты абырой мен беделге ие болмақ. Ұлы Аллаһ Құран Кәрімді жақсылап ұғыну арқылы өмірді және өмірде орын алатын құбылыстарды Құранға тән түсінік бойынша саралап, ой жүгіртуді әмір етеді. Өйткені, бақытқа жетуімізге де, қорлыққа түсуімізге де себеп болуы ықтимал, ақылымызға уахи нұрының жарығымен бағыт-бағдар беріп отыруымыз қажет.

Құран Кәрім бізді ойлануға, ақылға салуға шақырмағанда бәлкім, көптеген ақиқаттың сырын аша алмас та, оларды айтып жеткізе алмас па едік? Сол себептен, Құранның мазмұны жайында ойланудың, ақылға салудың көптеген қайырлы дүниелер мен сырлардың ашылуына жол көрсетері хақ.

Ислами ахлақпен бой түзеу үшін Құран Кәрімді өмірлік серік ету және оған көбірек уақыт бөлу қажет.

Хадис шәріпте былай делінген: *«Кім Раббысына мінәжат қылып, Онымен сөйлесуді қаласа, шынайы жүрекпен Құран оқысын!»* (Суюти I, 13/360).

«Құран оқыңыздар! Өйткені, Құран өзін оқыған кісілерге қиямет күні шапағатын тигізеді» (Мүслим, Мусафирин 252-253; Ахмед V, 249-251).

«Кімде-кім Құран Кәрімді оқып, онымен амал жасаса, қиямет күні оның ата-анасына тәж кигізіледі. Бұл тәждің жарығы дүниедегі күннің жарығынан көп есе әдемі. Олай болса, Құран Кәріммен амал жасаған кісінің жарығы қандай болмақ, ойланып көріңіздерші?» (Әбу Дәуіт, Үтір 14/1453).

Құран Кәрімді өмірлік жолдас ету – Аллаһ Тағала разы болатын салих амалдардың бірі. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Аллаһ Тағала дауысы әдемі бір пайғамбардың Құранды тағаннимен[83],

83. Тағанни, сөздердің ең жақсысы саналған Құранды өзіне жарасатын тәрізде әсем үнмен әспеттеу, оқыған кезде дауыстан қуаныш пен қайғының байқалуы, ашық және жоғары дауыспен оқу деген мағыналарға саяды. Қараңыз: М. Яшар Кандемир, Исмайл Лутфи Чакан, Рашит Күчүк, Риядус-Салихин (аударма және түсіндірмесі), Стамбул 2001, V, 118.

яғни әсем әуезді ашық дауыспен оқығанына разы болғаны сияқты ешнәрсеге разы болмаған» (Бұхари, Фадайлул-Құран 19, Таухид 32; Мүслим, Мусафирин 232-234).

«Аллаһ түн ортасында тұрып екі рәкағат намаз оқыған (және Құран тиләуәт еткен) құлын тыңдағаннан артық ешнәрсені тыңдамайды. Аллаһтың мейірімі құлының төбесінен намазда тұрған бойы жауып тұрады. Құлдар басқа уақыттарда Құранмен бірге болған сәттеріндегідей Аллаһқа жақын бола алмайды» (Тирмизи, Фадайлул-Құран 17/2911).

Құранға уақыт бөлмегені үшін білген сүрелерін ұмытып қалған кісілердің үлкен күнәға бататындықтары білдірілген.[84] Сондай-ақ, бір хадисте жүрегінде Құраны жоқ кісі босағасы қирап қалған үйге теңелген.[85]

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Темірді қалай тат басса, жүректі де солай тат басады», - деді. Сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ жүректі таттан қалай тазалаймыз? - деп сұрады. Аллаһтың Елшісі:

– *Аллаһтың кітабын көп тиләуәт ету және Аллаһты көп зікір қылу арқылы,* - деп жауап берді (Али әл-Муттақи II, 241).

Тағы бір күні Хазірет Пайғамбарымыз сахабаларына:

– *Көздеріңізге де құлшылықтан өз үлесін беріңіздер!* - деп насихат қылды. Сонда сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі көзіміздің үлесі не нәрсе? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Құранға қарау, оның ішіндегілер жайында ойлану және хикметтерінен ғибрат алу,* - деді (Суюти I, 39).

Тағы да Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

– *Күмәнсіз адамдардың ішінде Аллаһқа жақын болған құлдар бар!* - деді. Сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Олар кімдер? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Олар – Құран әһлі, Аллаһ әһлі және Аллаһтың ерекше құлдары!* - деп жауап берді (Ибн Мәжә, Муқаддима 16).

Сүйікті Пайғамбарымыз сахабаларының бір жерге жиналып Құран Кәрімді оқығандарына және оны түсінуге күш жұмсағандарына дән риза

84. Әбу Дәуіт, Салат 16/461.
85. Тирмизи, Фадайлул-Құран, 18/2913; Дарими, Фадайлул-Құран 1.

болатын. Сондай-ақ бір сөзінде ондай кісілер жайында:

«...Бір топ кісі Аллаһ Тағаланың үйінің біріне жиналып, Аллаһтың кітабын оқып және оны өз араларында талқыласа, түсінуге күш сарп етсе, олардың төбелеріне тыныштық жауады да, маңайларын мейірім басады. Періштелер оларды жан-жағынан қоршап тұрады. Аллаһ Тағала да оларды өзінің қасындағылардың жанында сөз етеді. Кімді амалы артқа қалдырса, тегі оны алға сүйрей алмайды» (Мүслим, Зікір 38; ибн Мәжә, Мұқаддима 17).

Олай болса, екі дүниенің бақытына қол жеткізу үшін Құран Кәріммен рухани байланысымызды күшейтуіміз қажет. Оны оқып түсініп, жүрегімізбен сезініп және үкімдерін шынайы ықыласпен орындауға бар күшімізді салуымыз керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құран Кәрімді бар ынтасымен оқып, оның мағынасына ой жүгіртетін әрі бұйрықтарын тез арада орындауға тырысатын. Құранды жан-дүниесімен сезініп, шынайы жүрегімен оқитын. Оқып отырғанда Аллаһқа тасбих айту жайындағы аят келіп қалса «субханаллаһ» деп Аллаһты нұқсан, кем сипаттардан пәктейтін. Дұға аяттары жолықса, Аллаһқа мінәжат етіп, дұға жасайтын. Ал, Ұлы Жартушыға сыйынуды білдіретін аяттарды оқыса, дереу Аллаһқа сыйынатын.[86]

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күн сайын жүйелі түрде Құран Кәрім оқитын.[87] Мәдинаға «Сақиф» тайпасынан бір топ адам келген болатын. Сол топтың арасында Әус бин Хузайфа (радиаллаһу анһу) да бар еді. Ол былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні құптан намазынан кейін ұзақ уақыт бойы жанымызға келмеді. Біз одан:

– Уа, Расулаллаһ! Неге кешіктіңіз? - деп сұрадық. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Күн сайын Құраннан бір хизб (бөлім) оқуды өзіме міндет қылып едім. Соны оқып бітірмейінше келуді қаламадым, - деді.

Ертесі күні сахабалардан:

– Сіздер Құранды қалай хизбқа бөліп оқисыздар? - деп сұрадық. Олар:

– Біз сүрелердің алғашқы үшеуін бір хизб, одан кейінгі бес сүрені

86. Мүслим, Мусафирин 203; Нәсай, Қиямул-Лайли 25.
87. Мүслим, Мусафирин 142; Ахмед IV, 9; ибн Мәжә, Салат 178.

тағы бір хизб, сосын кезекпенен жеті сүрені, сосын тоғыз, одан соң он бір, одан кейін он үш сүрені бір-біріне қосып, жеке-жеке хизбтарға бөлеміз. Ең соңынан «Қаф» сүресінен бастап соңына дейін муфассал сүрелерді бір хизб етіп, Құран Кәрімді (жеті бөлімге бөліп) оқимыз, - деп жауап берді (Ахмед IV, 9; ибн Мәжә, Салат 178).

***

Абдуллаһ бин Масғуд (радиаллаһу анһу) былай деп риуаят етеді:

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ей, ибн Масғуд! Маған Құран оқы!* - деп бұйырды. Мен:

– Уа, Расулаллаһ! Құран сізге уахи етіліп тұрып, оны сізге мен оқимын ба? - дедім.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Мен Құранды басқадан естігенді жақсы көремін,* - деді.

Сосын мен «Ниса» сүресін оқи бастадым. Қашан:

«Әр үмбеттен куә алдырып және сені де оларға куә қылғанымызда олардың жағдайы қандай болмақ?!» (Ниса сүресі, 41-аят) деген аятқа келгенімде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жеткілікті!» - деді.

Сол уақытта қарасам, мырзамыз Расулуллаһтың көзінен моншақ-моншақ жас төгіліп жатыр екен» (Бұхари, Тәпсір 4/9; Мүслим, Мусафирин 247).

Бұл Пайғамбарымыздың үмбетіне деген мейірім-шапағатын көрсететін тамаша көріністің бірі еді...

***

Бір күні Айша анамыз Аллаһтың Елшісінің жанына кешігіп барады. Пайғамбарымыз мұның себебін сұрайды. Ол:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мешітте бір кісі Құран оқыды. Осы уақытқа дейін Құранды одан жақсы оқитын адам көрмедім, - деп кешігуінің себебін Құранға қатысты екендігін айтты. Сол уақытта Пайғамбарымыз мешітке барып, ол кісінің Салим (радиаллаһу анһу) екендігін көрді. Сосын:

«Үмбетімнің ішінен осындай бір адамның табылғанына Аллаһқа мақтаулар болсын!» - деп іштей қатты тебіренді (Ибн Мәжә, Иқамәт 176; Ахмед VI, 165; Хаким III, 250/5001).

***

Бір сахаба Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Қандай амал Аллаһтың жанында дәрежесі биік, жақсырақ болады? - деп сұрады. Сүйікті Пайғамбарымыз:

– *Хал менен Мұртахилдің амалы,* - деп жауап берді. Сахаба:

– Хал мен Мұртахил кім? - деп қайта сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Құранды басынан соңына дейін оқитын және бітірген соң артынша дереу басына оралып, қайтадан басынан бастап оқитын кісі,* - деді (Тирмизи, Қырағат, 11/2948).

Жоғарыдағы хадис шәріпте баяндалғандай артықшылыққа қол жеткізудің сыры ретінде «хатым дұғасы» оқылғанда әуелі Құранның соңғы «Ықылас», «Фәләқ» және «Нас» сүрелері, кейін Құранның бас жағындағы «Фатиха» сүресі мен «Бақара» сүресінің алғашқы бес аяты оқылады. Осылайша, тез арада жаңа хатымға кіріспе жасау арқылы Аллаһқа ең ұнамды аталмыш салих амал іске асырылған болып саналады.

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құран Кәрімге үлкен маңыз беретін. Әрі ол сахабаларының ішінде Құранға маңыз беретін кісілерді жақсы көретін.

Бір күні Хазірет Пайғамбарымыз бір топ кісілерден құралған жасақты жорыққа жібермекші болады. Оларға Құран оқытты. Әркім өзі жатқа білетін Аллаһтың аяттарын оқыды. Пайғамбарымыз топтың ішіндегі ең жас сахабаның жанына келіп:

– *Уа, Пәленше! Сен қай сүрелерді жатқа білесің?* - деп сұрады. Ол:

– Ана сүрені, мына сүрені және Бақара сүресін жатқа білемін деді. Пайғамбарымыз:

– Бақара сүресін жатқа білесің бе? - деді. Әлгі жас сахаба:

– Иә, білемін, - деп жауап берді. Пайғамбарымыз оған:

– *Олай болса, мына топтың әмірі сен боласың! Өйткені, бұл сүре шамалап болса да, діннің барлығын қамтиды,* - деді.

Топтың ішінен жасы үлкендеу бір кісі:

– Уа, Расулаллаһ! Бақара сүресін мазмұнымен қоса амал жасай алмайтынымнан қорқып жаттамаған едім, - деді.

Сонда Расулуллаһ саллаллаһу аләһи уә сәлләм:

– *Құранды үйреніңдер, оқыңдар, оқытқызыңдар және онымен амал қылыңдар! Өйткені, Құранды үйренген, оқыған және онымен амал жасаған кісі иісі шартарапқа жайылған ішіне жұпар иіс (миск) толтырылған қап сияқты. Ал Құранды үйреніп, онымен амал етпеген (Құранға қызмет қылудан ұзақ тұрған) кісі іші жұпар иіске толтырылып, аузы мықтап тығындалған қап сияқты»* деді (Тирмизи, Фадайлул-Құран 2/2876).

Осы бір оқиға Бақара сүресін үйреніп, онымен амал қылған кісінің материалдық әрі рухани білім деңгейінің қаншалықты екендігін көрсетіп тұрғандай. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы хадис шәріпі арқылы Құран Кәріммен амал ету және оны үйрету мәселесінде мүминдердің жауапкершілігін баяндап өткен.

***

Ардақты сахабалар Расулуллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) он аят үйренген кездерінде сол аяттардағы бұйрықтар мен хикметтерді жақсылап түсініп, амалға асырмайынша келесі он аятқа өтпеген. Олар Құрандағы ілімдерге амал жасап, оның хикметтері арқылы кемелдік дәрежеге қол жеткізген (Ахмед V, 410).

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

«Бақара сүресін он екі жылда тәмамдадым. Содан соң шүкіршілік қылып, бір түйе құрбан шалдым» деген екен.[88]

Хазірет Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) да «Бақара» сүресін сегіз жылда аяқтаған (Муатта, Құран 11).

Құранды оқу, оны үйрену, онымен амал ету, басқаларға үйрету үшін болғанда ғана белгілі бір маңызға ие болмақ.

***

Пайғамбарымызбен кездесу үшін «Сақиф» тайпасынан келген бір топ кісі араларындағы Осман бин Әбил-Асты іштеріндегі ең жасы болғандықтан, көлік ретіндегі мініс малдарының қасына қалдырып кеткен болатын. Біраз уақыттан кейін оның жанына қайта оралған әлгі кісілер түс мезгілінің аптап ыстығына қалжыраған бойы терең ұйқыға кетеді. Осман (радиаллаһу анһу) болса, Хазірет Пайғамбарымыздың қасына келіп дінге қатысты сауалдар сұрап, Құран Кәрім тыңдап үйренді. Осылайша, ол Пайғамбарымыздан бірнеше сүренің оқылуын үйреніп, жаттап алды.

Жерлестерінен бұрын исламды жасырын түрде қабылдап мұсылман болған Осман (радиаллаһу анһу) Құран үйрену үшін келгенде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бос болмаса, не Әбу Бәкірге, не Убәй бин Кағбқа баратын. Олардан көкейіндегіні сұрап, үйренгісі келген нәрсесін үйреніп жүреді.

Оның бұл әрекеті Аллаһтың Елшісіне қатты ұнайтын. Әрі Пайғамбарымыз оны жақсы көретін. Сақифтықтар елдеріне қайтпақ болғандарында:

– Уа, Расулаллаһ! Арамыздан бірімізді бізге имам (басшы) етіп тағайындасаңыз! - деп өтініш білдірді.

88. *Құртуби, әл-Жамиул-Ахкамил-Құран, Бейрут 1985, I, 40.*

Сонда Пайғамбарымыз Осман бин Әбил-Асты олардың ішіндегі ең жасы болғанына қарамастан, имам етіп тағайындады (Ибн Сағд V, 508; ибн Һишам IV, 185; Ахмед IV, 218).

***

Түрлі себептерге байланысты біртіндеп түсіп отырған Құран Кәрім аяттары әр түскен сайын Аллаһтың Елшісі мен оның сахабаларын ерекше күйге бөлеп, жігерлерін арттырып және Аллаһ пен араларындағы рухани байланыстарын жандандырып отырған. Олардың уахиға үйреніп қалғандары соншалық, Пайғамбарымыз дүние салғаннан соң уахидің тоқтауы оларды үлкен мұңға батырды. Олардың осы бір шынайы сүйіспеншілігін адамның назарын еріксіз өзіне аударатын мына ғибратты оқиғадан байқауға болады:

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлімінен кейін Хазірет Әбу Бәкір Омарға (радиаллаһу анһу) келіп:

– Жүр! Аллаһтың Елшісінің жақыны Үммү Әйманға барайық. Расулуллаһ көзі тірісінде оның қасына барып, хал-жағдайын сұрап тұрушы еді. Бізде барып, одан хал-жағдайын сұрайық, - деді.

Әбу Бәкір мен Хазірет Омар оның жанына келгенде Үммү Әйманның (радиаллаһу анһа) көзіне еріксіз жас келіп жылай бастады. Олар:

– Неге жылап жатырсың? Пайғамбарымыз үшін Аллаһтың жанындағы нығметтің әлде қайда қайырлы екенін білмеймісің? - деді. Үммү Әйман:

– Мен ол үшін жылап отырғаным жоқ. Аллаһтың жанындағы нығметтердің Пайғамбарымыз үшін әлде қайда қайырлы екенін әлбетте білемін. Мен тек уахидың тоқтап қалғанына қайғырып жылап отырмын, - деді.

Оның Аллаһтың уахиына деген сағынышын білдіретін осындай сөздері Хазірет Әбу Бәкір мен Омардың жан-дүниесін елжіретіп жіберді. Сөйтіп, Үммү Әйманмен бірге олар да егіле жылап қоя берді (Мүслим, Фадайлус-Сахаба 103).

***

Хазірет Пайғамбарымыздың сахабалары Құран Кәрімді өте көп оқитын болған. Оны оқымастан, оның беттеріне қарамастан бір күнді болса да өткізуді қаламайтын еді. Күнін Құран оқумен бастайтын. Көзі ауыратын кісілерге де Құран Кәрімге қарауды өсиет ететін (Хайсами VII, 165).

Құранға жасаған қызметі үшін «Жамиғул-Құран», яғни «Құран жинаушы» деген атаққа ие болған Хазірет Осман (радиаллаһу анһу) Құран

Кәрімді өте көп оқығандығы соншалық, екі мұсхафты тоздырған.[89]

***

Усайд бин Худайыр (радиаллаһу анһу) былай деді:

Бір күні түнде «Бақара» сүресін оқи бастадым. Атым жанымда байлаулы тұрды. Бір кезде атым өзінен-өзі үрке бастады. Оқуды доғарып едім атым тынышталды. Сосын қайтадан оқи бастадым. Атым бұл жолы тағы үрікті. Тіпті, ұлым Яхияны ат басып кетпесін деп жаныма жатқыздым. Сол кезде аспанға қарағанымда төбемде майшамға ұқсаған бірнәрселердің тұрғанын байқадым. Кейін олар көкке қарай көтеріліп, көзден ғайып болды.

Таңертеңгісін болған жағдайды Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанымда, ол маған:

– *Оқы, уа, Усайд! Оқы!* - деді... Сосын менен:

– *Уа, Усайд! Сол көргендеріңнің не екенін білесің бе?* - деп сұрады.

– Жоқ, білмеймін, - дедім. Аллаһтың Елшісі:

– *Олар сенің Құран оқығаныңды тыңдауға келген періштелер болатын. Егер сен оқуыңды жалғастыра бергеніңде, олар сені таңға дейін тыңдайтын еді. Ол кезде періштелер адамдарға жасырын болмайтын еді. Адамдар да оларды көре алатын еді,* - деді (Бұхари, Фадайлул-Құран 15, Мәнақиб 25; Мүслим, Мүсафирин 241-242).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні Құранға шынайы ғашық Хазірет Убәй бин Кағыбқа:

– *Аллаһ Тағала «Ләм якунил-ләзина кәфәру» сүресін саған оқуымды әмір етті,* - деді.

Убәй бин Кағыб (радиаллаһу анһу):

– Сонда Аллаһ Тағала менің есімімді айтты ма? - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Иә, айтты!* - деді.

Убәй бин Кағыб (радиаллаһу анһу) тосын иләһи ілтипат алдында қатты толқып, егіле жылап жіберді (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 16, Тәпсір 98/1,3; Мүслим, Мүсафирин 246).

Убәй бин Кағыб (радиаллаһу анһу) Құранды толық жаттаған хафыз сахабалардың ішіндегі алдынғылардың бірі еді. Сонымен қатар,

89. *Кәттани, Низамул-Хукуматин-Нәбәуия (әт-Тәратибуль-Идария), Бейрут 1996, II, 197.*

Хазірет Пайғамбарымыздың *«Құранды төрт кісіден үйреніңдер!»* деген ілтипатына лайық болған төрт бақытты сахабалардың бірі болды. Құранды ең әдемі және ең көп оқитын кісі сол болатын.[90] Убәй бин Кағыбтың Құран Кәріммен осыншалықты шұғылдануы оны пайғамбарлардан басқа санаулы кісілерге ғана бұйыратын лутуфқа, абырой мен бақытқа бөледі. Иләһи ілтипатқа лайық етті. Бұл не деген абырой, не деген бақыт десеңізші?!

***

Ардақты сахабалар Құранға тәуелді болып, оның мазмұнын жүрекке терең сіңіре орнықтыру арқылы жанды Құранға айналуда Аллаһтың Елшісін өздеріне үлгі-өнеге тұтқан. Бұл жайында Кинанә әл-Адауи рахимаһуллаһ былай дейді:

Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһу) әскер басшыларына:

«Құранды жаттаған адамдарды анықтап, маған мәлімет беріңдер. Олардың абырой-даңқтарын асқақтатып, сый-сияпат көрсетейін. Сосын оларды басқаларға Құран үйретулері үшін жан-жаққа жіберемін» деген хабар жіберді.

Әбу Мұса әл-Ашғари қарамағында Құранды жатқа білетін үш жүзге жуық хафыз бар екені жайында Хазірет Омарға хабар жіберді. Осы жерде Хазірет Омардың жазған хатында сол хафыздарға[91] айтқан насихатының бір бөлігін келтіре кетсек:

«Естеріңізде болсын, Құран сіздер үшін сауап пен абырой-беделдің қазынасы. Оның үкімдерімен жүріңіздер! Оны өз істеріңізге құрал етпеңіздер. Кім Құранды өз ісіне құрал етсе, Құран ол кісінің аяғын көктен келтіреді де, жаһаннамнан бірақ шығарады. Ал кімде-кім Құранның үкімдерімен жүрсе, Құран оны Фирдаус жәннәтына жеткізеді. Шамаларыңыз келсе, Құранның өздеріңізге шапағаттшы болуын, дұшпаныңыз болмауын қарастырыңыз. Өйткені, Құран шапағат қылған кісі жәннәтқа, шағымданған кісі жаһаннамға кіреді. Біліп қойыңыздар, бұл Құран – һидаяттың қайнар-көзі, ілімнің ішіндегі ең нұрлысы. Ол – Рахманнан келген және онымен соқыр көздер көріп, керең құлақтар естіп және мөр басылған жүректер ашылып, (шипа тапқан) ең соңғы кітап...» (Али әл-Муттақи II, 285-286/4019).

***

Аллаһтың Елшісінің ерікті қызметшісі Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһу) Құран Кәрімді бастан аяқ оқып бітірген соң отбасы мүшелерін жи-

90. Бұхари, Фадайлул-Құран 8.

91. Ол кезде «Хамалатуль-Құран», яғни «Құранды жатқа білетіндер» Құранның сөздерін әрі оның мән-мағынасы мен үкімдерін түсінетін ғалымдар мағынасында қолданылатын.

нап, олармен бірге хатым дұғасын жасайтын болған.[92]

***

Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһу) әдемі дауысы бар және Құранды өте керемет оқитын Әбу Мұса әл-Ашғариға (радиаллаһу анһу) жиі-жиі:

– Уа, Әбу Мұса! Қәне, Раббымызды есімізге сал! - дейтін болған.

Сосын ол Құран Кәрім оқитын.[93]

Тағы бір күні бір сахаба Әбу Мұса әл-Ашғариге:

– Бауырым! Раббымызға деген құштарлығымызды арттыршы! - деді.

Сосын ол Құран оқи бастады. Біраз уақыттан соң олар Хазірет Омарды намазға шақырды. Хұшуғ сезімімен беріліп Құран тыңдап тұрған Халифа Омар бірден есін жиып:

– Біз намазда тұрған жоқпыз ба? - деді (Ибн Сағд IV, 109).

***

Абдуллаһ бин Омардың азат қылған құлы Нафиғтан:

– Абдуллаһ үйінде не істейтін еді? - деп сұрағанда:

– Адамдар оның істегенін істей алмайды! Ол әрбір намаз үшін жаңа дәрет алатын, сосын осы екі уақыт арасында Мұсхафты (Құранды) ашып үздіксіз Құран оқитын, - деді (Ибн Сағд IV, 109).

***

Құран Кәріммен амал жасаған шынайы хафыздар (қарилар) екі дүниеде де көптеген тәңірлік сый-құрметке лайық болады. Сондай-ақ, Аллаһтың дос құлдарының бірі Махмуд Сами Рамазанұлы құддиса сирруһ Адана жерінде қайтыс болған бір хафыз кісінің 30 жылдан кейін жол салынатын болғандықтан мазарды басқа жерге көшіру үшін қабірінің қазылғандығын, алайда ол кісінің денесінің еш бұзылмағанын, тіпті кебінінің өзі жап-жаңа күйде жылтырап тұрғанын өз көзімен көргенін айтады.

Хадис шәріпте былай делінген:

«Хамилуль-Құран (Құран Кәрім үкімдері бойынша өмір сүріп, оның ахлағымен бойын түзеп, хикметімен кемелденген хафыз адам) өлген уақытта Аллаһ жерге оның денесін шірітпеуді әмір етеді. Сонда жер:

«Уа Раббым! Сенің сөздерің көкірегінде сақтаулы бола тұра мен оның денесін қалайша шірітемін?.. дейді» (Дәйләми I, 284/1112; Али әл-Муттақи I, 555/2488).

***

92. Ибн Әби Шәйбә, әл-Мусаннаф, Рияд 1409, VI, 128.
93. Ибн Сағд IV, 109; Әбу Нуайм, Хилятул-Әулия, Бейрут 1967, I, 285.

Раббымыздың қасиетті сөзі болып табылатын Құран Кәрімнің алдында әдеп сақтап, құрмет көрсеткеніміз абзал. Себебі, қазір біз Құранның берекесі мен рухани байлығына көбірек мұқтаж бір заманда өмір сүріп жатырмыз.

Мысалы, дәретсіз Құранды оқымаған да, оқытпаған жөн. Өйткені, аят кәримада нақты түрде былай делінген:

«Оған толық түрде тазаланғандардан басқалар қол тигізе алмайды» (Уақиға сүресі, 79-аят).

Бұл аят кіші дәрет, үлкен дәрет және әйелдердің белгілі халдері (хайыз және нифас халдері) жайында айтылған. Төрт мәзһаб бойынша Құран Кәрімге дәретсіз қол тигізудің харам екендігі жайында ортақ пәтуа бар, яғни ортақ үкім берілген.[94]

Бұл үкім Хазірет Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бері күнімізге дейін 1400 жыл бойы осылай орындалып келген. Хадис шәріптерде былай делінеді: *«Хайыз көрген әйел мен жүніп болған кісіге Құранның ешқандай жерінен оқуға болмайды»* (Тирмизи, Тahарат 98/131).

«Құранға таза болған кісілерден басқа ешкім қол тигізбесін!» (Хаким I, 553/1447).

Сондай-ақ, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Амр бин Хазымды Йеменге аттандырып жатқанда оған парыздар мен сүннеттерді және құқықтық үкімдерді түсіндіретін бір баяндама жазып берген болатын. Сол жазуда Хазірет Амрдың адамдарға Құранды үйретуі және оның әмірлері мен хикметтерін жаюы, сонымен қатар **таза емес адамдардың Құранға қол тигізулеріне тыйым салуы** да айтылған-ды.[95]

Имам Малик былай дейді: «Таһир емес, яғни дәреті жоқ кісінің Мұсхафты сырт қабымен де, жастықтың үстіне қойып болса да көтеріп жүруіне болмайды, мәкрүһ... Өйткені, олай істеу Құранды сыйламау болып саналады» (Муатта, Құран 1).

Сонымен қатар, Құран Кәрімді белден төмен ұстамау, оған қарай аяқты созбау, үстіне басқа бір кітап немесе зат қоймау, Құран Кәріммен әжетханаға кірмеу сияқты құрмет көрсетуді білдіретін басқада әрекеттерді ғибадат ретінде орындап, әрі мұны өскелең ұрпаққа да үйретіп отыруымыз керек. Өйткені, Құран Кәрім – ең маңызды «Шағаа-йруль-Ислам», яғни Исламның басқы рәміздерінің, белгі-нышандарының бірі. Аятта:

وَ مَنْ يُعَظِّمْ شَعَائِرَ اللهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلوبِ

94. Әл-Мәусуғатул-Фиқһия XVIII, 322.
95. Муатта, Құран 1; Кәттани I, 216.

«…Кімде-кім Аллаһтың рәміздеріне тағзым етіп құрмет көрсетсе, күмәнсіз бұл – жүректің тақуалығынан» (Хаж сүресі, 32-аят) делінген.

Қысқасы, Құран Кәрім – адамзат баласының тура жолды табуы үшін, өз бетінше тауып біле алмайтын мәселелерді үйренуіне және ақырет бақытына қол жеткізуі үшін Аллаһ тарапынан жіберілген иләһи нұрлы кітап. Олай болса, оның тізгінінен мықтап ұстап, оны иеленуіміз қажет. Сондай-ақ, оның тағылымдары – ұстанатын ең дұрыс жол.

Құран Кәріммен амал етудің артықшылығы хадис шәріпте былай деп баяндалған:

«Құран – бір ұшы Аллаһтың, келесі бір ұшы сендердің қолдарыңда тұрған мықты бір жіп (сияқты). Одан мықтап ұстаңдар. Міне, сол уақытта адаспайсыңдар да, азапқа ұшырамайсыңдар да» (Хайсами IX, 164).

Құраннан қаншалықты рухани нәр мен береке ала алсақ, иманымыз да соған қарай кемелденіп, толысып отырмақ. Құран Кәрім үкімдерін өз нәпсі-қалауларынан жоғары қойып, шынайы ықыласпен амал жасаған кісілер Аллаһтың және Оның Расулінің разылығына бөленіп, үлкен иләһи мейірім мен сый-құрметке лайық болады.

Аллаһ Тағала осындай халге жетуді баршамызға нәсіп еткей.

Әмин!..

8. АЛЛАҺТЫ ЗІКІР ЕТУ ЖӘНЕ ПАЙҒАМБАРҒА САЛАУАТ АЙТУ

Адам деген мағынаны беретін «инсан» сөзі бір дерек бойынша «ұмыту» деген мағынаға саятын «нисян» сөзімен түбірлес болып келеді. «Нисян» сөзі «зікір» (еске түсіру) сөзінің антонимі. «Нисян», яғни ұмытшақтық адам баласының ең әлсіз тұстарының бірі. Адамзат бойында жаратылысынан бар «нисянның» зияндарын жою үшін «Аллаһ» және оған «құл болу» ұғымдарын әрдайым есте сақтап жүру керек. Ол үшін әлбетте ең алдымен «зікір» қажет. Себебі, әруақыт қайталанып отыратын нәрсе адамның жадында мықтап сақталады.

Құлшылық міндеттердің арасында өзіндік ерекше маңызы бар зікір сөзі Құран Кәрімде екі жүзден аса жерде айтылып өткен. Себебі, Ұлы Аллаһқа шынайы түрде құлшылық жасай білу әрі сол арқылы «мағрифатуллаһқа» жету тек зікірдің жүректе орын алуы мен шынайы түрде сезілу деңгейіне қарай болмақ. Осыған орай, Ұлы Раббымыз былай деп бұйырған:

«Раббыңды ішіңнен (шын көңілмен) **жалбарып әрі** (азабынан) **қорқып ақырын дауыспен күндіз және түнде зікір ет! Ғапылдардан болма!»** (Ағраф сүресі, 205-аят).

«...Аллаһты зікір ету – әлбетте ең үлкен (ғибадат)**...»** (Анкабут сүресі, 45-аят).

«(Саналы) **мүмин құлдар аяқта тұрғанда да, отырғанда да және жанбастап жатқанда да әрдайым Аллаһты зікір етеді...»** (Әли Имран сүресі, 191-аят).

Тәнге билік жүргізуші, яғни тәннің сұлтаны – жүрек Аллаһты зікір етудің арқасында жанданып, ақиқатты жалғаннан ажырататын қасиетке жеткен кезде күллі денені ақиқат пен жақсылыққа қарай бағыттайтын құдды бір компус тәріздес болады. Сөйтіп, өзіне бағынышты болған бүкіл дене мүшелеріне дұрыс бағыт-бағдар сілтейді. Осының нәтижесінде, адамды Аллаһтың разылығына ие болатын шынайы құлдық дәрежесіне жеткізеді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зікірдің артықшылығын былай деп баяндайды: «*Аллаһты зікір ететін кісі мен зікір етпейтін кісі тірі мен өлі іспетті*» (Бұхари, Дағауат 66).

Сондай-ақ, зікірден ұзақ тұратын кісінің Аллаһтың сүйіспеншілігінен де ұзақ болатындығын білдіру үшін қатаң ескертулер келген. Бұл жайында Құран аяттарында былай делінген:

«Ей, иман келтіргендер! Әсте малдарың мен бала-шағаларың сендердің Аллаһты зікір етулеріңе кедергі болмасын. Кім олай істесе, міне солар қасіретке ұшырағандардың дәл өздері болады» (Мұнафиқун сүресі, 9-аят).

«...Аллаһты зікір етуде жүректері тас болып қатып қалғандарға қандай өкініште!..» (Зумәр сүресі, 22-аят).

«Кімде-кім Рахманды (рақымды Аллаһты) **зікір етуден бейқам болса, оған қасынан бір елі айрылмайтын шайтанды пәле етіп жібереміз»** (Зұхруф сүресі, 36-аят).

«Кім Мені зікір етуден жалтарса, күмәнсіз ол үшін таршылық өмір бар және Біз оны қиямет күні соқыр етіп тірілтеміз» (Таһа сүресі, 124-аят).

Аллаһ Тағаланы зікір етуден ұзақ тұрудың қатерлері өте үлкен болғандықтан, Раббымыз өз құлдарына, яғни біздерге жиі-жиі ескерту жасап отырған. Солардың бірінде былай делінген: **«Иман келтіргендердің Аллаһты зікір ететін және оларға түскен Құранға жүректері дірілдейтін кез жетпеді ме?..»** (Хадид сүресі, 16-аят).

Бұл аят Меккеде азап пен қиындық көргендеріне қарамастан, Мәдина жеріне һижрет (көш) еткеннен кейін мол ризық пен нығметке қауышып,

босаңсып қалған кейбір сахабаларға ескерту ретінде түскен (Қараңыз: Суюти, Лубаб II, 151-152).

Аллаһ Тағала Хазірет Мұса мен Һарунды (аләйһимас-сәләм) Перғауынға дінді жеткізу үшін жібергенде олардың пайғамбар болғандарына қарамастан:

«Сен және бауырың екеуің аяттарымды (оған) **жеткізіңдер. Мені зікір етуді естеріңнен шығармаңдар»** (Таһа сүресі, 42-аят) деген. Аллаһ Тағала осы екі Пайғамбарына өзін зікір етуді ұмытпауды ескерту арқылы біздерге де ғибраты мол өнегелі дүние қалдырған.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәләм) әруақыт Аллаһты зікір етіп, яғни «Аллаһ мені әрдайым көріп тұр» деген сезімде жүрудің маңыздылығы жайында былай дейді: *«Аллаһты ұмытып қажетсіз әңгімелерге беріліп кетпеңдер. Өйткені, Аллаһты ұмытып айтылған ұзын сонар әңгімелер жүректі қатайтады. Аллаһқа ең ұзақ болған кісі – жүрегі қатайған кісі»* (Тирмизи, Зүһд 62/2411).

Мүмин құлдардың жүректерін ғапылдықтың қою қараңғылығынан арылтып, Аллаһтың разылығына лайық деңгейге жеткізудің бірден-бір жолы – **«зикр дәйми»**, яғни саналы түрде Аллаһты әрдайым зікір ету. Бұған қол жеткізу аз уақытта немесе белгілі бір кезең ішінде емес, өмір бойы, тіпті әрбір тыныс алған сайын Аллаһты зікір етудің қамын жеп жүру арқылы мүмкін болмақ. Міне, сонда ғана рухани қырағылық пайда болады.

Бұл жайында бибі Айша анамыз былай дейді: *«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланы әруақыт зікір ететін»* (Мүслим, Хайыз 117).

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу):

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһты көп зікір етіңдер!» (Ахзаб сүресі, 41-аят) деген аятты тәпсірлей отырып былай деген:

«Аллаһ Тағала құлдарына парыз еткен ғибадаттарды белгілі бір уақытпен әрі мөлшермен шектеген. Бұларға байланысты кейбір үзірлі кісілердің себептерін де қабыл еткен. Бірақ, зікір бұлардан бөлек. Аллаһ Тағала зікірді белгілі бір мөлшермен немесе уақытпен шектемеген. Ақыл-есінде кінәраты барлардан басқалар зікірді тәрк еткен кісілердің себептерін қабыл етпейді. Ұлы Аллаһ адам баласына қандай жағдай болмасын әрдайым зікір етіп жүруін әмір еткен».[96]

Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мырзамыз зікір

96. Табари, Жамиғул-Баян ан Тәуйли Айил-Құран, Бейрут 1995, XXII, 22; Құртуби XIV, 197.

етуге және зікір етушілермен бірге отыруға қызықтыру мақсатында былай деген:

«Аллаһты зікір ететін жамағатпен таң намазынан күн шыққанға дейін бірге отыру мен үшін Исмайл ұрпақтарының төртеуін құлдықтан азат етуден артығырақ. Сондай-ақ, Аллаһты зікір ететін жамағатпен асыр намазының уақытынан күн батқанға дейін бірге болу мен үшін төрт адамды құлдықтан азат етуден әлдеқайда артығырақ» (Әбу Дәуіт, Ілім 13/3667).

Хазірет Пайғамбарымызға айтылған салауат шәріптер де зікірге жатады. Бұл жайында Ұлы Раббымыз былай бұйырады:

«Күмәнсіз Аллаһ және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады.[97] **Ей, мүминдер! Сендер де оған салауат айтыңдар және оған толықтай мойынсұнып, сәлем беріңдер!»** (Ахзаб сүресі, 56-аят).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салауат айтудың маңыздылығы жайында былай деген: *«Кімде-кім маған бір рет салауат-сәләм айтса, Аллаһ Тағала оған он мәрте рақымшылдық етеді,*[98] *әрі оның он күнәсі кешіріледі және ол он дәрежеге жоғарылайды»* (Нәсай, Сәһу 55).

«Қиямет күні адамдардың ішінде маған ең жақын болатындар, маған ең көп салауат айтқандар» (Тирмизи, Үтір 21/484).

Сондай-ақ, намаз оқу, тасбих (субханаллаһ), тахмид (әлхамдулилләһ), тәкбір (аллаһу әкбәр), тәһлил (лә иләһә иллаллаһ) деп айту және истиғфар (кешірім сұрау) секілді құлшылықтармен қатар Құран Кәрім оқып, оның аяттары жайында ой толғау да зікір болып саналады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бибі Айша анамыз (радиаллаһу анһа) Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түнде ғибадат ету үшін тұрғанда он рет «Аллаһу әкбар», «әлхамдулилләһ», «субханаллаһи уа бихамдиһи», «субханәл-мәликиль-құддус», «астағфируллаһ», «лә иләһә иләллаһ» деп зікір етіп, соңынан тағы да он рет:

اللَّهُمَّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ ضِيقِ الدُّنْيَا وَضِيقِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ

Оқылуы: «Аллаһумма әузу бикә мин диқид-дуния уә диқи яумил қиямати».

---

97. Аллаһтың салауат айтуы: рақым ету, мейірімін түсіру, құлының абырой-беделін көтеру. Періштелердің салауат айтуы: Пайғамбарды дәріптеу, мүмин құлдар үшін кешірім тілеу. Мүминдердің салауат айтуы: Пайғамбарға салауат жолдау мағынасына келеді (Аудармашы).
98. Мүслим, Салат 70.

«Аллаһым! Дүние мен ақыреттің қиындығынан және тарлығынан бір өзіңе сыйынамын» деп дұға жасап, мінәжат еткенін, сонан соң намаз оқуға бастағанын нақыл еткен (Әбу Дәуіт, Әдеп 101/5085).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөзі қысқа, бірақ мағынасы терең зікір мен дұғаларды жақсы көретін. Бір күні таң намазы оқылып болған соң анамыз Жүбәйрия (радиаллаһу анһа) намаз оқыған жерінде отырған кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ертеңімен үйінен шығып кетеді. Кейін Пайғамбарымыз сәске уақытында үйіне қайта оралғанда Жүбәйрияның орнынан әлі қозғалмағанын көреді. Сосын оған:

– Мен үйден кеткен уақыттан бері әлі осы жерде отырып зікір етудесің ба?» - деді. Қадірлі анамыз:

– Иә, - деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз аләһис-салату уәс-сәләм:

«Үйден шыққаннан кейін үш мәрте айтқан мына төрт сөйлемім сенің азаннан бері жасаған зікірлеріңмен салыстырылатын болса, сауап тұрғысынан олармен тең болады:

سُبْحَانَ اللهِ وَبِحَمْدِهِ عَدَدَ خَلْقِهِ وَرِضَا نَفْسِهِ وَزِنَةَ عَرْشِهِ وَمِدَادَ كَلِمَاتِهِ

Оқылуы: «Субханаллаһи уә бихамдихи ададә халқиһи уә рида нәфсиһи уә зинәтә аршиһи уә мидәдә кәлимәтиһи».

«Жаратқандарының санындай, өзі разы болатындай, Аршысының салмағындай және таусылмайтын сөздерінің мөлшеріндей Аллаһты тәңірлік мақамына жараспайтын барша нұқсан сипаттардан пәктеп, әрі Оны мақтап, дәріптеймін» (Мүслим, Зікір 79).

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде былай дейді:

«Тілге жеңіл, таразыда ауыр келетін және Рахман Аллаһты разы ететін екі сөз бар:

سُبْحَانَ اللهِ وَبِحَمْدِهِ سُبْحَانَ اللهِ الْعَظِيمِ

Оқылуы: «Субханаллаһи уә бихамдиһи, субханаллаһил-азим».

«Аллаһты тәңірлік мақамына жараспайтын сипаттардан пәктеп, әрі Оны мақтап дәріптеймін. Ұлы Аллаһты тағы бір мәрте тәңірлік мақамына жараспайтын сипаттардан пәктеймін» (Бұхари, Дағауат 65, Әймән 19, Таухид 58; Мүслим, Зікір 31).

Ұлы Аллаһ құлының көңілінің әрдайым өзімен бірге болғанын қалайды. Осыған орай бір аятта: **«Олар аяқта тұрғанда да, отырғанда да және жамбастап жатқанда да** (әруақыт) **зікір етіп жүреді…»** (Әли Имран сүресі, 191-аят) деп бұйырған. Жоғарыда өткен хадисте болса, айтылған әлгі тасбихтердің берекеті мен сауабының молдығы баяндалған. Бұл бір жағынан «тарғиб» және «ташуиқ», яғни адамдардың көңілін зікірге тарту және қызықтыру үшін айтылған. Осы тұрғыдан алғанда, негізінде аяттар мен хадис шәріптердің жалпы мағынасы Аллаһты зікір етуді тек әлгі тасбихтермен ғана шектеуді емес, керісінше әрдайым зікір етіп жүруді талап етеді.

***

Абдуллаһ бин Бушр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні екі бәдәуи Пайғамбарымызға сұрақ қояйын деп келді. Олардың бірі:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Адамдардың ең қайырлысы кім? - деді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ғұмыры ұзақ, салих (игі) амалды болған кісі,* - деді. Жанындағысы сөзге араласып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Исламның үкімдері көбейіп кетті. Маған бір амал айтсаңыз мен оны үнемі орындап жүрейін, - деді. Расулуллаһ аләйһис-салату уәс-сәләм:

«Тілің әрдайым Аллаһты зікір етіп жүрсін» - деді (Ахмед IV, 188).

Мүмин құлдың Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм бұйырғандай әрдайым зікір халінде жүруі оны ғапылдық пен ұмытшақтықтан сақтаумен қатар, Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына мойынсұнуы мен берілуінің артуына да үлкен септігін тигізеді. Яғни зікір – мүминдердің діни үкімдерді орындаудағы құлшыныстарын арттырып отыратын рухани демеу әрі рухани нәрдің қайнар көзі.

***

Бір сахаба Аллаһтың Расулына келіп:

– Қайсы жиһадтың сауабы көбірек? - деп сұрады. Сонда Хазірет Пайғамбарымыз:

«Аллаһ Тағаланы ең көп зікір еткен кісінің жиһадының сауабы!» - деп жауап берді. Әлгі сахаба:

– Ораза тұтқандардың ішінде кімнің оразасының сауабы көбірек? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Аллаһ Тағаланы ең көп зікір еткен кісінің оразасының сауабы!* - деді.

Кейін әлгі сахаба намаз оқитындар, зекет беретіндер, қажылыққа барғандар және садақа бергендер үшін де қайталап осы сұрақтарды қойып отырды. Пайғамбар мырзамыз бұлардың бәріне:

– *Аллаһ Тағаланы ең көп зікір еткен кісінікі!* - деп жауап берді.

Сол уақытта Әбу Бәкір (радиаллаһу аһһу) Хазірет Омарға:

– Уа, Омар! Аллаһты зікір еткендер сауаптың түгін қалдырмай алып кетті, - деді. Бұны естіп тұрған Аллаһтың Елшісі оларға бұрылып қарап:

– *Иә, дәл солай!* - деді (Ахмед III, 438; Хайсами X, 74).

Бұдан түйеріміз, өзімізді әрдайым зікір халінде жүруге дағдыландыру біз үшін ең үлкен ұтыс болмақ.

***

Муаз бин Жәбәл (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

(Бір күні) Хазірет Пайғамбарымызға:

– Уа, Расулуллаһ! Маған бір насихат айтыңызшы! - дедім.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Бар күшіңмен Аллаһтан қорық, тақуа бол! Кезіккен әрбір тас пен әрбір ағаштың жанында Аллаһты зікір ет (есіңе ал). Істеген жаман ісің үшін жасырын болса, жасырын, ашық болса, ашық түрде тәубе ет!* - деп насихат айтты (Хайсами, X, 74).

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына зікір етушілердің маңыздылығын баяндай отырып былай деді:

– *Жәннат бақшаларына барғандарыңызда ол жерден толық пайдаланыңыздар,* - деді. Қадірлі сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Жәннат бақшасы деп нені меңзеп тұрсыз? - деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– ***Зікір етушілер тобын,*** - деп жауап берді (Тирмизи, Дағауат 82/3510).

***

Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу аһһу) сахабалардың бірімен жолығып қалса:

– Кел бауырым! Аллаһ разылығы үшін біраз уақыт Раббымызға деген иманымызды арттырайық (зікір етейік) - дейді екен.

Мұның қандай мағынаға келетінін түсінбеген бір сахаба бұл жағдайды келіп Пайғамбарымызға айтты. Мырзамыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– *Аллаһ Абдуллаһ бин Рауахаға мейірім шапағатын төксін! Ол періштелер мақтайтын зікір мәжілістерін өте жақсы көреді,* - деп жауап берді (Ахмед III, 265).

***

Абдуллаһ бин Шәддад (радиаллаһу анһу) былай деп риуаят етеді:

Бәни Узра тайпасынан үш кісі Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп мұсылмандықты қабылдады. Аллаһтың Расулі:

– *Мына кісілердің күтімін кім өз міндетіне алады?* - деп сұрады. Талха (радиаллаһу анһу):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен аламын, - деді.

Олар Талха радиаллаһу анһудың қарамағында жүрген кезде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жорыққа шағын әскер жөнелтті. Әлгі үш кісінің біреуі осы әскермен бірге жорыққа шығып, шейіт болды. Кейін тағы да әскер жөнелтілді. Бұл жолы да олардың екіншісі шығып, ол да шейіт болды. Ал үшінші кісі болса, біраз күннен кейін төсегінде қайтыс болады.

Талха (радиаллаһу анһу) кейін не болғанын былай деп әңгімелейді:

– Қарамағымда жүрген әлгі үш кісінінің түсімде жәннатта жүргендерін көрдім. Төсегінде қайтыс болған кісі ең баста, одан кейін екінші жорықта шейіт болған кісі, ал бірінші жорықта шейіт болған кісі де бұлардың соңында екен. Бұған мен аң-таң болдым. Бір жағынан бұл жағдай менің көңіліме қонбады. Сосын дереу Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)ға барып түсімді айтып бердім. Аллаһтың Елшісі маған:

– *Бұған аң-таң болудың қажеті жоқ! Аллаһтың назарында тасбих, тәкбір және таһлилді аузынан тастамай, ислам діні бойынша өмір сүрген мұминнен артық адам жоқ,* - (Ахмет I, 163) деп жауап берді.

***

Бір күні Хазірет Үфтәда шәкірттерімен бірге жазық далада сұхбат өткізуге шықты. Шәкірттер рухани тәлімгерлерінің әмірі бойынша жазық даланың әдемі жерлерін аралап жүріп бір бума гүл жинап әкелді. Бірақ, кейінірек Азиз Махмуд Худайы есімімен әйгілі болған Бурсаның бұрынғы қазысы Махмуд мырзаның қолында сабағы үзіліп, солып қалған жалғыз ғана гүл бар еді. Жолдастарының әрқайсысы өз жинаған бума гүлдерін мақтанышпен ұтаздарына тапсырады. Ал, Махмұд мырза басын иген күйде қолындағы солып қалған сынық гүлді Хазірет Үфтәдаға ұзатты. Сол кезде Хазірет Үфтәда одан:

– Махмұд көкетайым! Достарың бума-бума гүл әкелгенде сен неге сабағы сынық, өзі солып қалған гүл әкелдің? - деді.

Махмұд мырза әдеппен басын иіп былай деп жауап берді:

– Ұстазым! Сізге не сыйласам да аз. Бірақ, қай гүлдің қасына барып қолымды созсам оның «Аллаһ, Аллаһ» деп Раббысын зікір етіп тұрғанын көрдім. Олардың зікірлеріне кедергі болуға көңілім разы болмады. Амалсыздан зікірін жалғастыра алмаған мына гүлді әкелуге мәжбүр болдым.

Нәзік жүректі кісілер үшін әлемдегі әрбір түйіршіктің өзі ғибрат айнасы болып табылады. Жанды-жансыз атаулы бүткіл жаратылыс Аллаһты зікір етеді. Аят кәримада былай делінген:

«Жеті қабат көк, жер және ондағы барлық нәрселер тасбих айтып, Оны пәктейді. Оны дәріптеп пәктемейтін нәрсе жоқ. Бірақ, сендер олардың тасбихтарын түсіне алмайсыңдар. Ол өте жұмсақ әрі кешірімді» (Исра сүресі, 44-аят).

Адам баласы да ғаламдағы осы бір ғажайып құбылыстан өзіне ғибрат алу арқылы өзінің негізгі міндетін үнемі қаперінде ұстап, Раббысын зікір етуді ешуақытта есінен шығармағаны жөн.

***

Ең жоғарғы зікірлердің бірі де – салауат шәрип. Мүмин құл Аллаһтың Елшісі саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға қаншалықты салауат айтса, оның руханияты соншалықты артып отырады. Өйткені, Пайғамбарымыздың дәрежесі Аллаһтың назарында өте биік.

Тіпті, Раббымыздың өзі де Елшісіне салауат айтумен, өзінің рақымдылығын, разылығын және мейірім шапағатын төгіп, оның мәртебесін асқақтатқан. Әрі бізге де солай істеуді бұйырған.

Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәлем берілетін жерлердің бірі де намазда оқылатын «әт-тахият» дұғасы. Бір риуаят бойынша Пайғамбарымыз былай деген екен:

«Миғраж тұні Раббымды жүрек көзіммен көрдім. Аллаһ Тағала маған:

– Сөйлес менімен ей, Хабибім (сүйіктім)! - деді. Мен аң-таң болып бір орында қатып қалдым. Кейін Аллаһ Тағала менің көңіліме аян беріп:

التَّحِيَّاتُ لِلّٰهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ

«Хамд-шүкір сияқты тілмен жасалатын, намаз, ораза тәрізді іс-әрекетпен орындалатын және зекет секілді дүние-мүлік арқылы атқарылатын ғибадаттар бір Аллаһ Тағалға ғана тиісті» дедім.

Сосын Аллаһ Тағала:

السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللهِ وَبَرَكَاتُهُ

«Уа, қадірлі Пайғамбар! Аллаһтың сәлемі, рақымы және мол берекеті Саған болсын!» деді.

Мен де жауап ретінде:

السَّلاَمُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللهِ الصَّالِحِينَ

«Аллаһтың сәлемі бізге және Аллаһтың салих (ізгі) құлдарына болсын!» дедім. Сонда Аллаһ Тағала:

– Уа, Елшім! Мен Жәбірейілдің өзін арамыздан шығардым. Ал сен болсаң, үмбетіңді арамыздан шығармадың, - деді. Аллаһ Тағаланың осы сөзін естіп тұрған Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешқандай тәңір жоқ екеніне және Мұхаммәдул-Әмин Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік етемін» деп куәлік келтірді (Қараңыз; Құртуби III, 425).

***

Үбәй бин Кағыб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Түннің үштен бір уақыты өткенде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұйқысынан тұрды да:

«Адамдар! Аллаһты зікір етіңдер! Аллаһты зікір етіңдер! Жерді орнынан ойнататын сұр ұрленеді. Оның артынан екіншісі ұрленеді. Өлім барлық қорқынышымен келіп жететін болады. Өлім барлық қорқынышымен келіп жететін болады!» - деді.

Хазірет Пайғамбарымызға:

– Уа, Расулаллаһ! Мен сізге көп салауат айтып жатырмын. Бұны қанша рет айтуым керек? - дедім. Пайғамбарымыз:

– *Қалағаныңша айт!* - деді. Мен:

– Дұғамның төрттен бірін салауатқа бөлсем қалай болады? - дедім. Пайғамбарымыз:

– *Қалағаныңша бөл. Бірақ одан да көп айтсаң, өзің үшін қайырлы болады,* - деді.

– Олай болса дұғамның жартысын салауатқа арнайын, - дедім. Пайғамбарымыз:

– *Қалағаныңша айт. Бірақ, одан да көп айтсаң, өзің үшін қайырлы болады,* - деді. Мен тағы да:

– Онда үштен екісін арнасам жеткілікті болады ма? - дедім.

– Қалағаныңша айт. Бірақ, тағы да көбейтсең, өзің үшін әлде қайда қайырлы болады, - деді.

– Олай болса, дұғаға бөлген уақытымның барлығын сізге салауат айтуға арнасам қалай болады? - дегенімде:

– Ол кезде, Аллаһ барлық ауыртпалығыңды жойып, күнәларыңды кешеді, - деді (Тирмизи, Қиямет 23/2457).

***

Бір күні Расулуллаһ дұғасын Аллаһқа хамд, Расуліне салауат айтумен бастаған бір сахабаны көргенде оған дән риза болып:

«Ей намаз оқыған адам! Дұғаңды жасай бер (Аллаһқа мақтау, елшісіне салауат айтып бастаған болсаң) дұғаң қабыл болады» деді (Тирмизи, Дағауат 64/3476).

Осыған орай Хазірет Омар бин Хаттаб (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

«Жасаған дұғаң көк пенен жердің арасында тұрады. Хазірет Пайғамбарға салауат айтпағаныңша ешбір дұғаң Аллаһтың құзырына көтерілмейді» (Тирмизи, Үтір 21/486).

***

Кәғыб бин Ужра (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

Бір күні Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Расулаллаһ! Сізге қалай сәлем беретінімізді білдік. Бірақ, сізге қалай салауат айту керектігін білмейміз, - дедік. Сонда ол:

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى اٰلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إبْرَاهِيمَ
وَعَلَى اٰلِ إبْرَاهِيمَ إنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ
اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى اٰلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إبْرَاهِيمَ
وَعَلَى اٰلِ إبْرَاهِيمَ إنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

«Аллаһым! Ибраһимге және отбасына рақым еткеніңдей Мұхаммедке және оның отбасына да рақым ете гөр! Күмәнсіз Сен мақтауға лайықсың әрі ұлысың. Аллаһым Ибраһимге және отбасына қайыр мен берекет сыйлағаныңдай Мұхаммедке және оның отбасына да қайыр мен берекет нәсіп ет. Күмәнсіз Сен мақтауға лайықсың әрі ұлысың деп айтыңдар!» деді (Бұхари, Дағауат 32; Тирмизи, Үтір 20; ибн Мәжә, Икама 25).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Күндердің ең берекелісі – жұма күні... Ол күні маған көп салауат айтыңдар. Өйткені, сендердің айтқан салауат-сәлемдерің маған ұсынылатын болады,* - деді.

Сонда қадірлі сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Сіз қайтыс болып, (тәніңіз шіріп) сізден ешқандай белгі қалмаған кезде айтқан салауаттарымыз сізге қалай ұсынылмақ? - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала топыраққа пайғамбарлардың денесін шірітуді харам еткен» деді (Әбу Дәуіт, Салат 201/1047, Үтір 26).

***

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) жұма күні салауат айтудың маңыздылығы жайында былай дейді:

«Кімде-кім жұма күні Хазірет Пайғамбарға жүз мәрте салауат айтса, ол қиямет күні махшар алаңына жүзі сұлу әрі нұрлы болып келеді. Адамдар оған қызыға әрі қызғана «Бұл кісі қандай амал жасаған екен?» деп бір-бірінен сұрайтын болады» (Бәйхақи, Шуғабул-Иман III, 212).

***

Кағыб бин Ужра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні бізге «Мінберге қарай жақындаңдар!» - деді. Біз де жақындадық. Аллаһтың Елшісі мінбердің бірінші баспалдағына шығып *«Әмин!»* деді. Сосын екінші баспалдағына шығып, тағы да *«Әмин!»* деді. Үшінші баспалдаққа шығып, тағы да *«Әмин!»* деді.

Мінберден түскен соң:

– Уа, Расулаллаһ! Бүгін сізден осы уақытқа дейін естімеген сөздер естідік. Бұл сөздердің хикметі не? - деп сұрадық. Пайғамбарымыз:

– *Жәбірейіл аләйһис-сәләм маған көрінді де: «Рамазан айына кіріп тұрып, күнәлары кешірілмеген адам Аллаһтың рақымынан ұзақ болсын!» деді. Мен де «Әмин!» дедім. Екінші баспалдаққа шыққанымда: «Сенің есімің айтылғанда саған салауат айтпаған адам Аллаһтың рақымынан ұзақ болсын!» деді. Мен де «Әмин!» дедім. Үшінші баспалдаққа шыққанымда: «Ата-анасы немесе екеуінің біреуі қартайғанда қолында болып, (разылығын ала алмай) жәннатқа кіре алмаған адам Аллаһтың рақымынан ұзақ болсын!» деді. Мен де «Әмин!» дедім»* (Хаким, IV, 170/7256; Тирмизи, Дағауат 100/3545) депті.

***

Парасатты салих кісілердің бірінен жеткен деректе былай делінген:

Менің бір көршім бар еді. Ол ғалымдардың жазған кітаптарын көшіріп көбейтетін. Қайтыс болғанда оны түсімде көрдім. Мен оған:

– Аллаһ Тағала саған қалай мәміле жасады? - дедім. Ол:

– Мені кешірді, - деді. Мен:

– Бұған қай амалың себеп болды? - дедім. Ол:

– Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк есімін кітапқа жазғанымда міндетті түрде салауат айтатынмын. Раббым сол үшін маған көздер көрмеген, құлақтар естімеген, ешкімнің ақылына кіріп шықпаған нығметтер берді, - деді (Нәбһани, Сағадатуд-Дәрайн б. 101).

***

Тағы бір дерек бойынша, Хазірет Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің көркем ахлағымен бойын түземеген бір кісі түсінде Аллаһтың Елшісін көреді. Аллаһ Расулі оған көңілін аудармайды, назарын да салмайды. Ол мұңайған күйде:

– Уа, Расулуллаһ! Маған өкпелісіз бе? - депті. Хазірет Пайғамбар оған:

– *Жоқ! - депті.*

– Олай болса, маған неге көңіліңізді аудармайсыз?

– *Мен сені танымаймын ғой!*

– Қалайша мені танымадыңыз уа, Расулаллаһ? Мен сіздің үмбетіңізбін. Ғұламалар сізді өз үмбетін анасының өз баласын танығанынан да артық таниды деп айтушы еді. Сонда Пайғамбарымыз:

– *Иә, бұл рас! Бірақ мен сенің бойыңнан көркем ахлағымнан ешнәрсе көріп тұрған жоқпын. Әрі маған сенен ешқандай салауат келмеді. Есіңде болсын, үмбетімнің қай-қайсысын болмасын ахлағыммен бойын түзегеніне қарап танимын,* - депті.

Ұйқысынан мұңая оянған әлгі мүмин кісі бұрынғы халі үшін тәубе етіп, Пайғамбарымыздың көркем ахлағымен бойын түзеді. Көп салауат айтатын болды. Біраз күн өткеннен соң түсінде тағы да Аллаһтың Елшісін көрді. Бұл жолы Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– *Енді сені танып тұрмын әрі саған шапағатшы боламын...* - деді.

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің бір хадис шәріпінде *«Адам сүйгенімен бірге»* деген (Бұхари, Әдеп 96). Сондықтан да, біз «Сүйген кісі сүйіктісінің барлық нәрсесін жақсы көреді» деген-

дей Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләмды әрбір халімізде, әрбір іс-әрекетімізде үлгі-өнеге тұтуымыз қажет. Өйткені, Пайғамбарға деген сүйіспеншілік, махаббат, оны үлгі-өнеге тұту Аллаһқа деген махаббаттың негізі іспеттес. Ал бұған қарама-қайшы келетін махаббаттар болса, Құран мен Сүннет жолында жарамсыз боп табылады. Ұлы Аллаһқа жеткізетін жалғыз жол – «услат» Хазірет Пайғамбарға деген махаббатпен аяқталмақ.

Зикруллаһ (Аллаһты зікір ету) пен салауат-шариф (Пайғамбарға салауат айту) – рухани болмысымыздың азығы, мәңгілік бақытымыздың кепілі. Сондай-ақ, жүрегіміз бен рухымыз осы зікір арқылы кемелденіп отырады. Бұл жайында Аллаһ Тағала:

«...Естеріңде болсын, жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана тыныштық табады» (Рағыд сүресі, 28-аят) деген.

Аллаһқа сүйікті құл болудың бірден бір жолы – «зикр-и дәйм», яғни үнемі Аллаһты зікір ету. Тек сонда ғана өміріміз рухани ләззатқа, рахатқа толы болады. **Раббымыз осындай халді баршамызға нәсіп етсін!**

Әмин!..

9. АҚТЫҚ ДЕМ ҚАЙҒЫСЫ
ӨЛІМГЕ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНДЫҚ

Адам баласы ғаламдағы күллі жаратылыс жүйесіне ғибратпен қарау арқылы өмірде көбірек көңіл бөлінуі тиіс нәрсенің – «өлім» ақиқаты екендігіне көз жеткізеді.

Осыған орай Аллаһ Тағала былай деп бұйырған:

«Жер бетіндегі барлық нәрсе пәни, яғни өткінші...» (Рахман сүресі, 26-аят).

«Әрбір жан иесі өлімнің дәмін татады» (Әнбия сүресі, 35-аят).

Адам баласы қандай қызық жан десеңізші! Аз ғана уақытқа қонақ болып келген мына дүниеге өзін тез-ақ алдатып қояды. Әр күні жаназаға куә болып жүрсе де, өлімді өзінен ұзақ деп ойлайды. Өзін кез-келген сәтте уысынан шығарып алуы мүмкін өткінші аманаттардың «мәңгілік иесімін» деп есептейді. Алайда, адам баласы рухына «тән» деген киім кигізіліп, «өмір» атты есіктен аттатылғаннан кейін-ақ өлім жолаушысы болып саналады. Ол сол жолдың дайындық мекеніне кіргенін ойлағысы да келмейді. Алайда бір күн келеді, рухты тәннен ажыратады. Ақырет есігі қабірде мәңгілік сапарға аттандырылады. Аллаһ Тағалай айтады:

«Кімге ұзақ ғұмыр берсек, Біз оның жаратылысын (жастығы мен

келбетін) **өзгертіп, белін бүкірейтеміз. Адамдар осыны ойланбайды ма?** (Ғибратқа толы өмір жолын түсінбейді ме?)» (Ясин сүресі, 68-аят).

Адам баласы үшін осы дүниедегі өмірдің негізгі мақсаты – Аллаһ разылығына лайықты өмір сүру арқылы ақырет бақытына қол жеткізу. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтады:

«Ақылды адам – нәпсісінің ширім-қалауларына мойынсұнбай, өлімнен кейінгі жағдайы үшін дайындық жасаған кісі...» (Тирмизи, Қиямет 25/2459).

Марқұм Нәжіп Фазыл қандай тамаша жырлаған десеңізші:

Ей, сараң сарраф (валюта айырбастаушы)!

Өзіңе басқа дорба тіктір,

Мазарда өтетін ақша бірлігі қайсы болса,

Соны біріктір.

Өмір – ыдысты толтырған су тамшылары іспетті. Сол ыдыстағы судың мөлдірлігі тамшылардың мөлдірлігіне байланысты болмақ. Ыдысты толтырған ақырғы тамшы – соңғы дем.

Хадис шәріпте былайша баяндалады:

«Кімнің (өмірде) ең соңғы айтқан сөзі لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ*, яғни «Аллаһтан басқа ешқандай тәңір жоқ» болса, ол жәннатқа кіреді»* (Әбу Дәуіт, Жанайз 15-16/3116; Хаким I, 503).

Яғни, жүрегіндегі нәпсілік қалауларды біржолата жойып, көңілін Аллаһқа деген сүйіспеншілікпен толтырса, сонымен қатар ақтық деміне дейін осы жолдан тайынбай рухани ғұмыр кешсе, міне сонда ғана оның иманмен жан тапсырып, жәннатқа кіруі үміт етіледі. Өйткені, басқаша өмір сүрген кісінің ақтық демінде «Лә иләһә иллаллаһ» дей алуы өте қиын-ақ. Осыған орай, Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адам қалай өмір сүрсе, солай жан береді, қалай жан берсе, солай тірілтіледі» деген (Қараңыз; Мүслим, Жәннат 83; Мүнауи V, 663).

Ақтық дем – бусыз таза айна іспетті. Адам баласы өз-өзін соңғы демін алып жатқанда толық танитын болады. Өмірде істеген әрбір амалы жүрегі мен көзінің алдында жанданып жатады. Сондықтан да, адам баласы үшін өлім сәтінен асқан ғибратты көрініс болмақ емес.

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп айтады:

«Қабір – (амалдарға байланысты) жәннат бақшаларынан бір бақша немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр болады» (Тирмизи, Қиямет 26/2460).

Біз бұл пәни дүниемен шынайы құл ретінде қош айтысуды және қабіріміздің жәннат бақшасының бірі болуын қалайтын болсақ, алған әрбір демімізді ақтық демге дұрыс дайындауымыз керек. Яғни, бақыт толы ақырет өміріне қол жеткізу үшін осы дүниеде салих амалдармен безендірілген, берекелі де тура жолмен өмір сүруіміз қажет. Өйткені, Аллаһ Тағала:

«Саған яқин (өлім) **келгенше Раббыңа құлшылық жаса!»** (Хижр сүресі, 99-аят) деп бұйырған.

Өмірлерін Аллаһқа және Оның елшісіне деген сүйіспеншілікпен өткізген әрі өмірін салих амалдармен безендірген ерекше құлдар ақтық демдерінде Аллаһтың жәрдемімен кәлима шәһәдат айта отырып, рухани тыныштықпен ақыретке көш етеді. Ал керісінше, жер бетінде өткінші нәпсіқұмарлықпен дүниенің арбауына бой алдырып, рухани ішкі жан дүниесін кірлетіп, әлсіреткен жандар болса, көбінесе сол өмір сүрген салттарына қарай жан тапсырады. Әрі олар жердің астында да қасірет пен азапқа душар болады.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде үмбетіне ескерту ретінде:

– *Сірә, дүние салғанда өкінбейтін жан болмайды,* - дейді. Сонда бір сахаба:

– *Уа, Расулаллаһ! Ол қандай өкініш?* - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Егер (дүние салған кісі) мұхсин (яғни қайырымдылық жасаушы, салих) адам болса, одан да көп салих амал істемегеніне, егер ол жаман адам болса, жамандығынан арылып, өзін тұзей алмағанына өкінеді»* - деп жауап берді (Тирмизи, Зүһд 59/2403).

Осы мәселе туралы Аллаһ Тағала да құлдарына ескерту жасаған. Құран Кәрімде:

«Ей, иман келтіргендер! Сендерді дүние-мүліктерің мен балашағаларың Аллаһты зікір етулеріңнен тыймасын. Егер кімде-кім бұлай істесе, міне солар нағыз қасіретке ұшыраушылардың дәл өзі. Қайсы біріңе өлім жетіп, «Уа, Раббым маған аз уақытқа мұрсат бере гөр, садақа беріп, ізгілерден болайын!» деместен бұрын, сендерге рызық ретінде берілген дүниемізді Аллаһ жолында жұмсаңдар! Өйткені, Аллаһ Тағала ажалы жеткенде ешкімді кері жібермейді. Аллаһ не істегендеріңен хабардар» делінген (Мұнафиқун сүресі, 9-11 аяттар).

Қысқасы, өлім жеткен кездегі халіміз бен қияметке дейін жалғасатын қабірдегі өміріміз осы дүниедегі жағдайымызға және жасаған әрбір амалымызға қарай түрліше болмақ.

Хазірет Мәулана қандай тамаша айтқан десеңізші:

«Балақай, әркімнің өлімі өз түсінде (бояуында). Өлімнің адамды Аллаһқа қауыштыратынын ойламастан, өлімді жек көретіндер және оған дұшпан деп қарағандар үшін өлім – бейнебір қорқынышты жау секілді. Ал өлімді өзіне дос тұтқандардың алдынан ол да дос сияқты шығады».

«Ей, өлімнен қорқып қашқан жан! Мәселенің түпкі мәніне, сөздің шынына келсек, сен өлімнен қорықпайсың, сен өзіңнен қорқасың».

«Өйткені, өлім айнасына қарағаныңда өлімнің келбетінен емес, өзіңнің ұсқынсыз жүзіңнен үркіп, қорықтың. Сенің рухың бір ағаш іспетті. Ал өлім сол ағаштың жапырағы. Олай болса, әрбір жапырақ ағаштың сортына қарай шығады».

Демек, өлімнің жақсы болуы өмірдің салих амалдармен безеніп, жақсаруына байланысты болмақ деген сөз.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болатынмын. Ансарлық бір сахаба келіп, Аллаһтың Елшісіне сәлем берді де:

– Уа, Расулаллаһ! Мүминдердің ең абзалы кім? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Ахлағы ең жақсы болған кісі,* - деп жауап берді. Ол тағы да:

– Ал мүминдердің ең ақылдысы кім? - деді. Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

– *Өлімді көп еске алып, өлімнен кейін болатын жағдайы үшін жақсы дайындық жасаған кісілер. Нағыз ақылдылар – солар,* - деді (Ибн Мәжә, Зүһд 31).

***

Бәра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Біз Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге біреудің жаназасында болдық. Пайғамбарымыз аләйһис-салату уә сәлләм қабірдің шет жағына отырып, жылай бастады. Тіпті, оның көзінен аққан жастар жердегі топырақты сулады. Кейін ол:

«Уа, бауырларым! (Барлығымыздың басымызға келетін) мына өлімге жақсылап дайындалыңдар!» деді (Ибн Мәжә, Зүһд 19).

***

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) қызметшісіне:

– Уа, Омар өлімді ұмытпа! - деп өлімді әр күні есіне салып жүруін әмір етіпті. Кейінірек қызметші сақалы ағарған шақта:

– Енді қажеті жоқ. Ақ шалған сақалым-ақ әр сәт сайын өлімді насихат етіп тұр, - деген екен.

Расында да, нәпсіміздің арман-қалауларын тізгіндей алу үшін пәнилік екенімізді, яғни өлетінімізді ұмытпауымыз керек.

***

Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мырзамыз ойланып, ғибрат алуымыз үшін және ақтық демге, өлім мен одан кейінгі жағдайға дайындалуымызға қабір, қиямет және ақырет ахуалынан хабар берген. Солардың бірнешеуіне толталып өтсек:

«Бір мұсылман ажалы жетіп, өлім аузында жатқанда оған рақым періштелері ақ түсті жібек матамен келеді де:

– Сен Раббыңа разы, Раббың да саған разы болған күйде тәніңнен шық. Аллаһтың рақымы мен мейіріміне, саған ашу-ызасы болмаған Раббыңа қауыш! - дейді.

Сол уақытта рух (тәннен) ең хош иісті жұпар иісі сияқты шығады. Періштелер ол рухты бір-біріне алма-кезек беріп, сонау көктің қақпасына дейін әкеледі. Сосын:

– Жер бетінен келген мына хош иіс қандай әдемі! - дейді. Кейін оны мұмин рухтардың қасына әкеледі. Сендердің бірің жоғалтқан нәрсесін тапқанда қалай қуанса, олар да оның келгеніне сондай қатты қуанады. Одан:

– Пәленше не істеді? Пәленше не істеді? - деп (дүниедегілердің жағдайын) сұрайды. Кейбір рухтар да өзі турасында сұралған кісілер жайында:

– Оны қайтесіңдер! Ол дүниеге беріліп кеткен адам, - дейді. Сол уақытта жаңа келген рух:

– Пәленше дүние салған болатын, ол қастарыңа келмеді ме? - дейді. Олар:

– (Солай ма? Онда) ол баратын жеріне, яғни Хауия жәһаннамына апарылған ғой! - деседі.

Кәпір адам ажалы жетіп, өлім аузында жатқанда, азап періштелері мисх деген қылдан жасалған қалың тұрпайы бір матамен келеді. Сосын оған:

– Бұл тәннен ызалы, Аллаһтың азабына ұшыраған күйде шық та, Аллаһтың азабына қарай асық! - дейді.

Сол кезде тәннен өлексенің иісіндей жиіркеніште иіс шығады. Періштелер оны жер қақпасына әкеледі. Ол жерде:

– Мынаның иісі қандай жиіркеніште! - дейді. Кейін оны кәпір рухтардың жанына апарады» (Нәсай, Жанайз 9).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Қиямет күні адам баласы қозы сияқты әкелініп, Аллаһтың құзырына тұрғызылады. Аллаһ Тағала оған:

– Саған мол нығмет бердім, мал-мүлік бердім, осыншама жақсылық жасадым. Ал сен оларға шүкіршілік ретінде не істедің? - дейді. Ол:

– Уа, Раббым! Жинадым, көбейттім, бұрынғысынан да көп қылып, дүниеге қалдырып кеттім. Мені (дүниеге) қайта жібер, оны Саған әкелейін, - дейді. Аллаһ Тағала оған:

– Қане, ақырет үшін жасаған амалдарыңды маған көрсет! - дейді.

– Уа, Раббым оларды жинадым, көбейттім бұрынғысынан да көп қылып дүниеге қалдырып кеттім. Мені (дүниеге) қайта жібер, оны Саған әкелейін, - дейді.

Бұл құл дүниеде жүргенде ақыреті үшін ешқандай қайырлы амал жасамаған еді. Сол себептен де, ол тозаққа тасталады» (Тирмизи, Қиямет 6/2427).

Міне, дүниеде ғапылдыққа салынып өмірін босқа өткізіп, ақырет үшін дайындық жасамағандардың соңы осылай қайғылы болмақ. Бұл жайында Аллаһ Тағала қасиетті аяттарында былай деп баяндайды:

«Кімнің кітабы (амал дәптері) **арт жағынан берілсе, ол өлім тілеп, тез арада жоқ болып кеткенді тілейді. Алаулап тұрған отқа кіреді. Өйткені, ол** (дүниеде) **отбасының қасында мәз-мейрам болып жүрді. Әрі ол сол халінің ешуақытта өзгермейтінін және Аллаһтың құзырында есеп бермейтінін ойлаған еді»** (Иншиқақ сүресі, 10-14 аяттар).

Бұл дүниеде байлығына, мансабы мен күш-қуатына сеніп, даңдайсығандардың соңы қандай болатындығына тамаша мысал – Қарұн. Аллаһ Тағала оның ғибратты қиссасын Құран Кәрімде былай деп баяндайды:

«Қарұн Мұса пайғамбардың қауымынан еді. Ол қауымына зұлымдық қылды. Біз оған қуатты бір топтың өзі кілттерін әрең таситын қазына бердік. Сонда оған халқы: «Даңдайсыма! Расында Аллаһ мақтаншақтарды ұнатпайды. Аллаһтың саған берген дәулетімен ақыретті тіле! Әрі дүниедегі несібеңді де ұмытпа! Аллаһтың саған жақсылық қылғаны секілді, сен де (адамдарға) **жақсылық жаса. Жер бетінде бүлікшілік іздеме! Күмәнсіз Аллаһ бүлікшілерді жақсы көрмейді» деді.**

Қарұн болса: «Ол (байлық) **маған білімінің арқасында берілді» деді.**

Ол Аллаһтың бұрынғы қауымдардың арасынан өзінен де күшті әрі көп жақтастары бар топтарды жойып жібергенін білмейді ме?! Күнәһарлардан күнәлары сұралмайды (Аллаһтың оның барлығынан хабары бар).

Қарұн бүкіл байлығын паш етіп, сән-салтанатымен қауымына шықты. Дүниені қалағандар: «Шіркін, Қарұндікі сияқты бізге де байлық берілсе ғой. Шынымен де оның несібесі зор екен!» десті.

Көкірегі ояу білімді жандар болса: «Қандай өкінішті! Иман келтіріп, ізгі амал жасағандар үшін Аллаһтың сыйы әлде қайда артығырақ. Оған тек сабыр еткендер ғана қол жеткізеді» деді.

Соңында біз оны да және оның сарайын да жерге жұтқыздық. Сондай-ақ, Аллаһтың азабынан оны құтқарып қалатын ешқандай топ та болмады, әрі оған жәрдем де берілмеді» (Қасас сүресі, 76-81 аяттар).

Қарұнның осы бір жағдайы дүниеде байлығы мен күш-қуатына сеніп даңдайсыған және күндердің бір күнінде өлетінін есіне де алмайтын ғапыл-бейқамдардың соңының не болатынына тамаша мысал болары хақ.

***

Бір күні сахабалар Пайғамбар мырзамыздан:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Қиямет күні Раббымызды өз көзімізбен көре аламыз ба? - деп сұрады. Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) олардан:

– *Бұлтсыз ашық күнде, түскі уақытта күнді көру үшін тығылысып, сығылысасыңдар ма?* - деп сұрады. Ардақты сахабалар:

– Жоқ, - деп жауап берді.

– *Бұлтсыз ашық түнде айды көру үшін бір-біріңмен итерісіп, тығылысасыңдар ма?* - деп сұрады. Сахабалар бұл жолы да:

– Жоқ, уа, Расулаллаһ! - деп жауап берді. Сол кезде Пайғамбарымыз:

– *Жаным құдірет қолында болған Ұлы Аллаһқа ант етейін, Раббыларыңды көргендеріңде де тығылысу, бір-біріңді итеру, сығылысу деген болмайды. Құдды бір күн мен айды көргенде итерісіп, сығылысудың болмайтыны секілді. Осылайша, пенде Раббысымен бетпе-бет келеді. Аллаһ Тағала оған:*

– *Ей, пәленше! Мен саған жақсылық жасамадым ба? Сені қожайын қылмадым ба? Саған жұбай бермедім бе? Атты, түйені саған бағындырмадым ба (қызметіңе ұсынбадым ба)? Басшылық қылуыңа,*

олжаға түскен малдардың төртте бірін алуыңа мүмкіндік бермедім бе? - деп сұрайды. Сонда пенде:

– Иә, уа, Раббым! - дейді. Аллаһ Тағала одан:

– Менің алдыма келетініңді еш ойламадың ба? - деп сұрайды. Пенде бұл сұраққа:

– Уа, Раббым! Еш ойламаған екенмін, - деп жауап береді.

– Олай болса, енді Мен сені ұмытамын. Құдды (дүниеде) Мені ұмытқаның сияқты, - дейді.

Кейін Аллаһтың құзырына тағы бір пенде келеді. Аллаһ Тағала одан да солай сұрайды. Одан кейін келген пендеден де солай сұрайды. Олар (Раббыларының айтқандарын мойындаудан басқа амалдары болмай) «иә, уа, Раббым» дейді. Аллаһ Тағала:

– Менің алдыма келетініңді еш ойламадың ба? - деп сұрайды. Сонда пенде:

– Уа, Раббым! Саған, кітаптарыңа және пайғамбарларыңа иман келтірдім. Намаз оқыдым, ораза ұстадым, садақа бердім, - дейді. Сосын қолынан келгенінше (Аллаһ Тағаланы) дәріптеп, мадақ сөздер айтады. Аллаһ Тағала оған:

– Тоқтай тұр олай болса, қазір сенің бұл айтқандарыңа бір куә әкелінеді, - дейді. Сонда пенде өз-өзіне:

– Маған қарсы кім куә болады? - деп біраз ойланып қалады. Сол кезде оның аузына мөр басылады. Терісіне, еттеріне және сүйектеріне «қане сөйлеңдер!» деп әмір етіледі. Оның терісі, еті, сүйегі істеген барлық нәрсесін түгін қалдырмай айтып шығады. Істегендерінен жалтарып, сылтау айтпауы үшін оған осылай жасалады. Бұл адам – Аллаһтың азабына ұшыраған мұнафық» (Мүслим, Зүһд 16).

Барлық дене мүшелері мен жер бетіндегілер істеген амалдарға куәлік ететін сол үлкен сотта пенде күнәларын қалайша жасыра алмақ?! Олай болса, сол жерде масқаралыққа душар болмау үшін дүниедегі өмірімізге өте мұқият болғанымыз абзал.

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Пенде (өлгенде) қабіріне көміліп, жақындары ол жерден тарқап жатқанда, ол қайтып бара жатқандардың аяқтарының дауысын естиді. Сол кезде оған екі періште келеді. Оны отырғызып:

– Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туралы ойың қандай? - деп сұрайды. Мүмин пенде бұл сұраққа:

– Оның Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін! - деп жауап

береді. Оған:

– Тозақтағы мекеніңе қара! Аллаһ ол жерді жәннаттағы бір орынмен ауыстырды, - дейді. Ол пенде екеуін де (яғни тозақтағы әрі жәннаттағы мекенін) көреді. Сосын Аллаһ оның қабірінен жәннатқа қараған бір терезе ашады.

Егер өлген адам кәпір немесе мұнафық болса, (періштелердің сұрағына):

– (Сұрап тұрғандарыңның) кім екенін білмеймін. Мен тек адамдардың айтып жүргендерін ғана айтушы едім, - деп жауап береді. Оған:

– (Оның айтқандарын) түсінбедің әрі оның соңынан ермедің» деген кінә тағылады. Сосын екі құлағының арасынан темір тоқпақпен ұрылады. (Тоқпақтың ауыртқаны) соншалық бір бақырады, оны адамдар мен жындардан өзге оған жақын болған барша мақлұқтар естиді» (Бұхари, Жанайз 68, 87; Мүслим, Жәннат 70).

***

Хазірет Дәуіттің ұлы Сүлеймен аләйһис-сәләм жер жыртып жүрген бір диқаншының қасынан өтеді. Сонда диқаншы:

– Күмәнсіз, Дәуіттің отбасына үлкен билік пен салтанат нәсіп болған! - дейді.

Жел оның бұл сөзін Сүлеймен аләйһис-сәләмнің құлағына жеткізеді. Сүлеймен аләйһис-сәләм дереу атынан түсіп, жаяулатып әлгі диқаншының қасына келеді:

– Саған қол жеткізе алмайтын нәрсені тілемеуің үшін жаяу келдім, - дейді. Кейін сөздерін ары қарай жалғастырып:

– Аллаһ Тағала қабыл алатын бір тасбих, яғни пәктеу сөз Дәуіттің отбасына берілген билік пен салтанаттан әлденеше есе артық, - дейді.[99]

Расында да, осы өткінші дүниеде шынайы ықыласпен орындалған салих амалдар мәңгілік әлемдегі қуаныш пен бақыттың басты байлығы болмақ. Қасиетті аятта былай айтылады:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және әркім ертеңі үшін (ақыретке) **не дайындағанына көз салсын. Аллаһтан қорқыңдар, өйткені, Аллаһ не істегендеріңді жақсы біледі»** (Хашыр сүресі, 18-аят).

***

Өлімнен қашып құтылу әсте мүмкін емес. Оған дайындық жасаудан басқа амалымыз жоқ. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

99. Бурсауи, Рухул-Баян, Стамбул 1969, VI, 332-333

«Дәуіт аләйһис-сәләм өте діндар әрі абырой-намысына ешқашан кір келтірмейтін жан еді. Үйінен шыққанда есігін мықтап жауып тастайтын. Қайтып оралғанға дейін ешкім ол жерге аттап баса алмайтын. Бір күні әдеті бойынша есігін мықтап жапты... Кейін ол үйіне қайта оралғанда үйінің дәл ортасында тұрған бір адамды көреді. Одан:

– Сен кімсің? - деп сұрайды. Ол:

– Мен сондай патшалардан қорықпайтын және ісіме ешнәрсе бөгет кедергі бола алмайтын кісімін, - деді. Сонда Дәуіт аләйһис-сәләм оған:

– Олай болса, Аллаһқа ант етейін сен өлім перштесісің. Аллаһтың бұйрығымен қош келдің! - дейді.

Аз уақыттан соң оның жаны алынды...» (Ахмед II, 419).

Міне, бұл – әруақыт өлімге дайын жүрген кісілердің Әзірейіл аләйһис-сәләмді қарсы алулары еді...

Марқұм Нәжіп Фазыл қандай тамаша жырлаған десеңізші:

Ақтық демде бір перде түріліп, бір перде түсер

Әзірейілге «қош келдің!» деу де бір өнер...

***

Аллаһ Тағала сыйға берген нығметтерді мүмкіндік барда ақыретіміз үшін пайдаланып, қияметтің сондай «ауыр да қиын күніне» дайындық жасауымыз керек. Әбу Зәрдің (радиаллаһу анһу) мына бір даналы сөздері өлім мен одан кейін болатын жағдайға әзірленудің мәні мен жолын көрсету тұрғысынан өте маңызды екені шүбәсіз:

«Бір малда үш ортақ бар. Біріншісі – малдың иесі, яғни сен. Екіншісі – тағдыр. Ол жақсылық әкеледі ме, әлде пәлекет пе, өлім сияқты жамандық әкеле ме, оны сенен сұрамайды. Үшіншісі – мұрагер. Ол да сенің тезірек өлгеніңді күтіп жүреді. Сосын ол сен өлгеннен соң малыңды әкетеді, ал сен оның есебін бересің. Егер шамаң жетсе, осы үш ортақтың ең әлсізі болмауға тырыс!

Аллаһ Тағала: لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ

«Жақсы көрген нәрселеріңнен Аллаһ жолына жұмсамағандарыңша, жақсылықтың кемеліне әсте жете алмайсыңдар…» (Әли Имран сүресі, 92-аят) *деп бұйырады. Менің ең жақсы көретін малым – мына түйем. (Ақыретте алдымнан шығуы үшін) оны өзімнен бұрын жіберіп тұрмын (садақа қылудамын)»* (Әбу Нуғайым, Хиля I, 63).

***

Осман халифаты дәуірінде мырза Үчбаш Нуруддин Хамза[100] деген шартарапқа әйгілі ғалым өмір сүрген екен. Ол тапқан ақшасын жұмсауға қимай, бір жерге жинай береді екен. Атқа мінуді, тіпті ескі киімі мен аяқ киімін ауыстыруды да қажетсінбейтін көрінеді. Осылай ақшасын үнемдеп жүреді екен. Ол осындай әрекетімен халық арасында «дүниешіл молда» деп аталып кетіпті.

Әлгі молда жинаған дүниесімен Фатих Қарагүмрүк деген жерде алдымен Үчбаш медресесін, сонан соң Үчбаш мешітін салдырыпты. Ғалымдар мен Фуқаһа (Ислам құқық мектебінің ұстаздары) үшін жайлы бөлмелер салдырып, оларды қаржыландырып тұратын бірнеше қор ашыпты. Мұны естіген оның таныстары аң-таң болып:

– Ұстаз! Ақшаны соншалықты жақсы көре тұра, осыншама нәрсеге жұмсауға қалай қыйдыңыз? - деп әзілдепті. Молда олардың әзіл-шыны аралас сауалдарына:

– Қадірменді достарым! Сендер рас айтасыңдар. Мен ақшаны жақсы көремін. Сол себептен де, ақшамның осы дүниеде қалып қоюына көңілім разы болмады. Сол үшін оларды өзімнен бұрын ақыретке жіберіп отырмын, - деп өте ғибратты да мағыналы жауап қайырған екен.

***

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) былай деген екен:

«Дүние артына бұрылып алып, кетіп барады. Ал, ақырет бізге қарай бет алып келе жатыр. Бұл екеуінің де өздеріне тиісті балалары (іздеушілері) бар. Сендер ақыреттің балалары болыңдар. Әсте дүниенің балалары болмаңдар! **Бүгін – амал ететін күн, есеп беру жоқ. Ал ертең есеп беру бар, бірақ амал істеуге мүмкіндік жоқ болады»** (Бұхари, Риқақ 4).

Бұл емтиханнан шыққан шәкірттің сынақ сұрақтарына қайта жауап жаза алмайтыны, бағасын қайта жақсарта алмайтыны сияқты...

Кейбір уәли құлдар Хазірет Алидің осы сөзінен ой түйіп:

«Дүние артына бұрылып алып кетіп барады. Ал ақырет болса, бізге қарай бет алып келеді. Артына бұрылып кетіп бара жатқанның соңына түсіп, өзіне қарай келе жатқанға көңіл бөлмей, одан бас тартқан кісіге таңқалмай тұра алмассың» деген екен.

***

Әбу Дәрда (радиаллаһу анһу) былай дейді:

---

100. Қарасу ауданына (Түркия) қарасты Үчбаш деген ауылда туғандықтан оған туған ауылының аты лақап ат болып тағылған. Ғалымдар мен қазылар тобына жатады. Һ.948/ м.1541 жылы дүние салған. Ол кісінің өмірі және осы оқиға жайында білгісі келетіндер қараңыз: Ташкөпрүзаде, әш-Шақаиқун-Нуғмания, 540-541 б.

«Сендердің адамның көңілін ойын-сауыққа, көңіл көтеруге тартатын нығметтерге беріліп, жасырын құмарлықтың соңына түсіп кетулеріңнен қорқамын. Бұл құмарлық қарын тоқ болғанда пайда болады. Сендердің ең жақсыларың досына мына насихатты айтқандарың:

– Қане кел, өлмей тұрып ораза ұстайық.

Ал ең жамандарың досына былай дегендерің:

– Кел, өлмей тұрып ойнап-күліп, ішіп-жеп қалайық. Өмірді ойын-сауықпен өткізейік... (Әбу Нуғайым, Хиля I, 218).

***

Хазірет Суфиян Сауридің жас кезінде белі бүгіліп қалған екен. Мұның не себептен болғандығын сұрағандарға:

– Ілім алып жүрген бір ұстазым бар еді. Ажалы жетіп, жан тапсырғалы жатқанда, қанша есіне салып тұрсам да кәлима таухидті айта алмады. Міне, осы жағдай менің белімді бүкірейтті, - деп жауап берген екен.

Пайғамбарлардан басқа ешкім де ақтық демде қандай күйде жан тапсыратындығына сенімді бола алмайды. Тіпті, Юсуф аләйһиссәләмнің Аллаһ Тағалаға:

«...(Уа, Аллаһым!) **Менің жанымды мұсылман болған күйде ал! Сондай-ақ, мені салих құлдарыңның қатарына қоса гөр!»** (Юсуф сүресі, 101-аят) деп мінәжәт етуі, тіпті пайғамбарлардың да ақтық демдері үшін алаңдағандықтарын білдіріп тұрғандай. Сондықтан, мүмин құл үміт пен қорқыныш сезімдері арасында әрдайым ізгі амалдар жасаумен ақырет азығын жинауы тиіс.

***

Шақиқ Бәлхи бір қабірдің жанынан өтіп бара жатып, оған ғибратпен назар салды да қасындағыларға былай деді:

– Мына жерде жатқандардың көбі дүниеде жүріп алданғандарына көз жеткізді... - деді. Қасындағылар одан:

– Не үшін? - деп сұрады. Ол:

– Бұлар тірі жүргенде мал-дүнием бар, үйім бар, көлігім бар, туған-туыстарым бар, бау-бақшам бар деп ойламайтын ба еді? Ал қазір, олай емес екендігін сендер де көріп тұрсыңдар ғой, - деген екен...

***

Аллаһтың әулие құлы Рабиғ бин Хайсам туралы мына бір оқиға нәпсімен жиі-жиі есептесуді, өлім мен ақырет жұртына әзірленуді еріксіз еске салып тұрады:

Хазірет Рабиғ бин Хайсам бақшасынан өзіне бір мазар қазыпты.

Жүрегінің қатайып бара жатқанын сезген кезде біраз уақыт барып сол жерде жатады екен. Әйтеуір бір күні дүниемен қош айтысатынын, қабірде жатып истиғфар (кешірім тілеу) мен садақаға мұқтаж болатынын және ақыретте қалай есеп беретіндігін терең ойланады екен. Сосын:

حَتَّى إِذَا جَاءَ أَحَدَهُمُ الْمَوْتُ قَالَ رَبِّ ارْجِعُونِ ﴿99﴾
لَعَلِّي أَعْمَلُ صَالِحاً فِيمَا تَرَكْتُ

«Соңында олардың біріне ажал жеткен шақта: «Раббым! Мені (дүниеге) **қайта жібер,** (өмірімді) **босқа өткізген дүниеде салих амалдар жасайын» дейді...»** (Мүминун сүресі, 99-100 аяттар) деген аятты оқиды. Мазардан шыққан соң өз-өзіне:

«Ей, Рабиғ, Қара! Бүгін дүниеге жіберілдің. Мұндай өтінішің қабыл болмайтын, дүниеге қайта жіберілмейтін күн де келіп жетеді. Қазірден бастап осыдан сабақ ал да, салих (игі) амалдарыңды, Аллаһ жолындағы күш-қайратыңды және ақырет дайындығыңды арттыра түс» дейді екен.

***

Имам Ғазалидың мына бір ғибратқа толы насихаттарына назар салыңызшы:

«Әрбір мүмин таң намазын оқып болған соң, күйбең тіршілікті бастамас бұрын біраз уақыт нәпсісімен жеке қалып, кейбір мәселелер жайында келісімшарт жасасып, уағдаласуы қажет. Бұл саудагердің саудаға шығаратын дүниелерін ортағына қалдыруға мәжбүр болған кездері онымен жасасатын келісімшарты сияқты. Тіпті, сол кезде ол ортағына кейбір нәрселерді ескертіп, қаперіне салуды да ұмытпайды. Адам баласы да сол саудагер сияқты өз нәпсісіне мынадай ескертулер жасап түруы қажет:

«Менің саудалық малым – өмірім. Өмірім кетсе, негізгі ақшам да кетеді. Одан кейін пайдам да, табысым да болмайды. Бірақ, мына басталған күн – жаңа бір күн. Аллаһ Тағала маған бүгін де өмір сыйлап, кеңшілік жасады. Егер мені өлтірген болса, әлбетте бір күнге болса да дүниеге қайта жіберіліп, ізгі амалдар жасап, қайырлы істер істеуді тілейтін едім. Олай болса, өліп қайта тірілтілгеніңді ойла да, бүгін күнә жасама, тыйым салынған істерге еш жақындама. Осы күннің аз ғана уақытын болса да босқа өткізбе. Өйткені, әрбір дем – баға жетпес нығмет.

Жақсылап ұғып алғын, бір күн – күндізі мен түнін қосқанда жиырма төрт сағат. Қиямет күні адам баласының алдына әр күні жиырма төрт дана жабулы сандық әкелінеді. Олардың біреуін ашқанда сол уақытта істеген амалдарының сыйы ретінде сандықтың ішінің нұрға толып тұрғанын көреді. Пенденің Аллаһтың өзіне беретін сый-сияпатын есіне алып, қуанатыны соншалық, оның қуанышы жәһаннам халқы арасын-

да бөлістірілетін болса, олар жәһаннамның азабын сезбей қалатын еді. Екінші сандықты ашқанда, одан қараңғылық пен жиіркенішті иістер шығады. Бұл – оның Аллаһтың әміріне қарсы келіп, күнәмен өткізген уақыты. Бұған оның өкінетіні соншалық, егер оның бұл өкініші жәннат тұрғындары арасында бөлістірілсе, олар жәннаттың рахаттығын сезбей қалар еді. Үшінші сандық ашылғанда ішінің боп-бос екендігін көреді. Бұл – оның ұйқы және мұбах амалдармен өткізген уақыты. Оның бұл өкініші аз ғана бір қайырлы істің сауабына қатты мұқтаж болатын сондай ауыр күнде келген пайданы уысынан шығарып алған саудагердің өкініші сияқты, тіпті одан да қатты болмақ. Ол сол уақытты босқа өткізгеніне қайғырып азап шегеді.

Олай болса, ей нәпсім! Мүмкіндік болып тұрғанда сандығыңды жақсылап толтыр. Байқа, бос қалдырып жүрме. Еріншектікке салынба! Әйтпесе, жоғарыдан құлдилай төмендейсің!».

***

Заһири (дүниелік) және батыни (рухани) ілімдерін жетік меңгерген ғалым Хазірет Халид Бағдади бүткіл өмірін ақтық деміне алаңдаумен өткізген екен. Мәктубат атты еңбегінде былай дейді:

«...Аллаһ Тағалаға ант етемін, анам мені дүниеге әкелген күннен осы күнге дейін Аллаһтың құзырында қабыл болып, сұраққа алынбайтын бірде-бір жақсылық істегеніме сенбеймін. (Дегенмен, Раббымның рақымдылығына сыйынамын.) Өзіңді істеген қайырлы істерімнің барлық сауабынан мақрұм қалдым деп ойла. Өйткені, амалдарға сеніп кету – надандықтың дәл өзі...»[101]

Хазірет Халид Бағдадидің досына жазған хатындағы мына бір жолдар оның ақтық демге дайындығының көрінісі іспетті:

«...Ақтық демде қажет болатын нәрсемен шұғылдануыңызды, сүннетке сай амал етуіңізді, өткінші дүниенің алдамшы сұлулықтарына ілтипат етпеуіңізді, (өзін меңзеп) мына бейшара құлдың тауфиқ пен хусни хатимге (жақсы нәтижеге) жетуі, яғни Аллаһ разы болатындай өмір сүріп, иманмен жан тапсыруы үшін дұға етуді ұмытпауыңызды тілеймін» (Мәктубату Мәуләна Халид, 175 б.).

Міне, Аллаһтың нағыз әулие құлдары ешуақытта жасаған амалдарына сенім артпаған. Керісінше, ақтық демде иманмен жан тапсырулары үшін Аллаһтың рақымы мен кешіріміне сыйынған. Олай болса, біздің де іліміміз бен амалдарымызға арқа сүйемей, Аллаһ Тағаладан әрдайым хұсни хатим, яғни жақсы өлім тілеп жүргеніміз абзал болмақ.

***

101. Халид Бағдади, Мәктубату Мәуләна Халид, Стамбул 1993, 178 б.

Дүкені қаланың шыға беріс қақпасында орналасқан бір дүкенші болыпты. Ол қақпадан дүние салған кісілердің жаназасы шыққан сайын жанындағы ыдысқа бір жеміс сүйегін тастап тұрады екен. Бір ай өткен соң ыдыстағы сүйектерді санап:

«Бұл айда осынша адам ыдысқа түсті» дейді екен.

Бір күні ол да дүние салды. Біраз күн өткен соң оның дүниеден озғандығынан хабары жоқ бір досы оған қыдырып келеді. Оны таба алмаған әлгі досы көршілерінен:

– Мына жерде отыратын дүкенші қайда екен? - деп сұрайды.

Көршілері:

– Ол да ыдысқа түсті!.. - деп жауап береді.

Қандай орынды айтылған жауап десеңізші!.. Осыны ұмытпағайсыз, соңында барлық адам ажал ыдысына түседі. Алайда, адам баласының айналасындағылардың біртіндеп ақырет жұртына көшіп жатқанын көріп жүрсе де, ғапылдықтың шырмауынан шыға алмай, өзін өлімнен ұзақ санайтыны өкінішті-ақ.

***

Явуз Сұлтан Сәлим Ханның сұхбаттас досы Хасан Жан былай дейді:

«Бірде Явуздың арқасына сыздауық шыққан болатын. Сыздауық аз уақыттың ішінде үлкейіп, шұрық тесік болып қалды. Тесіктің үлкендігі соншалық, ішінен Явуздың бауыры көрініп тұратын. Бұған ол қатты қиналып жүрді. Тура бір жаралы арыстан сияқты еді. Соған қарамастан, әлсіздікті мойындағысы келмеген Явуз Сұлтан жауынгерлеріне соғыстың айла-тәсілдерін үйретуді жалғастыра берді. Бір күні жанына барып едім, маған өзінің халін меңзеп:

– Хасан Жан, бұл не қылған жағдай өзі? - деді.

Мен оның өмір атты сапардың соңына жақындап, мәңгілік өмірдің басына келіп қалғанын сезгендігімнен бе, онымен айрылысу көңіліме қаяу түсіріп, жаныма қатты батты. Сол қайғының жетегімен:

– Патшам! Аллаһ Тағаламен бірге болу уақытыңыз таяп қалған сияқты, - дедім.

Алып денелі Сұлтан маған бұрылып қарап, таңданған бойда:

– **Хасан, Хасан! Сен мені бұл уақытқа дейін кіммен бірге деп ойлаушы едің?.. Аллаһ Тағалаға бет бұрысымда қандай да бір кемшілік байқадың ба әлде? -** деді.

Оның бұл сөзінен қатты ұялып:

– Әсте, Сұлтаным! Менің мақсатым мұны айту емес еді. Мен тек дәл

қазіргі жағдайыңыздың басқа кездердегіден өзгешелеу екендігін айту үшін осылай деуге батылым жетті, - дедім.

Осыдан кейін алып денелі Сұлтанның көңілі басқа әлемге ауып:

– Хасан! Ясин сүресін оқы! - деп соңғы тапсырмасын берді.

Көздерім жасаурап Ясин сүресін оқи бастадым. «Сәләм» аятына келген кезде Явуз Сұлтан асыл рухын Раббысына тәслім етті.

Көзі тірісінде Аллаһпен бірге болмағандар, соңғы демдерінде көбінесе иманымен жан тапсыру нығметіне қол жеткізе алмайды. Сондықтан, дүниеден жақсы өліммен өту үшін өмірді мақсатты өткізу шарт.

***

Сұлтан II Мұрат хан өз жанының рақатын емес, Аллаһтың разылығын ойлап жүретін адам еді. Раббысының разылығын алу жолында өмірін пида етуден тайынбайтындай жігерлі әрі қайратты еді. Оның ең үлкен қайғысы ақтық демін иманмен тапсыру, махшар күні Аллаһтың алдына маңдайы жарқырап ақ болу еді. Сондай-ақ, ол ұл-қыздарын үйлендіріп, құтты орындарына жайғастырған соң уәзірі Чандарлы Ибраһим пашаға:

– Ей, Чандарлы! Аллаһқа мақтаулар болсын! Аллаһтың жәрдемімен бұл дүниедегі ұл-қыздарымыздың алдындағы міндеттерімізді де орындадық. Енді тек иманмен көшу ғана қалды... - деген екен.

***

Чанаккале соғысында үлкен жеңістерге қол жеткізген Забит Мұзаффар кейінірек Шығыс майданында да тайсалмай, батыл соғысып жүрді. Забит Мұзаффар қанды бір қақтығыс кезінде ауыр жарақат алған болатын. Үні шықпай, тіпті көздері де ешнәрсені түсіндіре алмаған соңғы сәтінде қалтасынан қағаз шығарып, қолына іліккен шөптің сабағын жарасынан аққан қанға малып, былай деп жаза бастады:

– **Құбыла қай жақта?..**

Қасындағылар оның бұл сөздерінен жүзін құбылаға қарай бұрып Раббысына рухын тәслім еткісі келгендігін түсініп, тез арада тілегін орындады. Өлім сәтінде қолбасшының жүзінен бір жағынан вуслатқа (Аллаһқа қауышу) деген қуаныш байқалып тұрса, енді бір жағынан қасиетті борыштың зор табыспен аяқталуына алаңдап тұрғаны сезіліп тұрды. Ол соңғы күшін жинап, қаһарман әскерлеріне соңғы өсиетін жазды:

«Жауынгерлер Аллаһ разылығы үшін жиһадты жалғастырсын, қаным жерде қалып қоймасын!..».

Үшінші өсиетін жазбақшы болған еді, өлім оған мүмкіндік бермеді. Осылайша, ол асыл рухын шәһид болған күйде Раббысына тәслім етті.

Рухын құбылаға қарап тәслім ету үшін тілімен жеткізе алмаған қиын сәттің өзінде қанымен мұратына жетуге тырысу – қандай ұлы қасиет

десеңізші?! Міне, Аллаһ жолында сарп етілген өмірдің ақтық демі де осындай мүбәрәк әрі қасиетті болмақ.

***

Аллаһтың әулие құлдарының бірі Хазірет Махмуд Сами Рамазанұлының ақтық деміндегі халі біздер үшін өнеге болып табылады. Сами мырза жүрегі Пайғамбарға деген сүйіспеншілікке толы құл болатын. Бір кісі қардың үстінде жүргенде аяғының іздері қалып, кейінгі келген кісі сол іздермен жүріп қалай жолын тапса, Сами мырза да дәл солай Хазірет Пайғамбарымыздың ұлағатты ізімен жүрген ізбасары еді. Ол ақтық демін Хазірет Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің жанында әрі тәһәжжүд азаны шақырылып жатқан сәтте тапсырған. Оның ақтық демінде қасында болғандар оның аузынан тек:

«Аллаһ, Аллаһ, Аллаһ!..» деген сөздер шыққанын естіген.

Негізінде, оның тек тілі ғана емес, әрбір жасушалары, тіпті рухы да «Аллаһ» деп жатты...

Қорыта айтқанда, әрбір пенде рухын иманмен тәсілім етуі үшін ең алдымен **нәпсісін тазартып**, **жүрегін ағартып**, яғни жаман қасиеттерден арылып, жақсы қасиеттерге ұмтылу арқылы Аллаһтың көркем есімдерімен бойын түзеуі шарт. Себебі, осылай жасау арқылы жүректің нағыз тақуалық деңгейге жетуі «өмір» атты сапардың ең нұрлы һидаят шырағданы болып табылады. Хазірет Мәуланаңың мына айтқан сөздері тазаланудың осы бір мәнін ашып тұрғандай:

«Мазар тұрғызу таспен, тақтаймен немесе киізбен емес. Нағыз мазар тұрғызу ол – кіршіксіз көңіліңде, өзіңнің ішкі тазалық әлеміңде өзіңе қабір қазуың. Ол үшін Аллаһтың ұлы болмысының алдында өзіңнің қиқарлығың мен менмендігіңді жоюың қажет».

Содан кейін жаман қасиеттерден арылған нәпсімен ғибадат, салих (игі) амал, қайырымдылық жасау арқылы мәңгілік жұртқа тамаша түрде көшуге дайындалу қажет.

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала өмірін ізгі амалдармен безендіріп, Раббысын бір сәтке болса да есінен шығармайтын құлын ақтық демінде былай деп сүйіншілейді:

«Күмәнсіз Раббымыз Аллаһ! дегеннен кейін түп-тура жүргендердің төбелерінен періштелер түсіп, оларға: «Қорықпаңдар, қайғырып, мұңаймаңдар, сендерге уәде етілген жәннатпен қуаныңдар» дейді» (Фуссилат сүресі, 30-аят).

Жаратқан Аллаһ баршамызға осындай иләһи сүйіншіге лайық болуды нәсіп етсін!

Әмин!..

ЕКІНШІ БӨЛІМ



ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҮРЕКТІҢ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУІ

1. МАХАББАТ (СҮЙІСПЕНШІЛІК)

Махаббат – өмірдің мәні мен сәні, қуанышы мен шаттығы. Бүткіл жаратылыс атаулы махаббатпен жаратылған. Махаббат сезімі – Ұлы Жаратушының құлдарына тарту еткен ең үлкен нығметтердің бірі. Сондықтан да, бұл сезімді достық деген ұғымды шынайы түсіне алатындар ғана дұрыс қолдана алмақ. Дегенмен, бір өкініштісі осы иләһи сый ретінде берілген махаббатты көптеген адам өткінші әрі нәпсілік қалаулардың жолында ысырап етіп жүргені әмбеге аян. Раббысына өз махаббатын арнауды қажетсінбейтіндей дәрежеде жүрегі тас болып қатып қалған адамның қандай қадірі болмақ?!

Хазірет Мәулана махаббатын өткінші дүниелерге сарп етіп, Аллаһтың сүйіспеншілігінен мақұрым қалған кісілер жайында мынадай мысал келтіреді:

«Дүниенің соңын қуғандар көлеңке аулаған аңшы сықылды. Көлеңке қалайша оған мал болмақ? Сондай-ақ, бір ақымақ аңшы құстың көлеңкесін құс деп ойлап, оны ауламақшы болды. Алайда, құс екеш құстың өзі де талда отырып, сол ақымақтың әрекетіне аң-таң».

Өмір атты сапардың соңғы бекеті саналатын **өлімді ұмытып, яғни Аллаһтың алдына баратынымызды ұмытып, мал-мүлік, мансап-мақам, дүние-байлық, бала-шаға сынды өткінші махаббат сатыларының біреуінде тұрақтап қалу рухани әлемнің зиянға ұшырағаны деген сөз.**

Мәжнүннің Аллаһқа қарай шеккен сапарында есінен еріксіз айырған «Ләйлә» атты бекетте тұрақтап қалмауы – ұлы жеңісінің басты себебі еді. Аллаһқа апаратын өмір атты сапарда Ләйлә – кейбір адам үшін әйел, кейбір адам үшін дүние-мүлік, ал бәзбіреулер үшін мақам-мансап. Хақиқи махаббатқа жету жолында осы аталған қисынды махаббаттардағы жолды бір-біріне жалғайтын көпір ретінде ғана қолдану қажет.

А) АЛЛАҺҚА ДЕГЕН МАХАББАТ (МАХАББАТУЛЛАҺ)

Адам баласы махаббатының нәтижесін сүйген кісісінің өз сүйіспеншілігіне лайықты болу деңгейіне қарай бағалайды. Сондықтан, адам баласы сүю қабілетін жалғыз Аллаһқа ғана бағыттағаны жөн. Міне, сонда ғана махаббаттың заңғар шыңына қол жеткізе алмақ. Өйткені, шынайы махаббатқа ең лайықты бірден-бір болмыс – күллі махаббаттың қайнар көзі Аллаһ Тағала. Себебі:

– Барлық нәрсені жоқтан бар еткен, тіршілік иелеріне ризықтарын беруші, оларды желеп-жебеуші, күш-қуат иесі тек қана – Аллаһ.

– Ол құлдарын өте қатты жақсы көреді. Адам Атаны жәннатта тамаша кейіпте және үлкен сынақ үшін жаратқан. Сондай-ақ, Ол құлдарының да жәннатқа кіргенін қалайды. Махаббаттың өтемі – тек махаббатпен ғана өтелмек.[102]

– Ол құлдарына өзімен қауышудың және өзін сүюдің жолдарын жеңілдеткен.

– Бұл дүние мен о дүниенің жалғыз патшасы – Сол.

– Адам баласы соңында Аллаһ Тағаланың құзырына барады. Ол жерде Одан басқа пана да, қорғаушы да, көмекші де таба алмайды. Әлемнің Раббысы болған Аллаһ қандай тамаша Қожайын, қандай керемет жәрдемші десеңізші.

– Бізге осыншама нығмет бергені үшін, бізді өзінің ең сүйікті Пайғамбарына үмбет қылғаны үшін және кітаптарының ішінде ең кемелі қасиетті Құран Кәрімді нәсіп еткені үшін де Оның алдында шүкіршілік етуге борыштымыз.

Сондықтан, махаббаттымызды бір Аллаһ Тағалаға бағыттауымыз – құлдығымыздың басты талаптарынан саналмақ.

Махаббат сезімі Аллаһтың әулие және ариф (Жаратушыны танитын, білімдар) құлдарынының әрқайсысында әр түрлі көрініс тапқаны күмәнсіз. Осы орайда, Хазірет Мәулананың махаббат алауы жанды күйдірген махаббат жалынына толы даналық хикметі мен сырлы сөздері арқылы көрініс тапқан. Сондай-ақ, Халлаж Мансур Аллаһ Тағалаға жан-дүниесімен берілу және өмірін сол жолға арнау арқылы хақиқатты таныған. Ал Хазірет Баһауддин Нақышбанд болса, талай жылдар бойы жаралы, бейшара жануарларға күтім жасау, көшелерді тазалау және қараусыз қалған науқастардың шипа тауып, дерттерінен айығулары үшін оларға көмектесу арқылы Аллаһқа жән-тәнімен берілген және осы жолда өз махаббатын көрсете білген. Сонымен қатар, осындай қайырымды

102. Қараңыз: Мәйда сүресі, 54-аят

істері мен Аллаһты танып-білуі жылдан-жылға артып, қайрат-жігері толықсып отырған. Тәсілдер әр түрлі болғанымен, жүректердегі рухани байлық бір. Ол – әрқашан Аллаһқа деген шынайы ғашықтық пен кіршіксіз пәк махаббатқа толып-тасып тұруы...

Аллаһ Тағала осындай махаббат сезімін нәсіп еткен уәли құлдарына махаббат пен мағрифатуллаһ ілімін терең үйрету арқылы оларды адамзат үшін үлгі-өнеге, махаббат көктемінің құлпырған бәйшешегі еткен.

Қысқасы, Аллаһты сүйетін мүмин құл өзін ешнәрсенің иесі емес екендігін ұғынуы керек. Өйткені, махаббат жанқиярлықты талап етеді. Оның мағынасында «иелік ету» деген ұғым жоқ. Яғни, сүйген кісі сүйіктісі үшін кез келген нәрседен бас тарта білуі керек. Махаббат адамды өз қалауымен материалдық әрі рухани тұрғыдан жомарттық жасауға итермелейді. Ал бұл сөзсіз махаббаттың деңгейіне қарай орындалмақ. Сол себептен де адамдар ең үлкен жанқиярлықты өз махаббаты жолында көрсетеді. Бұл тіпті, сүйіктіңнің жолында өміріңді де пида етуге дейін апаратын жанқиярлық болуы да мүмкін.

Аллаһқа және Расуліне деген махаббатты барлық нәрседен жоғары қойып, жабайы бақшалардың жалған гүлдеріне алданбайтын шынайы мүминдер қандай бақытты жандар десеңізші!..

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһқа деген махаббат жолында шоқтығы биік өнегелі тұлға – күмәнсіз Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Ол өзінің жасаған дұғаларында әрдайым Аллаһ Тағаладан сүйіспеншілігін сұрай отырып, Дәуіт аләйһис-сәләмнің мына бір тілек-дұғасын қайталап тұратын болған:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ حُبَّكَ وَحُبَّ مَنْ يُحِبُّكَ وَالْعَمَلَ الَّذِي يُبَلِّغُنِي حُبَّكَ

اللَّهُمَّ اجْعَلْ حُبَّكَ أَحَبَّ إِلَيَّ مِنْ نَفْسِي وَأَهْلِي وَمِنَ الْمَاءِ الْبَارِدِ

«Аллаһым! Сенен махаббатыңды, Сені сүйетіндердің махаббатын және Сенің махаббатыңа жеткізетін амалды сұраймын. Аллаһым Саған деген махаббатымды жанымнан, бала-шағамнан және салқын судан да сүйікті ете гөр!» (Тирмизи, Дағауат 72/3490).

Хазірет Пайғамбарымыздың Аллаһқа деген махаббатын білдіретін келесі бір дұғасы мынадай еді:

«Аллаһым! Маған өзіңнің махаббатыңды және Сенің құзырыңда махаббаты өзіне пайда беретін кісілердің махаббатын нәсіп ет! Аллаһым! Маған сый етіп берген және өзім де жақсы көретін нығметтеріңді өзің разы болатын амалдарды орындауда бойыма күш беретін қуат көзі

қыл! Аллаһым! Ақыл-ойымды Сенің сүйген нәрселеріңе қолдануыма және Өзіңе кемшіліксіз түрде құлшылық етуіме себепші қыл!» (Тирмизи, Дағауат 73/3491).

«Сүйген сүйіктісін аузынан тастамайды, әрдайым оны ойлап жүреді» деген қағида бойынша Хазірет Пайғамбарымыз да Аллаһты әруақыт зікір етіп, Оның сипаттары, құдіреті мен ұлылығының көріністері және тарту еткен ығметтері жайында ой толғап, әрбір іс-әрекетінде Раббысына дұға жасайтын болған. Сондай-ақ, оның бір жерге кіргенде және ол жерден шыққанда, отырғанда және тұрғанда, бір іске бастағанда және оны аяқтағанда, әр түрлі мезгіл мен мекенде айтқан дұғаларының көптігі соншалық, сахабалар жаттап ала алмайтындай деңгейге жеткен. Сол себептен, олар Пайғамбарымыздан қысқа әрі нұсқа дұға етуін өтінуге мәжбүр болған. Міне бұлардың барлығы да оның Аллаһқа деген шексіз махаббатының айқын дәлелі болса керек.

***

Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігіне лайық болған кісінің Оның разылығына бөленетіндігіне дәлел болатын мына бір риуаят қандай ғибратты десеңізші:

Бір күні ардақты сахабалар Аллаһтың Елшісінен:

– Мүминдердің бірін хұшуғ (ықылас) халінде көрсек, енді біреуін хұшуғтан жұрдай екенін байқаймыз. Осы айырмашылықтың себебі неде? - деп сұрады.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Иманның шынайы дәмін татқан мүмин – нағыз хұшуғ иесі. Ал иманның дәмін татпаған мүмин хұшуғ иесі бола алмайды, - деп жауап берді. Сонда сахабалар:

– Олай болса, иманның дәмін қалай татуға, оған қалай қол жеткізуге болады? - деді. Хазірет Пайғамбарымыз:

– Аллаһтың махаббатына шынайы болумен, - деді. Сахабалар тағы да:

– Аллаһтың махаббатына қалай қол жеткіземіз? - деді. Расулуллаһ (с.а.у.):

– Оған Аллаһтың Елшісін сүю арқылы қол жеткізесіңдер. Сондықтан сіздер Аллаһтың және Елшісінің разылығын Аллаһ пен Елшісін сүю арқылы іздеңіздер! - деді (Сендеруси, Кәшф-и Иләһи II, 651; Халәби, Мәусуғатул-Ахадис VI, 492/16010).

***

Бүткіл өмірін Аллаһты сүюмен және Оған деген сағынышпен өткізген Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің соңында

Раббысымен қауышу сәтін «шәб-и арус», яғни тап бір неке кешін тосып отырған жандай аса ынтызарлықпен күткен. Оның осы бір халін Айша анамыз былай деп баян етеді:

«Аллаһтың Елшісі ажал сәті жақындап, соңғы демін алып жатқанда басын менің көкірегіме қойып жатты. Мен: «Уа, адамдардың Раббысы! Шипа бер! Нағыз дәрігер, хақиқи шипа беруші тек өзіңсің!» деп Аллаһтан Расулуллаһқа шипа тілеп отырдым. Пайғамбарымыз болса:

«Жоқ! Аллаһым мені Рафиқ-и Ағлаға (Ұлы Досқа) қауыштыр. Уа, Аллаһым! Мені кешіре гөр! Маған рақымшылық жаса! Мені Рафиқ-и Ағлаға қауыштыр!» деп дұға етіп жатты» (Ахмед VI, 108, 231).

Басқа бір риуаятта Айша анамыз осы хадистің жалғасында былай дейді:

«Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дені сау кезінде жиі-жиі:

«Ешқандай пайғамбар жәннаттағы орнын көрмейінше рухын тәслім етпейді. Кейін оған дүниеде қалуды немесе жәннаттағы орнына баруды, яғни екеуінің бірін таңдау мүмкіндігі беріледі» деуші еді. Ол науқастанып ажалы жақындағанда басын менің тіземнің үстіне қойып жатқан болатын. Әлсін-әлсін есінен айырлып жатты. Сосын есін жиған уақытта үйдің төбесіне қараған күйі:

«Аллаһым! Рафиқ-и Ағла!» деді. Сонда мен:

«Расулуллаһ бізді таңдамады!» дедім. Өйткені мен оның бұл сөзінен дені сау кезінде айтып жүрген әлгі пайғамбарларға қатысты жайттың болғандығын ұққан едім» (Бұхари, Мағази 84; Ахмед VI, 89).

***

Дүние салар тұста әлемнің мырзасы Пайғамбарымыз бен өлім періштесі арасында өткен мына бір сұхбат Расулуллаһтың Аллаһқа деген махаббатының шексіз екендігін айқын аңғартып тұрғандай.

Сүйікті Пайғамбарымыздың ажалы жеткенде өлім періштесі ішке кіру үшін рұқсат сұрады. Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Уа, Ахмед! Бұл өлім періштесі. Сенің қасыңа келу үшін рұқсат сұрап тұр. Негізінде, ол саған дейін ешкімнен рұқсат сұрамаған. Сенен кейін де ешкімнен рұқсат сұрамайды. Оған кіруге рұқсат бер! - деді.

Өлім періштесі ішке кіріп, Пайғамбарымыздың алдында тұрды да:

– Уа, Расулаллаһ! Уа, Ахмед! Ұлы Аллаһ мені саған жіберді. Сенің бұйрығыңа мойынсұнуымды әмір етті. Егер «рухымды ал!» деп әмір берсең аламын, «алма!» десең алмаймын, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

– Шыныменде сөйтесің бе? - деді. Өлім періштесі:

– Маған қандай жағдайда болмасын, Саған бағынуға бұйрық берілді! - деді.

Сол уақытта Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Уа, Ахмед! Ұлы Аллаһ сені сағынып жатыр! - деді. Сол кезде Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

«Аллаһтың жанындағы нығметтер барлық нәрседен қайырлы әрі мәңгі! Уа, өлім періштесі! Қане, саған әмір еткен нәрсені орында! Рухымды ал!» - деп бұйырды.[103]

***

Аллаһқа деген махаббат жайында басқа да пайғамбарлардың өмірлерінен көптеп мысалдар кездестіруге болады. Солардың біріне тоқталып өтелік:

Аллаһ Тағала Ибраһим аләйһис-сәләмға санаса сан жетпейтін отар-отар қой берген екен. Жәбірейіл аләйһис-сәләм оған адам кейіпінде келіп:

– Мына отар-отар қой кімдікі? Маған бір отарын сатасың ба? - деді. Ибраһим аләйһис-сәләм:

– Бұлар Раббымның қойлары. Қазір менде жай ғана аманат ретінде тұр. Егер Раббымды бір рет зікір етсең, олардың үштен бірін беремін, ал үш рет зікір етсең, бәрін беремін! - деді.

Жәбірейіл аләйһис-сәләм үш мәрте:

سُبُّوحٌ قُدُّوسٌ رَبُّنَا وَرَبُّ الْمَلٰئِكَةِ وَالرُّوحِ

«Біздің, Рухтың және періштелердің Раббы (Аллаһ) барлық кемшіліктен пәк, өте ұлы» деп зікір етіп еді Ибраһим аләйһис-сәләм:

– Ал да әкет, барлығы сенікі болсын! - деді. Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Мен адам емеспін, періштемін ала алмаймын, - деді. Сонда Ибраһим аләйһис-сәләм:

– Сен періште болсаң, мен Халилмын (Аллаһтың досымын). Берген нәрсені қайтып алған маған жараспайды, - деді.

Ақырында Ибраһим аләйһис-сәләм отарларының барлығын сатып, орнына басқа мүлік алып уақыф етеді.

Сондай-ақ, Ибраһим аләйһис-сәләм жаны, баласы және дүниесі арқылы басынан сан қилы сынақтар өткерген. Барлығында да Раббысына

103. Ибн Сағд II, 259; Хайсами IX, 34-35; Белазури, Әнсабул-Әшраф, Мысыр 1959, I, 565.

үлкен тәслімият (бағыныштылық) көрсетіп, шынайы махаббатпен бойұсынған. Міне сондықтан, ол Халилуллаһ (Аллаһтың досы) деген мәртебеге лайық болып, құлдықтың биік шыңына көтерілген деседі.

***

Аллаһқа деген махаббатын Оның қасиетті кәләміна деген сүйіспеншілігі арқылы көрсете білген бір сахабаның хикаясы да төмендегідей өрбіген:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аталмыш сахабаны шағын әскердің қолбасшысы етіп жорыққа аттандырған болатын. Ол сахаба әскерлеріне имам болып намаз оқытқан кезде намазын әрдайым Ықылас сүресімен тәмамдайды екен. Кейін Мәдина Мүнауараға қайта оралғанында оның бұл әрекетін жолдастары Аллаһтың Елшісіне жеткізеді. Пайғамбарымыз оларға:

– Неге бұлай істегенін өзінен сұраңдар! - деді. Олар әлгі сахабадан мұның себебін сұрағанда:

– Бұл сүре Рахманның сипаттарын баяндайды. Сол себептен оны оқығанды жақсы көремін, - деп жауап берді.

Пайғамбарымыз оның бұл сөзін естігенде:

– Оған «Аллаһ Тағала да оны жақсы көреді» деп айтыңдар! - деді (Бұхари, Таухид 1).

***

Аммар бин Ясир (радиаллаһу анһу) бір соғысқа қатысайын деп Фырат өзенінің жағасында жүргенде жүрегіндегі Аллаһқа деген махаббатын былай деп жеткізген екен:

«Уа, Аллаһым! Өзімді мына таудан тастап, төменге қарай домалағаным Сенің маған өте риза болуыңа себепкер болатынын білсем, мұны тез арада істер едім. Үлкен өрт жағып, сол өрттің ішінде өртенгенімнің Сенің маған қатты разы болуыңа себепкер болатынын білсем, оны да ойланбастан істер едім. Уа, Раббым! Өзімді суға тастап, тұншыққанымның Сенің маған қатты разы болуыңа себепкер болатынын білсем, бұны да тез арада істер едім. Уа, Аллаһым! Мен тек Сенің разылығың үшін соғысып жүрмін. Маған зиян шектірмеуіңді тілеймін. Мен тек Сенің разылығыңды ғана қалаймын» (Ибн Сағд III, 258).

***

Абдуллаһ бин Омар ардақты сахабалардың ішіндегі бай-дәулетті кісілердің бірі еді. Ол дүниесінің көп болып жиналып қалуына жол бермейтін-ді. Тапқанын жоқ-жітіктерге тарқатып отыратын. Тапқандарының ішінен қатты жақсы көргендерін Аллаһ жолында

жұмсау үшін арнайы бөліп қоятын. Жүріс-тұрысы түзеліп келе жатқан, әсіресе намаз оқитынын естіп-білген құлдарын азат ететін. Оған жақын достарының бірі келіп, кейбір құлдарының Аллаһ разылығы үшін емес, тек азаттығын алу үшін мешітке келіп жүргендігін айтып, оны ескерткен болатын. Сонда ол жүрегіндегі Аллаһқа деген сүйіспеншілігінің дәлелі іспетті мына бір ғибратты сөзді айтады:

«Бізді Аллаһпен алдағысы келетіндерге алдануға разымыз!» (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба, III, 343).

***

Хазірет Фудайл бин Ияд ариф, фадыл, Аллаһтан қорыққандығынан көп жылайтын кісі еді. Сонымен қатар, ол сенімді хадис риуаятшысы (жеткізуші) болған. Бір күні ол көп құлшылық қылатын абиде, дүниеге көңіл бөлмейтін заһиде, Аллаһты қатты сүйгендіктен әрі Одан қорыққандықтан көп жылаумен танымал болған замандасы Шиуана ханыммен жолығып қалады. Хазірет Фудайл оған:

– *Маған дұға ет! - деді. Сонда Шиуана ханым:*

– *Уа, Фудайл! Аллаһ пен сенің арың* **дұға жасағанда дұғаң қабыл болатындай жақын емес пе?! Неге менен өзің үшін дұға етуімді сұрайсың? - деді.**

Осынау мағыналы сөздің Фудайлға әсер еткені соншалық, еріксіз қатты дауыстап жылап жібереді де есінен танып қалады.[104]

***

Халлаж Мансурдың өлім жазасына кесілмес бұрын жасаған мына бір дұғасы оның Аллаһқа деген сүйіспеншілігі мен шынайы ықыласын тамаша түрде байқатып тұрғандай:

«Аллаһым! Сенің мына құлдарың Саған деген жақындықтары және діниңе берік болғандықтарынан мені өлтіруге жиналды. Оларды кешіре гөр! Өйткені, Сен маған нәсіп еткен сырларыңды оларға да нәсіп еткеніңде, олар мен жайында бұлай ойламайтын еді. Егер олардан жасырған нәрселеріңді менен де жасырғаныңда, мен де дәл бұлай ашық түрде жария етпес едім. Уа, Раббым! Оларды кешір! Өйткені, олар мені Саған қауыштыруда».

Жиналған топтың арасынан Халлаждың рухани халін байқап тұрған бір кісінің риуаят етуі бойынша оны дарға асқанда қасына шайтан Ібіліс келіп одан:

«Сен де бір мәрте «әнә»[105] дедің, мен де бір мәрте «әнә» дедім.

104. Ибн әл-Жаузи, Сифатус-Сафуа IV, 56.
105. «Әнә» сөзі араб тілінде «мен» деген мағынаны білдіреді.

Сонда қалайша саған рақым, ал маған лағынет жауды. Екеуіміз де бір сөзді айтқан жоқпыз ба?» - деп сұрады.

Сонда Халлаж Ібіліске:

«Сен «әнә» деумен өзіңді Адамнан жоғары санап, тәкаппарлығыңды паш еттің. Ал мен болсам, «Әнәл-Хаққ» дей отырып, өзімді Аллаһқа арнадым, яғни «түкке тұрмас» екендігімді көрсеттім. Менмендік, яғни тәкәппарлық – жәһаннамның белгісі. Ал менмендікті жою, яғни Аллаһқа берілу болса, «түк емес» екендігіңді білдіреді. Міне сондықтан, маған рақым, ал саған лағынет жауды» деді.

Халладжың халін сұрап келген Ибраһим Фатикке былай дегені риуаят етіледі:

– Ей, ұлым! Кейбір адамдар мені күпірлік қылып діннен шықты деп жүр. Ал кейбіреулері мені әулие деп есептейді. Аллаһтың құзырында және менің назарымда күпірлік етті деп жария салғандар әулие деп айтқандардан әлдеқайда жақсырақ.

– Ұстазым! Неге бұлай дейсіз? - дегенде:

– Әулие екендігіме сенетіндер мен жайлы «хусни зан», яғни жақсы ойда жүргендіктерінен; ал күпірлік етті деп жүргендер діндеріне берік болғандықтарынан солай деп жүр. Аллаһтың жанында дініне шынайы болған кісі жақсы ойда болған кісіден әлдеқайда жақсырақ» деді.

***

Хазірет Мәулана «фәнә филлаһ» (Аллаһтың ұлылығына көз жеткізіп, менмендікті жою) және «бәқа биллаһ» (әруақыт өзіңді Аллаһпен біргемін деп сезіну) күйін басынан кешіп, иләһи ғашықтықтың маздаған отына күюін әрі осы бір жалынды оттың қуат-күшінің өлім жетіп, ажал құшса да ешуақыт сөнбейтіндігін былай деп жеткізеді:

«Мен өлген соң қабірімді аш! Көңілімдегі жалынды оттан кебіннің қалай тұтеп жанып жатқанын көр! Өлімді сұсты қылған нәрсе – «тән» атты қапас. Тән атты қапасты інжу-маржан іспетті «ғашықтықпен» бұзған уақытыңда өлімнің асыл тасқа ұқсайтынын көресің!..».

Аллаһтың уәли құлдарының ерекшеліктерінің бірі – Раббыларына деген махаббаттың әсерінен иләһи ғашықтықтың отына күйгендей жай кешулері. Солардың бірі Хазірет Мәулана өмір бойы өзі секілді иләһи махаббаттың отына күйген шынайы ғашық кісілерді іздеумен өткен. Ол осы бір арманын былай деп баяндайды:

«Маған Аллаһқа деген ғашықтығының қуаты дүниені астаң-кестең ететін, тіпті өрттің өзін күлге айналдырып жіберетін ғашық кісі керек».

***

Хазірет Мағруф Кәрхиге таныстарының бірі:

– Ей, Кәрхи! Сені осыншалықты ғибадат етуге итермелейтін қандай күш? - деп сұрады. Ол жауап қатпай сәл уақыт үнсіз тұрды. Танысы шыдамсыздана қайта-қайта сұрай түсті:

– Өлімді жиі еске алу ма? - деді.

Мағруф Кәрхи:

– Өлім дегенің де сөз болып па? - деді. Танысы:

– Әлде қабір мен барзақ әлемін ойлау ма? - деді. Мағруф Кәрхи:

– Қабір дегенің де сөз болып па?

Танысы тағы да:

– Әлде жәһаннамнан қорыққандығыңнан ба немесе жәннатты үміт еткендігіңнен бе? - деді. Сонда Мағруф Кәрхи былай деп керемет жауап берген екен:

«Осыны да сөз деп тұрсың ба?! Барлық нәрсені өз уысында ұстап тұрған теңдессіз Жаратушының ұлылығы соншалық, егер Оны шынайы махаббатпен сүйсең, саған бұл айтқандарыңның барлығын ұмыттырып жібереді. Аллаһ пен сенің араңда мағрифат пен махаббат пайда болады. Міне сол уақытта осы айтқандарыңнын бәрінен құтылатын боласың».[106]

***

Мәжнүн жайында айтылған мына бір хикаяның Аллаһтың махаббатына қол жеткізген кісілердің жай-күйін көрсетуі тұрғысынан маңызды екендігі сөзсіз:

Бір күні Мәжнүн сүйіктісі Ләйләдан жырақ қалғандығы үшін аяқ астынан төсек тартып жатып қалады. Жақындары оны емдеу үшін дәрігер шақыртады. Дәрігер:

– Тамырдан қан алу керек, басқа шара жоқ! - дейді. Дәрігер Мәжнүннің қолын байлап, тамыр кесетін пышағын алғаны сол-ақ еді Мәжнүн:

– Дәрігер мырза, қан алмай-ақ қойыңыз. Ақыңызды алыңыз да қайта беріңіз. Бұл аурудан өлсем өлейін, еш өкінбеймін. Мына тозығы жеткен тән өлсе не бопты?! Түк те етпейді, - дейді.

Дәрігер оның бұл сөздеріне аң-таң болған күйі:

– Сен шөлдегі арыстандардан қорықпайсың да, қан алудан қорқасың ба? - деді.

Мәжнүн:

106. *Бабанзаде Ахмед Найым, Ислам Ахлакынын Есаслары, Стамбул 1963, 66 б.*

– Мен пышақтан қорқып тұрғаным жоқ. Менің сабырым мен шыдамдылығымның тастан түрғызылған биік таудан да үлкен екендігін күллі әлем біледі. Мен ешнәрседен қорықпайтын, әрі мал-мүлік былай тұрсын қорасы да жоқ адаммын. Менің мына пәни тәнім жарақатқа әбден үйренген, жараланбаса тыныш таппайды. Жарақат – менің махаббат сезімімнің емі. Сол себептен де, жараланудан ешқашан қашпаймын.

Бірақ, менің тәнім Ләйләмен тұнып тұр. Ішімде Ләйләдан басқа ешнәрсе жоқ. Мына себет іспетті тәнім Ләйләнің сырлы сипаттарымен тұнып тұр. Сондықтан ей, дәрігер, менен қан алып жатып, пышағың Ләйләға тиіп кетіп, оны жаралап қоясың ба деп қорқамын...

Өйткені, Аллаһтың ерекше құлдары Ләйлә мен менің арамда ешқандай айырмашылық жоқ екендігін жақсы біледі, - деді.

Бірнеше жыл өткен соң Ләйлә Мәжнүнге оралады. Бірақ, Мәжнүн оған көңіл аудармайды. Сонда Ләйлә:

– Мен үшін шөл кезіп кеткен сен емес пе едің? - дейді. Мәжнүн:

– Ол сағым Ләйлә енді менің жүрегімде жоқ, - деп жауап береді.

Бір кездері Мәжнүннің асыл арманы болған Ләйлә бар болғаны иләһи махаббатқа көтерілетін кезеңнің баспалдағы еді. Мәжнүн иләһи махаббат әлемінен өз орнын тапқан сәттен бастап-ақ Ләйлә оның өміріндегі өз маңыздылығын жоғалтқан болатын.

Мәснәуи хикаяларындағы Ләйлә – нәпсілік құмарлықтарды жойып, Аллаһқа деген махаббатты барлық нәрседен жоғары еткен иләһи ғашықтықтың символы. Басқаша айтар болсақ, адамды ақылынан адастырып, еріксіз өзіне бағындышты қылатын иләһи ғашықтықтың заңғар шыңы. Олай болса, Ләйләмен басталып, Аллаһқа деген махаббаттан тыныштық пен жан рахатын табатын әрбір махаббат баға жетпес құнды дүние болып саналмақ.

***

Сүйіктісі Ләйләға деген ғашықтықтың күшімен шөл кезіп жүрген Мәжнүн жүні түсіп қалған, аузынан сілекейі ағып тұрған бір итті ұстап алып, оны бауырына басады. Басынан сипалап, көздерінен сүйеді. Оның бұл әрекетін көріп тұрған бір кісі шыдамы таусылып:

– Ей, бейшара Мәжнүн! Мына істеп тұрған тірлігің не? Бұл хайуанды неге сонша құшақтап, сүйіп жатырсың? - дейді. Сонда Мәжнүн:

– Егер сен тек сыртқы пішініме ғана назар салып тұрған болсаң, менің бұл әрекетімді қалай түсінбексің?! Сен назарыңды менің ішкі әлеміме аудар, жан дүниеме үңіл! Бұл иттің қандай артықшылығы бар екенін білемісің? Бұл итте сен ұғына алмайтын иләһи бір сыр бар. Аллаһ Тағала оның жүрегінде қожайынына деген сүйіспеншілік пен адалдық

сезімін жасырған. Қарашы, ол қаншама ауылдың арасынан Ләйлә тұратын ауылды ғана таңдап алған, әрі сол ауылды ғана күзетеді!..

Оны ит деп қоя салма, сен оның әрбір әрекетіне қара. Ол – менің жан дүниемнің Қытмиры (Құрандағы иттің аты). Ол – менің қуанышым мен қайғымды бөлісуші. Оның бір тал қылының өзін арыстанға айырбастамаймын. Көңіліңнің, ойыңның, жан дүниеңнің не деп жатқанына құлақ сал! Сонда ғана оның артықшылығына көз жеткізесің!.. Тіпті, мен үшін Ләйләнің ауылын паналаған әрбір иттің басқан жерінің өзі қасиетті... - депті.

Аллаһқа деген жалынды махаббаттың ыстық лебін сезіне білген жан ғана Оның барлық жаратқандарына сүйіспеншілікпен қарай алады. Сондай-ақ, ол кісі үшін Аллаһты еске түсіретін әрбір нәрсе үлкен маңызға ие.

***

Аллаһтың уәли құлдарының бірі Жаратқанға деген шынайы махаббаттың жемісі жайында мына бір оқиғаны баяндайды:

Жазық далада келе жатып бір қойшыға кезіктім. Қарасам, ол хұшуғ сезіміне беріліп, намаз оқып жатыр екен. Ал қойларын қасқырлар күзетіп жүр. Бұл жағдайға аң-таң болдым. Шыдамсыздана намазын бітіруін күттім. Сосын:

– Ей, қойшы! Қасқырлар қалайша сенің қойларыңмен достық құрған? Олар жыртқыштық, қырып-жоюшылық кейіптерінен арылып, қалайша мейірімді бола қалған? - деп сұрадым.

Аллаһқа сәжде қылғаннан жүзі нұрға толған әлгі салих қойшы маған былай деп жауап берді:

– Ей, жолаушы! Қасқырлар мен қойлардың арасындағы достықтың сыры қойшының қойлар мен қасқырлардың асыл қожайынына (Аллаһқа) деген сүйіспеншілігінде жатыр. Яғни, бұл – махаббат сыры.

***

Сүйген жан сүйіктісінің жолында барлық нәрсесін пида етеді. Молла Жами қуддиса сирруһ жеткізген мына бір оқиға жоғарыда айтылған қағидатты сөздің айғағы болса керек:

Ұстазымыз Мәулана Садеддин Қашғаридың сұхбатына үнемі қатысып жүретін бір жас жігіт бар болатын. Бұл жігіт рухани тәрбие, иләһи ғашықтық тұрғысынан өзгелерден әлдеқайда көш ілгері еді. Күндердің бір күнінде ол мен сияқты бір қызға ғашық болып, сүйіп қалады. Сөйтіп, оның сол күнге дейін жинаған барлық рухани байлығы бір мезетте жаңа сүйіктісіне қарай ауып кетеді. Бір күні ол алтын мен бағалы тастан жасалған қымбат сыйлық алып, сүйіктісі жүретін жолдың

үстіне қойып қояды да, басқа біреулердің алып кетпеуі үшін жолдың шетінде бақылап тұрады. Оның ойынша сүйіктісі жолдан өтіп бара жатып сыйлықты алады. Бірақ, кімнен екенін білмейтін болады. Мен бұл жағдайды естігенімде оған былай дедім:

– Істеп тұрған ісің қызық екен. Түрлі қиындықты бастан өткеріп, әзер дегенде тапқан дүниеңді оп-оңай оның жолына қойып қойғаның не? Оны көріп, алған күнде де «кімнен?», «не үшін?» екенін білмей қалады ғой. Ең болмаса оның сенен екенін білдіретін бірнәрсе істесеңші!

Әлгі жас жігіт көздері жасқа толған күйде:

– Сен не айтып тұрсың? Істеген ісімнің біртүрлі екенін өзім де білмейді ғой деп тұрсың ба? Мен мұны одан бір ақы күтіп істеп тұрған жоқпын ғой. Мен берген сыйлығым үшін өзін менің алдымда қарыздар сезінгенін қаламаймын! - деді.

Оның осы айтқан сөздері маған қатты әсер етті. Егер, өткінші дүниеге деген махаббат адамды осыншалықты керемет әрі мағыналы әрекеттер істеуге итермелейтін болса, Аллаһтың махаббатына қол жеткізгендердің қандай керемет ізгі амалдарға баратындығын ойлап-пішу қиын емес сияқты.

***

Хазірет Пайғамбарымыз:

«Аллаһ көркем, көркемдікті сүйеді!» (Мүслим, Иман 147) *деп бұйырады.*

Олай болса, барлық көркемдіктің иесі Аллаһ мұнымен қоса хақиқи махаббаттың да қайнар көзі болып табылады. Өйткені, Оның «өте қатты сүюші» және «өте қатты сүйілген» деген мағыналарды білдіретін **әл-Уәдуд[107] деген есімі бар.[108]** Сондықтан, мүминнің міндеті – адамдардың жүректеріне иләһи махаббатты жеткізетін рақымдылық қақпасына айналу. Себебі, мүмин Аллаһқа деген махаббатын өзгелерге деген махаббаттан жоғары қоймайынша **сиратуль-мүстақимге, яғни тура жолға лайықты түрде жете алмайды. Аллаһ Тағала бір аятта:**

«…Ал мүминдер болса, Аллаһты барлығынан да қатты сүйеді…» (Бақара сүресі, 165-аят) дейді.

Аллаһты барлық нәрседен қатты сүюдің әрбір мүминнің міндеті екендігі келесі бір аятта былай деп баяндалады:

«(Уа, Мұхаммед оларға) **айт! Егер сендердің әкелерің, балаларың, бауырларың, жұбайларың, туған-туыстарың, тапқан дүниелерің, зарарға ұшырауынан қорқатын саудалық малдарың, жақсы көретін үйлерің** (міне осылардың барлығы) **сендерге Аллаһтан, Елшісінен және**

107. Қараңыз: Бүруж сүресі, 14-аят.
108. Фахруддин Разы, Мафатихул-Ғайб (әт-Тафсируль-Кәбир), Бейрут 1990, XXXI, 112.

Аллаһтың жолында соғысудан артық болса, онда Аллаһтың бұйрығы орындалғанға дейін күтіңдер. Аллаһ пасықтарды тура жолға салмайды» (Тәубе сүресі, 24-аят)**.**

Аллаһтың махаббатына қол жеткізу үшін Оны шынайы жүрекпен тану керек, яғни Оның көркем есімдері мен сипаттарын жете ұғыну қажет.

Ұлы Аллаһты еске алып, зікір етіп жүру де махаббатуллаһқа жетуде ілгерілеуге өзіндік септігін тигізетін бірден-бір амал. Дегенмен, бұл ілгерілеу зікірдің мән-мағынасына, яғни жүректегі сезіну күшінің деңгейіне қарай жүзеге аспақ.

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Аллаһты сүюдің белгісі – Аллаһ Тағаланы зікір етуді сүю» (Суюти II, 52).

Аллаһтың махаббатына қол жеткізуде ілгерілеу үшін алдымен жүректі осы жолда төзімділікке, шыдамдылыққа баулу қажет. Бұл оны жаратылғандарға деген махаббатқа бейімдеу арқылы мүмкін болмақ. Сондықтан, шариғат шеңберінен аспайтын адами махаббаттарға рұқсат берілген. Себебі, бұл жүректі иләһи махаббатқа дайындау болып табылады. Бұл «мәжази (астарлы) махаббат», яғни «қисынды махаббат» деп аталады. Мысалы, бір адамның әйелін, бала-шағасын сүйетіндігі сияқты...

Адамның осы бағыттан ауытқымай ілгерілей отырып мухаббатуллаһқа, яғни Аллаһтың махаббатына ұласуы – жаратылудағы мақсатын іске асырғандығы әрі Аллаһтың разылығына қол жеткізгендігі деген сөз. Өйткені, қасиетті дініміз Исламның адам баласынан талап ететін нәрсесі – Аллаһтың разылығын алу. Оған жеткіземін ең басты нәрсе де – махаббат, сүйіспеншілік. Ал қалған амалдар болса, осы махаббаттың сыртқы көріністері болып табылады.

Аллаһты шынайы танып, Оның махаббатына қол жеткізген мүмин құл нәпсісінің бұғауы мен шайтанның уәсуәсәларынан құтылып, тек Аллаһтың разылығын іздеумен ғұмыр кешеді. Ғалам кітабы көз алдында ашылып, күллі жаратылғандармен достық құрады, яғни өзгелерге Жаратушының мейірім көзімен қарау қабілетіне ие болады. Сондай-ақ, ғаламдағы хикметтер мен тылсым дүниелерге ғибратпен назар салып жүреді. Аллаһ Тағаланың өзіне парыз қылған міндеттерін хушуғпен орындаған соң, олармен шектеліп қалмай мәжбүр болмаса да Жаратушысына деген ғашықтық сезімімен, шынайы ықыласпен нәпіл ғибадаттарын, қайырымдылық іс-шараларын жасап отырады. Бүткіл нәпсәни ләззаттарды жою арқылы хақиқи ләззаттың сырын өз иманында табады.

Ә) АЛЛАҺТЫҢ ЕЛШІСІНЕ ДЕГЕН МАХАББАТ

Екі дүниенің мырзасы Мұхаммед Мұстафаға салауат!

Адамдар мен жындардың Пайғамбары Мұхаммед Мұстафаға салауат!

Қасиетті екі мекеннің имамы Мұхаммед Мұстафаға салауат!

Хасан мен Хусейннің атасы Мұхаммед Мұстафаға салауат!

Адам баласына арналатын махаббаттың биік шыңында Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген махаббат тұрады. Адам баласының махаббатына одан лайық пенде жоқ. Өйткені:

– Аллаһ Тағала барлық жаратылысты оған деген сүйіспеншілігі үшін жаратқан. Сондықтан барлық махлұқат жарық дүниеге келгендіктері үшін оған қарыздар.

– Расулуллаһ адамдар мен жындарға Аллаһты танытып, ақиқатты түсіндіру арқылы олардың ақыреттегі мәңгілік азаптан құтылуларына үлкен септігін тигізген.

– Аллаһ Тағала оның таза пәк жүрегі арқылы біздерге Құран мен Ислам сынды аса құнды дүниелер жеткізді.

– Ол үмбеті үшін ешкімнің басына келмеген қиындықтар мен ауыртпалықтарға тап болып, оларға төзе білген.

– Ол мүминдерге аса мейірімді, өте жанашыр болған. Ол – мейірім мен шапағатқа тұнып тұрған мұхит іспетті. Үмбетіне қатты ынтық болған. Олардың қандай да бір қиындыққа ұшырауы оған қатты ауыр тиеді.[109]

– Ол – Аллаһқа құл болуда мінсіз өнегелі тұлға.

– Ол – құлдарды Аллаһ Тағаланы шынайы тануға жеткізетін бірден-бір себепкер.

– Аллаһ Тағала барлық пайғамбарының ішінде тек соның ғана өмірімен ант еткен. Ол «لَعَمْرُكَ: Сенің өміріңмен ант етейін!» дей отырып, үмбетінің назарын елшісінің көркем де өнегелі өміріне аударуды қалаған.

– Аллаһ Тағала өзінің сүйіспеншілігіне бөленіп, кешіріміне ие болу үшін сүйікті Пайғамбарына мойынсұнуды шарт етіп қосқан. Аятта былай дейді:

«(Елшім) **Айт: Егер Аллаһты сүйетін болсаңдар маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ та сендерді сүйеді және күнәларыңды кешеді. Аллаһ өте**

109. Қараңыз: Тәубе сүресі, 128-аят.

кешірімді әрі тым мейірімді» (Әли Имран сүресі, 31-аят)**.**

– Аллаһтың Елшісіне деген махаббатымыз иләһи азаптан аман қалуымызға себеп болады. Өйткені, Аллаһ Тағала былай деген:

«Ей, Расулім! Сен олардың ішінде жүргенде, Аллаһ оларды азаптамайды!..» (Әнфал сүресі, 33-аят)**.**

– Ең маңыздысы да Ұлы Аллаһ оны өте жақсы көреді және оған «Хабибім», яғни «Сүйіктім» деп ізет білдірген.[110] Аллаһ Тағаланың сүйіктісінің өзін сүю де қандай үлкен абырой!

Олай болса, оның көркем есімін, даңқы мен салауатын жүрегіміздің түкпіріне өшпес махаббатпен нақыштап жазуымыз керек. Міне, сонда ғана жүрегіміз өзіне лайықты жоғары деңгейге ие бола бастайды.

Дегенмен, мына нәрсені де ескерте кеткен жөн: Пайғамбарымызға деген махаббаттың өзі де көзделген негізгі мақсат емес. Адам баласы махаббатын тек әлемнің жаратушысы Аллаһ Тағалаға ғана тиісті етуі керек. Ал, Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігіміз бізді Аллаһ Тағаланы тануда және Оның махаббатына жетуде ең маңызды себепкер болып табылады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ардақты сахабалар Аллаһтың Елшісін қатты сүйгендіктен, оның айналасында жарықты айналшықтап ұшып жүретін көбелектер сияқты шоғырланатын болған. Оның (с.а.у.) әрбір сөзіне, бұйырықтарына, тіпті кішкене бір ымының өзіне:

«Ата-анам, малым, жаным саған пида болсын, уа, Расулаллаһ!..» дейді екен. Оның мүбәрәк денесіне қолдарын тигізе алғандар, соның өзін зор мақтан тұтып:

«Мына екі қолыммен Расулуллаһқа бәйғат (ант) бердім!» деп (мақтанышпен) қолдарын көрсететін (Ибн Сағд IV, 306; Хайсами VIII, 42).

Әбу Әсма әш-Шамидің (радиаллаһу анһу) мына бір оқиғасы да осыған куә болса керек:

Ол Хазірет Пайғамбарымыздың жанына елші болып келген болатын. Исламның негізгі қағидаларын және халқына жеткізуі тиіс болған кейбір мәселелерді үйренгеннен кейін Аллаһтың Елшісінің мүбәрәк қолдарынан ұстап бәйғат берді. Екі жаһанның нұры болған Пайғамбардың қолын ұстап, өзін сондай бақытты сезінген Әбу Әсма «өмір бойы осы бір ғажап сәтті сезініп жүрейін» деп ешкіммен қол беріп

110. Қараңыз: Тирмизи, Мәнақиб 1/3616; Дарими, Мұқаддима 8; Ахмед VI, 241; Хайсами IX, 29.

амандаспауға өз-өзіне сөз берді. Сөйтіп, өле-өлгенше ешкімнің қолын қыспай өткен екен (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 7).

***

Ардақты сахабалардың Расулуллаһқа деген махаббаттары сөз жоқ терең еді. Әйел сахабалар ұзақ уақыт Аллаһтың Елшісімен көріспей кездеспей жүрген ұлдарына ұрысатын болған. Хұзайфа (радиаллаһу анһу) бірнеше күн Хазірет Пайғамбарымызды көрмегені үшін анасы оған қатты ашуланған. Өзі мұны былай деп әңгімелейді:

Анам менен:

– Хазірет Пайғамбарымызбен ең соңғы рет қашан жолықтың? - деді. Мен:

– Біраз күннен бері онымен көріспедім, - дедім. Сонда ол маған қатты ашуланып, ұрысты.

– Анашым! Ашуланба! Тап қазір Аллаһтың Елшісінің қасына барамын. Онымен бірге шам намазын оқып, сен үшін, өзім үшін Аллаһтан истиғфар тілеуін сұраймын, - дедім (Тирмизи, Мәнақиб 378; Ахмед V, 391-2).

***

Зәйд бин Харисаның інісі Жәбәлә (радиаллаһу анһу) қадірлі сахабалардың Пайғамбарымызға деген шынайы сүйіспеншіліктері мен бағыныштылықтарын былай деп жеткізеді:

Хазірет Пайғамбарға келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Бауырым Зәйдті менімен жіберіңіз, - дедім. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Өзі осы жерде. Егер ол сенімен барамын десе, мен оны ұстамаймын,* - деді. Бірақ, Зайд менің ұсынысымды қабыл алмай:

– *Уа, Аллаһтың Расулі! Мен сіз тұрғанда басқа ешкімді таңдамаймын, - деп жауап қайырды.*

Кейінірек бауырым Зәйдтің әрекетінің орынды екендігін түсіндім» (Тирмизи, Мәнақиб 39/3815).

***

Екінші Ақаба келісімінде мәдиналықбір топ мұсылмандарды басқарып келген Мұсғаб (радиаллаһу анһу) өз үйіне бармай тұрып, алдымен Аллаһтың Елшісіне барады. Ол Пайғамбарымызға мәдиналықтардың тез арада Исламды қабылдағандықтарын айтты. Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұсғабтың Мәдинадан әкелген бұл хабарына қатты қуанып қалды.

Хазірет Мұсғабтың алдымен Пайғамбарымызға барғандығы оның

мүшрік анасының құлағына жеткенде анасы бұған қатты ашуланды. Мұсғаб болса:

– Мен Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нан бұрын ешкімнің қасына бармаймын. Ол тұрғанда ешкімді бірінші орынға қоймаймын, - деді.

Кейін Пайғамбарымыздан рұқсат алып, анасының жанына барды. Сөйтіп оны Исламды қабылдауға шақырды (Ибн Сағд, III, 119).

***

Меккеден Мәдинаға көшу барысында Сәур үңгіріне қарай бет алып бара жатқанда Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың бірде алдына шығып, бірде артынан жүріп келе жатты. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ей, Әбу Бәкір! Неге бірде алдыма шығасың, бірде артыма түсесің? - деді.

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулаллаһ! Арт жағыңыздан келіп қалар деп, артыңыздан жүріп отырмын, алдымыздан тұзақ құрып тұрған болар деп алдыңыздан жүріп отырмын, - деді.

Соңында Сәур үңгіріне жетті. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулаллаһ! Мен үңгірді тазалап болғанға дейін сіз осы жерде күте тұрыңыз, - деді де, үңгірге кіріп ішін тазалады. Қолымен сипалап тексерді. Бір тесік табылса, киімін жыртып, шүберекпен бітеді. Сөйтіп сыртқы киімінің барлығын жыртып-жыртып тесіктерді бітеп шықты. Бітелмеген тек бір ғана тесік қалды. Оны да аяғымен жауып:

– Аллаһтың Елшісі кіре беріңіз! - деді.

Таң атқан кезде Хазірет Әбу Бәкірдің сырт киімінің жоқ екенін байқаған Аллаһтың Елшісі таң қалып:

– Сырт киімің қайда, ей, Әбу Бәкір? - деп сұрады.

Әбу Бәкір Пайғамбарымызға түнде не істегенін айтып берді. Оның бұл әрекетіне дән риза болған Аллаһтың Елшісі қолдарын жоғары көтеріп, Әбу Бәкірге дұға жасады.[111]

Мүшріктер үңгірдің аузына таяп қалған кезде мазасызданған Хазірет Әбу Бәкір Сыддық Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үн қатып:

– Мен өлсем, бар жоғы бір-ақ кісімін, ешнәрсе етпес. Бірақ, саған бір

111. Қараңыз: Хаким III, 7/4268; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 222-223; Али әл-Қари, Мирқат, Бейрут 1992, X, 381-382/6034; Әбу Нуғайым, Хиля I, 33.

нәрсе болса, онда бүкіл үмбет құриды ғой, - деді.

Пайғамбарымыз түрегеп намаз оқып жатты, ал Хазірет Әбу Бәкір жан-жақты бақылап отырды. Хазірет Әбу Бәкір:

– Меккеліктер сені іздеу үстінде. Аллаһқа ант етейін, өзім үшін алаңдамаймын. Бірақ, саған зарарларын тигізулерінен қорқамын, - деді.

Аллаһтың Елшісі бұл досына:

– *Ей, Әбу Бәкір! Қайғырма! Күмәнсіз Аллаһ Тағала бізбен бірге!* - *деді.*[112]

Сәур үңгірінде Аллаһтың Елшісі саллаллаһу аләйһис-сәләм мүбәрәк басын Хазірет Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аһһу) тізесіне қойып ұйықтап жатты. Сол кезде Әбу Бәкір (радиаллаһу аһһу) үңгірде бекітілмей қалған тесікті аяғымен жауып отырды.

Біраз уақыттан соң Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аһһу) ойлаған нәрсесі тура шықты. Өйткені, аяғымен жауып отырған тесіктен Аллаһтың қалауымен бір жылан келіп, оның аяғын қатты шағып, уын жайды. Хазірет Әбу Бәкір қанша қиналып тұрса да Аллаһтың Елшісін ұйқысынан оятпайын деп орнынан қозғалмады. Бірақ, ауыртқаны соншалық, көзінен мөлт-мөлт етіп жас төгілді. Сол тамшылар Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк жүзіне тиді. Содан оянып кеткен Расулуллаһ:

– *Не болды? Ей, Әбу Бәкір,* - деп сұрады.

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу аһһу):

– *Ешнәрсе емес, уа, Расулаллаһ!* - десе де Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрап қоймаған соң болған жағдайды айтып беруден басқа амалы қалмады.[113] Содан:

– Ата-анам саған пида болсын, уа, Расулаллаһ! Аяғымды жылан шақты! - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Әбу Бәкірдің аяғына мүбәрәк түкірігін жақты. Сол уақытта ешнәрсе болмағандай Әбу Бәкір (радиаллаһу аһһу)дың ауырған жері басылып қалды.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден өткен соң жыланның уы қайтадан өршіп, Хазірет Әбу Бәкірдің өліміне себеп болады.[114]

***

112. Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 223-224; Диярбакри, Тарихул-Хамис, Бейрут I, 328-329.
113. Бәйһақи, Дәләилүн-Нүбууә уә Мағрифати Ахуали Сахибиш-Шарғия, түсіндірме жазған Абдулмүғти Калади, Бейрут 1985, II, 477; ибн Касир, әл-Бидая III, 223.
114. Али әл-Қари, Мирқат X, 381-382/6034.

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) халифа болған тұста өзін Хазірет Әбу Бәкірден жоғары санап тұрған кейбіреулердің сөзін естіген кезде:

– Уаллаһи, Әбу Бәкірдің сол бір түні Омардың бүткіл үрім-бұтағынан қайырлы! Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үңгірге бару үшін үйінен шыққанда, Әбу Бәкір оның қасында болды... - деді (Хаким III, 7/4268).

***

Бәра (радиаллаһу анһу) әкесінің Аллаһтың Елшісіне қатысты естелікті тыңдауға деген құштарлығын былай деп баяндайды:

Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһу) әкемнен он үш дирһамға бір ертоқым сатып алды. Сосын:

– Бәраға айтшы, оны біздің үйге апарып тастасын, - деді. Әкем:

– Жоқ! Маған Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеден Мәдинаға қалай һижра жасағанын айтпағаныңша болмайды, - деді.

Сонда Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) һижра сапарын ұзақ уақыт бойы айтып берді (Бұхари, Асхабун-Нәби 2; Ахмед I, 2).

***

Ислам әскері Бәдірдегі штабтарына орналасқаннан соң Хазірет Сағд бин Мағаз Аллаһтың Елшісіне деген махаббатына дәлел боларлық мынадай бір сөз сөйледі:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз сізге көлеңкелейтін бір шатыр тұрғызайық. Көлігіңізді де жаныңызға қойып қояйық. Сосын біз дұшпанмен шайқасамыз. Егер Аллаһ күш-қаутымызды арттырып, жеңіс нәсіп етсе қандай жақсы. Ал керісінше болған жағдайда атыңызға мініп Мәдинадағы бауырларымыздың қасына барасыз. Уа, Аллаһтың пайғамбары! Олар да сізді біз сияқты қатты жақсы көреді. Егер олар сіздің соғысқа қатысатыныңызды білгенде әсте қалып қоймас еді. Аллаһ сені солармен қорғайды. Олар саған қатты мойынсұнады және сенімен бірге соңына дейін шайқасады» деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз Хазірет Сағдқа ыстық лебізін білдіріп, қайыр дұға жасады. Сосын Сағд (радиаллаһу анһу) қылышын қынынан суырып, тұрғызылған шатырды күзетіп тұрды (Ибн Хишам II, 260; Уақиди I, 49).

***

Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу) жеткізген мына бір оқиға ардақты сахабалардың Расулуллаһты жетіден жетпіске дейінгілерінің барлығының да шексіз сүйетіндіктерін анық көрсетіп тұрғандай:

Бәдір күні оң жағыма және сол жағыма көз салдым. Сөйтсем,

ансарлық екі жас жігіттің арасында тұр екенмін. Бұл жерде тұрғаным өзіме ұнамады. Өйткені, күштірек адамдардың арасында тұруды қаладым. Олардың бірі досына естіртпей маған :

– Көке! Сіз Әбу Жаһилді танисыз ба? - деді. Мен:

– Иә, танимын! Не қыласың оны? - дедім. Жас жігіт:

– Естуімше ол Аллаһтың Елшісін балағаттайды екен. Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етейін, оны көретін болсам, екеуіміздің біреуіміз өлмейінше одан айрылмаймын, - деді.

Жас жігіттің бұл сөзіне қатты таңдандым. Жанындағы жігіт те дәл сол айтқандарды айтты. Мұны естігеннен кейін екеуінің арасында тұрғаныма өзімді бақытты сезіндім. Біраз уақыттан кейін Әбу Жаһилді соғыс алаңынан көріп қалып:

– Қараңдар, сендер сұраған кісі анау тұр, - дедім.

Әлгі екі жас жігіт дереу қылыштарын қынынан суырып алып, Әбу Жаһилге қарай жүгірді де оны бақылық етті. Бұл жігіттер Муғаз бин Арфа мен Муғаз бин Амр болатын (Бұхари, Мағази 10; Мүслим Жиһад 42).

***

Жаратылыстың нұры мырзамыз Ұхұд соғысында жараланған кезінде:

«Аллаһ Тағала елшісінің жүзін жаралаған қауымға қатты ашуланды!» деген.

Сонда Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) былай депті:

– Уаллаһи, Расулуллаһтың бұл сөзін естігенімде (оны жаралаған) бауырым Утба бин Әби Уаққасты өлтіргім келгені соншалық, бұған дейін ешкімді бұлай өлтіргім келмепті.

Сондай-ақ, жүрегі Аллаһтың Елшісіне деген махаббатқа толып-тасып тұрған Сағд (радиаллаһу анһу) сол күні мүшріктердің сабын бірнеше мәрте жарып өтіп бауырын өлтірмекші болады. Бірақ, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған мұрсат бермеді.[115]

***

Талха бин Убайдуллаһ былай дейді:

«Ұхұд соғысында Расулуллаһтың сахабалары жан-жаққа бытырап кеткенде мүшріктер шабуылға көшіп, Аллаһтың Елшісін жан-жағынан қоршап алады. Оны не алдынан қорғарымды не артынан қорғарымды, не оң жағынан, не сол жағынан қорғарымды білмей әбден дал болдым.

115. Уақиди I, 245.

Қылышымды қолыма алып, біресе алдынан келгендермен, біресе арт жағынан келгендермен шайқастым. Не керек соңында олар да тарқады» (Уақиди I, 254).

***

Сол Ұхұд соғысында мүшріктердің құралайды көзге атқан мергені Малик бин Зуһейр Расулуллаһты нысанаға алып садағын тартып кеп қалады. Талха бин Убайдуллаһ оқтың Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тиетінін сезіп, қолын оққа қарай тосты. Қолына оқ тиіп, саусағын жаралады.[116]

***

Мұһажир және Ансарлық бірнеше сахаба өз жандарынан да қатты жақсы көретін Аллаһтың Елшісін жан-жағынан қоршап алып, оның көз алдында шәһид болуға Аллаһқа ант берді. Сосын:

«Бетім бетіңнің алдында қалқан, денем сенің денеңе пида! Аллаһтың сәлемі әрдайым саған болсын! Ешқашан қасыңнан айрылмаймыз, уа, Расулаллаһ!» деп соңына дейін шайқасты (Ибн Сағд II, 46; Уақиди I, 240).

***

Әбу Талха (радиаллаһу анһу) садақты өте шебер ататын мерген болатын. Ұхұд соғысында оның қолында екі, үш садақ сынды. Аллаһтың Елшісі қасынан қорамсап асынып өткен әрбір кісіге:

– Оқтарыңды Әбу Талханың қасына төгіп кет! - деп бұйырып тұрды. Пайғамбарымыз оның арт жағынан мүшріктерді қарайын деп басын көтерген сайын Әбу Талха:

– Уа, Расулуллаһ! Ата-анам саған пида болсын! Басыңызды шығармаңыз! Бәлкім мүшріктердің оғының бірі сізге тиіп кетер. Менің кеудем сенің кеудеңе қалқан болсын. Саған тиетін нәрсе маған тисін! - дейді (Бұхари, Мәғази 18).

***

Қатада бин Нұғман (радиаллаһу анһу) Расулуллаһты қорғау үшін алдына шығып садағының басы жонылып кеткенше мүшріктерге оқ жаудырды. Не керек соңында көзіне оқ тиіп, ауыр жарақат алады. Көзі ағып түседі. Аллаһтың Елшісі Қатаданың бұл халін көргенде көздері жасаурап қалады. Сосын Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның көзін қолына алып, қайтадан орнына салып қояды. Осыдан кейін сол көзі ана көзіне қарағанда әлдеқайда жақсы көре бастапты.[117]

***

116. Ибн Сағд III, 217.
117. Хаким III, 334/5281; Хайсами VI, 113; ибн Сағд III, 453.

Әйел сахаба Үммү Умара радиаллаһу анһа да Ұхұд соғысына қатысып, қаруымен Пайғамбарымызды қорғаған сахабалардың бірі еді. Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыстан кейін Мәдинаға оралғанда:

– Соғыс қызу жүріп жатқанда, оң жағыма қарасам да, сол жағыма қарасам да Үммү Умараның дәл қасымда шайқасып жүргенін көрдім, - деген екен (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 479).

Осындай қайсарлығы үшін Пайғамбарымыздың ыстық лебізі мен қайыр дұғасын алған Үммү Умара Аллаһтың Елшісіне:

– Аллаһқа дұға етіңіз, жәннатта сізге көрші болайық, - деді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһым! Мыналарды жәннатта маған көрші және жолдас қыл! - деп дұға жасады. Сол кезде Үммү Умара (радиаллаһу анһа):

– Енді бұдан кейін қандай қиындық келсе де елемеймін! - деді (Уақиди I, 273; ибн Сағд VIII, 415).

***

Әнәс бин Надыр (радиаллаһу анһу) Ұхұд соғысында үмітсіздікке салынып, не істерін білмей дал болған бір топ мұсылманның арасында Аллаһтың Елшісінің шәһид болғандығы жайында тараған хабарды естігенде қатты күйзеліп:

– Расулуллаһ шәһид болғаннан соң өмір сүріп қайтесіңдер? Қане сендер де сол сияқты шайқасып шәһид болыңдар! - деп айқайлады. Сосын мүшріктерге қарай лап қойды. Біраз уақыт өткен соң сексеннен көп жарақат алып, шәһид болды (Ахмед III, 253; ибн Хишам III, 31).

***

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд шайқасы аяқталғанда бір сахабасын Сағд бин Рабиғты (радиаллаһу анһу) тауып, оның жағдайын біліп келу үшін жіберді. Ол сахаба Сағд бин Рабиғты қанша іздесе де таба алмады. Қанша айқайласа да бір жауап ала алмады. Соңғы мәрте үмітпен:

– Ей, Сағд! Мені Аллаһтың Елшісі жіберді. Расулуллаһ сені тірі ме, әлде өлі ме екен, бір хабарын біліп кел деп жіберді! - деп жаралылар мен шәһидтер жатқан жаққа дауыстап айқайлады.

Сол кезде соңғы демін алып жатқан әрі жауап беруге дәрмені де қалмаған Сағд (радиаллаһу анһу) өзін Аллаһтың Елшісінің алаңдап іздеп жатқанын естіп бар күшін жиып, ақырын ғана ыңылдап:

– Мен енді өлілердің арасындамын, - деуге ғана шамасы жетті. О дүниені көріп жатқаны түсінікті-ақ еді. Әлгі сахаба Сағдтың (радиаллаһу

аһһу) жанына қарай жүгірді. Қасына барып қараса, денесі қылышпен тілгіленіп, қансыраған күйде жатыр екен. Ол оның аузынан әрең деген-де мынадай сөздерді ести алды. Сағдтың бұл сөздерінен Аллаһтың Елшісіне деген шынайы махаббатының иісі аңқып тұр еді:

– *Уаллаһи, тірі жүргендеріңде Расулуллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұшпандарынан қорғауға міндеттісіңдер. Егер оны қорғай алмай, басына қандай да бір пәленің келуіне мүмкіндік берсеңдер, Аллаһтың алдында ешқандай сылтау айтып ақтала алмайсыңдар! - деді* (Муатта, Жиһад 41; Хаким III, 221/4960; ибн Хишам III, 47).

***

Мәдина Мүнауарадағы әйелдер соғыстың нәтижесіне алаңдаумен жүрді. Бәлкім, шайқас жерінен бір хабар келіп қалар деген үмітпен қаланың сыртына шықты. Бибі Айша радиаллаһу анһа да солардың арасында еді. Айша анамыз Харра деген жерге жеткенде алдынан салихалы әйел Һинд бинти Амрға кезікті. Һинд күйеуі Амр бин Жәмуһтың және ұлы Халлад пен бауыры Абдуллаһтың шәһид болған денелерін бір түйеге артып әкеле жатыр екен. Айша одан:

– *Ол жақтан қандай хабар бар? - деп сұрады.*

Сонда Һинд бинти Амр (радиаллаһу анһа) былай деп тамаша жауап қайырады:

– *Жақсылық, Аллаһтың Елшісі аман-сау. Ол сау болған соң қалған қайғының бәрі жеңіл... - деді.*[118]

***

Ұхұд шайқасы жүріп жатқан кезде орын алған тағы бір оқиғаға тоқталсақ:

Ұхұд майданынан жеткен бір хабар Мәдинаны қайғыға батырды. «Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтірілді!» деген кезде көз жасы көл боп ақты. Шыңғырған дауыстар көк аспанды дүр сілкіндірді. Әркім не болғанын білгісі келіп, жолға қарай жүгірді. Солардың арасындағы ансарлық әйел сахаба Сүмәйраға екі ұлын, күйеуін және бауырын шәһид болды деген хабар келсе де, «Аллаһтың Елшісіне не болды екен?» деп Расулуллаһты алаңдаумен болды.

Сахабалар оған:

– Аллаһқа шүкір, аман-есен. Ол сен қалағандай тірі! - деді.

Сүмәйра:

118. Уақиди I, 265; ибн Хажар, Фахул-Бари, Дарул-Фикр III, 216; ибн Абдилбар, әл-Истиғаб, Кайр, III, 1168.

– Оны өз көзіммен көрмейінше тыныш таппаймын. Маған Аллаһтың Елшісін көрсетіңдерші, - деді.

Ол Пайғамбарымызды көріп, жанына жүгіріп барды да киімінің шетінен ұстап:

– Ата-анам саған пида болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Сенің амандығың маған барлық қайғыны жеңілдетті! - деді (Уақиди I, 292; Хайсами VI, 115).

Жүректері Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шынайы махаббаттан тұнып тұрған мүминдердің оның жолында жанқиярлығы мен абзалдықтары міне осындай болған деседі.

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд шайқасында шәһид болғандардың мазарларын зиарат етті. Шәһидтерге қарап:

– *Олардың имандары мен шынайылықтарына куә боламын, - деді.*

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– *Уа, Аллаһтың Елшісі! (Бізге ше?) Біз де олардың бауырлары емеспіз бе? Олар қандай мұсылман болған болса, бізде дәл солардай мұсылманбыз. Олар шайқасқандай бізде шайқастық! - деді.*

Сүйікті Пайғамбарымыз:

– *Иә, айтқандарың дұрыс, бірақ мен өлген соң қандай бидғаттар (дінде жоқ жаңалықтар) шығаратындарыңды білмеймін, - деді.*

Расулуллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сәтке болса да жырақ қалуға төзе алмайтын Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) көзі жасқа толып:

– *Сонда біз сізден кейінге қаламыз ба, уа, Расулаллаһ? - (деп онсыз өткіземін өміріне алаңдаулы екендігін білдірді)* (Муатта, Жиһад 32).

***

Аллаһтың Елшісі Ислам дінін үйрету үшін жан-жақтағы тайпаларға ұстаздар жіберді. Адал мен Кара тайпалары да Аллаһтың Елшісінен ұстаз жіберуін сұраған еді. Сонда Пайғамбарымыз бұл екі тайпаға он кісілік топ жіберген болатын. Бірақ, бұл топ жолда тұзаққа түсірілді. Ұстаздардың сегізі шәһид болып, екеуі тұтқынға алынды. Тұтқынға алынған Зайд бин Дәсинә мен Хубайб (радиаллаһу анһума) болатын. Олар меккеліктердің қолына берілді. Меккеліктер олардың екеуін де шәһид қылды. Хазірет Хубайбты шәһид етпес бұрын одан:

– *Сені қоя берудің өтемі ретінде сенің орныңда Пайғамбарыңның болғанын қалар ма едің?* - деді.

Хубайб (радиаллаһу анһу) мұны сұрап тұрған Әбу Суфиянға жаны

ашып қарады да:

– Пайғамбарымның бұл жерде болуын қалау былай тұрсын өзімнің бала-шағамның қасында, тіпті мен оның тұрған жерінде аяғына тікен батқанын да қаламаймын, - деді.

Оның Пайғамбарына деген осыншалықты сүйіспеншілігі мен бағыныштылығына таң қалған Әбу Суфиян:

– Таң қалып тұрмын! Мен осы уақытқа дейін сахабалардың Мұхаммедті сүйгеніндей кісінің басқа біреуді сүйгенін көрген емеспін, - деді (Уақиди I, 360; ибн Сағд II, 56).

Хубайбтың (радиаллаһу анһу) шәһид болмас бұрын тек бір ғана тілегі бар еді. Ол:

«Хазірет Пайғамбарға сүйіспеншілікке толы ыстық сәлем жолдау».

Бірақ, қалай жолдайды? Кім жеткізсін оның сәлемін? Шарасыз басын аспанға көтеріп:

– Аллаһым! Бұл жерде сәлемімді Расулуллаһқа жеткізетін ешкім жоқ. Оған сәлемімді Сен жеткізе гөр Аллаһым! - деп мінәжат етті.

Сол уақытта Мәдинада сахабаларымен бірге отырған Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Уа аләйһис-сәләм!», яғни «оған да сәлем болсын!»* - деді. Мұны естіген сахабалар таңырқап:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Кімнің сәлеміне жауап қайырдыңыз? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

«Бауырларың Хубайыбтың сәлеміне. Міне, Жәбірейіл аләйһис-сәләм Хубайбтың сәлемін жеткізді!» - деді (Қараңыз: Бұхари, Жиһад 170, Мәғази 10, 28; Уақиди I, 354-363).

***

Ардақты сахабалардың Аллаһтың Елшісіне деген сүйіспеншіліктері кей кездері тым толасып кететіні соншалық, өз араларында Расулуллаһты бөлісе алмай қалатын болған. Қағыб бин Ужра (радиаллаһу анһу) осы бір ғибратты оқиғаны былай деп жеткізеді:

«Бір күні Мешіт Нәбәуйде Пайғамбарымыздың құзырында отырдық. Сол жерде отырғандардың арасында ансарлық, мұһажир және хашимдік топтар бар еді. Өз арамызда «Расулуллаһ ішімізден қай топты көбірек жақсы көреді екен?» - деп бәстестік. Біз ансарлықтар тобы:

– Біз Аллаһтың Елшісіне иман келтірдік. Оған мойынсұндық, Онымен бірге дұшпандарымен шайқастық. Сондықтан да, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізді бәрінен де қатты жақсы көреді, - дедік.

Мұһажир бауырларымыз:

– Біз Аллаһтың және Оның Елшісінің разылығы үшін һижрет еттік. Бұл жолда бала-шағамызды тастап кеттік, дүние-мүліктен де бас тарттық. Сендер қатысқан соғысқа біз де қатыстық. Сол үшін Аллаһтың Расулі бізді көбірек жақсы көреді, - деді.

Хашим руынан болған бауырларымыз да:

– Біз Хазірет Пайғамбарымыздың қан туысқандарымыз. Сендер қатысқан соғысқа біз де қатыстық. Сондықтан, Аллаһтың Елшісі бізді бәрінен де артық жақсы көреді, - деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасымызға келіп:

– Сендер өз араларыңда күбірлеп не айтып жатырсыңдар? - деді.

Әр топ айтқанындарын қайталап айтты. Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Дұрыс айтыпсыңдар! Бұны ешкім де жоққа шығара алмайды, - деді. *Сосын:*

– Араларыңда тартысқан мәселеге үкім беруімді қалайсыңдар ма? - деп сұрады.

– Иә, әлбетте уа, Расулаллаһ! Ата-анамыз сенің жолыңда құрбан болсын! - дедік. *Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):*

– Уа, Ансар жамағаты! Мен сендердің бауырларыңмын, - деді.

Ансарлықтар қуанышпен:

– Аллаһу әкбар! Қағбаның Раббымен ант етейік, оны біз ұттық, - десті.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Мұһажир жамағаты! Мен сендерденмін, - деді.

Мұһажирлер де қуанышпен:

– Аллаһу әкбар! Қағбаның Раббымен ант етейік, оны біз ұттық, - деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Хашим ұрпақтары! Сендерге келсек, сендер меннсіңдер және маған келдіңдер, - деді.

Хашим ұрпақтары да қуанышпен:

– Аллаһу әкбар! Қағбаның Раббымен ант етейік, оны біз ұттық, - деді. *Бәріміз риза болдық. Әрбір топ Аллаһтың Елшісінің ілтипатын естіп, мәз-мейрам болысты»* (Хайсами X, 14).

***

Пайғамбарымыздың сүйген нәрсесін сүю сахабалары үшін ең үлкен қуаныштың бірі. Хазірет Әнас (радиаллаһу анһу) былайша баяндайды:

«Бір тігінші Расулуллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асқа шақырды. Онымен бірге мен де бардым. Үйдің иесі дастарқанға арпа ұнынан пісірілген нан, ішінде асқабағы бар сорпа мен кепкен ет қойды. Мен Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) табақтағы асқабақты ұнатып жеп жатқанын байқап қалдым. Міне, сол күннен бері мен де асқабақ жегенді жақсы көріп келемін» (Бұхари, Атғима 33, Буюғ 30; Мүслим, Әшрибә 144; Муатта, Никах 51).

Сүйіктіңнің сүйгенін сүю – сүйіспеншіліктің айқын дәлелі.

***

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу)дың мына бір әрекеті шексіз махаббаттан туындаған екені хақ:

Ол Мекке алынған күні көзі көрмейтін қарт әкесін мұсылман болсын деп Аллаһтың Елшісінің құзырына әкелді. Расулуллаһ олардың келгенін көрген кезде:

– Ей, Әбу Бәкір! Қарт әкеңді неге бұл жерге дейін әкеліп әуре қылдың? Оның қасына өзіміз-ақ баратын едік қой, - деді.

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Аллаһ Тағаланың оған сауап бергенін қалап, оны құзырыңызға әкелдім, - деді.

Хазірет Әбу Бәкірдің әкесі Әбу Куһафа (радиаллаһу анһу) ант бермек болып қолын Аллаһтың Елшісінің мүбәрәк қолына қарай созған кезде Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) көз жасына ие бола алмай, еріксіз жылап қоя берді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таңырқап, не үшін жылағанын сұрады. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) көздері жасаураған күйде:

– Уа, Расулуллаһ! Саған ант бермек болып созылған мына қол менің әкемнің емес, сенің көкең Әбу Талиптың қолы болып, Аллаһ Тағала менің орныма сені қуандырғанда ғой, сондай қатты қуанышқа бөленер едім. Өйткені, сен оны өте жақсы көрдің және мұсылман боп өлгенін қатты қаладың... - деді (Хайсами VI, 174; ибн Сағд V, 451).

***

Аллаһтың Елшісі қажылық сапарында кейбір жерлерде аялдап, мұсылмандарға имам болып намаз оқытқан. Кейінірек мұсылмандар оған деген кіршіксіз махаббаттарының бір белгісі ретінде сол жерлерге мешіттер салып, сол бір естелікті қияметке дейін сақтамақ болған (Ибн Сағд II, 173).

***

Ардақты сахабалар Хазірет Пайғамбарымызға тиісті қандай да бір затты тәбәрік ретінде сақтауда да біздер үшін үлгі боларлық тұлғалар. Қоштасу қажылығында Пайғамбарымыз шашын алдырды. Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу):

– *Уа, Аллаһтың Елшісі! Маңдай шашыңызды маған беріңізші! Менен басқа ешкімге бермеңіз. Ата-анам сізге пида болсын! - деп өтінді.*[119] Пайғамбарымыздың шашын оған берген кезде шашпен көзін сипап, сәлдесінің алдыңғы жағына салып қойды. Сол мүбәрәк шаштардың берекетімен соғыста жеңбеген дұшпаны қалмады. Сондай-ақ, Халид (радиаллаһу анһу):

– Мен оны өзіммен бірге қай жерге ала барсам, сол жер алынды, - деген (Уақиди III, 1108; ибн Әсир, Усдул-Ғаба II, 111).

***

Бір әйел сахаба Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тоқылған көйлек сыйлады. Сосын:

– Мұны сіз кисін деп өз қолыммен тоқыдым, - деді.

Хазірет Пайғамбарымызға тап сондай көйлек қажет боп жүр еді. Көйлекті алып, киді де сахабаларының жанына барды. Оны көрген бір сахаба Аллаһтың Елшісіне:

– Қандай әдемі көйлек! Бұны маған бересіз бе, мен киейін уа, Расулаллаһ! - деді. Аллаһтың Расулі:

– Жарайды, - деді. Сол жерде біраз отырып, сосын үйіне қайтты. Киімді орап әлгі адамға беріп жіберді. Ардақты сахабалар оған:

– Мұның дұрыс болмады. Ол киім Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да қажет еді. Оның үстіне сен Пайғамбарымыздың өзінен бірнәрсе сұраған кісіні бос қайтармайтынын біле тұра сұрадың, - деді.

Әлгі сахаба:

– Аллаһқа ант етейін! Мен оны кию үшін емес, өзіме кебін қылу үшін сұрадым, - деп жауап қатты.

Расында да, ол киім әлгі кісінің кебіні болды (Бұхари, Жәнайз 28, Буюғ 31, Либас 18).

***

Сәһл бин Сағд (радиаллаһу анһу) тіпті кішкентай балалардың өзі де Аллаһтың Елшісін үлкендерден кем жақсы көрмегендігін көрсететін мынадай бір оқиғаны баяндайды:

---

119. Сол кезде Хазірет Әбу Бәкір Халид (радиаллаһу анһу)дың Ухуд, Хандақ және Хұдайбияда мұсылмандарға тигізген зардабын ойлап тұрды, бір жағынан мына халіне қарап та ішінен таңырқап тұрды (Ибн Сағд II, 174).

Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ішетін сусын әкелінді. Пайғамбарымыз одан біраз ішті. Сол кезде оның оң жағында бір жас бала, сол жағында едәуір жасқа келген үлкен сахабалар отырған болатын. Аллаһтың Елшісі қолындағысын басқаларға ұсынып үлестіргенде әдетінше оң жағынан бастайтын. Оң жағындағы жас балаға бұрылып сыпайы түрде:

– Мына сусынды алдымен үлкендерге беруіме рұқсат ет! - деп сұрады.

Сонда ол бала таңдай қақтырарлық мынадай керемет жауап берді:

– Уа, Расулаллаһ! Сенің қолыңнан нәсіп болған нәрсені ешкімге де бере алмаймын!

Сол кезде сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қолындағы сусынды ең алдымен сол балаға ұсынды (Бұхари, Әшрибә 19).

***

Өз жандарынан да қатты жақсы көретін Аллаһтың Елшісінің дүние салып, араларынан айырылуы сахабаларға өте ауыр тиді. Әнас бин Малик (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Сүйікті Пайғамбарымыздың сырқаты күшейіп жағдайы тым нашарлап кетті. Мұны байқаған Фатима ана радиаллаһу анһа:

– Қайран әкетайым-ай, халіңіз тым қиындап кетіпті ғой! - деді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қызым бүгіннен кейін әкеңнің ешқандай қиыншылығы болмайды!» - деді.

Аллаһтың Елшісі қаза болғанда бибі Фатима:

يَا أَبَتَاهُ مَنْ رَبُّهُ مَا أَدْنَاهُ

يَا أَبَتَاهُ أَجَابَ رَبّاً دَعَاهُ

يَا أَبَتَاهُ مَنْ جَنَّةُ الْفِرْدَوْسِ مَأْوَاهُ

يَا أَبَتَاهُ إِلَى جِبْرِيلَ نَنْعَاهُ

«Раббысына бәрінен де жақын болған қайран әкешім! Раббысының шақыруына құлақ асқан қайран әкешім! Мекені Фирдаус жәннаты болған қайран әкешім! Қайғылы хабарыңды Жәбірейілмен ғана ортақтасар қайран әкешім!» деп аза тұтты.

Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жерленгеннен кейін

де Фатима ханымның қайғысы басылмады. Оны қимастықтан:

«Расулуллаһтың үстіне лезде топырақ тастауға қалайша қолдарың барды, қалай бұған көңілдерің разы болды?» деп налыған екен (Бұхари, Мәғази 83; Дарими, Мұқаддима 14; ибн Мәжә, Жәнайз 65).

***

Абдуллаһ бин Зайд әл-Ансари (радиаллаһу аһһу) бір күні Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– *Уа, Расулаллаһ! Сен маған жанымнан да, малымнан да, тіпті бала-шағамнан да артықсың. Егер сені көру нығметі болмағанда өлімді қалайтын едім, - деп жылай кетеді.*

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан:

– *Неге жылайсың?* - деп сұрағанда Абдуллаһ бин Зайд (радиаллаһу аһһу):

– *Уа, Расулаллаһ! Күндердің бірінде сіздің де, біздің де өлетінімізді, сіздің пайғамбарлармен бірге жоғары мақамдарда, ал біздің жәннатқа кірген күнде де төменгі орындарда болатынымызды ойлап (Сізді көре алмайтыныма қайғырып) жылап жатырмын, - деп жауап берді.*

Аса мейірімді Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тіл қатпай біраз үнсіз тұрды. Сол кезде төмендегі аят түсті:

«Кімде-кім Аллаһқа және Пайғамбарына мойынсұнса, міне солар Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және салихтармен бірге болады. Олар қандай тамаша достар!» (Ниса сүресі, 69-аят)**.**

Абдуллаһ бин Зайд (радиаллаһу аһһу) бір күні бақшасында жұмыс істеп жатқанда ұлы алқынып, жүгіріп келді де Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қаза болғанын хабарлады. Бұл қайғылы хабарды естігенде Абдуллаһ (радиаллаһу аһһу)дың төбесінен жай түскендей болды. Сосын ол былай деп дұға жасады:

«Аллаһым көзімді көр қыл! Енді бұдан кейін жалғыз ғана сүйіктім Хазірет Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан басқа ешкімді көрмей-ақ қояйын».

Абдуллаһтың (радиаллаһу аһһу) дұғасы қабыл болып, сол жерде көздері көрмей қалды.*120*

***

Аллаһтың Елшісі қайтыс болғаннан кейін көзінен айырылған келесі бір сахабаның сезімі де Абдуллаһ бин Зайдтың сезімінен өзгеше емес еді.

120. Қараңыз: Құртуби V, 271.

Ол сүйіктісінің артынан көздерін жоғалтқанда достары оны жұбатуға келді. Алайда, ол көзінен айрылғанына еш қайғырып, мұңаймады. Өзін жұбатуға келгендерге былай деп жауап қатты:

«Мен көздерімнің тек Расулуллаһты көру үшін ғана болғанын қалайтын едім. Ол өлген соң дүниедегі ең әдемі киіктің көзіне ие болсам да, одан не пайда?!» (Ибн Сағд II, 313)**.**

Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғанда сахабалар қатты күйзелген еді. Дәл сол күні Аллаһтың Елшісінен айырылу қасіреті әп сәтте ішінде-ақ көңілдерді мұңға батырды. Сахабалар әр түрлі күй кешті. Тіпті, Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) да бір сәтке ақылынан адасып, ұстамдылығын жоғалтып алды. Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) адамдарды сабырға шақырып, сабаларына түсіруге тырысты. Бірақ, бұл оған өте қиынға соқты. Өйткені, Пайғамбарды бір күн көрмесе тұра алмайтын ғашық жүректер енді оны бұл пәни дүниеде еш көре алмайтын еді.

***

Расулуллаһтың өлімінен кейін Пайғамбар азаншысы Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) қайғыдан көк жүзін дірілдеткен әсем дауысымен азан шақыра алмайтындай күйге түсті. Хазірет Біләл сахаба достарының өтініші бойынша қанша азан шақырмақ болып талпынса да, Аллаһтың Елшісін өз орнынан көре алмай көз жасын көл қылып, шыңғырып жылап жіберді. Тамағы қысылып, үні шықпай азан шақыра алмады. Көңіліндегі сағынышын басу үшін Мәдинадан алыстап, Шамға кетті. Бір күні түсінде Расулуллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрді. Хазірет Пайғамбарымыз:

«Ей, Біләл, неге сонша жоқ боп кеттің? Мені зиярат ететін уақытың келмеді ме?!» - деді. Сол кезде Біләл (радиаллаһу анһу) үйқысынан мұңая оянды да тез арада жолға шықты. Әлемдердің мырзасының мүбәрәк қабырын зиярат етуге Мәдинаға келді. Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында қабіріне жабысып жылап тұрғанда Пайғамбарымыздың немерелері Хасан мен Хүсейн келді. Біләл (радиаллаһу анһу) оларды бауырына басып сүйе бастады. Сосын олардың:

«Уа, Біләл! Азаныңды сағындық, қатты тыңдағымыз келеді» деген өтініштері бойынша азан шақырды. Сол кезде Мәдина қаласы Біләлдің дауысымен дүр сілкінді. «Әшһәду әнна Мұхаммадар-Расулуллаһ» дегенде Мәдинаның әйел-еркегіне дейін барлық тұрғыны Расулуллаһ тірілген екен деп Пайғамбар мешітіне қарай жүгіре жөнелді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние салғаннан кейін Мәдинада адамдардың мұншалықты қатты жылаған емес-ті (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба I, 244-245; Зәһаби, Сияр I, 357-358).

Расулуллаһты жанынан да қатты сүйетін мүбәрәк сахаба Біләл (радиаллаһу анһу) жасы алпыстан асқан шағында Дамаскта қайтыс болды. Өлім сәтінде:

– Ертең иншаллаһ сүйікті достарыма; Хазірет Мұхаммед аләйһиссалату уәс-сәләм мен сахабаларына қауышамын, - деді. Сол кезде әйелі:

– Басыма келген қасірет-ай! - деп жылай бастады. Ал Пайғамбарға шынайы ғашық Біләл (радиаллаһу анһу) болса:

– Қандай керемет, қандай тамаша! - деп жатты (Зәһәби, Сияр I, 359).

Бұл мүбәрәк жандар Аллаһтың Елшісінің «Сен сүйгеніңмен бірге боласың» деген қанатты сөзін көкейлеріне түйіп, қолдарындағы байлықтары мен жалғыз ғана жұбаныштары Расулуллаһқа деген махаббаттарын күшейтуге тырысып бағуда еді. Сондай-ақ, Әнас (радиаллаһу анһу):

«Мұсылман болу нығметінен кейін бізді ешқандай нәрсе Расулуллаһтың «Сен әлбетте сүйгеніңмен біргесің» деген сүйіншісі сияқты қуанта алмаған. Міне, мен де Аллаһты, Оның елшісін, Әбу Бәкірді және Омарды өте жақсы көремін. Олар істеген амалдарды істей алмасам да, олармен бірге болуға үміттенемін» деген екен (Мүслим, Бир 163).

* * *

Бір күні түнде Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) қаланы бақылап шығу үшін көшелерді аралап жүргенде бір үйдің шамының жанып тұрғанын көреді. Үйдің жанына жақындағанда жүн иіріп, өлең оқып отырған бір кейуананың үнін естіді. Өлеңнің мағынасы былай болатын:

«Ізгі жандардың салауаты мен сәлемі Хазірет Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болсын! Уа, Расулаллаһ барша таза адамдар сағанАллаһтан рақым тілесін. Сен түнде құлшылық жасап, сағар (түннің үштен бір бөлігі) уақыттарында жылайтын едің. Дегенмен өлім бірте-бірте барлық жанды алады. Шіркін, ақырет жұрты мені сүйікті Пайғамбарыммен қауыштырар ма екен, осыны білсем ғой?».

Омар (радиаллаһу анһу) бұл өлеңнен қатты әсер алып, көңілі босап жылап қоя береді. Біраз уақыттан соң есікті қақты. Кейуана одан кім екенін сұрады. Ол:

– Омар бин Хаттаб, - деп жауап берді. Кейуана алаңдаулы күйде Омардың менде не жұмысы бар, түннің жарымында бұл жерден не іздеп жүр деп ойлады.

– Құдай үшін есікті ашыңызшы, қорықпаңыз, - деді. Кейуана есікті ашқан кезде Хазірет Омар:

– Бағана оқыған өлеңіңізді тағы да оқисыз ба? - деді. Кейуана Омардың

өтініші бойынша тағы қайталап оқыды. Өлеңнің соңғы қатарына келгенде Омар (радиаллаһу анһу):

– Мені де араларыңызға қосуыңызды өтінемін! - деді. Сонда кейуана өлеңінің соңғы жағын:

«Әттең білсем ғой, ақырет жұрты сүйікті Пайғамбарыма мені мен Омарды қауыштырады ма екен? Аса кешірімді Аллаһым! Омарды жарылқа!» деп аяқтады.

Омар (радиаллаһу анһу) дән риза болған күйде кері қайтты (Али әл-Мүттақи XII, 562/35762).

***

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлімінен кейін Хазірет Фатиманың жүзі күлмеді (Ибн Сағд II, 312).

Абдуллаһ бин Омардың (радиаллаһу анһу) да Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есіне түсіп жыламаған кезі болмапты (Ибн Сағд II, 312).

Әнас (радиаллаһу анһу):

«Түсімде Сүйікті Пайғамбарымды көрмеген ешқандай түнім болмады» деп көңілі босайтын еді (Ибн Сағд VII, 20).

Әнас (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымызды жақсы танитын болғандықтан, Аллаһтың Расуліне ұқсап өмір сүретін және соған ұқсап намаз оқитын. Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шыбығы мен бір тал шашын үнемі жанынан тастамай алып жүретін. Қайтыс болған кезінде сол шыбық өсиеті бойынша қабірде жанына, ал Пайғамбарымыздың шашы тілінің астына қойылды.

***

Ардақты сахабалар Аллаһтың Елшісі жайында сөз еткенде «хабиби: сүйіктім», «халили: достым» сынды кіршіксіз махаббаттарын көрсететін сөздермен бастаудан ерекше ләззат алатын.[121]

Оларға жер бетіндегі барлық нәрсе сүйікті достарын естеріне салушы еді. Сондай-ақ, Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) былай деген екен:

«Аллаһқа ант етейін, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден өтерде бізді сондай бір жағдайда қалдырды, тіпті көкте бір құс қанатын қақса, оның сол әрекеті бізге Аллаһтың Елшісінің хадисін есімізге түсіретін. Өйткені, Әлемдердің мырзасы бізге: *«Жәннатқа*

121. Бұхари, Тәһәжжүд 33, Саум 60; Мүслим, Мүсафирин 85, 86; Әбу Дәуіт, Үтір 7; Нәсай, Сиям 81, Қиямул-Ләйл 28; ибн Мәжә, Садақат 10; Дарими, Саум 38; Ахмед V, 159; ибн Сағд IV, 229.

жақындатып, жәһаннамнан алыстататын барлық нәрсе сендерге баяндалды» деп айтқан» (Ахмед V, 153, 162; Хайсами VIII, 263).

***

Уқба бин Харис (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) асыр намазын оқып болып, Хазірет Али (радиаллаһу анһу)мен бірге мешіттен шығып кетіп бара жатты. Тап сол уақытта Пайғамбарымыздың немересі Хасанды балалармен ойнап жүргенін көрді. Хазірет Әбу Бәкір оны ұстап алып мойнына мінгізді. Сөйтіп:

بِأَبِي شَبِيهٌ بِالنَّبِيِّ لاَ شَبِيهٌ بِعَلِي

«Әкем саған құрбан болсын! Уаллаһи, Расулуллаһтан айнымай қалған, Алиге тартпаған» деді. Хазірет Али де оларға күлімсіреп қарап тұрды (Бұхари, Мәнақиб 23).

***

Ардақты сахабалар Аллаһтың Расулінің хадис шәріпін риуаят еткенде оның сөзін басқа сөзбен араластырып алмауға мұқият көңіл бөлетін болған. Бұл жайында Әмр бин Маймұн былай дейді:

«Мен Ибн Масғұдтың (радиаллаһу анһу) әр бейсенбінің кешінде болатын сұхбаттарынан еш қалмайтынмын. Оның бұл сұхбаттарында қандай да бір мәселе жайында (аса мұқияттылығынан): «Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтты» дегенін еш естімедім. Алайда, ол сұхбаттарының бірінде «Расулуллаһ мырзамыз былай деді» деп сөзін бастады, бірақ арықарай айта алмай басын төмен иді. Сәлден соң оған қарасам, көйлегінің түймелері шешіліп, көздерінен жас төгіліп, көзінің асты іскен күйде тұрып тұр екен. Кейін сөзін былай деп аяқтады:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылай немесе осыған ұқсас мағынада айтқан болатын» (Ибн Мәжә, Мұқаддима 3).

***

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыз дүниеден өткен соң оның қандай да бір хадисін риуаят етерде Расулуллаһ есіне түскен сайын көңілі босап, сөйлеуге мұршасы келмей қалатын. Әбу Һұрайра оның осы бір халін былай деп баяндайды:

«Бір күні ӘбуБәкір (радиаллаһу анһу) мінберге шығып:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өткен жылы араларыңызда тап мен тұрған жерде тұрғаны баршаңызға мәлім» деді де, көңілі босап жылап жіберді. Сосын осы сөзін қайталап айтып еді, тағы да еріксіз жылап жіберді. Үшінші мәрте тағы да қайталады. Өзін ұстай

алмай, бұл жолы да егіле жылап қоя берді...» (Тирмизи, Дағауат 105).

***

Айша (радиаллаһу анһа) әкесі Хазірет Әбу Бәкір өлім аузында жатқанда жалғыз ғана досы Хазірет Пайғамбарға деген сағынышын, онымен қауышу арманын былай деп жеткізеді:

Әкем Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) өлім аузында:

– Бүгін қай күн? - деп сұрады.

– Дүйсенбі, - дедік.

– Егер бүгін түнде өлсем, ертеңге дейін күттірмеңдер! Мен үшін күндіз бен түндердің ең қайырлысы Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең жақын болғаны (Яғни, мені оған тез қауыштыратын сәт) деді (Ахмед I, 8).

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлген күннен бастап өзін бөтен жерде жүргендей сезінетін. Ал өлетін кезінде Аллаһ пен Оның Расуліне қарай жасайтын жаңа бір һижреттің ерекше толқынысын басынан кешіріп жатты.

***

Қадірлі сахабалар Аллаһтың Елшісіне деген сағыныштан сарғайып, тез арада оған қауышуды армандап жүрген сырқаттардың Аллаһқа және Расуліне қауышу сәттерінің жақын қалғаны үшін оларға қызыға да, қызғана да қараған. Және солар арқылы көңілдердің Сұлтаны мырзамызға сүйіспеншілікке толы сәлемдерін жолдаған. Мысалы, Мұхаммед бин Мұнқадир (радиаллаһу анһу) Расулуллаһты шынайы жақсы көретін Хазірет Жабирді сырқат кезінде зиярат еткен. Оның өлім аузында жатқанына көзі жеткен ол жүрегі Расулуллаһқа деген сағыныштан от болып лаулап жатқан Жабирге (радиаллаһу анһу):

«Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біздің сәлемімізді жеткіз!» деді (Ибн Мәжә, Жәнайз 4).

***

Аллаһтың Елшісінің туған-туыстары мен сүйгендерін де жақсы көру ардақты сахабалардың өмірлік ұстанымдары болатын. Мысалы, Хазірет Омардың үйінде тоғыз табағы бар еді. Ол табақтарға жеміс-жидек пен басқа да азықтар салып, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұбайларына жіберіп тұрады екен. Ал өзінің қызы Хафсаға ең соңынан жіберетін. Егер бұлардың бірінде кемшілік байқалса, өз қалтасынан толықтырып отыратын болған (Муатта, Зекет 44).

***

Сондай-ақ, Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) мемлекеттің қазынасынан Пайғамбарымыздың азат еткен құлы Зайд бин Харисаның ұлы Ұсамаға

үш мың бес жүз дирһам сыйақы тағайындаған. Ал өз ұлы Абдуллаһқа болса, бес жүзі кем үш мың дирһам берген.

Абдұллаһ әкесінің бұл ісіне наразылық танытып:

– Ұсамаға не үшін менен көп бергенсің? Ол соғыстарға менен көп қатысқан жоқ қой! - деді.

Сонда Хазірет Омар өзінің дархан кеңпейілділігімен қоса абзал әділдігін танытып, былай деп керемет жауап қайырған екен:

«Ұлым! Расулуллаһ мырзамыз Ұсаманың әкесін сенің әкеңнен де қатты жақсы көретін. Ұсаманы да сенен көп жақсы көретін. Міне сондықтан, Расулуллаһтың сүйгенін өзімнің сүйгенімнен де артық санадым» деген (Тирмизи, Мәнақиб 39/3813).

***

Әнас (радиаллаһу анһу) баяндаған мына бір оқиғаның да ғибратты екендігіне дау жоқ:

«Бірде Жәрир бин Абдуллаһпен[122] бірге жолға шықтым. Ол менен үлкен болғанына қармастан, маған қызмет жасап жүрді. Оған:

– Өтінем, олай істемеңіз! - десем де, ол маған:

– Мен ансарлықтардың Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте көп қызмет еткенін көргенмін. Өз-өзіме: «Егер ансарлықтардың бірімен сәті түсіп сапарға шыға қалсам, мен де оған қызмет етемін» деп ант бергенмін, - деді (Бұхари, Жиһад 71; Мүслим, Фадаилус-Сахаба 181).

Аллаһым, бұл не деген іңкәр махаббат!

***

Ардақты сахабалардың көпшілігі Расулуллаһтан қалған сырлы естеліктермен өмір сүріп жатты. Атап айтар болсақ, Әбу Махзура (радиаллаһу анһу) төбе шашын Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдары тиген деп кестірмейтін де, ортасынан жарып қайырмайтын да (Әбу Дәуіт, Салат 28/501).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ғифар руынан бір әйелге:

– Бір ыдысқа су құйып, ішіне тұз сал. Сосын киімге тиген қанды

---

122. Жәрир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) Йемендегі Бәжилә тайпасының басшысы болған. Һижреттің 10 жылы Рамазан айында, яғни Пайғамбарымыздың өлімінен үш айдай бұрын жүз елу кісілік үлкен топпен Мәдинаға келіп мұсылман болған. Хазірет Пайғамбарымызды өте жақсы көретін. Аллаһтың Елшісі де оны жақсы көретін және оны көрген сайын күлімсірейтін.

сонымен жу! - деп ақылын айтты.

Сол сахаба әйел шынайы сүйіспеншілікпен Пайғамбарымыздың берген ақылын өмір бойы қолданған. Суына тұз салмай, ешқандай киімді жумаған екен. Тіпті, ол «өлген кезімде жаназамды жуатын суға да тұз қосыңдар!» деп өсиет айтып кетіпті (Әбу Дәуіт, Тahарат 122/313).

Өмір бойы бір сәтке болса да күшін жоғалтпайтын, керісінше күннен-күнге артып, күшейіп отыратын неткен керемет махаббат еді десеңізші!..

***

Бір күні Ибн Омардың (радиаллаһу анһу) аяғының сіңірлері тартылып, аяғы тырысып қалады. Қасында тұрған Абдуррахман бин Сағд (радиаллаһу анһу) оған:

– Ең жақсы көретін кісіңнің есімін есіңе ал! - деді. Ол:

– Уа, Мұхаммед! - дегені сол-ақ еді аяғы қалпына келіп, жазылып кетті (Ибн Сағд IV, 154).

***

Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мырзамыз үмбетінің өзіне деген кіршіксіз махаббатын меңзей отырып:

«Үмбетімнің ішінде мені ең көп жақсы көретіндердің бір тобы мен дүниеден өткеннен соң келгендердің арасынан шығады. Олар мені көру жолында малдары мен бала-шағаларын пида етуге дайын жүреді» деген (Мүслим, Жәннат 12; Хаким IV, 95).

Иә, алтын ғасырдан күні бүгінге дейін Аллаһқа және Оның Расуліне деген іңкәр сезімнің алауына күйген қаншама уәли құлдар дүниеге келіп-кетті. Солардың бірнешеуін мысалға келтіріп кетсек:

Абдуллаһ бин Мүбәрәк былай дейді:

Имам Маликтің қасында едім. Ол бізге Аллаһтың Елшісінің хадистерін үйретіп жатты. Сол кезде оны бір шаян келіп, бірнеше рет шақты. Оның түрі өзгеріп, бозара бастады. Бірақ, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисін үзбеді. Сабақ аяқталып, адамдар тарқаған соң қасына барып:

– Ей, Әбу Абдуллаһ! Бүгін сен біртүрлі боп түрсың? - дедім.

– Иә, солай. Бір шаян келіп, мені бірнеше мәрте шақты, бәрінде де сабыр қылдым. Бұған тек Расулуллаһқа деген махаббатым мен құрметімнің арқасында ғана шыдадым, - деді (Мүнауй III, 333; Суюти, Мифтахул-Жәннәт 52 б.).

Имам Малик рахматуллаһи аләйһ Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә

сәлләм) сияқты болуға өте қатты көңіл бөлетін. Ол Мәдина Мунауарада Пайғамбарымыздың рухына деген құрметпен көлік ретінде жегілген жануарларға мінбеген. Әжетханаға шықпаған. Пайғамбар мешітінде имам болған кезінде дауысын үнемі бәсеңдетіп сөйлейтін. Сол дәуірдің халифасы Әбу Жағфар Мансұр көтеріңкі дауыспен сөйлегенде оған:

– Уа, Халифа! Бұл жерде дауысыңды бәсеңдет! Аллаһтың ескертуі сенен де абзал адамдар үшін түскен, - деп төмендегі аятты оқыды:

يَاأَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لاَ تَرْفَعُوا أَصْوَاتَكُمْ فَوْقَ صَوْتِ النَّبِيِّ
وَلاَ تَجْهَرُوا لَهُ بِالْقَوْلِ كَجَهْرِ بَعْضِكُمْ لِبَعْضٍ أَنْ تَحْبَطَ أَعْمَالُكُمْ وَأَنْتُمْ لاَ تَشْعُرُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан көтеріңкі шығармаңдар! Бір-біріңе дауыстап сөйлегендерің сияқты оған да дауыстап сөйлемеңдер. Әйтпесе, амалдарыңның қалай желге үшып кеткенін байқамай қаласыңдар!» (Хұжурат сүресі, 2-аят)**.**

***

Имам Малик Хазірет Пайғамбарымыздың хадис шәріптеріне құрмет көрсетуде жастайынан өте ұқыпты болатын. Оларды дұрыс жаттауға аса көңіл бөлумен қатар, жан-дүниесімен беріле тыңдауға да қатты мән беретін. Сол себептен де, ол хадис шәріптерді аяқта тұрып тыңдамайтын. Сырқат, қайғылы және ойы шашыраңқы кездерінде хадис дәрісіне бармайтын. Өйткені, Пайғамбарымздың хадистері жайында қандай да бір қателікке бой алдырудан қорқатын еді. Бір күні одан:

– Амр бин Динардан хадис тыңдаған едіңіз ба? - деп сұрады. Ол:

– Оның хадис риуаят етіп тұрғанын көрдім. Адамдар түрегеп тұрып, хадистерін жазып тұрған еді. Мен Расулуллаһтың хадис шәріптерін түрегеп тұрып жазуды ұнатпаймын, - деді.

Имам Малик сырт келбеті қанша айбатты көрінгенмен, жалпы жүріс-тұрысында және дәрістерінде өте көркем мінезді жан болатын. Қандай да бір мәселе жайында пәтуә бергенде немесе хадис риуаят еткенде жүзі сондай жарқырап, нұрланып тұратын. Хазірет Пайғамбарымыздың хадис шәріптерін риуаят ететін кезінде жақсылап дәрет алатын. Арнайы дайындалып, ең әдемі киімдерін киетін. Орындығына (күрси) тек хадис шәріп оқытатын кезде ғана отыратын.

Үйіне адамдар келгенде қызметшісі алдарынан шығып:

– Имам сіздерден «Хадис тыңдағылары келеді ме, әлде фиқһқа байланысты бірнәрсе сұрайды ма?» деп сұрап жатыр, - дейді екен. Егер фиқһқа байланысты мәселе сұрағылары келсе, Имам сыртқа шығып жауап беретін. Ал хадис шәріп тыңдағылары келсе, оларды үйіне кіргізіп

«отырыңыздар!» деп, өзі дереу жуынып-тазаланып, үстіне жұпар иіс судан себетін. Жаңа киімін киіп, сәлдесін оранып, орындығына жайғаса шынайы ықыласпен хадис үйретететін. Отырған бөлмеде түтіні хош иіс беретін шыбық тұтатылып, хадис сабағы аяқталғанға дейін маңайы жұпар иіс аңқып тұратын.

***

Абид әс-Салмани табиғун буынының ілгері келген фақиһ және мұхаддистерінің бірі болатын. Ол Пайғамбарымыз дүние салғаннан кейін екі жылдан соң мұсылман болған. Алайда, оны көру бақытына қол жеткізе алмаған. Оның мына бір сөздері алғашқы мұсылмандардың Расулуллаһқа деген кіршіксіз махаббаттарының тамаша дәлелі деуге боларлық:

«Жанымда Расулуллаһтың бір тал шашының болуы – мен үшін дүниедегі бар байлықтан да қайырлы» (Ахмед III, 256).

Мәшһүр Ислам ғалымы Зәһәби Абид әс-Сәлманидың Пайғамбарымызға деген шынайы сүйіспеншілігін көрсететін жоғарыдағы сөзін оқығанда алған әсерін былай деп жеткізеді:

«Расулуллаһтың бір тал шашының өзін адамдардың қолындағы барлық алтын-күмістен артық санаған Абидтің бұл сөздері кіршіксіз іңкәр махаббаттың дәлелі. Ол ұлы ғалым Хазірет Пайғамбардың өлімінен елу жыл өтер-өтпес осылай деген болса, жеті жүз жыл өткеннен кейін оның бір тал шашы немесе етігінің қайысы яки су ішкен ыдысының бір бөлігі алда-жалда қолымызға тиіп жатса, сонда біз не істер едік?!

Егер дәулетті бір кісі байлығының үлкен бір бөлігін осындай нәрсеге қол жеткізу үшін жұмсаса, сен оған дүниесін мақсатсыз шашушы немесе қалай жұмсауды білмейтін ақымақ деген көзбен қарайтын ба едің? Жо-жоқ! (Әсте олай емес) Расулуллаһтың мүбәрәк қолдарымен тұрғызған Мәсжид ән-Нәбәуйді зиярат ету үшін, оның нұрлы қаласында, қасиетті бөлмесінің дәл қасында тұрып оған сәлем беру үшін бар дүниеңді шашудан тартынба!

Мәдинаға барғаныңда оның сүйікті тауы Ұхұдқа қарап көздеріңді әбден тойдырып ал. Оны сен де сүй! Өйткені, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұд тауын өте жақсы көретін. Оның мешітіне және отырып-тұрған жерлеріне қайта-қайта барып, жан сарайыңды толтырып ал. Себебі, әлемнің мырзасы болған сол мүбәрәк адамды жаныңнан да, бала-шағаңнан да, қолыңдағы барлық нәрсеңнен де, қысқасы адамдардың барлығынан да артық жақсы көрмейінше мүмин бола алмайсың...» (Зәһәби, Сияр IV, 42-43).

***

Имам Шафиғидің шәкірті Рабиғ бин Сүлеймен былай дейді:

Бір күні Имам Шафиғи маған:

– Ей, Рабиғ! Мына хатты ал да, Ахмед бин Ханбалға апар. Сосын жауабын ала кел! - деді.

Мен хатты алып Бағдатқа бардым. Таң намазында Ахмед бин Ханбалды көрдім. Онымен бірге таң намазын оқыдым. Кейін Имам Ахмед намазды аяқтап, михрабтан келе жатқанда оған хатты бердім. Сосын:

– Бұл Мысырдағы бауырыңыз Имам Шафиғидің сізге жіберген хаты, - дедім. Ол менен:

– Хатта не жайлы жазылғанын білесің бе? - деп сұрады. Мен:

– Жоқ, білмеймін, - деп жауап бердім. Сосын Ахмед бин Ханбал хаттың аузын ашып оқи бастады. Бірден көздеріне жас толды. Мен оған:

– Уа, Имам! Тыныштық па, хатта не жазылған екен? - дедім. Ол:

– Имам Шафиғи түсінде Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көріпті. Аллаһтың Елшісі оған:

– Ахмед бин Ханбалға хат жаз және оған менің сәлемімді айт. Ол міндетті түрде үлкен бір фитнаға (сынаққа) тап болады. Одан «Құран махлұқ», яғни жаратылған деп айтуын талап етеді. Әсте бұған мойынсұнбасын! Аллаһ оның атын қияметке дейін өшірмей сақтайды - депті.

Мен оған:

– Уа, Имам бұл қандай керемет сүйінші! - дедім.

Сонда Имам Ахмед қуаныштан жарыла жаздардай болып, үстіндегі көйлегін маған шешіп бере салды. Сосын мен Имам Ахмедтің жауабын алып Мысырға қайттым. Хатты Имам Шафиғидың қолына тапсырдым. Сонда Имам Шафиғи маған:

– Оның саған сыйлаған көйлегін алып, сені ренжіткіміз келмейді. Бірақ, көйлекті суға батырып, сол суды бізге бер. Тым болмаса, біз де сол көйлектің берекетіне ортақ болайық, - деді.[123]

***

Хадис ғалымы мүжтәһид Имам Нәуәуидің Аллаһтың Расулінің сүннетін мықты ұстанғаны, оған ұқсап баққаны сонша лық, Расулуллаһтың қарбызды қалай жегенін, яғни сындырып жегенін немесе кесіп жегенін

123. Қараңыз: Ибнул-Жаузи, Мәнақибул-Имам Ахмад бин Ханбал, (Тахқиқ Абдуллаһ бин Абдулмұхсин әт-Түрки) Кайр 1409, 609-610 б.

білмегендіктен, өмір бойы қарбыз жемей өтіпті.

***

Имам Бусиридің Расулуллаһқа деген шынайы махаббатына тоқталып өтсек:

Әйгілі Қасидату Бурдә шайыры Имам Бусири бір күні үйіне келе жатып жолда жүзі нұрлы қарт кісіге кезігеді. Қарт кісі одан:

– Ей, Бусири! Түнде түсіңде Расулуллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдің бе? - деп сұрады. Имам Бусири:

– Жоқ, көрмедім, - деді.

Қарт кісі осы қысқа әңгімеден кейін ешнәрсе айтпастан жөнімен жүріп кете берді. Бірақ, оның бұл сөздері Имам Бусиридің жүрегіндегі Хазірет Пайғамбарға деген махаббат отын тұтатып жібереді. Сөйтіп, Имам сол түні түсінде Аллаһтың Елшісін көреді. Ұйқысынан оянғанда жан жүрегін қуаныш пен бақыт кернеп тұрғанын сезді. Соның әсерімен ол Аллаһтың Елшісін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мадақтап, дәріптеген және қаншама Пайғамбарға ғашық жандарды махаббат шәрбәтімен сусындатқан жыр шумақтарын жазып шығады.

Біраз жыл өткен соң Имам сал ауруына ұшырап, денесінің жартысы істемей қалады. Жүре алмайтын, тіпті орнынан қозғала алмайтын жағдайға тап болады. Сол уақытта әйгілі Қасидату Бурдәны жазып, сонымен Аллаһтан шипа тіледі. Қасидасын аяқтаған түні түсінде Хазірет Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көріп, оған оны оқып берді. Имам қасидасын толық оқып болған соң Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның сал болып қалған дене мүшелерін мүбәрәк қолдарымен сипап шықты. Қандай кіршіксіз махаббаттың әсері десеңізші! Имам Бусири ұйқысынан тұрғанда сырқатынан айығып кеткенін көріп, Аллаһқа шүкіршілік етеді.

Имам Бусири сол түні таңғы уақытта саулығына қауышқан күйде ерекше қуанышпен мешітке бара жатып, жолда Шейх Әбу Ражаны кезіктіреді. Хазірет Әбу Ража оған:

– Ей, Бусири! Пайғамбарды мадақтап жазған қасидаңды оқышы! - деді.

Имам Бусири:

– Расулуллаһты мадақтап жазған қасидаларым көп. Сіз қайсы бірін тыңдағыңыз келеді? - деді.

Шайх Әбу Ража:

– Хазірет Пайғамбарға оқып бергеніңді оқы! Өйткені, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны қатты ұнатқанын көрдім, - деді.

Бұл қасиданы әлі ешкімге тіс жарып айтпаған Имам Бусири бұған аң-таң болып қалады.[124]

***

Орталық Азиядан бастап Балқан түбегіне дейін адамдар арасында Исламның нұры мен берекетін жайған ойшыл-ғалым Қожа Ахмед Яссауй 63 жасқа, яғни Пайғамбар дүние салған жасқа толған кезінде «Мен бұл жастан соң жер басып жүре алмаймын!» деп жер астынан өзіне мазарға ұқсас шұңқыр қаздырыпты.

Бір дерек бойынша өмірінің қалған он жылын сол мазардың ішінде Пайғамбардай (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болуды қалап, Аллаһқа құлшылық жасаумен өткізген екен.

***

Үнді жеріне алғаш Ислам туын тіккен Газналық Махмұттың Мұхаммед атты бір қызметшісі бар еді. Ол үнемі оны өз есімімен шақыратын. Бір күні қызметшісін өз есімімен емес, әкесінің есімімен шақырды. Ол Сұлтан Махмұттың өзін бұлай шақырғанына қатты ренжіп, көңілі түсіп кетеді. Сұлтаннан не үшін өз атымен шарқырмағанын сұрағанда Пайғамбар ғашығы Газналық Махмұт былай деп жауап берді:

«Көкешім! Осы уақытқа дейін сені өз атыңмен шақырып келдім. Өйткені, ол кездерде дәретім бар болатын. Ал жаңа дәретім жоқ еді. Сондықтан есіміңді дәретсіз айтуға ұялдым. Сол үшін де сені әкеңнің есімімен шақырдым».

***

Османлы мемлекеті – сұлтандарынан бастап, шопандарына дейін Пайғамбарға деген өшпес махаббаттарымен ерекшеленген мемлекет болып табылады. Олар Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк есімі аталғанда қолдарын жүректерінің тұсына қойып, оған тағзым етіп, салауат айтатын. Оның туылған күніне қарсы Мәуліт шәріпі оқылғанда басынан соңына дейін түрегеп тұрып, ден қоя тыңдайтын болған. Және олар осыған ұқсас түрлі құрмет көрсету үлгілерін салт-дәстүр ретінде қалыптастырған бірден-бір халық. Сондай-ақ, Мәдина Мунауарадан хабар-ошар келгенде дәретін жаңартпастан, хат-қағазды сүйіп, көзіне сипамастан, түрегеліп орнынан тұрмастан оқытқызған бірде-бір Османлы сұлтаны болмаған.

Османлылар Мешіт ән-Нәбәуиді жөндеуден өткізгенде әрбір кірпішін дәретпен әрі «бисмиллә» деп айтып қалаған. Сондай-ақ, олар құрылыс барысында балғаларының бастарына шүберек байлап, Расулуллаһтың әзиз рухын мазаламауға қатты көңіл бөлген. Олардың бұл әрекеттерінің

124. Илһан Армутчуоғлу, Қасида-и Бурда Манзум Тержүмеси, Кония 1983, 7-10 б.

Пайғамбарға деген шынайы құрмет пен әдептің теңдессіз үлгісі екендігіне шүбә жоқ.

Османлы халифаты дәуірінде әр жылы Мәдина Мунауараға Сурра алайы[125] деп аталатын керуен жіберіліп тұратын. Бұл керуен қалаға кірмес алдын Мәдинаға жақын бір жерге аялдап түнейтін болған. Ол жерде өздерін психологиялық тұрғыдан Мәдина Мунауараның рухани кеңістігіне бейімдеу ниетімен Истихара намазын оқитын. Сөйтіп, ерекше рухани сезіммен Расулуллаһтың құзырына барып, қасиетті мекенді зиярат ететін. Қайтар кезде өздерімен бірге елдеріне шипа, тәбәрік ретінде Мәдина Мунауараның мүбәрәк топырағынан ала кететін.

Осман сұлтандары өздерін әл-Харамайн әш-Шарифайнның, яғни қасиетті Мекке мен Мәдинаның қызметшілеріміз деп есептеген. Соның нышаны ретінде сәлделерінің алдыңғы жағына құстың қауырсынын тағып қоятын. Бұл – олардың қасиетті мекеннің сыпырушылары екендігін білдіретін еді. Сондай-ақ, сұлтандар Харамайнның тазалығына жауапты қызметшілердің жалақысын өз қалталарынан беріп тұрған.

***

Сол дәуірден күнімізге дейін Хазірет Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) естелік болып қалған оның мүбәрәк шашы мен сақалы мешіт мінберлерінде арнайы сандықшалардың ішіне салынып, «Сақал шәріп» атымен ғасырлар бойы сақталып келген. Бұл әрекеттің Пайғамбарға деген зор сүйіспеншілік пен ізгі құрметтің айқын нышаны екендігіне дау жоқ.

***

Явуз Сұлтан Селим Мысыр жерін бағындырғаннан кейін Хижаз аймағы да оның қарамағына өтті. Ақпанның жиырмасыншы жұлдызында, жұма күні Мәлік Муәйяд мешітінің имамы хұтпасында ол туралы құрметпен:

«Хакимүл-Харамайни әш-Шәрифайн», яғни екі қасиетті мекен Мекке мен Мәдинаның әкімі» дегені сол-ақ еді Сұлтан Селим орнынан атып тұрып, көздері жасқа толған күйде:

«Жо-жоқ! Керісінше, Хадимул-Харамайни әш-Шәрифайн, (екі қасиетті мекен Мекке мен Мәдинаның қызметшісі» деп айтыңыз деп, оны түзетті. Сосын төселген кілемді алып тастады да, құр топыраққа сәжде жасап, Раббысына шүкіршілік етті. Сөйтіп, өзінің әл-Харамайн әш-Шарифайнның қызметшісі екендігін білдіру үшін сәлдесінің төбесіне

125. Сурра алайы: Сұлтандардың қажылық маусымынан бұрын, яғни Рәжәп айында Мекке мен Мәдинаның әйгілілері мен кедейлеріне тарқатып беру үшін салтанатты рәсім бойынша Ыстамбұлдан арнайы керуенмен жолдаған ақша, алтын-күміс сыйлықтары.

сыпырғышқа ұқсас құс қауырсынын тағып қойды.

Явуз Сұлтан Селимнің қолбасшы Пири пашаға айтқан даналы сөздері де оның Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шынайы махаббатын айқын аңғартса керек:

«Паша! Мекке мен Мәдинаның билігі әлемнің Мырзасының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұрпақтарының қолында. Мен ол жерлерді әскеріммен соғысып алған жоқпын. Олар жақсылық жаршысы әдебі мен тәрбиелері керемет, кемел жандар болғандықтан Ислам ұмбетінің бірлік-ынтымағы үшін маған мойынсұнды. Маған көрсеткен ізет-құрметтері үшін оларға қарыздармын. Сол қасиетті мекендерде оқылатын хұтпаларда есімімнің аталғаны үшін Ұлы Раббыма күндіз-түні шүкіршілік етемін. Мен бұл бақытты тіпті, күллі әлемнің патшалығын берсе де айырбастамаймын. Сондықтан, әл-Харамайн әш-Шарифайн халқы үшін ешнәрседен аянба! Не қажет болса, бәрін істе! Есіңде болсын, әсте сол екі қасиетті мекеннің ішкі істеріне араласамын деуші болма!» деген екен.

***

Ата бабаларымыз ғасырлар бойы Аллаһтың Елшісінің естеліктері мен қасиетті жәдігерлерін қатты құрметтеп келген. Оларға қызмет етуді ең үлкен абырой деп білген. Осыған мысал боларлық өрнектердің бірнешеуін келтіру үшін «Қасиетті жәдігерлер» тарихына үңілудің өзі-ақ жетіп жатыр.

Пайғамбарымыздың мүбәрәк шапанынан бір сәтке болса да ұзақ болуды қаламаған Османлы сұлтандары оны барған жерлеріне өздерімен бірге ала баратын болған. Сондай-ақ, қазіргі Бейлербейі сарайының орнында болған Иставроз сарайы мен бұрынғы Едирне сарайында Топкапы сарайындағы сияқты арнайы «Мүбәрәк шапан» үйлері салынған.

Османлы сұлтандарының мүбәрәк шапанды соғысқа да апарған кездері болған. Сол соғыстардың бірі бейнеленген портрет өте назар аударарлық. Бұл портреттен ұққанымыз, оны жол бойына жауапты күзетшілер бастарының үстіне көтеріп жүрген.

Османлы сұлтаны III Мехмед сұлтан сырт келбеті сұсты, мінезі өте қатал жан болғанымен жүрегі Пайғамбарға деген сүйіспеншілікке толы болған. Ол Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк есімі айтылғанда орнынан түрегеліп, оған деген махаббаты мен зор құрметін көрсетуші еді.

III Мехмед Егрі шайқасына аттанғанда өзімен бірге Мүбәрәк байрақ пен шапанды ала кеткен. Қызу шайқас жүріп жатқанда мұсылман әскерлерінің арасында ыдыраушылық пайда болады. Сонда сұлтанның ұстазы Хазірет Садеддин:

«Патшам! Сіз сияқты Османлы халқына сұлтан, Хазірет Пайғамбарымыздың жолына халифа болған кісінің осындай қиын-қыстау сәттерде мүбәрәк шапанды киіп, Ұлы Аллаһқа жалбарынып дұға қылғаны жөн болады» деп Сұлтанның мүбәрәк шапанды киюін сұранады. Сөйтіп, салауат пен тәкбір айтып, мүбәрәк шапанды үстіне киген III Мехмед сұлтан Ислам әскеріне дем беріп, шайқасқа деген құлшыныстарын қайта арттырады. Нәтижеде жеңіске қол жеткізеді.

***

Сұлтан I Ахмед хан өзінің атымен аталатын мешіттің құрылысы жүріп жатқанда Мысыр жеріндегі сұлтан Қайытбай мазарында тұрған Хазірет Пайғамбарымыздың «Нақышул-Қадам» деп аталатын мүбәрәк аяқ ізін Аюп сұлтан мазарына алдырады. Мешіттің құрылысы аяқталғанда оны мешітке қойдырады. Бірақ, сұлтан Пайғамбарымыздың мүбәрәк аяқ ізі мешітке апарылған түні мынадай түс көреді:

«Барлық сұлтанның қатысуымен үлкен мәжіліс болып жатыр екен. Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәжіліс басшысы ретінде олардың арасында отыр екен. Бұл бір сот мәжілісі іспетті еді. Сұлтан Қайытбай мүбәрәк аяқ ізінің мазарынан алынып, Ыстамбұлға әкетілгеніне наразы болып, сұлтан Ахмедтің атынан шағым айтты. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соттың төрағасы ретінде мүбәрәк аяқ ізінің тез арада бұрынғы орнына қайтарылуына үкім берді...».

Сұлтан Ахмед хан ұйқысынан шошып оянды. Түсін сол заманның Азиз Махмұт Хұдайы секілді бір топ ғұлама-машайықтарына жорытты. Олар:

«Сұлтаным! Бұл түс өте ап-анық. Жорамалдаудың да қажеті жоқ. Қасиетті жәдігерді тез арада бұрынғы орнына қайтару керек...» деді.

Пайғамбарға шынайы ғашық сұлтан I Ахмед Пайғамбарымыздың үкіміне мойынсұнып, қасиетті жәдігерді мұңайған күйде бұрынғы жеріне қайтарады. Алайда, жүрегінің түкпірінде Пайғамбарға деген махаббаты сайрап тұрған I Ахмед хан мәрмәр тастың үстіне Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аяқ іздерінің макетін ойдырып алады. Махаббат отына күйген іңкәр жүректен шыққан мына өлең шумақтары оның сол сәттегі ғашықтық халін өте тамаша бейнелейді:

Тәжім болып басымда тасысам қайтеді,

Хазірет Расулдің Мүбәрәк аяқ ізін.

Пайғамбарлық бақшасының гүлі ғой аяқ ізі,

Жүзіңді сүрт, Ахмед құр тұрма аяқ ізіне сол Гүлдің.

***

Абдулазиз хан да Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шексіз махаббатымен ерекшеленген сұлтандардың бірі. Ол Хазірет Пайғамбарымыздың рухына жүрек жарды лебіздерін білдіріп Мәдинаға хат[126] жолдаған. Ол бұл хаттың «Рауда Мұтаһһараға» (Пайғамбарымыз жатқан бөлме) қойылуын талап етеді. Осы жерде сол хаттың кейбір жерінен үзінді келтіргенді жөн санадық:

«Бисмилләһир-Рахманир-Рахим.

Жалғыз Аллаһқа мақтау болсын!

Салауат сәлем саған болсын, уа, Расулаллаһ!

Салауат сәлем саған болсын, уа, Хабибаллаһ!

Салауат сәлем саған болсын, ей, үмбеттің Пайғамбары!..

Достыққа адал, жақсылық пен жомарттықтың айнымас символы, *«Сен болмағанда әлемді жаратпас едім!»* деген ұлы үндеудің тыңдаушысы, жаратылыстың мақтанышы, мырзалардың мырзасы, шапағатшымыз, әрбір ісі таза әрі нәзік жан, аяғының шаңының өзі айдай жарқыраған, жаратылыс әлемінің ұлы тәрбиешісі, маңайына жұпар иісін шашқан берекелі құндылықтардың иесі, сүйіспеншілігі бүкіл әлемді қамтыған, пайғамбарлардың соңғысы әрі панасы, қиямет күнінің мырзасы, күнәһар үмбетінің шапағатшысы, бірлік үшін жиналғандардың сәні, Пайғамбар жамағатының хакімі, Халим (жұмсақ) Аллаһтың жолына түскендердің Пайғамбары, Рақымды Аллаһтың сүйіктісі!

Бұлардың барлығы Хазірет Мұхаммед Мұстафаға танылған сипаттар.

Жалбарынып, бойымды ұялшақтық сезімі билеп, оның нұрлы аясына, айдай жарқыраған қабіріне, тап-таза топырағына қара жүзімді әрең деген-де тигізуге батылым жетті. Оның жұпар иісі аңқып тұрған есігіне жазаға лайық күнәһар маңдайымды тигізіп, таудай жиылған қайғыларымның белгісі – мына хал-күйімді аса ізгі құрметпенен ұсынуға сан мыңдаған мәрте ұялып, батылым әзер жетті.

Мәләкүт әлемдері айларының толған айы мен жәбәрүт аспанының жарық күні өзінен нұр мен нәр алатын, сыйы мен берекеті мол Аллаһтың сүйіктісі, Рахим әрі Уәһһаб Аллаһтың досы, ең тамаша нығметтер мен жақсылықтарға лайық болған тақуа құлдардың мырзасы – Хазірет Пайғамбардың шынайы да кәміл үмбеті болуыма жәрдем беріп, нәсіп еткен Аллаһқа мақтаулар болсын!...

Сондай-ақ, күллі жаратылыс атаулының ұйытқысы, жаратылғандар үшін алтын қазық болған, әрі жаратылғандардың ішіндегі ұлылар мен мүбәрәк жандар үшін жәннәт нығметі болып табылатын, Хазірет

126. *Бұл хат қазіргі күні Топкапы сарайындағы Мүбәрәк шапан бөлімінде тұр.*

Пайғамбар мен Қасиетті мекен Мәдинадан ұзақта қалған берекелі жәдігерлерді күзетуді маған нәсіп еткені үшін де Раббыма сан мың мәрте мақтаулар болсын!

Иншаллаһ, осы ұлы сыйдың жалғасы ретінде **«Мал-дүние мен бала-шағаның ешқандай пайдасы тимейтін»** (Шұғара сүресі, 88-аят) **сый мен жаза күні ұлы шапағатыңызға лайық болуды үміт етемін. Нағим жәннатына алғаш кіретіндермен бірге сізге қауышу үшін күндіз-түні** жалбарынып, дұға қылған үмбетіңіздің ішінен мына күнәһар, қарсы келуші және барлық табысы тек қарсы шығу ғана болған Махмұд ханның ұлы Абдулазиз ханнан ұлы Пайғамбар құзырында есеп алынатынын және оның істеген әрбір күнәсі мен қылмысын мойындаймын. Уа, Расулаллаһ! Осы ақиқаттарды мойындап, шапағатыңызды сұрау үшін рақым шашқан есігіңіздің алдына келіп, қайғы-мұңға толы жағдайымды баяндауға батылым жетті.

Барлық күнәларым үшін Астағфируллаһ (Аллаһтан кешірім тілеймін)! Тағы да, тағы да астағфируллаһ!

Уа, Рауслаллаһ! Мені мақрұм қайтарма!

Уа, Фатимату Заһра радиаллаһу анһаның Әкесі! Салауат пен сәлем саған болсын!

Уа, Хасан мен Хусейнің Атасы! Салауат пен сәлем саған болсын!

Уа, бұрынғылар мен олардан кейінгілердің Мырзасы! Салауат пен сәлем саған болсын![127]

***

Әлем мұсылмандарының Харамайн жеріне барып-келулерін жеңілдету мақсатымен Хижаз теміржолын салдырған II Абдулхамит хан салынатын бұл теміржолдарының Аллаһтың Елшісінің сүннетіне сай болуын басты назарға алған. Сондықтан, ол Хазірет Пайғамбарымыздың өз сапарларында тынығып-демалу үшін тоқтаған әрбір жеріне теміржол бекеттерін салуды бұйырған. Осылайша, ол тіпті теміржолдардың өзін шынайы құрметпен, жүрек жарды ізгі махаббатпен салғызып, Мәдинаға дейін жеткізген.

***

Шайырлардың Аллаһтың Елшісіне деген махаббат тақырыбында жазған жыр-шумақтарын топтастыратын болсаңыз, олардың том-том кітап болатынына көзіңіз жеткен болар еді. Шайыр Наби қандай тамаша жырлаған десеңізші:

127. Хилми Айдын, Хырка-и Саадет Дайреси ве Мукаддес Еманетлер, Истанбул 2004, 272-275 б.

Бенде де жүрет-и медһүн о мемердендүр ким

Гелди нүтк итди хүзүрүнда небатат-ү жемад...

«Тіпті, ағаштармен тастардың, өсімдіктермен жансыз мақлұқтардың өзі мұбәрәк құзырыңа келіп, сенімен тілдескен. Міне, осы нәрсе мені, сені дәріптеп-мақтауға жігерлендіріп, қайраттандырды».

***

Расында да, адамдардан бөлек жануарлар мен өсімдіктер де Аллаһтың Елшісіне деген өз махаббаттарын білдірген. Соған мысал ретінде Расулуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің азат қылған құлы Сафина (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

«Бір күні кемеге отырып, теңізге шықтым. Мен мінген кеме кейін быт-шыт болып қирап қалды. Сөйтіп, кеменің бір тақтайына жабысып алдым. Ол мені жағаға алып шықты. Ол жер арыстандар мекендейтін ағаштары қалың жер екен. Бір кезде алдымнан бір арыстан шыға келіп, мені жемек болып маған қарай ұмтылып келе жатты. Оған:

– Ей, Әбу Харис! Мен Расулуллаһтың құлымын. Жағдайым нашар. Басыма осындай-осындай жағдайлар келді, - дедім.

Сол кезде ол басын төмен иіп, қасыма жақындады. Мені иықтарымен итеріп, қалың ағаштардың арасынан шығарды. Сосын мені жолға дейін әкеліп, мырылдай бастады. Сөйтсем, ол мені шығарып салып тұр екен. Бұл оны соңғы мәрте көруім еді (Хаким III, 702/6550; Абдурраззақ XI, 281-282; Табарани VII, 94).

***

Қысқасы, Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген кіршіксіз махаббат дастандары жайында көптеген ғибратты қисса-әңгімелер, мысалдар кездестіруге болады. Біз тек ұшы қиыры жоқ теңіздің бір тамшысын ғана сіздерге ұсындық.

Әлбетте, біз ғибадаттағы руханияттың, адамдармен қарым-қатынастағы жылы шырайлылықтың, ахлақтағы сезімталдықтың, жүрек пен сезімдегі нәзіктіктің, жүздегі нұрлылықтың, тілдегі даналық пен шешендіктің, назардағы тереңдік пен қырағылықтың, қысқасы барша жақсы қасиеттердің – Жаратылыстың Нұры Пайғамбарға деген шынайы махаббаттан жүректерге шағылысқан нұрлы сәуле екендігін жақсы білеміз. Өйткені, Аллаһтың сүйіспеншілігі мен махаббатына жеткізетін бірден-бір рақымдылық пен махаббаттың қайнар көзі – Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Олай болса, Аллаһтың Елшісін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүю – Аллаһты сүю, оған мойынсұну – Аллаһқа мойынсұну, Пайғамбарға қарсы шығу – Аллаһқа қарсы шығу деген сөз.

Аллаһ Тағала тура жол көрсетушісі Хазірет Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің руханият әлемінен жүрегімізге мол несібе мен береке нәсіп етсін! Жүрегіміз Аллаһқа және Оның Елшісінің махаббатына мәңгілік құтты мекен болсын! Ұлы Аллаһ баршамызды Расулуллаһтың ұлы шапағатына лайық қылсын! Әмин!..

Б) ДІН БАУЫРЫНА ДЕГЕН МАХАББАТ

Пенденің жүрегінде Аллаһқа деген махаббат артқан сайын бұл алдымен оған Аллаһтың Елшісі Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмді, сосын Аллаһтың шынайы уәли (салих) құлдарын, сосын Аллаһтың назарындағы барлық жаратылыс атаулыны сүюге мәжбүр қылады. Міне, осы махаббат Аллаһқа жақындауда рухымыз үшін шипа мен рақымның қайнар көзі болмақ. Сондықтан, мүмин құлдар бір-бірімен қарым-қатынаста әсте осы бір махаббат шеңберінің аясынан шығып кетпегені абзал. Өйткені, сонда ғана Аллаһты сүю және Оған жақын болу мүмкін болмақ.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде мүминдердің бір-бірімен бауыр екендігін баяндаған.[128] Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да дін бауырлар арасында қуатты махаббат байланысы орнамайынша кәміл иманға жетудің мүмкін еместігін айтқан. Мұндай махаббатқа қол жеткізу үшін үмбетіне өз араларында сәлемді жаюды өсиет еткен.[129]

Мүминдердің бір-бірін жақсы көрулері – Аллаһ Тағала разы болатын жақсы қасиеттердің бірі. Сондай-ақ, екі дүниеде де бақытты болу осы шынайы махаббатқа байланысты. Осы орайда, Әлемнің мақтанышы мырзамыз былай деген:

«Қиямет күні Аллаһ Тағала былай деп бұйырады: Менің әміріме мойынсұнып, бір-бірін жақсы көрген пенделерім қайда? Оларды Аршымның көлеңкесінен басқа ешбір көлеңке болмайтын осы күні өз көлеңкеме паналатайын» (Мүслим, Бирр 37).

«Аллаһ Тағала: «Менің разылығым үшін бір-бірін сүйгендерге, тіпті пайғамбарлар мен шәһидтердің өзі қызығатын[130] нұрдан жасалған мінберлер бар» деді» (Тирмизи, Зүһд 53/2390).

---

128. Хұжұрат сүресі, 10-аят.

129. Мүслим, Иман 93-94.

130. Хадис түсіндірмешілердің айтуы бойынша, «пайғамбарлар мен шәһидтер қызығатын» деп айтылудың мақсаты – бұл топтағы адамдардың пайғамбарлар мен шәһидтерден де жоғары екендігін білдіру емес, бір-бірін Аллаһ үшін сүйгендердің артықшылықтарын, ақыреттегі мәртебелерінің биік екендігін нақтылау жолымен баяндау.

Келесі бір хадисте Аллаһ Тағаланың көлеңкесінен басқа ешқандай көлеңке болмайтын қиямет күнінде Аллаһ разылығы үшін бір-бірін жақсы көретін және сол мақсатта кездесіп, сол мақсатта айырылысатын екі дін бауырдың Арштың көлеңкесінде паналатылатындығы айтылған.[131] Әрине, бұл қиын-қыстау күндерде болатын бауырластық жайында айтылған.

Мүмин бауырлардың бір-бірімен ренжісулері ешуақытта қабыл етілмейтін әрекет. Бұл жайында Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Кез келген мүминнің дін бауырымен үш күннен артық ренжісіп жүруі халал емес. Үш күн өткен болса, онымен кездесіп, оған сәлем берсін. Егер сәлемін алса, екеуі де сауапқа ортақ болады. Ал егер сәлемін алмаса, сәлемді алмаған кісі күнәһар болады. Сәлем берген кісі реніші басылып, райынан қайтқан болып есептеледі» (Әбу Дәуіт, Әдеп 47/4912).

«Кімде-кім дін бауырына ренжіп, онымен қарым-қатынасын бір жыл үзсе, оның қанын төккендей күнәға ие болады» (Әбу Дәуіт, Әдеп 47/4915).

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтуы бойынша дүйсенбі және бейсенбі күндері құлдардың істеген амалдары Аллаһ Тағалаға ұсынылады екен. Дін бауырымен (арасында) дұшпандығы болған кісіден басқасы және Аллаһқа серік қоспаған әрбір құлдың күнәлары кешіріледі. Періштелерге: *«Мына екі адамның кешірілуін бір-бірімен табысқанға дейін кешіктіріңдер»* деп ескертіледі (Мүслим, Бирр 35-36, Әбу Дәуіт, Әдеп 47).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Муғаздың (радиаллаһу анһу) қолынан ұстап тұрып:

– Ей, Муғаз! Аллаһқа ант етейін, мен сені шынымен жақсы көремін, - деді. Сонда Муғаз (радиаллаһу анһу):

– Ата-анам саған құрбан болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Мен де сізді өте жақсы көремін! - деп жауап қайырды. Кейін Аллаһтың Пайғамбары оған:

– Ей, Муғаз! Әр намаздың соңында: «Аллаһым! Өзіңді зікір етуіме және Өзіңе шүкірлшілік қылуыма әрі жақсылап құлшылық жасауыма жәрдем бер!» деген дұғаны айтып жүруіңді өсиет етемін, - деді (Ахмед V, 244-245; Әбу Дәуіт, Үтір 26; Нәсай, Сәһу 60; Тирмизи, Зүһд 30).

Аллаһтың Елшісі Муғазды (радиаллаһу анһу) дін бауыры ретінде

131. *Бұхари, Азан 36.*

жақсы көреді. Әрі соның дәлелі ретінде мүмин бауырына пайдалы өсиеттер айтқан. Қандай кіршіксіз махаббаттың көрінісі десеңізші!..

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Аллаһтың құлдарының ішінде бір топ адам бар. Олар пайғамбар да, шәһид те емес. Бірақ, қияметкүнінде Аллаһтың жанындағы мәртебелеріне қарай оларға пайғамбарлар мен шәһидтер қызыға қарайтын болады».

Қадірлі сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Олар кімдер? Қандай амал жасаған жандар болды? Бізге кім екендерін айтыңыз, оларға сүйіспеншілігіміз бен ықтық ықыласымызды білдірейік, - десті.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олар – араларында ешқандай қан-туысқандық, сауда-саттық, іскерлік байланыс болмаса да Аллаһ разылығы үшін бір-бірін жақсы көргендер. Аллаһқа ант етейін, олардың жүздері тұнған нұр, әрі өздері нұрдан жасалған мінбердің үстінде тұрады. Адамдар үрейленіп, қорқып тұрғанда олар да ешқандай қорқыныш сезімі болмайды. Адамдар қайғырып тұрғанда олар қайғырмайды, - деді. Сосын мына аятты оқыды:

«Біліп қойыңдар! Аллаһтың достарына ешқандай қорқыныш жоқ. Олар қайғырып, мұңаймайды да. Олар – Аллаһқа иман келтіріп, (қарсы келуден) **сақтанғандар. Міне, солар үшін дүниеде, әрі ақыретте сүйінші бар. Аллаһтың сөздерінде ешқандай өзгеріс болмайды. Міне, бұл – ең ұлы жеңіс»** (Юнус сүресі, 62-64 аяттар)**,** (Әбу Дәуіт, Буюғ 76/3527; Хаким IV, 170)**.**

***

Әбу Ыдырыс әл-Хәуләни рахимаһуллаһ былай дейді:

Бір күні Димашқ мешітіне кірген едім. Ол жерден жүзі жайдары бір жас жігіт пен оны айнала қоршап отырған бір топ адамды көрдім. Олар қандай да бір мәселе жайында келіспеушілікке келіп қалса, сол жігіттен сұрап, оның сөздерін ұйып тыңдап отырды. Сол жердегі біреуден ол жігіттің кім екенін сұрағанымда «Муғаз бин Жәбәл (радиаллаһу анһу)» деп жауап берді.

Ертесі күні таңертеңмен мешітке қарай асықтым. Қарасам, ол жігіт менен бұрын келіп, намаз оқып отыр екен. Намазын аяқтағанға дейін күттім. Кейін алдына барып сәлем бердім. Сосын оған:

– Аллаһқа ант етейін, мен сені жақсы көремін! - дедім.

– Аллаһ үшін жақсы көресің бе? - деді.

– Иә, Аллаһ үшін, - дедім. Ол тағы да екі мәрте:

– Шынымен де Аллаһ үшін жақсы көресің бе? - деп сұрады. Мен:

– Иә, шынымен де Аллаһ үшін жақсы көремін, - деп жауап қайырдым. Сол кезде киімімнен ұстап, мені өзіне қарай тартып былай деді:

– Құттықтайымын сені! Өйткені, мен Аллаһтың Елшісінің былай дегенін естідім:

«Аллаһ Тағала «тек қана Менің разылығым үшін бір-бірін жақсы көргендер, Менің разылығым үшін бір жерге жиналғандар, Менің разылығым үшін бір-бірін зиярат еткендер және тек Менің разылығым үшін ғана садақа беріп жақсылық жасағандар Менің махаббатыма лайық болады» дейді» (Муатта, Шағр 16).

***

Хазірет Пайғамбарымыз дін бауырын Аллаһ разылығы үшін сүюдің пендені Аллаһтың сүйіспеншілігіне лайық ететінін баяндай отырып төмендегі оқиғаны риуаят етеді:

«Күндердің бірінде бір кісі көрші ауылдағы досының хал-жағдайын сұрау үшін жолға шықты. Аллаһ Тағала оны сынау үшін алдынан бір періштесін жібереді. Әлгі кісі періштенің қасына жақындағанда, періште одан:

– Қай жаққа бара жатырсың? - деп сұрады.

Ол кісі:

– Анау ауылда дін бауырым бар еді, соны көруге бара жатырмын, - деп жауап қайырды.

Періште:

– Ол бауырыңнан саған тиетін қандай да бір пайда бар ма? - деді.

Ол:

– Әрине, пайданы көздеп тұрғаным жоқ. Мен оны тек Аллаһ разылығы үшін жақсы көремін. Оған баруымның себебі де – сол, - деді.

Сонда періште:

– Сен оны қалай жақсы көрсең, Аллаһ та сені солай жақсы көреді. Мен осы сүйінші хабарды жеткізу үшін Аллаһ Тағаланың саған жіберген елшісімін, - деді (Мүслим, Бирр 38; Ахмед II, 292).

***

Әнас бин Малик (радиаллаһу анһу) жеткізген мына бір оқиға шынайы дін бауырластықтың жәннатқа кіруге себеп болатындығын баян етеді:

Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге отырған едік. Ол (с.а.у.) бізге:

– Қазір қастарыңызға жәннаттық бір адам келеді, - деді.

Бір кезде қарасақ, сақалынан дәрет суы тамшылаған, сол қолымен тәпішкесін ұстаған ансарлық бір кісі шыға келді. Ертесі күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы да сол сөзін айтты. Бұл жолы да әлгі кісі кешегідей кейіпте шыға келді. Үшінші күні тағы да Хазірет Пайғамбарымыз солай деді. Ол күні де әлгі ансарлық кісі бірінші күнгі кейіпінде алдымыздан шыға келді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) орнынан тұрып кеткеннен кейін Абдуллаһ бин Амр әлгі кісінің соңына түсті. Сосын оған:

– Мен әкеммен ұрысып қалдым. Үш күн қасына бармаймын деп ант іштім. Осы күндерде сенің үйіңде қалсам болады ма? - деп сұрады.

Ол кісі:

– Болады, - деп жауап қайырды.

Кейін Абдуллаһ бин Амр (радиаллаһу анһу) көргендерін былай деп жеткізді:

– Үш түнді де онымен бір бөлмеде өткіздім. Бірақ, түнде ұйқысынан тұрып құлшылық жасағанын көрмедім. Тек таң намазына тұрғанда Аллаһ Тағаланы зікір етіп, тәкбір айтқаны болмаса және қайырлы сөздерден басқа бірнәрселер айтқанын да естімедім. Үш күн өткен соң оның амалын азсынғандай болдым. Сосын одан:

– Ей, Аллаһтың құлы! Әкем мен менің арамда ешқандай ұрыс болған жоқ. Алайда, Аллаһтың Елшісінің үш мәрте сен жайында, «Қазір қастарыңа жәннаттық адам келеді» дегенін естідім. Сонда үшеуінде де сен шықтың. Сенің қандай амалдар істейтініңді білгім келді және сенен үлгі алғым келді. Бірақ, айтарлықтай үлкен амал істегеніңді де көрмедім. Сені Расулуллаһ айтқан мәртебеге жеткізген қандай амал? - деп сұрадым.

Сонда ол кісі:

– Осы көргендеріңнен басқасы емес, - деп жауап қайырды.

Мен қайтайын деп бұрылғанымда, артымнан дауыстап:

– Менің амалдарым өзің көргендерің ғана. Бірақ, мен мұсылмандардың ешқайсысына кек сақтамаймын. Көңілім бүкіл мұсылманға деген сүйіспеншілікке толы. Әрі Аллаһтың берген қандай да бір ығметіне бола ешкімді әсте қызғанбаймын, - деді.

Сол кезде:

– Міне, сені сондай дәрежеге жеткізген осы мінезің, - дедім (Ахмед III, 166).

Иә, бұл – күллі мұсылман баласына шынайы бауыр көзімен қарайтын,

оларға көркем мәміле жасайтын нағыз мұсылманның жүрегі...

***

Ұхұд шайқасында орын алған дін бауырластығы жайында Зубейр бин Аууам (радиаллаһу анһу) былай деп әңгімелейді:

«Анам Сафия өзімен бірге ала келген екі шапанын шығарып:

«Бұларды бауырым Хамзаға кебін қыларсыңдар деп әкелдім» - деді.

Ол екі шапанды алып, Хазірет Хамзаның жанына бардық. Оның қасында ансарлық тағы бір шәһид бар еді. Оған жабатын кебін әлі табылмаған болатын. Шапанның екеуін де Хамзаға жауып, ансарлықты кебінсіз тастауға ұялдық. Сөйтіп, шапанның бірі Хамзаға, екіншісі ансарлыққа кебін болсын дедік. Шапандардың бірі үлкен, екіншісі кішкентай болғандықтан араларында жеребе тастадық» (Ахмед I, 165).

Дін бауырластығының қан туыстығынан да жоғары қойылғанына дәлел боларлық қандай ғибратты көрініс...

***

Ибн Омар (радиаллаһу анһу) алтын ғасырдағы сахаба кемелдігін мына бір тамаша сөздерімен жеткізеді:

«Біз сондай кездерге куә болдық, арамыздан ешкім алтын мен күмісті мұсылман бауырынан артық деп есептемейтін. Ал қазір сондай бір заманда өмір сүріп жатырмыз, алтын мен күмісті мұсылман бауырымыздан артық жақсы көреміз» (Хайсами X, 285).

***

Кез келген мүмин дін бауырларымен әрдайым қарым-қатынас жасап тұруы тиіс. Оларды ойлап, дерттерін өзінің дертіндей білу қажет. Тіпті, өзінен бұрын соларды ойлап, қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қолынан келгенше тырысып бағуы керек. Осыған тамаша мысалды Хазірет Дәуіт Тайдың мына бір әрекетінен байқауға болады:

Өзіне қызмет жасайтын шәкірті оған:

– *Сізге кішкене ет пісіріп едім, әкелсем қалай қарайсыз?* - деді. Ұстазы «жоқ» деп жауап қатпаған соң, шәкірті етті әкелді. Алайда, Дәуіт Тай құддиса сирруһ алдына қойылған етке қарап тұрып:

– *Балам! Анау жетімдердің жағдайы қалай екен?* - деп сұрады. Шәкірт жағдайларының мәз еместігін білдірмек болып күрсінді де:

– *Өзіңіз білетіндей, ұстазым!* - деп жауап қайырды. Сонда ол:

– *Олай болса, мына етті соларға апарып бере гой!* - деді. Пісірген етін ұстазының жегенін қалап тұрған шынайы ниетті шәкірт:

– *Ұстазым! Сіз де көптен бері ет жеген жоқсыз гой,* - деп қанша

өтінсе де, Хазірет Дәуіт Тай қабыл алмай:

– *Балам! Бұл етті мен жесем, аз уақыттан соң қайта сыртқа шығады. Ал анау жетімдер жейтін болса, (сауабы) мәңгілікке Арш-Ағлаға көтіріледі!..* - деді.

***

Ұлы Аллаһпен дос болғандар күллі махлұқатпен, әсіресе солардың ішінде дін бауырларымен достық құрады. Мүмин бауырларына Аллаһтың мейірімді-шапағатты назарымен қарайды. Оларды шынайы жақсы көреді. Тіпті, олардың бұл махаббаттары одан да күшейе түсіп, бүткіл адамзат баласын құтқаруды қалайды. Бұған мысал, Хазірет Пайғамбарымыз Тайфта таспен атқыланғанда ол жердің халқының тура жолға түсуі үшін Раббысына дұға жасаған.

Ясин сүресінің екінші бетіндегі қиссада баяндалған Хабиб ән-Наджар дүние перделері жабылып, ақырет перделері ашылғанда өзін таспен атқылағандарға мейірімі түсіп, жаны ашыған. Сол кезде ол:

«...Әттең, Раббымның мені кешіргенін және мені сый-құрметке лайық болған құлдарынан еткенін қауымым білгенде ғой!» (Ясин сүресі, 26-27 аяттар) деген. Бұл тіпті өзін өлтірген (шәһид қылған) қауымның да ақырет азабынан құтылуын қалайтын мүминнің жүрегіндегі мейірім-шапағаттың дәлелі болса керек.

***

Хазірет Әбу Хасан Харакани Ислам бауырластығы жайындағы өз сезімдерін білдіре отырып былай дейді:

«Түркістаннан Шамға дейін созылып жатқан аймақтың бірінде бір адамның саусағына тікен батса, ол менің саусағым. Біреудің аяғына тас түссе, ол да менің аяғым. Оның ауруын мен жаныммен сезінемін. Бір жүректе қайғы-мұң болса, ол – менің жүрегім».

***

Сәһл бин Ибраһим дін бауырластығының керемет бір мысалын былай деп әңгімелейді:

Ибраһим бин Әдһаммен дос едік. Бір күні қатты сырқаттанып қалдым. Сонда Ибраһим бин Әдһам қолындағы барлық малын сырқатымнан айығуым үшін сарп етті. Кейін бірте-бірте жазыла бастадым. Бір күні одан көңілім қалайтын тағам әкелуін сұрадым. Қолында ешнәрсесі қалмағандықтан көлігін сатып, қалауымды орындады. Денсаулығым түзелген соң бір жерге бару үшін көлік қажет болды. Сосын:

– Ей, Ибраһим! Көлік қайда? - деп сұрадым. Ибраһим бин Әдһам:

– Сатып жібердік, - деді.

Денсаулығым жол жүруді көтермейтіндіктен:

– Енді мен неге мінемін? - дедім. Сонда даналардың сұлтаны ол:

– Бауырым, әрине, арқама мінесің! - деді де, мені үш аялдама жүретін қашықтыққа дейін арқасына мінгізіп апарды.

***

Хазірет Фатих Сұлтан Мехмет Стамбул жеңісінен кейін Византия кезеңінде зынданға тасталған кейбір турашыл поптардан Османлы мемлекеті жайындағы пікірлерін сұраған болатын. Олар біраз уақыт көз жүгіртіп, зерттеу жүргізгеннен кейін ғана пікірлерін білдіретіндіктерін айтты.

Әлгі поптар өздеріне берген құзырет бойынша әрбір жерді аралап шығады. Бір күні олар таң ертеңімен дүкенге барып, бірнәрселер сатып алмақ болады. Сатушы оларға:

«Мырзам! Мен бүгін алғашқы саудамды жасадым. Сіздер әлі алғашқы саудасын жасамаған мына көршімнен барып алыңыздар!» деді.

Сонда олар мұсылмандар арасындағы осындай ғажап бауырластықтың куәсі болып, еріксіз таң қалады...

Расында да, жанын пайдакүнемдіктен арылтып, дін бауырын өзінен кем ойламайтын осындай кеңпейіл жүрек иесіне қанша қызықсаң да аздық етері хақ.

***

Қысқасы, Аллаһ Тағала дін бауырлардың бірін-бірі жуатын екі қол сияқты болғандарын қалайды. Аллаһ разылығы үшін болған шынайы достық – денелері екі бөлек екі түрлі адамның бір жүрекпен өмір сүруі демек. Дін бауырластығы деген жауапкершілікті сезімталдықпен, жанқиярлықпен атқаруға жан салып жүргендердің өмірі жалған дүниеден өткен соң да жалғаспақ. Олар әруақыт жақсылықпен ескеріліп отырады. Мұһажирлер, Ансарлар және көңілін қайырымдылық жолына арнаған шынайы мүминдер іспетті...

Әсіресе бүгінгі күні hидаят жолын іздеушілерге, әлжуаз топ өкілдеріне, жетімдер мен зағип жандарға махаббатқа толы құшақ жайып, мейірімділікпен қарау – Аллаһтың разылығына бөлейтін ең маңызды бауырластық міндетіміз.

В) КҮЛЛІ МАХЛҰҚАТҚА ДЕГЕН МАХАББАТ

Күллі махлұқат адам баласына қызмет ету әрі ғибрат болу үшін жаратылған. Олар бұл дүниеде адам баласына аманат ретінде берілген. Сондықтан, күллі махлұқатқа сүйіспеншілікпен қарау адам баласының ар-ұждан борышы болып табылады.

Ара адам баласына бал сыйлау үшін өмір сүреді. Қой бар өмірін адам баласына ет, сүт, жүн және төл берумен өткізеді. Мысық пен ит те адам баласының әмірінде. Ұлы Аллаһтың ұлық көріністерінің бірі болып табылатын жылан, сколопендра (улы жәндік), шаян сияқты махлұқтар иләһи азапты қаперге салу әрі табиғатта атқаратын көптеген міндеті тұрғысынан адам баласы үшін жаратылған нығметтердің бірі. Тас, топырақ, ағаш, бұлт, тау барлығы да адам баласы үшін жаратылған.

Осыған орай қасиетті аятта былай делінген:

«Ол көктер мен жердегі барлық нәрсені өз кеңшілігінен (сый ретінде) **сендерге мойынсұндырды. Әлбетте, мұнда ойланатын қауым үшін ғибрат бар»** (Жасия сүресі, 13-аят)**.**

Бізге қызмет ету үшін бағынышты етілген жануарларға қиянат жасау – ақымақтық. Өйткені, соңында оның залалы өз басымызға келеді. Сондай-ақ, қияметте бұл ісімізден сұралатын боламыз әрі жазасы өте ауыр болмақ. Бұл жайында келесі аятта былай делінеді:

«Жер бетінде жорғалаған жануарлар мен екі қанатымен ұшқан құстардың барлығы сендер сияқты бір-бір үмбет. Біз кітапта (Лаухул-Махфуз) **ешнәрсені кем қалдырмадық. Кейін барлығы Раббыларының құзырында жиналады»** (Әнғам сүресі, 38-аят)**.**

Келесі бір тұрғыдан қарағанда, Жаратқанның разылығы үшін жаратқандарына сүйіспеншілікпен қарау да құлдық міндетіміз болып табылады. Бұл дүние нығметтерінде басқа махлұқаттардың да хақысы бар. Олардың хақысына қол сұғу қияметте ауыр есеп беруді керек етеді.

Шайыр Фирдауси «Шахнама» атты еңбегінде қандай тамаша жырлаған:

میازار موری که دانه کشست

که جان دارد و جان شیرین خوشست

«Тіпті, бидай дәнін арқалап жүрген құмырысқаны да ренжітпе! Өйткені, оның да жаны бар. Ал жан болса, тәтті әрі хош!» деген.

Әлемдердің мырзасы жануарлардың бекерден бекер, құмарлықты қандыру үшін өлтірілуіне тыйым салған. Бұл турасында бір хадис шәріпінде былай деген:

«Кімде-кім бір торғайды бекерден бекер, көңіл көтеру үшін өлтірсе, қиямет күні ол торғай Аллаһ Тағалаға:

«Уа, Раббым! Пәлен кісі мені бекерден бекер өлтірді, қандай да бір пайдасы үшін өлтірмеді» деп шағым айтады» (Нәсай, Дахая 42).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Абдуллаһ бин Мәсғұд (радиаллаһу аһһу) былай дейді:

Біз бір сапарда Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге едік. Пайғамбарымыз өзінің бір шаруасымен арамыздан кеткен болатын. Сол кезде бір құс көрдік. Қасында екі балапаны бар екен. Біз балапандарын ұстап алғанымызда құс бірде жоғары, бірде төмен қарай ұшып шырылдай бастады. Расулуллаһ келіп, мұны көргенде:

«Кім бұл байқұсты балапанын алып, қинап жатқан. Балапандарын дереу өзіне қайтарыңдар!» деді (Әбу Дәуіт, Жиһад 112/2675, Әдеп 163-164).

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларымен бірге отырғанда қолында сары түсті заты бар бір адам келіп, оған:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Сізді көріп, осы жерге келдім. Жолда келе жатып, бір ағаш үйіндісінің жанынан өттім. Ол жерден құстың балапандарының дауысын естідім. Оларды ұстап киімнің арасына салып орап қойдым. Сол кезде аналары төбемде айналшықтап ұшып жүрді. Сосын балапандардың үстін аштым, аналары келіп қастарына қонды. Олардың үстін анасымен бірге қайтадан жауып қойдым. Қазір олар мұнда, - деді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

«Оларды тез арада қоя бер!» деп әмір берді. Ол кісі құсты балапандарымен бірге жібере салды. Құс ана ұшып қашып кетудің орнына балапандарының қасынан айырылмады. Сонда Аллаһтың Елшісі сахабаларына:

– Мына ананың балапандарына деген мейіріміне таңқалып тұрсыңдар ғой, солай емес пе? - деді.

– Иә, әлбетте, - деді. Сол кезде Пайғамбарымыз:

– Мені ақиқатпен жіберген Ұлы Аллаһқа ант етейін, ***Аллаһтың құлдарына деген мейірімі мына құс ананың балапандарына деген мейірімінен мың есе артық.*** *Оларды апар да, алған жеріңе қой. Аналары да қастарында болсын, -* деді. Әлгі сахаба оларды тез арада өз орындарына апарып қойды (Әбу Дәуіт, Жәнайз I/3089).

***

Бір күні Айша анамыз қыңыр түйеге мінген еді. Түйені тыныштандыру үшін оны қаттырақ олай да, бұлай да жүргізді. Сонда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Айшаға:

«Жануарға жұмсақ бол! Өйткені, жұмсақтық қай жерден табылса, ол жерді көркемдеп, әсемдейді. Жұмсақтығы жоқ қандай да бір әрекет – тұрпайылық» деді (Мүслим, Бирр 78-79).

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың разылығын өте кішкентай әрекет істеп-ақ табудың мүмкін екендігін былай деп түсіндіреді:

«Бұрынғы уақытта бір адам жолда келе жатып қатты шөлдейді. Бір құдық тауып, ішіне түседі. Ол жерден су ішіп, шөлін қандырып, сыртқа шығады. Қараса, тілі саланған, шөлдің қатты қысқанынан дымқыл жерді жалап тұрған бір итті көреді. Ол өз-өзіне:

«Бұл ит те мен сияқты қатты шөлдеген екен ғой» деп ар-ұжданында оған деген жанашырлық сезімі оянады. Сосын дереу құдыққа түсіп, аяқ киіміне су толтырып, оны ауызымен тістеп, сыртқа алып шықты да итке берді. Оның осы бір әрекетіне Аллаһ Тағала разы болып, оны кешірді».

Сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Жануарларымызға жақсы қарағанымыз үшін де бізге сауап беріледі ме? - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

«Кез келген тіршілік иесіне жасаған жақсылықтарың үшін сауап жазылады» деді (Бұхари, Шурб 9; Мүслим, Сәләм 153).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ансарлық бір кісінің бақшасының жанынан өтіп бара жатып, бір түйе көреді. Ол түйе Хазірет Пайғамбарымызды көре салысымен ыңылдап, көздерінен жас ағып жылады. Пайғамбарымыз түйенің қасына барып, құлағының арт жағынан мейіріммен сипап еді, түйе тынышталды. Сосын Хазірет Пайғамбар:

– Мына түйе кімдікі? - деп сұрады. Мәдиналық бір жас жігіт жақындап келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, бұл түйе менікі, - деді. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз:

– Саған нәсіп еткен бұл түйеге қиянат етуден Аллаһтан қорықпайсың ба? Бұл маған жем-шөп бермей, аш қалдырғаныңды және қатты болдыртқаныңды айтып шағымданып жатыр, - деді (Әбу Дәуіт, Жиһад 44/2549).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жануарлардың үстінде отырғанда қажетсіз әңгімелер айтып, оларды қинаған кісілерге

былай деп ескерту жасаған:

«Жануарларыңыздың арқасын мінбер сияқты қолданудан аулақ болыңыздар! Өйткені, жаяу жүріп қиындықпен әрең баратын жерлеріңе сендерді апару үшін Аллаһ Тағала оларды сендерге мойынсұндырды. Ал жерді сендерге тұратын мекен қылды. Олай болса, мұқтаждықтарыңды жер бетінде (яғни, жануарлардың үстінен түсіп, жерде) өтеңдер» деген (Әбу Дәуіт, Жиһад 55/2567).

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таң ағарып келе жатқанда қажетін өтеу үшін сыртқа шықты. Далаға шыққанда мешіттің есігінің алдына шөктірілген түйені көзі шалды. Пайғамбарымыз кешке қарай да сол жерден өткенде әлгі түйе әлі сол жерде қаңтарылып шөгіп тұрды. Сонда ардақты Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мына түйенің иесі қайда?» деп сұрады.

Түйенің иесін іздеді, бірақ таба алмады. Түрінен аш, сусыз қаңтарылып тұрған түйені аяп тұрғаны байқалған Аллаһтың Елшісі былай деді:

«Аллаһтан қорқыңдар! Дертін айта алмайтын байқұс жануарларға қиянат жасамаңдар. Оларға күш-қуаты бар, семіз болған кезде мініңдер!» (Ахмед IV, 181).

***

Сәһл бин Амр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарны ішіне жабысып қалған түйенің қасынан өтіп бара жатып былай деді:

«Сөйлей алмайтын мына жануарлар үшін Аллаһтан қорқыңдар! Оларды семіртіп мініңдер және семіртіп сойып жеңдер!» (Әбу Дәуіт, Жиһад 44/2548).

***

Бір күні Хазірет Пайғамбарымыз қой бауыздайын деп жатқан бір адамды көрді. Ол бауыздамақ болып қойын жерге жатқызып, пышағын қайрайын деп жатыр еді. Мейірімсіз әрі ойсыз істеліп жатқан бұл әрекеттің алдында үнсіз қала алмаған Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп ескертті:

«Бейшара жануарды бірнеше мәрте өлтірмексің бе? Пышағыңды оны жерге жатқызбас бұрын қайрасаң болмас па еді?» (Хаким IV, 257, 260/7570).

***

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маңдайы шоққа қыздырылып таңба басылған есекті көреді. Сонда:

«Мына жануардың жүзіне таңба басқан кісіні Аллаһ лағынет етсін!» деді (Мүслим, Либас 107).

***

Бір мәрте Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеге бармақ болып, Мәдинадан ихрамды күйде шыққан еді. Сөйтіп, Усайя деген жерге келді. Бұл мекен Руайса мен Арж деген жерлердің арасында орналасқан болатын. Бұл жерден көлеңкені паналап жатқан бір киікті көреді. Әлемдердің мырзасы сахабаларының біріне барлық адам өтіп кеткенше киіктің жанында тұрып, ешкімнің киікті шошытып, мазаламауын бұйырып тапсырды (Муатта, Хаж 79; Нәсай, Хаж 78).

***

Пайғамбарымыз және оның ардақты сахабалары Меккені алу үшін қасиетті қалаға қарай келе жатқан кезде жануарларға жақсы мәміле жасау турасында үлгі боларлық ізгі әрекет жасады. Бұл әрекет «жаратылғандарға Жаратушының назарымен қараудың» іс жүзінде жүзеге асуы еді. Әлемдердің мырзасы он мың кісілік әскерімен Арж жерінен Талуб мекеніне қарай кетіп бара жатқанда күшіктерін емізіп жатқан итке кезігеді. Пайғамбарымыз тез арада сахаба Жуайл бин Сураханы жанына шақыртып, оны әлгі ит пен күшіктерінің қасына күзетші етіп тұрғызып қойды. Осылайша, ит пен күшіктерінің Ислам әскерлері тарапынан үркітілмеуін баршаға қатаң ескертті (Уақиди II, 804).

***

Жануарлардың хақысына көңіл бөлу туралы келесі бір мысалды Аллаһтың Елшісінің қолында тәрбиеленген Әнас бин Малик (радиаллаһу анһу) былай деп баяндайды:

«Біз бір жерге түнегенімізде түйелердің жүктерін түсіріп, оларды жеңілдетпейінше Аллаһқа тасбих айтып (нәпіл намаз), құлшылық жасауды бастамай тұратын едік» (Әбу Дәуіт, Жиһад, 44/2551).

Ислам ғалымдары жолаушының бір жерге түнегенінде өзі тамақтанбай тұрып, жануарларының жемін беруі керектігін және бұл амалдың мұстахаб екендігін айтқан (Әбу Дәуіт, Сүнән III, 51).

***

Бір күні ибн Омар (радиаллаһу анһу) бір құсты нысанаға алып, оқ атып жатқан құрайыштық жас жігіттерді көріп қалады. Олар нысанаға дәл тимеген әрбір оқ үшін құстың иесіне ақы төлейтін еді. Әлгі жас жігіттер ибн Омардың келіп қалғанын көріп, жан-жаққа бытырап қашып кетті. Ибн Омар олардың артынан:

«Кім мұны істеді? Аллаһ оған лағынет етсін! Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тірі жануарды нысана ретінде тігіп, оған оқ атқанға

лағынет айтқан» деп айқайлады (Бұхари, Забайх 25; Мүслим, Сайд 59).

***

Хазірет Баязид Бистамидің Аллаһқа деген махаббаты өте күшті еді. Жаратушыға деген махаббатының әсерінен жаратылғандарға аса мейірімді болған. Тіпті, әрбір жануардың қиналғанын бүкіл жан дүниесімен сезініп, қиналатын.

Бір күні Хазірет Баязид қатты тоқпақ жегеннен арқасы қан-қан болған бір есекті көреді. Хазірет Баязид Бистамидің бейшара есекке жаны ашығаны соншалық, балдырларынан сыздап қан тамшылай бастады.

Бір мәрте Аллаһтың уәли құлы Хазірет Баязид жолаушылап сапарда келе жатқанда бір талдың көлеңкесін паналап, тынығады. Сөйтіп, демін алған соң сапарын ары қарай жалғастырады. Ол жолда келе жатып, қоржынының үстінен демалған жерінде көрген бірнеше құмырсқаның жүргенін байқап қалады. Құмырсқаларды өз мекендерінен ажыратпайын, бөтен жерде қалып қоймасын деп кейін қарай қайтады да, демалған жеріне қайта келіп, құмырсқаларды бұрынғы орындарына қалдырып кетеді.

***

Ал әйгілі Аллаһтың салих құлдарының бірі Хазірет Шах Нақышбәнд жануарлармен мәміле жасауда көрсеткен керемет бір әрекетін былай деп әңгімелейді:

Ізденісте жүрген алғашқы күндерімнің бірінде Аллаһтың сүйікті құлы Хазірет Әмір Күләлмен жолықтым. Ол күндері қызығушылығым өте күшті болатын. Ол маған:

«Жабырқау көңілдерді жұбат, әлсіздерге жәрдем бер. Оларды әрдайым қорғап жүр. Оларға халықтан келетін ешқандай кіріс жоқ. Соған қарамастан, олар көңілдері тоқ, кішіпейіл жандар. Сондықтан, халықтың арасында ескерілмей жүректері жаралы күйде ұмытылып кетіп жүреді. Соларды ізде тап!»

Сол ауызы дуалы кісінің бұйырғандарын бұлжытпай орындадым. Осы жолда ұзақ уақыт қызмет еттім. Сосын ол маған жануарларға қарауымды әмір етті. Олардың ішінде науқастарын емдеуімді бұйырды. Жалғыз өзімнің олардың жарақаттарын таңуымды, тазалауымды әрі бұл істерді шынайы ниетпен, зор ықыласпен орындауымды өсиет етті.

Бұл қызметті де атқарып шықтым. Маған қалай айтқан болса, тап сол айтқанындай етіп орындадым. Сол кездерде менмендігімнің тәрбиелі халге жеткені соншалық, алдымнан бір ит шықса да, жолын кеспейін деп өтіп кетуін күтетінмін. Ол өтіп кетпегенше бір қадам да аттап баспайтынмын.

Осыдан кейін ол маған иттерге сүйіпеншілікпен қарап, мейірбандық танытуымды әрі осы қызметім арқылы Аллаһтың назарына ілінуге әрекет етуімді әмір етті. Ол маған:

«Сол иттердің қайсы біріне қызмет етіп жатқаныңда өзіңді бақытты сезінуің керек» деді.

Оның осы өсиетін үлкен олжа деп білдім. Қолымнан келгенше аянып қалмадым. Оның сөздерінен меңзеген мағынаны ұқтым, айтпақшы болған сүйіншісін күттім. Сосын бір иттің қасына бардым. Тұла бойымда өзгеше бір сезім пайда болды. Оның қарсы алдында тұрдым. Сол кезде бірден көңілім босап, еріксіз жылай кеттім. Әлгі ит тап Асхабул-Кәһфтен нәр алған Қытмир секілді еді...

Мен жылап жатқанда ол шалқасынан жата кетті де аяқтарын көкке көтерді. Сосын, қайғылы дауыстар шығарып, жылап, ыңылдай бастады. Мен де қолдарымды жайдым. Кішірейіп, мұңайған күйде:

«Әмин!» дедім. Сосын ол манағы әрекетін бітірді де, жөніне кетті.

Бірде үйден шығып бірнеше жерге бардым. Жолда келе жатып күннің түсіне қарай түсін өзгертетін бір жануар көрдім. Рухани бір күйге енген еді. Менің бойыма одан әлдебір сезім өтті. Оның алдында иіліп, құрмет көрсетіп тұрдым. Сөйтіп қолдарымды көтердім. Сол уақытта әлгі жануар күйден-күйге өзгеріп, шалқасынан жатып көкке қарай жүзін бұрды. Ол осындай күйде жатқанда мен:

«Әмин!» деп тұрдым.[132]

***

Бір күні Қануни Сұлтан Сүлеймен сарайдың бақшасындағы алмұрт талдарды кеміріп қуратып, шірітіп жіберген құмырсқалардың өлтірілуі үшін Шайхуль-Ислам Әбус-Суғуд мырзадан:

«Егер құмырсқа ағашқа зиян келтірсе, оны өлтірудің зарары бар ма?» деп пәтуа сұрайды. Хазірет Әбус-Суғуд падишахтың сұраған пәтуасына:

«Ертең Аллаһтың сотына барғанда, құмырсқа Сүлейменнен хақысын қайтарып алады» деп жауап жазып жібереді.

Бір құмырсқаны ренжітуге батылы бармайтындай дәрежеде үлкен рухани тәрбие алған Қануни Сұлтан Сүлеймен парасатты қолбасшы, өте зерек әрі ұйымдастыру қабілеті зор басшы, ғалым әрі әдебиетші болған еді.

***

132. *Абдулмажит Хани, әл-Хадайқул-Уардия, түрікшеге аудар. Абдулқадир Ақчичек, Стамбул 1986, 545-547 б.*

Стамбұлдың Ақсарай деген жерінде Уалида мешітін салдырған падишахтың анасы Пертевниял қайтыс болғанда салих бір кісі оны түсінде жақсы мақамда жүргенін көреді. Одан:

– Аллаһ Тағала сені салдырған мешітің үшін осындай дәрежеге көтерді ме? - деп сұрайды.

Падишахтың анасы Пертевниял болса:

– Жоқ, - деп жауап берді.

Салих кісі аң-таң болып:

– Сонда бұл мақамға қандай амалың арқылы қол жеткіздің? - деп сұрады.

Сол кезде падишахтың анасы оған:

– Жауынды күні Аюп Сұлтан мешітіне зияратқа бара жатыр едім. Шұңқырға жиналған судың ішінен шыға алмай тырбынып жатқан арық мысықтың баласын көріп қалдым. Дереу көлікті тоқтатқызып, қасымдағы бажыға.[133]

– Бардағы, бейшара анау мысықты судан алшы. Әйтпесе, байқұс тұншығатын болды!.. - дедім.

Сонда бажы:

– Ой, Сұлтаным қайтесіз оны! Құр босқа сіздің де, менің де үстім былғанады, - деп мысықтың баласын әкелгісі келмеді.

Мен оның көңілін қалдырмай-ақ қояйын деп өзім көліктен түсіп, шалшық судың арасына түстім. Сөйтіп, әлгі мысықтың баласын судан алып шықтым. Байқұс мысық дірілдеп жаурап тұр екен. Жаным ашып, құшақтап денесін жылыттым. Көп уақыт өтпей-ақ бейшараның денесі жылып, өз-өзіне келді.

Аллаһ Тағала сол мысыққа жасаған аз ғана көмегім мен көрсеткен мейірбандығым үшін маған осындай үлкен мақам сыйлады деп жауап берді.

Иә, кей кездері түкке тұрғысыз, болмашы болып көрінетін кішкентай бір жақсылықтың өзі Аллаһ Тағаланың зор ықыласына кенелтіп, соңы үлкен сый, құрмет болып қайтуы әбден мүмкін. Сол себептен, адам баласы көбінесе маңызсыз деп ойлайтын кез келген жақсылықты аз деп ойламауы керек. Өйткені, адам баласы дүниеде де, ақыретте де үлкенді-кішілі әр түрлі жақсылықтың рухани жәрдеміне, яғни сауабына мұқтаж болады...

***

133. Ханшайымдардың жанында судандық қара нәсілді әйелдер қызмет жасайтын. Оларды сарайда «бажы» деп атайтын. Османлылар судандықтардың көңілдері таза, абыройлы, намысшыл болғандықтары үшін сарайда арнайы соларды қызметке орналастыратын.

Әкем Мұса мырза жаратылғандармен дос болу турасында басынан өткізген мына бір оқиғаны айтып берген еді:

«Шамамен қырық жыл бұрын құрметті ұстаз Сами мырзамен (құддиса сирруһ) бірге Мәдина Мунауарада бір үй жалдап тұрған едік. Ол кездері үйлер кірпіштен салынатын. Ұстазымыздың демалып, тынығуы үшін дайындап қойған бөлмеге кірген кезімізде бөлменің бір бұрышында оралып жатқан жыланды көріп қорқып кеттік. Ол кісі болса, еш саспастан:

«Аллаһтың бұл жаратқанын өз жайына қалдырыңдар. Оған тиіспеңдер» деді. Сосын біраз уақыт өткеннен соң әлгі мақлұқ ол жерден жоқ болып кетті».

***

Хазірет Мұса мырза рахматуллаһи аләйһи келесі бір оқиғасын былай деп әңгімелейді:

«Қажылық маусымы болатын. Құрметті ұстаз Сами мырза және оның үлдарымен бірге бәріміз Мекке Мукаррамада Түркістандық Абдусәттар мырзаның Байтуллаһ мешітіне жақын бір үйінде болатынбыз. Ұстазымыздың бөлмесі көшеге қарай, ал оның серіктері біздердің бөлмеміз болса, ішке қарай орналасқан еді.

Бір күні түскі уақытта біз жатқан бөлменің есігіне келіп:

«Сыртта біреудің қарны аш, тамақ жегісі келетін сияқты!» деді.

Мен дереу тамақ әзірлеп, есіктің алдына шыққанымда, айналамнан ешкімді көре алмадым. Күтпей кетіп қалған болар деп, үйге қайта кірдім. Содан шамамен сегіз-он минуттай өткені сол-ақ еді, Хазірет ұстаз бөлмемізге қайта келіп:

«Әлгі мұқтаж тағы келді. Үйдің ішіне қарап тұр!» деді.

Тамақты алып, қайта шыққанымда тілін салбыратып, үйдің ішіне үңіліп тұрған бір ит көрдім. Тез арада қолымдағы асты оның алдына қоя қойдым. Қатты ашыққанға ұқсайды, тамақтың бәрін жеп қойды».

Иә, Аллаһтың дос құлдарының сезімталдығы, сыпайылығы, кішіпейілділіктері осындай болған. Хазірет Сами мырза әлгі ашыққан итке ит деп айтудың орнына «кісі» сөзін қолданған. Тіпті, жануарлар жайында сөз қозғағанда «мақлұқ» сөзінің орнына «Аллаһтың құлы» дегенді қолданатын. Өйткені, жаратылғандарға көрсетілген көркем мінез шындығына келгенде олардың Жаратушысына көрсетілген болып табылады. Ұлы Жаратушыға шынайы ықыласпен тәслім болған сау жүрек иесінен осындай әдемі әрекеттер тумақ.

***

Хақ дініміз Ислам әрқашан қоршаған ортаға яғни, жанды-жансыз барлық болмысқа жақсы мәміле жасауымызды бұйырады. Осының бір мысалы ретінде, Меккенің харам аймағында ихрам кезінде тал сындыру, шөп жұлу, аң аулау, тіпті аңшыға аң көрсету сияқты кейбір әрекеттерге тыйым салынған. Сонымен қатар, бұл тыйымдарды аяқ асты еткендерге түрлі жазалар тағайындалған. Осылайша, Хақ дініміз Ислам діні мұсылман кісінің харам аймағында жүргенде ешбір өсімдік пен жәндікке зиян тигізбеуге дағдылануы арқылы кіші күнәлардан сақтанып, «зиянсыз» кейіпте болуын мақсат етеді.

Қажылық маусымында жасаған құлшылық жоралғылары арқылы адам баласының сезімталдығы артып, күшейе түседі. Бұзық пиғылдар мен пасық әрекеттерден тыйылып, жанжалды жоюда өзгелерден көш ілгері болады. Бір тал шөп жұлмайды, еркек-әйел болып бірге тауаф, сағи және уақфа жасағанда бұзық пиғылдардан сақтанады. Әрдайым көзін жерден алмай жүреді. Осылайша, өзін пасық істер мен жанжалдасудан ұзақ ұстайды...

Исламның бұл айрықшалығы тек харам аймағы мен ихрам кезіне тән нәрсе емес. Осы орайда, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Кім бір тал кессе, Аллаһ Тағала оның басын жәһаннамға тығады» (Әбу Дәуіт, Әдеп 158-159/5239).

Осы хадистің мағынасы Әбу Дәуіттен сұралғанда, ол былай деп жауап берген екен:

«Бұл хадис өзі қысқа болғанымен, мағынасы кең. Мағынасы: жазық далада, жайылымды жерлерде жолаушылар мен жануарлар көлеңкелеп, паналайтын қандай да бір талды кімде-кім хақысы болмай тұрып кесетін болса, Аллаһ Тағала оның басын жәһаннамға тығады».

* * *

Ислам дінінің күллі жаратылысты қамтитын сүйіспеншілігі мен көңіл бөлушілігіне дәлел болатын мына бір оқиға қандай ғибратты десеңізші:

Ардақты сахаба Әбу Дарда (радиаллаһу анһу) Шам жерінде ағаш отырғызып жатқан еді. Жанына бір кісі келіп оған:

– Сен Хазірет Пайғамбардың сахабасы бола тұра ағаш отырғызумен әлекпісің? - деп оның бұл ісіне аң-таң екенін айтты. Сонда Хазірет Әбу Дарда оған:

– Тоқта! Мен жайында бұлай тез тон пішуге асықпа! Мен Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дегенін естідім:

«Кімде-кім бір ағаш отырғызып, сол ағаштың жемісінен бір адам немесе Аллаһтың жаратқандарынан қандай да бір мақлұқ жейтін болса,

оның отырғызған ағашы ол үшін бір садақа болып табылады» (Ахмед VI, 444).

Ал керісінше, өсімдіктер мен басқа да тіршілік иелеріне зиян тигізіп, залал келтіру – сөзсіз ауыр күнә. Дана бабаларымыздың **«Жас талды кесу – адамды өлтіргенмен бірдей»** деп айтуы осыдан болса керек.

***

Сүйікті Пайғамбарымыз үмбетіне ағаш отырғызуды және айналаны көгалдандыруды өсиет еткен. Әрі сахабаларына үлгі-өнеге бола білген. Бұл жайында ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екі кісінің қабірінің қасынан өтіп бара жатып:

«Екеуі де азап шегуде. Бірақ, азаптары үлкен күнә үшін емес. Біреуі адамдар арасында өсек тасығаны үшін. Ал, екіншісі кіші дәретке отырғанда дұрыс сақтанбағандығы (үстіне шашыратқаны) үшін азапталуда» деді. Сосын су құрманың бұтағын сұрады. Оны екіге бөліп, екеуінің қабірінің басына бір-бірден отырғызды. Кейін былай деді:

«Бұлар құрағанға дейін бәлкім азаптары жеңілдетілетін болар» (Мүслим, Таһарат 111).

Өйткені, жасыл жапырақтың өзі Аллаһты үнемі зікір етіп тұрады. Бірақ, біз оны ұқпаймыз. Қасиетті аятта былай делінеді:

«Жеті қабат көк пен жер және оларды мекендейтін барлық нәрсе Оны дәріптеп, пәктейді. Оны дәріптеп, пәктемейтін ешнәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың пәктеулерін ұға алмайсыңдар. Ол өте жұмсақ әрі аса кешірімшіл» (Исра сүресі, 44-аят)**.**

***

Қорыта айтқанда, Аллаһ Тағаланың разылығы кейде үлкен нәрседе, кейде орташа нәрседе, кейде кішкене нәрседе жасырынып тұрады. Ашуы да дәл солай. Олай болса, Аллаһтың барша жаратқандарына мейіріммен, шапағатпен және сүйіспеншілікпен қарап, оларға қол ұшын беруге құштар жүруіміз керек.

Ислам діні барша тіршілік иелеріне яғни, адамдарға, жануарларға, тіпті өсімдіктердің өзіне рақымды болып, сүйіспеншілікпен мәміле жасауды бұйырады. Олардың әрқайсысының алдында адам баласының міндеттері бар. Исламның көркемдігі мен әдемілігі барша жаратылысты қамтитын әлемдік махаббат пен мейірім-шапағат ұғымдарында жасырынған. Әрбір мұсылман өмір бойы кез келген тіршілік иесіне; жануарларға, өсімдіктерге, құстарға қызмет ету арқылы айналасын жасыл-желекке айналдыратын әрі өзімен бірге береке алып жүретін дария іспетті болу керек. Сонда оның да баратын жері мәңгілік рақат

өмір және Аллаһқа қауышу болмақ.

Күн үшін айналасына жарық нұрын шашпау, жылытпау қалай мүмкін емес болса, асқақ рух иелері үшін де жаратылғандарға қаталдық көрсетіп, жанашырлық танытпауы да солайша мүмкін емес. Мейірім-жанашырлық – бүкіл әлемге жайылған иләһи жауһар. Сүйіспеншілік пен мейірімнің қайнар бұлағы – Аллаһ Тағала. Мейірімнен мақұрым қалғандар – ең үлкен қазынаның, яғни бақыт қазынасының кілтін жоғалтып алғандар. Аллаһты және Елшісін сүю арқылы махаббаттың қайнар көзіне ұласқан Аллаһтың уәли құлдары мәңгіге күллі жаратылыстың достары болып қала бермек. Олардың істеген жақсылықтары жоқ болып кетпейді. Олардың өмірілері өлгеннен кейін де жалғаспақ. Осы орайда, Аллаһтың ізгі құлы Юнус Әмре былай деп жырлаған:

Юнус өлді деп жаназасына шақырар,

Бірақ, өлген жануар екен,

Шынайы ғашықтар әсте өлмейді...

2. АЛЛАҺТАН ҚОРҚУ ЖӘНЕ ХАУФ ПЕН РӘЖА

Иманы кемел мүминдердің айрықша сипаттарының бірі – бойларындағы тағзым мен махаббат сезімінен туындайтын Аллаһтан шынайы қорқу сезімі. Аллаһтан қорқу дегеніміз – Раббымыздың өз құлдарына деген шексіз махаббатынан, разылығынан мақұрым болып қалу, одан құр қалып қою қорқынышы. Сол себептен, иманы кәміл мүминдердің жүректері әрдайым ояу әрі сақ жүргендіктен, Аллаһ естеріне түскенде бойларын қорқыныш сезімі билеп, денелері тітірей кетеді. Бұл жағдай мүмин құлдың бойында Аллаһ алдында сақталуы тиіс әдептілік, шынайы ықыластылық және тақуалық сынды жоғары қасиеттерді қалыптастырады. Ұлы Аллаһ былай деп бұйырады:

«Нағыз мүминдер – Аллаһ зікір етілген мезетте жүректері дүрсілдеп және оларға Аллаһтың аяттары оқылған кезде имандары күшейіп әрі тек Раббыларына ғана арқа сүйеп, сенім артқандар» (Әнфал сүресі, 2-аят)**.**

«...(Уа, Пайғамбар!) **Сыпайы, кішіпейіл, мойынсұнғыш әрі шынайы мүминдерді сүйіншіле! Олар сондай бір адамдар Аллаһ естеріне түскенде жүректері дүрсілдеп қоя береді...»** (Хаж сүресі, 34-35 аяттар)**.**

Адам баласының Аллаһ жайындағы ілімі, мағрифаты және махаббаты артқан сайын Аллаһқа деген қорқынышы соншалықты күшейіп отырады. Бұл жайында Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Сендердің іштеріңдегі Аллаһты ең көп танитын да әрі Одан ең көп қорқатын да – менмін» (Бұхари, Әдеп 72; Мүслим, Фадайл 127).

Бір күні Расулуллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Құранды қандай дауыспен және қандай қырағатпен оқыған жақсырақ? - деп сұралған еді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

«Құранды естігенде Аллаһтан қорқатыныңды сезіндірген кісінің дауысы мен қырағаты» деп жауап қайырды (Дарими, Фадайлул-Құран 34).

Аллаһтан шынайы қорқатындар одан басқа ешнәрседен қаймықпайды және қорықпайды. Аллаһтан қорқу сезімі жүрекке бақыт сәулесіндей болып түскен бейнебір нұр секілді болады.

Раббыларынан қорқатын мүминдер – Аллаһ олардан, олар да Аллаһтан разы болған кісілер.[134] *Аллаһ Тағала ондай құлдарына екі жәннат уәде еткен.*[135]

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп бұйырады:

«Аллаһтан қорыққандығы үшін көзінен шыбынның басындай болса да жас шығып, жүзіне тамған мүминдерге Аллаһ (мәңгілік) тозақты харам қылған!» (Ибн Мәжә, Зүһд 19).

«Аллаһтан қорқып жылаған кісі (сауылған) сүт желінге қайта кірмегенше тозаққа кірмейді. Аллаһ жолында көтерілген шаң мен тозақтың түтіні әсте бір жерге жиналмайды» (Тирмизи, Зүһд 8/2311).

«Аллаһтың жанында екі тамшы мен екі ізден артық ешнәрсе жоқ. Екі тамшы олар – Аллаһтан қорқып жылаған кісінің көз жасы мен Аллаһ жолында ағызылған қан тамшылары. Ал екі із – Аллаһ жолында (күрес кезінде) қалдырылған із бенен Аллаһтың парыздарының бірін орындағанда қалған із» (Тирмизи, Фадайлул-Жиһад 26/1669).

Мүмин құлдардың Аллаһтан қорқып төккен көз жастары өткінші түндердің әшекейі, қабірдегі қараңғылықтарға шырағданы әрі жәннат бақшаларындағы шықтар болып табылады. Аллаһ Тағала баршамызды Құран Кәрімнің хикметтері мен сырларынан әсерленбейтін тастай болып қатып қалған жүректен және Аллаһтан қорқып жыламайтын көзден сақтасын!

Себебі, Аллаһ Тағала Аллаһтан қорқу сезімінен мақрұм қалған тас жүрек пенделерін былай деп жазғырады:

«…Осылардан кейін жүректерің тағы да қатайды. Енді жүректерің тас сияқты, тіпті одан да қатты. Өйткені, сондай тастар бар, олардың

134. Байинә сүресі, 8-аят.
135. Рахман сүресі, 46-аят.

ішінен өзендер ағады. Тіпті, кейбірі жарылып арасынан су атқылайды. Кейбір тастар да Аллаһтан қорқып жоғарыдан төмен қарай домалайды. Аллаһ Тағала істеген істеріңнен бейхабар емес» (Бақара сүресі, 74-аят)**.**

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһым пайдасыз ілімнен, қорықпайтын жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл болмайтын дұғадан бір өзіңе сыйынамын» деп мұндай жағдайлардан ұзақ қылуы үшін Раббысына мінәжат еткен (Мүслим, Зікір 73).

Аллаһтан қорықпайтын кісінің дәрежесі жануарлар мен өсімдіктерден де төмен. Сонымен қатар, дана бабаларымыз да «Аллаһтан қорықпағаннан қорық!» деп айтып кеткен. Расында да, ондай адамдардың ақыры тым қиын болмақ. Өйткені, олардың жүректеріндегі қатігездік, ғапылдық қараңғылығы, түйсіксіздік сірә жансыз денелерде де жоқ шығар.

Сондай-ақ, иләһи хабарларға көз жүгірткенімізде, тіпті жансыз денелердің де Аллаһтан қорқып күйден-күйге өзгеретіндіктерін байқаймыз. Бұл жайында мына аятта былай делінген:

«Егер осы Құранды бір тауға түсірген болсақ, оның Аллаһтан қорыққандығынан үрейленіп, быт-шыт болғанын көрер едің. Бұл мысалдарды адам баласы ойланып түсінсін деп келтіреміз» (Хашыр сүресі, 21-аят)**.**[136]

Мүмин құлдың жүрегінде Аллаһтың разылығы мен махббатынан мақрұм қалып, азабына душар болып қалу деген қорқыныш пен Оның шексіз рақымдылығы және мейірім-шапағатына қол жеткізу үміті әрдайым бірге жүруі тиіс. Яғни, мүминнің жүрегі қорқыныш пен үміт сезімдері арасында дірілдеп, қобалжып тұруы ләзім. Қорқыныш пен үміт сезімдері арасында болатын күй **«байнал-хауфи уәр-рәжа»** деп аталады. Мүмин құл әрдайым дұғасын аузынан тастамай әрі өзінің әлсіз екендігін қаперінен шығармай, жалбарынған күйде, ажал жеткенге дейін

---

136. Осы аятта келтірілген мысалдағы мақсат – Құранның мазмұнының аса маңыздылығын және адам баласының қандай үлкен жауапкершілік арқалап жүргендігін ұғындыру. Бұл мысалдан тағы мынадай мағынаны түсініуге болады: Егер бір тауға адам баласының бойындағы сезімдер берілетін болса, қазық боп қақайып, қатып тұрған алып денелі тау екеш таудың өзі Аллаһтың сипаттарын түсініп, жауапкершілігін сезінгенде Оның ұлылығы мен құдіретінің және ғаламдағы абсолюттік билігінің алдында үрейленіп, тағзым етіп, иілер еді. Мұнымен қалмай, Аллаһқа құлшылық ету үшін өзін бөлшек-бөлшек етер еді. Ал адамдар болса, көбісі мойындарындағы жұқті сезінгісі келмей қасарысуда, өмірлерін ғапылдықтың қою қараңғылығында өткізуде.

Адам баласы Аллаһтан қорқу және Оны сүю сезіміне қол жеткізу үшін алдымен ішкі жан дүниесін жаман қасиеттерден тазартып, тақуалық өмірмен безендіруі қажет.

жүрегіндегі осы бір үйлесімділікті сақтап жүруі керек. Аятта былай айтылады:

«…Аллаһтан қорқып, әрі (рақымдылығын) **үміт етіп дұға жасаңдар. Расында Аллаһтың рақымы жақсылық жасаушыларға жақын»** (Ағраф сүресі, 55-56 аяттар)**.**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп бұйырады:

«Егер мумин Аллаһтың азабының қаттылығымен қандай екендігін білсе ғой, жәннаттан үмітін үзер еді. Егер кәпір де Аллаһтың рақымдылығын жақсы түсінгенде, Оның жәннатынан әсте үмітін үзбес еді» (Мүслим, Тәубе 23).

«Жәннат сендерге аяқ киімдеріңнің бауларынан да жақын. Жәһаннам да дәл солай» (Бұхари, Риқақ 29).

Сондықтан, пендені мәңгілік бақыт пен амандыққа апаратын бірден-бір жол – Аллаһтан қорқу және үміт ету сезімдерін жүректе үйлесімді түрде сақтап жүру. Өйткені, кез келген сүйген кісі әрдайым «сүйіктісін ренжітіп алам ба?» деген қорқыныш пен оның махаббатын жоғалтып алмайын деген сезімдердің арасында жүреді. Сол сияқты мүмин құл да Аллаһтың махаббатынан мақұрым боп қалудан қорқып жүруі тиіс. Сонымен қатар, Оның рақымынан да үмітін үзбеуі керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Хазірет Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына дұғаны үнемі айтып жүретін:

يَا مُقَلِّبَ الْقُلُوبِ ثَبِّتْ قَلْبِي عَلَى دِينِكَ

«Уа, жүректерді (сезімдерді) күйден-күйге өзгертуші Аллаһым! Жүрегімді дініңде берік ет!»

Мен (бір күні Аллаһтың Елшісіне):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз саған және сенің әкелгендеріңе иман келтірдік. Сен біз үшін алаңдап, қорқасың ба? - дедім. Сонда ол маған:

– Иә, қорқамын! Жүректер Рахманның екі саусағының арасында. Оларды қалай қаласа, солай өзгертеді, - деп жауап берді (Тирмизи, Қадар 7/2140).

***

Бибі Айша радиаллаһу анһа былай дейді:

«Раббыларына қайтатындықтары үшін қайырымдылық ниетімен беретін нәрселерін жүректері дірілдеп беретіндер бар емес пе?! Міне, солар қайырлы істерге асығушылар, тіпті сол үшін жарысушылар» (Мүминун сүресі, 60-61 аяттар) деген аяттар түскенде Аллаһтың Елшісіне:

– Аятта айтылғандар зина, ұрлық және ішімдік секілді харамдарды істеушілер ме? - деп сұраған едім. Сонда ол маған:

– Жоқ, уа, Сыддықтың қызы! Аятта айтылғандар намаз оқыған, оразасын ұстаған әрі садақасын берген күнде де, бұл ғибадаттарының қабыл болып, болмауынан үрейленіп қорыққандар, - деп жауап берді (Тирмизи, Тәпсір 23/3175; ибн Мәжә, Зүһд 20).

Мұсылман адам атқарған амалдарына, жасаған қайырымдылық істеріне сеніп қалмауы керек. Аллаһтың рақымын паналаудан басқа жол жоқ.

***

Сухайл бин Амр құрайыштың ең мықты деген орақ тілді шешендерінің бірі еді. Ол кездері шешендік сөздердің әсері өте күшті болып тұрған кезең болатын. Сондай бір заманда Сухайл бин Амр Ислам жайында ауыр сөздер айтып, қаралаушы еді. Кейін ол Бәдір соғысында мұсылмандар тарапынан тұтқынға алынады. Сонда Хазірет Омар:

– Уа, Расулаллаһ! Рұқсат етіңіз. Сухайлдың алдыңғы тістерін қағып тастайын. Тілі салбырап ешуақытта, ешқандай жерде сені жамандап ешнәрсе айта алмайтын болсын, - деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Омар, оны өз жөніне қалдыр! Мен оның дене мүшелеріне бұлай зарар бере алмаймын. Егер оған олай істейтін болсам, Пайғамбар болғаныма қарамастан, Аллаһ та маған дәл солай істейді. Асықпа, бәлкім ол бір күні саған ұнайтын сөздер айтып, сені қуантатын болады» деді (Ибн Һишам II, 293).

Пайғамбарымыз осы әрекеті арқылы үмбетіне әрдайым Аллаһтан сескеніп, Оның ашуын келтіретін қандай да бір іс-әрекет істеуден сақтанып жүру керектігін үйреткен.

Пайғамбарымыз дүниеден озған соң пайда болған иртидат (дінге қарсы шығу) оқиғаларының бірінде мұсылмандар арасында дау-жанжал шыққан болатын. Сол кезде Сухайл бин Амр (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыз айтып кеткендей Исламды жақсы қырынан көрсететін сөз сөйлейді. Оның сөзін қысқаша келтірер болсақ:

«...Аллаһқа ант етейін, мен бұл діннің ай мен күн өз міндеттерін тоқтатпағанша, яғни қияметке дейін осы күйі жалғасатынына нық сенімдімін» деген.

Сухайл бин Амр (радиаллаһу анһу) сөзін аяқтағанда халық сабасына түсіп тынышталады. Омар (радиаллаһу анһу) Хазірет Сухайлдың осы сөздерін естігенде Аллаһтың Елшісінің айтқандарын есіне алып:

«Сенің Аллаһтың Елшісі екендігіңе тағы бір мәрте куәлік етемін, уа, Расулаллаһ!» деді (Ибн Һишам IV, 346; Уақиди I, 107; Беларузи I, 303-304; ибн Абдилбәрр II, 669-671; Хаким III, 318/5228).

***

Айша анамыз радиаллаһу анһаның жеткізген риуаяты бойынша қатты жел тұрғанда немесе аспанда қара бұлт көрінгенде Хазірет Пайғамбарымыздың өңі бұзылып кетеді екен. Біресе бұлттарға қарап, біресе кері қайтып немесе үйіне қайта-қайта кіріп-шығады екен. Одан неге бұлай істейтіндігі сұралғанда Ад қауымына келген азаптың үмбетінің басына келуінен қорқатынын айтқан екен (Мүслим, Истиска 14-16).

Пайғамбарымыздың үмбетіне деген мейірім-шапағаты ата-ананың баласына деген мейірімінен де артық болған. Аллаһ Тағала мұны былай деп баяндайды:

«Ант етейін сендерге өз іштеріңнен сондай бір Пайғамбар келді, сендердің қиналғандарың оған өте ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық әрі мүминдерге аса мейрімді, рақымшыл» (Тәубе сүресі, 128-аят)**.**

Аллаһтың Елшісі дәл өзіндей ешкімнің қорқытылмағанын, жапа шекпегенін, қиындық көрмегенін, аштықты басынан өткермегенін айтқан.[137] Пайғамбарымыз мұндай қиындықтарды Аллаһтың құлдарын Аллаһтың жолына шақыру кезінде басынан өткізген болатын. Пайғамбарымыз әсте шағымданбайтын, істеген ісін міндет те қылмайтын. Ол үшін бір кісінің болса да тура жолды табуының өзі жер бетіндегі барлық нәрседен артық еді. Тайфта таспен атқыланды, аяқтары қып-қызыл қанға боялды. Бірақ, бір құлдың тура жолға келуі Аллаһтың Елшісінің көңілін жадыратып, барлық қиындықты ұмыттырып жіберетін-ді.

***

Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында тұрғанымда оған мына аят түсті:

«Кімде-кім бір жамандық жасаса, оның жазасын алады. Әрі Аллаһтан басқа ешқандай дос та, жәрдемші де таба алмайды» (Ниса сүресі, 123-аят).

Хазірет Пайғамбарымыз:

137. *Тирмизи, Қиямет 34/2472.*

– Ей, Әбу Бәкір! Маған түскен аятты саған оқып берейін бе? - деді. Мен:

– Әлбетте, уа, Расулаллаһ! - дедім.

Маған сол аятты оқып берді. Сонда, тап белім сынып түскендей күй кешіп, бір орында сілейіп қатып қалдым. Сосын Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

– Ей, Әбу Бәкір не болды, бір жерің ауырып тұр ма? - деп сұрады.

– Әке-шешем саған пида болсын, уа, Расулаллаһ! Кім жамандық істемейді дейсіз? Енді біз істеген ісіміз үшін міндетті түрде жазаланамыз ба? - деп өкінішімді білдірдім.

Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп түсіндірді:

«Әбу Бәкір! Сен және де басқа мүминдер істеген қателік-күнәларың үшін дүниеде (қиындықтар мен ауыртпалықтарға тап болумен) жазаланасыңдар. Сөйтіп, Аллаһтың құзырына күнәсіз барасыңдар. Ал басқалар болса, олардың істеген күнәлары жиналып, жазалары қиямет күні беріледі» (Тирмизи, Тәпсір 4/3039).

***

Хазірет Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) Аллаһтан қорқу жайындағы мына бір оқиғасы қандай ғибратты.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) ашық аспанды (бұлтсыз) күні сыртқа шығып, көкке қарап тұрды. Ол Аллаһ Тағаланың құлдарына «ғибрат болсын» деп көрсетіп қойған сан мың түрлі құдірет белгілерін тамашалауда еді. Бір кезде назары бір құсқа ауды. Ол құс ағаштың үстінде әсем үнімен сайрап тұрған еді. Хазірет Әбу Бәкір құсқа қызыға әрі тамсана қарап, ішін тартып бір күрсінді де:

«Ей, құс, сен қандай бақыттысың! Уаллаһи мен де сен сияқты болғанды қалар едім. Ағаштарға қонасың, жемісінен жейсің, кейін қалаған жағыңа ұшып кетесің. Не есеп беру жоқ, не де жазалану жоқ. Саған қандай рақат.

Аллаһқа ант етейін мен Раббымның құзырында есеп беретін адам баласы болғаннан гөрі, жолдың шетіндегі тал болғанды, бір түйенің мені аузына салып шайнап-жеп, жұтып жібергенін қалайтын едім!» деді (Ибн Әби Шайба VI-II, 144).

***

Бір күні Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қиямет, таразы, жәннәт, тозақ, періштелердің сап-сап болып тұруы, аспанның оралуы, таулардың шаң-тозаңға айналуы, күннің оралуы, жұлдыздардың төгілуі жайында көп

ойланып, толғанады. Сосын Аллаһтан қорқу сезімі күшейіп:

«Мына жасыл шөп сияқты болып, жануарлар мені келіп жесе. Сөйтіп жоқ болып кетсем ғой» - деді. Содан соң:

«Раббысының құзырында тұрып, есеп беруден қорыққан кісіге екі жәннат бар» (Рахман сүресі, 46-аят) **деген аят есіне түсті** (Суюти, Лубабун-Нуқул II, 146; Алуси XXVII, 117)**.**

Ардақты сахабалар Аллаһ Тағаланың:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы түрде қорқыңдар. Әрі тек мұсылман болған күйде жан беріңдер» (Әли Имран сүресі, 102-аят) деген ескертуін ойларынан еш шығармаушы еді. Және олар осындай сезіммен өмір сүретін.

***

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) жұма күндерінің бірінде адамдардың алдына шығып:

«Ертең жиналыңдар! Зекет түйелерін бөлістірейік. Бірақ, ешкім рұқсатсыз құзырымызға кірмейтін болсын!» - деді.

Ертесі күні бір әйел күйеуінің қолына арқан ұстатып:

«Мынаны алып сен де бар. Кім біледі, бәлкім Аллаһ Тағала бізге де бір түйе нәсіп етер» деді. Әлгі кісі арқанын алып түйе тарқатылып жатқан жерге келеді. Ол жерден Хазірет Әбу Бәкір мен Омарды көріп, олардың қасына рұқсат алмастан кіріп барады. Хазірет Әбу Бәкір оған:

– Бұл жерге неге кіресің? - деп қолындағы арқанды алды да, ескертпек болып ақырын ғана салып қалды. Артынша бұлай істегеніне қатты өкінді. Түйелерді тарқатып болған соң әлгі кісіні жанына шақырып, арқанын қолына берді де:

– Мына арқанмен сен де мені ұрып, кегіңді ал! - деді. Сонда Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

– Аллаһқа ант етейін, ешуақытта бұлай істемейсің. Бұл әрекетті өзіңнен кейінгілерге әдет қылып қалдырушы болма! - деді. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Хош делік, сонда мені қиямет күні Аллаһтың ашуынан кім құтқармақ? - деді. Сонда Хазірет Омар:

– Одан да оның көңілін жұбатып, разы қыл! - деп ақыл айтты. Сосын Хазірет Әбу Бәкір қызметшісін шақырып, әлгі кісіге жабулы түйе әкелуін және сонымен қоса бес динар беруін бұйрық берді. Кейін ол кісі Әбу Бәкірді (радиаллаһу анһу) кешірді (Али әл-Мүттақи V, 595-596/14058).

***

Ансарлық бір жас жігіт бар болатын. Ол жәһаннамнан қатты

қорқушы еді. Тозақ жайында сөз қозғала қалса, көз жасы көл болып ағатын еді. Ақырында үйіне қамалып, сыртқа шықпайтын болды. Бұл жағдай Аллаһтың Елшісінің құлағына жеткенде Пайғамбарымыз оның жанына келді. Жас жігіт Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сағыныш толы көзбен қарап, орнынан атып тұрды да Әлемнің мырзасы Пайғамбарымыздың мойнына асыла кетті. Сол күйде рухын Хақ Тағалаға тәслім етіп, жерге жығылды. Сол кезде Әлемнің мақтанышы Пайғамбар мырзамыз былай деді:

«Бауырларыңды жуындырып, кебіндеңдер! Тозақтан қатты қорыққандығы жігерін езіп жіберіпті. Жаным құдірет қолында тұрған Аллаһқа ант етейін, Аллаһ оны тозақтан құтқарды. Кімде-кім бірнәрсені қаласа, оған қол жеткізудің жолдарын іздейді. Ал кімде-кім бірнәрседен қорқатын болса, одан қашады» (Хаким II, 536; Али әл-Мүттақи III, 708/8526).

***

Қасым рахимаһуллаһ былай дейді:

«Таңертең шыққанымда (туысым) Айшаның үйіне барып, оған сәлем беретінмін. Бір күні үйіне барғанымда нәпіл намаз оқып жатыр екен. Ол намазда:

«(Тақуа құлдар былай дейді: Мыңда бір шүкір) **Аллаһ бізге игілік жасап, бізді заһарлы тозақтан құтқарды»** (Тур сүресі, 27-аят) деген аятты оқып жатты. Қиямда тұрғанда дұға жасады, жылады, сол аятты қайта-қайта оқыды. Оны күте-күте шаршадым. Сосын қажет заттарымды алайын деп базарға бардым. Жұмыстарымды бітіріп қайтып, келгенімде Айша радиаллаһу анһа әлі сол күйі тікесінен тұрып, намаз оқып жылап жатыр екен» (Ибн Жаузи, Сифатус-Сафуа II, 31).

***

Ибн Әби Мүләйкә рахимаһулла былай дейді:

«Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларынан отыз кісінің көзін көрдім. Олардың барлығы өз жандары үшін екі жүзділіктен қорқатын еді. Және олардың ешқайсысы Жәбірейіл мен Микайлдың имандарындай иманға ие екендіктерін айтпаушы еді» (Бұхари, Иман 36).

***

Бір күні Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Ханзаламен (радиаллаһу анһу) жолығып қалады. Одан хал-жағдайын сұрады. Ханзала (радиаллаһу анһу) қатты қобалжыған күйде:

– Уа, Сыддық, Ханзала мұнафық болды, - деді.

Хазірет Әбу Бәкір:

– Субханаллаһ! Бұл қандай сөз? - деді. Сонда Ханзала (радиаллаһу анһу):

– Біз Хазірет Пайғамбарымыздың сұхбатында отырғанда ол бізге жәннат пен тозақ туралы айтатын еді. Біз тіпті оларды көзімізбен көріп тұрғандай күй кешетін едік. Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасынан кетіп, бала-шағамызға барғанда немесе дүниелік істерімізбен шұғылданғанымызда оның айтқандарының көбін ұмытып кетеміз. (Оның сұхбатынан алған әсерлерімізді жоғалтып қоямыз) - деді.

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уаллаһи ондай жағдай менде де болады, - деді.

Сосын екеуіміз тұрған жерімізден тура Расулуллаһ мырзамыздың құзырына барып, оған басымыздан өткен жағдайды айтып бердік. Сонда Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етейін, үнемі менің қасымдағыдай күйлеріңді бір қалыпты сақтап, әрдайым зікір қылып жүре алсаңдар төсектеріңде жатқандарыңда да, жолда жүргеңдеріңде де періштелер қастарыңа келіп, сендермен қол беріп амандасар еді (Үш мәрте қайталап):

«Ей, Ханзала! Кейде олай, кейде бұлай болып тұрады!» деді (Мүслим, Тәубе 12).

Байқап отырғанымыздай, қадірлі сахабалар үнемі өздерін есепке алып, жүріс-тұрыстарын бақылап жүретін болған. Өмірдің сан түрлі ауыртпалықтарына қарамастан, олардың асыл алаңдайтын нәрселері имандары мен рухани құндылықтарын әлсіретіп алмау болған.

***

Бір күні Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) бір үйдің жанынан өтіп бара жатып, үй иесінің қатты дауыстап Тур сүресін оқып жатқанын естіді. Үй иесі:

«Раббыңның азабы күмәнсіз болады. Оны қайтаратын ешнәрсе жоқ» (Тур сүресі, 7-8 аяттар) деген аятқа келгенде Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) көлігінен түсіп, біраз уақыт қабырғаға сүйеніп тыңдап тұрады. Сосын бұл аяттағы ескертуден қатты әсерленіп, біраз уақыт үйінде ауырып жатып қалады.[138]

***

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай деген:

«Көктен дауыс келіп: «Ей, адамдар! Тек бір кісі ғана тозаққа кіреді» десе, «сол кісі мен емес пе екенмін?» деп қорқамын. «Ей, адамдар!

138. *Ибн Рәжәп әл-Ханбали, әт-Тахуиф минән-Нар, Димашқ 1979, 30 б.*

Тек бір кісі ғана жәннатқа кіреді» десе, «сол кісі мен екенбін бе?» деп үміттенемін».[139]

Мүминдердің әрдайым осындай күйде жүруі, яғни хауф пен рәжа арасында болуы мына аятта әмір етілген:

«(Ол тақуа құлдар түнгі уақытта намаз оқып, истиғфар ету үшін) **жамбастарын жылы төсектерінен ажыратады** (тәтті ұйқыларын бөледі)**. Раббыларының азабынан қорқа әрі рақымын дәмете отырып дұға етеді. Әрі олар өздеріне берген ризықтарымыздан қайырымды жолдарға жұмсайды»** (Сәжде сүресі, 16-аят)**.**

***

Бір күні Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) Аллаһ Тағаланың құзырында есеп берудің ауыр болатынын ойлап отырып, жерден сабанның сабағын алады да:

«Ах, шіркін! Осы сабан сияқты болғанымда ғой. Дүниеге еш келмегенімде ғой. Анам мені тумағанда ғой. Толығымен ұмытылып кетсем ғой» деп күрсініп, өкінген екен (Ибн Сағд III, 360-361).

***

Бір кісі Хазірет Алиден (радиаллаһу анһу):

– Уа, мүминдердің әміршісі! Намаз уақыты кіргенде неге өңіңіз өзгеріп, қалтырап кетесіз? - деп сұрапты. Сонда Хазірет Али оған:

– Жер мен көк көтере алмаған, таулардың да арқалауға шамасы жетпеген аманатты орындайтын уақыт келді. Сол аманатты кемшіліксіз орындай алар ма екенмін, әлде алмас па екенмін білмеймін? - деп жауап беріпті.

***

Хазірет Хасанның (радиаллаһу анһу) дәрет алып жатқанда реңі бұзылып кетеді екен. Мұны байқап қалған бір кісі:

– Уа, Хасан! Дәрет алғанда жүзің неге бозарып кетеді, - деп сұрапты.

Сонда ол:

– Жалғыз ғана құдірет иесі Ұлы Аллаһтың құзырына шығатын уақыт келді, - деп жауап беріпті.

Хасан (радиаллаһу анһу) мешітке кіргенде былай дұға жасайды екен:

«Уа, Раббым! Бейшара құлың қақпаңа келіп тұр. Уа, кеңшілігі мол

139. Али әл-Муттақи XII, 620/35916. Қосымша қараңыз, ибн Рәжәп әл-Ханбали, әт-Тахуиф, 15 б.

Аллаһым! Күнәһар құлың алдыңа келді. Сен салих құлдарыңа жаман құлдарыңның жамандығын кешіруді әмір еттің. Өйткені, сен кешірім мен кеңшілік иесісің. Уа, Аллаһым! Менің істеген күнәларымды сол кешірім және кеңшілігің арқылы кешіп, рақымыңа бөлегейсің!».

***

Хазірет Әбу Бәкір Уаррақтың кішкентай баласы бар еді. Ол бір ұстаздан Құран Кәрім үйреніп, дәріс алып жүрді. Бір күні сабақтан реңі бозарып, денесі қалтырап ерте қайтып келеді. Хазірет Әбу Бәкір Уаррақ оның бұл халіне қатты алаңдайды. Одан:

– Ұлым! Саған не болды? Неге сабақтан ерте қайттың? - деп сұрады.

Кішкене ғана жүрегіндегі Аллаһқа деген қорқыныштан өңі солып, бозарып кеткен ұлы:

– Уа, әкешім! Бүгін ұстазым маған Құранның бір аятын үйретті. Оның мағынасын түсінгенімде тұла бойымды қорқу сезімі билеп, осындай халге түстім, - деді. Сонда әкесі:

– Ұлым, ол қайсы аят? - деп сұрады. Баласы аятты оқи бастады:

«Егер қарсы келсеңдер, кішкентай балаларды ақ шашты қарияларға айналдырып жіберетін күннен өздеріңді қалай құтқармақсыңдар?» (Мүззәммил сүресі, 17-аят)**.**

Кейін әлгі жас бала аяттағы ескертуден қатты әсерленіп, науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Көп уақыт өтпей жатып-ақ рухын тәслім етеді яғни о дүниеге аттанады.

Ұлының бұл халі әкесін қатты ойландырып, толғандырады. Ұлының қабірін жиі-жиі зиярат етіп, көз жасын төгіп жылап, өз-өзіне былай деп жүреді:

«Ей, Әбу Бәкір! Ұлың Құранның бір-ақ аятын үйренді де Аллаһтан қорқып рухын тапсырды. Ал сен болсаң қанша уақыттан бері Құран Кәрімді оқып жүрсің. Сонда да сен Аллаһтың хақтарынан кішкентай бала құрлы қорқуды білмейсің бе?!»

Күмәнсіз бұл оқиға Аллаһ Тағала жүрегіне ерекше сезімталдық нәсіп еткен кішкене ғана баланың иманын байқатып тұр. Сонымен қатар, Аллаһтың қасиетті кәләмін мағынасына терең үңіліп, бар ынта-ықыласпен оқу керектігін және Аллаһтың ұлылығының алдында қандай кейіпте болу керектігін, яғни қысқаша хашиятуллаһты (Аллаһтан қорқуды) меңзеп тұр. Бұл мәртебеге жетудің жолын Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деп баяндайды:

«Сонда түн ішінде сәжде жасап, қиямда тұрып ғибадат еткен, сондай-ақ ақыреттазабынанқорқып, Раббысыңмейірім-шапағатынан

үміт еткен кісі (көпір сияқты) **ма?** (Расулім)**: «БІЛЕТІНДЕР МЕН БІЛМЕЙТІНДЕР ТЕҢ БЕ?» деп айтшы. Шын мәнінде тек ақыл иелері ғана үгіт-насихат ала алады»** (Зүмәр сүресі, 9-аят)**.**

Олай болса, шынайы ілім – құлды Аллаһ алдында тақуа болуға, қорқу сезіміне жетелейтін ілім, яғни мағрифатуллаһ. Мұндай ілімге қол жеткізе алу үшін аятта баяндалып өткен үш нәрсеге көңіл бөлу қажет:

1. Түнгі уақыттарда сәжде жасап, қиямда тұру арқылы жүрегімізде Аллаһ Тағаламен әрдайым бірге болу сезімін қалыптастыру.

2. Әр кезде, әр қандай жағдайда, әрбір әрекетімізде ақыретте беретін есепке алаңдап жүру және бұл дүниеде өткінші екендігімізді ұмытпау.

3. Раббымыздың мейірім-шапағатын үміт етіп, әрдайым дұға жасау, мінәжат ету. Өйткені, асқақ рухтар әрдайым дұға етіп өмір сүреді.

***

Мансұр бин Аммар былай дейді:

Бір күні түнде таң атқан екен деп далаға шықтым. Қарасам, әлі таң атпаған екен. Бір үйдің жанынан өтіп бара жатып біреудің қайғы-мұңға беріліп, жылап мынадай дұға жасап отырғанын естідім:

«Уа, Раббым! Көп күнә істедім. Өзіме обал қылдым. Менің мақсатым – Сенің сөзіңді сынау емес еді. Мен нәпсіме жеңілдім. Қандай күнә істесем де, маған ешнәрсе істемейтініңді біліп, Сенің Саттар деген сипатыңа алдандым. Істеген күнәларымды білместіктен істедім. Қателескенімді енді түсіндім. Мені азаптасаң жағдайым не болмақ? Обал жоқ өзіме, обал жоқ өзіме! Уа, Раббым! Құлдарыңа Сырат көпірінен өтуді әмір еткен күні олардың кейбірі тозаққа түседі, кейбірі де жәннатқа кіреді. Сол кезде мына міскін құлың қай топтан болады екен?!».

Сосын жәһһаннам жайында бір аят естілді. Үйдің ішінде дұға жасап, мінәжат етіп жатқан әлгі жас жігіт бір мәрте «Ах» деді де үндемей қалды.

«Не болды екен, үні шықпай қалды ғой» деп алаңдадым. Үйдің орнын жақсылап біліп алған соң кері қайттым. Таңертең келіп қарасам, сол үйдің алдында жаназа шығарылып жатыр екен. Не болғанын сұрағанымда анасы маған мыналарды айтты:

«Мына өлген менің ұлым. Өзі Хазірет Пайғамбарымыздың ұрпағынан. Түн болса болды, намазханасына кіріп алып таң атқанша жылайды. Күндіз тапқандарын кедейлерге тарқатып береді. Жәһаннам туралы бір аят естіп еді, содан шыдай алмай жылап-жылап, соңында құлап түсті. Сосын рухын Хақ Тағалаға тәслім етті».

Мен оған:

«Ей, ханым! Ұлың жәннатқа кірді. Өйткені, Аллаһтан қорқып жылаған кісі жәһаннамға кірмейді. Осындай халде жанын тәсілім еткен кісі жәһаннамға кіруші ме еді? Әсте! Олай болса, Аллаһқа шүкір ет!» дедім.

***

Явуз Сұлтан Селим хан жіберілген қателіктерге, салғырттықтарға қарсы тым қатал болатын. Бірақ, оның қаталдығы Аллаһтың әмірлерінің жанында жұмсарып, еріп сала беретін. Оның бойындағы Аллаһтан қорқу сезімі барлық нәрседен жоғары еді. Күндердің бірінде ол мемлекеттің қазынасын қорғауда жіберілген қателік пен салғырттықтың салдарынан орын алған ұрлық үшін шамамен қырық кісінің өлім жазасына тартылуын әмір етеді. Бұл жағдайды естіген Шайхул-Ислам Зәнбилли Али Ефенди өлім жазасына бұйрық шықпай тұрып тоқтатпақ болып, тездетіп, рұқсат та алмастан падишахтың алдына кіріп барады. Оқиғаның мән-жайын тағы бір мәрте сұлтанның өз аузынан естиді. Сұлтан Явуз:

– Қадірлі Хазірет! Естігендеріңіз рас. Бірақ сіздің мемлекеттің істеріне араласуға хақыңыз жоқ... - деп қатаңырақ жауап берді.

Сонда Шайхул-Ислам Зәнбилли Али Ефенди де қатаң үнмен:

– Сұлтаным! Мен сізге шариғаттың үкімдерін айтуға келдім. Өйткені біздің міндетіміз сіздің ақыретіңізді қорғау... - деп жауап қайырды.

Хақ дін Исламның қылдан жіңішке, қылыштан өткір үкімінің алдында тыныштalып қалған Явуз Сұлтан Селим хан:

– Жалпы қоғамның түзелуі үшін бір топ адамның өлім жазасына кесілуіне ешқандай рұқсат жоқ па? - деді.

Зәнбилли Али Ефенди:

– Бұлардың өлтірілуінің әлемнің түзелуіне ешқандай қатысы жоқ. Кінәларына сай жазалануы керек... - деді.

Талай шайқастарда қаншама әскерді тізе бүктірген падишах бұл жолы басын төмен салбыратып, бұйрығын кері қайтарып алды. Падишахтың бұл ісіне дән риза болған Хазірет Зәнбилли Сұлтанның құзырынан шығып бара жатты да, кері қайтты. Өзіне алаңдап қарап тұрған Явузға:

– Сұлтаным! Алғашқы талабым – дініміздің үкімін жеткізу болатын. Тағы да бір талабым бар, ол – жай бір өтініш қана... - деді. Сосын сөзін арықарай жалғастырып:

– Сұлтаным! Бұл қылмыскерлердің қылмыстары тек өздеріне ғана тиесілі. Бірақ, бұлар қамауда жатқанда кінәсіз жанұяларына кім қарайды? Сондықтан сізден өтінерім, беретін жазаңыз аяқталғанға дейін бұлардың жанұяларын нәпақамен қамтамасыз етіп тұрсаңыз, - деді (Қараңыз; Мұстафа Нұри Паша, Нәтайжул-Уқуғат, Анкара 1987, I-II, 90-91 б.).

Занбилли Алидің екінші талабын да орындаған Сұлтан Явуз хан иләһи жауапкершілік жүктеген міндетті шүбәсіз саналы түрде атқарған болатын.

***

Зәнбилли Али Ефенди осыған ұқсас тағы бір мәселеде де сұлтанды ескерткен болатын. Алайда, сұлтан өзінікін дұрыс деп білгендіктен Шайхул-Исламға бұл ретте де:

– Сіздің міндетіңіз мемлекеттің ісіне араласу емес, - деген болатын.

Сұлтанның қатаң жауабына Зәнбилли Али Ефенди батыл түрде:

– Сұлтаным! Бұлар ақырет істеріне жатады. Сондықтан, араласуға хақымыз бар. Егер берген қарарыңыздан бастартпайтын болсаңыз, махшардағы ауыр азапқа дайын болыңыз!.. - деді.

Шайхул-Ислам осыларды айтқаннан соң сұлтанға сәлем берместен кетіп қалады. Ол кезде Явуз Сұлтан Селим хан сапарға аттанғалы тұр еді. Ол осы уақытқа дейін ешкімнен көрмеген мұндай әрекетке қатты ашуланса да, кейін ақиқатқа көзі жетіп, Шайхул-Исламның ескертуін қабыл алады. Сөйтіп, қарарын қайта өзгертеді. Сосын Зәнбилли Али Ефендиге кешірім сұрап хат қалдырып кетеді.

Явуз Сұлтан әлемнің билеушісі болса да, жүрегіндегі Аллаһтан қорқу сезімі оны өз қалауы бойынша билеп-төстеуге жол бермеген. Ал Шайхул-Исламның Аллаһтан қорқу сезімі болса, өзіне үлкен батылдық сыйлаған. Тіпті, оның бұл қорқу сезімі ешнәрседен тайсалмастан Явуз сияқты қатал падишахты ескертуге итермелеген.

***

Бұрынғы өткен ғасырда бір уәзір үлкен мұтасауф, яғни сопы Хазірет Зүннун Мысримен жолығып:

– Маған медет бер. Мен күндіз-түні падишахқа қызмет етудемін. Оның маған жақсылық ететініне үміт етемін. Дегенмен ашуланып, жазғырып жүре ме деп те қорқамын, - деді.

Сонда Зүннун Мысри көзі жасқа толып:

– Егер мен сенің падишахтан қорыққаныңдай Аллаһтан қорқатын болсам, онда мен сыддықтардан, яғни шыншылдардың қатарынан болар едім, - деді.

***

Қорыта айтқанда, «Әрбір жақсылықтың әуел басы – Аллаһ сүйіспеншілігі, ал хикметтің әуел басы – Аллаһтан қорқу».

Аллаһты сүйетін, танитын адам Оның махаббатына лайық бола алмай

қалу немесе азабына ұшырап қалу деген үйреймен әрдайым сақ жүреді. Яғни, өмірін ихсан деңгейінде өткізеді.

Егер пенде Аллаһтан шынайы түрде қорқатын болса, өмірін Ислами шеңберде ретке келтіреді және дүниедегі әрі ақыреттегі қорқыныштардан аман жүреді. Бұл жайында Әлемнің мырзасы былай дейді:

«Үш нәрсе адамды құтқарады: Жасырын әрі ашық түрде Аллаһтан қорқу, көңіл хошта және ашулы кезде әділдікті орнату, кедей яки бай болған кезде үнемшіл болу. Тағы үш нәрсе бар, олар адамды азапқа душар қылады: Соңынан еретін бос қалау, сараңдық және адамның өзін ұнатып, мақтауы» (Мүнауи III, 404/3471).

Дүние мен ақыретте тыныштық пен бақытқа қол жеткізе алу үшін қысқа ғана алдамшы өмірде Аллаһтан шынайы түрде қорқып, рукуғ пен сәжделерімізді, дұға мен мінәжаттарымызды көз жасын төге орындап әрі Құдай Тағаланың рақымы мен кешірімінен үміт ете отырып, жалбарына құлшылық жасауымыз керек.

3. ТАҒЗЫМ (ҰЛЫҚТАУ)

Тағзым – иманнан туындайтын тақуалық, сүйіспеншілік, сыпайылық, қадір-қасиетті бағалай алушылық сияқты жақсы қасиеттер мен жүректегі сезімталдықтың туындысы. Осыған орай, Исламның түпкі мағынасына қысқаша мына екі өлшем аясында анықтама берілген:

а. «Тағзим ли әмриллаһ», яғни Аллаһтың бұйрықтарына құрмет көрсетіп, аса ұқыптылықпен орындау.

ә. «Шәфқат ала халқилләһ», яғни Жаратқанның жаратқандарына мейірім-шапағат ету.

Ең жоғарғы әдеп – Аллаһ Тағала алдында тағзым ету. Мұның ең ашық әрі тамаша белгісі ғибадаттарда көрініс табады. Содан кейін Аллаһқа жақындық дәрежелеріне қарай басқа жаратылғандарға құрмет көрсетіп, сыпайылық таныту. Аятта былай деп бұйырылады:

وَمَنْ يُعَظِّمْ شَعَائِرَ اللهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلُوبِ

«...Кімде-кім Аллаһтың (дін) рәміздеріне тағзым етсе, (ұлықтаса) **күмәнсіз бұл – жүректің тақуалығынан»** (Хаж сүресі, 32-аят)**.**

Осыған орай, намаз, Құран Кәрім, азан, құрбан, қасиетті аманаттар, қасиетті Қағба және Сафа мен Мәруа жоталары секілді киелі мекендер, міне осылардың барлығы Аллаһтың рәміздері болып табылады. Қажылық пен үмра құлшылықтарын орындау кезінде осы аталғандарға кемшіліксіз құрмет көрсетіп, тағзым ету керек. Қағбаға қарай аяқ созып

отыру немесе жату, мүбәрак жерлерде бос сөз сөйлеп, қажетсіз әңгімелер айту, Құран Кәрімді құрметсіздікпен оқу немесе тыңдау, я болмаса тағзымға нұқсан келтіретіндей дәрежеде жерге қою секілді жағымсыз әрекеттерден сақ болған жөн.

Аллаh (жәллә жәләлүhу) өзінің Затына, пайғабарларына, уәли құлдарына және қасиетті жәдігерлерге құрмет көрсетіп, тағзым қылғандарды ерекше сыйға кенелтіп, әрдайым рақым нұрына бөлеп отырады. Сондай-ақ, Хазірет Пайғамбар (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) араларында жүргені үшін, тіпті Мекке мүшріктерінің өзін де азаптамаған.[140]

Аллаh Тағаланың өз рәміздеріне тағзым жасаған пенделерін иләhи сыйға кенелтетініне Құран Кәрімде ғибратты қисса ретінде баяндалған Перғауынның сиқыршылары ең тамаша дәлел болмақ. Перғауын Хазірет Мұса аләйhис-сәләмнің мұғжизалары алдында дәрменсіз қалғандықтан, Мысырдың сиқыршыларын жинауға мәжбүр болады. Оларға үлкен сыйлықтар уәде етеді. Алайда, сиқыршылар жарыс басталар кезде Аллаһтың пайғамбары Мұса алеhис-сәләмға сыпайылық танытып, алғаш бастауды соның еркіне қалдырады. Сиқыршылардың осы бір кішіпейілділіктері Аллаһқа ұнаса керек, сол кезде-ақ олардың жүректерінде hидаят (тура жол) шоғы тұтана кетеді. Артынша, шәhидтік мәртебеге қол жеткізіп, иманның шарапатты дәмін татуға себеп болады. Ол сондай бір иман – тіпті өліммен бетпе-бет келсе де, ешнәрседен тартынбайтын кәміл иман...

Хазірет Мәулана осы қиссада Аллаһтың рәміздеріне тағзым ету сырының көрініс табуын былай деп баяндайды:

«Сиқыршылар жарыстың басында ұлы пайғамбарға, Аллаһқа жақын құлға ілтипат етіп жол берулері, сыпайылық танытулары, құрмет көрсетулерінің нәтижесінде таухид сеніміне келді. Бірақ, ұлы пайғамбармен жарысқа түскендіктері үшін де жазаға тартылды».

Осман ғазидың Құран Кәрімді құрметтеп, тағзым етуі нәтижесінде көрген түсі және ол түсті жорамалдаған Хазірет Шайх Әдепалидің өз қызын онымен үйлендіруі де көпке танымал оқиғалардың бірі. Сондықтан тарихта ең ұзақ өмір сүрген Осман мемлекетінің асыл негізінде Құран Кәрімге көрсетілген құрмет, тағзым, махаббат, сыпайылық пен қызметтің жатқандығында дау жоқ.

Қуатын Құран Кәрімге деген құрметтен алған бұл ұлы мемлекет уақыт өте келе қасиетті жәдігерлерге қол жеткізіп, оларға тарихта теңдесі жоқ тағзым үлгісін көрсеткен және оларды күнімізге дейін сақтап келген. Сонымен қатар, қасиетті мекен әл-Харамайн әш-Шәрифайнға (Мекке

140. Әнфал сүресі, 33-аят.

мен Мәдина) ұзақ жылдар бойы қасиеттілігіне лайық деңгейде зор құрметпен қызмет еткен.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Һұрайраның (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешіттің құбыла жағынан бір қақырық көреді. Сонда Пайғамбарымыз адамдарға бұрылып:

«Кейбіреулерге не көрінген?! Раббысына қарай бет бұрады, сөйте тұра алдына түкіреді. Сендердің қайсыбірің біреудің өзіне қарай бұрылып жүзіне түкіргенді жақсы көресіңдер?..» деп ескерту жасады (Мүслим, Масажид 53).

***

Жүнәйд Бағдади тақуа екендігі айтылып жүрген бір кісіні зиярат етіп барғанда оның құбыла жаққа қарай түкіргенін көреді. Содан кейін:

«Бұл адам сүннетпен амал етпейді екен» деген оймен, онымен жолықпай кері қайтып кетеді.

***

Әнастың (радиаллаһу анһу) риуаятыбойынша Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әжетханаға кірерде Аллаһ Тағалаға деген құрметінен қолындағы «Мұхаммадур – Расулуллаһ» деген жазуы бар жүзігін шешеді екен» (Әбу Дәуіт, Тahарат 10/19).

***

Хазірет Расулуллаһ қажылық кезінде Байтуллаһты көргенде екі қолын көтеріп:

«Уа, Аллаһым! Мына үйіңнің абырой-беделін, ұлылығын және қасиеттілігін арттыра гөр. Оны қажылық және ұмра жасау арқылы тағзым қылғандардың да абырой-даңқтары мен мәртебелерін, құрметтері мен жақсылықтарын арттыра гөр!» деп дұға жасаған (Ибн Сағд II, 173).

***

«Біз (сендер құрбандық ретінде таңдаған) ірі қара малдарды да Аллаһтың рәміздерінен (оны еске салатын белгілерден) қылдық...» (Хаж сүресі, 36-аят) деп аятта айтылғандай құрбан да Исламның рәміздеріне жатады. Сол себептен, құрбанға және құрбандық жануарларға Аллаһ үшін құрмет көрсету керек. Барлық ғибадаттардағы сияқты құрбанда да асыл мәселе – тағзым мен тақуалық. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһқа сойған құрбандықтарыңның еті де, қаны да бармайды. Оған баратын тек сендердің тақуалықтарың ғана…» (Хаж сүресі, 37-аят)**.**

Әлемнің мырзасы Пайғамбарымыздың құрбан арқылы Аллаһқа көрсеткен тағзымына мына бір оқиғаның тамаша мысал болары сөзсіз:

Мұсылмандар ұмра ғибадатын орындау үшін жолға шығып Хұдайбия жеріне жеткенде мүшріктер олардың Меккеге кірулеріне тыйым салады. Ардақты сахабалар өздерімен бірге құрбандықтарын да ала келген болатын. Солардың ішінде Бәдір соғысында олжа ретінде қолға түсірілген Әбу Жәһілдің асыл тұқымды түйесі де бар еді. Сол түйе құрбандық түйелермен бірге жайылып жүріп, Меккеге қарай қашып, Әбу Жәһілдің үйіне дейін барады. Сахаба Амр бин Анәмә (радиаллаһу анһу) түйені артынан іздеп барады. Базбіреулердің оны Амрға қайтарғылары келмеді. Кейін мүшріктер сол түйені қайтарып алу үшін жүз түйе ұсынды. Бұл жағдай Пайғамбарымыздың құлағына жеткенде:

«Егер біз оны құрбандыққа атамағанымызда, қалауларыңды орындайтын едік!» деді (Уақиди II, 614).

Бұл жерде Аллаһтың Елшісінің жұмсақтық әрі төзімділік таныту арқылы Аллаһқа құрмет етіп, тағзым еткендігін байқаймыз. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың ең жұмсақ мінездісі еді. Адамдардың орынды тілектерін кері қайтару оның әдеті емес еді. Бұл жерде байқап отырғанымыздай, кәпірлердің де тілектерін орындамақшы еді. Алайда, оның Аллаһқа және діннің рәміздеріне деген тағзымы барлық нәрседен жоғары тұрды. Сол себептен, Аллаһ үшін құрбандыққа аталып қойған малды басқа жолға қолданбады.

***

Құрбан мәселесінде Аллаһтың уәли құлдары көрсеткен тағзым да өте ғибратты:

Хазірет Сами мырза мен марқұм әкем Мұса мырза құддиса сирруһ құрбан бауыздағанда өте ұқыпты әрекет етуші еді. Олар бір шұңқырға екі құрбан бауыздатқызбайтын. Малдың көзін міндетті түрде байлатқызатын. Оларды сойылатын жерге итеріп, ұрып-соғып, яғни сүйреп апартқызбайтын. Егер шалынатын құрбандық уақ мал болса, құшақтап, мейіріммен апаруды талап ететін. Бауыздағанда пышақтың өткір болуына баса назар аударатын. Жануарды қинамай дұрыстап бауыздауды және қанының жақсылап ағып кетуін талап ететін. Құрбан бауыздалып жатқанда отырмайтын. Қаны толық ағып біткенше түрегеп тұрып күтетін.

Өйткені, құрбан да басқа құлшылықтар сияқты ықылас-сезіммен орындалуы тиіс ғибадат. Құрбан – Аллаһты ұлықтап, тағзым етудің әрі берген нығметтері үшін Оған шүкіршілік етудің және Оның жолын-

да көрсетілетін жанқиярлықтың белгісі. Аллаһ Тағала жануарларды адам баласына пайдалануы үшін жаратқан әрі оның қызметіне ұсынған. Етінен, сүтінен, терісінен, жүнінен, қысқасы барлық нәрсесінен пайдаланылатын бұл нығмет – Аллаһтың құлдарына деген үлкен сыйы.

Бір шыны аяқ су берген кісінің өзіне рақмет айтуды адамгершілік міндетіміз деп есептейміз. Олай болса, бізге сансыз нығметтер сыйлаған Ұлы Аллаһ Тағалаға әрдайым шүкіршілік етіп жүруіміз асыл борышымыз болып табылмақ. Сондай-ақ, пайдалануымыз үшін берілген жануарларды құрбандық етіп шаларда Аллаһқа деген тағзымымыз бен құрметімізді ұмытпай, жұмсақ әрі мейірімді болғанымыз абзал.

***

Хазірет Омар мен Хазірет Осман (радиаллаһу анһума) әр күні таңертең Мұсхаф Шәрифті (Құран Кәрімді) құрметпен сүюді әдетке айналдырған. Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) да әр күні таңертеңгісін Мұсхафты ұстап, аса құрметпен сүйіп, сосын:

«Раббымның сөзі, Раббымның айқын пәрмені!» деп бауырына басады екен (Кәттани II, 196-197).

Икрима (радиаллаһу анһу) Мұсхаф Шәрифті алып, жүзіне, көзіне сүртіп, жылап, сосын:

«Раббымның кәләмы! Раббымның кітабы!» деп Ұлы Аллаһқа деген тағзымы мен махаббатын осылайша көрсетеді екен (Хаким III, 272/5062).

***

Бұрындары сиямен жазылған жазуларды өшіру қажет болғанда сумен шаяды екен. Әнас (радиаллаһу анһу) Әділетті халифалар дәуіріндегі шәкірттердің Құран аяттары шайылған суларды қалай болса солай төкпейтіндіктерін, керісінше арнайы ыдыстарға құйып, қабірлердің жандарына немесе адам аяғы баспайтын жерлерде қазылған таза құдықтарға төгетіндіктерін айтқан. Сонымен қатар, бұл суларды шипа ретінде қолданған кездері де болған екен (Қаттани II, 200).

***

Мекке халқы Құран Кәрім түспей тұрып, ең жақсы деп тапқан әдеби жеті жырды «Муғаллақатус-Сабға» деген айдармен Қағбаның қабырғасына іліп қоюды әдетке айналдырған. Солардың ішінде Ләбид бин Рабиғаның жыры да бар еді. Ләбидтің жыры бірнеше жыл бойы Қағбаның дуалында асулы тұрды. Кейін ол иман нығметіне бөленіп, мұсылман болған соң Аллаһтың сөзін құрмет етіп ешқашан жыр айтпаған. Оның ең соңғы өлеңі мұсылман болған кезінде айтқан төмендегі екі қатар шумағы болды:

اَلْحَمْدُ لله إِذْ لَمْ يَأتِنِي أَجَلِي
حَتَّى لَبِسْتُ مِنَ الإِسْلاَمِ سِرْبَالاَ

«Аллаһқа мақтаулар болсын, ажалым келмей тұрып Исламның нұрлы киімін кию маған нәсіп болды» (Ибн Абдилбәр, әл-Истиғаб III, 1335).

***

Сүлеймен аләйһис-сәләм Сәбә ханшайымы Бәлқисқа «иманға кел» деп хат жолдайды. Ол кезде Бәлқис пұтқа табынатын. Хат қолына тиіп, оқыған соң:

«Қадірлі менің қолбасшыларым! Маған аса құрметті хат жіберіліпті. Бұл хат Сүлейменнен келді. Сондай-ақ, ол Аса рақымды әрі мейірімді Аллаһтың атымен басталады» деді.

Осыған орай кейбір ғалымдар:

«Бәлқис Хазірет Сүлейменнің хатына құрмет көрсеткені үшін иман шарапатына бөленді» деген ой түйген.

***

Аллаһтың уәли құлы Хазірет Бишр Хафи өмірінің алғашқы кезеңдерінде күнәһар пенденің бірі болатын. Бір күні мас күйде жолда келе жатып «бисмиллаһ» деген жазуы бар қағаз тауып алады. Оны жерден көтеріп, сүйіп, маңдайына қояды. Сосын үстіне хош иіс сеуіп, жақсы бір орында сақтайды. Сол түні түсінде мынадай дауыс естиді:

«Менің есімімді жұпар иіспен аңқыттың. Оны құрметтеп, тағзым қылдың. Құдіретім мен ұлығыма ант болсын, сенің есіміңді екі дүниеде де құрметті қыламын».

Осыдан кейін Бишр ұйқысынан оянанып кетіп, тәубе етеді. Сөйтіп шынайы ықыласпен Аллаһқа бет бұрады.[141]

***

Аллаһ Тағала мен Елшісіне әр түрлі үлгіде құрмет етіп, тағзым көрсеткен әрі оларды өмірлерінің ажырамас бір бөлшегіне айналдырған ата-бабаларымыз жазған кітаптарында «Лафзатуллаһты», яғни Аллаһ сөзін ашық түрде қолданбаған. «Бәлкім кітаптар төмендеу жерге қойылып жүрер» деген оймен «الله» сөзін «اه» деп қысқартып жазған.

***

Бір күні Аллаһтың уәли құлы Ибраһим бин Әдһам Хазірет Имам Ағзамның қасынан өтіп бара жатады. Әбу Ханифаның айналасындағы

141. Аттар, Тәзкиратул-Әулия, Тәһран 1372, 128 б.

шәкірттер Ибраһим бин Әдһамды кішімсініп, менсінбеген сыңай танытады. Мұны байқап қалған Имам Ағзам Ибраһим бин Әдһамға:

– Келіңіз мырзамыз, мәжілісімізге қатысып, мерейімізді үстем етіңіз! - деді дауыстап.

Ибраһим бин Әдһам ыңғайсызданған кейіпте сәлем беріп, өтіп кетеді. Олардың жанынан біраз жер ұзап кеткен соң Имам Ағзамның шәкірттері:

– Ол кісі «мырза» деген атаққа қай тұрғыдан лайық? Сіз секілді ұлы адам қалайша оған «мырза» деп айтады? - деді.

Сол кезде Имам Ағзам өзінің Аллаһтың әулие құлдарына деген тағзымы мен асқан сыпайылығын көрсететін мынадай жауап қайырады:

«Ол бар уақытын әрдайым Аллаһпен өткізеді. Ал біз болсақ, «қилә уә қалә», яғни тек ауыз толтырып сөйлеумен өткіземіз...»

Хазірет Имам Ағзам тәһәжжүд намазына кимек болып қымбат әрі әдемі матадан арнайы киім тіктірген. Бұл оның Аллаһқа деген тағзымын, ғибадаттарға деген әдебін және оларға қалай көңіл бөлетіндігін әрі қандай құрметпен қарағандығын байқатса керек.

***

Ахмед бин Ханбал рахматуллаһи аләйһи Аллаһтың досы Бишр Хафи құддиса сирруһтың жанына жиі-жиі барып, онымен сұхбат құратын. Оған қатты бауыр басып қалады. Бір жолы шәкірттері:

– Уа, Имам! Сіз Құран және Сүннет ілімдерінде мүжтаһид ғалымсыз. Сіз сияқты ғалымға қарапайым бір адамның қасына қайта-қайта бара беру жарасады ма? - деді.

Сонда Ұлы Имам Ахмед бин Ханбал оларға былай деп жауап берді:

– Иә, сендер атап өткен мәселелерді одан жақсы білуім мүмкін. Бірақ, ол Аллаһ Тағаланы менен жақсы біледі, менен жақсы таниды.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, Хазірет Имам Ағзам мен Ахмед бин Ханбал Аллаһқа деген махаббаттары мен тағзымдары үшін Аллаһтың ариф (білгір) құлдарына құрмет көрсеткен әрі оларды зиярат етіп, сұхбаттарынан пайдаланған.

***

Сина шөлі ешкім жүріп өте алмаған аса қиын шөлейтті жер болатын. Дегенмен Явуз Сұлтан Селим бел буып, нақты шешім қабылдап, Осман әскерін бастап шөлмен жүреді. Біраз уақыт өткеннен соң Явуз Сұлтан атынан түсіп, жаяу жүре бастайды. Әскерлері болса, оның бұл ісіне аң-таң болып келе жатты. «Ыстықтан тіпті аттардың қаны қайнап келе жатқанда Сұлтан неге атынан түсіп жаяу жүрді екен?» деп бір-бірімен

сыбырласып, олар да аттарынан түсіп жаяу жүреді. Пашалар Явуздың ең жақын досы Хасан Жанға:

«Сұлтаннан сұрашы, неге жаяу жүріп келеді екен?» - деді.

Хасан Жан сұлтаннан неліктен бұлай істегенін сұрағанда Явуз: «Хасан көрмей тұрсың ба, алдымызда Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келе жатыр?! Әлемнің мырзасы жаяу жүріп келе жатқанда, біз қалай аттың үстінде отырмақпыз?!» деп жауап қайырды.

***

Османдықта падишахтықтың белгісі – тәжі кию емес. «Тәж-дар» сөзі ресми мәтіндерде қаншалықты кездескенімен, барлық падишахтың падишахтығы халықтан ант алу (байғат) және қылыш асыну арқылы іске асқан. Бұл дәстүр Осман падишахы Сұлтан Уахидуддин кезеңіне дейін осылай жалғасып келген.

Стамбұл алынғаннан кейін ресми қылыш асынатын орын Хазірет Әбу Айюб әл-Ансаридің мазараты болды. Бұл үшін жасалатын салтанатты шара «Қылыш жиыны» деп аталатын.

Жаңадан тағайындалған падишах асынатын қылыш күнімізде Топкапы мұражайында сақтаулы тұрған Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) дың қылышы болатын. Падишахқа ол қылышты сол кезеңнің ең атақты дін адамы тағатын. Содан кейін падишах жария түрде тілек-дұғамен марапатталатын. Мұсылман еместердің марапаттауларын қабылдау үшін Едирнекапы қорғанының іш тарапына падишахқа арнайы шатыр құрылатын. Өйткені, Айюб алаңына 1839 жылы «Тазминат пәрмені» қабылданғанға дейін мұсылман еместердің аяғын бастырмайтын. Себебі, Харам Шәриф топырағы сияқты қасиетті саналатын бұл алаңға есімдері белгілі және белгісіз бірнеше сахаба жерленген. Яғни, бұл жер – мүбәрак сахабалардың қандары тамып, шәһид болып жерленген мекен.

***

IV Мұрат кезеңінде қатты сел жүріп Қағбаның екі қабырғасы ойылып едәуір зақымданады. Соған байланысты сол дәуірдің бас сәулетшісі Ридуан Аға Қағбаның жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін шұғыл түрде Мекке Мүкәррамаға аттандырылады. Бас сәулетші жақсылап тексеріп, зақым көрген жерлерді анықтап болған соң қасиетті Қағба жайында «құлады», «жығылды» деп айтудың орнына басқаша сөздер қолданады:

«Қағбатуллаһтың мына-мына жерлері бір тарапқа қарай сәждеге иіліпті».

Сондай-ақ, жөндеу жұмыстары барысында қажетті құрал-жабдықтарды тасу үшін пайдаланылған жануарлардың мүбәрак мекенді ластап, былғамауы үшін тиісті шаралар қолданған. Осы және басқа да назар аудартарлық құрмет пен тағзым үлгілерін көрсете білген.

Османдықтың қасиетті мекенге деген құрметтері мен тағзымы сонау бас қала Стамбұлдан бастау алған. Ол кезде қажылық сапары үшін Еуропа құрлығынан Азия құрлығына өтерде аяқ басатын алғашқы мекенді «Харам» деп атаған. Осылайша, әл-Харамайн әш-Шарифайнға көрсетілетін әдеп пен тағзым сол жерден шыққанда-ақ басталатын болған. Және де сол сапар барысында ғапылдықпен жасалған оғаш әрекеттердің ешбірі қабыл етілмейтін.

***

Шайыр Наби 1678 жылы бір топ мемлекет қайраткерлерімен бірге қажылық сапарға аттанады. Мәдина қаласына жақындаған сайын Набидің үйқысы қашып, іштей қатты тебіренеді. Ол топ ішіндегі бір пашаның байқаусыздықтан аяғын Мәдина Мунауараға қарай созып отырғанын көреді. Бұл әрекет оның көңіліне қатты тиеді. Осыдан әсерленіп, әйгілі өлең шумақтарын жаза бастайды.

Наби таң намазына жақын Мәдина Мұнауараға жақындағанда өзі жазған өлең шумақтарының Нәбәуи мешітінің мұнараларында оқылып жатқанын естіп қалады:

«Ұлы Аллаһтың назары түскен, сондай-ақ сүйікті пайғамбары Хазірет Мұхаммед Мұстафаның отаны әрі қонысы болған бұл мекенде әдепсіздік қылудан сақ бол!..»

«Ей, Наби, бұл мекенге әдеп қағидаттарын сақтап кір! Өйткені, бұл жер – атрапында қасиетті рухтар айналып ұшатын әрі пайғамбарлар (қақпасын) сүйген мүбәрак мекен».

Наби мұны естігенде қатты толқып кетеді. Сосын тез арада азаншыны іздеп тауып алып, одан:

– Бұл өлеңді кімнен және қалай үйрендіңіздер? - деп сұрайды. Азаншы:

– Түнде түсімізде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге:

«Үмбетімнің ішінен Наби есімді ақын мені зиярат етуге келе жатыр. Оның маған деген махаббаты мен құрметі өте зор. Оны осы сүйіспеншілігі мен құрметі үшін мешітімнің мұнараларынан өзінің өлеңімен қарсы алыңдар!» деп әмір берді. Сосын біз Пайғамбардың бұйырығын орындадық...» деді.

Сол кезде Наби көңілі босап, айқайлап жылап қоя береді. Жылаған бойда былай деп айтады:

«Демек, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған «үмбетім» деді. Демек, екі әлемнің жарық Нұры мені үмбетінің қатарына қабыл алды!..»

***

Осман халифатының соңғы падишахтарының бірі – Абдулазиз хан Хазірет Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайы ықыласпен әрі кіршіксіз махаббатпен мойынсұнатын. Бір күні науқастанып, әлсіз күйде төсекте жатқанында оған:

«Мәдина Мунауараның көршілерінен тілек-хат келді» деген хабар берілді. Падишах мұны есті сала бар күшін жиып, қызметшілеріне:

«Тез арада мені тұрғызыңдар! Харамайннан келген хат-хабарды тіке тұрып тыңдайын. Хазірет Пайғамбарымыздың көршілерінің тілектеріне аяқты созып жатып, әдепке қайшы келетін кейіпте тыңдауға болмайды!..» дей отырып, Мәдина Мунауара мен Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шексіз махаббаты мен тағзымын көрсетеді.

Сондай-ақ, ол Мәдина Мунауарадан хабар-ошар келгенде дәретін жаңалап, «Бұларда Мәдина Мунауараның мүбәрак тозаңы бар!» деп хатты сүйіп, маңдайына тигізетін. Содан кейін бас хатшыға беріп; «Ашып, оқы!» деп әмір беретін.

***

Ата-бабаларымыздың ғұлама-ғалымдар мен дана кісілерге көрсеткен сый-құрметтерінің өзі бір төбе. Ертұғрұл Ғази Аллаһтың уәли құлдарына құрмет көрсету керектігі жайында ұлы Осман Ғазиге және өзінен кейінгі буынның баршасына бағыт-бағдар көрсететін өсиетін айтқан:

«Тыңда ұлым! Мені ренжітсең де, Шайх Әдепалиді ешқашан ренжітуші болма! Ол біздің руымыздың рухани көсемі. Оның таразысы ешуақытта адаспайды.

Маған қарсы келсең де, оған қарсы келуші болма! Маған қарсы келсең ренжимін, қапа боламын. Ал оған қарсы келсең, саған бұрылып та қарамайтын боламын.

Бұларды Әдепали үшін емес, сен үшін айтып отырмын! Осы айтқандарымды өсиетім деп біл!..»

***

Осман Ғази де өзінің ұлы Орхан Ғазиге мына насихатты қалдырған:

«...Мемлекетке рухани күш беретұғын даналық иелері ғалымдарға әрдайым сый-құрмет көрсетіп, жақсылық жаса! Басқа бір мемлекетте тұғырлы ғалымның, арифтің немесе уәлидің бар екенін естісең, сыпайылық танытып, оларды мемлекетіңе шақыр! Осылайша, солардың берекетімен әрі қолдауымен дін мен мемлекет істері алға бассын!..»

***

Орхан Ғази дәуірінде «Киікті баба» деген атпен танымал болған Аллаһтың бір әулие құлы Ұлытау жеріне қоныс тебеді. Орхан Ғази оның

танымал кісі екендігін естіп, оған шақырту жібереді. Ол кісі таулы жерде киіктерге қамқорлық жасап, жануарларға қызмет етіп жүргендіктен Орхан Ғазидің шақыртуын қабыл алмайды және *«Орханның өзі де маған келмей-ақ қойсын!»* деп ескертіп жібереді.

Орхан Ғази ол кісінің мұнысына таңырқап, әрі шыдамсыздана себебін сұратып жібереді. Сонда ол:

«Дәруіштер – көзі ашық, көкірегі ояу жандар. Сондықтан, олар орынды әрекет қылулары керек. Олай істемей, туралықтан шатасса, дұғалары қабыл болмайды. Сіздер – ұмбеттің аманаттарын арқалаған жандарсыздар. Осыған орай, сіздер күзет әскерлерісіз, ал біз де дұға әскерлеріміз. Ұлы жеңістер дұға әскерлері мен күзет әскерлерінің ортақтаса әрекет етулерінің нәтижесінде болады. Осыларға қол жеткізу үшін күзет әскерлері қалай соғыс ілімімен әрі батылдықпен жабдықталса, сол сияқты дұға әскерлерінің де дүние және оның махаббатынан ұзақ болулары міндетті. Сондықтан, құзырыңызға келгенімде берілуі мүмкін сыйсияпаттар дәруіштеріміздің жүректеріне дүние сүйіспеншілігін салып, ақырет махаббатын әлсіретуі мүмкін. Соның салдарынан сіз де, біз де залал көріп, опық жеп қалуымыз ықтимал... Сұлтаным! Дегенмен, уақыты келгенде Аллаһ Тағала көрісіуді нәсіп етер, Иншаллаһ!» деп жауап қайырады.

Біраз жыл өткен соң Киікті баба Бурса қаласына келіп, Орхан Ғазидің ауласына шынар ағашын отырғызады. Оның келген хабарын сұлтанға жеткізгенде, Орхан Ғази тез арада сол жерге келеді. Киікті баба оған:

– Тәбәрік болғай деп отырғыздық. Ағаш осы жерде өсіп тұрғанда дәруіштердің дұғасы сен үшін және ұрпағың үшін қабыл бола берсін, - деді.

Орхан Ғази алдын өзіне айтылған ескертуге қарамастан, Киікті бабаға Инегөл және оның айналасындағы жерлерді шын көңілімен сыйға тартады. Алайда, көзі мен көкірегі тоқ Киікті баба:

– Мүлік Аллаһтікі. Ол оны лайықты иесіне береді. Біз оған лайық емеспіз, - деп қабыл алмайды.

Сұлтан қабыл алыңыз деп қайта-қайта өтінеді. Сонда Киікті баба беріп тұрған нәрсені қабыл алмау тәкаппарлық болар деген қорқынышпен:

– Қарсы алдымызда тұрған анау төбеден бері қарай дәруіштердің жері болсын! - деді.

Аллаһтың әулие құлына зор құрмет көрсеткен Орхан Ғази берген сыйлығын қабыл алғанына қатты қуанып, Киікті бабаның қолын ұстап қайта-қайта сүйді... Сұлтан Ғази Киікті баба дүниеден өткеннен кейін мазар мен оның атына мешіт салдырады. Ол мазар күні бүгінге дейін

зиярат етілуде.

Осман сұлтандарына нәсіп етілген Иләһи жәрдемнің басты себептерінің бірі де олардың Аллаһтың әулие құлдарына көрсеткен тағзымдары мен құрметтерінің арқасында екендігіне тарих беттерінің өзі куә.

***

Фатих Сұлтан Хазірет Ақшамсиддинге өте зор тағзым көрсеткен. Оның Стамбұл алынған күні айналасындағыларға дауыстап:

«Менің қуанышым, тек мына қамалдың алынуына ғана емес. Ақшамсиддин сияқты әзиз де мұбәрак Аллаһ досының менің заманымда және менімен бірге болуында...» деп айтуы еріксіз назар аударарлық жайт.

***

Осман мемлекетінің мәшһүр ғалымы Кемал Пашазаде әскери қызметте жүріп, кейін бұл қызметін тастайды да біржолата ілім жолына түседі. Кейбір деректерде оның не үшін әскери қызметін тастап, ілім жолына түскендігі жайында өз сөзімен келтірліген мәліметтер кездеседі. Солардың бірінде былай делінеді:

«Сұлтан Баязид хан уәлимен бірге әскери жорықта болатынмын. Сұлтанның жанында уәзірі Ибраһим Паша мен атақты қолбасшы Евраносоғлу да бар болатын. Евраносоғлының алдына ешқандай қолбасшы шыға алмайтын. Мәжілістерде ешкім одан жоғары отырмайтын. Алайда, сол уақытта ескі әрі жұпыны киім киген бір ғалым кісі келіп, Евраносоғлының жоғары жағына отырады. Оған ешкімнің қарсылық көрсетіп, лəм-мим деп ун шығармағанына таң қалдым. Қасымдағыларға:

– Евраносоғлу сияқты қолбасшының алдына шығып, одан жоғары отыруға дәті барған бұл адам кім екен? - деп сұрадым.

– Молда Лұтфи деген ғалым әрі дана кісі! - деді.

– Айлығы қанша екен? - дедім.

– Отыз дирһам, - деді. Таңырқаған күйі:

– Осыншалықты төмен мансабымен теңдессіз қолбасшының алдына қалай шығып кете алады? - дедім. Сонда олар маған:

«Ғалымдарға арқалаған діни ілімдерінің ұлылығы үшін тағзым көрсетіледі. Әйтпесе, иманды, білімді, көзі ашық және тәрбиелі пашалар мен қолбасшылардың бұған көңілдері разы болмас еді» деп жауап қайырды.

Сол уақытта менің көкейімде атақты қолбасшылар дәрежесіне жетуге бойымдағы қабілетімнің жеткіліксіз екендігі, дегенмен тек ілім жолын

қуу арқылы олардан айрықшалана алатындығым жайында ерекше бір сезім пайда болды. Сол сезіміме арқа сүйей отырып, толықтай ілім жолына беріліп, әскерлікті тастадым».

Кемал Пашазаде осы таңдауынан кейін ілімде «фариду асриһи», яғни «ғасырының бір туар тұлғасы» мәртебесіне ие болды. Сондай-ақ, ол Зенбилли Али Ефенди қайтыс болғаннан соң Осман мемлекетінің тоғызыншы Шайхул-Исламы болып тағайындалады.

***

Сұлтан I Ахмед хан Үскідарға барған күні базарда Хазірет Азиз Махмұд Һұдайыны кездестіріп қалады. Сосын ол дереу атынан түсіп, орнына ұстазын отырғызады. Ал өзі аттың артынан ілесіп, жаяу жүріп келе жатады. Хазірет Һұдайы біраз жер жүрген соң падишахтың жаяу жүргеніне көңілі разы болмай:

«Тек ұстазымның дұғасы мен сұлтанымның әмірі орындалсын деген оймен ғана отырдым!» деп аттан түседі. Осылайша ұстазы Хазірет Уфтаданың:

«Балам! Падишахтар соңыңнан жүрсін!» деп жасаған дұғасы орындалған еді.

***

Сұлтан I Ахмед хан Хазірет Азиз Махмұд Һұдайыға ерекше құрмет көрсетіп, тағзым ететін. Бір күні ол сарайда Хазірет Азиз Махмұд Һұдайымен бірге сұхбат құрып отырады. Азиз Махмұд Һұдайы дәретін жаңартпақ болғанда I Ахмед хан ол кісіге құмған мен леген әкеліп береді. Падишах ұстазына құрмет жасап, құмғанды өз қолымен ұстап су құяды. Сұлтанның анасы да тордың ар жағынан сүлгі дайындап тұрады. Оның анасы ішінен:

«Хазірет Азиз Махмұд Һұдайының бір кереметін көре алсам ғой» деп ойлайды. Сонда Хазірет Азиз Махмұд Һұдайы сұлтанның анасының көкейіндегі ойды Аллаһтың қалауымен сезіп:

«Таң қаласың! Кейбіреулер біздің керемет көрсеткенімізді қалайды. Алайда, дүниежүзін билеп-төстеп отырған халифаның қолымызға су құюынан және құрметті анасының бізге сүлгі дайындағанынан асқан керемет бар ма?!» - дейді.

***

Чанаккале берік қамалының қолбасшысы Мирлива Жеват паша бұғазға мықтап орнығып алған дүшпан корабльдерінен қарша бораған зеңбірек астында мұңға батып отырып, қатты шаршағандықтан көзі ілініп кетеді. Түсінде құлағына жай бір дауыс келіп:

«Ей, Жеват! Сендер Аллаһ Тағаланың қасиетті сөзін құрмет тұтып, тағзым қыласыңдар! Сондықтан, сендерді Хақ Тағаланың жәрдемімен сүйіншілеймін! Мына теңізге бір көз салшы!» дейді.

Жеват паша бұғазға қараса, ортасында арабша «кәф» және «уау» әріптері жазулы бір нұр көреді. Сөйтіп, артынша ұйқысынан оянып кетеді.

Жеват паша ертесі күні бір мазардың қасында фатиха сүресін оқып отырып түсінде көрген дауысты тағы естиді:

«Ей, Жеват! Қоймадағы 26 минаны теңізге төсе!»

Жеват паша мұны естіп, қатты қобалжиды. Мұның рухани сыр екенін түсінеді. Енді мұның шешуін қалай табамын деп ойланып тұрғанда, өзіне қарап тұрған жүзі нұрлы бір кісіні көреді. Ол кісі пашаға жақындап келіп, не болғанын сұрайды. Паша оған естігендерін айтып береді. Аллаһтың уәли құлы зерек білімімен пашаның айтқан жұмбағының шешуін тауып былай деп түсіндіреді:

«Балам! Теңізден көрінген нұр – жеңісіміздің нышаны. Кәпірлердің бұл жерді иелене алмайтындығын білдіреді. «Кәф» және «уау» әріптері әбжәдтік есеп бойынша 26 санын аңғартады. Олай болса, қоймадағы 26 минаны қараңғы шығанаққа төсеуіміз жеңіске жеткізетін ең үлкен соққылардың бірі болады» деді.

Осыны айтып болған соң әлгі жүзі нұрлы кісі көзден ғайып болады.

Негізі бұғазға миналарды тігінен төсеу ыңғайлы болатын. Алайда, пашаның көрген түсінде құрлыққа параллельді түрде төселуі білдірілген еді. Бұғаздағы қараңғы шығанақ онша қолданыста емес әрі стратегиялық тұрғыдан да мина төсеуге жарамсыз жер болатын.

Жеват паша ешнәрсеге қарамастан түсінде көрген рухани көрініске иланып, уақыт өткізбестен миналарды төсеуге бұйрық береді. Капитан Хаққы бейдің қол астындағы Нүсрет мина кемесінің жасақтары бұйрықты бұлжытпай орындайды. Олар түннің ортасында теңізге шығып, миналардың әрбірін «Аллаһу әкбәр» деп айтып суға салады. Капитан Хаққы бей міндетін атқарып болған соң ертесі күні таңертең жүрек ауруы ұстап, шәһид болды.

Ертесі күні дұшпанның брондалған әскери кемелері бұғазға кіріп келе жатып, миналарды басып шетінен жарылып, қирай бастайды. Не керек дұшпанның бірнеше қуатты әскери кемелері быт-шыт болып, бұғаздың түбіне кетеді. Сөйтіп, дұшпан шабуылына осылайша тойтарыс беріледі.

Уинстон Черчил 1930 жылы «Revue de Parıs» журналына берген сұхбатында бұл оқиғаға былай деп талдау жасайды:

«Бірінші дүниежүзілік соғыста осыншама адамның қырылуына және соғысқа қаражаттың тым көп жұмсалуына, сондай-ақ бес мыңға жуық сауда және әскери кеменің теңізге батуына себеп болған ең маңызды фактор – түріктер тарапынан жасырылған 26 дана мина болатын».

Шынында, бұл Аллаһ Тағаланың қасиетті кәләмына көрсетілген құрмет пен тағзымның айрықша берекеті еді...

***

Құран Кәрімде иманнан кейін әмір етілген ең маңызды нәрсе – ізгі амал жасау. Сондай-ақ, истиғфар қылғаннан кейін де ізгі амалдың жасалуы талап етіледі. Яғни, кез келген құлдың Аллаһ Тағаланың құзырында дәрежесінің өсуі мен жасаған истиғфарының қабыл болуы салих амал жасауына байланысты болмақ. Салих амал дегеніміз: «Тағзим ли-әмриллаһ уа шәфқат ала халқилләһ», яғни Аллаһ Тағаланың әмірлеріне құрметпен мойынсұнып, жаратқандарына мейірім-шапағатпен қызмет ету.

4. СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ УӘДЕДЕ ТҰРУ

Араб тіліндегі сенімділік мағынасына саятын «аманат» сөзі иман сөзімен түбірлес болып келеді. Аллаһқа иман келтіргендердің жалпысына берілген «мүмин» атауы, сонымен қатар, Аллаһтың көркем есімдерінің бірі болып табылады. Аллаһтың бұл көркем есімінің мағынасы: Құдай Тағаланың сенімділіктің қайнар көзі екендігін және мүминдердің жүректеріне сенімділік ұялатқандығын әрі оларды сенімді еткендігін білдіреді. Сондай-ақ, Пайғамбарларды «аманат» сипатымен сипаттаған, яғни оларды сенімді адамдар еткен де – Аллаһ Тағала. Осы тұрғыдан алғанда, мүмин кісі – иман келтірген, өзіне сенім артылатын, басқаларға сенім ұялататын және сенімді адам дегенді білдіреді.

Әбу Мұса (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Аллаһтың Елшісінен:

– Уа, Расулаллаһ! Мұсылмандардың ең қайырлысы кім? - деп сұрадым.

– Тілі мен қолынан өзге мұсылмандар сенімді болған, яғни тілі мен қолынан өзгелерге зиян тигізбеген кісі, - деп жауап берді (Бұхари, Иман 4-5, Риқақ 26; Мүслим, Иман 64-65).

Сенімділік, уәдеде тұрушылық және жасалған келісімдерге адал болу жеке әрі қоғамдық өмірдің негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Қоғамның тыныштығы әрбір қоғам мүшесінің сенімді болуына, берген сөзінде тұруына және жасаған келісімдеріне адал болуына байланысты.

Адамдардың бойында мұндай қасиет табылмайынша діннің де, дүниенің де түзелуін елестету мүмкін емес.

Құранның қасиетті аяттарында пайғамбарлардың сенімділік сипаттарына баса назар аударылған: **«Сендерге Раббымның маған уахи еткендерін жеткізудемін. Мен сендер үшін сенімді насихатшымын»** (Ағраф сүресі, 68-аят)**.**

«Күмәнсіз, мен сендерге жіберілген сенімді пайғамбармын» (Шұғара сүресі, 107-аят)**.**[142]

Сонымен қатар, бұл көркем сипат Хазірет Мұхаммед аләйһис-сәләм үмбетінің де ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Өйткені, Аллаһтың Елшісі пайғамбарлық міндеті басталмай тұрып-ақ **«Әмин»** сипатымен танылған әрі солай шақырылған.

Сенімділікпен қоса уәдеде тұру да маңызды қасиеттердің бірі. Аллаһ Тағала берген уәдеде тұруды әмір ете отырып, былай деп бұйырған:

«Ей, иман келтіргендер! Берген сөздеріңде тұрыңдар!..» (Мәйда сүресі, 1-аят)**.**

«...Берген уәделеріңді орындаңдар. Өйткені, ол сұралады» (Исра сүресі, 34-аят)**.**

Аллаһ Тағала ақырет азабынан құтылған мүминдердің сипаттарын зікір ете келе:

«Олар (өздеріне тапсырылған) аманаттарды қорғайды және берген уәделерінде тұрады» (Мүминун сүресі, 8-аят) деп бұйырған.

Мынаны естен шығармаған жөн: адамдарға берілген уәделер және жасасқан келісімдер Аллаһқа сөз беру деген мағынаға келеді. Сондықтан, Аллаһтың құзырында жасалған келісімдер мен берілген сөздерді міндетті түрде орындау керек.

Аллаһ Тағала Ибраһим аләйһис-сәләмді:

«Уәдесіне берік Ибраһим...» (Нәжм сүресі, 37-аят) деп мақтап, мерейін үстем еткен.

Сондай-ақ, Хазірет Пайғамбарымыз сенімді және шыншыл саудагерлерді:

«Жалған айтпайтын, шыншыл әрі сенімді мұсылман саудагер қиямет күні пайғамбарлармен, шыншылдармен және шәһидтермен бірге болады» деп сүйіншілеген (Тирмизи, Буюуғ 4/1209; ибн Мәжә, Тижарат 1).

Ал керісінше сенімсіз, уәдесінде тұрмайтын адамдар жайында көптеген қатаң ескертулер келген. Мысалы, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи

142. Қосымша қараңыз: Шұғара сүресі, 125, 143, 162, 178 аяттар; Дұхан сүресі, 18-аят.

уә сәлләм):

«Сенімділігі жоқ адамның иманы да жоқ» деген (Ахмед III, 135).

Қандай да бір кісінің өз айналасындағылардың алдында сенімін жоғалтуы оның иманының әлсірегендігін, қадір-қасиетінің төмендегенін, тіпті мұсылмандық қасиеттерден де ада бола бастағандығын білдіреді. Ондай кісіде иманның тек аты ғана болады, заты болмайды. Ғибадат қылса да немқұрайды, риялықпен өтейді. Бұл жайында Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай деп тамаша айтқан:

«Адамның оқыған намазына, ұстаған оразасына алданбаңдар. Айтқан сөздері рас па, өзіне бір зат аманат қалдырылса, оған дұрыс қарайды ма, дүниеге көңілі ауғанда халал-харамға назар аударады ма, сонысына қараңдар!».[143]

Аманатқа қиянат жасау, уәдеде тұрмаушылық сынды жаман қасиеттер дер кезінде емделмесе, адамды ең жаман қасиет екі жүзділікке апарады. Осыған орай, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадис шәріпінде былай деп бұйырған:

«Төрт қасиет бар, олар кімнің бойынан табылса, ол нағыз екі жүздінің өзі. Ал кімде бұлардың бірі ғана болса, ол одан арылмайынша екі жүзділіктің белгісін арқалап жүреді. (Олар:) Өзіне аманат тапсырылса, оған қиянат жасайды. Сөйлегенде жалған айтады. Уәде берсе, уәдесінде тұрмайды. Дұшпандықта тым шектен шығып, зұлымдық жасайды» (Бұхари, Иман 24, Мәзалим 17; Мүслим, Иман 106).

«Аллаһ Тағала былай деп бұйырады: Мен қиямет күні мына үш кісінің дұшпаны боламын; Менің атыммен ант ішіп, сөзінде тұрмаған кісі, азат адамды құл деп сатып, ақшасын пайдаланған кісі, біреуді ақыға жалдап, жұмысын істетіп, ақысын бермей қойған кісі» (Бұхари, Буюуғ 106, Ижарә 10).

Демек, сенімділік пен уәдеде тұру – мұсылман кісінің ерекше қасиеті. Ал қандай да бір мұсылманның сенімді болмауы, уәдесінен жалтаруы – Аллаһ Тағаланы қатты ашуландыратын және адамды төменгі дәреженің де төменіне құлдырататын ең жаман қасиет.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық келмей тұрып-ақ адамгершілік тұрғысынан қауымының ең жоғарғысы, тегі жағынан ең тектісі, мінез-құлық жағынан да ең көркемі болған. Сондай-ақ, көрші хақысына көп көңіл бөлген, сыпайылық пен шыншылдықта

143. *Бәйхақи, Сунәнүл-Кубра, Дарул-Фикр VI, 288; Шуғабул-Иман IV, 230, 326.*

бәрінен де үстем болған, сенімділікте ең алда болған, адамдарға жамандық, жәбірлік көрсетуден ең ұзақ тұрған кісі де Аллаһтың Елшісі еді. Ол біреуді орынсыз еш кінәламаған, біреумен таласып-тартыспаған. Аллаһ Тағала барлық жақсы қасиеттер мен ең тамаша ерекшеліктерді оның бойында жинағандықтан, қауымы оған «әл-Әмин» деген сипатты лайық көрген.[144]

Хазірет Пайғамбарымыздың «Әмин» деген сипаты оның тіпті екінші есімі іспетті еді. Өйткені, Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм 25 жасқа келгенде Меккеде тек **әл-Әмин** (ең сенімді кісі) деген атпен шақырылатын.[145] Қағба төрелігі кезінде оның келгенін байқап қалғандар «әл-Әмин келе жатыр!» деп шексіз қуанған әрі кез келген мәселеде сенім артып, онымен ақылдасатын болған. Оның жолында малы мен жандарын пида етуге дайын болған қадірлі сахабалары былай тұрсын, тіпті оны өлтірмек болған дұшпандарының өзі оның сенімділігіне қарсы ешнәрсе айта алмаған.

Пайғамбарымыз жайында айтылған **Мұхаммадул-Әмин** сөзі, тіпті мүшріктердің аузынан да түспейтін болған. Олар бағалы заттарын өз жақтастарына емес, Расулуллаһ мырзамызға аманат етіп қалдырушы еді. Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйінде, тіпті Мәдинаға көшетін кезде де мүшріктердің аманаты бар болатын. Өлім қаупі болғанына қарамастан, Хазірет Алиді Меккеде қалдырып, оларды иелеріне тапсыртқызған.[146]

***

Расулуллаһтың әл-Әмин және әс-Садиқ деген сипаттарымен танылуына себеп болған үлгілі де өнегелі оқиғалардың бірін Абдуллаһ бин Әбу Хамса (радиаллаһу анһу) былай деп баяндайды:

«Пайғамбарлық келмей тұрып, Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сауда-саттық жасап, оған біраз теңге қарызданып қалдым. Сәл күте тұрсаңыз әкеліп беремін деп уәде беріп қасынан кеттім. Сөйтіп мен берген уәдемді ұмытып кетіппін. Үш күн өткен соң есіме түсіп, уәделескен жерге келсем, ол мені әлі сол жерде күтіп тұр екен. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) істеген сол бір қателігім үшін мені айыптап, жазғырған жоқ. Тек:

«Ей, жас жігіт! Мені әуреге салдың ғой, үш күн бойы сені осы жерде күтіп тұрмын» деді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 82/4996).

Сенімділік пен берген уәдені орындауда заңғар тұлға саналатын

144. Ибн Һишам I, 191; ибн Сағд I, 121.
145. Ибн Сағд I, 121, 156.
146. Хадистің толық мәтіні үшін қараңыз; 23-24 беттер.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осыншама уақыт күтуі, әлбетте ақша алу мәселесі үшін емес еді. Оны үш күн бойы күтуге итермелеген нәрсе берген сөзінде тұруға ерекше сезіммен көңіл бөлгендігі еді.

***

Хузайфа (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Әкем Хузайлмен бірге Меккеден Мәдинаға қарай сапарға шықтық. Жолда құрайыш кәпірлері бізді ұстап алды да:

– Сендер де Мұхаммедтің қатарына қосылмақшысыңдар ғой, - деді. Біз оларға:

– Жоқ, Мәдинаға ол үшін емес, басқа бір жұмыспен бара жатырмыз, - дедік Сол кезде олар Аллаһтың Елшісіне қосылып өздеріне қарсы соғыспайтындығымыз жайында бізден уәде алды. Мәдинаға келіп, болған жағдайды Расулуллаһқа айтқанымызда Аллаһтың Елшісі: «Бара беріңдер. Біз сендердің берген уәделеріңді орындаймыз. Оларға қарсы Аллаһтан жәрдем тілейміз!» - деді. Менің Бәдір соғысына қатыса алмауым да осы себептен еді» (Мүслим, Жиһад 98).

***

Хұдайбия келісімі жүзеге асып, келісімшарт баптары дайындалып жазылу үстінде еді. Дәл сол кезде құрайыш тарапынан өкіл болып келген Суһайл бин Амрдың ұлы Әбу Жәндәл аяғындағы шынжырын сүйретіп, Пайғамбарымыздың қасына келеді. Әбу Жәндәл (радиаллаһу анһу) мұсылман болғаны үшін мүшріктерден көп жапа шеккен еді. Бір жолын тауып, құтылып, мұсылмандардың арасына енді ғана қосылған болатын. Сонда Суһайл қашып келген ұлының келісімшарт бойынша өздеріне қайтарылуы тиіс екендігін алға тартып, қолындағы таяқпен ұлын салып қалады. Рақымдылық пайғамбары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Суһайлдан Әбу Жәндәлді келісімшарт талаптарына енгізбей-ақ қоюын және оны өзіне қалдыруын өтінеді. Бірақ, жүрегі тастан да қатты мүшрік бұған келіспейді. Мүшріктер оны кісендеп әкетіп бара жатқанда Әбу Жәндәл (радиаллаһу анһу) мұсылмандарға «құтқарыңдар» деп бақырып жалбарынады, көмек сұрайды. Қайғылы да мұңды дауысымен:

«Мені қайтадан зұлымат оттың ішіне тастамақсыңдар ма?» дегенде сол жерде тұрған күллі мұсылманның жүрегі елжіреп кетеді. Мұсылмандардың оған жандары ашып, көңілдері босап жылай бастайды. Амал нешік? Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

«Әбу Жәндәл! Тағы да кішкене сабыр қыл! Аллаһ Тағаладан соның сауабын үміт ет! Күмәнсіз, Аллаһ саған және қасыңдағы әлсіз, ешкімі

жоқ мұсылмандарға кеңшілік жасап, шығар жол нәсіп етеді. Біз бұл қауыммен келісімшарт жасастық және оны бұзбауға Аллаһтың атымен ант бердік. Олар да бізге Аллаһтың атымен ант берді. ***Берген антымызға опасыздық жасай алмаймыз. Өйткені, уәдеде тұрмау бізге жараспайды!»*** *деп оның көңілін жұбатты* (Ахмед IV, 325; Уақиди II, 607-608; ибн Һишам III, 367; Белазури I, 220).

***

Хұдайбия уағдаластығынан кейін мұсылман болған Әбу Басир атты меккелік бір кісі қашып келіп, Мәдина қаласын паналайды. Бірақ, Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келісімшарт бойынша оны мүшріктерге беруге мәжбүр болады. Алғаш Әбу Басир Аллаһтың Елшісінің бұл әрекетін ақылға сыйдыра алмай:

«Сонда мені пұтқа табынушылыққа қайтармақшысың ба?» деп оның бұл ісіне таң қалғанын айтады. Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салқын қандылықпен:

«Әбу Басир! Біз уәдемізді бұза алмаймыз. Бірақ, сен кішкене сабыр қыл! Аллаһ Тағала міндетті түрде саған және өзің сияқтыларға амандық жолын нәсіп етеді» деп оның көңілін жұбатады.

Осы сөзден кейін Әбу Басир ешнәрсе айтпастан Аллаһтың Елшісінің үкіміне мойынсұнады. Көпшілік мұсылманның пайдасы үшін мүшріктерге беріледі. Бірақ, ол Меккеге емес, өлім жазасына тартылуға апарыла жатыр еді. Мұны білгендіктен жолда бір сәтін тауып, өзін әкетіп бара жатқандарға қарсылық көрсетіп, өз жанын құтқарып қалады. Олардың бірі Хұнайсты өлтіріп, екіншісін қолынан қашырып алады. Әбу Басир Хұнайстың киімін, заттарын және қылышын арқалап Аллаһтың Елшісіне әкеледі:

– Уа, Расулаллаһ! Мынаның бесте бірін өзіңізге бөліп алыңыз! - деді. Сонда Пайғамбарымыз:

«Егер мен мұның бесте бірін алсам, олармен жасасқан келісімшарт талаптарын орындамаған боламын. Бірақ, сенің жөнің бір бөлек. Сенің істеген әрекеттерің де, өлтірген кісіңнің заттары да тек саған ғана қатысты» деді (Уақиди II, 626-627).

Әбу Басир біраз уақыттан соң Мәдинадан шығып, Мекке мен Шамның арасындағы теңіз жағасына жақын Ыс деген жерді паналайды. Ол жер аз уақыт ішінде өз алдына бөлек тарапсыз паналау мекеніне айналады. Жоғарыда айтып өткен Әбу Жәндәл залымдардың қолынан құтылып, Әбу Басирге қосылады. Көп уақыт өтпей-ақ сол жерді паналаған мұсылмандардың саны үш жүзге жетеді. Осылайша, меккеліктердің Шамға баратын сауда керуендеріне үлкен қауіп төнеді. Осыдан кейін Меккелік мүшріктер амалсыздан «Меккеде мұсылман

болып, Мәдинаға қашып барғандарды Меккеге кері қайтару» туралы бапты алып тастауды және олардың Мәдинаға қабыл алынуын Хазірет Пайғамбарымыздан талап етеді. Міне осылайша, мұсылмандардың баста қабыл еткілері келмеген әрі оларға ең ауыр тиген келісімшарттың аталмыш бабы олардың уәдеде тұру, келісімге адал болуларының нәтижесінде өз пайдаларына шешілді.[147]

Байқағанымыздай, Хазірет Пайғамбарымыздың берген уәдесінде тұрып, келісімге адал болуы күллі мұсылман үшін береке мен рақым болды.

***

Хайбар қамалының алынуы кезінде бір яһуди көсемінің қойларын бағып күнін көріп жүрген Ясар деген қойшы бір күні қамал сыртында қой жайып жүріп Аллаһтың Елшісімен жолығып қалады. Ол Пайғамбарымызбен біраз уақыт сұхбаттасқаннан кейін мұсылман болады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның атын «Әсләм» деп өзгертеді. Сосын әлгі қойшы бағып жүрген қойларын не істеу керек екендігін Хазірет Пайғамбарымыздан сұрайды. Аллаһтың Елшісі:

«Оларды қамалға қарай айдап жібер! Ешқандай күмәнің болмасын барлығы да өз иесін тауып барады» деді. Сосын Әсләм қолына бір уыс майда тас алып, қойларына қарай лақтырды да:

«Өз иелеріңе барыңдар! Уаллаһи, бұдан кейін ешқашан сендермен бірге болмаймын» деді. Қойлар топ болып қаша жөнелді. Тап оларды біреу айдап бара жатқандай қамалға кіріп кетеді. Мұсылман болар-болмас жиһадқа қатысқан Әсләм (радиаллаһу анһу) аз уақыттан кейін шәһид болады.[148]

Аллаһтың Елшісі азық-түлік тапшы болатын соғыс сынды қиын кезеңнің өзінде аяғының астына келіп түрған дұшпандарының қойларын өз иесіне кері қайтарған. Сол сияқты шопан да келісім жасасқан қожайынының малына қиянат жасамады. Өйткені, «әл-Әмин» болған Пайғамбар мен оның «мүмин» болған үмбетіне жарасатыны да осы әрекет еді.

***

Хазірет Пайғамбарымыз Мекке алынған күні Осман бин Талхаға хабаршы жіберіп Қағбаның кілтін әкелуін талап етеді. Осман бин Талха кілттің қайтадан өзіне берілмей қалатынына алаңдап:

«Мұны саған Аллаһтың аманаты ретінде беремін!» деді (Уақиди II, 833; Хайсами VI, 177).

147. Қараңыз: Бұхари, Шурут 15; ибн Һишам III, 372.
148. Ибн Һишам III, 397-398; ибн Хажар, әл-Исаба I, 38-39.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаның ішіне кіріп намаз оқыды. Содан соң Меккенің алыныуына орай жиналған халыққа үндеу жасады. Сөзінің соңында:

– Осман қайда? - деп сұрады. Осман бин Талха орнынан тұрды. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ сендерге аманаттарды өз иелеріне қайтаруларыңды, адамдар арасында билік қылсаңдар әділдікпен билік етулеріңізді әмір етеді. Аллаһ қандай тамаша насихат айтады. Күмәнсіз, Аллаһ естуші әрі көруші» (Ниса сүресі, 58-аят) деген аятты оқып болған соң:

«Ей, Әбу Талха ұрпақтары! Аллаһ Тағаланың мына аманаттары үнемі сіздердің қастарыңызда болсын. Бұларды дұрыс қолданыңыздар. Зұлымдық қылмағандарыңша бұларды сендерден ешкім тартып ала алмайды. Бүгін жақсылық жасалатын және үәдеде тұратын күн» деді де, Қағбаның кілтін Осман бин Талхаға аманат етті (Ибн Хишам IV, 31-32; Уақиди II, 337-338; ибн Сағд II, 137)**.**

Негізінде Аллаһтың үйіне қызмет етуді ең үлкен абырой әрі қасиетті міндет деп білетін алдыңғы қатарлы сахабалардың көбі Қабға кілтінің өздеріне берілуін қалаған еді. Алайда, Аллаһтың Елшісі оны нағыз иесіне береді. Сол жерге жиналған жұрт осындай туралықтың алдында еріксіз қайран қалды. Сонымен қатар, олардың көпшілігі жүректерімен иман жылуын сезініп, мұсылман болу бақытына кенелді.

***

Мекке бейбіт келісім арқылы берілгендіктен олжа ретінде ол жерден ешнәрсе алынбады.[149] Хазірет Пайғамбарымыз Ислам әскерінің мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін Меккенің дәулетті адамдарынан қарызға ақша және сауыт алады. Кейінірек бұларды Хауазинде түскен олжадан толығымен қайтарып береді. Сол кезде:

«Қарыздың қайтарымы – рақмет айту және оны өтеу!» - деп айтады (Уақиди II, 863; Әбу Дәуіт, Буюғ 88/3562; Муатта, Никах 44).

Алғаш өздеріне үстем болған қолбасшының дүние-мүліктеріне қол салуынан қорыққан қарыз беруші байлар сары уайымға салынған болатын. Алайда, олар көп уақыт өтпей-ақ Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «әл-Әмин» екендігіне тағы бір мәрте көз жеткізеді.

***

Мұса аләйһис-сәләм Мадиян жеріне келгенде мал суғарып жүрген қойшыларды көреді. Олардан сәл ұзақтау жерде қойларын суғару үшін әлгі қойшылардың кетуін күтіп тұрған екі қыз тұрды. Хазірет Мұса

149. Әбу Дәуіт, Хараж, 24-25/3023.

оларға жәрдем беріп, қойларын суғарысады. Сосын ол екеуі әкелері Шұғайып аләйһис-сәләмға болған жағдайды айтып, өздеріне көмек қолын созған жас кісіге сый-сияпат көрсетуін өтінеді. Олардың кішісі:

«...Әкешім оған ақы беріп, жалдаңыз. Күмәнсіз, ақыға жалдайтын кісілердің ең қайырлысы қуатты әрі сенімді болғаны» (Қасас сүресі, 26-аят) деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп баяндайды:

«...Шұғайып аләйһис-сәләм одан:

– Қызым, оның қуатты екенін қалай білдің? - деп сұрады. Кіші қызы:

– Ауыр тасты көтеріп, құдықтың үстіне қойды, - деді. Шұғайып аләйһис-сәләм тағы да:

– Ал сенімді екенін қалай білдің? - деді. Қызы:

– Оны сіздің шақыруыңыз бойынша осы жаққа әкеле жатқанымда ол маған: «Алдымнан емес, артымнан жүр!» деді. Мен осы сөзінен оның сенімді екендігін ұқтым» деп жауап қайырды» (Хайсами VIII, 203-204).

***

Жәбирдің (радиаллаһу анһу) әкесі Ұхұд шайқасында шәһид болып, артынан көмекке мұқтаж үлкен отбасы мен өтелмеген қомақты қарыз қалдырып кетеді. Хазірет Жәбир былай дейді:

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған:

«Егер Бахрейннен зекет малдары келсе, саған осыншама етіп, көп қылып беремін» деді. Бірақ, Аллаһтың Елшісі қайтыс болғанға дейін Бахрейннен ешқандай зекет малы келмеді. Кейінірек бір келгенде Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Аллаһтың Елшісінің біреуге берген уәдесі немесе қарызы болған болса, бізге келсін!» деп хабарландыру жасады. Мұны естіп, құзырына бардым:

«Пайғамбарымыз маған былай-былай деп айтқан еді» - дедім. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) олжа қазынаға қолын батырып, бір уыс алды. Оларды санағанда 500 (динар) екенін көрдім. Сол кезде Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Тағы да осының екеуін ал!» деді (Бұхари, Кәфаләт, 3).

Хазірет Әбу Бәкір Расулуллаһтың уәдесін орындай отырып, өзінің опагер екендігін тағы бір мәрте дәлелдеген-ді.

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Көкем Әнас бин Надыр Бәдір соғысына қатыспаған еді. Онысына ол қатты қынжылып жүрді. Бір күні:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Мүшріктермен болған алғашқы шайқасқа қатыса алмадым. Егер, Аллаһ Тағала келешекте мүшріктермен болатын шайқасқа мені қатыстырса, не істейтінімді әлбетте көретін болады» - деді.

Кейін ол Ұхұд шайқасына қатысты. Мұсылмандардың саптары ыдырап, бұзылған кезде мұсылман бауырларын меңзеп: «Раббым, олардың бұл істері үшін Сенен кешірім сұраймын», мүшріктерді меңзеп; «Мыналардың істегендерінен ұзақ екендігімді білдіремін» деп алға қарай ілгерледі. Сағд бин Муғазды көріп қалып:

– Ей, Сағд! Жәннатты қалаймын! Қағбаның Раббысына ант етейін, Ұхұд тауының етегінен жәннаттың иісін сезіп келемін, - деді.

Кейін Сағд бұл оқиғаны баяндап жатып:

– Уа, Расулаллаһ! Мен оның істегенін істей алмадым, - деген екен.

Көкемді шәһид болған күйде таптық. Денесінде сексеннен көп қылыш, найза және оқтың жарақаты бар. Сол себептен де, алғаш оны ешкім тани алмады. Тек қарындасы ғана саусағының ұштарынан таныды. Сол кезде мына аят көкем және сол сияқтылар үшін түскен болатын:

«Мүминдердің ішінде сондай ерлер бар, олар Аллаһқа берген уәделерінде тұрады. Олардың кейбірі уәделерін орындады (соғысты, шәһид болды)**, кейбірі де** (өз кезегін) **күтуде. Олар сөздерінен әсте таймайды»** (Ахзаб сүресі, 23-аят) (Бұхари, Жиһад 12)**.**

***

Бәра бин Мағрур (радиаллаһу анһу) Ақаба анттасуына он екі өкілдің бірі болып қатысқан болатын. Хазірет Бәра қажылық маусымында Меккеге келетіндігін айтып Хазірет Пайғамбарға уәде береді. Бірақ, қажылық маусымы келмей тұрып, төсек тартып, қатты науқастанып қалады. Жанұя мүшелеріне:

«Аллаһтың Елшісіне берген уәдем үшін мені Қағбаға қарай жатқызыңдар. Өйткені, мен оған келемін деп айтқан едім» - деді. Осылайша, ол көзі тірісінде әрі өлгеннен кейін жүзін қағбаға қаратқандардың алғашқысы болды.

Әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келгенде сахабаларымен бірге Бәра бин Мағрурдың (радиаллаһу анһу) қабіріне барды. Сол жерде сапқа тұрып намаз оқыды:

«Аллаһым оны жарылқа! Оны рақымыңа бөле және оған разы бол!» деп дұға қылды (Ибн Абдилбәр I, 153; ибн Сағд III, 619-620).

***

Ханаш (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Хазірет Алидің екі құрбан сойып жатқанын көрдім. Оған:

«Неге бұлай істеп жатырсың?» - дедім. Сонда ол:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние салғаннан соң өзі үшін де құрбан шалуымды өсиет етті. Сол кісінің өсиетін орындап екі құрбан шалып жатырмын. Бұдан кейін де шалуды жалғастырамын!» - деді (Әбу Дәуіт, Әдахи, 1-2/2790; Ахмед I, 107).

***

Халифа Мұғауия бин Әбу Суфиян кезінде византиялықтармен бейбіт келісім жасасқан болатын. Келісім мерзімі аяқталмай жатып Хазірет Мұғауия әскерімен бірге Византияға қарай жөнелді. Византияға жақын бір жерде келісім уақытының бітуін күтіп тұрды. Біткеннен соң олармен шайқаспақшы еді.

Әскер жолда келе жатқанда алдарынан атты адам көрінді. Ол кісі:

«Аллаһу Әкбар! Аллаһу Әкбар! Уәдеде тұру шарт. Сөзден тауға болмайды!» деді айқайлап.

Аңдап қараса, ол алғашқы мұсылмандардың бірі Амр бин Абәсә (радиаллаһу анһу) екен. Халифа оған адам жіберіп, не демекші болғанын сұратады. Сонда Амр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Мен Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп бұйырғанын естідім:

«Кімде-кім бір қауыммен келісім жасасқан болса, жасасқан келісімінің мерзімі бітпейінше немесе келісімді бұзғандығынан оларға хабар бермейінше оны бұзбасын я да жаңаламасын!».

Осыдан кейін Мұғауия әскерімен кері қайтты (Әбу Дәуіт, Жиһад 152/2759; Ахмед IV, 111, 113, 385-386).

Осылайша, келісім жасасқан тараптың мұсылман болуы немесе болмауының арасында ешқандай айырмашылық жоқ екендігін, сондай-ақ біреуге уәде берген кез келген мұсылманның міндетті түрде уәдесінде тұруы керек екендігін жақсы ұғынған болдық.

***

Османдықтарда мәрттік, уәдені міндетті түрде орындау және опалы болу сынды абзал қасиеттер жүректі әсемдеген көркем мінез-құлыққа айналып, кісілердің тұлғалықтарына сіңісіп кеткен еді. Тіпті, бұл Еуропада «түрік болу» мен «мұсылмандық» бір мағынада қолданылатын жағдайға жеткен.

Міне сондықтан, халық арасында «түрк – сөзінде, уәдесінде тұратын кісі» деген сөз мәшһүр болған. Әрі османдықтардың әсте жалған ант ішпейтіндіктері ауыздан-ауызға тарап, айтылып жүрді.

Сондай-ақ, III Ахмед заманында Осман мемлекетін паналаған бұрынғы француз генералы Comte de Bonneval осы жайында өз көзімен көріп, түйгендерін былай деп жеткізеді: «Түріктер берген уәделерінде діндарлықпен тұрады».

Сонымен қатар, Швеция елшісі Mouradgea d'Ohsson да:

«Мұсылман түріктер берген сөздері мен уәделерін бұлжытпай орындайды. Олар Аллаһтың атын ауыздарынан тастамауға тырысады. Сөздеріне Аллаһты куә қылудан басқа ешқандай дәлелді қажетсінбейді» деген.

Еңбектерінде түрікке деген дұшпандығымен танылған француз жазушысы Henri Mathieu бір мәселеде оларды еріксіз мойындауға мәжбүр болып, былай деп жазады:

«Түріктердің бойынан табылатын ар-намыс және көркем-мінез ұғымдарын мойындамау әділетсіздік болар. Олар туралықты – адамгершілік пен ізгіліктің ірге тасы, ал берген уәдені – қасиетті деп қабылдайтын халық».

***

Қорыта айтқанда, Аллаһ Тағала **«...Кімде-кім сөзінде тұрмай, уәдесін бұзса, тек өзінің зияны үшін ғана бұзған болады. Ал кімде-кім Аллаһқа берген уәдесінде тұрса, Аллаһ Тағала оған үлкен сый береді»** (Фатх сүресі, 10-аят) деп бұйырады.

Мұсылман адам сөз бергенде сөзіне Аллаһты куә етеді. Сондықтан, өзгелерге берген әрбір уәдесі оның Аллаһқа берген сөзі болып саналады. Олай болса, мұсылман адамның міндеті: уәдесінде тұрып, сөзіне адал болу әрі өзгелер де оның қолы мен тіліне сенімді болатын опагер, сенімді кісі болу.

Аллаһ Тағала барлық нәрсенің иесі бір өзі екендігіне әрі бүкіл үкімдердің тек өзіне ғана тиісті болғанына қарамастан, көптеген аятта «құзырында ешқандай сөздің өзгермейтіндігін» айтқан.[150] Сондықтан, мұсылман «ауыздан шыққан сөз атылған оқпен тең» дегендей берген сөзінде тұрып, сенімді болуы, яғни Аллаһтың ахлағымен бойын түзеуі керек.

Опагерлік пайғамбарларға, уәли құлдарға және ізгі жандарға тән

150. Бақара сүресі, 80-аят; Әли Имран сүресі, 9, 194-аят; Рағыд сүресі, 31-аят; Хаж сүресі, 47-аят; Мүминун сүресі, 27-аят; Рум сүресі, 6-аят; Сәжде сүресі, 13-аят; Зүмәр сүресі, 20-аят; Қаф сүресі, 29-аят.

қасиет ретінде адами өмірді жоғары дәрежеге көтеретін асыл қасиет болып табылады. Осыған орай, кейбір тәпсіршілер Ислам сөзін: жүрекпен бекіту, тілмен айту және Аллаһтың жазған әрбір қаза мен тағдырына тәслім болып, опагерлік таныту деп түсіндірген.

5. ТУРАЛЫҚ

Пайғамбарлардың ең айрықша сипаттарының бірі болып табылатын «сидқ пен садақат», яғни туралық – сөзі де, өзі де тура және ықыласты, шынайы болу дегенді білдіреді.

Пайғамбарлар һәм сөздері һәм әрекеті арқылы әрдайым туралық пен ақиқатты тәблиғ еткен. Құдай Тағала Құран Кәрімде кейбір пайғамбарлардың мінездері жайында: **«Ол сыддиқ** (өте турашыл) **пайғамбар еді»** (Мәриям сүресі, 41, 56-аят) деп баяндайды.

Және де Құран Кәрімде:

«Аллаһ шыншылдарды шынайылықтары үшін сый-сияпатқа бөлейді…» (Ахзаб сүресі, 24-аят) деп айтылады.

Мұндай ең жақсы қасиетке қол жеткізу үшін көбірек еңбектеніп, тер төгу қажет. Солардың ең маңыздысын АллаһТағала біздерге былай деп білдіреді:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар!» (Тәубе сүресі, 119-аят)**.**

Яғни, шыншылдармен көптеп әрі жиі-жиі бірге болу туралық қасиетке қол жеткізуге, сондай-ақ турашылдардың жақсы мінездерін бойға сіңіруге үлкен септігін тигізеді.

Шайх Сағдий Ширази шыншылдармен бірге болудың артықшылығы мен керісінше олардан ұзақтаудың зиянын былай деп баяндайды:

«Асхабул-Кәһфтің иті Қытмир шыншылдармен бірге болып, оларға шынайлық көрсеткені үшін Құран Кәрімде есімі аталып, үлкен мәртебеге ие болды.[151] *Ал Нұх пен Лұт алейһиməс-сәләмнің әйелдері пасықтармен бірге болғандары үшін тозаққа түсуге душар болды».*[152]

Адам баласы жәрдемге өте мұқтаж болатын әрі ешкімнің ешкімге ешқандай пайдасын тигізе алмайтын сол қияметтің ауыр күнінде шыншылдық ең құнды байлыққа айналады. Дүниеде туралықпен өмір

---

151. Қараңыз: Кәһф сүресі, 18-аят. Сондай-ақ, Тәпсірші Бурсауй жәннатқа кіретін санаулы жануарлардың бірі ретінде шыншылдармен бірге болғандығы үшін Асхабул-Кәһфтің итін де атап өткен. (Толығырақ мағлұмат үшін қараңыз: И. Хаққы Бурсауй, Рухул-Баян, Ыстамбул 1969, V, 226)

152. Қараңыз: Тахрим сүресі, 10-аят.

сүргендер ол күні дүниеде істеген амалдарының сыйын алады. Қиын-қыстау кездерде туралықтары көмекке келіп, сау-саламат құтылатын болады. Аллаһ Тағала ол күнді: **«...Бұл – шыншылдарға шынайылықтары пайда беретін күн...» деп сипаттайды. Келесі бір аятта ол күні: «...Аллаһ Тағала шыншыл ерлер мен шыншыл әйелдерге жарылқау мен үлкен сый дайындап қойған»** (Ахзаб сүресі, 35-аят) деп баяндалған.

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туралықтың маңыздылығын былай деп түсіндіреді:

«Туралық адамды жақсылыққа, жақсылық та жәннатқа жетелейді. Адам баласы тура сөйлей-сөйлей шыншылдардан болады. Жалғандық кісіні арсыздыққа, арсыздық та тозаққа жетелейді. Адам баласы жалған айта-айта соңында Аллаһтың құзырында өтірікшілердің қатарына жазылады» (Бұхари, Әдеп 69; Мүслим, Бирр 103-105).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі шыншылдардың шыншылы еді. Туралықта ешкім онымен теңесе алмайды. Оның бұл қасиетін, тіпті Әбу Жәһіл, Ахнәс бин Шәрик, Надр бин Харис, кейінірек мұсылман болған Әбу Суфиян секілді ең азулы дұшпандарының өзі еріксіз мойындауға мәжбүр болған.[153] Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешқашан жалған сөз айтпаған. Тіпті, ол қалжыңдасқан кезде де тура сөз айтып қалжыңдасатын болған.

***

Әбу Суфиян (радиаллаһу анһу) мұсылман болмай тұрып, Исламның қас дұшпандарының бірі болатын. Бір күні ол сауда-саттық жасау үшін бір елге барады. Ол жерде Византия королі Геракльмен жолығып, ұзақ уақыт онымен әңгіме-дүкен құрады. Әбу Суфиян (радиаллаһу анһу) Геракльмен болған әңгімесін өз аузымен былай деп жеткізеді:

«...Геракль менен:

– (Мұхаммед аләйһис-сәләм) Пайғамбарлығын жария қылмай тұрып, оны жалғаншы деп айыптаған кездерің болды ма? - деп сұрады.

– Жоқ! - дедім.

– Сөзінде тұрмаған кезі болды ма? - деп сұрады.

– Жоқ, болған емес! Берген уәдесінде тұратын. Бірақ, біз қазір онымен белгілі бір уақытқа дейін бейбіт келісім жасасқанбыз. Осы уақыт

153. Бұхари, Бәдұл-Уахи 6; Мүслим, Жиһад 74; Табари, Тәпсір VII, 240; Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 113.

ішінде оның не істейтіні беймәлім әрине, - дедім. Оны қаралау үшін сөзімнің арасына қыстырып жіберетін бұдан басқа сөз таба алмадым..

– Ол сендерге нелерді бұйырады? - деп сұрады. Мен:

– Ол: *«Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар! Оған ешнәрсені серік қоспаңдар. Аталарыңның иман келтірдік деп айтқан нәрселерін тастаңдар» - дейді. Сондай-ақ, ол бізге намаз оқуды, тура болуды, ар-намысты болуды және туған-туыстарға қарайласуды әмір етеді, - дедім...*

Сонда Геракль маған былай деді:

– Мен сенен ол пайғамбарлығын жария етпей тұрып, оны жалғаншы деп айыптаған кездерің болды ма? - деп сұрағанымда:

«Жоқ» деп жауап қайырдың. Менің түсінуім бойынша ол адамдарға да, Аллаһқа да жалған сөйлейтін кісі емес сияқты.

«Сөзінде тұрмаған кезі болды ма?» деп сұрағанымда:

«Жоқ» дедің. Пайғамбарлар да сондай, әсте берген сөздерінен айнымайды...

Геракль тағы да:

– Ол сендерге нені бұйырады? - деп сұрады.

– Бір Аллаһқа ғана құлшылық қылуды, намаз оқуды, зекет беруді, туралықты, ар-намысты болуды, туған-туыстармен қарым-қатынасты үзбеуді, - дедім. Сонда Геракль:

– Егер осы айтқандарың рас болса, Ол адам көп үзамай-ақ аяғымның астында тұрған мына жерге де билігін жүргізетін болады... – деді» (Бұхари, Бәдү-Уахи 6; Мүслим, Жиһад 74).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Маған мына алты нәрсе жайында сөз берсеңдер, мен де сендердің жәннатқа кірулеріңе кепіл боламын:

1. *Сөйлегенде тура сөйлеңдер!*
2. *Уәде бергенде уәделеріңде тұрыңдар!*
3. *Аманатқа қиянат етпеңдер!*
4. *Ар-намыстарыңды қорғаңдар!*
5. *Көздеріңді харамнан сақтаңдар!*
6. *Қолдарыңды харамнан ұзақ ұстаңдар!»* (Ахмед V, 323).

***

Абдуллаһ бин Амр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні анам мені қасына шақырды. Ол кезде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біздің үйде болатын. Анам:

– Кел, саған бірнәрсе беремін! - деді. Аллаһтың Елшісі:

– Оған не бересің? - деп сұрады. Анам:

– Бір құрма берейін деп едім, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер, оған ешнәрсе бермегенің де ғой, саған өтірік айтқанның күнәсі жазылатын еді» деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 80/4991; Ахмед III, 447).

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) базарда бір сатушының қасына барып, алдында үйіліп тұрған бидайдың ішіне қолын сұқты. Қараса, арасы дымқыл екен. Сатушыға қарап:

– Мұның не? - деді. Сатушы:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, жаңбырдың суы тиіп еді, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

«Дымқыл жерін бетіне шығарып, адамдардың көруіне ыңғай жасасаң болмас па еді? Алдаған кісі менен емес!» - деді (Мүслим, Иман 164).

Мұсылман кісі әрбір іс-әрекетінде туралықтан таймай әрі ешкімді алдамауы керек.

***

Ардақты сахабалар мен олардың ізімен жүрген салих мүминдер реті келгенде бір хадис үйрену үшін сол кезеңдегі ауыр жағдайларға қарамастан, бір айлық қашықтықтағы жерге сапар шегуден тартынбайтын. Олардың пайғамбарлық тәрбиенің арқасында ізгі халге жеткендері соншалық, жануарын бос ыдыспен алдап шақырған кісінің бұл әрекетін кемшілік деп санап, оған сенім артпаған. Яғни, тіпті жануарды болса да алдайтын кісіні Аллаһ Расулінің хадисі бойынша өмір сүрмегені үшін хадис риуаят етуге лайықты емес деп есептеп, ондай кісілерден хадис алмайтын болған.

***

Имам Малик рахматуллаһи аләйһ былай дейді:

Маған айтылғаны бойынша бір күні біреу Лұқман Хакімнен:

«Сенің бойыңнан біз көрген (айрықшалық) не нәрсе?» - деп сұраған екен.

Ол бұған:

«Тура сөйлеу, аманатқа қиянат жасамау, маған қатысы жоқ нәрселерді тәрк ету және уәдеде тұру» деп жауап берген екен (Муатта, Кәләм 17).

***

Жаратылыс нұры Пайғамбарымыз аләйһис-сәләм Исра және Миғраж оқиғасын Құрайыш мүшріктеріне хабар беретін кезде:

– *Уа, Жәбірейіл! Қауымым маған сенбейді!* - *деді.*

Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– *Әбу Бәкір сені растайды. Өйткені ол – сыддық,* - *деді* (Ибн Сағд I, 215).

Құрайыш мүшріктері Миғраж оқиғасын естігенде тез арада Хазірет Әбу Бәкірге барып, оған:

– *Досың бір түннің ішінде Ақса мешітіне барғанын, ол жерден көкке көтеріліп, таң атпай қайтадан Меккеге оралғанын айтып жатыр? Ал енді бұған не дейді екенсің?* - деді.

Сонда Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Хазірет Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәләмға деген терең иманымен:

– *Ол не айтса да рас! Өйткені, оның жалған айтуы, әсте мүмкін емес. Мен оның Раббысынан әкелген әрбір нәрсесіне артынша-ақ иман келтіремін...* - деді.

Мүшріктер:

– *Сонда сен оны растайсың ба? Бір түннің ішінде Бәйтүл-Мақдиске барып-келгеніне сенесің бе?* - деді.

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Иә! Бұған таңданатын түгі де жоқ. Аллаһқа ант етейін, ол маған күндіз немесе түнде кез келген бір уақытта өзіне Аллаһтан хабар келгенін айтады, мен сонда да оны растаймын» деді.

Содан кейін Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Қағбаның жанында тұрған Хазірет Пайғамбарымыздың қасына барады. Сөйтіп, Миғраж оқиғасын Оның мүбәрәк аузынан тыңдады. Сосын:

– *Садақта (рас айттың) уа, Расулаллаһ!..* - деді.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Бәкірдің өзін растағанына дән риза болып, әлемге жарық нұр боп төгілген күлімсіреген жүзімен Хазірет Әбу Бәкірге бұрылып:

– *Ей, Әбу Бәкір! Сен «Сыддықсың!..» деді* (Ибн Һишам II, 5).

Сол күннен бастап Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) «Сыддық» деген лақаппен танымал болды.

Міне, имандағы шынайылық деп осыны айт... Асыл мәселе – туралықты тауып, одан еш айырылмау...

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір бәдәуиден ат сатып алады. Пайғамбарымыз одан атты үйіне әкеліп беруін және ақшасын да сол жерде алуын өтінді. Сөйтіп өзі алдына түсіп, тезірек үйіне жүріп кетеді. Бәдәуи арт жақтан ақырын ғана келе жатады. Сол кезде кейбір кісілер бәдәуиге келіп, атын сатып алмақ болып, онымен саудаласады. Оған көбірек ақша ұсынды. Бірақ, олар ол атты Пайғамбарымыздың сатып алғанынан бейхабар еді. Сонда бәдәуи Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айқайлап:

– Мына атты алатын болсаң ал, әйтпесе сатып жіберемін! - деді. Аллаһтың Расулі бәдәуидің сөзін естігенде оған қарай бұрылып:

– Мен оны сенен сатып алдым ғой! - деді. Бәдәуи:

– Уаллаһи мен оны саған сатпадым! - деп сөзінен тая бастады. Пайғамбарымыз:

– Жоқ, мен оны сенен сатып алдым, - деді. Бәдәуи бұл жолы:

– Куәң қане? Куәгеріңді әкел! - деді. Хұзайма бин Сабит (радиаллаһу анһу) атылып шығып:

– Сіздің сатып алғаныңызға мен куәмін! - деді.

Аллаһтың Елшісі Хұзайманың жанына барып:

– Сен саудаласқан кезде біздің қасымызда жоқ едің ғой, қалай куә боласың? - деді. Сонда Хұзайма (радиаллаһу анһу):

– Сізге деген кіршіксіз сеніммен куә болам, уа, Аллаһтың Расулі! - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Хұзайманың кіршіксіз шынайылығы үшін оның куәлігін екі кісінің куәлігіне теңеп бағалады (Әбу Дәуіт, Ақдия 20/3607; Нәсай, Буюғ 91; Ахмед V, 215-216).

Басқа бір риуаятта Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Хұзаймадан:

– Сен саудаласқан кезде жанымызда жоқ болатынсың, не үшін куә болдың? - деп сұрады. Хұзайма:

– Мен Сіз әкелген дінге сендім. Сол себептен де, сіздің ақиқаттан басқа ешнәрсе айтпайтындығыңызды білдім, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі:

– Хұзайма кімнің пайдасына не зиянына куәлік етсе, бұл оған жеткілікті (екі куәгердің орнына жүреді) - деді.

Міне, бұл – Аллаһпен Оның Расуліне деген туралық пен шынайылықтың заңғар шыңы...

***

Кағыб бин Малик (радиаллаһу анһу) Аллаһтың Елшісі шыққан жорықтардың барлығына қатысқан еді. Бірақ, Тәбүк жорығына «әне шығамын, міне шығамын» деп жүріп кешігеді. Сөйтіп, жүргенде әскер кетіп қалады. Кағыб болса, Мәдинада қалып қояды. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жорықтан оралғанда жорыққа қатыспағандардың көбісі сылтауларын айтады. Ал Кағыб және тағы бір-екі сахаба шындарын айтып, Аллаһқа тәубе етіп, кешірім сұрайды. Олардың тәубелерінің қабыл болғандығын білдіретін аят тура елу күннен кейін түседі. Бірақ, сол уақытқа дейін олар қатты рухани азап шегеді. Дүние қанша кең болғанымен, жандары қысылып, кірерге тесік таппай, бас сауғалап кетеді. Алайда, шынайылықпен қылған тәубелерінің арқасында Аллаһтың кешіріміне қол жеткізеді. Туралыққа бас иіп, қателігін жасырмай мойындаған Кағыб бин Малик (радиаллаһу анһу) шынайлығынан тапқан пайдасын былай деп баяндайды:

«Аллаһқа ант етейін, мені мұсылман болу бақытына бөлегеннен кейін Аллаһ Тағаланың маған берген ең үлкен нығметі – Хазірет Пайғамбарымыздың алдында ақиқатты айтуым және соның арқасында жалған айтушылармен бірге құрып кетуден аман қалуым. Өйткені, Аллаһ Тағала Тәбүк жорығына қатыспай, жалған сылтау айтқандар жайында олардың қайғылы соңдарын баяндап, мына аяттарды уахи етті:

«...Олардан жүздеріңді теріс бұрыңдар, өйткені олар – (жүректері) лас адамдар. Олардың істеген күнәлары үшін баратын жерлері жәһаннам. Сендерге өздеріне разы болсын деп ант-су ішеді. Сендер оларға разы болсаңдар да, Аллаһ ондай пасықтарға разы болмайды» (Тәубе сүресі, 95-96 аяттар) (Бұхари, Мәғази 79)**.**

***

Ұхұд шайқасы аяқталған соң Мәдина Мунауарадағы әйелдер шайқас жерінен бір хабар келіп қалар деген үмітпен қаланың сыртына шықты. Бибі Айша (радиаллаһу анһа) да солардың арасында еді. Айша анамыз Харра деген жерге жеткенде алдынан шыққан Һинд бинти Амрға кезікті. Һинд күйеуі Амр бин Жәмуһтың және ұлы Халлад пен бауыры Абдуллаһтың шәһид болған денелерін бір түйеге артып әкеле жатыр екен. Хазірет Айша одан:

– Ол жақтан қандай хабар бар? - деп сұрады.

Сонда Һинд бинти Амр (радиаллаһу анһа):

– Жақсылық, Аллаһтың Елшісі аман-сау. Ол сау болған соң қалған

қайғының бәрі жеңіл... - деді. Хазірет Айша түйенің үстіндегі мәйіттерді көрсетіп:

– Мыналар кімдер? - деп сұрады. Салихалы әйел Һинд:

– Бауырым Абдуллаһ, ұлым Халлад және күйеуім Амр, - деді.

Айша (радиаллаһу анһа):

– Оларды қайда алып бара жатырсың? - деп сұрады. Һинд:

– Мәдинаға алып бара жатырмын. Сол жерге көмемін, - деді.

Һинд түйесін жүргізбек болып жетектеп еді, түйе тұрған жерінде шөгіп, жүрмей тұрып алады. Бибі Айша:

– Түйе жүгі ауыр болғаны үшін шөккен болар? - деді. Һинд болса:

– Неге шөккенің өзім де түсінбедім. Әншейінде екі түйенің жүгін көтеретін-ді. Мұндай әдеті жоқ болатын. Қазір бұған бірнәрсе болып тұр-ау шамасы, - деді.

Түйені тізгінінен тартып, біраз жұлқылап еді, орнынан тұрды. Бірақ, Мәдинаға қарай бұрғанда қайтадан шөкті. Ұхұд жаққа қарай бұрып еді, жүгіре жөнелді. Һинд Хазірет Пайғамбарымызға барып болған жағдайды айтып берді. Расулуллаһ:

– Түйеге бір міндет жүктелген. Амр қандай да бір өсиет қалдырған ба еді? - деп сұрады. Сонда Һинд:

– Амр Ұхұд соғысына шығатын кезде құбылаға жүзін бұрып: «Аллаһым! Маған шәһид болуды нәсіп ет! Мені шәһидтіктен үмітсіз яки мақұрым етіп, үйіме қайтара көрме!» деп дұға жасаған болатын, - деді.

Сол уақыт Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайылығын көрсететін мына бір керемет сөздерді айтты:

«Міне, сол себептен де түйе жүрмей тұр. Ей, ансарлықтар! Сендерден кімде-кім Аллаһқа уәде берген болса, сөзінде тұрсын. Ей, Һинд! Сенің күйеуің уәдесінде тұратын шыншылдардан болды. Ол шәһид болған кезден бері періштелер қанаттарымен оған көлеңке түсіріп, қай жерге көмеді екен деп күтіп тұруда. Ей, Һинд! Амр бин Жамуһ, ұлың Халлад және бауырың Абдуллаһ жәннатта бір жерге жиналып, дос болады».

Һинд осы сүйіншіні естігенде:

– Уа, Расулаллаһ! Сізден өтінемін, мені де олардың қасына қоссын деп Аллаһқа дұға жасаңызшы, - деп жалбарынды (Уақиди I, 265-266; ибн Хажар, Фатхул-Бари, III, 216; ибн Абдилбар, әл-Истиғаб III, 1168).

* * *

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбия келісімі

жасалмай тұрып, Хазірет Османды Меккеге Құрайыштармен кездесуге жібереді. Осман (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың бұйрығы бойынша Меккеге барып, мақсаттарының тек ұмра ғибадатын жасау екендігін айтады. Бірақ, мүшріктер бұған рұқсат бермейді. Хазірет Османды өз бақылауларына ала отырып:

«Қаласаң, саған Қағбаны тауаф қылуға рұқсат береміз!..» деді.

Бүкіл мұсылман Қағбаны тауаф етуге, қасиетті Меккені көруге асық еді. Тіпті, олардың арасында Хазірет Османның тауаф ететіндігін ойлап, оған қызыға әрі қызғана қарағандар да болды. Кейбіреулері болса, оның тауаф ететініне сенімсіз еді. Бәлкім, Осман (радиаллаһу анһу) үлкен шынайылық пен жанқиярлық танытып, бүкіл мұсылмандарға рұқсат берілмейінше Қағбаны тауаф жасамайды деп ойлады.

Тап екінші топтың ойлағанындай болды. Өзін Аллаһ пен Расулінің жолына атаған шын пейілді сахаба:

«Хазірет Пайғамбарымыз Қағбаны тауаф етпегенше, мен де тауаф қылмаймын! Мен Аллаһтың үйін тек оның артынан жүріп қана зиярат етемін. Аллаһтың Елшісі қабыл етілмеген жерде мен де жоқпын...» деп Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)ға шынайы берілгендігін көрсетті (Ахмед IV, 324)**.**

***

Явуз Сұлтан Сәлим хан ержүрек, қайтпас та қайсар батыр мінезімен қатар, сезімтал әрі жұмсақ мінезді жан еді. Дегенмен, Осман падишахтары мемлекеттің бірлігі мен тұтастығын және оның өміршеңдігін сақтап қалу мақсатымен кейбір кездері қиын шешімдер қабылдауға мәжбүр болған. Сондай-ақ, Явуз Сұлтан Сәлим бауыры ханзада Қорқытты өлім жазасына кесуге де мәжбүр болған. Кейін оның жаназасына қатысып, мәйіті салынған табытты арқалап:

«Ей, бауырым! Әттең, сен олай істемегенің де ғой және мен де бұлай істеуге мәжбүр болмағаным да ғой!..» деп көз жасын төккен екен.

Падишах ханзада Қорқыттың Пияле есімді нөкерінің қожайынына деген сенімділігіне тәнті болып:

«Сені ұлы қасиеттердің бірі шынайылығың үшін кешіремін! Осы шынайылығың үшін сені қалаған мақамыңа отырғызайын. Қаласаң, менің уәзірім бол!» деп ұсыныс жасады.

Сонда ол падишахқа рақметін айтты да, шынайылығын нақтылай түсіп:

«Сұлтаным! Менің ендігі міндетім, ханзада Қорқыттың мазарына шырақшы болу!..» деді.

***

Қорыта айтқанда, мүмин кісі айтқан сөздерінде, іс-әрекеттерінде және ниетінде шынайылықтан айнымай, өз есімін шыншылдар кітабына жаздыруы тиіс. Осылайша, шынайылығының жемісін бұл дүниеде де, ақыретте де көргені жөн. Зия Паша қандай тамаша жырлаған:

Адам баласына тура болу жарасады, көрсе де қиындық,

Шыншылдардың жәрдемшісі тек бір Жаратушы Хақ Аллаһ!

6. ЖАҒДАЙЫНА РАЗЫ БОЛУ

Тым қатты қуану немесе тым қатты мұңаю – адам нәпсі үшін құрылған тұзақ. Ал «кез келген жағдайға разылық көрсету» және оның жемісі болып табылатын «сабырлық пен тәуекел ету» кәміл мүминдердің айрықша сипаттарының бірі болып табылады.

Бақытты болудың өзгермейтін қағидасы – ақылды уахиға тәуелді ету, жүректі көркем ахлақпен безендіру және осы арқылы өмірдің тосын сыйлықтарына разылық көрсету. Сондай-ақ, шынайы бақытқа қол жеткізу тек өмірдің ащысы мен тұщысын қабыл етіп, қиындықтары мен ауыртпалықтарына төзімділік таныту, сондай-ақ, өмірді түзетуге күш-қайрат жұмсау және әрбір нәрсеге жақсы жағынан қарап Әлемдердің Раббысына тәслім болумен ғана мүмкін болмақ.

Лұқман Хәкімнің мына бір насихаты қандай керемет:

«Құлыным! Қайғы-мұңға салынып, көңіліңді құлазытпа! Ашкөзділіктен, тойымсыздықтан сақ бол! Тағдырыңа разылық көрсет! Аллаһтың бергеніне қанағат қыл, сонда өмірің гүлденеді. Көңілің қуанышқа толы болсын және сонда ғана өмірден рақат аласың!»

Жақсылық бола қалған жағдайда тағдырға разы болып, керісінше қайғылы жағдайларда және сәтсіздікке тап болғанда тағдырға налу мұсылманның ахлағына жат қылық. Дегенмен, адам баласы рухани кемелдіктің шыңына көтерілмей тұрып пендеге тән мұндай кемшіліктен оңай арыла алмасы хақ. Егер, пенде нәпсісін жаман қасиеттерден арылтып әрі тәрбиелеп, оны «Радия» мақамына жеткізе алатын болса, илаһи ирада (қалау) бойынша жақсылық немесе жамандықта Аллаһтың жазған әрбір тағдырына еш ойланбастан тәслім болып, разылық көрсетер еді. Әрі еш шағымданбайтын да болады. Мұндай мәртебеге қол жеткізгендер хақында берілген илаһи сүйінші қандай керемет десеңізші: **«Ей, тыныштыққа қол жеткізген жан! Сен Оған разы, Ол да саған разы болған күйде Раббыңа қайт. Салих құлдарымның қатарына қосылып, жәннатыма кір!»** (Фәжр сүресі, 27-30 аяттар)**.**

Жақсы көретін, ұнататын нәрсені істеу немесе оған төзу кез кел-

ген адам баласы үшін жеңіл. Жеңіл нәрсені істеу де өте оңай, әрі оны істеуден адам рақат алады. Сол сияқты Аллаһты жақсы көретін мүмин құлға Одан келетін әрбір нәрсе жеңіл боп келеді, рақат береді және жанына ұнайды.

Шынайы иманға қол жеткізген салих құлдар Аллаһтың тағдырына разылық білдіре отырып, Құдай Тағала жазбаған қиындықтың ешқашан бастарына келмейтіндігіне нық сенеді. Сондықтан, олар дүниеде бастарына келген әрбір ауыртпалықты ақырет азабымен салыстыра келе, жеңіл деп қабылдайды. Аллаһ Тағала ондай адамдардың жүректеріне тыныштық орнықтырады. Тіпті, оларға Аллаһтың әр түрлі түрде көрініс табатын тағдыры мына өткінші жалған дүниенің ойын-сауық, мерекемейрамынан да артық. Өйткені, олар қара халықтың «бақытқа» балап алданған нәрселерінен ұзақ тұрады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Сауаптың үлкендігі сынақтың ауырлығына қарай болмақ. Аллаһ сүйген қауымының басына қиындық береді. Кімде-кім басына келгенге разылық білдірсе, Аллаһ оған разы болады. Ал кімде-кім разылық көрсетпесе, ол Аллаһтың қаһарына ұшырайды» (Тирмизи, Зүһд 57/2396; ибн Мәжә, Фитән 23).

Келесі бір хадисте былай делінген:

«Қуатты мүмин әлсіз мүминнен әлде қайда қайырлы және сүйкімдірек. Бұған қарамастан, әр екеуінде де жақсылық бар. Сен өзіңе пайдалы нәрсеге қол жеткізуге тырыс. Аллаһтан жәрдем тіле және ешуақытта әлсіздік танытпа. Басыңа бір қиындық келе қалса, «Егер бұлай істегенімде ғой, бұлай болатын еді» деп өкініп, қайғыға салынба! «Аллаһтың тағдыры осы, Ол нені қаласа, соны істейді» де! Өйткені: «Егер бұлай істегенімде ғой» деген сөз шайтанды қуантатын істерге жол ашады» (Мүслим, Қадар 34; ибн Мәжә, Мұқаддима 10).

Жағдайына разылық көрсетпей, «әттең бұлай істегенімде ғой» деп налыйтын адам тағдырға қарсы келу және Аллаһтың ирадасын (қалауын) ұнатпау сынды иманға қайшы келетін жайтқа душар болады. Ал бұл – шайтанды қуантатын, адамды зиянға ұшыратын дүние. Керісінше, кез-келген жағдайға разы болу адамды Аллаһтың разылығына кенелтеді. Құран Кәрімде дүние мен ақыреттегі барлық бақыт көзі саналып болғаннан соң*:*

«...Аллаһтың разылығы бұлардың барлығынан да үлкен. Міне, ең үлкен жетістік те – осы» (Тәубе сүресі, 72-аят) деген.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Усамә бин Зайд (радиаллаһу анһума) былай дейді:

Пайғамбарымыздың қызы (Зейнеп) Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ұлым өлім аузында жатыр. Өтінемін, үйге келіп-кетіңіз, - деп хабар жолдайды. Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

– Алатын да, беретін де Аллаһ. Оның қасында әрнәрсенің белгілі бір уақыты бар. Сабыр қылып, сауабын Аллаһтан күтсін! - деп қызына сәлемдеме айтып жібереді.

Сонда қызы Зейнеп Аллаһтың Елшісіне:

– Жалынамын, міндетті түрде келсінші! - деп тағы да хабар жібереді.

Бұл жолы Аллаһтың Елшісі салаллаһу алейһи уә сәлләм Сағд бин Убадә, Муғаз бин Жәбәл, Убәй бин Кағыб, Зайд бин Сәбит және тағы басқа сахабалармен бірге отырған жерлерінен тұрып, қызының үйне қарай бет алады. Сәбиді Хазірет Пайғамбарға ұстатты. Расулуллаһ сәбиді құшағына алды. Байқұс сәби тынысы тарылып, әзер демалып жатты. Сол кезде Аллаһтың Елшісінің көзінен жас ақты. Мұны байқап қалған Сағд бин Убадә:

– Уа, Аллаһтың Елшісі сіз жылап жатырсыз ба? - деді. Расулуллаһ:

– Бұл – Аллаһтың құлдарының арасында қалаған құлының жүрегіне салған мейірім сезімі. Сондай-ақ, Аллаһ тек мейірімді құлдарына ғана рақымдылық жасайды, - деді (Бұхари, Жәнайз 33, Әйман 9; Марда 9; Мүслим, Жәнайз 9, 11).

Хазірет Пайғамбарымыздың қызына жолдаған алғашқы сәлемдемесі мен айтқан өсиеті басқа түскен жағдайға разылық көрсету керектігін білдіреді. Нағыз даналық – сол бір қайғылы сәттерде тағдырға разылық көрсетіп, тәслім болу. Аллаһтың Елшісінің екінші жағдайы, яғни көзінен жас шығып жылауы – алғаш сол жердегі кейбір сахабалар ойлап қалғандай тағдырға қарсы келу емес еді. Тағдырға қарсы келу дегеніміз: ол – бақырып-шақырып, үсті-басын жыртып жылау. Ал Пайғамбарымыздың сол кездегі жағдайы болса, Аллаһтың өз құлдарына сый етіп берген мейірім сезімінің бір ғана көрінісі болатын.

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа түскен қайғылы жағдайға разылық көрсетіп, сабыр қылған мүминнің алатын сыйын былай деп баяндайды:

«Бір кісінің баласы қайтыс болғанда Аллаһ Тағала періштелеріне:

– Құлымның баласының рухын алдыңдар ма! - дейді. Періштелер:

– Иә, уа, Раббым! - деп жауап қайырады. Аллаһ Тағала:

– Оның бауыр етін жұлып алдыңдар ма? - дейді. Періштелер:

– Иә, уа, Раббым! - деп жауап қайырады.

– Құлым сол кезде не деді? - деп сұрайды. Періштелер:

– Ол Саған мадақ-мақтау айтып:

إِنَّا لِلّٰهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ

«...Расында біз Аллаһтікіміз және Оған ғана қайтамыз» (Бақара сүресі, 156-аят) *дей отырып, бір өзіңе ғана мінәжат етті, - деп жауап береді. Сол кезде Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:*

«Құлым үшін жәннатта бір үй тұрғызыңдар және ол үйдің атын «Бәйтул-Хамд» (Мақтау үйі) деп қойыңдар!» (Тирмизи, Жәнайз 36/1021).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Пенде науқастанып жатқанда Аллаһ Тағала оған екі періште жіберіп, ол екеуіне:

«Барып көріңдер, құлым жәрдемшілеріне не деп жатыр екен, тыңдап келіңдер!» деп бұйырады.

Егер ол пенде періштелер келгенде Аллаһқа мақтау айтып, Оны дәріптеп жатқан болса, олар құлдың бұл халін әрнәрсені ең жақсы білуші Аллаһқа жеткізеді. (Періштелерін тек құлының амалына куә болсын деп жіберген) Аллаһ Тағала:

«Құлымның рухын алсам, оны жәннатқа кіргізу пендемнің менің мойнымдағы хақысы болады. Егер оған шипа берсем, оның етін одан да жақсы етпен, қанын одан да жақсы қанмен ауыстыру және күнәларын кешіру мойнымдағы хақысы болады» дейді» (Муатта, Айн 5).

***

Әбу Хұрайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына:

«Кім мына сөздерді менен жаттап алып, олармен амал жасайды және (сонымен қатар) оларды амал ететін кісіге үйретеді?» деді. Мен орнымнан атып тұрып:

– Мен, уа, Аллаһтың Расулі! - дедім.

Сонда Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм қолымнан ұстап тұрып мына бес нәрсені айтты:

– Харам нәрселерден сақтансаң, Аллаһтың ең шынайы құлы боласың!

– Аллаһтың бергеніне разы болсаң, (қанағат қылуда) адамдардың ең байы боласың!

– Көршіңе жақсылық жаса, сонда кәміл мүмин боласың.

– Өзің үшін қалаған нәрсені өзгелер үшін де қала, сонда нағыз мұсылман боласың.

– Көп күлме! Өйткені, көп күлкі жүректі өлтіреді» (Тирмизи, Зүһд 2/2305; ибн Мәжә, Зүһд 24).

***

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Бәкірмен (радиаллаһу анһу) бірге отырған болатын. Хазірет Әбу Бәкірдің үстінде ескілеу киім бар еді. Киімінің ескілігі соншалық, көкірек тұсындағы ашық жерін жасыл шыбықтармен байлап, ұстатып қойған еді.

Сол кезде Жәбірейіл аләйһис-сәләм көктен түседі. Хазірет Пайғамбарға Аллаһ Тағаланың сәлемін жеткізді. Сосын:

– Уа, Расуаллаһ! Әбу Бәкірге не болған? Киімі тым ескіріп кетіпті. Ұштарын шыбықпен байлап қойыпты! - деді.

Әлемнің мақтанышы!

– Уа, Жәбірейіл! Ол жеңістен бұрын барлық мал-дүниесін Аллаһтың діні жолында жұмсаған болатын. Сол себептен, қазір осындай халде, - деді. Сол кезде Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Оған Аллаһ Тағаланың сәлемін айт. Сосын, Раббың сенен сұрап жатыр: «Осылай пақыр-мұқтаж болып жүргенің үшін Раббыңа разысың ба, әлде наразысың ба?» деп айтшы, - деді.

Аллаһтың Елшісі жан досы Әбу Бәкірге бұрылып:

– Ей, Әбу Бәкір! Жәбірейіл осында тұр. Саған Аллаһ Тағаладан сәлем әкелді. Ұлы Раббымыз: «Пақыр-мұқаж болып жүргенің үшін Маған разысың ба, әлде наразысың ба?» деп айтып жатыр, - деді.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) күтпеген жерден иләһи ілтипат алғанына не дерін білмей, сасқалақтап қалады. Тап бір тілі күрмеліп қалғандай күй кешті. Біраз уақыт көз жасын төгіп жылады. Сосын:

– Раббыма қалай разы болмайын?! Мен Раббыма разымын, мен Раббыма разымын, мен Раббыма разымын, - деді (Әбу Нұғайым, Хилия VII, 105; ибн Жаузи, Сифатус-Сафуа I, 249-250).

***

Деректер бойынша Юнус аләйһис-сәләм бір жолы Хазірет Жәбірейілге:

– Маған жер жүзіндегі ең көп құлшылық жасайтын кісіні көрсетесің бе? - деді.

Ол оған бір кісіні көрсетті. Қараса, екі қолы мен екі аяғын жара басып, шіріп кеткен әрі көзі де көрмейтін соқыр кісі екен. Сол уақытта ол адам былай деп дұға етіп жатыр еді:

«Уа, Аллаһым! Маған мына екі қолым мен екі аяғым арқылы не берген болсаң, оны тек Сен ғана бердің. Не нәрседен ұзақ қылған болсаң, тек Сен ғана ұзақ қылдың. Уа, Аллаһым! Менің көңілімде бір ғана тілек бар, ол – бір өзіңе қауышу».

***

Хазірет Айюб аләйһис-сәләм қатты сырқаттанып жүрді. Әйелі Рахима ханым оған:

– Сен Пайғамбарсың ғой. Аллаһ Тағаладан денсаулық, шипа тілеп, мына дертіңнен құтылмайсың ба?! - деді. Айюб аләйһис-сәләм одан:

– Денсаулығымыз жақсы болып, аман-сау жүріп қанша жыл өткіздік? - деп сұрады. Рахима ханым:

– Сексен жылдай болу керек, - деді. Сонда Хазірет Айюб аләйһис-сәләм:

«Ей, Рахима! Аллаһ Тағала маған сексен жыл ауру-сырқатсыз бақуатты өмір сыйлады. Сондай-ақ, сырқат боп өткізген күндерім, сау боп өткізген күндеріме қарағанда өте аз. Осылай бола тұра, Жаратқан Иеме қалай шағымданбақпын?! Оған дәтім бармайды. Аллаһ Тағала бізге нығмет бергенде разы боламыз да, қиындық жіберсе оған сабыр қылмаймыз ба?! Менің Раббыма шағымым жоқ, Оған разымын!» деді.

Айюб аләйһис-сәләмнің бұл әрекеті – басқа түскен қиындыққа разылық көрсетудің ең тамаша дәлелі. Айюб аләйһис-сәләм басына келген қаншама қиындық пен ауыртпалыққа қарамастан, шағымданушы кісіге ұқсамайын және тағдырға разылық көрсетуде кемшілік етпейін деп Аллаһ Тағалаға шағымданып, дертіне дауа, ауруына шипа тілеуге бармаған. Ақыр соңында әйелінің тынымсыз талабы бойынша тек:

«…(Раббым!) **Басыма осынадай бір дерт келді. Сен рақымдылардың ең рақымдысысың!..»** (Әнбия сүресі, 83-аят) деп қана дұға қылды.

Осы дұғадан кейін Аллаһ Тағала өзіне әрдайым құлшылық жасайтын құлдарына рақымдылық ретінде оның дертіне дауа, ауруына шипа береді. Бұған қоса, оған қайтадан мал-дүние мен бала-шаға нәсіп етеді. Аллаһ Тағала сабырлық, шүкіршілік пен тағдырына разы болудың биік шыңын бағындырған Айюб аләйһис-сәләм үшін: **«…نِعْمَ الْعَبْدُ : Ол қандай керемет құл еді!..»** (Сад сүресі, 44-аят) деп ілтипат білдірген.

***

Хазірет Мәулана шынайы махаббат пен достықтың достан келетін қиындық пен азапты жылы шыраймен қабылдау әрі оған разылық көрсетіп, тәслім болу арқылы мүмкін болатындығын төмендегі хикаяда былай деп түсіндіреді:

«Бір кісіге зиярат етіп келген достары сыйлық ретінде оған қауын әкеледі. Ол кісі құзырына жақсы көретін адамы, сырласы әрі адал қызметшісі Лұқманды шақыртады.

Лұқман оның қасына келгенде қожайыны қауыннан бір тілім кесіп беріп, ізет жасайды. Ол қожайынының берген тілігін тап бір бал жегендей аузынан суы ағып құмарта әрі тамсана жей бастайды. Қауынды ұнатып жегендігі соншалық, сол жерде оған қарап тұрғандардың да тәбеті ашылып, қызығып кетеді. Қожайыны оған тағы бір тілім кесіп береді. Өйткені, Лұқманның қауын жегеннен ләззат алғанына ол да рақаттанып тұрған еді. Не керек, соңында қауыннан бір-ақ тілім қалады. Сонда қожайыны:

«Мұны енді өзім жейін. Дәмінің қаншалықты шырын екенін татып көрейін» - деді. Алайда, ол қауынды аузына салар-салмас дәмінің ащылығы соншалық аузын қуырып, тілін күйдіріп жібереді. Тамағын да ашытады. Ащылығының күштілігінен, тіпті есеңгіреп те қалады. Лұқманға қарап:

«Ей, менің адал қызметшім, жан досым!» - деді. «Мұндай уды аузыңнан суыңды ағызып қалай жей алдың? Бұған қалай сабырың жетті? Бір Құдай білер, осы кезге дейін қалай қиналғаныңды. Тіпті, түріңді де бұзбадың ғой. Әлде, сен өз жаныңа дұшпансың ба? Неге үндемедің? Неге «кешіресіз, қазір жегім келмей тұр!» деп айтпадың?» - деді.

Сонда Лұқман:

«Мен сіздің қолыңыздан дәмді тағамдар жедім. Сіз маған рухани әрі заттық тұрғыдан көптеген азық бердіңіз. Бірақ, мен сізге бұлардың ешқайсысының да ақысын өтей алмадым. Соған ұялғанымнан кірерге жер таба алмай жүрмін. Осылай бола тұра, өз қолыңызбен ұсынған нәрсені «бұл ащы, жей алмаймын» деуге қалайша дәтім бармақ? Сіздің қолыңыздан шыққан әрбір ащы нәрсе мен үшін тәтті болмақ. Өйткені, тәнімнің әрбір жасушасы сіз берген нығметтерден нәр алған» деп жауап береді.

Содан соң Лұқман ішкі жан-дүниесіндегі сүйіспеншілікке толы сезімдерін білдіре отырып, одан әрмен ағынан жарыла түсті:

«Мырзам! Сізден келген бір қайғыға бақырып, шақырсам басыма мың мәрте топырақ құйылсын! Сіздің жомарт қолыңыздың дәмі бұл қауында қалайша ащы дәм қалдырсын?! Махаббат арқылы ащы дәм ләззатқа, бақыр алтынға айналады. Махаббат арқылы дауасыз дертке

дәрмен табылады. Махаббат арқылы өлілер қайта тіріледі. Махаббаттың арқасында падишахтар құлға айналады. Махаббат арқылы зындандар гүл бақшаға оранады. Махаббат арқылы қараңғы үйлерде жарық пайда болады. Махаббат арқылы от нұрға айналады. Махаббат арқылы түрпайылар өздерін сұлу сезінеді. Махаббат арқылы қайғы-мұң қуаныш пен бақытқа айналады. Жолдан адастырғандар мен жол тораушылдаған қарақшылар махаббаттың арқасында жол нұсқаушы жақсылық жанашырына айналады. Махаббат арқылы аурулар дертінен айығып, сауығады. Махаббат арқылы ашу мен ыза рақым мен мейірімге айналады».

Расында да бұл – Аллаһқа деген махаббаттың теңдессіз үлгісі, сондайақ кез келген жағдайға разы болудың ең тамаша мысалы.

***

Омар бин Абдулазиз рахматуллаһи аләйһи өзінен:

«Нені жақсы көресіз?» деп сұрағандарға:

«Менің қуанышым тағдырда жасырулы. Мен Аллаһ Тағаланың үкімін жақсы көремін...» деп жауап берген екен.

***

Құл мен қожайыны арасында болған мына бір әңгіме қандай ғибратты десеңізші:

Бір кісі құл сатып алады. Сатып алған құлы тақуа әрі салих мүмин болады. Қожайыны оны үйіне апарғанда араларында мынадай әңгіме өрбиді:

Қожайыны:

– Менің үйімде қандай тамақ жегенді қалайсың?

Құл:

– Не берсеңіз, соны.

– Қандай киім кигің келеді?

– Не кигізсеңіз, соны.

– Үйімнің қай бөлмесінде жатқың келеді?

– Қай бөлмеде жатқанымды қаласаңыз, сол бөлмеде.

– Үйімде қандай жұмыс істегің келеді?

– Қандай жұмыс тапсырсаңыз, соны.

Құлдың осы жауабынан кейін қожайыны сәл ойланып тұрды да, көздерінен тамған жастарын сүртіп:

«Шіркін, мен де Раббыма осылай мойынсұна алсам ғой. Сонда қандай бақытты жан болар едім!..» деді.

Сол кезде құлы:

«Уа, қожайынным! Қожайынның алдында құлдың таңдау құқы, қалауы болушы ма еді?!..» деді.

Сонда қожайыны:

«Сені азат қылдым. Аллаһ разылығы үшін азатсың. Бірақ, менің қасымда қалғаныңды қалаймын. Егер қалсаң, жаныммен де, малыммен де саған қызмет етер едім» деді.

Кімде-кім Аллаһты шынайы танып, Оған шынайы махаббатпен тәслім болса және Аллаһтың пешенесіне жазған тағдырына разылық көрсетсе, ол кісіде таңдау да, қалау да болмайды. Ол тек:

«Енді маған Аллаһтан тілек тілеп, не керек?!» дейтін ғана болады».[154]

***

Аллаһтың уәли құлы Хазірет Сүнбүл Синан шәкірттерінен:

«Мысалы, (әлбетте олай болуы мүмкін емес) Аллаһ Тағала ғаламды басқару билігін сендердің қолдарыңа берсе, не істер едіңдер?» деп сұрады.

Мұндай сұраққа бұрын-соңды тап болмаған шәкірттер аң-таң болады. Ұстаздарына жауап қатпай әдепсіздік қылмайық деген оймен әрқайсысы әр түрлі жауап беріп жатты. Іштерінен біреуі:

– Мен ол кезде дүниеде бірде-бір кәпір қалдырмай, бәрін жояр едім, - деді.

Келесі біреуі:

– Жер бетіндегі барлық жамандықты жоятын едім! - деді. Қалғандары да:

– Ішімдік ішкендердің көздерін құртатын едім! - деген сияқты түрлі жауаптар беріп жатты.

Араларында біреуі жауап бермей, үнсіз отырды. Хазірет ұстаз оның назарын өзіне аударып:

– Ұлым! Сен не істер едің? - деді.

Ұзтазына деген ілтипатынан жүзі қызарып:

– Ұстаз! Мен бірнәрсе істейтіндей Аллаһ Тағаланың ғаламды басқаруында Аллаһ өзі кешірсін қандайда бір кемшілік бар ма екен?! Ғаламдағы иләһи жүйе адамның санасы жетпейтіндей дәрежеде белгілі

154. Абдулқадир Гейлани, әл-Фатхур-Роббани, (Абдулқадир Гейланидің сұхбаттары) Ыстамбул 1987, 421 б.

бір тәртіппен жүріп жатқанда әлсіз, кем әрі шектеулі ғана ақылыммен «Мынаны бұлай істер едім, ананы бұлай істер едім!» деп айтуға қандай хақым бар!..» деді де ұялғаннан көздерін төмен түсірді.

Ұстаз шәкіртінен осындай кемел жауап алғанына дән риза болды. Күлімсіреген күйі, нұрлы жүзімен терең ойлы көзбен қарап тұрды да:

«Міне, мәселе нағыз мәркәзін, яғни орнын енді тапты!..» деді.

Осыдан кейін ол шәкірттің есімі «Мәркәз Ефенди» болып аталып кетті. Ал бұрынғы есімі Мұса Мұслихуддин болса, ұмытылып кетті.

***

Қорыта айтқанда, кез келген жағдайға разы болу – Аллаһқа деген сүйіспеншілігіміз бен сенімділіміздің айқын бір көрінісі. Сондай-ақ, Аллаһтың бергеніне разылық білдіру – қызғаныштан, көре алмаушылықтан және надандықтан арылып, мағрифатқа ұласқан құлдар ғана жететін жоғары мәртебе.

Аллаһ Тағала құлының игілігін одан жақсы біледі. Сондықтан, ең сенімді жол – илаһи тағдырға разы болу және кез келген жағдайда шүкіршілік ете білу. Осы орайда, Аллаһ Тағала былай деп ескерту жасайды:

«...Жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін қайырлы болуы да мүмкін. Сол сияқты, жақсы көрген нәрселеріңнің де, сендер үшін жаман болуы мүмкін. Аллаһ біледі, ал сендер біле алмайсыңдар» (Бақара сүресі, 216-аят)**.**

7. ТӘУЕКЕЛ ЕТУ ЖӘНЕ ТӘСЛІМИЯТ

Арабтың «Тәуәккүл» сөзінен енген тәуекел сөзі «қиындыққа төзу», «уәкіл тағайындау» және «уәкілге сенім арту» деген мағыналарға саяды. Яғни, жүрегі Аллаһқа деген иманға толы кісінің тек Аллаһқа ғана сенім артуы және Оған ғана сыйынуы деген сөз.

Аллаһтың көркем есімдерінің бірі – «әл-Уәкил». Бұл шарапатты есім «өзіне іс тапсырған кісілердің істерін реттеуші, олардың істегендерінен де артық етіп істеуші, өзіне тәуекел етіліп, сүйенуші және барлық нәрсеге билік етіп, үкімін жүргізуші» деген мағыналарды білдіреді.

Кез келген мәселеде арқа сүйеп, сенім артуға болатын сүйеніштің өлімсіз, мәңгі (тірі) және абсолюттік дәрежеде күшті болуы қажет. Олай болмаған жағдайда, сенім артудың ешқандай да мағынасы болмайды. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Әсте өлмейтін, хақиқи өмір иесі әрі мәңгі тірі Аллаһқа тәуекел ет! Және оны мадақтап, пәкте!..» (Фурқан сүресі, 58-аят)**.**

Аллаһ Тағала құлдарының тек өзіне ғана тәуекел етіп, сенім артқандарын қалайды. Қасиетті аяттарда былай делінеді:

«...Мүминдер тек Аллаһқа ғана тәуекел етсін!» (Ибраһим сүресі, 11-аят)**.**

«...Аллаһқа тәуекел еткен кісіге Аллаһ жеткілікті!..» (Талақ сүресі, 3-аят)**.**

Сондай-ақ, Хазірет Пайғамбарымыз да:

«Егер сендер Аллаһқа шынайы түрде тәуекел ете алсаңдар, таңертеңмен қарындары аш шығып, кешке қарай тоқ болып оралған құстардың ризықталғандары сияқты рызықталасыңдар!» деп айтқан.

Тәслімият сөзіне келер болсақ, «мойынсұну, басқа түскен жағдайға қарсылықсыз көндігу және одан аман-сау шығу» деген мағыналарға келеді. Тәслімият жүрекке қатысты амалдарының бірі болумен қатар, Аллаһ тарапынан хабар берілген мәселелер жайындағы күмәндардан, иләһи бұйрықтарға қайшы келетін нәпсілік қалаулардан және иләһи тағдыр мен шариғатқа қарсы шығу дертінен арылу дегенді білдіреді. Аятта былай делінеді:

«Жоқ! Раббыңның атымен ант етейін, олар өз араларында шыққан талас-тартыстарда Сені би қылып тағайындап, берген үкіміңді көңілдерінде ауыртпалық сезінбестен қабыл етіп, тәслім болмайынша, толық мүмин бола алмайды» (Ниса сүресі, 65-аят)**.**

Тәслімият пен Ислам сөздері бір түбірден өрбиді. Сондықтан, Исламды хақиқи түрде өмірге енгізу және хақиқи түрде құлшылық жасау тек тәслімият, яғни Аллаһқа тәслім болу арқылы ғана мүмкін. Өйткені, Аллаһ Тағала құлының өзінен басқаға мойынсұнғанын қаламайды.

Тәслімият махаббат арқылы жүзеге асатын амал. Осы тәслімияттың берекетімен Ибраһим аләйһис-сәләмға ұлы Раббысының жолында мал-дүниесі де, бала-шағасы да, тіпті тәтті жаны да кедергі бола алмаған. Осының сыйы ретінде қажылық ғибадаты Ибраһим аләйһис-сәләмнің Раббысына деген тәуекелі мен тәслімиятының қияметке дейін жалғасатын ең тамаша үлгісі болды. Өйткені, Ибраһим аләйһис-сәләмнің тілі жүрегіндегі сезіміне тәржіман болып:

«...Мен әлемдердің Раббысына тәслім болдым!» (Бақара сүресі, 131-аят) деп әрдайым зікір етіп жүрді.

Махаббатты (сүйіспеншілікті) негізге алған әрі Исламның рухы болып табылатын тасаууф ілімі құлдың иләһи жүйе бойынша өмір сүріп,

әр сәт сайын Раббысына жақындай алуы үшін жүрегінде Аллаһтың тағдырына разы әрі тәслім болу сезімдерін нықтап орнықтыруды мақсат етеді. Өйткені, мына жалған өмірде сан мың мәрте кездесетін қайғы-мұң, қиындық пен ауыртпалықтың әсерін, сондай-ақ нәпсінің тұзақтарын тек Аллаһтың жазған тағдырына разылық танытып, тәслім болу арқылы ғана жеңілдетіп, азайта алмақпыз. Ибраһим Хаккы Ерзуруми қандай тамаша жырлаған:

Сен Аллаһқа тәуекел ет,

Тәслім бол да, рақаттан,

Әр ісіне разы бол,

Иеміздің не істейтінін көрелік,

Иеміз не істесе, оны тамаша істейді!..

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бір Бәдәуи:

– Уа, Расулаллаһ! Түйемді тұсап, сосын тәуекел етейін бе, әлде тұсамай-ақ тәуекел етейін бе? - деп сұрады. Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

«Алдымен тұса, содан соң тәуекел ет!» деді (Тирмизи, Қиямет 60/2517).

Үммү Сәләмәнің (радиаллаһу анһа) айтуы бойынша Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйінен әр шыққан сайын жүзін аспанға қаратып былай дұға қылады екен:

بِسْمِ اللهِ تَوَكَّلْتُ عَلَى اللهِ اَللّٰهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَضِلَّ أَوْ أُضَلَّ
أَوْ أَزِلَّ أَوْ أُزَلَّ أَوْ أَظْلِمَ أَوْ أُظْلَمَ أَوْ أَجْهَلَ أَوْ يُجْهَلَ عَلَيَّ

«Бисмиллаһ! Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһым адасушылыққа тұсуден және басқалар тарапынан адастырылудан, шалыс басып, аяғымның тәуынан және тайдырылуынан, зұлымдық қылудан және зұлымдыққа ұшыраудан, надандық етуден және надандарға кез болудан бір өзіңе сыйынамын» (Әбу Дәуіт, Әдеп 102-103/5094; Тирмизи, Дағауат 35).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сапарларының бірінде түскі уақытында көлеңкелейтін талдары бар бір сайға келіп, әскеріне тынығуға рұқсат береді. Жауынгерлер көлеңкелі жер іздеп, жан-жаққа шашырап кетеді. Аллаһтың Елшісі болса, жапырақтары тығыз самура дейтін ағаштың астында тынығып жатады. Қылышын талға іліп қояды.

Бұл оқиғаның арықарай қалай өрбігенін Жабир (радиаллаһу анһу) былай деп баяндайды:

«Енді көзіміз ілініп ұйықтап бара жатқанымыз сол-ақ еді Аллаһтың Елшісінің бізді шақырған дауысын естіп, дереу оған қарай жүгірдік. Қасында бір бәдәуидің тұрғанын көрдік. Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм былай деді:

– Ұйықтап жатқанымда мына бәдәуи қылышымды алып қойыпты. Көзімді ашсам, қылыш қынынан суырылған күйде оның қолында тұр екен. Ол маған:

– Қазір сені менің қолымнан кім құтқарады? - деді. Мен үш мәрте:

– Аллаһ! - деп жауап қайырдым (Бұхари, Жиһад 84, 87; Мүслим, Фадайл 13).

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз өліммен бетпе-бет келсе де Аллаһқа деген тәуекелінің арқасында еш қаймықпастан, өзіне сенімді түрде «Мені Аллаһ құтқарады!» деп жауап берген. Содан соң бәдәуидің қолындағы қылыш жерге түсіп, тәслім болады. Аллаһтың Елшісі өзін өлтірмекші болған әлгі бәдәуиді жазаландырмайды. Керісінше, оған Исламды түсіндіріп, мұсылман болуды ұсынады. Оның осындай ұлы мәмілесіне қатты қайран қалған бәдәуи қауымына оралғанда:

«Мен адамдардың ең қайырлысының қасынан келдім» деген екен (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 87).

* * *

Әбу Бәкір сыддық (радиаллаһу анһу) былай дейді:

(Һижрет сапарында) Расулуллаһпен бірге үңгірде болғанымда төбемізден ары-бері өтіп жатқан мүшріктердің аяқтарын көрдім.

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер мыналардың бірі еңкейіп төмен қарайтын болса, бізді көріп қояды, - дедім.

Сонда Аллаһтың Елшісі:

– Үшіншісі Аллаһ болған екі кісі жайында не ойлайсың, ей, Әбу Бәкір?! - деді. (Бұхари, Тәпсір 9/9; Мүслим, Фадайлус-Сахаба 1).

* * *

Исмат бин Малик (радиаллаһу анһу):

«...Аллаһ сені адамдардан қорғайды...» (Мәйда сүресі, 67-аят) **деген** аят түскенге дейін Аллаһтың Елшісін түнде күзететін едік деген (Суюти, Лүбабун-Нукул I, 148)**.**

Бибі Айша анамыз былай дейді:

Бір күні түнде Расулуллаһтың ұйқысы қашты. Мен:

– Не болды, уа, Аллаһтың Елшісі? - деп сұрадым.

– Бүгін түнде бізді күзететін салих бір адам жоқ па? - деді.

Біз осыларды айтып жатқанда сырт жақтан қылыштың сыңғыр еткен дауысы естілді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Кім ол? - деді. Бір дауыс:

– Сағд бин Хұзайфа, уа, Аллаһтың Расулі! Сізді күзетейік деп келдік, - деді. Содан соң Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұйықтады. Оның тыныштalып, тыныс алып жатқанын естідім. Сол кезде **«… Аллаһ сені адамдардан қорғайды…»** (Мәйда сүресі, 67-аят) деген аят түсті. Сонда Хазірет Пайғамбарымыз шатырдан басын шығарып:

«Ей, адамдар, енді қайта беріңдер. Өйткені, Аллаһ мені қорғайды» деді.[155]

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз әуелі сақтық шараларын жасап, сосын барып Аллаһқа тәуекел ететін. Ұлы Жаратушыдан өзін қорғайтындығы жайында уәде келгенде еш ойланбастан Аллаһ Тағалаға тәуекел еткен.

***

Әбу Сағид әл-Худридың (радиаллаһу анһу) айтуы бойынша бір кісі Аллаһтың Елшісі мырзамызға келіп, бауырының асқазаны ауырып жатқанын айтады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Оған бал ішкіз! - деді. Ол барып, Пайғамбарымыздың айтқанын істеді. Бірақ, біраз уақыттан кейін тағы келіп:

– Бал ішкіздім, бірақ ол оның сырқатын одан бетер күшейтіп жіберді. Пайдасы болмады, - деді. Ол адам осылай Пайғамбарымызға үш мәрте келді. Ең соңында Пайғамбарымыз:

«Күмәнсіз Аллаһ рас айтуда. Ал бауырыңның асқазаны жалған айтып жатыр» - деді. Сосын әлгі кісі тағы бір мәрте ішкізген еді бауыры шипа тауып, жазылып кетті (Бұхари, Тыб 4; Муслим, Сәлем 91).

Аллаһтың Елшісі осы сөзі арқылы **«Балда адамдар үшін шипа бар»** (Нахыл сүресі, 69-аят) деген аятта баяндалған ақиқатты меңзей отырып, Аллаһ Тағалаға деген тәуекелділігі мен тәслімиятын көрсеткен. Сондай-ақ, әлгі сахаба да тәуекел етіп, тәслім болуының арқасында мақсат-мұратына жетеді.

***

Хазірет Абдуллаһ бин Аббастың риуаяты бойынша:

155. *Уахиди, Әсбабу Нузулил-Құран, тахқиқ: Кәмал, Бәйсуни Заглул, Бейрут 1990, 204-205 б.*

حَسْبُنَا اللهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ

«Аллаһ бізге жетеді, Ол неткен керемет уәкіл» деген сөзді Ибраһим аләйһис-сәләм отқа лақтырылатын кезде айтқан. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз да бұл сөзді «Мүшриктер сендермен шайқасу үшін жиналды. Олардан сақ болыңдар!» делінген кезде айтқан. Сол кезде мұсылмандардың имандары күшейіп, барлығы бірдей «Аллаһ бізге жетеді, Ол неткен керемет уәкіл!» дей отырып, Аллаһқа деген тәслімияттың тамаша үлгісін көрсеткен.[156]

Аллаһ Тағала сол бір тәуекелшіл құлдарын былай деп мақтайды:

«Олар сондай мүмин адамдар еді, оларға «дұшпандарың сендермен соғыспақ боп әскер әзірледі. Олардан сақ болыңдар!» дегенде бұл сөз олардың имандарын арттырды және «Аллаһ бізге жетеді, Ол неткен керемет уәкіл!» деді. Сосын олар ешқандай зиянға ұшырамастан, Аллаһтың нығметімен және мол олжамен оралды. Осылайша, Аллаһтың разылығына да мойынсұнды. Аллаһ өте үлкен кеңшілік иесі» (Әли Имран сүресі, 173-174 аяттар) (Уақиди, 135 б.)**.**

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың тәуекелшіл құлдарын әрі дүниеде әрі ақыретте қорғайтындығын және олардың есепсіз және азапсыз жәннатқа кіретіндіктерін мына бір шарапатты хадисі арқылы баяндайды:

«Бұрынғы өткен үмбеттер маған көрсетілді. Бір пайғамбар көрдім, қасында үш-төрт кісілік бір топ бар екен. Тағы бір пайғамбар көрдім, қасында бір-екі кісі бар екен. Және бір пайғамбар көрдім, оның қасында ешкім жоқ. Сол кезде алдымнан қалың бір топ шықты. Менің үмбетім шығар деп ойладым. Маған «Бұлар Мұсаның үмбеті. Сен көкжиекке қара!» деді. Қарасам, тым үлкен қарайған нәрсе көрінді. «Міне осылар сенің үмбетің. Араларында есепсіз және азапсыз жәннатқа кіретін жетпіс мың кісі бар» деді».

Ибн Аббас (радиаллаһу анһума) былай дейді:

Осыларды айтқаннан кейін Хазірет Пайғамбарымыз орнынан тұрып үйіне кетті. Сол жерде отырған сахабалар хадисте айтылған жетпіс мың кісінің қандай адамдар екендігі жайында өзара әңгімелесе бастады. Біреулері «Олар пайғамбардың сұхбатында болған кісілер шығар» деді. Кейбіреуі «олар Ислам діні келгеннен кейін туылып, шірікті білмеген кісілер шығар» деді. Тағы да басқа жорамал айтқандар да болды. Олар

156. *Қараңыз: Бұхари, Тәпсір 3/13.*

осы мәселені талқылап жатқанда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қастарына келді. Сахабалар:

– Есепсіз әрі азапсыз жәннатқа кіретіндердің кімдер екендігі жайында әңгімелесіп жатырмыз, - деді. Сол кезде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Олар сиқыр жасамайтын әрі жасатпайтын, жаман ырымдарға (сәтсіздікті бірнәрседен көру) сенбейтін әрі Раббыларына тәуекел етіп, бел байлайтындар» - деді.

Осыны естіп тұрған Уккаша бин Мыхсан (радиаллаһу анһу) орнынан атып тұрып:

«Менің де солардың қатарынан болуым үшін Аллаһқа дұға етіңізші (уа, Расулаллаһ!)» деп өтінді.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сен солардансың!» - деді... (Мүслим, Иман 374; Бұхари, Риқақ 50).

***

Аллаһ Тағала Хазірет Ибраһим, Хазірет Исмайл және Һажар анамызды үлкен сынақтардан өткізген. Олар сол ауыр сынақтардан сүрінбей өтіп, тәслімияттың керемет үлгісі ретінде тарихта өшпес із қалдырды. Аллаһ Тағала үлкен табыстарының сыйы ретінде олардың шынайы ықыласпен қылған тәслімияттарын ұмра және қажылық ғибадаттары арқылы мәңгіге естелік етіп қалдырған.

Аллаһ жәллә жәләлуһу Хазірет Ибраһимді өзіне дос қылған кезде періштелер:

«Уа, Раббымыз! Ибраһим Саған қалай дос болмақ? Оның нәпсісі, малдуниесі және бала-шағасы бар. Көңілі әрдайым соларға қарай ауып тұрады ғой...» - деді. Періштелер осыны айтар-айтпас мына бір ғибартты көріністер мен Хазірет Ибраһимнің басына келген ауыр сынаққа куә болды:

Хазірет Ибраһим аләйһис-сәләм отқа лақтырылатын кезде періштелер оның халіне қатты аландады. Кейбіреуі Хазірет Ибраһимге жәрдем беру үшін Аллаһ Тағаладан рұқсат сұрады. Сосын періштелер Хазірет Ибраһимнен не қалайтынын сұрады. Сол кезде ол:

«Екі достың арасына кірмеңдер!» - деді.

Содан соң Жәбірейіл аләйһис-сәләм келді:

«Менің бір көмегім қажет пе?» - деп сұрады.

Ибраһим аләйһис-сәләм:

«Сенің көмегің қажет емес. Аллаһ маған жетеді. Ол неткен керемет Уәкіл!» - деп жауап қайырды.

Халилуллаһтың, яғни Аллаһ досының осындай тамаша тәслімияты мен бір Аллаһқа тәуекел етіп, бел бууының нәтижесінде ол әлі отқа түспей тұрып-ақ Аллаһ Тағала:

«...Ей, от! Ибраһимге салқын әрі зиянсыз бол!» деп отқа бұйрық берді.

Осы бұйрықтан кейін Ибраһим түскен от бір сәтте гүлістанға айналып шыға келді. Ол жерде бұрқыраған мөлдір қайнар бұлақ пайда болып, аға бастады.

***

Хазірет Пайғамбарымыз былай деп баяндайды:

«Ибраһим аләйһис-сәләм әйелі Хажармен бірге әлі емшектен шықпаған ұлы Исмайлды алып Меккеге келеді. Хазірет Ибраһим әйелі мен ұлының қасына кішкене ғана дорбамен құрма мен бір ыдыс су қойып, оларды бірнеше хикметке байланысты сол жерге қалдырып кетеді. Ибраһим аләйһис-сәләм кері қарай қайтып бара жатқанда Хажар анамыз:

«Ибраһим! Бізді тілдесіп-араласатын тірі жан, ішіп-жейтін ешнәрсесі жоқ мына мидай далада жалғыз тастап қайда бара жатырсың?» - деп сұрады. Хажар анамыз қайта-қайта сұраса да Ибраһим әләйһис-сәләм үндемеді. Сонда Хажар анамыз:

«Саған осылай істеуді Аллаһ бұйырды ма?» - деді. Сол кезде Хазірет Ибраһим:

«Иә, Аллаһ бұйырды» деді. Осы сөзден кейін жаны жай тауып, тыныштalған Хажар анамыз Аллаһқа деген тәслімияттың (берілгендіктің) керемет мысалы боларлық мына бір тамаша сөзді айтады:

«Олай болса, Аллаһ бізді қорғайды, өлтірмейді!..»

Сосын ол кейін қайтты. Ибраһим аләйһис-сәләм да жөнімен кете берді. Ешкім өзін көре алмайтын ұзақтау жердегі Сәнийя мекеніне жеткенде, жүзін құбыла тарапына бұрып, қолын жайып былай деп дұға жасады:

«Уа, Раббымыз! Ұрпағымның кейбірін қасиетті үйің Харамның жанындағы егін егілмейтін бір жерге орналастырдым. Раббым, намазды түп-тура оқулары үшін осылай істедім. Енді адамдардың бір тобының көңілдерін соларға аудара гөр! Сондай-ақ, оларды түрлі жемістермен ризықтандыр! Бәлкім, олар шүкірлік қылар» (Ибраһим сүресі, 37-аят) (Бұхари, Әнбия 9).

***

Исмайл аләйһис-сәләм жүгіріп, ойнайтын шаққа келеді. Өмірінің ең тәтті кезеңдерін өткізіп жатты. Дегенмен, Ибраһим аләйһис-сәләм Аллаһқа берген уәдесін орындау үшін ұлы Хазірет Исмайлды құрбандыққа шалуы керек еді. Әзірлігін жасап, жолға шыққандарында періштелер қобалжып:

«Бір Пайғамбар (екінші) пайғамбарды құрбандыққа шалуға апара жатыр!» деді.

Исмайл аләйһис-сәләм болса, әкесі Хазірет Ибраһимге:

«Әкешім! Саған не әмір етілген болса, соны орында! Иншаллаһ, мені сабыр қылушылардан табарсың. Пышағыңды жақсылап қайра, тез кессін. Сонда жан тапсыру оңай болады. Бауыздайтын кезде жүзіме қарама! Бәлкім, әкелік мейірімің түсіп, Аллаһқа берген уәдеңді кешіктіріп алып жүрерсің. Мен тек өз қолыңмен құрбан еткен ұлыңның қайғысы мен сағынышын өмір бойы ұмыта алмай жүретіндігіңе қайғырамын...» деді.

Әкелі-балалы осылай Аллаһтың бұйрығына тәслім болып тұрғанда Жәбірейіл аләйһис-сәләм келіп, пышақтың жүзін жойды. Сондай-ақ, жәннаттан құрбандыққа сойылатын қошқар түсірді (Қараңыз: Табари, Тарих I, 275; ибн Әсир, әл-Камил I, 112; Хаким II, 606/4040).

***

Аллаһ Тағала Хазірет Мұса аләйһис-сәләмнің тәуекелі мен тәслімиятын былай деп баяндайды:

«Қаланың арғы шетінен бір кісі жүгіріп келіп:

«Ей, Мұса! Биліктегілер сені өлтіру хақында жиналып, ақылдасып жатыр. Тез арада (бұл қаладан) шық! Маған сен. Мен сенің игілігіңді қалайтын жандарданмын!» деді.

Мұса айналасын бақылап, қобалжулы күйде ол жерден шықты:

«Раббым! Мені залымдар тобынан құтқара көр!» деді (Қасас сүресі, 20-21 аяттар)**.**

Мұса аләйһис-сәләм осы әрекеті арқылы шынайы тәуекелдің қандай болу керектігін көрсетуде:

Алдымен ақылдасу, сосын нақты шешімге келу, содан соң сақтық шараларын жасап, нәтижесін Аллаһқа тапсыру, яғни дұға, тәслімият және кез келген жағдайға разы күйде болу. Міне бұл – нағыз тәуәккүл (тәуекелшілдік)!..

***

Йемендіктер қажылық сапарға шыққанда қастарына жол азығын алмаушы еді. Олар осылай істеуді тәуекел ету деп ойлайтын. Және олар:

«Біз Аллаһтың үйін зиярат етуге бара жатырмыз. Ол біздің қарнымызды тойдырады» дейтін. Алайда, олар Меккеге келгендерінде адамдарға алақан жаюға мәжбүр болды. Осыған байланысты «... Өздеріңе жол азығын әзірлеңдер...» (Бақара сүресі, 197-аят) деген аят түсті.

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) еңбек етіп, маңдай терін төкпей, соңында еріншектікке салынып: «Біз тәуекел етушілерміз» деген кісілерді «Сендер Аллаһқа емес, басқалардың малына арқа сүйеген ішіп-жеушілерсіңдер. Шынайы тәуекел еткен кісі – топыраққа тұқым егіп, содан соң Аллаһқа сенім артқан кісі» деп жазғырады.[157]

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) риуаят еткен мына бір хадис шәріп неткен ғибратты:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исрайл ұрпақтарынан бір кісінің тамаша бір хикаясын айтып берді. Ол кісі біреуден мың динар қарыз сұрайды. Өзінен қарыз сұралған кісі:

– Маған куәларыңды әкел, солардың көзінше берейін. Олар да бұған куә болсын, - деді. Қарыз сұраған кісі:

– Куә ретінде Аллаһ жеткілікті! - деді. Қарыз беретін кісі:

– Олай болса, маған кепіл әкел, - деді. Қарыз сұраған кісі:

– Кепіл ретінде де Аллаһ жеткілікті, - деді. Қарыз беретін кісі:

– Дұрыс айттың! - деді де, белгілі бір уақытқа дейін сұраған ақшасын берді.

Қарыз алған кісі теңіз сапарына шығып, жұмыстарын бітіреді. Сосын қарызын өз уақытында қайтармақ болып, кері қайтатын кеме іздеуге кіріседі. Бірақ, таба алмайды. Амалсыздықтан бір тақтай алып, ішін шұңқыр қылып ояды. Содан соң қарыз иесіне жазған хаты мен мың динарды ойған жеріне салып, аузын мықтап бекітеді. Теңіздің жағасына келіп:

«Уа, Аллаһым! Сен жақсы білесің, мен пәлен кісіден мың динар қарыз алған едім. Ол менен куә сұрағанда мен «Куә ретінде Аллаһ жетеді!» дедім. Сонда ол Сенің куәлігіңе разы болған еді. Менен кепіл сұрағанда да «Кепіл ретінде Аллаһ жетеді!» дедім. Ол Сенің кепіл болуыңа да разы болды. Мен қанша мәрте кеме іздесем де таба алмадым. Мынаны саған аманат қылдым!» деп тақтайды теңізге тастады. Тақтай теңізбен ағып отырып, көзден ғайып болды.

Содан кейін ол кісі кеме іздеуін ары қарай жалғастыра түсті.

157. Ибн Рәжәп әл-Ханбали, Жамиғул-Улум уәл-Хикәм, Амман 1990, 650 б.

Сол кезде қарыз берген кісі ақшасын әкелетін кемені күтіп жүрген еді. Кеме көрінбеді. Бірақ, теңіздің жағасынан ақша салынған әлгі тақтайды көреді. Оны отын болуға жарайды деп үйіне өзімен бірге ала кетеді. (Арамен) аралап кескенде ішінен ақша мен хат шығады.

Біраз күннен кейін қарыз алған кісі (бір кеме тауып еліне) оралды. (Тақтаймен жіберген ақшасын алмаған болуы да мүмкін деген оймен тез арада) қасына мың динар алып, әлгі кісінің үйіне келеді. Оған:

– Ақшаңды әкелмек болып тынбай кеме іздедім. Бірақ, осыдан басқа кеме таба алмадым, - деді. Қарыз берген кісі:

– Сен маған бірнәрсе жіберіп пе едің? - деп сұрады.

– Саған жаңа ғана кеме таппадым деп айттым ғой, - деді.

Қарыз берген кісі:

– Аллаһ Тағала тақтайдың ішіне салып жіберген ақшаңды сенің орныңа (маған) өтеді (яғни, шынайы ықыласың үшін Аллаһ Тағала саған кепіл болып, оны маған жеткізді. Сондықтан, жаныңда алып келген мың динарың өзіңде қалсын. Осы себепті жайдарлы көңілмен) мың динарыңа қауышқан күйде кері қайт! - деді. (Бұхари, Кәфаләт 1, Буюғ 10).

Аллаһ бірнәрсеге кепіл болса, болуы мүмкін емес деген нәрсенің өзі оп-оңай орындалады. Құлдың істейтіні, тек шынайы ықыласпен оған тәуекел ету ғана...

***

Хазірет ибн Аббастан жеткен риуаят бойынша Омар ибн Хаттаб (радиаллаһу анһу) Шамға қарай сапарға шығады. Сарғ деген жерге келгенде бас қолбасшы Әбу Убайда бин Жәррах пен бір топ сахабалар алдынан шығып, Шамда оба ауруының шыққандығын айтады. Хазірет Омар ибн Аббасқа:

«Маған алғаш хижрет еткен Мұһажирлерді жина!» - деді. Хазірет Омар олармен ақылдасып, Шамда оба ауруының өршіп тұрғанын айтты. Олар не істеу керектігі жайында өз араларында керісе бастады. Олардың кейбірі:

– Сіз белгілі бір мақсатпен жолға шықтыңыз. Сондықтан жарты жолдан артқа қайтқаныңыз дұрыс болмайды деді. Кейбірі:

– Мұсылмандардың қалғандары әрі Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің сахабалары сіздің қасыңызда. Оларды оба жеріне апарғаныңызды дұрыс деп есептемейміз, - десті.

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) оларға:

– Тарқай беріңдер! - деді. Сосын ибн Аббасқа:

– Маған Ансарлықтарды жина! - деді.

Ансарлықтар да Мұһажирлер секілді өзара қайшы пікірлер білдірді. Омар (радиаллаһу аңһу) оларға:

– Сендер де тарқай беріңдер! - деді. Сосын ибн Аббасқа:

– Маған Мекке алынбай тұрып, Мәдинаға хижрет жасаған және осы жердегі құрайыштық қарт мұһажирлерді жина! - деді. Сосын мен оларды шақырдым. Олардың ешқайсысы керіспестен:

– Адамдарды кері қайтарғаныңыз, оларды оба шыққан жерге апармағаныңыз дұрыс, - деді. Содан соң Омар (радиаллаһу аңһу) баршаға жар салып:

– Мен ертең таңертең жануарымның үстінде боламын, сендер де міниңдер! - деді. Сонда Әбу Убайда бин Жәррах (радиаллаһу аңһу):

– Аллаһтың тағдырынан қашып бара жатырсың ба? - деді. Хазірет Омар:

– Шіркін, мұны сен емес басқа біреу айтқанда ғой, ей, Әбу Убайда! - деді. Омар (радиаллаһу аңһу) Әбу Убайдаға қарсылық көрсетуді қаламайтын еді. Сөзін ары қарай жалғап:

– Иә, Аллаһтың тағдырынан, тағы да Аллаһтың тағдырына қарай қашып барамын. Маған айтшы, сенің екі түйең болса, ол екеуі бір сайға түссе, ол сайдың бір жағы шұрайлы, келесі жағы шөлейт болса, шұрайлы жерде жайсаң Аллаһтың тағдырымен жайған, шөлейт жерде тағы да жайсаң Аллаһтың тағдырымен жайған болмайсың ба? - деді.

Тап сол кезде жеке жұмыстарымен шұғылданып көрінбеген Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу аңһу) келіп:

– Осы мәселеге қатысты менде мағлұмат бар. Мен Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бір жерде оба ауруы бар екенін естісеңдер, ол жерге бармаңдар. Егер оба ауруы шыққан жерде болсаңдар, аурудан қашып, ол жерден сыртқа шықпаңдар!» деп айтқанын естіген едім» - деді.

Омар (радиаллаһу аңһу) осыны естігенде Аллаһқа мақтау айтты. Сосын ол жерден бұрылып, кері қайтты (Бұхари, Тыб 30; Мүслим, Сәләм 98).

Бұл оқиға Ислам дінінің тәуекел мен тағдыр мәселелеріне қатысты көзқарасын өте тамаша түрде көрсетіп тұр. Сондықтан, өзіңді және басқа да мүминдерді біле тұра қауіпке итермелеу шынайы тәуекел ұғымына әсте жанаспайды.

***

Сұлтан I Ахмед хан дәуірінде өмір сүрген Мәйитзаде османдықтардық ізгілігі мен мағрифаты арқылы танымал болған мәшһүр ғалымдарының бірі болған. Оған Мәйитзаде, яғни «Мәйіттіңұлы» деген есімнің

берілуінің себебі, деректерге қарағанда оның басынан өткен мына бір ғажайып оқиғаға байланысты болса керек:

Мәйитзаденің әкесі жүрек жұтқан жауынгер кісі болған. Ол көптеген жауынгерлермен бірге Сұлтан III Мехметтің 1596 жылы жасаған Егри жорығына шақырылған еді. Ол кезде жұбайы жүкті болатын. Әрі босанатын күні де тым жақындап қалған еді. Соған қарамастан, Аллаһ жолында күресуді барлық нәрседен жоғары қойған жауынгер әке дайындығын жасап, әйелімен адалдық тілесіп қоштасады. Қолдарын әдептілікпен Ұлы Жаратушыға жайып, көздерінен мейірім жастары төгіледі. Мінәжат қылып:

«Аллаһым! Сенің жолыңда шайқасуға бара жатырмын. Сенен басқа ешкімім жоқ! Аллаһым! Мына опагер әрі азабы көп әйелімнен туатын сәбиімді саған аманат етемін. Лутуф пен кеңшілігің арқылы оны қорғап жүргейсің!» деді.

Содан жауынгер әке атына қарғып мініп, көзден ғайып болады. Аллаһтың жәрдемімен Осман әскері жеңіске жетеді.

Шайқастан қайтарда қолбасшыдан рұқсат алып тікелей үйіне қарай жөнеледі. Бірақ, үйіне келгенде ешкімді таба алмайды. Негізінде, әскердің жеңіспен оралғандығы жайында тарқатылған хабар-ошақ шартарапқа жайылғандықтан оның әйелі үйінде күтіп отыруы тиіс еді. Қатты қобалжыған күйде әйелін үйдің айналасындағы көршілерінен барып сұрайды. Көршілері оны көргенде қайғылы дауыспен:

– Жауынгер! Аллаһ жеңістеріңді мұбәрәк қылсын және саған ұзақ өмір нәсіп етсін! - деді.

Көршілерінің сөздерінен не айтпақ болғандарын түсінген ол жүрегі сыздап, қайғыра:

– Жоқ, олай болуы мүмкін емес! - деді кекештене. Артынан жай ғана дауыстап:

– Мүмкін емес! Мен дүниеге келетін ұлымды әлемнің Раббысына аманат еткенмін! Ол қорғаушылардың ең қайырлысы!.. - деді.

Біраз уақыттан соң мұңайған әке үнсіз отырып, жанындағыларға қарады. Сосын көкейіне бір ой келіп:

– Әлбетте, мейірім иесі Аллаһ қорғаушылардың ең қайырлысы! Маған тез жұбайымның қабірін көрсетіңдер! - деді.

Барлығы бірге қабірдің басына барды. Оған қабірді көрсеткенде құлағын топыраққа қойып, тыңдай бастады. Біраз уақыттан кейін айқайлап:

– Сәбиімнің дауысын естіп тұрмын! - деді.

Дереу қолына күрек алып, қабірді қазуға кірісті. Онымен бірге келгендер де қабірден ақырын-ақырын шығып жатқан сәбидің дауысын естіп,

мұңды әкеге қол ұшын беріп, көмектесе бастады. Қабір толық ашылғанда барлығын еріксіз таңқалдырған ғажайып көрініске тап болды:

Қабірдің ішінде өлі анадан туған нұрлы сәби бар екен. Анасының құшағында көкірегіне жабысып жатыр еді. Жауынгер баласын дереу қолына алып, бауырына басты. Оның жұмсақ бетінен қайта-қайта сүйді. Сосын сәбиді жылы матамен орады. Жұбайына «Фатиха» сүресін бағыштап, ашылған қабірді жақсылап көмді. Бұл ғажайып оқиғаға куә болғандар Аллаһ Тағаланы дәріптеп, ұлықтап жатты. Әке болса, жасаураған көзбен сәждеге жығылды. Бір жағынан жұбайының өліміне қайғырып, екінші жағынан ұлының амандығына сүйінген бойда Раббысына мақтаулар айтып жатты.

Кейін бұл сәби жақсы тәлім-тәрбие алып, үлкен азамат болып жетілді. Атағы күллі Осман мемлекетіне жайылған әйгілі заһид ғалым болды. Басынан өткен осындай керемет оқиғаға байланысты «Мәйитзаде» деп аталды. Шындығында, ол Аллаһ Тағалаға көрсетілген шынайы тәслімияттың ғибратты да хикметті берекеті еді.

* * *

Қорыта айтқанда, дүниеде тыныштыққа, ақыретте мәңгілік бақытқа қол жеткізу Аллаһтың ұлылығына көз жеткізіп, оған тәуекел етіп, тәслім болу және тағдырға разылық білдіру арқылы мүмкін болмақ. Аллаһтың әміріне мойынсұнып, тәслім болған әрі кез келген жағдайға разы болған кісілер хикмет, жақсылық және берекенің бастау бұлағына айналады. Аллаһ Тағалаға шынайы түрде тәслім болып, тәуекел ету және Оған мойынсұну иман ләззатына қанық жүректің иесі бола білуге байланысты. Осындай шынайы махаббат арқылы жүректің жоғары дәрежеге көтерілуінің нәтижесінде адам баласы жан-тәнімен Раббысына бет бұрып, дүние және ондағы нәрселерді көңілінен шығарып тастай алады.

Пенденің Аллаһқа тәслімияты оның Аллаһты қаншалықты танығандығына және Оған қаншалықты иман келтіргендігіне байланысты. Тәслімият Жаратушыға құл болу болғандықтан, ол жүректің Аллаһқа жасаған ең маңызды бетбұрысы болып табылады. Бұл бетбұрыс иман келтірумен басталады және мағрифатуллаһ, яғни Аллаһ туралы танымы артқан сайын артып, күшейе түспек. Осыған орай, Хазірет Мәулана құддиса сирруһ «фәнә филлаһ» мәртебесіне ұласудың сыры абсолюттік тәслімиятта жатқандығын былайша түсіндіреді:

«Теңіз суы өзіне толығымен тәслім болған мәйітті төбесіне көтереді. Тірі болып, титтей де болса сенімсіздігі бар кісі теңіздің қолынан қалай сау құтылмақ? Сол сияқты ***«Өлмей тұрып, өліңдер!»*** *сөзінің сырлы мағынасын ұғынып, пенделік сипаттардан арылу арқылы өлетін болсақ, жауғар сырлар теңізі сені төбесіне көтереді».*

8. ИХСАН ЖӘНЕ МҰРАҚАБА

Мүмин өзінің әрдайым иләһи бақылауда жүргендігін сезінуі және осы сезімнің жүректе берік орнығуы деген мағынаға келетін ихсан ұғымы Аллаһқа жақын құлдардың рухани миғражы болып табылады.

Аллаһ Тағаланың құлдардың әрбір іс-әрекетін көріп тұратындығы және уақыты келгенде оларды жауапқа тартатындығы аятта былай баяндалады:

«Оларға (болған жағдайларды) **біліп баяндаймыз. Біз олардан жасырын емеспіз.** (Яғни, олардан ұзақ және хабарсыз емеспіз, барлық нәрсеге куәміз)**»** (Ағраф сүресі, 7-аят)**.**

«(Мұнафықтар) **Аллаһ олардың сырларын да, өзара сыбырласқандарын да жақсы білетіндігіне және Аллаһтың барлық көмескілерді ап-анық білуші екендігіне әлі көздері жетпеді ме?»** (Тәубе сүресі, 78-аят)**.**

«(Лұқман) **Құлыным! Істеген ісің жақсылық пен жамандық тозаңның салмағындай болса да, бір жар тастың ішінде болсын, мейлі көкте немесе жердің астында болсын Аллаһ оны** (қиямет күні) **алдыңнан шығарады. Шынында, Аллаһ ең жасырын істерді көріп, білуші әрі барлық нәрсені толық білуші»** (Лұқман сүресі, 16-аят)**.**

Күнделікті өмірімізде бір көздің өзіне қарап, бақылап тұрғанын сезген кісі қате сөз айтудан әрі қандай да бір қателік істеуден өзін тыятыны айдан анық. Бұл өзіне ешқандай жаза бере алмайтын жұп көздің алдында осылай. Тап сол сияқты ихсан дәрежесіне жеткен мүмин де Аллаһ Тағаланың өзін әрдайым көріп тұратынын және не ойлап, не сөйлегенін, яғни істеген әрбір ісін білетінін терең ұғынып жүреді.

Ихсанның келесі бір мағынасы – кез келген іс-әрекетті ең кемел дәрежеде орындау.

Ақтық демге дайындалуда пайдасы тиетін маңызды нәрселердің бірі де осы – ихсан сезімін жүректе орнықтыру. Яғни, Аллаһ Тағаламен әрдайым бірге екендігіңді және иләһи бақылауда жүргендігіңді сезініп, ұғыну. Бірақ та мынаны естен шығармағанымыз жөн, Аллаһпен бірге болу сезіміне тек Аллаһ Тағаланы өте көп зікір ету арқылы ғана қол жеткізе алмақпыз.

Ихсан мен мұрақаба мәртебелеріне ұласуда жасалатын екінші қадам Аллаһ Тағаланың мына аяттарына ой жүгірту:

«...Қай жерде болсаңдар да, Ол сендермен бірге...» (Хадид сүресі, 4-аят)**.**

«...Біз оған (адам баласына) **күре тамырынан да жақынбыз»** (Қаф сүресі, 16-аят)**.**

«...Біліп қойыңдар! Аллаһ адам мен оның жүрегінің арасына кіреді...» (Әнфал сүресі, 24-аят)**.**

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында:

«Иманның ең жоғарғы мәртебесі қайда жүрсеңде, Аллаһтың сенімен бірге екенін білуің» деген (Хайсами I, 60).

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күндіз-түні, қиыншылықта әрі молшылықта, соғыста әрі бейбіт күндерде, яғни әрдайым ихсан сезімінде жүргендігінде еш күмән жоқ. Оның әруақыт зікір етіп жүруі, әрбір әрекеті үшін дұға қылып, мінәжат етуі, әрдайым нәпіл намаз оқуы, түнде аяғы іскенше намаз оқып, қиямда тұруы, құқықтарды орындауда көрсеткен ұқыптылығы, әрдайым әділдік пен хақиқатты уағыздап-насихаттауы сынды ізгі амалдары – Оның ең қуатты ихсан сезіміне ие екендігінің айқын дәлелдері.

Омар ибн Хаттаб (радиаллаһу анһу) ихсанның қалай үйретілгендігі баяндалған әрі «Жәбрейіл хадисі» деген атпен мәшһүр болған мына бір оқиғаны риуаят етеді:

Бір күні Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында отырғанымызда киімі аппақ, шашы қап-қара, сапар шегіп келгендігі білінбейтін және арамыздағылардың ешқайсысы танымайтын бір адам шыға келді. Сөйтіп, ол Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына келіп, отыра кетті. Тізесін Расулуллаһтың тізесіне тақады. Қолдарын өзінің тізесінің үстіне қойды. Сосын:

– Ей, Мұхаммед! Ислам дегеніміз не? - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ислам – Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына және Мұхаммедтің Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етуің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан оразасын ұстауың, жағдайың келсе Қағбаны зиярат етіп, қажылық қылуың, - деп жауап қайырды. Сонда ол:

– Дұрыс айттың, - деді.

Біз ол адамның әрі сұрап, әрі растап тұрғанына таңқалдық.

Ол тағы:

– Иман дегеніміз не? - деп сұрады.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһқа, оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күніне иман келтіруің. Сондай-ақ, тағдырға, оның жақсылығы

мен жамандығына иман келтіруің, - деп жауап берді. Ол тағы да:

– Дұрыс айттың, - деп растады. Сосын:

– Ал енді Ихсан дегеніміз не? - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм):

– Ихсан – Аллаһқа дəл Оны көріп тұрғаныңдай күйде құлшылық қылуың. Сен Оны көрмесең де Ол сені міндетті түрде көреді, - деп жауап қайырды. Ол тағы да:

– Дұрыс айттың, - деді. Сонан соң:

– Ақырзаман қашан орнайды? - деп сұрады. Пайғамбарымыз алəйһис-салату уəс-сəләм:

– Сұралып жатқан кісі, мұны сұрап тұрған кісіден артық білмейді, - деп жауап қайырды. Сонда ол:

– Олай болса, ақырзаманның белгілерінен хабар бер, - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм):

– Аналардың дүниеге өздеріне күң мəмілесін жасайтын балалар əкелуі, қой бағатын жалаң аяқ, жалаң бас, аш-жалаңаш шопандардың биік əрі зəулім үй тұрғызуда бір-бірімен жарысулары,[158] *- деп жауап берді.*

Сосын ол адам кетіп қалды. Мен біраз уақыт тұрдым. Кейін Пайғамбарымыз алəйһис-салату уəс-сəләм:

– Ей, Омар, сұраған кісінің кім екенін білесің бе? деді. Мен:

– Аллаһ және Оның Елшісі жақсы біледі, - дедім.

Расулуллаһ (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм):

– Ол Жəбірейіл болатын. Сендерге діңдеріңді үйрету үшін келді, - деп айтты (Мүслим, Иман 1, 5; Бұхари, Иман 37; Тирмизи, Иман 4; Әбу Дәуіт, Сүннет 16).

Ислам ғалымдары бұл хадис шәріпті сүннеттің негізі деп есептеген. Демек, Ислам және иманда кемелдікке ұласу ихсан мәртебесіне қол жеткізуге байланысты болғаны. Ихсан мәртебесіне жете алмаған мұминнің діндарлығы кем деген сөз. Мұндай иман өмірін жалғастыруға

---

158. Хадистегі күңнің өз əйел қожайынын (басқа риуаятта қожайынын) тууы деген сөзге аналардың өздеріне күң секілді мəміле жасайтын тіл алмайтын ұл-қыздар тууы деп түсіндірме берілген. Жалаң аяқ, жалаң бас (пақыр) қойшылардың үлкен зəулім үйлер тұрғызуда бір-бірлерімен жарысулары болса, сән-салтанатты, молшылық өмірдің артатындығын, келешекте, тіпті пақырлардың да үлкен және зəулім үйлер салуда жарысатындай дəрежеде байитындығын білдіреді. Дүниенің бар байлығы адамдарға ұсынылады. Байлық пен ақша қадір-қасиетті, ақ пен қараны белгілейтін өлшемге айналады. Адамдар шектен тыс тұтынуға және дəулеттерін көрсетуге тым құмар болады.

дәрмені жетпеген жеміссіз ағаш іспетті. Оның біраз күннен соң құрап, шіріп кетуі айтпаса да түсінікті.

Сондай-ақ, бұл хадис шәріп ихсан сезімін мүминнің көңілінде орнықтыруды көздейтін тасаууфтың иман мен Исламның тап өзі екендігін және оны олардан бөлек қарастырудың мүмкін еместігін нақтылап тұр.

Негізінде құлдың ең үлкен бақыты Раббысымен әрдайым бірге екендігін сезінуі. Өйткені, әлемнің Жаратушысы әрдайым құлымен бірге болуды қалайды. Бұл жайында былай дейді:

«Олар тік тұрғанда, отырғанда, жанбастап жатқанда (яғни әрдайым) **Аллаһты естеріне алады және көк пен жердің жаратылысы жайында терең ой жүгіртеді; «Раббымыз! Сен бұларды құр бекерге жаратқан жоқсың. Сені пәктеп, дәріптейміз. Бізді жәһаннам отынан сақта!** (деп жалбарынады)**»** (Әли Имран сүресі, 191-аят)**.**

Алайда, нәпсілік қалауларға жеңілген, жүрекке бағынбайтын ақыл Аллаһ Тағаламен бірге болу ләззатының дәмін тата алмайды. Яғни, ең үлкен ізгілік пен бақыттан қол үзеді.

Ғибадаттардан рахат алып, ләззатқа бөлену, олардан жалықпау тек ихсан сезіміне қол жеткізу арқылы ғана мүмкін болмақ. Жүрегі ихсан сезімінен жұрдай кісі намаз оқыса болды, шаршайды. Намаз оған ауыр тиеді. Егер ол бай адам болса, зекет пен садақа беруден, жоқ-жітіктерге қол ұшын созудан тартынады. Өйткені, ол Аллаһтың өзін әрдайым бақылап тұрғандығынан ғапыл болғандықтан, иманның ләззатты дәмін татпаған. Осы тұрғыдан, дұрыс оқылатын намаз, шынайы көңілмен берілетін зекет пен садақа, көңіл құзырымен ұсталатын ораза, ғашықтықпен орындалатын қажылық, үрей мен үміт арасында болатын сау жүрек, көркем ахлақ және өзге де жақсы дүниелерді ихсанның берекеттері деп айтуға әбден болады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Абдуллаһ бин Аббас (радиаллаһу анһума) былай дейді:

Бір күні Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артына мінгесіп келе жаттым. Ол маған:

«Құлыным! Саған бірнеше қағида үйретейін» - деді. Сосын сөзін арықарай жалғастырып:

«Аллаһтың бұйрықтарын сақта! Сонда Аллаһ та сені сақтайды. Аллаһтың разылығын барлық ісіңде алдыңғы кезекке қойсаң, Аллаһты алдыңнан табасың. Бірнәрсе сұрамақ болсаң, Аллаһтан сұра. Жәрдем сұрасаң да, Аллаһтан сұра!..» (Тирмизи, Қиямет 59/2516).

Тағы бір риуаятта былай делінген:

«Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын сақтап жүр, сонда Оны алдыңнан табасың. Молшылық кезде Аллаһты танысаң, қиыншылық кезде Ол сені таниды...» (Ахмед I, 307).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғарыдағы сөздері арқылы ихсан және оның жемістерін өте тамаша сабақтап берген.

***

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһума) досымен бірге Мәдина аймағындағы бір жерге бармақ болып жолға шығады. Жолда дастарқан жайып, ас жеп отырғанда қастарына бір қойшы келіп, сәлем береді. Абдуллаһ бин Омар:

– Ей, қойшы кел, дәмнен ауыз ти, - деді. Қойшы:

– Мен оразамын, аузым берік, - деп жауап қайырды. Ибн Омар:

– Осындай ыстық күнде қалай ораза ұстап жүрсің? Әрі осы халіңмен қой бағып жүрсің бе? - деді. Артынан қойшының тақуалығын сынамақ болып:

– Мына қойларыңның біреуін бізге сат. Ақшасын төлейміз. Ауыз ашқаныңа жетерлік ет те берейік. Бұған қалай қарайсың? - деп ұсыныс жасады. Сонда қойшы:

– Бұлар менің қойым емес, қожайынымдікі, - деп жауап берді. Абдуллаһ ибн Омар (радиаллаһу анһу):

– Жоғалып қалды деп айтасың, қожайының оны қайдан біледі дейсің? - деді. Қойшы жүзін көкке бұрды, сосын сұқ саусағын жоғары көтеріп:

– Сонда Аллаһ қайда? - деді.

Ибн Омар (радиаллаһу анһу) қойшының ихсан мен мұрақаба сезіміне қатты тәнті болды. Біраз ойланып тұрды. Өз-өзіне қойшы «Аллаһ қайда деді?», қойшы «Аллаһ қайда деді?» деп ішінен қойшының сөздерін қайталады.

Мәдинаға оралған соң қойшының қожайынына елші жіберіп, қойшы мен қойларын сатып алады. Сосын қойшыны азат етіп, қойларды оған тарту етеді (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба III, 341).

Міне бұл – ихсан мен мұрақаба сезімдерінің керемет тігі және олардың осы дүниедегі берекеті мен тигізген пайдасы. Ал сонда ақыреттегі пайдасы қандай болмақ? Оны таразылау өзіңіздің еншіңізге қалсын...

***

Түн уақыты болатын. Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) әдеті бойынша мұсылмандардың хал-жағдайын бақылау ниетімен Мәдина көшелерін

аралап жүрді. Кенеттен тоқтай қалды. Қасынан өтіп бара жатқан үйден құлағына жеткен дауыс оның назарын аударды. Бір ана қызына:

– Қызым, ертең сататын сүтімізге кішкене су араластыр! - деді.

Қыз анасына:

– Анашым! Халифа сүтке су араластыруға тыйым салған жоқ па? - деп жауап қайырды.

Анасы қызына ашуланып:

– Қызым, түннің жарымында халифа сүтке су араластырғанымызды қайдан біледі?! - деді.

Алайда, жүрегі Аллаһқа деген сүйіспеншілікке әрі қорқынышқа толы тақуа қыз анасының айлакерлігін қабыл етпей:

– Анашым! Айталық, халифа бізді көрмеді, ал Аллаһ ше? Ол да бізді көрмей тұр ма? Бұл айланы адамдардан жасыру оңай. Бірақ, әрнәрсені көріп, білуші Әлемнің жаратушысы Аллаһтан жасыру мүмкін бе?.. - деді.

Құдайлық хақиқаттарға қанық, ар-ұжданы таза әлгі тақуа қыздың Аллаһтан шынайы қорқу сезімімен анасына қайтарған жауабы Хазірет Омарды (радиаллаһу анһу) қатты тебірентеді. Мүминдердің әміршісі оны қарапайым сүт сатушы әйелдің қызы деместен, жүрегіндегі тақуалығына қарап, таптырмас нәсіп деп білді де, өзінің ұлымен үйлендіреді. Бесінші халифа болып саналатын әйгілі Омар бин Абдулазиз осы таза ұрпақтан дүниеге келген (Қараңыз: Ибн Жаузи, Сыйфатус-Сафуа II, 203-204).

Осы хадистен ихсан сезімімен өмір сүрудің игілігі мен берекетінің жеке тұлғамен қатар, бүкіл үмбетке де даритынын байқаймыз.

***

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) халифалығы тұсында Хазірет Муғазды Киләб ұрпақтарының тайпасына жібереді. Оның атқаратын міндеті мемлекет қазынасынан тиісті орындарға өтелуі тиіс қаражаттарды өтеу, иелеріне берілуі керек малдарды беру, байлардан алынған зекеттерді кедейлер мен мұқтаждарға тарқату болатын.

Муғаз (радиаллаһу анһу) мойнына алған бұл міндетті тиісті дәрежеде орындап, адамдардың ықылас-ризалығына бөленіп, қызықты естеліктермен кері қайтып келе жатады. Кері қайтқанда оның дүниемалы ретінде бір мойын орағышы ғана қалады. Ол мойын орағышы ол жаққа бара жатқанда өзінде бар болатын. Бір жолы әйелі оған:

– Мұндай қызметтегі адамдар белгілі мөлшерде айлық алады. Үйлеріне сыйлық ала келеді. Ал сенің сыйлықтарың қайда? - дейді.

Муғаз (радиаллаһу анһу):

– Менімен бірге қасымнан еш айрылмайтын бір бақылаушы бар еді. Алған әрбір нәрсемді және берген әрбір нәрсемді есептеп тұрды, - деп жауап береді.

Әйелі ашуланып:

– Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кез келген нәрседе саған сенуші еді. Әбу Бәкір де солай болатын. Енді Омар келді де, сенімен бірге бақылаушы жіберіп, әрбір ісіңді қадағалап жүр ме? - деді.

Бұл сөз Хазірет Омардың жұбайына одан Хазірет Омарға жетеді. Омар радиялаһу анһ Хазірет Муғазды шақыртып, ашуланып:

– Мен сенің артыңнан бақылаушы жібермесем де, бұлай дегенің қалай, ей Муғаз? Сен мені саған сенбейді деп ойлайсың ба? - деп сұрады.

Хазірет Муғаздың берген жауабы таңдай қақтырарлық керемет еді:

– Уа, Мүминдердің әміршісі! Жұбайыма осыдан басқа, ақталар сөз таба алмадым. Бақылаушы дегенде сіздің бақылауыңыз емес, Аллаһтың бақылауын айттым. Игі ниетпенен істеген қызметімнің сауабы желге ұшып кетпеуі үшін рұқсат болса да өзіме ешнәрсе ала алмаймын.

Хазірет Омар оның бұл сөздерінен не демекші болғанын жақсы түсінді. Өйткені, Муғаз (радиаллаһу анһу) нәпсісіне және дүниеге тиісті нәрселерге көңіл тоқ кісі еді. Халифа оған ізет қылып, белгілі мөлшерде сый-сияпат тарту етті де:

– Мыналарды апарып, жұбайыңның көңілін аула! - деді.

***

Ихсан мен мұрақабаны қысқа әрі нұсқа етіп түсіндіретін керемет мысалдардың бірі де мынау:

Мешітте бір уағызшы ақырет ахуалын түсіндіріп жатады. Тыңдап отырған жамағаттың арасында Хазірет Шайх Шибли де бар болатын. Уағызшы Аллаһ Тағаланың ақыретте сұрайтын нәрселеріне тоқталып:

«Іліміңді қалай қолданғаның сұралады! Дүние-мүлкіңді қай жаққа жұмсағаның сұралады! Өміріңді қалай өткізгенің сұралады! Ғибадаттарың сұралады! Харам мен халалға көңіл бөліп-бөлмегенің сұралады!.. Аналар сұралады, мыналар сұралады!..» деп ұзақ уақыт көп нәрселерді айтады.

Осыншама егжей-тегжейлі баяндалғанмен мәселенің түп-төркініне назар аударылмаған соң Хазірет Шибли:

«Ей, уағызшы! Сұралатын сұрақтардың ең маңыздысын ұмыттыңыз! Аллаһ Тағала қысқашасы «Ей, құлым! Мен әруақыт сенімен бірге едім, ал сен кіммен бірге болдың?» деп сұрайды.

***

Өлім аузында жатқан Аллаһтың әулие құлы Әбу Бәкір Кәттани құддиса сирруһ өмірінде атқарған елеулі амалы жайында сұралғанда мына бір тамаша жауапты қайырады:

«Өлімімнің жақындағанын білмесем, риякерлік болатындығынан қорқып амалым жайында айтпас едім. Толық қырық жыл бойы жүрегімнің қақпасының тұсында күзетте тұрдым. Оны Аллаһтан басқа ешкімге ашпауға тырыстым. Жүрегім Аллаһтан басқа ешкімді танымайтын болды».

***

Риуаят бойынша Иса аләйһис-сәләм алапес ауруына шалдыққан науқас бір адамды көреді. Ол кісі тәніндегі сырқаттан хабарсыз адамдай өз-өзіне:

– Уа, Раббым! Саған сансыз мақтаулар мен шүкірлер болсын! Мені адамдардың көбіне сынақ етіп жіберген дерттен құтқардың!.. - деп сөйлеп жатыр еді.

– Иса аләйһис-сәләм әлгі кісінің таразылау деңгейін, әрі рухани кемелдігін байқамақ болып оған:

– Ей, адам! Аллаһ сені қандай дерттен құтқарып еді? - деді.

Науқас кісі:

– Уа, Рухуллаһ! Ең қатерлі дерт пен сынақ жүректің Аллаһтан ғапыл әрі мақрұм болуы. Мың да бір шүкір! Мен Аллаһ Тағаламен бірге болудан ләззат алып, рақаттанудамын. Тап бір денемдегі сырқаттардан бейхабар жандаймын...

***

Он тоғызыншы ғасырдың әйгілі сопыларының бірі Шайх Мұхаммед Нурул-Арабидың «бәшәри ираданы», яғни «адамдық қалау мүмкіндігін» жоққа шығарды деген қауесет жайылады. Мұны естіген Сұлтан Абдулмажит хан Хазірет Пірдің құзырына шақырылып, сол жерде одан осы мәселенің анық-қанығы сұралуын талап етеді. Сұлтанның пәрмені орындалып, Шайх құзырына шақырылады. Одан мәселенің мән-жайы сұралғанда Хазірет Пір былай деп жауап береді:

«Мен жалпы мағынада адамдық қалау мүмкіндігі жоқ деп, оны жоққа шығарған жоқпын. Алайда, кейбір кісілер үшін оның жоқ сияқты екендігін айттым. Өйткені, Аллаһтың нағыз уәли құлдары өздерін әрдайым Аллаһтың құзырында тұрғандай сезініп жүргендіктері үшін, олардың адамдық қалау мүмкіндігі бойынша әрекет етулері жоқ дейтіндей дәрежеде аз кездеседі. Сондықтан, олар кез келген жағдайда өз қалаулары бойынша емес, керісінше Ұлы Жаратушының қалауына

мойынсұнып әрекет қылады. Олай істемеген жағдайда, әдепке қайшы әрекет еткен болып және қателік істегендей саналады.

Мысалы біз қазір падишахтың құзырындамыз. Ол «кел» дегенде келеміз, «кет» дегенде кетеміз. Қалау мүмкіндігімізді падишахтың қалауына көз жұма отырып, өз қалауымыз бойынша қолдануымыз мүмкін бе?! Әсте, мүмкін емес. Енді сырттағы ғапылдар мен өзге де мақлұқтарға қараңыздар! Емін-еркін, өз қалаулары бойынша еркін әрекет етуде».

Алған жауабына дән риза болған падишах Шайх Мұхаммед Нурул-Арабиге ізет көрсетіп, сый-сияпат жасайды.

Аллаһтың кез келген уақытта және кез келген жерде бақылап, көріп тұратындығын сезіне өмір сүретін ихсан және мұрақаба иесі бола білгендер кез келген жағдайда өз қалауының орнына иләһи қалауға мойынсұнады...

***

Қорыта айтқанда, ихсан мен мұрақаба иманның тап өзі, яғни жауһары болып табылады. Барлық ғибадаттар мен жақсы әрекеттерде болуы тиіс хұшуғ сезімі, шынайы ықылас, тақуалық сынды Аллаһ танымының жемістеріне тек осы бір рухани жетілудің арқасында ғана қол жеткізуге болады. Өйткені, Аллаһты тап көзбен көріп тұрғандай күйде жасалған әрбір салих амал «ықылас» атты бұтақтарға бүршік жардырып, «тақуалық» атты гүлдерді ашады және «хұшуғ» атты жеміс береді. Ешкім көрмейтін жерлерде тура болу, адамдардың назарынан ұзақ мекендерде күнәлардан сақтану тек «Ол мені кез келген уақытта және барлық жерде көріп, бақылап тұрады!» деген сезімге ие болу арқылы ғана мүмкін болмақ. Сол себептен, тасаууф ілімі жалпы негіздері мен қағидаларында адам көңілін осындай халге жеткізуді мақсат тұтады. Аллаһтың уәли құлдары осы халге жету үшін бүкіл ғұмырларын ізденуші болып өткізген.

Олай болса, біздің міндетіміз – рухани деңгейімізді көтере отырып, Аллаһ Тағаланың бақылауын әрдайым сезініп жүру. Сонымен қатар, мінез-құлқымызды ихсан мәртебесінің тамаша да жарқын үлгісі болған Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғары қасиеттерімен таразылай отырып, тура бағыттан айнымау.

«...Күмәнсіз ихсан иелеріне Аллаһтың рақымы өте жақын» (Ағраф сүресі, 56-аят)**.**

9. ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ (МУТАУАЗЫ БОЛУ)

Тауазу – сыпайы, кішіпейіл болу, Аллаһтың ұлылығының алдында өзіңің түкке тұрмас әлсіз екендігіңді білу деген мағынаны білдіреді. Адам баласы өзіне берілген ілім, мансап және байлық сияқты кез келген бір нығметтің арқасында бұлардан мақрұм болған кісілердің алдында өзін олардан жоғары санап, зұлымдық жасамауы керек.

Ақын қандай тамаша жырлаған:

Мал-мүлкіңе алданып, айтпа мен сияқты кім бар деп,

Бір жел тұрар кенеттен, топандай әкетер ұшырып.

Себебі, әрбір сәт пен ертеңгі күннің иесі тек Аллаһ Тағала. Сондықтан, келешекте адамның басына не жағдай туатыны беймәлім.

Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

«Саған ілескен мүминдерге сыпайы бол!» (Шұғара сүресі, 215-аят)**.**

«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы болып жүреді. Егер надандар оларға (ұнамсыз сөз айтып) тіл тигізсе, «сәлем» деп жөндерімен кете береді» (Фурқан сүресі, 63-аят)**.**

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Аллаһ Тағала маған «Сыпайы болыңдар, ешкім ешкімге даңдайсымасын және ешкім ешкімге зұлымдық жасамасын!» деп бұйырды» (Мүслим, Жәннат 64).

«Кімде кім Аллаһ Тағаланың разылығы үшін (Аллаһтың құлдарына) бір сыпайылық танытса, Аллаһ сол амалы үшін оны бір дәреже көтереді...» (Ибн Мәжә, Зүһд 16).

Ыдырыс аләйһис-сәләм қауымына хикметті сөздер айтып, насихат жасайтын. Сол насихаттарының бірінде былай дейді:

«Ақылды кісінің дәрежесі жоғарылаған сайын сыпайылығы да арта түседі».

Хазірет Юсуф Асбат қарапайымдылық (тауазу) мағынада қалай өмір сүру керектігін былай деп түсіндіреді:

«Таңертеңмен үйіңнен шыққаныңда алдыңнан кімді жолықтырсаң да оны өзіңнен жоғары сана. Тауазу дегеніміз кім саған ақиқатты айтса, оны қабыл алуың және сенен төмен дәрежедегілерді өзіңнен жоғары деп білуің. Сені жамандаған кісі мен мақтаған кісі назарыңда теңдей болсын...»

Аллаһ Тағала ақырет бақытын дүниеде даңдайсып, кібірленбеген, бүлікшілік шығармаған әрі жүрегінде Аллаһқа деген махаббаты толып-тасыған кісілерге нәсіп етеді. Өйткені, сыпайылықтан жұрдай болып,

жаман қасиеттермен оранғандар залым Перғауын сияқты болады. Олай болса, сыпайылыққа ұмтылу арқылы мұндай жаман қасиеттерден арылу керек.

Осыған орай, аятта былай делінген:

«Міне, ақырет жұрты! Біз оны жер бетінде даңдайсымаған, бүлікшілік іздемегендерге береміз. Ең тамаша ұтыс тақуалардікі» (Қасас сүресі, 83-аят)**.**

Ақын қандай әспеттеп жырлаған десеңізші: «*Тұқым топырақта тұспейінше, өніп, өспейді. Сол сияқты Аллаһ Тағаланың рақымы тәкаппарларды емес, сыпайы болғандарды жоғарлатып, асқақтатады».*

Ардақты сахабалар Аллаһ Тағаланың өздеріне аманат еткен дүниелік мансап-мәртебелерді ешуақытта мақтаныш және тәкәппарлық сынды өзін жоғары санаушылық, артықшылық ретінде қолданбаған. Керісінше, Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарапайым өмір сүру салтын үлгі етіп ұстанып, қарапайым әрі сыпайы өмір сүрген. Мәдинада шамамен төрт жүз отбасыдан құралған шағын Ислам мемлекетінің шекарасы он жыл ішінде Ирак және Палестина жерлеріне дейін созылады. Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден өткен кезде Византия және парсыларға қарсы шайқас жүріп жатқан болатын. Мәдинаға олжалар ағылып, төгіліп келіп жатты. Бірақ, мұсылмандардың он жыл бұрынғы жағдайы, яғни мал-дүниеге көңіл бөлмеушіліктері, қарапайым өмір сүрулері, үйлерінің құрылысы, қайырымдылық жасауға деген құмартушылық сезімдері еш өзгермеді. Олар «иманнан алған ләззаттарын жойып аламыз ба?» деген қорқынышпен дүние нығметтерін қара бастары үшін пайдаланбауға аса мұқияттылықпен көңіл бөлген. Сондықтан, олар бүкіл өмірлерін Аллаһтың разылығын табуды көздеген және соған қарай бағыттаған.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бүкіл әлемге рақым болып жіберілген әрі күллі жаратылыс өзінің құрметі үшін жаратылған Әлемнің мақтанышы мырзамыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аса қадірлі, аса мәртебелі, сондай-ақ ең тамаша әрі ең жоғары қасиеттер мен артықшылықтарға ие болғанына қарамастан, әрдайым ««**لَا فَخْرَ**»», яғни «Мақтанушылық жоқ» дей отырып, өзінің сыпайылық қалпын үнемі сақтап жүрген.

Бір күні қадірлі сахабалар өз араларында әңгімелесіп, Аллаһтың өзі жаратқан пенделерінің бірі Хазірет Ибраһимді өзіне халил, яғни дос еткеніне, Хазірет Мұсамен сөйлескеніне, Хазірет Исаның да Оның сөзі

әрі рухы болғанына және Хазірет Адамды таңдағанына таңырқап отырды. Пайғамбарымыз олардың қастарына келіп, әңгімелерін тыңдады. Сосын «Иә, солай» деп айтқандарының шын екендігін растады. Артынан өзінің сипаттарын былай деп баяндады:

«Мен Елшілердің мырзасымын, бірақ, ***мақтанушылық жоқ!*** *Мен пайғамбарлардың соңғысымын,* ***бірақ мақтанушылық жоқ!*** *Ең алғаш шапағат қылатын және шапағаты бірінші болып қабыл болатын да менмін. Бірақ, мен (бұларды әсте)* ***мақтану үшін айтып отырғаным жоқ»*** (Дарими, Мұқаддима 8).

«Қиямет күні жер қақ жарылып, ашылғанда ең алғаш мен тірілтілемін. Бірақ, ***мақтану үшін айтып жатқаным жоқ****. Хамд жалауы маған беріледі. Бірақ, мұнымен де* ***мақтанбаймын!*** *Мен қиямет күні адамдардың мырзасымын. Бірақ,* ***мақтанушылық жоқ!*** *Қиямет күні жәннатқа ең алғаш мен кіремін. Бірақ, мұны да* ***мақтану үшін айтпаймын*** (Дарими, Мұқаддима 8; Қосымша қараңыз: Тирмизи, Мәнақиб 1/3616)**.**

***

Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) төрт адам әрең көтере алатын Ғарра дейтін қазаны бар болатын. Сәске уақыты болып, Дұха намазы оқылған соң ішінде пісірілген асымен бірге әлгі қазанды әкеледі. Ардақты сахабалар қазанның айналасына жиналды. Сахабалар көбейіп кеткен соң Расулуллаһ саллаллаһ алейһи уә сәлләм жиналып, тізерлеп отырды. Мұны байқап тұрған бір бәдәуи:

– Бұл қандай отырыс? - деп сұрады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Аллаһ Тағала мені қасарысқан қыңыр, қатал етіп емес, шарапатты құл етіп жаратқан! - деді. Сосын сөзін арықарай жалғастырып:

«Табақтың шетінен бастап жеңдер, ортасынан жемеңдер, сонда тамақ берекелі болмақ!» деді (Әбу Дәуіт, Атғима 17/3773).

***

Абдуллаһ бин Жубайр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір топ сахабасымен жолда келе жатқанда араларынан біреуі Аллаһтың Елшісін жапқышпен көлеңкелеп, күннен қорғамақ болады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жапқыштың көлеңкесін көріп қалып, басын көтергенде әлгі кісінің өзін көлеңкелеп тұрғанын байқайды. Пайғамбарымыз ол кісіге жапқышты таста деді. Сосын оны қолына алып, жерге қойды да:

«Мен де сендер сияқты адаммын!» деді (Хайсами IX, 21).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сұқ саусақпен көрсетудің өзі күнә ретінде адамға жеткілікті, - деді.

– Жақсы жағынан болса да ма, уа, Аллаһтың Елшісі? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

«Аллаһтың өзі сақтағандардың тысында, жақсы болса да. Егер жаман болса, онсыз да ол үшін бұл жағдай өте ауыр» деді (Табарани, Кәбир XIII, 138/14971. Қосымша қараңыз: Тирмизи, Қиямет 21/2453).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешқандай адамның өзін достарынан ерекше санауын ұнатпайтын. Бір сапарда сахабаларынан қой сойып, ас әзірлеулерін сұраған еді. Сахабалардың бірі:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, қойды мен бауыздайын, - деді.

Келесі біреуі:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, терісін мен сыпырайын, - деді.

Келесі біреуі де:

– Уа, Аллаһтың Елшісі, пісіру менің мойнымда болсын, - деді.

Әлемнің мақтанышы мырзамыз:

– Олай болса, отынды мен жинайын, - деді.

Сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Біз оны да істейміз. Сіз шаршамай-ақ қойыңыз, - десе де Хазірет Пайғамбарымыз:

«Сендердің менің ісімді істей алатындарыңды жақсы білемін. Бірақ, мен сендерден ерекше болғанды ұнатпаймын. Өйткені, Аллаһ Тағала құлының достарының арасында ерекше болғанын жақсы көрмейді» деді.[159]

***

Пайғамбарымыздың Мекке жеңісінен кейін қасетті Меккеге кірген кездегі күйі ең үлкен тауазу (қарапайым) үлгілерінің бірі еді. Сол жерде болған ардақты сахабалар бұл жағдайды былай деп суреттейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккені алуға аттанған әскердің қолбасшысы еді. Жеңіс нәсіп болып, түйесінің үстінде Меккеге кіріп келе жатқанда Ұлы Раббысына сыпайылық көрсетіп, басын игені соншалық, сақалының ұшы түйенің қомына тиіп тұрды. Тап бір шүкір сәждесін қылып жатқандай еді. Сол кезде тынбастан:

159. *Касталлани, әл-Мауаһибул-Ләдуннія, Мысыр 1281, I, 385.*

اَللّٰهُمَّ لاَ عَيْشَ إِلاّ عَيْشُ الأَخِرَة

«Уа, Аллаһым! Ақырет өмірінен басқа өмір жоқ!» деп айтып келе жатты» (Уақиди II, 824; Бұхари, Риқақ 1).[160]

Бір күні Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірнеше Мұһажир және Ансармен бірге Муғаз бин Жәбәлді (радиаллаһу анһу) әкім ретінде Йеменге шығарып салуға шығады. Муғаз (радиаллаһу анһу) көлік үстінде ал Аллаһтың Расулі оның қасында жаяу келе жатты. Муғаз (радиаллаһу анһу):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен көліктің үстіндемін, ал сіз жаяу келе жатырсыз! Мен де көліктен түсіп, сізбен және сахабаларыңызбен бірге жаяу жүрсем қайтеді? - деп ыңғайсызданып келе жатқанын білдіреді. Пайғамбарымыз оның көңілін өзін алаңдатқан асыл мәселеге қарай бұрып:

– Ей, Муғаз! Мына басқан қадамдарымның Аллаһ жолында басылған қадамдар болуын қалаймын, - деді.[161]

Міне, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәл осындай керемет сыпайы жан еді. Оның қайғысы өзінің қара басы үшін емес еді. Оның бар дерті, тіпті өзін жеп, тауысқан уайымы – адамдардың һидаятқа келіп, дүние және ақырет бақытын табулары еді.

* * *

Пайғамбардың қолында тәрбиеленген Әнас (радиаллаһу анһу) кішкентай балалардың қасынан өтіп бара жатып оларға сәлем беретін. Оның артынан былай деуші еді:

«Пайғамбарымыз алейһис-солату уәс-сәләм да балаларға осылай сәлем беруші еді» (Бұхари, Истизан 15; Мүслим, Сәләм 15).

Хазірет Әнас келесі бір хадисте былай деген:

«Балалармен бірге асыр салып, ойын ойнайтын балалық шағымда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанымызға келіп, бізге сәлем берді. Сосын қолымнан ұстап, мені бір жерге жұмсады. Ал өзі мен келгенше дуалдың көлеңкесінде күтіп отырды (Әбу Дәуіт, Әдеп 135-136/5203).

---

160. Аллаһтың Елшісі осы дүниемен салыстырғанда ақырет өмірінің қаншалықты маңызды екендігін білдіретін осы сөзін өмір бойы жиі-жиі айтып жүрген. Деректерде Нәбауи мешітінің құрлысы кезінде, Ор қазылып жатқанда, жеңіс күні Меккеге кіріп жатқанда және қоштасу қажылығында арафа күні мүминдердің көптігін көргенде айтқандығы кездеседі (Бұхари, Жиһад 33, 110, Мәнақибул-Ансар 9, Мағази 29; Мүслим, Жиһад 126, 129; Тирмизи, Мәнақиб 55; ибн Мәжә, Мәсажид 3).

161. Диярбакри, Тарихул-Хамис, Бейрут II, 142.

Хазірет Әнастың айтуы бойынша адамдардың ерекше сыпайылысы болған Хазірет Пайғамбарымыз үнемі ансарлықтарға барып тұратын. Үйлеріне барғанда балаларға сәлем беріп, мейіріммен бастарын сипайтын және оларға жақсылық тілеп, дұға ететін (Нәсай, әс-Сүнәнул-Кубра VI, 90).

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мәдиналық бір адамның қызметшісі Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолынан ұстап, оны өзімен бірге қалаған жеріне апарушы еді (Бұхари, Әдеп 61).

Үммү Зуфар есімді ақыл-есі кем бір әйел бар болатын. Сол әйел бір күні Расулуллаһқа келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Сізбен жолығатын шаруам бар, - деді.

Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм:

– Жарайды, қай жерде жолығуымызды қаласаң, жолығып, мәселеңді шешейік, - деді. Сосын жолдың шетіне шығып, мәселесін шешіп бергенше әйелдің сөздерін тыңдады» (Мүслим, Фадайл 76; Әбу Дәуіт, Әдеп 12/4818).

***

Бибі Айшадан:

– Хазірет Пайғамбарымыз үйінде немен айналысушы еді? - деп сұрады.

Сонда Айша анамыз:

«Жұбайларына көмектесетін. Намаз уақытысы келгенде намазға баратын» деп жауап берді (Бұхари, Азан 44; Нәфақат 8, Әдеп 40).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз жұмыстарын өзі істеп, жұбайларына қолқабыс беретін. Осы жайында келген риуаяттарды қорытып айтар болсақ:

Расулуллаһ үйінде киімдерін өзі тазалайтын, қойларды сауатын, жыртығын жамайтын, аяқ-киімін жөндейтін, үй сыпыратын, түйесін байлап, жемін беретін, қызметшісімен бірге отырып тамақ жейтін, онымен бірге қамыр илейтін, базардан алған заттарын өзі таситын. Бір жолы сатып алған киімдерін Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) қолынан алып, арқаламақ болған кезде:

«Адамның өз заттарын өзі тасығаны дұрысырақ. Алайда, көтеруге шамасы келмеген жағдайда мұсылман бауыры оған жәрдем береді» (Хайсами V, 122) *деп оған киімдерін бермеген. Оның өнегелі өмірінен үлгі*

алған Хазірет Омар мен Хазірет Али (радиаллаһу анһума) халифа болған жылдарында дүкен-базарларды аралап, үйлеріне керек-жарақтарды өздері алатын.

* * *

Айша (радиаллаһу анһа) Хазірет Пайғамбарымыздың үй істерінде үлкен сыпайылықпен жұбайына қолғабыс ететіндігін көрсететін мына бір оқиғаны баяндайды:

«Бір түні әкем Әбу Бәкірдің жұбайы бізге қойдың сан етін беріп жіберген болатын. Аллаһтың Елшісі етті ұстап тұрды, мен кестім, немесе мен ұстап тұрдым, ол кесті».

Тыңдап тұрғандардың бірі:

– Мұны жарықсыз қараңғыда істеген бе едіңіздер? - деп сұрады.

Бибі Айша:

– Үйімізде шырағданға құятын майымыз болса, сөз жоқ оны қатық қылып жер едік. (Кейде) Мұхаммед аләйһис-салату уәс-сәләмнің отбасы бір ай бойы жеуге нан таппайтын. Ошақтарында от жағылып, қазан қайнамайтын» (Ахмед VI, 217; ибн Сағд I, 405).

* * *

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Егер сан немесе жауырын етін жеуге шақырылсам, тез арада баратын едім. Сондай-ақ, маған жауырын немесе сан еті тарту етілсе, ойланбастан қабыл аламын» (Бұхари, Һибе 2, Никах 73; Мүслим, Никах 104).

Сыйлықтың үлкен-кішісі болмайды. Мақсат – көңіл аулау және сүйіспеншілікті арттыру ғана. Мұндайға қол жеткізу сыпайылылық арқылы ғана мүмкін болмақ.

* * *

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағалаға құл болғанды барлық нәрседен жоғары қоятын. Пайғамбарымыздың осы таңдауын баяндайтын риуаяттардың бірінде былай делінеді:

Бір күні Аллаһтың Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбірейіл әләйһис-сәләммен сұқбаттасып отырды. Сол кезде көктен бір періште түсті. Жәбірейіл аләйһис-сәләм Пайғамбарымызға бұл періштенің дүниеге алғаш рет түскенін айтты. Періште:

– Уа, Мұхаммед! Мені саған Раббың жіберді. Ол сенен «Патша пайғамбар болғанды қалайсың ба, әлде құл пайғамбар болғанды ма?» деп сұрап жатыр, - деді.

Пайғамбарымыз Жәбірейілге қарады. Жәбірейіл:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Раббыңа өте сыпайы бол! - деді.

Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Құл пайғамбар болғанды қалаймын» (Ахмед II, 231; Хайсами IX, 18, 20) *дей отырып, ерекше сыпайылығын танытты. Оның осы таңдауынан кейін* құлдық адам баласы қол жеткізетін ең шарапатты мақам болды. Сондай-ақ, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне шектен тыс тағзым қылған кісілерге:

«Сендер мені өз дәрежемнен артық жоғарылатпаңдар! Өйткені, Аллаһ Тағала мені өзінің елшісі қылмас бұрын құлы қылған» деп ескерту жасап, құл болудың қадірі мен артықшылығын баян еткен.

***

Хазірет Омар мінезі қатал болғанмен өте сыпайы жан болатын. Жамаулы киім киетін, жетім-жесірлердің үйлеріне арқалап ас-су таситын, қамыстан жасалған төсеніште жатып ұйықтайтын, түйелерді өзі тарақтап, тазалайтын. Халифа болған тұста көшелерді аралап, адамдардың арыз-тілектеріне құлақ салатын, халықтың мұң-мұқтажымен бөлісетін. Әбу Маһзура (радиаллаһу аһһу) оның сыпайылығына дәлел болатын көзімен көрген мына бір оқиғасын баяндайды:

«Бір күні Омар бин Хаттабтың (радиаллаһу аһһу) қасында отырғанымда Сафуан бин Үмәйя саз балшықтан жасалған шыны аяқпен тамақ әкеліп, Хазірет Омардың алдына қойды. Сонда Омар (радиаллаһу аһһу) айналасында жүрген жоқ-жітіктерді қасына шақырды. Барлығы келіп, Хазірет Омармен бірге тамақ іште. Сол кезде Хазірет Омар:

– Аллаһ құлдарымен бірге тамақ ішуден арланған кісіні құтқармайды, - деді. Сонда Сафуан бин Үмәйя:

– Аллаһқа ант етейін! Біз олармен бірге тамақ жеуден арланбаймыз. Дегенмен, өзімізді бірінші кезекке қоятынымыз да рас. Өйткені, олармен бөлісетіндей әруақыт жақсы әрі дәмді тамақтар таба бермейміз ғой, - деді (Али әл-Муттақи IX, 198/25650).

***

Хазірет Омар (радиаллаһу аһһу) халифалық дәуірінде бір күні сахаба Жаруд бин Муалламен бірге жолда келе жатқанда алдарынан Хаулә бинти Сағлаба шықты. Қартаң тартып қалған бұл әйел Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәуірінде жастау болатын. Ол әйел кәрі жастағы күйеуімен арасында болған бір жағдайды Хазірет Пайғамбарымызға айтып шағымданды. Бұл мәселенің шешуі ретінде «Мүжәдәлә» сүресінің алғашқы аяттары түскен болатын. Осы әйел сахаба Хазірет Омарға насихат айтпақ болып:

– Омар! - деп шақырды.

Омар (радиаллаһу анһу) тоқтағанда Хаулә оған мыналарды айтты:

«Біз сені бұрындары «Омаржан» деп атаушы едік. Сосын ержетіп «Ержігіт Омар» болдың. Одан кейін саған «Мүминдердің әміршісі» дейтін болдық. Аллаһтан қорқып, халықтың хал-ахуалына көңіл бөл! Олардың істерімен шұғылдан. Өйткені, Аллаһтың азабынан қорқатын кісіге ұзақтағы жақын болады. Өлімнен қорқатын кісі де мүмкіндікті жіберіп алудан қорқады».

Хазірет Омар әйелдің сөздерінен әсерленіп, жылай бастады. Оның бұл халіне қайғырған Жаруд Хауләға:

– Ей, қатын, жетер енді. Мүминдердің әміршісінің мазасын алдың ғой, - деді. Хазірет Омар оған:

– Оны жайына қалдыр, қалағанын айта берсін. Сен бұл әйелдің кім екенін білесің бе? Бұл – Аллаһ Тағала шағымына Арш Ағладан құлақ салып, көңіл бөлген Хаулә. Аллаһқа ант етейін, ол мені кешке дейін ұстағысы келсе, намазымды оқып келіп, оны тыңдай беретін едім, - деді.[162]

Міне, бұл Ислам ахлағының үлгілі де өнегелі тұлғаларының бірі Хазірет Омардың (радиаллаһу анһу) Аллаһтан шынайы қорқуының, оның Аллаһқа деген тағзымы мен сүйіспеншілігінің және құқық, ақиқат, жауапкершілік сынды мәселелерде қандай сыпайы болғандығының айқын дәлелі...

***

Хазірет Омардың (радиаллаһу анһу) сыпайылығын көрсететін ғибратты бір оқиғаны Хазірет Мәулана өзінің шебер әдісі бойынша былай деп тамаша баяндаған:

Рим империясының бір елшісі саяси мәселелер жайында кездесу мақсатымен Мәдина Мунауараға келіп, Халифа Хазірет Омардың хан сарайын сұрайды. Оған жөн көрсеткен кісілер:

«Халифаның аты «Мүминдердің әміршісі әрі халифасы» ретінде бүкіл әлемге жайылғанымен, оның дүниелік сарайы жоқ, алайда жарқын көңіл сарайы бар. Оның дүниелік тек пақырлар мен кедейлердікі сияқты қарапайым баспанасы ғана бар. Бірақ сен көзіңдегі дертпен оның рухани сарайын көре алмайсың!» - деді.

Бұл сөздерді естігенде Рим елшісі таңырқап, қайран қалды. Жүгін, атын, сыйлықтарын қараусыз тастай салып, Хазірет Омар Фарукты іздеуге кіріседі. Жан-жақтан халифаны сұрастырады. Таңырқап өз-өзіне:

---

162. Қараңыз: Мехмед Зиһни Ефенди, Мешһур Кадынлар, Ыстамбул I, 250; М. Яшар Кандемир, I, Лутфи Чакан, Рашит Кучук, Риядус-Салихин, Тержүме ве Шерх, III, 508.

«Демек, бұл елде адамдарға көрінбейтін рух сияқты билеушінің бар болғаны ғой!» деп міңгірледі. Сосын халифаны іздеуді ары қарай жалғастырды...

Бір араб әйел:

«Сен іздеп жүрген халифа анау құрма ағашының көлеңкесінде отыр! Басқалар төсектің яки көрпешенің үстінде жатқанда ол құмның үстінде жатыр! Қасына барып құрма ағашының көлеңкесінде жатқан «Зиллу Иләһиді» Аллаһтың жер бетіндегі көлеңкесін көр!..» деді.

Ұйықтап жатқан Хазірет Омардан әлгі елшіге сұстылық пен рухына хош келетін әлдебір сезімдер өтті. Елші сүйіспеншілік пен сұстылықтың бір-біріне қайшы екі қасиет болғанына қарамастан, өз рухында олардың қалай бірлесе қалғанына таң қалады. Өз-өзіне:

«Мен императорлардың көзін көрген және олардың құзырында мақтаулар алған адаммын! Бірақ, олардың ешқайсысынан сұстылық көрмегенмін. Ал мына кісінің сұстылығы мен махаббаты болса, менің бүкіл сезімдерімді жойып жіберді.

Бұл халифа қарусыз әрі қорғаусыз жерде ұйықтап жатыр. Соған қарамастан, мен оның алдында дірілдеп, қалтырап тұрмын. Бұл қандай хал өзі? Неге маған бұлай болып жатыр?! Демек, бұл сұстылық мына аба[163] киген кісіден емес, Аллаһтан келіп жатыр!..» деді.

Римдік елші осындай рухани тебіреністі басынан кешіп жатқанда Омар (радиаллаһу анһу) үйқысынан тұрады. Елші Хазірет Омарға тағзым көрсетіп, сәлем береді. Халифа оның сәлеміне жауап қайырады. Содан соң жүрегі тыным таппай түрған елшіні көңіл сарайына алып, тыныштыққа қауыштырды. Қирап қалған көңілін қалпына келтіреді. Оған жұмсақ әрі терең мағыналы хикметті сөздер айтады.

Елші оның сөздерін тыңдаған сайын көкірегіндегі перделер түріліп, көзі ашылады және ақиқаттарды ұғына бастайды. Хазірет Омарға бөтен адам болып келген елші бұл кезде онымен дос болады. Оның сұқбатының қуатты әсерінен өзін жоғалтып, есінен танады. Елші болып хабар әкелгендігі өз жайына қалады...

Оның бойынан болып жатқан құбылысты сезген Омар (радиаллаһу анһу) ерекше құлшыныспен сұқбатын арықарай жалғастыра түседі. Жанның мекендері, рухтың сапарлары жайында айтады. Ақырет жайында, аса мәртебелі уәли құлдардың жоғары мақамдары, «жан Зумруд-и Анқаның» дүниеге келгендегі шексіз самғауы жайында сөз қозғайды.

Ақыр соңында елшінің жүрегіне иман қонып, халифаның құзырында

163. *Жүннен тоқылған сырт киім.*

кәлима шәһадат айтады. Сөйтіп, ол мәңгілік бақыт керуеніне қосылады.

***

Бір күні Ахнаф бин Қайс (радиаллаһу анһу) бірнеше араб көсемдерімен бірге Хазірет Омарды зиярат етуге барғанда көйлегінің етегін беліне жыйып алып, жүгіріп жүргенін көреді. Омар (радиаллаһу анһу) Ахнафты байқап қалып:

– Бері келіп, жәрдем ет! Мемлекеттің бір түйесі қашты. Ол малда қанша кісінің хақы бар екенін білесің бе? - деді.

Сол кезде бір адам:

– Неге сонша қиналып жүрсің? Түйені ұстауды бір құлға тапсыра салмайсың ба? - деді. Сонда Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

– Менен артық құл бар ма?! - деп жауап қайырды.[164]

Неткен керемет ахлақ, қандай терең түсінік, неткен керемет сыпайылық десеңізші...

***

Сәлман (радиаллаһу анһу) Мәдайн әкімі болған тұста Шамнан Тәйм ұрпақтары тайпасынан бір кісі келеді. Қасында бір қап інжірі бар болатын. Сол кезде Сәлман (радиаллаһу анһу) үстіне көйлек, оның сыртына аба киіп жолдан өтіп бара жатады. Шамдық адам Хазірет Сәлманды танымай:

– Бері кел де, мынаны арқала! - дейді.

Сәлман (радиаллаһу анһу) оның қасына барып, жүгін арқалайды. Халық оны көріп танып қалады. Әлгі адамға:

– Жүгіңді арқалап келе жатқан адам осы жердің әкімі! - деді. Сонда Шамдық кісі:

– Кешірім өтінемін! Сізді танымай қалдым, - деді. Сәлман (радиаллаһу анһу) бой бермей:

– Түк етпейді. Жүгіңді үйіңе дейін апармағанымша арқамнан түсірмеймін, - деп жауап қайырды (Ибн Сағд, IV, 88).

***

Бір күні Хазірет Хүсайн (радиаллаһу анһу) жолдан өтіп бара жатып нанның қиқымдарын жеп отырған бір топ пақырларды кезіктіреді. Пақырлар:

– Ей, Аллаһтың құлы! Келіңіз, төрлетіңіз!.. - деп оны қастарына

164. Шибли Нұғмани, Бүтүн Иөнлериле Хазірет Омар ве Девлет Идареси, Талип Яшар Алп, Ыстамбул, 384-385 б.

шақырды.

Хазірет Хұсайн өте сыпайы адам болғандықтан, олардың шақыруын ілтипатпен қабыл алады. Атынан түсіп, олар не жеп жатқан болса, содан алып жей бастайды. Тағам таусылған соң Пайғамбарымыздың немересі:

– Мен сіздердің шақыруларыңызды қабыл алдым. Енді мен сіздерді үйге шақырамын. Келіңіздер, үйіме қонақ болыңыздар!.. - деді. Барлығы бірге барып, астан ауыз тиеді.

***

Текті үмбеттің ұлы ғалымдарының сыпайылық мәселесінде өзгелерге үлгі-өнеге боларлық көптеген тамаша оқиғалары бар. Солардан бірнешеуін айтып өтейік.

Бір күні халифа Харун Рашид Имам Әбу Юсуфтан бір мәселе сұрайды:

Имам Әбу Юсуф:

– Білмеймін, - деп жауап береді. Сол кезде халифаның көмекшісі Имам Әбу Юсуфқа:

– Айлық һәм қосымша сыйақы алып жүріп қалай білмеймін дейсіз! - деді. Сонда Имам Әбу Юсуф:

– Мен біліміме қарай айлық аламын. Егер білмеген нәрселерім үшін берілетін болса, оған бүткіл қазына жетпес еді... - деп жауап қайырды.

Ғұлама Имам Ғазали:

«Білгендеріме қарағанда білмегендерімді аяғымның астына қоя алатын болсам, төбем көкке тиер еді» деп өзінің кемшілігін мойындай отырып, сыпайылығын танытқан.

***

Хазірет Халид әл-Бағдади ілім үйрету ижазатын (рұқсатын) алмай тұрып-ақ, шәкірт кезінде білімділігі тұрғысынан өзгелерден озық болатын. Сонысымен адамдардың назарын өзіне аударып алған еді. Оны көруге келген Сүлеймания басқарушысы Абдуррахман паша оның ілімі мен Аллаһ танымына қайран қалып:

«Сүлеймания медреселерінің қайсысын қаласаңыз, сол жерде оқытушы болыңыз» деп ұсыныс жасайды. Халид әл-Бағдади әлі ижазат (рұқсат) алмағандықтан, ілім үйрету дәстүріне құрмет көрсете отырып, «Бұл қызметке лайық емеспін» деп ұсынысты қабыл алмады.[165]

***

165. Һейет, Ислам Алимлери Ансиклопедиси, Ыстамбул, Тұркие Газетеси Яйынлары, XVIII, 78.

Йылдырым Баязид хан Ұлы мешіттің ашылу салтанатында Әмір Бұхаридан (Әмір Сұлтан) бастап бүткіл ғұламалар мен машайықтарды шақырған болатын.

Жұма күні таңертеңмен барлық адам өткізілетін салтанатты рәсімге жиналды. Біраз уақыттан соң Сұлтан Йылдырым Баязид келіп, күйеу баласы Хазірет Әмір Бұхариға:

– Ей, Әмір! Төрлет, мешіттің есігін сен ашып, намазды да сен оқыт! Бұл мәртебе үмбеттің ұлығы ретінде саған ғана лайық, - деді.

Алайда Хазірет Әмір Бұхари сыпайылықпен ұсынысты қабыл алмады:

– Жоқ, сұлтаным! Бұл мәртебені Хазірет Шайх Әбу Хамидуддинге беруіңіз қажет, - деді.

Осы уақытқа дейін мұндай есімді кісіні естімеген Баязид хан:

– Ол кім еді? - деп сұрады.

Хазірет Әмір Бұхари болса:

– Сұлтаным! Бәлкім естіген боларсыз. Ол «Сомунжы баба» лақабымен танымал болған қарапайым бір наубайшы. Ұлы мешіт құрылыс кезінде жұмысшыларға қайырымдылықпен молынан нан таратқан. Міне сол кісі – әулие құлдардың ұлығы Хазірет Шайх Әбу Хамидуддин.

Бұл тілекті Сұлтан да қабыл етті. Әмір Бұхари орнынан түрегеліп, жамағатқа Сомунжы бабаны таныстырды және мінберге шақырды. Сомунжы баба ыңғайсыздана:

– Әмірім! Бұл не істегенің, бізді баршаға жария еттің!.. - деп үлкен сыпайылықпен мінберге көтерілді.

Сол күні Сомунжы баба мінберде Фатиха сүресінің жеті түрлі ишари тәпсірін жасады. Алайда, сырының амалсыз жария болғандығы үшін шәкірті уәли Хажы Байрамды жанына алып қажылыққа бармақ болып, Бурсадан айрылды.

***

Явуз Сұлтан Селим хан 1517 жылы 15 ақпанда салтанатты түрде Мәмлүктердің сарайына кірген болатын. Сол кезеңнің тарихын хатқа түсіретін ресми мемлекет тарихшысы халықтың Явузды Кайрде қарсы алуын былай деп баяндайды:

«Халық Явуздың салтанатын тамашалау үшін көшелерге ағылды. Олар Явузды мүлдем басқаша елестетті. Оның киімі мен сәлдесі қасындағылардікінен өзгеше деп ойлады. Алайда, Явуз қалаға көшбастап емес, саптағы жауынгерлердің арасында кірді. Киімі мен сәлдесі де жанындағылармен бірдей болды. Алдына қарап, өте сыпайылықпен алға басып келе жатты».

Явуз Сұлтан Селим хан Мысыр сапарынан Ыстамбұлға қайтарда Үскүдарға күндізгі уақытта келіп жетті. Явуз халқының өзін үлкен қошеметпен қарсы алатынын естіп, кеңесшісі Хасан Жанға:

«Мен қас қарайып, жұрт үйлеріне қайтып, көшелер босаған соң барып Ыстамбұлға кірейін. Пенделердің қошеметтері, жеңіс белбеуі мен ілтипаттары бізді нәспісімізге алдатып, жерге жықпасын!..» деді.

Явузды қорқынышты Сина көлінде айбатты арыстан, Мысырға кірер тұста сыпайы, шүкіршілік танытқан мүмин, Үскүдарда нәпісімен есептесе отырып басқара білген иләһи және шынайы ләззатқа қанық дәруіш ретінде танидық. Ол Хасан Жанға мына бір шумақтарды оқитын еді:

Күллі әлемге патша болу – құр шайқас екен,

Бір Уәлиге пенде болу – барлығынан артық екен.

***

Канижеде қол жеткізген тарихи жеңіс хабары сарайға жеткенде Сұлтан III Мехмед хан қатты қуанды және осы жеңістің басты себепкері Тиряки Хасан пашаны уәзір етіп тағайындады. Сондай-ақ, пашаға бағалы сыйлықтар мен хат жолдады.

Хатты қаһармандардың алдында оқыған Тиряки Хасан паша қол жеткізген ұлы жеңісіне қарамастан, өте сыпайылық танытты. Тіпті маңайындағыларға:

«Мәртебелі патшамыз Каниже жеңісі секілді аз ғана қызметіміз үшін уәзірлік мақам мен хат жолдапты. Алайда, біз тек өз міндетімізді ғана атқардық. Ұлы мемлекеттің уәзірлігі мына бір егде тартқан қартқа қалып па? Аллаһ Тағала мемлекетімізге, халқымызға ұзақ ғұмыр берсін!» деп кішіпейілділік пен сыпайылық танытты.

***

Осман сәулетінің шебері Ұлы Синан жетістіктеріне қарамастан, өзін Аллаһтың құзырында дәрменсіз бір құмырсқадай әлсіз көретін еді. Өйткені, ол сыпайылық танытуда теңдесі жоқ ұстаз болатын.

Сәулетші Синан Сүлеймания мешітінің қияметке дейін қалуы үшін бар өнері мен күшін салады. Сонымен қатар, Аллаһтан жәрдем тілеп, көп мәрте дұға да қылады. Соның нәтижесінде, Аллаһтың жәрдемімен дүниеде теңдесі жоқ аса көрнекті туынды әкеледі. Алайда, кезек өзінің мазарына келгенде оны мешіт ауласының бір бұрышына қарапайым етіп тұрғыза салады. Ол дүниеге күллі әлемге әйгілі әрі керемет туындылар әкелгеніне ешуақытта мақтанып, даңдайсымаған. Керісінше, сыпайылық көрсетіп, кішіпейілдік танытқан. Мұны оның мөр басып, қол қоярда Сер-Мимаран-ы Хасса (бас сәулетші) сөзінің жанына «Мур-и Натуван» (әлсіз құмырсқа), «әл-Фақирул-Хақир» (бейшара пақыр адам) деп жазу-

ынан ұғуға болады. Сондай-ақ, туындыларының ішіндегі ең кереметі болып табылатын Сәлимия мешітінің құрылысы аяқталып, өзінің есімін мешіт қабырғасына жазып қоюға ұсыныс жасалғанда оның:

«Аллаһтың үйіне есімім жазылатындай мен кіммін!..» деп жауап беруі туындыларының кереметтігімен қатар, рухани ой-өрісінің де өте кең екендігін аңғартып тұрғандай.

***

Бір күні Сұлтан Ахмед хан өте жақсы көретін ұстазы Хазірет Һудайыға бағалы сыйлық жібереді. Бірақ, Хазірет Һудайы мемлекет басшыларынан сыйлық алудың үйреншікті жағдайға айналмауы үшін сыйды қабыл алмайды. Кейін Сұлтан Ахмед мүлкінен шығып қойғандықтан, ол сыйлықты сол кезеңнің атақты дәруіші Хазірет Абдулмажит Сивасиға тарту етеді. Сұлтан Ахмед бір кездесуінде Хазірет Абдулмажит Сивасиға:

– Ұстазым! Мен бұл сыйлықты әуелі Хазірет Һудайыға жіберген болатынмын. Алайда, ол кісі қабыл алмады. Десек те, сіз сыйлықты қабыл еттіңіз, - деді.

Әңгіменің жайын түсінген Хазірет Сиваси былай деп жауап береді:

«Сұлтаным! Хазірет Һудайы кәміл адам болғандықтан, ұсақ-түйекке бола өзін төмен түсірмейді».

Бұл жауапқа көңілі толған Сұлтан арадан бірнеше күн өткеннен соң Хазірет Һудайыға келеді. Оған:

– Ұстазым! Сіз қабыл алмаған сыйлықты Хазірет Абдулмажит Сиваси қабыл алды, - деді.

Хазірет Һудайы күлімсіреп:

«Сұлтаным! Хазірет Абдулмажит дария іспетті. Үлкен дарияға бір тамшы масиуа (Аллаһтан өзге барлық нәрсе) кірінің түсуі оның тазалығы мен тұнықтығына залал келтіре алмайды» деп жауап қайырды.

Неткен керемет Ислами сыпайылық, неткен керемет қарапайымдылық десеңізші...

***

Көп жылдар бойы Стамбұлда тұрып, Осман халқының тұрмыс-тіршілігіне куә болған француз ғалымы A. Bтayer былай дейді:

«Мұсылман түріктердің арасында ұялу қасиетінің көп таралғаны соншалықты, соның бір жемісі ретінде тәкаппарлық пен мақтаншақтықты мүлдем жоқ деуге де болады. Өйткені, тәкаппарлық пен мақтаншақтық Ислам діні қатаң түрде тыйым салған жаман қасиеттер болып табылады. Мұсылмандар әрдайым бір-бірлеріне мына-

ларды айтып жүреді:

- Жер бетінде әсте тәкаппарлықпен жүрме, менмендік сені адамдардан алыстатпасын.

- Тәкаппарлар мен мақтаншақтарды Аллаһ жек көреді.

- Сыпайы бол! Ақырын дауыспен сөйле!

- Тәкаппарлық надандықтан туындайды, ғалым кісі ешуақытта менмендік жасамайды.

- Сыпайылық адамға тектілік әкеледі.

Сол себептен, османдықтар әрекеттерінде өте байсалды болды. Олардың бойынан әсте тәкаппарлық пен менмендік байқалмайды. Сөйлегенде әрдайым бәсең дауыспен сөйлейді. Қол қимылдарынан күштеу ишараты сезілмейді. Қызмет көрсеткенде де өте қарапайым әрі тартымды әрекет етеді».

Османдықтардың қарапайым адамнан бастап, падишахына дейінгі бүткіл халқы осындай болған. Сондай-ақ, Осман мемлекеті құрылғаннан құлағанға дейін Сұлтандар жұма намазы үшін мешітке барарда жасалатын рәсім кезінде ақылы әскерлеріне:

«Падишахым асқақтап, даңдайсыма, сенен де үлкен Аллаһ бар!..» деп айтуды әмір еткен. Және де өздеріне арналған осы бір ескертуді ресми дәстүрге айналдырған.

***

Қорыта айтқанда, сыпайылықтың пайдалары өте көп. Сыпайы адам қолы ашық жомарт болып келеді. Жомарт адам мейірімді болады. Мейірімді адам барша жаратылысқа қол ұшын созып, қызмет етеді. Ал бұл Раббымыздың разылығын табуға үлкен септігін тигізеді. Дөрекі адам болса, мұндай жақсы қасиеттердің барлығынан мақрұм болады.

Сыпайы пендеде терең ұғыну қабілеті мен парасаттылық пайда болады. Сондықтан, олар осы бір қасиеттері арқылы дос пен дұшпанды оңай ажырата алады.

Сыпайылық – адамды жақсартатын, құлдықты кемелдендіретін, ахлақты көркемдейтін тамаша қасиет. Хазірет Мәулана құддиса сирруһ мұны былай деп тамаша түсіндіреді:

«Көктем мезгілінде қай тастың көгергенін көрдің? Олай болса, топырақ сияқты сыпайы бол! Сол кезде сенен алуан түрлі гүлдер өніп шығады!..»

Расында, топырақтың үстін басып жүрген тіршілік иелері оны аяқтарымен таптайды. Онымен қалмай нәжістерін де оның үстіне төгеді. Алайда, топырақ үлкен сыпайылық танытып, нәжістердің барлығын

тазалап, бір-бірінен керемет алуан түрлі өсімдіктер өндіріп шығарады. Әрі үстінде жүрген барша тіршілік иелерін сонымен қоректендіреді. Міне, сол сияқты салих мүминнің көңілі де құнарлы топырақ іспетті болуы керек. Оның жүрегіндегі барлық әсемдіктер барша адамдарға, тіпті мақлұқаттарға да өз пайдасын тигізуі қажет.

10. ХИЛМ ЖӘНЕ МҰСАМАХА (ЖҰМСАҚТЫҚ ПЕН ЖЕҢІЛДІК)

Хилм – жамандық жасаған адамға жүректе кек сақтамау, сабырлы әрі төзімді болу деген мағыналарды білдіреді.

Аллаһ Тағала жақсы көретін мінездердің бірі болып табылатын «хилм» (жұмсақ мінезділік) «ғадаб», яғни ашу-ызаның қарама-қайшы мағынасы. Хилм сөзіне қарама-қайшы мағынада қолданылатын қаталдық пен дөрекілік – адамдарды ренжітетін, қорқыныш пен үйрей туғызып, жек көру сезімдерін оятатын, сондай-ақ шашырап, бытырап кетуге себеп болатын жаман қасиет. Сондықтан, хилм, яғни жұмсақ мінезділік пайғамбарларға тән сипаттардың бірі. Өйткені, бойында жұмсақ мінезі жоқ кісі пайғамбарлық міндетті әсте атқара алмайды. Осы жағдайды кітаптарынан оқып, білген кейбір яһуди ғалымдар Хазірет Пайғамбарымыздың жұмсақ мінезділігін өте көп сынаған. Соның нәтижесінде, Аллаһ елшісінің сол бір керемет қасиетіне көздері жетіп, оған иман келтірген. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Елшім!) **Сол кезде Аллаһтың рақымымен оларға жұмсақ мінезділік таныттың! Егер сен қатал әрі тас жүрек болғаныңда, күмәнсіз қасыңнан бытырап, безіп кетер еді. Олай болса, оларды кешір, яғни кешірілулері үшін дұға қыл! Әрі олармен мәселе хақында кеңесіп, ақылдас! Нақты бір шешімге келгеніңде Аллаһқа тәуекел ет! Күмәнсіз, Аллаһ Тағала өзіне тәуекел етушілерді сүйеді»** (Әли Имран сүресі, 159-аят)**.**

Ислам діні адам тәрбиесі мен дінді жаю сынды қызметтерде тым артық кетпестен, не тым кемітпестен орта жолды ұстануды маңызды қағида ретінде қабылдаған. Ал бұл қағиданың «хилм», яғни жұмсақ мінезділікпен іске асатындығында күмән жоқ.

Аллаһ Тағала «әл-Халим» сипаты арқылы өзінің өте жұмсақ екендігін білдіреді. Сондай-ақ, адамдардың ең жұмсақ мінездісі болған Аллаһтың Елшісінің жасаған барлық отырыс-жиыны хилм, ілім, ұят, сабыр, тәуекел және сенімділік секілді ізгіліктерге толы мәжіліс болды.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүмин кісінің әрдайым жұмсақ мінезді әрі төзімді болғанын қалайды. Осыған орай, сауда-саттық жасасқанда жұмсақ мінезділік танытқан адамның артықшылығы жайында былай дейді:

«Аллаһ Тағала сатқанда, алғанда және қарызын сұрағанда жеңілдік көрсеткен кісіге рақымдық қылсын» (Бұхари, Буюғ 16, ибн Мәжә, Тижарат 28).

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Адамдарға қарыз ақша берген бір кісі бар еді. Сол кісі (қарыз жинайтын) қызметшісіне былай деп айтты:

«Қиналып жатқан кедейге бара қалсаң, оны кешіре сал. Бәлкім, Аллаһ та біздің күнәларымызды кешірер».

Соңында ол кісі дүниеден өтіп, Аллаһқа қауышты. Аллаһ Тағала оны кешірді» (Бұхари, Әнбия 54; Мүслим, Мусақат 31; Бұхари, Буюғ 18).

Келесі бір хадис шәріпте былай делінеді:

«Қиыншылықта жүргендер мен мойнында қарызы барларға уақыт беріп, қарасқан (немесе қарызын кешкен) кісіні Аллаһ Тағала ешқандай көлеңке болмайтын күні өзінің көлеңкесінде паналатады (оны сақтайды)» (Мүслим, Зүһд 74).

Алайда, қарыз алушылар қарыз берушілердің мұндай игіліктерін арам пиғылмен пайдалануға тырыспауы керек. Өйткені, қарыз мәселесі өте маңызды болып табылады. Аллаһтың Елшісінің алдына жаназа намазы оқылу үшін бір мәйіт әкелінгенде ол ең алдымен «қарызы бар ма?» деп сұрайтын. Қарызы болса, оны төлеткізіп, сосын намазын оқитын. Қарызы өтелмейінше, мәйітке жаназа намазын оқымайтын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандықты жаңадан қабылдап, дінді жақсы үйренуге мүмкіндігі болмаған кісілерге түсіністікпен қарап, әрдайым шыдамдылық танытқан. Осы тұрғыдан, жұмсақ мінезділік пен төзімділік пайғамбарлық мінез-құлықпен бойларын түзеген уәли құлдар мен салих мүминдердің де ең айрықша сипаттарының бірі болып табылады.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдулқай ұрпақтарынан Әшажға:

«Сенің бойыңда Аллаһ Тағала жақсы көретін екі қасиет бар: Хилм (жұмсақ мінезділік) мен тәәнни (ықтияттылық)» (Мүслим, Иман 25, 26) *деген екен.*

Лұқман Хаким былай дейді:

«Ұлым! Үш нәрсе үш жағдайда білінеді. Жұмсақ мінезділік ашу кезінде, батылдық соғыс кезінде, бауырластық қиындықта».

Барлық жақсы қасиеттер секілді жұмсақ мінезділік пен төзімділіктің де белгілі бір шеңбері бар. Жұмсақ мінезді болу – зұлымдыққа мойынсұну немесе иләһи заңдардың тапталуына төзімділік көрсету деген сөз емес. Хилму химари, яғни есек көңгіштігі деп аталатын мұндай әрекет арам пиғылды адамдардың жамандық істеуге деген ниеттері мен

батылдықтарын одан сайын арттыра түсетіндіктен өте үлкен қателік болып табылады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Сағид әл-Хұдри (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір бәдәуи Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп қарызын сұрады және дөрекілік байқатты. Тіпті оған:

– Қарызыңды өтемегенше саған тыныштық бермеймін, - деді. Ардақты сахабалар бәдәуиді жазғырып:

– Сен не айтып тұрсың! Кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе өзің?! - деді. Бәдәуи:

– Мен хақымды талап етіп тұрмын, - деді. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһ уә сәлләм сахабаларына:

– Сендер неге хақ иесі жағында емессіңдер? - деді. Сосын Хаулә бинти Қайсқа (радиаллаһу анһа) адам жіберіп:

«Кепкен құрмаң бар болса, қарызымды өтей сал. Құрмамыз келгенде қарызымызды саған өтейміз» деді. Хаулә:

«Әлбетте! Әкем саған құрбан болсын, уа, Расулаллаһ!» - деді.

Ол әйел, яғни Хаулә Аллаһтың Елшісіне қарыз берді. Пайғамбарымыз онымен бәдәуидің қарызын төледі. Сонымен бірге оған тағам жегізді. Бәдәуи:

«Қарызыңды жақсы төледің. Аллаһ Тағала да саған сауабын толық қылып берсін!» деп разылығын білдірді. Сол уақыт Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Міне солар (қарыздарын өз жөнімен төлегендер) – адамдардың ең қайырлысы. Қоғам ішіндегі әлсіздер өз ақыларын ала алмайынша ол жамағат жетістікке жете алмайды» деді (Ибн Мәжә, Садақат 17).

Байқап тұрғанымыздай, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүткіл өмірі адам баласының басынан өтетін әр түрлі жағдайларға үлгі-өнеге боларлық керемет дүниелерге толы. Сол үшін оны жақсылап жақыннан танып, Сүннеті бойыша өмір сүруге барлық күшімізді салуымыз қажет.

* * *

Жүбәйр бин Мұтғим (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Хұнайн соғысы аяқталып Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен бірге қайтып келе жатқанымызда бәдәуи арабтар қоймай олжаның бөлістірілуін талап ете бастады. Олар ақыр соңында Аллаһтың Елшісін

«Сәмура» атты ағаштың қасында тоқтатты. Пайғамбарымыздың шапаны ағашқа ілініп қалады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйесін тоқтатып:

«Шапанымды өзіме беріңдер! Егер мына жердегі ағаштардай малым болса, олардың барлығын сендерге тарқатып берер едім. Сол кезде сендер де менің сараң, өтірікші және қорқақ емес екендігімді көретін едіңдер!» деді (Бұхари, Жиһад 24, Хумус 19).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) енді ғана мұсылман болып, Ислам дінінің көркем мінез-құлқы бойларына әлі сіңе қоймаған адамдармен жұмсақ мінезбен әрі төзімділікпен мәміле жасаған.

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен Расулуллаһтың қолынан да жұмсақ атлас немесе жібек матаға қол тигізіп көрген емеспін. Сондай-ақ, Аллаһ елшісінің иісінен өте хош иісті иіскеген емеспін. Пайғамбарымызға тура он жыл қызмет еттім. Маған бір мәрте болса да кейіп «тұһ» деген емес. Істеген қайсы бір ісіме «неге бұлай істедің?» демегені сияқты істемеген ісіме де «неге бұлай істемедің?» деп айтқан емес (Бұхари, Саум 53, Мәнақиб 23; Мүслим, Фадайл 82).

Міне, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне он жасында аманат етілген Хазірет Әнасты өзінің үлгілі де өнегелі жүріс-тұрысы және іс-әрекеттерімен осылай тәрбиелеген. Тасаууф іліміндегі тәрбиелеу әдістері де осы секілді. Алдымен тәрбиеленуші ұстаздың тұлғалығы мен мінез-құлқына тәнті болады. Сосын оған еліктеп, сол сияқты болуға тырысады. Өйткені, «еліктеушілік бейімділігі» адам баласының табиғатында о бастан-ақ бар қасиет. Сол себептен, адам баласы өзіне үлгі тұтып, еліктеген кісілердің оған әсер етуіне қарай болымды яки болымсыз жағынан кемелденіп отырады.

***

Мұғауия бин Хакәм (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің артында тұрып намаз оқып жатқанымда жамағаттың арасынан біреу түшкірді. Мен артынша «ярхамукаллаһ» дедім. Көпшілік маған бадырайып қарай бастады. Сосын мен:

«Қайдан ғана айтып едім! Маған неге олай қарап тұрсыңдар?» - дедім. Осы кезде қолдарын тізелеріне ұра бастады. Олардың мені сөйлеткізбей, тыныштандыруға тырысып жатқандарын түсіндім де қатты ашуландым. Бірақ даусымды шығармадым.[166]

166. *Намазда ғибадаттан тыс қандай да бір әрекет жасау әлбетте намаздың рухына қайшы. Дегенмен, бұл хадистегі ашуланған және өзіне басқалардың ашуы келген сахабалардың*

Әке-шешем Аллаһтың Елшісіне пида болсын. Одан бұрын да және одан кейін де одан асқан керемет ұстаз көрмедім. Уаллаһи, мені жазғырғанда жоқ, ұрғанда жоқ. Намаз оқып болған соң, маған жұмсақ тілмен:

«Бұл ғибадаттың аты намаз. Намаз оқығанда дүние сөздерін айтуға болмайды. Өйткені намаз тасбих, тәкбир және Құран оқудан тұрады» деді. Және осы мағынаға келетін сөздер айтты. Сосын мен:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен енді ғана мұсылман болдым...» - дедім (Мүслим, Мәсажид 33).

***

Яһуди ғалым Зайд бин Сағна келуін көптен күтіп жүрген соңғы пайғамбардың Тауратта жазылған ерекшеліктерін Хазірет Пайғамбарымыздың бойында бар жоғын бақылап тексеріп жүрді. Бір күні Хазірет Пайғамбарымыздың Хазірет Алимен бірге үйінен шығып келе жатқанын көріп, артынан ілесіп жүреді. Сол кезде бәдәуилерше киінген бір адам Расулуллаһқа жақындап келіп:

«Уа, Расулаллаһ! Мен пәленше деген тайпа халқына егер мұсылман болсаңдар, Аллаһ Тағала сендерге мол ризық береді деп айтып едім, олар мұсылмандықты қабыл алды. Бірақ, өкінішке орай тайпаның ішінде ашаршылық орын алды. Адамдардың хал-жағдайы өте қиын. Дүниелік үміт етіп мұсылман болған бұл адамдардың үміттері орындалмаған соң қайтадан бұрынғы діндеріне өтіп кетулерінен қорқамын. Егер оларға жәрдем бермек болып, бірнәрселер жолдамақ болсаңыз, мен апарып берейін» - деді.

Бұл әңгімені естіп тұрған Зәйд бин Сағна Аллаһтың Елшісін сынайтын жақсы бір мүмкіндік табылды деген оймен сөзге араласады:

– Уа, Мұхаммед! Егер оларға жәрдем беретін ойың бар болса, арамызда келісім жасасып, саған қарыз бере тұрайын, - деді.

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан сексен динар қарыз алып, әлгі сахабаға берді. Сосын:

– Олардың қасына жылдам бар да, ашаршылықтан құтқар! - деді.

Келесі бір күні Хазірет Пайғамбарымыз Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Омар және тағы басқа сахабалармен бірге *Жәннатул-Бақи*[167] мазарына бір мәйіт алып бара жатты. Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаназа намазын оқып болған соң Зәйд жанына келіп,

намазда көрсеткен мұндай әрекеттерін ұзір деп білу керек. Өйткені, ол уақытта адамдар жаңадан мұсылман болғаны үшін құлшылықты және оның әдептерін енді ғана үйреніп жүрген еді.

167. Жәннатул-Бақи: Хазірет Пайғамбарымыздың мешітіне жүз метр қашықтықтағы Мәдина қаласындағы әйгілі мазарат.

арқасындағы шапанды бар күшімен тартып қалды. Оның неге бұлай істегенін түсінбеген Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біресе жерге түскен шапанына, біресе Зәйдтің түнерген жүзіне аң-таң болып қарап тұрды. Сол кезде Зәйд алдын ала ойластырған жоспары бойынша:

– Қарызыңды өтемейсің бе, ей, Мұхаммед! Сендер Абдулмутталибтің ұрпақтары үнемі қарыздарыңды кешіктіресіңдер! - деді.

Негізінде Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің Зәйдтен алған қарызын төлеудің уақыты әлі келмеген болатын.

Бұл оқиғаны баяндап жатқан Зәйд былай дейді:

Сол уақыт Омарға бұрылып қарағанымда ашу-ызадан көкірегінің қақ айрылардай болып тұрғанын көрдім. Қорыққанымнан жүрегім аузыма келіп, зәрем қалмады. Омар жүзіме суық қарап:

– Ей, Аллаһтың дұшпаны! Сен Аллаһтың Елшісіне қалай-қалай сөйлейсің? Оған әрі құрметсіздік жасайсың, әрі әдепсіз сөздер айтасың! Оны пайғамбар етіп жібергенге ант етейін, егер Расулуллаһ саған қарыз болмағанда, басыңды ұшыратын едім!.. - деді қатты дауыспен.

Бір яһудидің Аллаһтың Елшісіне тіл тигізгеніне шыдай алмаған Хазірет Омардың (радиаллаһу анһу) қатты ашуланғанын сезіп тұрған Пайғамбарымыз оған күлімсіреген жүзбен:

– Тыныштал, ей, Омар! Дәл қазір мен және мына адам сенің басқаша әрекет ететініңді күтіп тұрған едік. Сен маған қарызымды жақсы тұрде өтеуімді, ал оған да қарызын сұрағанда жылы сөзбен сұрау керек екендігін насихат етуің керек еді. Негізінде қарыздың өтелу уақытына әлі үш күн бар. Одан да сен оған тұр да, қарызымды өте! Оны қорқытқаның үшін біраз артығырақ бер! - деді.

Зәйд алашағын артығымен алған соң Хазірет Омарға былай деп ілтипат білдірді:

– Ей, Омар, мені тыңдашы! Расулуллаһтың жүзіне қараған сайын оның бойынан пайғамбарлық белгілерінің бар екендігін көруші едім. Алайда, онда болуы тиіс тағы екі ерекшеліктің бар жоқтығын, яғни ол өзіне дөрекілік танытқандарды кешіреді ме екен? Және өзіне жасалған дөрекілік күшейген сайын оның жұмсақ мінезділігі мен төзімділігі де арта түседі ме екен? осыны бүгінге дейін біле алмай жүрдім. Міне, мен бүгін оны сынадым. Сөйтіп, келуі күтіліп жүрген пайғамбар екендігіне көз жеткіздім. Аллаһты Рабб, Исламды дін, Мұхаммед аләйһис-салату уәс-сәләмді пайғамбар ретінде қабыл алғандығыма және малымның жартысын Мұхаммедтің үмбетіне садақа қылып тарқататынына куә бол! - деді.

Зәйдтің мұсылман болғанына Омар (радиаллаһу анһу) қатты қуанды. Сосын оған былай деп ескерту жасады:

– Малыңды мұсылмандардың барлығына жеткізе алмайсың. Ең болмағанда кейбіреулеріне садақа еттім, де! - деді.

Зәйд:

– Дұрыс айтасың. Малымның жартысын кейбір мұсылмандарға садақа еттім, - деп сөзін түзетті (Хаким, III, 700/6547).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұмсақ мінезділік, төзімділік, сабырлылық сынды жақсы қасиеттерімен адамдарды өзінің жоғары мінезі мен тұлғалығына тәнті еткен әрі Ислам дінін Аллаһ Тағаланың жәрдемімен аз уақыт ішінде бүткіл Араб жарты аралына жайып үлгерген.

Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһу) Батну Нахла жорығында қолға түсірген тұтқындардың арасында Хакам бин Қайсан да бар болатын. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз Хакамды Ислам дініне шақырды. Оған ұзақ уақыт бойы Исламды егжей-тегжейлі түсіндірді. Көкейінде қадалып тұрған күдіктерді жою үшін бірнеше мәрте қайталап түсіндірді. Аллаһтың Елшісінің осыншалықты уақыт бөліп, күш-қайрат жұмсағанына қарамастан, Хакамның мұсылман болмағанына ызаланған Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Не деп онымен сөйлесіп тұрсыз. Уаллаһи, ол ешуақытта мұсылман болмайды! Рұқсат етіңіз, мойнынан қойып қалайын. Сосын баратын жеріне, яғни жәһаннамға кідірместен барсын! - деді. Хазірет Пайғамбарымыз Хакамға Исламды түсіндіруін жалғастыра берді. Сонда Хакам ойын жиып:

– Ислам деген не? - деп сұрады. Хазірет Пайғамбарымыз:

– *Аллаһқа ешнәрсені серік қоспастан құлшылық қылуың және Мұхаммедтің Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік етуің! - деді.*

Хакам:

– *Мұсылман болдым,- деді.*

Сол кезде Хазірет Пайғамбарымыз сахабаларына бұрылып:

– *Егер мен сәл бұрын сендерге құлақ асқанымда, ол қазір жәһаннамға кеткен болар еді! - деді.*

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хакамның мұсылман болғанын көргенімде айтқан сөздеріме қатты қысылдым. Өз-өзіме «Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм менен

жақсы біліп тұрғанда қалайша оған қарсы бірнәрсе талап етуге дәтім барды?» дедім. Сосын «Менің ниетім, тек Аллаһтың және Расулінің разылығын табу ғана еді» деп өзімді жұбаттым. Хакам мұсылман болды. Аллаһ жолында жиһад қылды. Биру Мағунада шәһид болды» (Ибн Сағд IV, 137-138; Уақиди I, 15-16).

***

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) мына бір оқиғаны риуаят етеді:

Бір бәдәуи Нәбәуи мешітіне келіп, кіші дәретке отырды. Сахабалар бас салып оны кінәлай бастады. Сол кезде Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Оны жөніне қоя беріңдер. Кіші дәрет сындырған жеріне бір шелек су төге салсаңдар болды. Сендер қиындату үшін емес, жеңілдету үшін жіберілдіңдер" деді (Бұхари, Уду 58, Әдеп 80).

***

Әнас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге келе жаттым. Оның үстінде Нәжран матасынан тігілген шеттері қатты әрі қалың шапаны бар еді. Бір бәдәуи Пайғамбарымыздың қасына келіп, шапанын күшпен тартып қалды. Бәдәуидің бұл әрекетінен шапанның жаға шеті Пайғамбарымыздың мойнына батып, із қалдырды. Сосын Бәдәуи:

– *Ей, Мұхаммед! Қолыңдағы Аллаһтың малдарынан маған да берілуін әмір ет,* - деді.

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз бәдәуиге бұрылып, күлімсіреді. Сосын оған бірнәрселер берілуін әмір етті (Бұхари, Хұмус 19, Либас 18, Әдеп 68; Мүслим, Зекет 128).

Неткен керемет жұмсақ мінез, неткен керемет төзімділік үлгісі!..

***

Бір күні Хазірет Әбу Дәрда қаланы аралап жүргенде бір топ адамның күнәһар бір адамға ауыр сөздер айтып, қорлап жатқанын көреді. Сосын олардан:

– *Сендер бір адамның құдыққа түсіп кеткенін көрсеңдер, оны ол жерден шығарасыңдар ма? - деп сұрады.*

Олар*:*

– *Әрине, шығарамыз!* - деп жауап қайырды. Сонда Хазірет Әбу Дәрда:

– *Олай болса, бауырларыңа ауыр сөз айтпаңыздар. Одан да сендерді күнәдан сақтаған Аллаһқа мадақ, мақтау айтыңдар! - деді.*

Сол кезде жиналған топ:

– *Сонда сіз мына күнәһарға ашуланбайсыз ба? - деп сұрады.*

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің тәрбиесінде жетілген сауатты сахаба былай деп жауап қайырды:

– *Мен оған немесе оның тұлғасына ашуланбаймын, мен тек оның істеген күнәларына ғана ашуланамын. Күнәсін тәрк еткен кезде ол менің дін бауырым болып қала бермек* (Абдурраззақ XI, 180; Әбу Нуғайым, Хилия I, 225).

* * *

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәуірінде Абдуллаһ есімді бір кісі бар болатын. «Химар» лақабымен шақырылатын бұл адам айтқан қалжыңдарымен Хазірет Пайғамбарымызды күлдіруші еді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны ішімдік ішкені үшін жиі-жиі жазаландырып тұратын...

Бір күні Абдуллаһ жазасы аяқталып, өз жөнімен кетіп қалған соң сол жердегілердің бірі «Аллаһым оны лағынетте!» деп оған қарғыс айтты. Сол кезде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бұлай айтушы болмаңдар! Бауырларыңа қарсы шайтанға жәрдем бермеңдер! Аллаһқа ант етейін, мен оның Аллаһты және Расулін сүйетінін білемін. Оған қарғыс айтудың орнына «Аллаһым! Оны жарылқа! Аллаһым! Оған рақымдылық қыл!» деп дұға жасаңдар!» деді (Бұхари, Хұдуд 4, 5; Әбу Дәуіт, Хұдуд 35).

Міне бұл – Аллаһтың Елшісінің үмбетіне деген мейірім-шапағаты мен махаббатынан туындаған жұмсақ мінез бен төзімділік көрінісі.

Хазірет Рабиғ бин Хайсам бір күні намаз оқып жатып, жиырма мың дирһам тұратын атын көз алдында ұрлатып алады. Бірақ ол ұрлықшының соңына түсудің орнына жан-тәнімен беріліп оқып жатқан намазын жалғастыра береді.

Оның ең қымбат дүниесін жоғалтып алғанын естіген достары оны тыныштандырмақ болып үйіне келеді. Хазірет Рабиғ достарына:

– *Ол адамның атымның жібін шешіп жатқанын көрдім. Бірақ, ол кезде өте маңызды әрі өзімнің қатты жақсы көретін ісіммен шұғылданып жатқан едім. Сол себептен, ұрлықшының соңына түсіп қуаламадым, - деді.*

Сонда оның достары ұрлықшыға қарғыс айта бастады. Хазірет Рабиғ болса, оларды тыныштандырып:

– *Тыныштаңдар, маған ешкім де зұлымдық жасаған жоқ! Ол адам өзіне зұлымдық жасады. Бейшараның өзіне істегені жетпегендей, біз*

де оған зұлымдық қылмайық! - деді (Қараңыз: Бабанзаде Ахмед Найым, Ислам Ахлакынын Есаслары, 85-86 б.).

Міне, нағыз мейірімділік пен рақымдылықтың керемет үлгісі... Міне, Аллаһтың дос құлдарының ерекше мінездері, яғни Жаратушының назарымен жаратылғандарға қарау үлгісі...

***

Табиғин буынының үлкен ғалымы Имам Шағбидің өзіне тіл тигізген пасық адамға:

«Айтқандарың рас болса, Аллаһ мені кешірсін! Егер жалған айтып тұрсаң, Аллаһ сені кешірсін!» деп қайырған жауабы оның артықшылығының ең жарқын дәлелі екендігіне күмән жоқ.

***

Қорыта айтқанда, мейірім-шапағат пен махаббат сынды жақсы қасиеттердің жемісі болып табылатын жұмсақ мінезділік пен төзімділік – адамдармен қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратын тіректердің бірі. Сондай-ақ, ол – Аллаһ Тағаланың бұйрығы, Пайғамбарымыздың табиғи мінезі. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Жұмсақ мінезділіктен үлесі бар кісінің жақсылықтан да үлесі бар. Ал жұмсақ мінезділіктен үлесі жоқ кісі жақсылықтан мақрұм қалған болып табылады» (Тирмизи, Бирр 67/2013).

11. ХҰСНИ ЗАН, ЯҒНИ ЖАҚСЫ ОЙМЕН ЖҮРУ

Хұсни зан жақсы ой ойлау, жақсы нәрселерді үміт ету, жақсыға балау және болымсыз, жаман ойлардан, күмәннан арылу деген мағыналарды білдіреді. Мұсылмандар өз араларында бір-біріне үнемі жақсы ойда жүретін болса, көптеген қателікке ұрынудан аман қалар еді.

Аятта былай деп бұйырылады:

«Ей, иман келтіргендер! Ойдың (күмәннің) **көбінен сақтаныңдар. Өйткені, ойдың кейбірі – күнә. Бір-бірлеріңнің кемшіліктеріңді іздемеңдер. Ешкім ешкімді артынан шағыстырмасын. Сендердің қайсы біреулерің өлген бауырының етін жеуді ұнатады ма? Одан жиіркенесіңдер ғой. Олай болса, Аллаһтан қорқыңдар! Күмәнсіз, Аллаһ тәубелерді қабыл алушы әрі өте мейірімді»** (Хұжұрат сүресі, 12-аят)**.**

Хазірет Пайғамбарымыз былай дейді:

«(Жаман) Ойдан сақтаныңдар. Өйткені, ой (орынсыз айыптау) сөздердің ішіндегі ең жаманы. Басқалардың сөздерін тыңдамаңдар, кемшіліктерін іздемеңдер, бір-бірлеріңе мақтанып, өркөкіректік көрсетпеңдер, бір-біріңді қызғанбаңдар, бір-біріңе кек сақтамаңдар, бір-біріңнен жүздеріңді теріс бұрып алмаңдар. Ей, Аллаһтың құлдары! Аллаһтың сендерге бұйырғаны сияқты бір-біріңе бауыр болыңдар...» (Мұслим, Бирр 28-34).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бір хадис шәріпте былай дейді:

«Сахабаларымнан ешбіреуі маған бірде-бір адамның айыбын жеткізуші болмасын. Мен сендердің алдыларыңа сау жүрекпен шыққанды қалаймын» (Әбу Дәуіт, Әдеп 28/4860).

Адамдар жайында жақсы ойда жүру пендеге ешқандай ауыртпалық әкелмейді. Керісінше, оны көптеген күнәлар мен пайдасыз тірліктерден құтқарады. Бұл туралы Хазірет Али (радиаллаһу анһу):

«Аллаһтың құлдары жайында жақсы ойда бол! Егер сондай болсаң, көптеген ауыртпалықтардан құтыласың» деп өсиет еткен.

Мүминдер дүниеден өткен мұсылман бауырлары жайында да жақсы ойда болып, олардың кешірілетіндіктерін үміт етулері керек. Басқаша ойлаудың ешкімге де берер пайдасы жоқ.

Адамдар және орын алған оқиғалар хақында (қажет болған жағдайда негізін тексеру шартымен) әрдайым жақсы ойда болып, жақсылыққа жорамалдау керек. Егер қандай да бір мәселенің ақиқаттығы нақты білінбесе, мұсылмандардың бір-бірі жайында жақсы ойда болуы – ең негізгі мәселе. Өйткені, адам баласы жаман ойы үшін жауапқа тартылады. Егер, керісінше жақсы ойда болып, бірақ қателескен болса, ол үшін жауапқа тартылмайды. Тек жақсы ниетте болғандығы үшін жаңылысқан болып есептеледі. Алайда, бір адам жайында жаман ойлайтын болсақ, мұның жауабын Аллаһтың алдында беретін боламыз.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Абдуллаһ бин Амрдың (радиаллаһу анһу) айтуы бойынша Хазірет Пайғамбарымыз тауаф етіп жатып Қағабаға былай деп үн қатқан екен:

«Сен неткен пәк едің, исің неткен керемет! Сен қандай ұлысың, сенің құрметің қандай биік! Мұхаммедтің жанын құдірет қолымен ұстаған Ұлы Аллаһқа ант етейін, мүминнің Аллаһ құзырындағы қадірі сенің қадіріңнен де артығырақ. Мүминнің малы мен жанының құрметтілігі де дәл сондай. Біз мұсылмандар жайында тек хұсни зан, яғни жақсы нәрсе ғана ойлаймыз» (Ибн Мәжә, Фитән 2).

Жоғарыдағы хадис шәріптің мазмұны бойынша мүминдер жайында жақсы ойда болу Ислам дініндегі маңызы зор негіздердің бірі болып табылады.

***

Мұнафықтардың бүлік шығаруларының нәтижесінде орын алған Ифк оқиғасында ұзақ уақыт бойы рухани азап шеккен Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зайыбы Зейнеп бинти Жахш және бибі Айшаның қызметшісі Бәрирамен (радиаллаһу анһа) сөйлесіп, олардың Айша анамыз жайындағы ойларын сұрайды.[168] Екеуі де ол жайында жақсы ойда екендіктерін айтады. Бибі Айша (радиаллаһу анһа) бұл жайында өзі былай дейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оқиғаның анық-қанығын тексеру барысында Зейнеп бинти Жахштан мен жайындағы көзқарасын сұрап:

– Зейнеп, бұл жайында не білесің, не көрдің? - деп сұрапты. Сонда ол:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Құлағымды естімеген нәрселерден, көзімді көрмеген нәрселерден үнемі сақтап жүремін. Мен Айша жайында жақсылықтан басқа ешнәрсе білеймін, - депті.

Зейнеп Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұбайлары арасында кейбір артықшылығымен үнемі менімен бақталасып жүретін еді. (Қолында мүмкіншілік болып тұрғанда мені қаралап, Аллаһ Расуліне жақындығын бұрынғыдан да арттыра түсуіне болар еді.) Бірақ, Аллаһ Тағала оны тақуалығы мен діндарлығының арқасында жалақорлардың қатарынан болудан сақтады» (Бұхари, Шәһадат 15, 30; Мүслим, Тәубе 56).

Неткен керемет хұсни зан... Көптеген адамның пікірі оп-оңай өзгере салуы мүмкін сондай бір мезетте Зейнеп анамыз хұсни заннан ажырамай, Айша анамыз жайында жақсы ой білдірген. Соның нәтижесінде, жалақорлар хақында түскен иләһи сөгістен аман қалды. Аллаһ тарапынан Айша анамыздың арының тазалығы баян етілген аяттармен қатар, жалақорлар мен оларға алданып, хұсни занды тәрк еткендер жайында қатаң сөгіс келеді. Сондай-ақ, аятта егер Аллаһтың кешірімі болмағанда, барлықтарының өте ауыр азаппен құрып кететіндіктері баяндалған. Осы қатаң сөгістің бірнеше мәрте қайталануы – «су-и занның», яғни жаман ойда болудың қандай жиіркенішті екендігін көрсетеді. Құран Кәрімде былай делінеді:

«Бұл жаланы естігендеріңде мүмин ерлер мен мүмин әйелдердің өздері жайында жақсы ойда болып, «бұл ап-анық жала» деп айту керек емес пе еді?» (Нұр сүресі, 12-аят)**.**

168. *Бұхари, Шәһадат 16.*

«Егер дүниеде және ақыретте Аллаһтың сендерге деген кеңшілігі мен рақымы болмағанда, белшелеріңнен батқан жалаларың үшін, әлбетте бастарыңа үлкен азап келер еді» (Нұр сүресі, 14-аят)**.**

***

Сол Ифк оқиғасы орын алған күндердің бірінде Хазірет Әбу Айюб әл-Ансаридің зайыбы Үммү Айюб күйеуінен:

– Жұрттардың Айша жайында не айтып жүргендерін естідің бе? - деді.

Әбу Айюб:

– Иә, естідім. Бірақ, олардың айтып жүргендерінің барлығы өтірік пен жала ғана! - деді.

Зайыбы:

– Жоқ! Уаллаһи, мен ешуақытта мұндай жамандық істемес едім! - деді.

Сонда Әбу Айюб әл-Ансари (радиаллаһу анһу):

– Сен мұндай болсаң, уаллаһи, Айша сенен мың есе қайырлы! - деді (Ибн Һишам III, 347; Уақиди II, 434).

Міне бұл – сол бір тамаша буын өкілінен бізге жеткен керемет хұсни зан үлгісі...

***

Ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бауырларыңның бір күнә істегенін көрсеңдер, «Раббымыз оны масқара қыл! Аллаһым оған лағынет жаудыр!» деген сөздер айтып, оған қарсы шайтанға жәрдемші болмаңдар. Керісінше, «Раббымыз оны жарылқа! Оны тура жолға сал!» деп айтыңдар. Мұхаммедтің сахабалары ретінде біз ешкім жайында оның қай жолда өлгенін білмегенімізше, ешнәрсе айтпайтынбыз. Өмірі жақсылықпен аяқталса, «Жақсылыққа қауышты» деп айтатынбыз. Егер жамандық жолында өлсе, ол жайында бірнәрсе айтудан қорқушы едік» (Әбу Нұғайым, Хилия IV, 205).

***

Әбу Дужанә (радиаллаһу анһу) науқастанып жатқанда зиярат етіп келген бір кісі оның жүзінің нұрланып жарқырап тұрғанын көреді. Одан:

– Жүзіңіз неге мұншалықты жарқырап тұр? - деп сұрады. Ол былай деп жауап қайырды:

– Менің екі амалым бар:

1. Маған қатысы жоқ мәселелерде үндемеймін.

2. Көңілімде мүминдер жайында жаман ой болмайды. Барлық мүмин жайында жақсы ойда жүремін (Ибн Сағд III, 557).

***

Хазірет Мәулана адамның ішкі жан дүниесіндегі «су-и зан», яғни жаман ой, көре алмаушылық, қызғаныш секілді жаман қасиеттерді бейнелі бір мысалға айналдыра отырып былай дейді:

Бір падишах екі құл сатып алады. Падишах олардың қаншалықты ақылды және рухани дүниелері қай дәрежеде екендігін сынамақ болып, олармен сұхбаттаспақ болады. Падишах алғаш бірінші құлды әңгімеге тартты. Ол падишахтың басқалар ұзақ уақыт ойланып, жауабын әрең табатын сұрақтарына өте жылдам жауап беріп отырды. Падишах оның зерек әрі бал тілді екендігін көріп риза болады. Сосын келесі құлды жанына шақырды.

Екінші құл падишахтың құзырына келді. Ол құл науқас болғандықтан аузынан жағымсыз иіс шығып тұрды және қараусыздықтан тістері де қап-қара болып кеткен екен. Падишахқа бұл құлдың сыртқы көрінісі ұнамаса да, ол жайында білмейтін нәрселерін және қандай ерекшеліктері мен сырлары бар екенін білмек болып, онымен сұқбаттаса бастады:

– Мына түріңмен және аузыңның жағымсыз иісімен сәл ұзақтау жерде тұр. Бірақ, көп ұзап та кетпе! Алдымен аузыңның дертіне бір дауа табайық. Сен тартымды адамсың, ал біз ұста дәрігерміз. Сені қор көру немесе саған көңіл бөлмеу бізге жараспайды. Мына жерге отырып, бір-екі хикая айтып бер, ақылыңның деңгейін білейік, - деді.

Падишах алғаш сөйлескен құлға бұрылып:

– Қане! Сен моншаға бар да, жақсылап жуынып, тазалан, - деді.

Ол кеткен соң сөйлеспекші болған екінші құлды сынамақ болып, оған былай деп үн қатты:

– Сенен бұрын сөйлескен әлгі досың сен жайында жаман нәрселер айтты. Байқап тұрмын, бірақ сен оның айтқанындай емес сияқтысың. Ол қызғаншақ, енді болмағанда бізді сенен суытып жіберер еді. Досың сен жайында «ол ұрлықшы, дұрыс адам емес, нашар адамдармен бірге жүріп тұрады, арсыз» деп айтты. Сен ол жайында ен айтасың? - деді.

Екінші құл осы сөздерден кейін падишахқа:

– Жақсы ойлайтын, туралықты айтатын ол бауырымды жаман адам деп айта алмаймын. Керісінше, мен оның сөздерінен бойымда ол айтқан кемшіліктердің болуы мүмкін деген ой түйіп, жүріс-тұрысымды түзетуге тырысамын. Падишахым! Бәлкім, ол менің бойымнан өзім байқай алмай жүрген көптеген кемшіліктерімді көрген шығар, - деп жауап қайырды.

Падишах құлға:

– Оның сенің кемшіліктеріңді айтқаны сияқты, сен де оның кемшіліктерін айт, - деді. Сонда құл:

– Падишахым! Ол шынымен де менің өте жақсы досым. Оның кемшіліктерін айтуға жан дүнием рұқсат бермейді. Сол себептен, мен тек мыналарды ғана айта аламын: Оның кемшілігі менің ойымша кемшілік емес, артықшылық. Ол сүйіспеншіліктің, опагерліктің және адамгершіліктің нағыз үлгісі. Оның жүріс-тұрысы – туралық, ақылдылық және достық. Оның келесі бір қасиеті – жомарттық, жоқжітіктерге қол ұшын беру. Оның жомарттығы соншалық, қажет болса жанын да беруге дайын. Тағдыр жолықтырған досымның келесі бір қасиеті – менмендігінің болмауы. Ол барлық адамға жақсы, тек өз нәпсісіне ғана жаман, - деді.

Падишах мұны естіген соң құлға:

– Досыңды тым асыра мақтап кетпе. Оны мақтап жатып та, өзіңді мақтауға тырыспа. Өйткені, мен оны сынаққа алғанымда ұялып қалып жүрме! - деді.

Сонда құл:

– Жоқ! Оны мақтауда шектен шықпадым. Ол досымның бүткіл жақсы мінездері менің айтқандарымнан мың есе көп. Тағдыр жолықтырған досымның қасиеттері жайында білетіндерімді ғана айттым. Алайда, уа, мәртебелі падишахым! Айтқандарыма сенбей тұрсаңыз, мен не істей аламын? Менің ішкі жан дүнием осылай айтуымды әмір етіп тұр, - деді.

Ана құл моншадан оралғанда падишах оны құзырына шақыртып алып, оған:

– Жеңіл болуыңмен! Түгеп-таусылмайтын нығметтерге қолың жетсін! Бірақ, мына досың айтқан жаман мінездер сенде болмағанда ғой, қандай жақсы болар еді. Сол кезде көрікті жүзіңді көрген кісінің іші жылып қуанар еді. Сені көрудің өзі дүниенің бар байлығына татырлық болар еді, - деді.

Сонда құл:

– Падишахым! Ол көргенсіздің мен жайлы айтқандарының біразын айтып беріңізші!.. - деді.

Падишах:

– Ол алдымен сенің екі жүзділігіңді, сосын сенің сырт көзге дауа сияқты, шындап келгенде пәле екендігіңді айтты, - деді.

Падишахтан осы сөздерді естігенде құлдың қатты ашуы келді, аузы көпіріп, жүзі қызарды. Ол құлдың өз досын жамандауы тым шектен

асып кетеді. Былай дейді:

– Ол бұрын менің досым болатын, бірақ аузы бұзық еді. Ашаршылықта қалған ит сияқты үнемі қоқырсық жеп жүретін.

Әлгі құл досын падишахқа жамандаймын деп, ішкі әлеміндегі барлық лас дүниелерді ақырындап шығара бастады. Сонда падишах «Жетер енді» деп қолымен құлдың аузын бекітіп, оған былай деді:

– Осы сынақтың арқасында екеуіңнің араларыңдағы айырмашылықты байқадым. Ананың аузы тәніндегі аурудан сасиды екен. Ал сенің рухың сасып кетіпті. Ей, рухы сасыған адам, сен ұзақта түр! Досың саған әмірші болады, сен оның әмірлерін орындайсың. Одан әдептілікті, адамгершілік пен сөйлеуді үйрен! Оның артықшылығынан ғибрат ал! Су-и зан (жаман ой) мен хасадты (көре алмаушылықты) таста. Сен мұндай жаман қасиеттеріңмен беліне тас байланған бейшара адамсың. Ол таспен жүзе де, жүре де алмайсың.

Досы жайында хусни занда, яғни жақсы ойда болған құл жоғары қасиеттерге ие болғаны үшін заттық әрі рухани сый-сияпатқа қол жеткізіп, мерейі үстем болды. Істің анық-қанығына көз жеткізбестен, жаман ойға беріліп, ашуға булыққан екінші құл болса, көзден де, көңілден де кетіп зиянға ұшырады.

***

Қорыта айтқанда, адамдар жайында жақсы ойда жүру, оларға жақсы сезімдермен жақын болу – жаратылғандарға Жаратушының назарымен қарау қасиетінің жемісі. Адамдардың жақсылығын тілеу және олардың жақсы жақтарын көру – Аллаһ Тағаланың разылығына, құлдардың сүйіспеншілігіне бөлейтін керемет бір қасиет.

12. ЖОМАРТТЫҚ ЖӘНЕ ИСАР

Жомарттық – қолда болған нәрсені одан мақрұм болған адамға беру деген сөз. Жомарттықтың шыңы – «исар» деп аталады. Исардың ең керемет анықтамасы төмендегі аяттарда баяндалған:

«Олар өздері қалап, мұқтаж болып тұрса да, тамақтарын жетімжесірге, кедейлерге жегізеді. «Біз сіздерді тек қана Аллаһ разылығы үшін тамақтандырып жатырмыз, сіздерден бір жауап та, рақмет те дәметпейміз. Біз өте ауыр, қиын күнде Раббымыздан (Оның азабына душар болудан) **қорқамыз** (дейді)**. Міне, сондықтан Аллаһ оларды сол күннің жаманшылығынан қорғайды,** (жүздеріне) **жарық нұр,** (көңілдеріне) **қуаныш береді»** (Инсан сүресі, 8-11 аяттар)**.**

Жомарттық – иманнан бастау алатын мейірім жемісі. Ал мейірім

болса – басқалардағы жоқ нәрселердің орнын толтыру үшін оларға көмектесу деген сөз.

Алайда, жомарттық – болар-болмасқа ақшаны шашу емес. Аллаһтың құлдарына мұқияттылықпен әрі нығметтің қадірін біле отырып қайыр-садақа жасау. Аллаһ Тағала осы мәселені бізге былайша нақтылай түсіндірген:

«Қолыңды мойыныңа байлап, сараңдық танытпа. Қолыңды кеңінен ашып, үнемсіз де болма! Әйтпесе, айыпталып (жоғалтқандарыңды ойлап)**, қайғыға батасың»** (Исра сүресі, 29-аят)**.**

Жомарттық – Аллаһ Тағаланың сипаттарының бірі. Өйткені, Оның бір есімі «көптеген нығмет беруші, жақсылықтар мен ізгіліктерді молынан тарту етуші, аса жомарт» деген мағынаны білдіретін «Кәрим» сипаты болып табылады.[169] Бұған қоса, Рахман, Рахим, Уәһһаб, Ләтиф, Тәууаб, Ғаффар, Афуу, Рауф және де Һади сияқты илаһи есімдер мен сипаттар да Аллаһтың өте жомарт екендігін түрлі қырлармен білдіруде.

Бұл жайында хадис-шәрифтерде былай делінген:

«Аллаһ Тағала – Жәууад, яғни жомарттық пен қайырым иесі. Сондықтан да, жомарттықты ұнатады. Сондай-ақ, Ол – көркем мінез-құлықты ұнатады да, жаман мінездерді ұнатпайды» (Суюти I, 60).

«Кұмәнсіз, Аллаһ – Тәииб (жақсы, әдемі нәрселерді ұнатады). Таһир – тазалықты жақсы көреді. Кәрим – нығмет беруді ұнатады. Жәууад – жомарттықты жақсы көреді...» (Тирмизи, Әдеп, 41/2799).

Кез келген мұсылман пенде Аллаһ Тағаланың жомарттығынан үлес алып, қараңғы түннің жарық айы секілді нұрлы, нәзік, сезімтал, мейірімді, қайырымды, қайыр-садақа беруге құштар әрі жан дүниесі бай болуы керек. Бұл жайында Құран Кәрімде былай делінген:

«Уа, иман келтіргендер! Ешқандай сауда-саттық та, ешқандай дос та, (Аллаһтың рұқсатынсыз) **ешқандай шапағат етуші де болмайтын Қиямет күні келмес бұрын, ризық қылып берген нығметтерімізден Аллаһ жолында жомарттықпен таратыңдар. Нығметтердің қадірін білмейтіндер** (шүкір етпейтін құлдар) **– залым адамдардың дәл өзі»** (Бақара сүресі, 254-аят)**.**

«...Сіздер жақсылыққа не жұмсасаңдар, Аллаһ оның орнына басқасын береді» (Сәбә сүресі, 39-аят)**.**

Хазірет Али (радиаллаһу анһу):

«Адамдар ұйқыда, өлген соң оянады» деген болатын (Ажлуни, Кәшфұл Хафа II, 312/2795)**. Осы тұрғыдан алғанда, оянатын** мәңгілік өмірімізде құр

169. Қараңыз: Инфитар сүресі, 6-аят.

қол қалмас үшін, ештеңесіз халге түспес үшін – осы дүниеде жомарттық, қайыр-садақа жасау арқылы ақыреттік азығымызды қазірден әзірлеуге тиіспіз. Хазірет Мәулана (құддисә сирруһ) неткен керемет баяндаған десеңізші:

«Дүние өмірі – бейне бір түс секілді. Дүниеде байлыққа ие болу – түсінде қазына тауып алғанға ұқсайды. Дүниелік мал-мүлік ұрпақтан ұрпаққа табысталып, ақыр соңында тағы да осы дүниеде қала бермек».

«Өлім періштесі ғапыл (бейхабар) адамның жанын алу үшін оны ұйқыдан оятады. Ол адам шын мәнінде ие бола алмаған мал-дүние үшін дүниеде тартқан қиыншылықтарын ойлап, өте қайғырады. Қатты өкінеді. Бірақ та, енді кеш, тым кеш болады...»

Міне дүние өмірі, міне ақырет өмірі...

Бір аятта былай делінген:

«Қай-қайсыңызға да өлім келіп, сосын: «Раббым! Маған біраз ғана мұрсат берсең, мен қайыр-садақа жасап, жомарттық танытсам» деп айтпастан бұрын, сіздерге берген ризықтарымыздан жұмсаңдар. Аллаһ ешбір пендесіне ажалы келген соң оны кешіктірмейді. Аллаһ – жасап жатқандарыңызды біледі» (Мұнафиқун сүресі, 10-11 аяттар)**.**

Міне, Аллаһ Тағала осы мәселелерде «көңілі ояу», өзгелерді өзінен жоғары санайтын жомарт жандарды:

«Өздері мұқтаж бола тұра, өзгелерді көбірек ойлайтындар...» деп мақтауда (Хашыр сүресі, 9-аят)**.**

Өзінен не сұралса да «жоқ» деп айтпайтын[170] Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жомарттықты және осы сипаттағы кісілердің ерекшелігін былайша білдіріп өткен:

«Жомарттық – бұтақтары дүниеге жайылған жәннат ағаштарының бір ағашы. Кімде-кім сол бұтақтардың бірін ұстап алатын болса, бұл оны жәннатқа алып барады. Ал, сараңдық болса – бұтақтары дүниеге жайылған тозақ ағаштарынан бір ағаш. Кімде-кім сол бұтақтардың бірін ұстап алса, ол оны тозаққа қарай сүйреп әкетеді» (Бәйхақи, Шуабул Иман VII, 435).

«Сарақ мен жомарттың жағдайы кеуделеріне сауыт киіп алған екі адамның жағдайына ұқсайды. Жомарт адам – садақа берген сайын үстіндегі сауыты кеңейе береді, ұзарады, тіпті башпайларын да жабады, аяқ іздерін де өшіреді. Ал, сарақ адам – бірнәрсе бергісі келсе, сауыттың алқасы бір-бірінің ішіне кірігіп, оны қысады. Кеңейту үшін қанша тырысса да, ойы іске аспайды» (Бұхари, Жиһад, 89, Зекет, 28; Мүслим, Зекет, 76-77).

170. *Қараңыз: Бұхари, Әдеп, 39; Мүслим, Фадайл, 56.*

«Қолы ашық адам – Аллаһқа, жәннатқа, адамдарға жақын. Ал сараң болса, жәннатқа және адамдарға ұзақ, тозақ отына жақын! Ілімі жоқ жомарт – Аллаһ Тағала құзырында сараң ғибадат етушіден де қайырлы» (Тирмизи, Бирр, 40/1961).

«Жомартты кінәламаңыздар. Өйткені, әр сүрінгенде Аллаһ Тағала оның қолынан ұстап қалады» (Хайсами VI, 282).

Хазірет Әбу Бәкірдің қызы Әсма (радиаллаһуанһа) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған былай дегені жайлы айтып өтеді:

«Дорбаның аузын қыспа. Әйтпесе, Аллаһ та саған қысып (азайтып) береді» (Бұхари, Зекет, 21).

«Қайыр-садақа бер де, мал-дүниеңді санай берме. Аллаһ та саған беріп жатқан нығметтерін санап, азайтып қоймасын. Ақшаны құмырада да сақтама, Аллаһ та сенен сақтап қояды» (Мүслим, Зекет, 88).

Өзгелерді өзінен артық санау, жомарттық, ықылас және де шынайылық кәміл түрде рухани жетілудің бір нәтижесі болып саналмақ. Ішкі жан дүниеміздің тыныштығы мен пәктігін бұзатын нәпсілік байланыстардан ұзақ болу да тек жомарттық пен өзгелерді ойлау арқылы ғана іске аспақ.

Хазірет Мәулана (құддисә сирруһ) «жомарттық» сипатын және «сараңдық» пәлекетін былай деп әдемі түсіндіріп берген:

«Жомарттық – жәннат өсімдігінің бір бұтағы. Осы бұтақты қолынан жіберіп алған адам неткен бақытсыз десеңізші. Егін егетін адам алдымен қойманы босатуы (яғни, ондағы тұқымдарды егіп жіберуі) керек, содан барып жемісі мол болады. Бірақ та, егіннің тұқымын қоймада сақтаған адам ақыр соңында тұқымдарды тышқандарға жегізетін болады».

«Сұлу жандар таза әрі мөлдір айна іздейтіні сияқты жомарттық та кедей, тұрмысы нашар адамдарды керек етеді. Сұлулардың түрі айнада әдемі болып көрінеді. Ал қайыр-садақаның сұлулығы болса – кедей-кепшіктердің арқасында көрініс табады».

«Кедейлік пен мұқтаждықта өмір сүретін жандар тұтінге толған үйге ұқсайды. Сен олардың дерттерімен ортақтасу арқылы сол тұтінді үйге бір саңылау терезе аш, тұтіні кетсін. Сенің де жүрегің жұмсарып, жаның жай тапсын».

Бүгінгі таңда да мүмкіндігінше қайыр-садақа жасауға қатты қажеттілік туып отыр. Мына бір ақиқатты да ұмытпауымыз керек: сол мұқтаж және тұрмысы нашар пенделердің орнында біздің де болуымыз мүмкін еді. Сондықтан да, ауру, жақыны жоқ, мұқтаж әрі аш адамдарға деген жомарттығымыз бен «өзгелерді өзімізден жоғары санау» сипаты – Раббымызға деген шүкіршілік міндетіміз болып саналады. Шын

мәнінде қолымыздағы нығметтерді мұқтаждармен бөлісетін болсақ, сол қуанышқа бөленген көңілдеріміз – дүниеде бақ-береке, ақыретте көмек, ал жәннатта бақытымыз болатыны сөзсіз.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам үшін өзінен не сұралса да беретін еді. Бір жолы құзырына келген адамға бір отар қойды беріп жіберді... Содан соң ол кісі тайпасына барған кезде:

– Уа, халқым! (Жылдам) мұсылман болыңдар. Өйткені, Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – кедейлік пен мұқтаждықтан қорықпастан, көптеген қайыр-садақа жасауда, - деп үн қатты.

Иә, кейбіреулері тек мал-дүниеге ие болу үшін ғана мұсылман болатын еді. Бірақ, көп уақыт өтпестен-ақ мұсылмандық олар үшін дүниеден және дүниедегі барлық нәрселерден де құнды халге келетін (Мүслим, Фадайл, 57-58).

***

Құрайыш мүшриктерінің көсемдерінің бірі Сафуан бин Үмәия мұсылман болмаса да, Хүнәйн және Таиф соғыстарына Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге қатысқан еді.

Жиранә деген жерде жиналған олжаларды айналып жүріп, Сафуанның олжаларға қатты қызығып қарап тұрғанын байқаған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Қатты ұнады ма? - деп сұрады.

– Иә - деп жауап берген соң,

– Ала бер, бәрі сенікі болсын, - деді.

Сол кезде Сафуан қатты қобалжып:

«Пайғамбар жүрегінен өзге ешқандай да жүректің мұншалықты жомарт болуы мүмкін емес!» деп сол арада кәлима айтып, мұсылман болды (Уақиди II, 854-855).

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл кәміл ерекшеліктерді өз бойына сіңірген керемет жан еді. Адамдардың әлсіздіктерін түзету мақсатымен оларға қайыр-садақа беретін, осылайша олардың хидаятқа қол жеткізулеріне үлкен ықпал ететін еді.

***

Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһума) былай деп баяндайды:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамзаттың ішіндегі ең

жомарты еді. Оның жомарттығының ең күшейген кездері Рамазан айында Жәбірейіл аләйһис-сәләммен кездескен уақыттары болатын. Жәбірейіл аләйһис-сәләм Рамазанның әрбір кешінде Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесіп, бір-біріне Құран оқитын. Сондықтан да, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбірейілмен кездескен уақыттарда ешқандай кедергіге душар болмайтын самал желі сияқты өте жомарт болатын» (Бұхари, Бәд-ул Уахи 5, 6, Саум 7; Мүслим, Фадайл, 48, 50).

***

Бірі кісі Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің қарным аш, - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдерінің біріне хабар беріп, жейтін тамақ жіберулерін айтты. Бірақ мүминдердің анасы:

– Сізді Пайғамбар ретінде жіберген Аллаһқа ант етейін, үйде судан басқа ештеңе де жоқ, - деді.

Басқа әйелдерінің де осындай халде екенін білген соң, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларға қарап:

– Кім бүгін түнде бір кісіні қонақ етуді қалайды? - деп сұрады.

Ансарлық бір кісі:

– Мен қонақ етейін, уа, Расуллаллаһ, - деп, кедей кісіні үйіне қарай алып кетті. Үйге барған соң әйеліне:

– Үйде жейтін нәрсе бар ма? - деп сұрады.

– Жоқ, тек балаларымның жейтін нәрсесі ғана бар, - деп жауап берді.

Сонда сахаба:

– Олай болса, балаларға қарайлап тұр. Дастарқан басына келгілері келсе, оларды ұйықтат. Ал қонақ ішке кірген соң шамды сөндір. Біз болсақ, тамақ жеп жатқандай жасаймыз, - деді.

Сөйтіп, олар дастарқан басына отырды. Қонақ кісі қарнын тойдырды, ал үй иелері аш құрсақ күйде ұйықтады.

Таңертең сол сахаба Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барды. Оны көрген Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала бүгін түнде қонаққа жасаған пейілдеріңіз үшін дән риза болды» - деді (Бұхари, Мәнақибул Ансар, 10; Тәфсір, 59/6; Мүслим, Әшрибә, 172).

***

Бибі Айша анамыздан (радиаллаһу анһа) риуаят етілуі бойынша

Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанұясында бір қой сойылған еді. Ел-жұртқа таратылып болған соң Хазірет Расулуллаһ қойдан не қалғанын сұрады.

Хазірет Айша (радиаллаһу анһа):

– Тек күрек сүйегі ғана қалды, - деген кезде Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Олай болса, тек күрек сүйегінен басқасының бәрі біздікі болыпты ғой» - деді (Тирмизи, Қиямет, 33).

Яғни, нағыз байлығымыз – біреулерге берген қайыр-садақаларымыз демекші болды...

***

Бір күні мұқтаж бір кісі Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп, бірнәрселер беруін сұрады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жанымда саған бере алатындай ештеңем жоқ еді. Барып, менің атымнан бірдеме сатып ал, ақшам болғанда өзім төлеймін» - деді. Мырзамыздың басына қиыншылық келуін қаламаған Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулаллаһ! Жаныңызда болса берерсіз, жоқ болса Аллаһ сізге шамаңыз жетпейтін нәрсені әмір етпейді ғой, - деді.

Аллаһтың Елшісінің Хазірет Омардың сөзінен разы болмағаны мүбәрәк жүздерінен белгілі болды. Сол кезде Ансардан болған бір сахаба:

– Әке-шешем сізге пида болсын, уа, Расулаллаһ! Бере беріңіз! Арштың Иесі азайтып қояды деп қорықпаңыз, - деді.

Бұл сахабаның сөзі Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты ұнады да, жымиып тұрып: «Мен де тура осыған әмір етілгенмін» - деді (Хайсами X, 242).

Міне, өнеге боларлық көңіл! Қандай да бір дін бауырының қуанышқа бөленуі – мүмин үшін көңілінің жай табуына себепшісі болуға тиіс!

***

Ұлы табиғиндардың бірі – Абдуллаһ әл-Һәрәуи Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жомарт екенін білетін еді. Бірақ, тағы да жақыннан көз жеткізбекші болды. Бір күні Халәб деген жерде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің азаншысы Біләл Хабашиді кездестірді. Бұл жақсы бір мүмкіндік болды. Дереу Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайлы сұрай бастады:

– Уа, Біләл! Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайыр-

садақа жасауы туралы айтып берші.

Сонда Хазірет Біләл былай деді:

«Аллаһ тарапынан Пайғамбар етіп жіберілген күнінен бастап, өліміне дейін оның көптеген істеріне өкілеттік жасайтынмын. Мәселен, құзырына бір мұсылман келген кезде оның кедей екенін көретін болса, маған білдіретін еді, мен барып қарыз алып, сол адамға жейтін және киетін нәрселер әкелетін едім. Бір күні мұшріктердің біреуі алдымнан шығып:

– Уа, Біләл! Мен баймын, мүмкіншіліктерім мол. Бұдан кейін өзгелерден қарыз сұрап жүрме, міне менен ала бер! - деді.

Мен де солай жасадым. Бір күні енді дәрет алып, азан айтуға дайындалып жатсам, жаңағы мүшрік кісі бір топ саудагерлермен біз жаққа қарай келе жатыр екен. Мені көре салысымен:

– Ей, Хабаши! - деді.

– Не болды? - дедім. Ол мұшрік маған жаман көзбен қарап, түрін өзгертіп, ауыр сөздермен балағаттады да, артынан:

– Айдың басталуына неше күн қалды? - деді. Мен болсам:

– Жақын қалды, - дедім. Ол:

– Төрт-ақ күн қалды. Сол күн келгенде сендегі бүкіл қарыздарымды алатын болайын. Мен ол ақшаларды сенің және ол адамыңның құрметіне берген жоқпын, менің құлым болуың үшін бердім. Яғни, бермейтін болсаң, бұрындары істегенің сияқты қайтадан қойларымды бағатын боласың, - деді.

Мұндай сөздерді естіген соң, әрине қатты ренжідім. Барып, азан шақырдым. Құптан намазын оқып болған соң Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне, жанұясына қайтты. Мен де барып, Аллаһтың Елшісімен кездесуге рұқсат сұрадым. Рұқсат берілген соң ішке кірдім де:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Әке-шешем сізге құрбан болсын! Қарыз алып жүрген анау мұшрік бар ғой, сол былай-былай деді. Сіздің де, менің де төлеуге шамамыз жетпейді. Мені масқара қылады-ау. Маған рұқсат етіңіз, Исламға жаңадан кірген мына бір тайпаларға бас сұғайын. Аллаһ Тағала өз Пайғамбарына ризық беріп, менің орнымда қарыздарымды төлегенге дейін солардың қасында қала тұрайын, - дедім.

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рұқсатымен шығып, үйіме оралдым. Қылышымды, қанжарымды, найзамды және аяқ киімдерімді алып, басымның астына қойдым. Жүзімді көкжиекке қаратып жаттым. Мазасызданып, қайта-қайта ояна бердім. Түннің жартысы ауа әрең ұйықтадым.

Таңертең тағы ерте оянып алыппын. Жылжуға дайындалып жатқанымда сырт жақтан біреудің:

– Біләл! Әй, Біләл! Расулуллаһ сені шақырып жатыр! - дегенін естідім. Сол жаққа қарай жүре бастадым. Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне жетіп келгенімде есігінің аузында үстіне жүк артылған төрт түйе тұр екен. Рұқсат сұрап, ішке кірдім. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Біләл, сүйінші! Аллаһ Тағала қарызыңды төлеуің үшін маған мал-дүние жіберді, - деді.

Мен Аллаһқа мадақтар айттым, шүкіршілік білдірдім. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Есік аузындағы төрт түйені көрмедің бе? - деді. Мен:

– Көрдім, - дедім.

– Олар үстіндегі жүгімен бірге сенікі. Фәдәк бақшасының қожайыны жіберіпті. Ал енді қарыздарыңды төлей бер, - деді.

Мен Аллаһ Елшісінің айтқандарын орындадым. Жүктерді түсірдім, түйелерге жем беріп, таң намазына азан шақыруға кеттім. Расулуллаһ намазды оқытып болған соң мен Бақи мазарына шығып, саусақтарымды құлағыма қойдым да:

– Кімнің Расулуллаһтан қарызы (алатыны) болса келсін, - деп айқайладым. Заттарды сату, нақты ақшаға айналдыру, қарыз орнына есептеу сияқты жолдармен Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл қарыздарын төледім. Былайша айтқанда, Аллаһ Елшісінің жер бетіндегі ешкімге де қарызы қалмаған еді. Біраз ақша артылып та қалды. Кешке қарай мешітке бардым. Қарасам, Аллаһтың Елшісі мешітте жалғыз отыр екен. Барып, сәлем бердім. Сәлеміме жауап берген соң:

– Не болды, не істедің? - деп сұрады. Мен:

– Аллаһ Тағала өз Пайғамбарының бүкіл қарыздарын төледі, мүлде қарызы қалмады, - деп жауап бердім.

– Жақсы, ешнәрсе артылған жоқ па? - деп сұрады. Мен:

– Иә, екі динар артылып қалды, - дедім.

– Олай болса, қанеки, мені сол екі динардан да құтқар» деді. «Оларды да садақа етіп жібер, өйткені ол екі динарды да қолдан шығарып, мені рақатқа бөлемегеніңше үйіме бара алмаймын, - деді.

Алайда, сол екі динарды беретіндей ешкім келмегендіктен Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітте ұзақ уақыт күтіп қалды. Соңында, екі атты адам келді. Оларды базарға алып бар-

дым. Сол екі динарға оларға жейтін және киетін нәрселер алдым.

Расулуллаһ құптан намазын оқытып болған соң, мені қасына шақырып:

– Жаныңдағылар не болды? - деп сұрады. Мен:

– Аллаһ сізді тыныштыққа қауыштырды, - дедім.

Мұндай жауапты естіген Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Аллаһу Әкбар» деп тәкбір айтып жіберді. Сол екі динар ақша өзінде болған кездегі қорқынышынан құтылғаны үшін Аллаһқа шүкіршілік етті. Сосын орнынан тұрды. Мен де артынан ердім. Бүкіл отбасы мүшелеріне бір-бірден кіріп, сәлем берді. Содан кейін ғана тұнейтін бөлмесіне кірді.

– Ей, Абдуллаһ (әл-Һәрәуи), міне сұрағыңның жауабы! - деп сөзін аяқтады Біләл» (Әбу Дәуіт, Хараж, 33-35/3055; ибн Хиббан, Сахих XIV, 262-264).

Демек, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарыз алып болса да, жомарттық жасайтын жан еді! Ал үмбеті болған мына біздер оның осы бір жомарттығына қаншалықты жақындай алудамыз?! Осыны бір ойланып көрелік...

***

Ақындардың бірі Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жомарттығы мен өзгелерді өзінен артық көру ерекшелігінің өте жоғары деңгейде болғанын мына бір сөздермен тамаша бейнелеген:

لَوْ لَمْ يَكُنْ فِي كَفِّهِ غَيْرُ نَفْسِهِ
لَجَادَ بِهَا فَلْيَتَّقِ اللهَ سَائِلُهُ

«Егер қолында жанынан басқа ешнәрсесі болмаса, сұрап тұрған адамға соны да бере салар еді. Сондықтан да, одан бірнәрсе сұрайтын адам Аллаһтан қорықсын әрі ынсаппен сұрасын!»

Келесі бір ақын былай дейді:

مَنْ قَاسَ جَدْوَاكَ يَوْماً بِالسُّحُبِ أَخْطَأَ مَدْحَكَ
اَلسُّحُبُ تُعْطِي وَتَبْكِي وَأَنْتَ تُعْطِي وَتَضْحَكُ

«Күндердің бірінде Сені жомарттықта бұлттармен бірдей деп мақтап жатса, мақтауда қателескен болады. Өйткені, бұлттар берген соң жылайды, ал сен болсаң берген соң – күлесің».

Иә, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің жомарттығы осындай болатын. Ол бар-жоғын Аллаһ жолында қуана-қуана бере ала-

тын еді. Мәулана Халид Бағдади оның жомарттығының қаншалықты жоғары деңгейде болғанын былайша суреттейді:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сондай керемет бір жомарттықтың өнегесі болған. Оның құрметіне тіпті теңіздер інжу-маржан шашады, қатты тастардан жақұт шығады, ал тікендерден гүл шығады. Егер бір бақшада оның көркем мінезі жайында сөз айтылса, қуаныштан аузын ашып күлмейтін, яғни жайқала ашылмайтын бірде-бір гүл қалмас еді».[171]

***

Айша анамыздың (радиаллаһу анһа) мына бір исары (яғни өзінен өзгелерді артық санауы) неткен керемет десеңізші:

Хазірет Омарға (радиаллаһу анһу) қанжар тығылған кезде қан бөгіп, өлім аузында жатқан болатын. Сол уақытта баласы Абдуллаһты шақырып, былай деген еді:

– Мүминдердің анасы Айшаға (радиаллаһу анһа) бар да «Омар саған сәлем айтып жатыр» де. Байқа, «Мүминдердің әміршісі» деп айтушы болма. Міне, бүгіннен бастап мен «Мүминдердің әміршісі» емеспін. Оған «Омар ибн Хаттаб екі досының қасына жерленуі үшін сізден рұқсат сұрап жатыр» де.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) осы оқиға жайында сөзін былай деп жалғастырады:

«Барып, кіруге рұқсат сұрадым, сәлем беріп ішке кірдім. Хазірет Айша (радиаллаһу анһа) жылап отырған еді. Оған:

– Омар сізге сәлем айтып жатыр. Екі досының қасына жерленуі үшін сізден рұқсат сұрап жатыр, - дедім.

Сонда Хазірет Айша анамыз (радиаллаһу анһа):

– Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасындағы бір адамдық орынды өзім үшін ажыратып қойған едім. Бірақ, бүгін мен Омарды өзімнен артық санаймын, - деді. (Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Айша анамыздың бөлмесіне жерленген болатын. Айша анамыз осы бөлмесінде қалған бір адамдық орынға жерленуін, яғни Пайғамбарымыз және өз әкесі Әбу Бәкірмен бір жерде болуды армандаған еді).

Абдуллаһ кері қайтқан соң адамдар Омарға:

– Әне, Абдуллаһ келді, - деп айта бастады. Сонда Хазірет Омар қатты қобалжыған күйі:

171. *Халид Бағдади, Диуан, ауд. Садреддин Юксел, Истанбул 1977, 65-66 беттер.*

– Мені тұрғызыңдар, - деді. Бір кісіге сүйеніп, орнынан тұрды да:

– Маған қандай хабар әкелдің, - деді.

– Арманың орындалды! Бибі Айша (радиаллаһу анһа) рұқсат берді, - деп жауап қаттым. Сол кезде Омар (радиаллаһу анһу):

– Әлхамдулилләһ! Мен үшін бұдан маңызды ештеңе де жоқ еді! Жанымды тапсырған соң, мені сонда апарыңдар. Ол жерге барған соң Хазірет Айшаға қайтадан сәлем беріп, «Омар тағы рұқсат сұрап жатыр» деп айтыңдар. Егер рұқсат беретін болса, ішке алып кірерсіздер. Ал рұқсат бермейтін болса, мені мұсылмандардың басқа мазарына алып барыңыздар, - деді...

Қайтыс болған соң оның денесін алып, Хазірет Айшаның (радиаллаһу анһа) бөлмесіне дейін алып келді. Абдуллаһ тағы да сәлем беріп:

– Омар кіруге рұқсат сұрап жатыр, - деді. Құрметті анамыз (радиаллаһу анһа):

– Ішке кіргізе беріңіздер, - деді.

Дереу ішке кіргізілді. Екі құрметті досының қасына жерленді (Бұхари, Асхабун Нәби 8, Жәнайз 96, Жиһад 174, Тәфсір 59/5, Ахкам 43).

Хазірет Айша анамыздың (радиаллаһу анһа) осы үлкен исарын (яғни, өзінен өзгелерді артық санауын) және Хазірет Омардың әдебін, нәзіктігі мен сезімталдығын сөзбен бейнелеп жеткізу әсте қиын-ақ!

***

Зәйнәб бинт Жахш анамыз (радиаллаһу анһа) он саусағынан өнер тамған өте шебер әйел болатын. Жұмыс істеп, тапқан табысын көбінесе Аллаһ жолында жұмсаушы еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отбасы мүшелеріне:

«Сіздердің маған ең тез және ертерек қауышатыныңыз – қолы ең ұзыныңыз» деген еді. Осы жайында Хазірет Айша (радиаллаһу анһа) былай деп айтады:

«Біз Пайғамбарға деген сағынышымыз бен сүйіспеншілігіміздің арқасында қолдарымызды жарыстыра өлшеп, қайсымыздың Расулуллаһқа ертерек қауышатынымызды білгіміз келетін. Ал негізінде, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «қолы ұзын» деп меңзегені – Зәйнәб екен. Өйткені ол қол еңбегімен айналысып, өте көп қайыр-садақа жасайтын» (Мүслим, Фәдайлус-Сахаба, 101).

***

Хижреттен кейін әрбір мұхажир отбасын Мәдиналық бір отбасы өз қасына алды. Осылайша, араларында бауырмалдық келісімі орын алған сахабалар бірге жұмыс істеп, түскен пайданы тең бөлісетін болды.

Мәдиналық Ансар сахабалар көптеген жерлерді Расулуллаһқа тарту етті. Ал Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аталған жерлерді сахабаларға үлестіріп берді. Ансар осыншама жомарттығымен де шектелмей, оның үстіне мынадай бір ұсынысты да білдірді:

– Уа, Расулаллаһ! Мына құрма бақшаларымызды да мұхажир бауырларымызға бөліп беріңіз.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл ұсынысты қабыл алмаған соң, жомарттық танытқысы келген Мәдиналық сахабалар мұхажирлердің өздеріне барып:

«Олай болса, ағаштарымызды суғару, оларға қарайлауды сіздерге тапсырамыз, жемісті жинағанда теңдей бөлісеміз» деген ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс Пайғамбарымыз тарапынан мақұлданған соң, екі жақ та:

«Естідік және мойынсұндық!» деп ұсынысты қабыл алды (Бұхари, Харс, 5).

Шынында да, кедейшілік жайлап келе жатқан бүгінгі таңда осындай таптырмас қасиеттерге мұқтажбыз-ақ!..

***

Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезінде мұхажирлер:

– Уа, Расулаллаһ! Осы жердің халқындай (яғни мәдиналықтардай) жомарт және қолы ашық адамдарды көрмедік. Мал-дүниесі көп адамдар байлықтарын молынан беруде, ал аздары болса қолынан келгенше тырысып көмектесуде. Барлық қиыншылықтарымызда бізге қол ұшын беріп жатыр. Мал-дүниелеріне де бізді серік қылуда. Сондықтан да біз «Мәдиналықтар барлық сауапты алып қоя ма?» деп қорқудамыз» - деді.

Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жоқ. Олар үшін Аллаһқа дұға ететін болсаңыздар, сондай-ақ жасаған әрекеттері үшін оларды мақтайтын (рақмет айтатын) болсаңыздар, сіздер де дәл сондай (сауапқа кенелесіздер)» деп жауап берді (Тирмизи, Қиямет, 44/2487).

***

Жабир (радиаллаһу анһу) ансар сахабалардың мұхажир бауырларына деген жомарттығы мен исарларын (өздерінен өзгелерді артық санауларын) мына бір мысал арқылы керемет түсіндіреді:

«Ансар сахабалар құрмаларды жинаған кезде оларды екіге ажырататын, бір жағына көп, екінші жағына аздау құрма қоятын. Кейінірек, құрмасы аз жаққа құрма бұтақтарын салып, көп сияқты етіп көрсетіп қоятын. Мұхажирлерге беретін кезде: «Қай жақтағысын таңдайсыз, ала

беріңіздер» дейтін еді. Сол кезде мұхажирлер де «Көп жағы Ансарлардікі болсын» деп, аз көрінген жағын алатын. Ал негізінде, оларға құрмасы көп жағы түсетін еді. Ансар осылайша аз құрманы өздеріне алып, көбін оларға беретін...» (Хайсами X, 40).

Олар бір-бірлерін соншалықты қатты ойлайтын еді.

***

Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәни Надырдан алынған олжаларды мұхажирлерге таратып беріп, ансардан да мұқтаж болған үш адамға береді. Кейін ансарға:

«Қаласаңдар, бұрын мұхажирлерге бергендеріңіз оларда қалсын, ал сіздер мына бүгінгі олжалардан алыңыздар. Қаласаңыз, бергендіріңізді кері қайтарып алыңыздар да, бұл олжалардың барлығын соларға қалдырыңдар» деді.

Сол кезде ансар сахабалар (радиаллаһу анһум) өздерінен мұхажирлерді артық санай отырып, шын жүректерінен былай деп жауап қатты:

– Уа, Расулаллаһ! Мұхажир бауырларымызға мал-дүниеміздің де, үйлеріміздің бөліп береміз. Әрі оларға олжалардың да барлығын береміз.

Осы уақытта шын жүректен, адал ниетпен берілген садақа пенденің құтылуына себеп болатындығын сүйіншілеген мына бір аят түсті:

«Мұхажирлерден алдын (Мәдинаға) **орналасқан, иманға қол жеткізген Ансар өздері жаққа көшіп келгендерді жақсы көреді. Оларға берілген нәрселерден іштерінде ешқандай көре алмаушылық, мазасыздану сезінбейді. Өздері мұқтаж болса да, мүмин бауырларын өздерінен артық көреді. Кім нәпсінің сараңдығынан құтылатын болса – міне сол шын мәнінде құтылуға қол жеткізген болады»** (Хашр сүресі, 9-аят); (Рази XXIX, 250; Құртуби XVIII, 25)**.**

Осы аяттан қорытынды шығаратын болсақ, әрбір мұсылманның көңілі Ансардікі сияқты садақа берген сайын рақатқа бөленуі, азайып қалады деген қорқыныштан ұзақ болуы керек.

***

Күндердің бірінде Хазірет Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бахрейн жерін сахабаларына таратып беру үшін алдымен Ансар сахабаларды шақырады. Сол кезде Ансар өте жомарт әрі кеңпейілділікпен:

– Уа, Расулаллаһ! Мұхажир бауырларымызға тағы осынша бермейінше, бізге ештеңе де бермеңіз, - дейді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, Ансар! Мейлі, егер сіздер (мүмин бауырларыңызды өздеріңізден артық санап) жерді алуды қаламайтын болсаңдар, онда Кәусәр аузының

қасында маған қауышқанға дейін (дүние сынақтарына) сабыр етіңдер! Бұлай дейтінім, менен кейін жақында сіздерге «өзгелерді артық санайтындай» уақыт келеді» деді (Бұхари, Мәнақибул Ансар, 8).

***

Хазірет Айша (радиаллаһу анһа) анамыздан ораза ұстаған күндерінің бірінде бір қайыршы келіп, тамақ беруін сұрады. Айшаның (радиаллаһу анһа) үйінде бір үзім наннан басқа ешнәрсесі жоқ еді. Қызметшісіне:

– Нанды оған бер, - деді. Ал қызметші болса:

– Кешке ауызашарға бұдан басқа ештеңе жоқ қой, - деп жауап берді.

– Сен бере бер, - деді Айша анамыз (радиаллаһу анһа).

Қызметші болған оқиғаны былай деп өрбітеді:

Хазірет Айшаның бұйырғанындай нанды оған бердім. Сөйтіп, кеш батқан соң біреу қойдың бір бөлік піскен етін жіберіпті. Хазірет Айша (радиаллаһу анһа) мені шақырып:

«Ал, жей ғой. Бұл сенің наныңнан да дәмдірек» - деді (Муатта, Садақа, 5).

Құранның бір аятында: **«...Садақаларды Аллаһ алады...»** делінген (Тәубе сүресі, 104-аят)**.**

Әрине, Аллаһ Тағала пендесінің шын ықыласына, жүрегіне қарай ризық-несібе беретініне әсте күмән жоқ.

***

Сахабалардың біріне бір қойдың басы тарту етілген еді. Ол болса: «Пәлен бауырымның отбасы бізден де мұқтаж ғой» деген оймен қойдың басын бауырының үйіне жібереді. Ол кісі де дәл сондай оймен басқа бір бауырына жібереді... Осылайша, қойдың басы тура жеті үйді айналып, ақыр-соңында қайтадан алғашқы кісіге қайтіп келген екен (Хаким II, 526).

***

Хұзайфа әл-Адәуи риуаят еткен мына бір оқиға сахабалардың қаншалықты жомарт екенін және соңғы демдерінде де өздерінен гөрі өзгелерді ойлайтындығы тұрғысынан назар аударарлық:

«Ярмүк шайқасында едік. Соғыстың қызған шағы, оқ пен найзадан жарақаттанған мұсылмандар құлаған жерлерінде жан тапсыра бастаған еді. Мен де әрең дегенде өз-өзіме келіп, немере ағамның ұлын іздей бастадым. Соңғы демдерін алып жатқан жаралылардың арасында біраз айналған соң, соңында іздегенімді таптым. Бірақ амал қанша, бейне бір қан көлшігінде жатқан немере ағамның ұлы көзімен әрең қинала ымдап жатқан еді. Алдын дайындап қойған су месін көрсетіп:

«Су ішесің бе?» деп сұрадым. Әрине, су ішкісі келіп тұрған еді. Өйткені,

еріндері ыстықтан күйіп кеткен болатын. Бірақ жауап беретіндей халде емес. Көздерімен ымдап, өзінің нашар халде жатқандығын түсіндіріп тұрғандай еді.

Местің ауызын ашып, енді су берейін дегенімде сәл арыдан бір жаралының «Ah-ah» деген дауысы естілді. Немере ағамның ұлы бұл дауысты ести салысымен ымдап, суды соған апаруымды қалады.

Қызып тұрған құмның үстімен жүгіріп өтіп оған жеттім. Қарасам, Хишам бин Ас екен. Оған «Су ішесің бе?» дедім. Ол кісі көздерімен «Иә» дегендей болды. Енді судан ішпекші болғанда, сәл арыдан басқа біреудің «Ah, ah» деген дауысы естілді. Хишам суды соған апаруымды қалады. Сөйтіп, арғы кісіге барсам, жан тапсырып, шейіт болған екен. Дереу Хишамның қасына қайтадан оралдым. Местi берейін деп бір қарасам, ол да шейіт болыпты. Ең болмағанда, немере ағамның ұлына үлгерейін деп, жанына жүгіре жетіп бардым. Алайда, ол да оттай қызып тұрған құмның үстінде қиналып, жан тапсырған екен... Қолымдағы мес толы күйінде, үш шейіттің ортасында қала берді.[172]

Хұзайфа (радиаллаһу анһу) сол сәттегі жағдайын былайша тілге тиек етеді:

«Өмірімде көптеген оқиғаларға тап болдым. Бірақ та, ешқайсысы мені мұншалықты әсерлендірмеген еді. Араларында ешқандай туыстық байланыс болмаса да, бұлардың бір-бірлерін осыншама «артық санауы», қамқорлықтары, бір-бірлеріне жандарын да пида етуге дайын екендіктері (тіпті, соңғы демдерін де өмірде ғұмыр кешіп жатқандай ізгілікпен өткізулері және «Тек мұсылман халде ғана өліңіздер»[173] деген аятты ұстана отырып дүниеден өтулері) – кісі қызығарлық зор имани көрініс ретінде жадымда мәңгіге сақталып қалды...»

***

Сопылыққа қарсы адамдардың ішінде ең танымалы Ғұлам Халил барлық сопыларға қарсы өшпенділік әрекеттер істеп жүретін. Сол уақыттарда бір топ сопыларды ұстатып, халифалық орталығына әкеледі. Олардың арасында Әбул Хусейн ән-Нури да бар еді. Ол кездері билік басында Аббасилер болатын, солардың үкімімен барлығын өлім жазасына кеседі. Сөйтіп, жендет сопылардың біреуін басын шабайын деп жатқанда Әбул Хусейн ән-Нури жымиған күйі алға шыға келеді. Жұрт әрине бұған қатты таң қалады. Сонда жендет:

«Ей, батырсымақ неме! Сен алға шығып келесің бірақ та, бұл қылыш жақсы көруге тұрарлық нәрсе емес. Әлі саған кезек келмеді, несіне

172. Қараңыз: Құртуби XVII, 28; Зәйлағи, Насбур Рая II, 318; Хаким III, 270/5058.
173. Қараңыз: Әли Имран сүресі, 102-аят

соншалықты асығасың?» - деді. Сол кезде Әбул Хусейн (құддисә сирруһ):

«Менің жолым – исар жолы! (Өзгелерді өзімнен жоғары санау жолы). Ең құнды да, қымбат нәрсе бұл – өмір. Осы біраз ғана дем алатын уақытымды достарымның сәл де болса өмір сүрулері үшін пида етпекшімін. Негізінде, бұл дүниедегі бір сәт дем алатын уақыт біздер үшін ақыреттегі мың жылдан да қайырлы. Өйткені, бұл жер – қызмет ететін жер, ол жақ болса – құрбат (Аллаһқа жақын болу) мекені. Ал құрбатқа қызметтің арқасында қол жеткізіледі. Осыған қарамастан, осы бірнеше сәт тыныс алатын демімді де достарыма пида етемін» деді.[174]

***

Осман Ғази қайтыс болған соң мұсылман бауырлар мен ел көсемдері тарапынан мақұлданған әрі шын мәнінде таққа отыруы тиіс Аладдин мырза бауыры Орхан мырзаны өзінен артық санап, былай деген еді:

«Бауырым! Атамыздың дұғасы және ақ батасы сенімен. Ол көзі тірі кезінде әскердің қолбасшылығын саған табыстап еді. Сондықтан да, елді билеу ісі – саған лайықты іс!»

Осындай керемет исар және кеңпейілділік танытқан Аладдин мырза бауырының қамқоршысы және уәзірі болуды өзіне қанағат тұтқан.[175]

***

2005 жылы 8 қазанда Пәкістанда қатты жер сілкінісі болды. Жетпіс мыңнан астам адам қайтыс болды. Тірі қалғандар да аштық пен жоқшылыққа тап болды. Сол уақыттарда Түркиялық бір азамат 24 қарашада мына бір хатты жазып, дүниесінің жартысын мұсылман бауырларына қайыр-садақа етіп берді. Әрі «өзінен өзгелерді артық санау, яғни исардың» керемет үлгісін көрсететін төмендегі хатты жолдады:

«Мен кедей бір отбасының баласымын. Әкем жоқ, анам науқас. Нанға деген екі лира ақшамыз бар еді, осы ақшаның жартысын ғана сіздерге жіберіп жатырмын. Өйткені, мен бүгін қоқыстардың арасынан нан тауып алдым. Кешке аузымызды сонымен ашамыз. Осы жіберіліп жатқан ақшаға жер сілкіністе зардап шеккен балаларға нан алыңыздар. Бұл ақша – халал. Пошта қызметіне де біраз ақша төлейтін болғандықтан, сіздерге ақшамның барлығын жібере алмадым. Бұл үшін кешірім сұраймын...»[176]

Неткен шынайы жомарттық, неткен исар, неткен кеңпейілділік

---

174. Хужуири, Кәшфул Махжуб, ауд. Сүлеймен Улудағ, Истанбул 1996, 302-бет.
175. Зия Нур Аксун, Османлы тарихы, Истанбул 1994, I, 36.
176. http://www.presidentofpakistan.gov.pk/NewsEventImagePopUp.aspx?ImageID=129. (28.12. 2005)

десеңізші!.. Пайғамбарымыздың дәуірінен қалған және сол дәуірден есіп тұрған бейне бір таңғы самал жел сияқты...

***

Қорыта айтқанда, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) баршылықта да, жоқшылықта да жомарттықтың тамаша үлгісі бола білді. Ол сахабаларының кедейлігіне немесе байлығына қарамай, жомарт болуға және көп қайыр-садақа беру керектігі жайлы насихат айтатын. Хадистерінің бірінде жомарттық арқылы мал-дүниенің азаймайтындығын білдіріп, былай деген еді:

«Әрбір атқан таңда екі періште былай деп дауыстайды: Уа, адамдар! Раббыңыздың мейіріміне келіңіз. Аз болып, жеткілікті болған ризық – көп болып жолдан тайдыратын байлықтан жақсы». Осы үндеуді адамдар мен жындардан бөлек бүкіл жаратылыстар естиді.

Әрбір батқан күнде екі періште өз орындарын алып, адамдар мен жындардан басқа жаратылыстар естітіндей етіп: «Аллаһым! Қайыр-садақа жасайтындарға береке бер де, жасамайтындардың берекесін кетір» деп дұға жасайды» (Ахмед V, 197).

Олай болса, көңілімізді жомарттық пен исар сезімдеріне толтырып, Хақ Тағаланың берген нығметтерін және дүние сауда-саттығын ақырет байлығына айналдыра білуіміз керек! Бұл тұрғыдан алғанда, мал-мүліктің қайырлысы – иесінен бұрын ақыретке жіберіліп қойғаны, ал жанның қайырлысы – Аллаһ разылығын табу үшін ұмтылатыны.

13. ҚАНАҒАТ ЖӘНЕ ИСТИҒНА

Қанағат – Аллаһтың жазған тағдырына разы болу, азға сабыр ету, яғни өз мүқтаждықтарын өтей алатындай заттай мүмкіндікке ие болып, өзгелердің қолындағы нәрсеге көз тікпеу арқылы нәпсі құмарлықты жою деген сөз.

Дүниеге сынақ үшін келген адам баласы өзінің жаратылыс мақсатын ұмытып және ризық табам деп жүріп, барлық мүмкіндіктерін дүние-мүлік табуға жұмсамауы тиіс. Ұлы Аллаһ Тағала берген мал-мүліктер мен мүмкіндіктерді ақыреттік азық жинау үшін пайдалану керек. Өйткені, Аллаһ Тағала барлық жаратылыстардың ризығын өз міндетіне алған, сонымен қатар пенделердің қанағат етіп, өзгелердің мал-мүлкіне көз тікпеулерін қалаған. Бұл жайында Құран аяттарында былай делінген:

«Жер бетіндегі әрбір жаратылыстың ризығын Аллаһ береді…» (Һуд сүресі, 6-аят)**.**

«Ол жерде әрі сіздер үшін, әрі ризықтары сіздерге қатысты болмағандар үшін (қажетті) **тіршілік көздерін жараттық»** (Хижр сүресі, 20-аят)**.**

«Қаншама жаратылыстар бар, ризықтарын өздері таси алмайды (қамтамасыз ете алмайды)**. Алайда, оларды да, сіздерді де ризықтандырушы – Аллаһ. Ол барлық нәрсені шын мәнінде естиді әрі біледі»** (Анкәбут сүресі, 60-аят)**.**

«Ризықты Аллаһ құзырында іздеңдер!..» (Анкәбут сүресі, 17-аят)**.**

«Күмәнсіз бұл – біз берген ризық. Ол бітіп, таусылып қалмайды» (Сад сүресі, 54-аят)**.**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қанағатшыл адамдарды былай деп мақтаған:

«Мұсылман болып, өзіне жеткілікті ризық берілген және де Аллаһтың берген нығметтеріне қанағат ететін кісі – күмәнсіз құтылған болады!» (Мүслим, Зекет, 125).

Тағы да Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһым! Мұхаммед отбасының ризығын тек мұқтаждықтарын өтей алатындай қылғайсың» деп дұға ететін (Мүслим, Зекет, 126).

Қанағатсыз адам бай болған күннің өзінде де кедей-кепшіктерден де көбірек қиыншылық көріп, тауқымет тартады. Себебі ол қаншама дүниемүлік тапса да, тоймайды, үнемі тағы да көбірек болғанын қалайды. Қанағаттан жұрдай адамдардың осы бір жағдайын Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былайша суреттейді:

«Адамзат баласының бір ойпат толы алтыны болса, тағы бір ойпат алтыны болуын қалайды. Оның көздерін топырақтан басқа ештеңе толтыра алмайды. Бірақ Аллаһ – тәубе етушілердің тәубесін қабыл етеді» (Бұхари, Риқақ, 10; Мүслим, Зекет, 116-119).

Демек, біз қанағатсыздық күнәсынан тәубе етуіміз керек. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұндай жағдайдағы адамдарға төмендегідей кеңес берген:

«Сіздерден біреуіңіз мал-мүлік пен жаратылыс тұрғысынан өзінен жоғарылау біреуге қараған кезде, өзінен төмендеулерге де назар аударсын (Сонда, өзінің жағдайына шүкір ететін болады)» (Бұхари, Риқақ, 30).

Лұқман Хаким (Ұлықпан Хакім) де баласына мынадай насихат айтқан:

«Балақайым! Көңіліңді уайым-қайғылармен толтырма. Ашкөздіктен сақтан. Тағдырға разы бол. Аллаһ тарапынан берілген нәрселерге қанағат

ет, сонда ғана өмірің жақсарады, көңілің қуанышқа бөленеді әрі өмірден ләззат ала бастайсың».

Дегенмен, қанағатты қате түсініп, Ислам діні еңбектенуді тәрк етіп, жалқау болуды және адамдарға мұқтаж халге түсуді уағыздайды деген ойдан аулақ болуымыз керек. Өйткені қанағат – әрі жүрек арқылы, әрі ахлақ арқылы жүзеге асады. Мұсылман кісі адал жолмен ақша тауып, заттық тұрғыдан құлшылығын орындап және мұқтаж жандарға да қол ұшын беруі тиіс.

Қанағат сияқты көркем қасиеттердің бірі – истиғна (яғни, өзгеге мұқтаж болмау, біреуден дәметпеу). Истиғна – көзі тоқ болу, көңілі, ішкі жан дүниесі бай болу, Аллаһтың бергендеріне қанағат етіп, адамдардан ештеңе дәметпеу, біреудің мал-мүлкіне көз тікпеу және мұқтаждықтарын өзгелерге айтып арызданбау деген сөз.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Жәбірейіл маған келіп, былай деп айтты: «Уа, Мұхаммед*! Қалағаныңша өмір сүр, (соңында) бәрібір өлесің! Қалағаныңды жақсы көр, соңында бәрібір айырыласың! Қалаған нәрсеңмен амал ет, соңында осыған сай сыбағаңды аласың! Алайда, мынаны жақсылап біліп ал: мүминнің абыройы – түнгі намаздарды оқуында, ал құрметі – адамдарға мұқтаждық танытпай, өмір сүруінде!»* (Хаким IV, 360-361/7921).

Истиғна (біреудің байлығына көз тікпеу) – қарапайым пенделік сипаттардан арылып, шынайы кемелденген ізгі жандардың сипаты болып саналады. Көңіл байлығымен қолда барға қанағат ету және бұдан да көбіне, басқалардың қолындағыларға қарап қалмау деген сөз. Сондай-ақ, Истиғна «Қанағат түгеп-таусылмайтын қазына» (Дәйләми III, 236/4699) деген хадис бойынша жүректің Хақ Тағалаға жақын болуының нәтижесінде рухани тұрғыдан жетіліп, рақатқа бөленуі. Шынында да, басқалардың дүниесіне көз тікпей, қанағат ету арқылы кәмілдікке жеткен жүрек – дүниелік уайымдар мен қорқыныштардан құтылған болады. Рух (жан) шексіздікті түсініп жетеді, осылайша мүмин пендеде өткінші рахаттардың тартымдылығы таусылады. Аллаһ Тағала ол пендесін өзінің «Әл-Муғни» деген қасиетті есімімен Өзінен басқа ешнәрсеге де мұқтаж қылмайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген:

«Кімде-кім мұқтаж жағдайға душар болып, мұны адамдарға жеткізсе, мұқтаждығы мүлде шешілмейді. Ал кімде-кім мұқтаждығын Аллаһқа жеткізетін болса, Аллаһ Тағала сол мезетте немесе сәл кейінірек ол пендеге ризық беруі мүмкін» (Тирмизи, Зүһд, 18/2326; Әбу Дәуд, Зекет, 28/1645).

Истиғна (яғни, біреудің байлығына көз тікпеу) – тек мал-дәулет пен байлыққа қана қатысты емес. Пендені Раббысынан ғапыл қалдыратын,

ойын өзге жаққа бұратын барлық заттар мен іс-әрекеттерден де жүректі сақтау керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Қанағатпен ең көркем түрде өмір сүрген Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына жиі-жиі «ешкімнен ешнәрсе сұрамауларын» айтып, уәделерін алған болатын. Осы жайында Сәубан (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бір жолы Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кімде-кім маған ел-жұрттан ешнәрсе сұрамайтындығы туралы уәде берсе, мен оған жәннатты уәде етемін» - деді. Сонда мен:

«Сөз беремін» дедім.

Хадисті риуаят еткен сахаба Сәубанның (радиаллаһу анһу) осы оқиғадан кейін өмір бойы ешкімнен ешнәрсе сұрамағандығы айтылады (Әбу Дәуіт, Зекет, 27/1643).

Жоғарыдағы хадис-шәрифте пенделерге мұқтаж болмаудың ерекшелігі туралы айтылуда. Хазірет Мағруф Кәрһи Исламның негізі және рухы болып саналатын тасаууфтың қанағат және истиғнаға (жұртқа мұқтаж болмауға) аса зор мән беруін түсіндіру мақсатында былай деген:

«Тасаууф – ақиқаттарды алып, адамдардағы нәрселерге көз тікпеу деген сөз».

***

Ауф бин Малик (радиаллаһу анһу) айтып берген мына бір оқиға Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қанағат және истиғнаны өз сахабаларына қаншалықты жоғары деңгейде үйреткендігі тұрғысынан өте маңызды:

«Біз жеті-сегіз кісі болып Расулуллаһтың жанында отырған едік. Бізге:

– Аллаһтың Елшісіне байғат (келісім) беруді қаламайсыздар ма? - деді. Ал негізінде біз енді ғана байғат беріп болған едік.

– Уа, Расулаллаһ! Біз сізге байғат беріп қойдық емес пе?» дедік.

Қайтадан:

– Аллаһтың Елшісіне байғат беруді қаламайсыздар ма?» - деді. Біз де қайтадан:

– Уа, Расулаллаһ! Біз сізге байғат беріп қойдық қой, - дедік. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтадан:

– Аллаһтың Елшісіне байғат беруді қаламайсыздар ма? - деді. Бұл жолы біз байғат беру үшін оған қолымызды созып:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз сізге алдында байғат етіп едік, ал енді не мәселе бойынша байғат етейік? - деп сұрадық. Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік етіп қоспауыңыз туралы, бес уақыт намаз оқу, итағат ету және (дауысын бәсеңдетіп) ешкімнен ештеңе сұрамау туралы байғат беріңіздер» - деді.

Ант етіп айтайын, осы тобымыздағы кейбіреулерді көретін едім, (ат үстінде болған кезде) қамшысы жерге түсіп кететін болса, оны алып беруін ешкімнен сұрамайтын еді (Мүслим, Зекет, 108).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің сөзін үш рет қайталауы және сөйлесу кезінде дауысын бәсеңдетуі – дінді жеткізудегі уағыз бен насихаттың маңыздылығын білдіруде.

***

Хазірет Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) қолынан аттың тізгіні түсіп кететін болса, дереу атын тоқтатып, өзі алатын еді. Қасындағылар:

– Бізге айтқаныңызда, алып беретін едік қой, - десе, оларға былай деп жауап беретін:

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған адамдардан ешнәрсе сұрамауымды әмір еткен» (Ахмед I, 11).

***

Амр бин Тағлиб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыс олжалары (немесе тұтқындар) алып келінген еді. Ол бұларды кейбіреулерге таратып беріп, кейбіреулерге бермеген болатын. Осы олжалардан үлес алмаған кейбіреулердің әртүрлі сөздер айтқандарынан хабардар болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһқа мақтау мен шүкіршілік айтып, артынан сөзін былай деп жалғастырды:

«Аллаһқа ант етейін, иә мен олжаларды кейбіреулерге беріп жатырмын, ал кейбіреулерге беріп жатқан жоқпын. Негізінде олжа бермегендерім бергендерімнен гөрі маған сүйкімдірек болуы да мүмкін. Мен кейбіреулердің жүрегінде сабырсыздық пен дәмету сезімдерін байқағаным үшін беремін. Ал, кейбіреулерді Аллаһтың өзі жүректеріне ұялатқан қанағат пен ізгіліктерді дарытқан. Амр бин Тағлиб де осындайлардың бірі».

Амр бин Тағлиб айтады:

«Аллаһтың атымен ант етейін! Хазірет Расулуллаһтың мен жай-

ында айтқан осы бір сөзі мен үшін бүкіл дүниенің орнын басады!» (Бұхари, Жұма 29, Хумус 19, Таухид 49).

***

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кей уақыттарда маған соғысқа қатысқаным үшін сыйлықтар беріп тұратын. Мен оған:

– Бұларды менен гөрі кедейлеу біреуге берсеңіз, - дейтін едім. Сол кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сен мұны ал. Көз тікпестен, өзің қаламасаң да берілген малды алсаң болады. Өзіңе жұмса немесе біреулерге қайыр-садақа етіп жібер. Алайда, мұндай болмаса (өзің құмарлық танытып) дүниенің соңына түспе» деп насихат етті (Бұхари, Зекет, 51).

***

Пайғамбарымызды көруге келген Бәни Тұжиб тайпасы елдеріне қайтайын деген уақытта Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұларға басқаларға бергенінен көбірек етіп сыйлық берді де, артынан:

– Сіздердің араларыңызда сыйлық алмағандар қалды ма? - деп сұрады.

– Иә, арамыздағы ең кішімізді көліктерімізге қарайлап тұруы үшін қалдырып кеткен едік, сол қалды, - десті. Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Оны да маған жіберіңдер, - деді.

Олар көліктерінің қасына барғанда әлгі жас жігітке:

– Пайғамбардың алдына барып, сыйлығыңды ал. Біз алып, қоштасып келе жатырмыз, - деді. Сөйтіп, жас жігіт Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанына келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Мен Әбза ұлдарының бірімін. Біраз бұрын қасыңызға келіп, сізден сыйлық алған жамағаттан боламын. Менің сұранысымды да орындайсыз ба? - деді. Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сенің қалауың не? - деп сұрады. Сонда жас жігіт:

– Уа, Расулаллаһ! Менің қалауым достарымдікі сияқты емес... Менің сізден өтінерім Аллаһқа мені кешіруі үшін дұға етуіңізді, маған мейірім етуін сұрауыңызды және де байлықты заттай емес, жүрегіме (жан дүниеме) ұялатуы үшін дұға жасауыңызды сұранамын, - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, Аллаһым! Оны кешір және мейіріміңе бөле. Ал жүрегіне байлық бере

гөр» - деп дұға етіп, артынша оған да өзгелерге берілген сыйлықтардан берілуін бұйырды.

Осылайша, Бәни Тұжиб тайпасы елдеріне қайтты. Арадан бір жылдай уақыт өтіп, сол топтың кейбір адамдары қажылық кезінде Мина деген жерде Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесіп қалады. Олар:

– Біз Әбза ұлдарымыз, - деп өздерін таныстырады. Өзіндей теңдесі жоқ тұлға болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олармен амандасып:

«Өткен жылы сіздермен бірге менің алдыма келген жігіт не істеп жатыр?» деп сұрайды.

Олар: «Уа, Расулаллаһ! Ұлы Аллаһтың берген ризықтарына ол жігіттен артық қанағат ететін ешкімді көрмедік. Егер бүкіл адамзат дүниені өз араларында бөлісіп алатын болса да, ол жігіт еш мән бермейтін шығар, - деп жауап берді. Осы айтылған сөздерді қуана тыңдаған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһқа мақтаулар мен шүкіршілік айтып, сол жігіт үшін тағы да игі ниеттер білдірді.

Сол жігіт өз іс-әрекеттерімен қауымының арасында өте ерекше тұлғаға айналды. Дүниеге еш мән бермейтін әрі Аллаһтың берген ризығына ең көп қанағат ететін пенде ретінде ғұмыр кешті. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден озып, Йемендік кейбір мұсылмандар да діннен қайта бастаған уақытта сол жігіт оларға Аллаһты және Исламды уағыздаумен айналысты. Соның арқасында қауымынан бірде-бір адам «мүртәд» болып, Исламнан шығып кетпеді. Уақыт өте келе, Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сол жігітті іздестіріп, хал-жағдайын сұрады, сондай-ақ сол аймақтың әкіміне хат жазып, оған жақсы қарым-қатынас жасауын өсиет етті (Ибн Қайюм III, 650-652; ибн Сағд I, 323).

***

Меккеден Мәдинаға хижрет жасаған мұхажирлер мен ансар сахабалар арасындағы бауырмашылдық келісімін тарихта мүлде кездеспеген теңдессіз оқиға деуге тұрарлық еді. Яғни, ансар сахабалар бүткіл дүниелерін ортаға қойып, көшіп келген мұхажир бауырларымен тең бөлісуге дайын тұрды. Бұған қоса, көңілдері қанағат қазынасына айналған сол мұхажирлер де олардың малына көз тікпей, олар керісінше:

«Мал-дүниең өзіңе құт бола берсін, бауырым! Сен маған базардың жолын көрсетсең болды» дейтіндей өте кәміл жандар еді (Бұхари, Буюғ, 1).

***

Күндердің бірінде Пайғамбарымыздың жанына Мәдиналық мұсылмандардан бір кедей адам келді де, қайыр-садақа сұрады. Аллаһ

елшісі оған:

– Сенің үйіңде еш артық зат жоқ па? - деді. Ол кісі:

– Бар. Жарты бөлігін астымызға төсеп, жарты бөлігімен үстімізді жабатын бір жамылғымыз және бір су ыдысымыз бар, - деп жауап берді.

Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Оларды маған әкел, - деді.

Ол кісі жамылғы мен су ыдысын алып келді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды алып, қасындағыларға бұрылып:

– Буларды кім сатып алады? - деп сұрады. Сахабалардың біреуі алатынын және бұл үшін бір дирхам беретінін айтты. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Қосатын адам жоқ па? - деп бірнеше рет қайталады. Сөйтіп, екі дирхам берейін деген сахабаға оларды сатты. Ақшаны кедей сахабаға беріп:

– Мұның бір дирхамына отбасыңа тамақ ал. Ал, қалған бір дирхамына бір балта сатып ал да, маған әкел, - деді.

Ол кісінің әкелген балтасын Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз мүбәрәк қолдарымен саптады. Сосын ол кісіге былай деді:

«Кәне енді бар да, осымен отын кесіп, сат. Он бес күн еңбектен де, кейін қасыма кел».

Сөйтіп кедей адам он бес күн жұмыс істеп, Расулуллаһтың жанына келді. Он дирхам тауып, ол ақшаға отбасына киім мен азық-түлік алған еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған қатты қуанды да:

«Қайыршылықтың қиямет күні жүзіңде дақ сияқты тұруынан гөрі осылай болғаны – сен үшін қайырлы...» деді (Әбу Дәуіт, Зекет, 26/1641; ибн Мәжә, Тижарат, 25).

Демек, мұсылман адам – қандай да бір бауырының мамандық иесі болуына ат салысуы, оның ерекшелігін ұғынуы керек. Ал кедейлеу мұсылмандар болса, адамдардың қолындағы нәрсеге қарап қалмай, Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің көрсеткені сияқты шамасы келгенше еңбектенгені жөн.

***

Әбу Саид (радиаллаһу анһу) аш қалып қоюының нәтижесінде қарнына тас байлаған сахабалардың бірі болатын. Анасы оған:

– Тұр балам. Расулуллаһқа бар. Одан бірдемелер сұра. Пәленше де Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барған екен, ол көмектесіпті. Пәленше де барыпты, оған да бірдемелер беріпті. Кәне, сен де барып көрші, мүмкін бір жақсылықпен оралатын шығарсың, - деді.

Бұған Әбу Саид анасына мынадай жауап қатты:

– Әзірге тоқтай тұрыңыз, алдымен бір жолын қарастырайық. Болмай жатса, кейін барармыз.

Алайда, қаншама тырысса да, еш нәтиже шықпады. Содан соң лажсыз Әбу Саид Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына келуге мәжбүр болды. Құзырына келгенде оның құтпа оқып тұрғанына куә болды да, құтпаны тыңдауға кірісті. Аллаһ Елшісі құтпада мына мәселелер жайында айтып тұрған болатын:

«Истиғна істеген (яғни, адамдардың қолындағыға қарап қалмаған адам) мен ар-намысын сақтаған адамдарды Аллаһ Тағала бүкіл әлемнен де мұстағни бай қылады (яғни ешнәрсеге мұқтаж қылмайды)...»

Әбу Саид (радиаллаһу анһу) осы сөздерді естіген соң Расулуллаһтан ешнәрсе сурауға дәті бармады. Сөйтіп, құр алақан кері қайтты. Осыдан кейін не болғанын Әбу Саидтің өзі былайша баяндайды:

«Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ештеңе сұрамастан үйіме қайтсам да, Құдай Тағала бізге ризығымызды жіберіп қойған екен. Тірлігіміз оңалып, тіпті ансар арасында бізден бай ешкім жоқ еді» (Қараңыз: Ахмед III, 44).

Міне, Раззақ болған (ризық несібені кеңінен үлестіруші) Аллаһ Тағаланы жақсы танудың маңызы!.. Оған деген сеніміміз, тәуекелдігіміз бен мойынсұнуымыз қаншалықты күшті болса, ішкі жан-дүниеміз де соншалықты бай әрі қуанышқа толы болмақ.

***

Хаким бин Хизам (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің алдына барып, соғыстан түскен олжалардан маған да біраз беруін сұрадым. Жүз түйе берді. Тағы сұрадым, тағы жүз түйе берді. Тағы бір рет сұрап едім, тағы да жүз түйе берді. Сосын:

«Ей, Хаким! Шынында да мынау мал-дүние тартымды да тәтті. Кімде-кім оны құмарлық (ашкөздік) танытпастан алса, ол мал арқылы оған береке беріледі. Ал кімде-кім мал-дүниені ашкөздікпен алатын болса, ол малдың берекесі қалмайды. Мұндайлар жей бергенімен, еш тоймайтын адамға ұқсайды. Сондай-ақ, беретін қол – алатын қолдан қайырлы» - деді.

Сол кезде мен:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Сені хақ дінмен жіберген Аллаһқа ант етейін, өмірім бойынша Сенен өзге ешкімнен ештеңе алмайтын боламын» - дедім.

Сөйтіп, Хаким (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген алғашқы жүз түйені алды да, қалғанын алмады. Арадан біраз уақыт өтті. Бір күні Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) олжа малдарынан түскен нәрселерден таратып беру үшін Хакимді шақыртты. Бірақ Хаким олжадан алғысы келмеді. Кейінірек, Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) да оны шақыртып, бірдеңелер беретіндігін айтты. Мұны да қабыл етпеді. Сонда Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Ей, мұсылмандар! Сіздерді Хакимге куә қылып тұрмын. Мен олжадан Аллаһ белгілеген үлесін берейін десем де, ол қабылдамай жатыр».

Осылайша Хаким, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан кейін де өмір бойы ешкімнен ештеңе алмады (Бұхари, Уасая, 9; Уақиди III, 945).

Бұл – қанағаттағы тұрақтылықтың, құлдардың қолындағыға көз тікпеудің, сондай-ақ Расулуллаһқа деген шынайы махаббаттың айқын дәлелі болса керек...

***

Өзінің керемет тақуалығымен танымал болған Ахмед бин Ханбалдан:

– Байлық жоғары тұра ма, әлде кедейлік пе? - деп сұралғанда, ол:

– Базарға да барып тұр (яғни, саудамен де айналыс), бірақ халықтың мал-мүлкіне көз тігуші болма. Адамдардың қолындағыға мұқтаж болмай өмір сүруден артық (асқан) ешқандай қасиет жоқ! - деп жауап берген екен.

***

Ибраһим бин Адхам кедейлігінен наразы болып жатқан біреуді көрді де оған:

– Кедейлікті саған тегіннен тегінге бере салды ма, арызданып жатырсың, - деді.

Әлгі кісі таңырқап:

– Ау, тақсыр! Кедейлікке ие болу үшін де бірдеме төлеу керек пе? - деп сұрады.

Хазірет Ибраһим бин Адхам былай деп жауап берді:

– Әрине! Мен кедейліктің құнын көрген кезімде оны сатып алу үшін қуана-қуана, шын жүрегіммен Бәлх өлкесін бере салдым...

Бұл орында айтылып отырған жайт: нәпсінің ашкөздігін жойып, қанағат сезімін күшейтуіміз керек. Сабырлы кедейлер мен шүкіршілік ететін байлар – Аллаһтың разылығын табу тұрғысынан бірдей деңгейде тұрады. Кедей болған күнде де шын мәнінде сабыр етілетін болса, оның рухани құндылығын (яғни, бағасын) сөзбен жеткізу әсте мүмкін емес.

***

Хазірет Әбу Хазымнан «Байлығыңыз не?» - деп сұраған кезде:

– Екі нәрсе. Біріншісі Аллаһ Тағаладан разы болу; ал екіншісі адамдардың қолындағы нәрселерге бағыныштыболмау (көз тікпеу), - деп жауап берді.

– Олай болса, кедей екенсің ғой, - дегендерге былайша жауап қатқан:

«Жер, аспан және осының арасындағы бүкіл жаратылыстар Аллаһ Тағалаға тән екені рас болса, бұған қоса, мен де Аллаһтың ықыласты құлы болсам – мен қалайша кедей боламын?!»

Негізінде кедейлік дегеніміз – жүректің Хақтан бейхабар болуы емес пе?! Қандай да бір жүрек, егер Аллаһпен бірге болса, демек ол – дүниенің ең байы деген сөз. Ал Одан алыс болса, дүниенің ең мақрұмы (жұрдайы) деген сөз.

***

Қанағат және истиғнаның маңыздылығын аңғартатын мына бір қисса да неткен ғибратқа толы десеңізші:

Бір күні ауызашар уақытында наубайхананың алдына нұрлы жүзді, ерекше бейнелі бір адам келді. Адамдар кеткен соң наубайшыға:

– Балам. Бүгін ақша таба алмадым. Егер разы болсаң, ажал келмейтін болса, ертең-ақ төлеймін, маған ширек нан бересің бе? - деді.

Ол кісінің дауысы дірілдеп, жүзі де қызарып тұрған еді. Наубайшы:

– Бұл не дегеніңіз, ата?! Сізге ширек емес, бір бүтін нан берейін. Ала беріңіз, ас болсын, ақшасын бермей-ақ қойыңыз, - деді. Бірақ әлгі кісі:

– Жоқ, балам. Нанның төртте бірі ширек жетеді... Бәлкім, тағы үш кедей адам келіп қалып, оларға да беруің керек болып қалар. Сондай-ақ, жүзімнің тек төртте бірін ғана қызарта алудамын. Бұдан көбірегіне шыдамым жетпейді. Берсең, сол төртте бірін ғана аламын, бірақ та ертең-ақ қарызымды төлеуге келіссең, - деді.

Наубайшы кісі аң-таң болып, сұраған ширек нанын берді. Нанды қолына алып сүйген әлгі кісі ақырын ғана ол жерден алыстады. Біраз жүрген соң, жолдан бір ит шыға келді. Аш екендігін жалбарынған көздерімен түсіндіруге тырысып жатқандай әлгі кісіге қарап тұр еді. Нұрлы жүзді кісі «Демек, нанның жартысы сенікі» деп, ширек нанның жартысын итке берді.

Кейіннен мешітке қарай жөнелді. Қолындағы бір жұтым нан және аз ғана сумен аузын ашты. Осы ығметтерді берген Аллаһқа шүкіршілік етті.

Ертесі күні сатушылардың бірі:

– Ата, анау қарсы беттегі бұлақтан мына ыдыстарға су толтырыңыз, сосын жаңадан келген мына заттарды ішке тасып беріңізші, - деді және жұмыстары біткен соң оған ақысын төледі.

Әлгі мүбәрәк кісі ақшаны ала салып, дереу наубайханаға қарай жүгірді. Кешегі нанның ақшасын төледі. Наубайшы қаншама рет «алмаймын» десе де, қарияның қатты өтініш жасағанына шыдай алмай, көздері жасаурап, ақшаны алуға мәжбүр болды...

Міне, қанағат пен истиғнаға нағыз үлгі боларлық өнегелі мысал! Өзі пақыр-кедей бола тұра қайыр-садақа жасауды, Аллаһтың жаратқандарына деген жанашырлықты тәрк етпейтін қандай пенде десеңізші...

***

Стамбұл қаласындағы Азиз Махмуд Худаи атындағы қорымызда орын алған қанағат пен истиғнаға қатысты көптеген мысалдардың ішінен мына екеуіне тоқталып өтсек:

Ислами қорымыз бір ана мен балаға көмектесіп жатқан болатын. Баласы мүгедек еді, университеттің түлегі болатын. Бір күні анасы бізге келіп, қорымызға алғысын айтты да, кейін:

«Бұдан былай жәрдем алмаймын, менен де мұқтаждау адамдарға беріңіздер. Өйткені, балам қайтыс болды. Соңғы рет алған ақшамен баламның жаназасын шығардық. Енді, жалғыз өзім қалдым. Өзім бір амалын табармын. Бізге беретін ақшаңызды біздің бұрынғы жағдайымызда болғандарға берерсіздер» деген болатын.

Тағы бір мысал: Голландиялық бір әйелге де біздің қорымыз тарапынан көмек көрсетіліп тұратын. Оның күйеуі қайтыс болған. Жетім қалған бала-шағасымен күн кешіп жатқан болатын. Сол әйел бір күні қорымызға хат жолдапты. Хатта:

«Міне, күйеуімнің қарыздарын да төлеп болдым. Оны құл ақысынан құтқардым. Ал өз күнімді өзім көре алармын» деп алғыс білдіріпті.

Иә, нағыз құл болу мал-дүниемен де емес, кедейлікпен де емес! Нағыз пенделік – жүрегіміздегі жауһар арқылы болмақ.

***

Кез келген пенде адамдардың қолындағыға көз тікпеуі керек: Сонымен қатар, Аллаһ Тағала берген ығметтерге «мен мұқтаж емеспін» деп те айтпау керек. Бұл мәселені мына бір хадис неткен керемет түсіндіріп берген:

«Әйюб Пайғамбар аләйһис сәләм киімін шешіп, енді жуынып жатқанда, үстіне бір топ алтын шегіртке түседі. Дереу оларды уыс-уыстап, киіміне толтыра бастайды. Сонда Аллаһ Тағала былай деп дауыстайды:

– Уа, Әйюб! Мен сені осы көрген (дүниелік заттардан) мұстағни (қажетсінбейтін) қылып қоймадым ба?!

Бұған Әйюб аләйһис сәләм:

– Құрметіңе ант етейін, уа, Раббым! Бірақ та, Сенен келген берекеге мен «мұқтаж емеспін» дей алмаспын, - деп жауап берді (Бұхари, Ғұсыл, 20).

***

Хасан Басри (құддисә сирруһ) Аллаһ Тағалаға былай деп жалбарынатын:

اَللَّهُمَّ أَغْنِنِي بِالْفَقْرِ إِلَيْكَ وَلاَ تُفْقِرْنِي بِالإِسْتِغْنَاءِ عَنْكَ

«Аллаһым! Мені Өзіңе мұқтаж қылу арқылы бай қыл. Сені қажетсінбейтін кедей болудан сақта!»177

***

Қорыта айтқанда, Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нағыз байлықтың ақшаның көптігімен емес, көңілдің тоқтығымен болатынын білдірген.*178* Осыған қарайтын болсақ, кез келген пенде өзінің қаншалықты қанағат етіп, қаншалықты истиғна жасайтынына қарай «бай» немесе «кедей» болып есептеледі. Ал қанағат болса, хадисте де айтылғаны секілді түгеп-таусылмайтын бір қазына іспеттес.[179] Нағыз мүмин-мұсылмандар болса – осы байлық нығметіне ие болумен қатар, өзгелерге де қайыр-садақа жасайтын адал жандар.

14. ДҮНИЕГЕ БЕРІЛУДЕН САҚТАНУ (ЗҮҺД)

Зүһд деп – әртүрлі дүниелік және нәпсілік қалауларға қарсы тұрып, оларға мән бермеу, ішкі жан-дүниені құлшылық және қарым-қатынас әсемдіктерімен безендіру, әрі осы арқылы Аллаһтан өзге бүткіл нәрселердің жүректе ешқандай мән-мағынаға ие болмауын айтамыз.

177. Бақыллани, Ижазул Құран, Бейрут 1998, 107-бет.
178. Ахмед II, 389.
179. Бәйхақи, Китабуз Зүһд, Бейрут 1996, II, 88.

Ал заһид болса, тек күнә немесе харамдардан ғана емес, тіпті күмәнді нәрселерден де сақтанып жүретін, Аллаһқа деген махаббат пен қорқынышты бірдей ұстап, дүниелік нығметтерді орнымен қолданатын кісі.

Ислам дінінің ұлы тұлғалары Хақ жолында шынайы жүрекпен құлдық еткен және дүние-мүлікке мүлде мән бермейтіндей «зүһд» пен истиғна халінде ғұмыр кешкен. Өйткені, олардың әлемінде Аллаһқа деген махаббат пен қорқыныш және де Жаратушыдан басқа барлық нәрсе жүректе мән-мағынасыз қалып, көңіл үшін түкке тұрғысыз халге жеткен. Осы тұрғыда, зүһд – ақыретті ұмыттырып жіберетін дүниеге деген махаббат пен берілушілікке қарсы «мықты қалқанға» ұқсайды.

Алдамшы дүние өзінің сиқырлығымен және тартымдылығымен көптеген адамдарды ақылынан адастырып қоюда. Ал негізінде, дүниені жүректің сыртында ұстап, солай пайдаланып және ақыретіміз үшін пайдалы болатындай етуіміз керек. Аллаһ Тағала нәпсілік қалауларға ерген ғұмырды былайша суреттеп берген:

«Жақсылап біліп алыңыздар, дүние өмірі – әншейін бір көңіл көтеру, бір әшекей, араларыңызда бір мақтаныш және тағы да көбірек мал-дүние мен бала-шағаға ие болуды қалау ғана! Бейне бір жаңбыр тәрізді, ол жаңбырдан шыққан өсімдік шаруаға ұнайды. Кейіннен ол құрғайды да, сен оның сап-сары болғанын көресің. Кейіннен шөп-шалам (қоқыс) **болады. Ал, ақыретте қатты азап бар. Сондай-ақ, ол жақта Аллаһтың кешірімі мен разылығы да бар. Дүние өмірі – алдамшы бір тіршіліктен басқа ештеңе де емес»** (Хадид сүресі, 20-аят)**.**

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Ақыретпен салыстырғанда дүние – қай-қасыңыздың бір саусағын теңізге батыруына ұқсайды. Ол кісі саусағының (теңізден) қаншалықты (титтей ғана) сумен шаққанына назар аударсын (Яғни, ақыреттің алдында бұл дүние – аз ғана)» (Мүслим, Жәннат, 55).

«Кімнің қалауы ақырет болса, Аллаһ Тағала оның жүрегіне байлығын орналастырып, істерін оңалтып қояды да, нәтижеде дүниенің өзі оған бас иіп, артынан еретін болады. Ал енді, кімнің қалауы бұл дүние болса, Аллаһ оның екі көзінің арасына кедейлікті орналастырып, істерін де жан-жаққа шашыратып жібереді. Нәтижеде, дүниеден де (тек өзіне жазылған нәрседен басқа) ешнәрсеге қол жеткізе алмайды» (Тирмизи, Қиямет, 30/2465).

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетінің дүниеге беріліп кетпесі үшін және де Аллаһтың берген нығметтеріне шүкір етулері үшін артында мына бір насихатты қалдырған:

«Жағдайлары сіздердікінен төмендеу болғандарға қараңыздар, сізден

жоғарылау болғандарға қарамаңыздар. Сонда, Аллаһтың сізге берген нығметтерін қор санамайтын (қадірін білетін) боласыздар» (Мүслим, Зүһд, 9).

Осы пайғамбарлық әдепті ұнатқандардың өмірлік ұстанымы болып табылатын «зүһд» және «тақуа» сөздері кейбір азаматтар тарапынан қате түсінілуде. Бұл сөздердің мағынасын дүние нығметтері мен байлықтан мүлде бас тарту деп түсінуде. Алайда, тек байлық арқылы ғана орындалатын «заттық» ғибадаттар да Құдай Тағала құзырында өте жоғары мәртебеге ие. Құран Кәрімнің көп жерлерінде осы инфақ (қайыр-садақа) жайлы аяттар кездеседі. Исламның негізгі бес тірегінің екеуі – қажылық пен зекет ғибадаттары да дін бойынша байлықтың ең төмен деңгейі, яғни «нисаб деңгейіндегі» байлыққа ие болғанда ғана парыз болып орындалады. Сонымен қатар, «Беруші қолдың алушы қолдан қайырлы екендігі» жайлы Пайғамбар хадисі де осы ғибадаттардың «нисабына жетуге» (белгілі мөлшердегі байлыққа ие болуға) баулитын себеп болары сөзсіз. Олай болса зүһд діннің белгілеп, қызықтырған бір мәселесіне (яғни, байлыққа да) қарсы болмайды.

Күнәға беріліп, ақыреттен қапы қалудан қорқып, дүние нығметтеріне мән бермеу, әрине зүһд пен тақуаны қажет етеді. Бірақ та, аталған истиғна (дүниені қажетсінбеу) жүрекпен болады, сырт көзге көрсетіліп, іс жүзінде болмайды. Былайша айтқанда, зүһд пен истиғна дүние нығметтерімен қаншама тірлік жасағанымен де, оны жүрекке кіргізбеу деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда, зүһд кедейлік емес және байға да кедейге де, жалпы мұсылман атаулыға қажетті жүректің ұстанымы болып саналмақ. Аллаһтың жазған тағдырымен сырт көзге кедей болып, мұқтаж күйде өмір сүретін адам, егер жүрегінде дүниеге деген құмарлықпен, армандармен өмір сүріп жатса, ондай адам зүһд және истиғна жасап жатқан болып саналмайды. Себебі, зүһд пен истиғна тағдырда белгіленіп қойғаны үшін ғана азға қанағат ету емес, керісінше жеке өзінің қалауымен дүниеге берілуден, оған тұтқын болудан жүрегін қорғай білу деген сөз.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зүһдті былайша керемет түсіндіріп берген:

«Дүниеге деген заһидтік (яғни, дүниеден бет бұрушылық) халал нәрсені харам етіп алумен емес, мал-дүниені тәрк етумен де емес. Дүниеге деген заһидтік – Аллаһтың құзырындағы нәрсеге өз құзырыңдағы нәрседен гөрі көбірек сүйенуің, басыңа бір қайғы-қасірет келіп, сенен алыстағанға дейін Оның сауабы мен сыйынан үміт үзбеуің деген сөз» (Тирмизи, Зүһд, 29/2340).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ияс бин Сағләбә (радиаллаһу анһу) былай деген еді:

Бір күні сахабалар Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің жанында дүние жайында әңгімелесіп қалды. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді: *«Сіздер естімей жатырсыздар ма, сіздер естімей жатырсыздар ма? Қарапайым ғұмыр кешу – иманнан! Қарапайым ғұмыр кешу – иманнан!»* (Әбу Дәуіт, Тәрәжжүл, 1/4161; ибн Мәжә, Зүһд, 4).

Демек, тақуа, кішіпейіл және ешкімге мұқтаж болмай өмір сүру – иманнан...

***

Бибі Айшаның (радиаллаһу анһа) айтуы бойынша оны көруге келген Мәдиналық бір сахаба әйел Расуллуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің төсегін (ішіне сабан толтырылғанын) көрген бойда үйіне қарай жүгіріп кетті. Барып, іші жүнмен толтырылған төсек алып келді.

Сөйтіп, төсегінің өзгеріп қалғанын білген Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған қуанбағанын білдіріп, Айша анамызға былай дейді:

«Уа, Айша! Ол төсекті қайтарып бер. Аллаһқа ант етейін, егер қалағанымда, Аллаһ Тағала алтын және күміс тауларды менімен бірге жүргізіп қояр еді, әміріме берер еді» (Ахмед, Китабуз-Зүһд, 30).

***

Абдуллаһ ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір (қамыстан тоқылған) көрпешенің үстінде ұйықтап қалған еді. Мырзамыз оянған кезде сол қамыс көрпешеден денесінде іздер қалып қойған болатын. Біз:

– Уа, Расулаллаһ! Сізге арнап бір төсек жасасақ, - дедік. Сонда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Менің дүниемен қандай байланысым болушы еді? Мен бұл дүниеде бір ағаштың көлеңкесінде біраз ғана тұрып, кейін ол жерден кететін бір жолаушы тәріздімін» деді (Тирмизи, Зүһд, 44/2377).

***

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) алдарында қуырылған қойдың еті қойылған бір жамағатты кездестіріп қалды. Олар Әбу Һұрайраны да тамаққа шақырды. Оның жегісі келмеді де:

«Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арпа нанға да тоймастан бұл дүниеден өтіп кетті» деді (Бұхари, Әтғима, 23).

***

Сәһл бин Сағд (радиаллаһу анһу) бір күні:

«Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Пайғамбар етіп жіберіліп, өлгеніне дейін електен еленген нағыз ұн көрмеп еді» деді. Сол кезде одан:

– Аллаһ Елшісінің уақытысында сіздер електен пайдаланаушы ма едіңіздер?! - деп сұрады. Сәһл:

– Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар етіп жіберіліп, өлгеніне дейін елек те көрген емес, - деді. Сосын тағы да одан:

– Еленбеген арпа ұнын қалайша жейтін едіңдер? - деп сұрады. Ол:

– Біз арпаны үгітіп, ұнтақтап, желге ұстап суыратынбыз. Кебектің ұшатыны ұшып, содан ұшпай қалғанына су қосып, қамыр істейтінбіз... - деп жауап берді (Бұхари, Әтғима, 23).

* * *

Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)ға Бахрейн елінен мал (олжа) әкелінді. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Оны мешітке әкеліп, бір жерге үйіп қойыңдар» - деді. Бұл заттар осы уақытқа дейін Расулуллаһқа берілген мал-мүліктің ең көбі болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазға барды, ол байлықтарға қараған да жоқ. Намаз оқып болған соң малдың жанына келіп тұрды да, кімді көріп қалса, соған таратып бере берді...

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір дирхам да қалдырмастан бәрін таратып, содан кейін ғана ол жерден кетті (Бұхари, Салат, 42, Жизя 4, Жиһад, 172).

* * *

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние әшекейлеріне аздап қана берілейін деген жұбайларына тікелей Құран Кәрім аятымен түсінік беріп, оларды ескерткен еді. Яғни, не дүниелік өмірдің әшекейлерін, не болмаса Аллаһты, Пайғамбарды және ақырет жұртын таңдауларында ерікті екендіктерін айтады. Әрі олардан бір айға жуық уақыт алыс тұрған болатын. Тарихта «Ила» деп аталған бұл оқиға жайлы мына төмендегі аяттар түсірілген:

«Уа, Пайғамбар! Әйелдеріңе: «Егер дүниелік өмір мен ләззатын қалайтын болсаңдар, келіңдер, сіздерге босайтын ақыларыңызды беріп, көркем түрде еріктеріңе жіберейін. Ал егер, Аллаһты, Пайғамбарды, әрі ақырет жұртын қалайтын болсаңыздар, шүбәсіз, сіздердің іштеріңізден ізгі іс істегендерге Аллаһ үлкен сыйлықтар әзірлеп қойған» деп айт (Ахзаб сүресі, 28-29 аяттар)**.**

Сол кезде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Айша анамыздан (радиаллаһу анһа) бастап:

– Мен саған бір жайтты айтайын. Жауап беруге асықпа. Әке-шешеңмен де ақылдасып, кейін жауап берерсің, - деді. Мұны естіген Айша анамыз (радиаллаһу анһа):

– Ол қандай жайт, уа, Аллаһтың Елшісі! - деп сұрағанда Мырзамыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңа түскен жоғарыдағы аяттарды оқып берді. Сол кезде Айша анамыз дереу:

– Сонда, сізді таңдау мәселесінде әке-шешеммен ақылдасамын ба? Жоқ. Мен Аллаһты, Пайғамбарын, және де ақыретті артық (жоғары) санаймын, - деп жауап берді. Басқа аналарымыз да дәл осылай жауап берді (Мүслим, Талақ, 29).

***

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) азат еткен құлы Сәубан (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сапарға шығатын болса, отбасы ішінде ең соңында қызы Фатимамен қоштасатын еді. Қайтқан кезде де алғаш соған соғатын еді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жолы сондай сапарлардың бірінен қайтқан болатын. Фатима (радиаллаһу анһа) да есігіне бір перде іліп, ұлдары Хасан мен Хусейннің қолдарына бір-бірден күміс білезік тағып қойған еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Фатиманың үйіне келді де, ішке кірмеді. Фатима Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйге кірмеуіне не себеп болғанын дереу аңғарды да, сол пердені алып тастады. Сосын ұлдарының қолындағы күміс білезіктерді де шешті. Хасан мен Хусейн (радиаллаһу анһума) бір-бірден білезікті алып, Расулуллаһқа әкелді. Сонда Аллаһтың Елшісі ол білезіктерді алды да Сәубанға:

«Ей, Сәубан! Бұларды пәлен отбасыға апарып бер. Хасан мен Хусейн менің отбасымнан. Аллаһ Тағаланың оларға беретін жақсылықтарды бұл дүниенің өзінде қолданып, тауысуларын қаламаймын. Ей, Сәубан! Фатимаға сүйектен жасалған бір (алқа) моншақ пен (балалар үшін) сүйектен жасалған екі білезік сатып ал» - деді (Әбу Дәуіт, Тәрәжжүл, 21/4213).

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әһлі-бәйтін (яғни, өз отбасын) үмбетіне үлгі болулары үшін ең кішіпейіл, ең қарапайым, сондай-ақ дүниеге қажетсінбей (мұстағни) халде өмір сүрулерін қалайтын еді.

***

Әбу Зәр (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге Мәдинаның Харра деген жерінен өтіп бара жатқан едік. Сол мезетте Ухуд тауын

көріп қалдық. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Әбу Зәр! - деді. Мен:

– Иә, Расулаллаһ айта беріңіз, тыңдап тұрмын, - дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жанымда осы Ухуд тауындай алтын болса да, мені қуанышқа бөлемейді. Тек қарызымды төлейтін ақшаны есептемегенде, қасымда артық бір динар ақшаның болуын да қаламаймын, - деді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына, оң жағына, сол жағына және арт жағына қолдарымен «ақша беріп жатқандай» ишарат жасап:

«Қасымдағы бар ақшаны Аллаһтың құлдарына таратып беруді қалаймын» - деді. Кейін тағы жолын жалғастырды да былай деді:

«Дүниеде мал-дүниесі көп болатындар ақыретте сауабы аз болатындар. Бірақ оңына, солына және арт жағына былай, былай, және былай таратып беретіндер – тыс. Дегенмен, ондайлар өте аз» - деді (Бұхари, Истиқраз 3, Риқақ 14; Мүслим, Зекет, 32).

***

Күндердің бірінде Расулуллаһқа бір кісі келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған сондай бір амалды үйретіңізші, нәтижесінде мені Аллаһ жақсы көрсін, әрі адамдар жақсы көрсін! - деді.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Дүниеге қатты қызықпа, оған мән берме, сонда Аллаһ сені жақсы көреді. Адамдардың қолындағы нәрселерден де үмітіңді үз, олардан ешнәрсе сұрама, сонда адамдар да сені жақсы көреді» деп жауап берді (Ибн Мәжә, Зүһд, 1).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні базарға барды. Қасында сахабалар да бар еді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кішкентай құлақты бір лақтың өлігін (мұрдесін) көріп қалды. Оның құлағынан ұстап:

– Қайсыңыз осыны бір дирхамға сатып алуды қалайсыз, - деп сұрады. Сахабалар:

– Одан арзандау болса да алмайтын едік, ол ешнәрсеге жарамайды ғой, - деді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Егер тегін берілсе, алатын ба едіңдер? - деп сұрады. Сахабалар:

– Аллаһқа ант етейік, ол тірі болған күнде де, құлағы болмағаны үшін кемшілікті саналады. Жоқ, алмайтын едік. Ал өлісін не істейміз? - деп жауап берді. Сол кезде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһқа ант етейін, Хақ Тағала құзырында дүние алдарыңыздағы осы лақтың мүрдесінен де құнсыз» - деді (Мүслим, Зүһд, 2).

***

Амр бин Ауфтан (радиаллаһу анһу) риуаят етілген хадисте Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Убайда бин Жарраһты (радиаллаһу анһу) жизя салығын жинау үшін Бахрейн еліне жіберді. Әбу Убайда (радиаллаһу анһу) салықты жинап, біраз малмен (байлықпен) Бахрейннен оралды. Ансардан болған кейбір сахабалар оның келгенін естіп, таң намазында мешітке келіп, Аллаһтың Елшісімен бірге намаз оқыды. Сөйтіп, намаз бітіп, Аллаһ Елшісі кетейін деп жатқанда әлгі сахабалар Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанына жақындай бастады. Расулуллаһ мұны байқады да, сәл ғана күлімсіреп:

– Әбу Убайданың Бахрейннен мал әкелгенін естідіңдер-ау, - деді. Олар:

– Иә, естідік, - деп жауап берді. Сонда Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қуаныңдар және де қуантатын нәрселерді үміт етіңдер. Аллаһқа ант етейін, сіздер үшін кедейліктен қорықпаймын. Бірақ та, мен сіздерден бұрынғыларға дүниенің жайып салынғаны сияқты сіздердің алдарыңызға да жайып салынуынан, олардың дүние үшін жарысқандары сияқты сіздердің де жарысуларыңыздан, дүниенің оларды құрдымға жібергені секілді сіздерді де құрдымға жіберуінен қорқамын» - деді (Бұхари, Риқақ 7; Мүслим, Зүһд 6).

***

Дүниеге беріліп, ақыретке мән бермеудің қаншалықты қатерлі іс екенін көрсетіп беретін мына бір мысал неткен ғибратты:

Аллаһ Елшісінің «Стамбұлдың алынуы» жайлы айтқан сүйінші хабары мен ілтипатына кенелу мақсатында Әмәуилер кезеңінде Халид бин Уалидтің ұлы Абдуррахманның қолбасшылығымен мұсылман жасақтары жолға аттанған еді. Әскерлердің арасында сахабалардан Әбу Әйюб әл-Ансари (радиаллаһу анһу) да бар болатын. Византиялықтар қорғандарын сақтап қалу мақсатында тісін-тісіне қойып соғысып жатқанда ансар сахабалардың ішінен біреуі византиялықтар жасағына қарай атын жүгіртіп кетті. Мұны көрген мұсылмандар: «Өз-өздеріңізді қатерге итермелемеңдер!» деген аятты айтып, өзара таңқалып, артынан:

«Лә иләһә иллаллаһ! Мынаған қараңыздар! Біле тұра өзін қатерге тігіп жатыр, бұл қалай болды?» деп жатқан еді. Сол кезде Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Ей, мүминдер (қателеспеңдер). Бұл аят біз ансар сахабалар жайында түскен болатын. Аллаһ Тағала Пайғамбарына көмектесіп, діні

үстем болған кезде біз: «Енді мал-мүлкіміздің қасында тұрып, соларды қарайлаумен болайық» - деген едік. Сонда Аллаһ Тағала Пайғамбарына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ жолында қайыр-садақа жасаңдар (ақша жұмсаңдар) **да, көре-біле тұра өздеріңді қауіп-қатерге итермелемеңдер! Сондай-ақ, игіліктер жасаңдар, өйткені Аллаһ** (ізгілік жасап, жақсылыққа ұмтылып өмір сүретін) **мұхсиндерді жақсы көреді» деген аятын түсірді»** (Бақара сүресі, 195-аят).

Жоғарыдағы аяттағы «Өздеріңді қауіп-қатерге итермелемеңдер!» деген аяттан көзделген мақсат: бау-бақшалар сияқты алдамшы мал-дүниемен айналысуға қызығып, нәтижесінде Хақ (Аллаһ) жолында қайраттана әрекет етуден бас тартпаңдар деген сөз.

Бұл иләһи үкімге бүкіл жан-тәнімен мойынсұнып, амал еткен Хазірет Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу) дүниенің әшекей заттары мен рақатына ешқашан да бет бұрмай, Аллаһ жолында қызмет етуден шаршамаған. Соңында, қатысқан бір жорық кезінде шейіт болып, денесі қорған қабырғаларының маңайына (бүгінгі таңда өзінің атымен аталып келе жатқан Әйюб аймағына) жерленген (Қараңыз: Әбу Дәуіт, Жиһад 22/2512; Тирмизи, Тәфсир 2/2972).

***

Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйі өте қарапайым болатын. Хазірет Хасан Басри жастық шағын Пайғамбарымыздың үйінің айналасында өткізетін еді. (Себебі, оның анасы Үммү Сәләмә анамыздың қызметшісі болған). Хасан Басри сол кездерді еске түсіре отырып, Расулуллаһтың үйінің аласа болғанын, тіпті төбесіне қолының жететінін айтқан еді.[180] Осыған қарап-ақ бөлмелердің айтарлықтай биік болмағанын аңғаруға болады. Бөлмелерінің есіктері болса, қара қылдардан жасалынған киізден болатын.[181]

Ұлы табиғин имамдарының бірі Саид бин Мұсайяб осы аталған бөлмелердің Әмәуилер кезінде құлатылып, Мәсжид Нәбәуиге қосылғанынан қаншалықты әсерленгенін былайша жеткізген еді:

«Уаллаһи, осы бөлмелердің сол бұрынғы қалпында қалғанын қатты армандайтын едім. Өйткені, осылай қалса, жаңадан жетілген ұрпақтар мен осы жерлерді зиярат етуге келгендер Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірді қалай өткізгенін, нелерді қанағат тұтқанын көріп, мал-дүние жинауға мұншалықты атсалыспас еді (Ибн Сағд I, 499-500).

180. Ибн Сағд VII, 161; Сухайли I, 248.
181. Ибн Сағд I, 499.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тар үйде өмір сүруі оның жоқшылығынан емес, керісінше дүние өміріне титтей де мән бермеуінен болатын. Тек соғыстардан түскен олжалардан өз үлесіне түскен мал-мүлікті таратпай, жиған күннің өзінде де еш күмәнсіз үлкен сарайлар мен керемет үйлер салдыра алатындай жағдайда еді. Алайда, ол кедейлікті, сондай-ақ дүниеге мән бермей ғұмыр кешуді ерікті түрде таңдаған жан еді. Сондықтан да, өзіне түскен олжалар мен мал-дүниені қайыр-садақа етпесе, жаны жай таппайтын. Бір жағынан, Хақ Тағаланың Рахман (бүкіл жаратылыстарға қамқор, ерекше мейірімді) сипатының кәміл белгілері – оның бойында көрініс тапқандай еді.

***

Сүлеймен Пайғамбар аләйһис-сәләм дүние мен байлыққа деген махаббатты жүрегінен ұзақ ұстағандықтан, өзін кедейлердің қатарында санайтын. Таңертең тұрған соң кедей бейшара адамдардың алдына барып, өте кішіпейілділік танытып, олармен бірге отыратын және де:

«Кедей адам кедейлерге жақындайды» - дейтін.

***

Бір риуаят бойынша өлім сәті жақындаған Хазірет Нұх аләйһис-сәләмға адамдар:

– Әй, ұзақ (950 жылдай) өмір сүрген Пайғамбар! Дүние жайында не айтасыз? - деп сұрақ қойды.

Сонда Нұх аләйһис-сәләм:

– Дүние екі қақпасы бар бір үй секілді екен. Бір есігінен кірдім де, екіншісінен шығып жатырмын, - деп жауап береді (Ибнул-Әсир, әл-Кәмил I, 73).

Хазірет Нұх аләйһис-сәләм өзіне қамыстан бір кішкене үй (лашық) тұрғызған еді. Оған:

«Бұдан жақсырақ үй салсаң да болар еді ғой» дегендерге:

«Өлетін адам үшін бұл да көптік етеді» деп жауап қатты (Әбу Нуайм, Хиля VIII, 145).

***

Жабир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай деп әңгімелейді:

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Убайданы (радиаллаһу анһу) бізге қолбасшы етіп тағайындап, Құрайш керуеніне қарай шығуымыз үшін жіберді. Бізге азық болсын деп біраз құрма жемісінен де берді. Негізінде, беретін басқа ешнәрсе таба алмаған болатын. Әбу Убайда бізге құрманы дана-дана қылып, біртіндеп беріп жатқан еді. (Бұл әңгімені) тыңдап отырғандардың біреуі:

«Сол құрмалармен ғана қалай өмір сүрдіңіздер?» деп сұрады. Жабир:

«Оларды сәбидің сүт емгені сияқты еметін едік, сосын арқасынан су ішетінбіз. Сол күні түнге дейін осы бізге жететін. Қолымыздағы таяқпен ағаш жапырақтарын сілкітінбіз. Жерге түскен жапырақтарға су қосып жейтін едік» деп жауап берді... (Мүслим, Сайд 17).

Міне, сахабалар тіпті жеткілікті мал-дүниесі болмаған күннің өзінде де, бұған арызданып-шағымданбайтын, Аллаһ жолында еңбектенуден, қызмет етуден тайсалмайтын.

***

Күндердің бірінде Хазірет Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) жеуге бал беріледі. Ол балды аузына жақындатқан кезде, кенеттен жылай бастайды. Мұның соншалықты жылғанына қасындағылар да шыдап тұра алмай, олар да жылайды. Біраз уақыт өтіп, не үшін жыладыңыз? - деп сұрағанда:

«Бір күні Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге едім. Сол кезде қасынан бірдемені қуып, *«Кет, кет ары, аулақ жүр менен» деп айтып жатқанын көрдім. Бірақ маған ештеңе де көрінбей тұр еді. Оның не екенін сұрағанымда Пайғамбарымыз былай деді:*

«Дүние бүкілімен маған көрсетілді. Оған «Менен аулақ жүр» дедім. Ол ары кетті, бірақ та, маған былайша ұн қатты: «Аллаһқа ант етейін, менен қашып құтылсаң да, сенен кейін келетіндер менен құтыла алмайды».

Хазірет Әбу Бәкір сөзін былай деп жалғастырды:

«Мен де осылай дүние махаббатына беріліп қаламын ба деп қорықтым, сол үшін жыладым» деді (Әбу Нуайм, Хиля I, 30-31).

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) халифалық кезеңінде өте қарапайым ғұмыр кешті. Тіпті, өлім аузында жатқан кезде де өзіне тиесілі бір жердің сатылып, халифалық кезінде мемлекеттік қордан айлық ретінде алған ақшаның кері қайтарылуын өсиет етеді (Ибнул-Әсир, әл-Камил II, 428-429).

***

Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) өлім төсегінде жатқанда қызы Бибі Айшаға (радиаллаһу анһа) сүтін ішкен түйені, киім бояуда қолданған ыдысты, киген ескіріп кеткен киімін өлімінен кейін Хазірет Омарға беруін өсиет етті. Себебі, осы нәрселерді мұсылмандардың істерімен шұғылданып жатқанда пайдаланған болатын. Айша анамыз (радиаллаһу анһа) әкесі қайтыс болған соң оның өсиетін орындап, аталған заттарды жаңа халифа болған Хазірет Омарға (радиаллаһу анһу) табыстады. Бұларды алған Омар (жауапкершілікті сезінген күйде) былай деді:

«Уа, Әбу Бәкір! Саған Аллаһтың мейірімі болсын! Сенен кейін келетіндердің жағдайы мүшкіл (өте қиын)» (Ахмед, әз-Зүһд, 110-111 бб; Суюти, Тарихул Хулафа, Мысыр 1969, 78-79 беттер).

* * *

Хазірет Омардың (радиаллаһу анһу) халифалығы кезінде Сирия, Палестина, Мысыр сияқты аймақтар мұсылмандардың қол астына өтті. Сондай-ақ, Иран жерлері де мұсылмандардың билігіне кірді. Осының арқасында, Византия мен Иранның байлықтары мен қазыналары Ислам әлемінің орталығы болған Мәдина Мунауараға қарай аға бастады. Яғни, мүмин-мұсылмандардың тұрмысы айтарлықтай көтеріліп қалды. Бірақ та, мұсылмандардың халифасы болып саналатын Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) бұл байлықтарға, қазыналардан пайдалануға еш мән бермейтін, мал-дүниеге деген махаббат жүрегін жаулай алмағанды. Хазірет Омар елдің дамығанына және де мұсылмандық қордың күшейгеніне қарамастан, жамалған киімдерімен құтпа оқитын. Кейбір уақыттарда қарыз да болып қалатын, осылайша ғұмыр кешетін. Өйткені, ол қазынадан тек қатты мұқтаж болған кезде ғана ақша алатын. Шынында, сол алғаны да өте аз мөлшерде болатын.

Кейбір танымал сахабалар бұған төзе алмады. Халифаның еңбек ақысын арттыруды қалады. Бірақ бұл пікірді өзіне айтуды жөн көрмей, оның қызы, әрі Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұбайы болған Хафса анамызға (радиаллаһу анһа) айтты. Кім екенін айтпастан, тек әкесіне осы ұсыныстарын жеткізуді сұрады. Сөйтіп, Хафса анамыз (радиаллаһу анһа) бұл пікірді әкесі Омарға жеткізді. Пайғамбарымыздың күн бойы аш жүріп, қарнын тойдыратындай тіпті бір құрма да таба *алмаған күндеріне*[182] куә болған Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) қызы Хафсаға:

– Қызым! Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ішіп-жеуі, киінуі қандай еді? деп сұрады. Қызының:

– Тек жеткілікті нәрселермен шектелетін еді, - дегенін естіген соң Хазірет Омар сөзін былай жалғастырды:

«Екі дос, яғни Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) және де мен, бір жолда кетіп бара жатқан үш жолаушыға ұқсаймыз. Алғашқымыз – Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мекеніне жетіп барды. Екіншіміз Әбу Бәкір де тура осы жолмен жүріп, алғашқымызға жетіп барды. Үшіншісі болған мен де достарыма жетуді қалаймын. Егер артық ауыр жүктермен баратын болсам, оларға жете алмаймын! Әлде сен осы жолдағы үшіншісі болуымды

182. *Қараңыз: Мүслим, Зүһд 36.*

қаламайсың ба?!» деді.[183]

***

Кішіпейіл әрі қарапайым өмір сүруді, астамшылдықтан ұзақ болуды жақсы көретін Әбу Зәр әл-Ғифариға (радиаллаһу анһу) мемлекеттік қазынадан төрт мың динар бөлінсе де, бұл ақшаның кішкене ғана бөлігін пайдаланып, қалған барлығын кедей-кепшіктерге таратып жіберген болатын (Әбу Нуайм, Хиля I, 163).

Екі дирхамы болған адам – бір дирхамы болған адамнан гөрі күштірек есепке тартылатынын айтқан сахаба, өзіне Шам әкімі тарапынан жіберілген үш жүз динарды:

«Әкім бізден нашарлау адам таба алмаған ба? Біздің бас сұғатын үйіміз, пайдаланатын қойларымыз, бұған қоса бізге қызмет етіп жатқан бір қызметшіміз де бар. Бұдан артығына ие болудан қорқамын - деп кері қайтарып жібереді» (Ахмед, Зүһд 147-б).

***

Сахабалар дүниеден озғаннан кейін де жаһанды сондай керемет бір иман жаулады, нәтижеде Тарық бин Зиядтың бес мың кісілік жасағы тоқсан мың кісілік Испания жасағын жеңіліске ұшыратты. Тарық патша қазыналарының үстіне аяғын қойған күйі өз-өзіне былай деген:

«Тарық! Кеше ғана мойны байлаулы құл едің. Күндер өтіп, Аллаһ сені бостандыққа қауыштырды. Кейіннен қолбасшы да болдың. Міне бүгін Әндулусты (яғни, Испания жерін) жаулап алдың, әрі патшаның сарайында тұрсың. Мынаны жақсылап біліп ал: ертең міндетті түрде Аллаһтың құзырында тұрасың!»

Иә, не деген тәрбие десеңізші! Бір құлдың тұлға болуына ықпал етіп, әрі оны ерекшеліктердің шыңына көтеруде!.. Жүрегінде дүниелік малмүлікке титтей де орын қалдырмастан, үнемі нәпсісін есепке тартып отыруға тырысуда...

***

Хазірет Шах Нақшыбәнді жетілдірген ұлы әулиелердің бірі – Хазірет Мухаммад Парыса қажылық сапары кезінде Бағдат қаласынан өтіп бара жатып, жолда жүзі нұрлы бір саудагерді кездестіріп қалады. Жас саудагер жігіттің көптеген адамдарға заттарын сатып, тоқтамай сауда-саттық жасап жатқанын, көп уақытын дүниелік нәрселерге арнап жібергенін көріп, қынжылады. Ішінен:

«Обал-ақ... Өкінішті-ақ! Тура ғибадат ететін жаста екен, сондай уақытта өзін дүние тіршілігіне беріп қойыпты ғой» деп ойлайды. Біраз

183. Қараңыз: Ахмед, Зүһд 125 б; Шахбәндәрзада, Ахмед Хилми, Тарихи Ислам I, 367.

уақыт оған қарап тұрып, алтын алып-сататын бұл жігіттің жүрегі үнемі Аллаһпен бірге екендігін таңқала тамашалайды.

Бұл жолы: «Машаллаһ! Қолы жұмыста болғанымен, көңілі Аллаһта екен» деп жігітке дән риза болады.

Шынында да бұл жағдай «Халуат дәр анжумән», яғни халықтың ішінде болғанның өзінде Хақпен бірге болып, жалғыз Онымен бірге болу. Былайша айтқанда «көпшіліктің ішіндегі Біреуді» аңғару болып табылады.

Хазірет Мухаммад Парыса Хижазға барған кезде де Қағбаның матасына оранып алып, нағыз беріліп жылап жатқан бір қарияны көреді. Алдымен, қарияның Аллаһ Тағалаға жалбарына жылап жатқанына, яғни сырт көрінісіне қарап:

«Шіркін, мен де сөйтіп жылап, Хаққа жалбарына алсам ғой» деп ойлап, оған қатты сүйсінеді.

Сосын, оған мән беріп, үңіліп қараса, барлық жылаулары мен жалбарынулары тек өтпеші дүниенің түкке тұрғысыз заттары үшін екендігіне куә болады да, нәзік жүрегі жараланып, қатты ренжиді.

Бұл жерде айтайық дегеніміз: дүние-малға мән бермеу (яғни, зүһд) – тек кедейлік кезде ғана емес, үнемі, өмір бойы жүрегімізде орын алуы қажет. Ал ең маңызды жайт: дүниелік тұрмыс-тіршілікпен айналысқан кезде ақыретімізді ұмытып кетпесек болғаны.

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)ға деген махаббатының арқасында оның тақуа (дүниеге берілмей кешкен) өмірін өз өмірінде де ұстануға тырысқан әулие кісілердің бірі Хазірет Мәулананың мына бір жағдайы неткен керемет:

«Ол кісі үйіне келген кезінде: Бүгін үйде не бар? - дейтін. Егер: «Ешнәрсе жоқ» деген жауапты естісе өте риза болып, «Аллаһқа шүкірлер болсын! Бүгін үйіміз Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)нің үйіне ұқсапты» дейтін. Хазірет Мәулана мүлде нәзір құрбан мен қайыр-садақа қабылдамайтын, сондай-ақ шәкірттеріне де алмауларын айтып, адал еңбек етулерін қалайтын және оларды соған баулитын еді».[184]

***

Хазірет Малик бин Динар бір күні түсінде әулие кісілердің бірі Рәфиді көреді. Ол жалаң бас, жалаң аяқ жүгіріп бара жатқан еді. Одан:

– Қайда? - деп сұрады.

184. *Али Нихат Тарлан, Мәулана, Истанбул 1974, 29-б.*

Рәфи:

– Шүкір! Зынданнан (абақтыдан) құтылдым, - деді.

Хазірет Малик таңертең ояна салып Рәфидің үйіне барды. Қараса, Рәфи қайтыс болыпты...

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Дүние – мүминнің абақтысы, көпірдің жұмағы» деп айтқан еді (Мүслим, Зүһд 1).

***

Сұлтан II Мұрат хан елді басқарудан бас тартып, босап жатқанда Манисаға орналасып, бұл биліктен кету ісін тек Аллаһтың разылығы үшін ғана жасағанын түсіндіру мақсатында мына өлең шумақты айтқан болатын:

Барып, бір-екі күн зікір етейік Патшамды,

Бізге табыстап қоймаған шығар ғаламды...

***

Мал-мүлік, атақ-абыройды өзіне жақындатпай, дүниелік нығметтерді нәпсінің қалауы үшін емес, Аллаһтың пенделеріне қызмет көрсету үшін деп пайымдайтын тағы бір ерекше тұлға – Явуз Сұлтан Сәлім хан болатын. Сол атақты басқарушы бір күні қол астындағыларға былай дейді:

«Егер ниеттеріңіз мойынсұнудан жалтақтау болса, айтыңыздар, сол сәтте-ақ жұмысымнан босайын. Мен бұл билікті әкемнен тек Ислам дініне қызмет ету үшін ғана алдым. Сондай-ақ, әлемнің түзелуі, жөнге келуі үшін бауырларымды және жолдастарымды пида еттім, олардан айрылдым. Сіздерге байғат (уәделесуді) ұсындым, қабыл еттіңдер. Мен ұйқымды, рақатым мен тыныштығымды тәрк етіп, ақиқат дінімізді жаюға тырысып жатырмын. Егер мақсаттарыңыз Исламды күшейту болмаса, биліктен кетуге әзірмін. Мен онсыз да билік үшін жанталасып тұрған жоқпын.

***

Қорыта айтқанда, кез келген пенде барлық нәрсенің жаратушысы Аллаһтың разылығын табуға ұмтылып, әрі Оны талап етуі керек. Жүректегі махаббат Аллаһқа берілетін болса, құлдың бойында зүһд (дүниеге берілмеу) халі көрініс табады. Ал, зүһд халі көрініс тапқан соң ақша, мал-дүние – нәпсілік тұрғыдан түкке тұрғысыз құнсыз болып қалады. Ал Аллаһ тұрғысынан, яғни қайыр-садақа беру тұрғысынан өте құны арта түседі. Осылайша, шын мәнінде қандай болуы тиіс болса, сол күйге енеді. Өйткені, көңіл (ішкі дүние) бұдан ары Хаққа болған сүйіспеншілікті ізгі амал кәусарымен суғарады. Сүйгенінің сүйген амалдары – жанына рақаттық сыйлайтын болады.

15. САБЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТАБАНДЫЛЫҚ

Сабыр сөзінің мағынасы – әлдебір жағдайларға тап болғанда «тепе-теңдікті бұзбау, орта жолды ұстану, сынақтарға төтеп беру, қиыншылықтарға шыдау, уайым-қайғы мен тауқыметтерге душар болғанда оларды жеңіп шығу, ақыл мен діннің шеңберінде тұрақты түрде ұстай алу» деген мағыналарға саяды.

Ал, шыдамдылық дегеніміз – басымызға түскен әр түрлі сынақтарға төзу, ұстамды болу, қайраттылық пен қайсарлық таныту деген сөз.

Сабырлылық көркем мінез-құлықтың негізгі бөлігі, иманның жартысы, сонымен қатар, бақыт пен қуаныштың асыл кілті болып саналмақ. Ол – пендені жәннат нығметтеріне кенелтетін ұлық ерекшелік. Сабыр – ұнамайтын әрі жаныңды ауыртатын оқиғалар кезінде тепе-теңдікті ұстау арқылы тыныштыққа кенелу, Жаратқанға бас ию деген сөз.

Әнбиелер мен әулиелер (Пайғамбарлар мен уәли пенделер) сабырлылық жағынан да өнеге боларлық теңдессіз мысалдар көрсетіп, Аллаһтың жәрдеміне қол жеткізген. Сондықтан да, сабырлылық тұрғысынан олардан үлгі-өнеге алуымыз керек.

Сабырдың дүниелік жағы қиыншылық, ал ақыреттік жағы өте жарқын. Сабыр ете отырып, қиналған пенделер мәңгілік әлем болып саналатын жұмақ пен Аллаһтың ризалығына қауышатын болады.

Әрдайым, әрбір істе Аллаһтың бұйрықтары мен тыйымдарындағы нығмет, хикмет (мән-жай) және илаһи сауаптар жайында ойлану – сабыр етуді жеңілтеді.

Сабырдың алғашқы шарты – қандай да бір қайғылы жағдайға ұшыраған уақытта, тура сол алғашқы кезде сабырлы болу. Дәл уақытында танытпаған сабырдың айтарлықтай сауабы да болмайды.

Сабыр бүкіл ақсылық қасиеттерді қамтығаны үшін оның дініміздегі маңызы зор. Құран Кәрімнің жетпістен астам жерінде сабыр жайлы сөз етілген. Қасиетті аяттарда Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және ол арқылы бүткіл үмбетке сабырлылық былайша бұйырылған:

«Ей, иман келтіргендер! Сабырменен және намаз оқу арқылы Аллаһтан жәрдем тілендер!..» (Бақара сүресі, 153-аят)**.**

«Ей, иман келтіргендер! Сабыр етіңдер, тұрақтылық танытыңдар, дайын әрі мұқият болыңдар; Аллаһтан қорқыңдар, сонда табысқа жетесіңдер» (Әли Имран сүресі, 200-аят)**.**

Осы аяттың тәпсірінде Елмалылы Мухаммад Хамди Языр мынадай бір түсінік берген:

«Аллаһтың көркем есімдерінің бірі әс-Сабур екені белгілі. Кімде сабыр болса, онда Аллаһтың құдіретінен бір көрініс бар деген сөз. Ал егер де, осындай сабырлы адамдар бір жерге жиналып, жамағат болса, қайткен күнде де Аллаһтың жәрдеміне қол жеткізетіні хақ. Аллаһ үнемі олардың жақыны әрі досы болмақ».[185]

Үлкен сауаптар әрдайым үлкен сабырдың, қиыншылық пен сынақтарға төтеп берудің арқасында беріледі. Тағы бір аятта:

«Сабыр етушілерге сауаптары есепсіз беріледі» делінген (Зүмәр сүресі, 10-аят)**.**

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сабырдың түрлері мен ерекшеліктерін айғақтайтын хадисінде былай деген:

«Сабыр үш түрлі болады: қиыншылықтар кезіндегі сабыр, құлшылық етудегі сабыр және де күнә іс істемеудегі сабыр...» (Суюти II, 42; Дәйләми II, 416).

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ Тағаланың былай дегенін жеткізген:

«Дүниеде жақсы көрген бір досын алып қойғанымда (сабырлылық танытып), сауабын Аллаһтан күтетін мүмин пендемнің құзырымдағы ақысы – жәннат болмақ» (Бұхари, Риқақ, 6).

«Пендемнің екі көзін соқыр қылу арқылы сынағанымда сабыр ететін болса, көздеріне қайтарым ретінде жәннатты беремін» (Бұхари, Мәрда, 7; Тирмизи, Зүһд, 58).

Сабыр – дініміздің ең маңызды қағидаларының бірі. Ал сабыр ету сынағы – өте ауыр сынақтардың бірі болып саналады. Осыдан болар Хазірет Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу): «Мен үшін күнделікті тыныш өмірімде шүкір етуім – сынаққа душар болып сабыр етуімнен гөрі әлдеқайда жақсы» деген.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісінің өмірі соңына дейін керемет сабырлылыққа мысал боларлық оқиғаларға толы. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жастық шағынан бастап, дүние салғанына дейін көптеген қиыншылықтарға тап болған, әр түрлі қайғыларды басынан өткерген. Әлі дүниеге келмей тұрып әкесін, алты жасында анасын, сегіз жасында атасын, пайғамбарлығының оныншы жылында өзін қорғаштап жүретін көкесі Әбу Талибті, содан үш күн өте дінді тарату жолындағы ең жақсы көретін әйелі Бибі Хадишаны (радиаллаһу анһа), Ухуд соғысында

185. Елмалылы М. Хамди Языр «Хақ діні Құран тілі» Истанбул 1971, I, 546.

шейіттердің мырзасы болған Хазірет Хамзаны (радиаллаһу аһһу) өзінің жеті баласының алтауын және де көптеген немерелерін бірбірден Аллаһқа табыстады. Иә, олардың кейбіреулері жас шағында, ал кейбіреулері біраз есейген шағында қайтыс болды. Сонымен қатар, қатты жақсы көретін сахабаларының көбісін өз қолымен қабірге қойды. Көптеген қиыншылықтарға, балағат сөздерге, жала жабушыларға, аштық пен жоқшылыққа тап болды. Соғыстарда жараланды, азапты дерттерге де душар болды. Алайда, бұл айтқандарымыздың ешқайсысы да оның беріктігін, тепе-теңдігі мен тұрақтылығын жоя алған жоқ. Ол үнемі өзінің сабырлылығымен өзгеге үлгі-өнеге бола білді.

Ойланарлық жайт: Қанша адам перзенттерінің алтауын өз қолымен жерлеген екен? Қанша адамның құшағында кіші балалары мен немерелері демі қысылып қиналып барып, рухын тапсырған екен? Көкесінің денесі бөлшек-бөлшек болып, бауыры шайналған адам бар ма екен? Яғни, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сияқты түрлі қиыншылық пен азаптың ең ауырларына тап болған, әрі осы қиыншылықтардың барлығында да сабырлылық пен төзімділік танытқан жан бар ма екен сірә?!

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам келмей тұрғанда, қажылық кездерінде ұйымдастырылатын көрмелерде Исламды уағыздайтын, сол үшін де көптеген қиыншылықтар мен тауқыметтерге тап болатын. Барлығына да сабырлылық танытып, мүлде арызданбайтын еді. Бір жолы көптеген тайпаларды шақырғанындай Амир бин Саса ұлдарын да Исламға шақырады. Олар Пайғамбарымызды тыңдап, біраз сұрақтар қойды. Бірақ, мұсылман болған жоқ. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол жерден тұрып, түйесіне мінген кезде іштерінен Бәйһара деген мүшрік кісі кенеттен түйені түртіп жіберді. Түйе секіріп тұрып кеткенде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жерге құлап түседі. Аллаһтың Елшісіне жасалынған бұл арамдық әрекетті көрген Дуба бинті Амир есімді мұсылман әйел:

«Уа, Амир отбасы! Көз алдарыңызда Аллаһтың Елшісіне жасалынған бұл тірлікті, азапты көріп тұрып, іштеріңізде менің құрметіме оны қорғаштайтындар жоқ па?» деді. Мұны естігендердің ішінен немере ағалары болып келетін үш кісі дереу орындарынан тұрып, сорлы Бәйһараға қарай жүре бастады. Ал Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте кеңпейілділік танытып, олар үшін былайша дұға етті:

«Аллаһым! Осыларға Өзіңнің берекеңнен нәсіп ет!»

Осы дұғаның берекетімен Аллаһ Тағала ол жігіттерге иман нығметін беріп, соңында шейіттік мәртебесіне де қол жеткізген болатын (Ибн

Хажар «әл-Исаба» IV, 353).

***

Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды тарату жолында тап болған әрі шыдамдылық танытқан қиыншылықтары жайында Тарық бин Абдуллаһ әл-Мухариби былай деп жеткізеді:

«Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зұл Мәжаз көрмесінде кездескен едім. Ол:

– Қатты дауыстап: «Уа, адамдар! Ла иләһә иллаллаһ деп айтыңдар да, құтылыңдар!» деп жатқан еді. Бір кісі болса қолындағы таспен оның артынан жүріп:

– Уа, халайық! Оған мұлде сенбеңіздер, оған бас имеңіздер. Өйткені, ол «өтірікші» деп айқайлап жатты. Лақтырып жатқан тастарымен Пайғамбарымыздың тобықтарын қанатып жіберген еді. Мен ол жердегілерден:

– Бұл кісі кім? - деп сұрадым.

– Бұл Абдулмутталиб ұлдарынан шыққан бір жігіт, - десті.

– Ал артында жүріп, тас атып жатқан кім? - деп сұрағанымда, олар:

– Немере ағасы Әбу Ләһәб қой, - деп жауап қатты.[186]

***

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сабырлылыққа үндейтін мысалдардың тағы біреуін Мүдрик әл-Әзди былайша баяндайды:

«Мен әкеммен бірге (надандық кезде) қажылық жасап жатқан едік. Минаға келіп тұрақтағанымызда бір жамағатты көрдім. Әкемнен:

– Бұл жамағат не үшін жиналған? - деп сұрадым. Әкем:

– Өз қауымының дінін тәрк еткен мына бір жігіт үшін жиналыпты, - деді. Көрсеткен жағына қарап, Расулуллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдім. Ол (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, адамдар! Ла иләһә иллаллаһ деп айтыңдар да, құтылыңдар!» деп жатқан еді.

Ал адамдардың кейбіреулері оған түкіріп жатса, кейбіреулері балағаттап жатыр, енді біреулері оған топырақ та шашып жатты. Түске дейін осылай жалғаса берді...

Бір уақытта жағасы сәл ашылып қалған бір қыз қолындағы ыдыстағы

186. Дәрақұтни, Сұнән, Бейрут 1986, III, 44-45.

суымен және кішкене бет орамалмен Расулуллаһтың қасына келді. Ол жылап жатқан еді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ыдысты алып, судан іште, кейін беті-қолын жуды. Артынан басын көтеріп:

«Қызым! Жағаңды орамалыңмен жауып ал. Әкеме тұзақ қойылып өлтіріледі-ау немесе бір қорлыққа тап болады-ау деп уайымдама» деді.

Біз ол қыздың кім екенін сұрадық. Ол жердегілер: «Қызы – Зәйнәб» десті (Хайсәми VI, 21).

* * *

Абдуллаһ ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Хунайн соғысында ие болған олжаларды тарату кезінде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейбіреулерге сәл көбірек таратқан болатын. Ақра бин Һабисқа жүз түйе, Уяйнә бин Хиснға да сонша берді. Арабтардың көсемдеріне де сол күні әрдайымғыдан көбірек берді. Мұны көрген бір кісі:

– Аллаһқа ант етіп айтайын, былайша бөлген дұрыс емес. Аллаһ та разы болмайды, - деді. Мен оған:

– Уаллаһи! Осы айтқандарыңның бәрін жеткіземін, - дедім де, барып Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айттым.

Сол кезде Расулуллаһтың мұбәрак жүзі қайғыдан қып-қызыл болып кетті. Кейін:

– Аллаһ және Елшісі әділетті болмаса, онда ешкім әділетті болмайтын шығар, - деді де, сөзін былай деп жалғады:

«Аллаһ Мұсаға мейірімін жаудырсын! Ол бұдан да ауыр жағдайға тап болған кезде, сабыр еткен еді».

Ал мен болсам, бұдан кейін ешкімнің сөзін Расулуллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткізбеуді жөн көрдім (Бұхари, Әдеп, 53; Мүслим, Зекет, 145).

* * *

Әнәс бин Маликтен (радиаллаһу анһу) жеткен риуаят бойынша Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолда кетіп бара жатып, баласының қабірі үстінде айқайлап жылап жатқан бір әйелді кездестірді. Оған:

– Аллаһтан қорқып, сабыр етіңіз, - деп насихат айтты.

Ал әлгі әйел:

– Кет ары. Өйткені, менің басыма келген бәлекет саған келмеген, - деді.

Ол әйел насихат айтқан кісінің Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә

сәлләм) екенін білмей қалды. Оған «Ол адам Аллаһтың Елшісі еді ғой» деген кезде дереу Расулуллаһтың үйіне қарай жүгірді. Тіке Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Сізді танымай қалыппын, кешіріңізші, - деді.

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

إِنَّمَا الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدَمَةِ الأُولَى

«Нағыз сабыр – тура бәлекет келген уақытта көрсетілгені» дей отырып, әлгі әйелге уағыз-насихаттар айтты (Бұхари, Жәнайз, 32).

***

Абдуллаһ ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына бардым. Ол қатты дірілдеп жатқан болатын.

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Шынында да қатты дірілдеп жатырсыз ғой, - дедім.

– Иә, сіздерден екі адам тартатындай азапты тартудамын, - деді.

– Бұл, бәлкім сіздің екі есе сауап алуыңыз үшін шығар, - дедім.

– Иә, солай. Аллаһ кез келген бір мұсылманның аяғына батқан тікен немесе басына келген одан да үлкен қиыншылықтар арқылы оның күнәларын кешіреді. Ол мұсылманның күнәлары ағаштың жапырақтары сияқты төгілетін болады, - деді (Бұхари, Мәрда 3, 13, 16; Мүслим, Бирр 45).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбірейіл аләйһис-сәләмнан сұрады:

– Жақып Пайғамбардың баласы Жүсіпке деген сағынышы, одан айрылған кездегі сезімі қандай дәрежеде еді?

Бұған Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Перзентін жоғалтқан жетпіс ананың сезіміндей! - деп жауап берді.

– Олай болса, мұның сауабы қандай? - деп сұрағанда Жәбірейіл аләйһис-сәләм:

– Жүз шейіттің сауабындай! Өйткені, ол – Аллаһ Тағала жайында мүлде жаман ойға барған жоқ, - деп жауап қатты (Табәри, XIII, 61; Суюти, әд-Дүррүл Мансур IV, 570; Юсуф, 86).

Міне бұл – сабрун жәмил (көркем сабырлылық) болатын...

***

Абдуллаһ бин Масғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) өз заманында қауымына жіберілген бір Пайғамбар жайында айтты. Қауымы оны ұрып-соғып, жүзін қанатқан еді. Ол Пайғамбар болса жүзіндегі қандарды тазалап тұрып, Аллаһқа:

«Уа, Аллаһым! Халқымды кешіре гөр, өйткені олар білмей жатыр» деп дұға еткен болатын.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм)нің осы Пайғамбар жайында айтып бергені əлі күнге дейін есімде (Бұхари, Әнбия, 54; Мүслим, Жиһад, 104).

***

Сабырдың сыйы міндетті түрде жәннат екендігін айғақтайтын мына бір оқиға неткен ғибратқа толы десеңізші:

Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһума) бір күні Әта бин Әби Рабаһқа:

– Саған жәннатқа кіретін бір әйелді көрсетейін бе? - деді. Ол:

– Иә, көрсетші, - деді. Сонда Абдуллаһ ибн Аббас былай деді:

– Анау қара әйел бар ғой, міне сол әйел бір күні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) құзырына келді де:

– Менің қояншық сияқты ауруым бар, сол кезде үсті-басым ашылып қалады да, өзім білмей қаламын. Аллаһтан менің жазылып кетуімді сұрап, дұға етесіз бе? - деді.

Сонда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм):

– Егер сабыр етемін десең, саған жәннат бар. Ал бірақ қаласаң, жазылуың үшін дұға етейін, - деді.

Мұны естіген әйел:

– Ауруыма сабыр етемін. Тек, ауруым ұстап қалғанда үсті-басым ашылып қалмас үшін дұға етіңізші, - деді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) ол үшін дұға етті (Бұхари, Мәрда, 6; Мүслим, Бирр, 54).

Міне, бұл – басқа келген сынақтар мен дерттерге сабыр етудің Аллаһ Тағала құзырындағы мәртебесінің жоғары екендігіне айқын дәлел.

***

Әбу Саид (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бір топ кедейлеу мұхажирлермен бірге отырған едім. Олардың кейбіреулерінде денесін толығымен жабатындай киімдері болмағандықтан, қасындағы адамның киімімен жамылуға тырысып жатыр еді. Сол уақытта бір адам бізге Құран оқып отырған болатын.

Сөйтіп, Аллаһтың Елшісі шыға келді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге жақындады. Құран оқып отырған адам да Құран оқуды тоқтатты. Кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге сәлем беріп:

– Не істеп отырсыздар? - деп сұрады. Біз:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол біздің ұстазымыз, бізге Құран үйретіп жатыр. Біз болсақ, Аллаһ Тағаланың кітабын тыңдап отырмыз, - дедік.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Үмбетімнің арасында олармен бірге сабыр етуім бұйырылған кісілерді жаратқан Аллаһқа шүкір» - деді.[187]

Содан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін бізбен бірдей ұстап, арамызға келіп отырды. Қолымен ишарат етіп:

– Былайша шеңбер жасаңдар, - деді.

Біз дереу айналасында шеңбер сияқты болып, жүзімізді оған қаратып отырдық. Содан кейін Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге мынадай сүйінші хабар жеткізді:

«Уа, кедей мұхажирлер! Сүйінші! Қиямет күнінде сіздерге арналған бір нұр болады. Сондай-ақ, сіздер жәннатқа бай адамдарға қарағанда жарты күн бұрын кіретін боласыздар. Бұл жарты күн (дүниедегі есеппен алғанда) бес жүз жылдай уақыт» - деді (Әбу Дәуіт, Ілім, 13/3666).

Міне, сабырлылық танытатын кедей адамдарға берілетін сый!

***

Фәдалә бин Убайд (радиаллаһу анһу) әңгімелеп берген мына бір оқиға Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нағыз шәкірттері болған сахабалардың көптеген қиыншылықтар мен жоқшылыққа қалайша сабыр етіп, шыдамдылық танытқандығына керемет мысал бола алады:

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына намаз оқытып жатқанда олардың кейбіреулері қарындарының аш болғандығы соншалық тік тұра алмай, құлап қалатын. Олар көбінесе Асхабы Суффа еді. Шөлден келген бәдәуилер болса: «Бұлар жындылар» дейтін. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намазды бітірген соң, аштықтан

---

187. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл сөзімен Құран аятындағы: «Таңертең және кешкісін Раббыларына Оның разылығын қалап, дұға етушілермен бірге жан-жүрегіңмен сабыр ет. Дүниелік өмірдің сәндерін қалап, көздеріңді олардан бұрма. Жүрегін Бізді еске алудан қапы қалып қойған, жаман армандарының артына түскен әрі үнемі шектен шығатын адамға да мойынсұнба!» - деген сөздерді мақсат тұтқан еді (Кәһф сүресі, 28-аят). Бұл жерде Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға (с.а.у.) Исламға алғашқы кірген кедейлермен және бейшаралармен бірге бастарына келетін қиыншылықтарға төтеп беруін, сондай-ақ ол кісілерге өте нәзік қарым-қатынас жасауын бұйыруда.

талып қалған әлгі кісілердің қасына келіп, оларды жұбата-тын, әрі оларға:

«Аллаһ Тағаланың өз құзырында сіздерге не нәрселер әзірлеп қойғанын білсеңіздер ғой, бұдан да кедей, бұдан да мұқтаж болып өмір сүруді армандайтын едіңдер» дейтін (Тирмизи, Зүһд, 39/2368).

***

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) былай деген болатын:

«Мен Суффа сахабаларынан жетпіс кісіні көрдім. Ешқайсысының үстінде денесін толық жабатындай киімі жоқ еді. Көбісінде тек белден төмен қарай жабатын «изар» немесе белден жоғарысын жабатын «ридалары» ғана бар. Киімдерін мойындарына байлайтын. Бұлардың кейбір бөліктері балтырларының жартысына жетсе, кейбіреулерінікі тобығына дейін жететін. Сөйтіп, әурет жерлері ашылып қалмасын деп, киімдерін қолдарымен жинап отыратын» (Бұхари, Салат, 58).

Көріп отырғанымыздай, ұлы сахабалар аштық, жоқшылық, соғыс, қиыншылық сияқты көптеген азаптарға сабырлылықпен төзімділік таныта отырып, Ислам дінінің бүгінгі таңға дейін жетуіне үлкен септігін тигізген. Біз де олардың жолын ұстанып, осы қасиетті аманатты келешек ұрпақтарға аман-есен жеткізуіміз қажет.

***

Абдурраһман бин Ауф (радиаллаһу анһу) айтады:

«Ислам діні нәпсіге ұнамайтын, қиын болып көрінетін істерді бұйырған. Алайда, біз жақсылықтардың ең жақсысын осы нәпсіге ұнамайтын қиын істерден таптық. Мәселен, Расулуллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге Меккеден шығып, хижрет жасадық. Нәпсімізге ауыр келген осы хижретіміздің арқасында бізге үстемдік пен жеңіс нәсіп етті, яғни жеңіске апарар жолдар ашылды. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«(Олардың бұл халі) мүминдердің бір бөлігі еш қаламаса да, Раббың сені өз үйіңнен хақ үшін шығарған (кездегі халдері) сияқты. Ақиқат айқындалғаннан кейін де, көздерімен көре тұра өлімге сүйреліп жатқандай (жиһад жайында) сенімен тартысып жатқан еді» деп айтылғандай, Аллаһтың Елішісімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге Бәдірге шыққан едік. Аллаһ Тағала бұл жерде де біздерге жеңіс пен үстемдік нәсіп етті.

Басқаша айтқанда, біз зор жетістіктерге тек осындай нәпсімізге ауыр келетін бұйрықтарды орындау арқылы қол жеткіздік (Хайсами VII, 26-27).

***

Мұхаммед Иқбалға қатысты болған мына бір сөздер де қиындықтарға шыдап, сабырлылық танытудың маңыздылығын көрсететіндей:

«Бір киік екінші бір киікке шағымданып жатқан еді:

«Бұдан кейін Қағбада, Мешіт әл-Харамда өмір сүремін. Сол жерде жатамын, сол жерден шөп жеймін. Өйткені, бұл араларда аңшылар тұзақ құрып тастапты, күндіз-түні біздің артымыздан аңдып жүр. Жетер, бұдан кейін аңшылардың тұзағынан толығымен құтылғым келеді. Жанымның біраз болса да жай табуын қалаймын!..»

Бұл сөздерді естіген екінші киік оған былай депті:

«Ей, ақылды досым! Егер өмір сүруді қаласаң, онда қауіп-қатер ішінде өмір сүр. Өзіңді үнемі қайрақ тасқа ұрып, шыңдап, өткірлеп жүр. Сөйтіп, қылыштан да өткір өмір сүруге тырыс. Шынында да, қауіп-қатерлер біздегі күш-құдіреттің қай деңгейде екенін көрсетіп береді. Дене немесе жаратылыстың не нәрселерге шамасы келетінін дәл осы нәрсе нақты түрде айғақтап беретінін ұмытпа!».

***

Қорыта келе, сабыр – адам баласының бойындағы өте қымбат қазына. Бәлекеттер мен қиыншылықтарға ең мықты қалқан болатын да – осы сабыр! Сондай-ақ, сабыр дегеніміз – Аллаһ Тағала разы болатын әрі зор сауаптар беретін ерекше сипат. Аллаһ Елшісінің сөзімен айтқанда: *«Сабыр бұл – жарық нұр!»* (Мүслим, Тahарат, 1).

Демек, ақыр аяғында адам баласының дүние және ақыретін нұрға бөлейтіні рас.

16. МАДАҚТАУ ЖӘНЕ ШҮКІРШІЛІК

Ұлы Аллаһтың шексіз ұлылығы мен сипат көріністерінің мақталып мадақталуы «хамд», ал Оның сансыз-есепсіз нығметтері мен қамқорлығы үшін тілмен, іс-әрекетпен, сондай-ақ жүрекпен рақмет айтып, алғысымызды білдіруіміз шүкіршілік болып саналады. Бұл екі сөз мағыналық тұрғыдан бір-біріне өте-мөте жақын.

Кез келген құрмет көрсету, ұлықтау – Аллаһқа тән; мадақтау да тек Оның хаққысы, тек Оған лайықты. Аллаһ Тағаланың барлық нығметтері үшін шүкіршілік ету – мұсылманның құлдық міндеті. Шүкіршілік ету құлдық міндет болуымен қатар, Аллаһтың «шүкіршілік еткен пендесінен разы болатынын» айтуы да біз үшін үлкен бақыт. Сондай-ақ, бұл Оның шексіз мейірімінің көрінісі болып табылады.

Мадақтауға тұрарлық – бұл тек қана Аллаһ Тағала. Аятта

айтылғандай:

«Хамд (мадақ) **аспандар мен жерді жаратқан, қараңғылықтар мен жарықты бар еткен Аллаһқа тән…»** (Әнғам сүресі, 1-аят)**.**

Аллаһ Тағала пенделердің үнемі Өзіне шүкіршілік етулерін қалайды. Аяттарда былай келтірілген:

«…Аллаһқа мадақтар болсын деп айт!..» (Исра сүресі, 111-аят)**.**

«Олардың дұғалары «Барлық мадақтар мен шүкіршіліктер әлемдердің Раббысы болған Аллаһқа қатысты» деген сөздермен аяқталады…» (Юнус сүресі, 10-аят)**.**

Намаздарымыздың әр рәкағатында оқитын «Фатиха» сүресінің алғашқы аяты бізге хамдті (мадақ айтуды) бүйырады:

«Хамд (мадақ) әлемдердің Раббысы болған Аллаһқа ғана лайық».

Шын мәнінде де Аллаһқа мадақ айтылмастан басталған істен қайыр күтуге болмайды. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһқа мадақ айтылмай басталған кез келген іс сәтсіз аяқталады» деген (Әбу Дәуіт, Әдеп, 18/4840).

Осылайша, үмбетіне өте маңызды бір ақиқатты түсіндіріп өткен.

Хамд (мадақтау) сонымен бірге маңызды зікір болып есептеледі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мадақ айтудың артықшылығын былайша түсіндіреді:

*«Тазалық – иманның жартысы. «**Әл-Хамдулиллаһ**» деу тразды толтырады, ал «**Субхан Аллаһ уалхамдулиллаһ**» деу – жер мен көктің арасын толтырады. Намаз – нұр. Садақа – құжат. Сабыр – жарық. Құран – сен үшін не шапағатшы, не арызданушы. Бүкіл адамзат таңертеңнен кешке дейін нәпсісімен айналысады: кейбіреулер оны құтқара алады, ал кейбіреулер оны құрдымға ұшыратады»* (Мүслим, Таһарат 1; Тирмизи, Дағауат, 85/3517).

Хамд (мадақ) айтудағы маңызды құлшылықтардың тағы біреуі шүкіршілік ету болып саналады. Шүкіршілік – құлдың өзіне Аллаһ тарапынан берілген нығметтер мен жақсылықтарға қуанып, риза болып, соларды берген Раббысына әр түрлі сөздер немесе жолдар арқылы ықыласты түрде құлшылық етуі. Былайша айтқанда, шүкір дегеніміз – нығметтің шын Иесін тани білу деген сөз.

Кәміл түрде шүкіршілік ететін құл болу үшін тек қол жеткізген нығметтердің Аллаһтың мейірімділігінің арқасында берілгенін және осыны тілмен ғана жеткізумен шектелмейтінін білуге тиіспіз. Бұған қоса, Раббымызға деген құлшылықтарымыз бен іс-әрекеттерімізді де көркем түрде орындап, ізгі амалдарды да молынан жасауымыз керек.

Шынында да, жаратылыстардың ең ұсақтарынан бастап ең кәміл түрдегілеріне дейінгі барлығының ішінде ең негізгісі етіп жаратылған адам баласының «Жаратылыстардың ең абыройлысы» еткеніне жауап ретінде «хамд пен шүкір» – діннің ең маңызды мәселелерінен бірі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Шүкір – иманның жартысы...» деген (Суюти I, 107).

Жаратылысындағы құрмет пен пәктікті сақтап қалған кез келген адам баласы өзіне бір кесе су бергенге де ештей алғыс айтуды жөн санайды ғой. Ендеше, адам баласына барлық нығметтерді сансыз-есепсіз берген Раббысына мән бермеуі, Оған шүкіршілік етпеуі ақылға да қонбайтын, ождан да қабыл етпейтін қисынсыз әрекет болып саналмақ. Бұлай істеу ақыл таяздығының көрінісі, әрі нығметтерді сезіне алмағандықтың белгісі.

Осыған қарамастан, өкінішке орай, көптеген елдер Аллаһтың өзіне берген есепсіз нығметтерін сезінбей өтіп кетуде. Адамзаттың осындай селқостығы жайлы Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

«...Құлдарымның арасында шүкір ететіндері өте аз» (Сәбә сүресі, 13-аят)**.**

Шүкіршілік етпеу – Раббымыз риза болмайтын әрекет. Бұл жайт Раббымыз берген нығметтердің қолдан кетуіне себеп болады. Осы жайлы аяттарда былай делінген:

«Мені зікір етіңдер, мен де сіздерді зікір етейін. Маған шүкіршілік етіңдер де, күпірлік қылмаңдар (шүкір етпей қоймаңдар)**»** (Бақара сүресі, 152-аят)**.**

«...Егер шүкіршілік етсеңдер, әлбетте сіздерге (нығметтерімді) арттырамын. Ал шүкір етпейтін болсаңдар, еш күмәнсіз, азабым тым қатты» (Ибрахим сүресі, 7-аят)**.**

«...Кім шүкіршілік етсе, ол тек өзінің пайдасы үшін шүкір еткен болады (яғни, өз пайдасы өзіне)**. Кім шүкіршілік етпей, насүкір болса, біліп қойсын, Аллаһ ешнәрсеге мұқтаж емес. Ол барлық мадақтауларға лайық»** (Лұқман сүресі, 12-аят)**.**

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тамақтан кейін былайша дұға ететін:

«Раббымыз! Саған тап-таза сезімдермен, азалудың орнына көбейетін, құзырыңнан кері қайтарылмай, қабыл алынатын шексіз мақтаулар мен мадақтаулар айтамыз» (Бұхари, Әтғима, 54; Әбу Дәуіт, Әтғима, 52; Тирмизи, Дағауат, 55).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Аллаһ Тағала тамақ жеген соң немесе бір нәрсе ішкеннен кейін шүкіршілік ететін пендесінен разы болады» (Мүслим, Зікір, 89; Тирмизи, Әтғима, 18).

***

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында екі кісі түшкірген еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың біріне «Ярхамукаллаһ» (Аллаһ саған мейірімін жаудырсын!) деді, екіншісіне айтпады. Сол кезде біреуі:

– Пәленше түшкіріп еді «Ярхамукаллаһ» деп айттыңыз да, мен түшкіргенде айтпадыңыз ғой, - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*– Ол кісі түшкіргенде **«әлхамду лиллаһ»** деп айтты, сен айтпадың, - деді* (Бұхари, Әдеп, 127; Мүслим, Зүһд, 53).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Омардың үстінен бір көйлек көрген еді. Оған:

– Бұл көйлегің жаңа ма, әлде жуылған ба? - деп сұрады. Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулаллаһ! Жаңа емес, жуылған көйлек, - деп жауап берді. Содан кейін Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жаңа ки, шүкіршілікпен ғұмыр кеш, шейіт болып жан тапсыр» деді (Ахмед II, 89).

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай мұғжизалық сөздері уақыты келіп дәл айтқанындай болады, Омар (радиаллаһу анһу) шынында да шейіт болып жан тапсырады.

***

Құлдың жасайтын ең маңызды ісі – еш күмәнсіз Аллаһқа мадақ айту. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мадақтаудың маңызын білдірген бір хадисінде былай деген:

*«Аллаһтың бір құлы **«Уа, Раббым! Жүзіңнің ұлылығына, құдіретің мен билігіңнің ұлылығына лайықты түрде Саған мадақтар болсын!»** деп дұға еткен болатын. Бұл хамдтан (яғни мадақтаудан) – амалдарды жазатын екі періште әлсіз халге түсіп, не істерін білмей қалады. Көкке көтереліп:*

– Уа, Раббымыз! Сенің құлың сондай бір сөз айтты, нәтижеде сауа-

бын қалай жазуды біле алмай жатырмыз, - десті. Сонда Ұлы Аллаһ Тағала (құлының не айтқанын кәміл түрде білсе де):

– Құлым не деп айтты? - деп сұрады. Періштелер былай жауап қатты:

– Уа, Раббымыз! Ол пендең Сені былайша мадақтады:

يَا رَبِّ لَكَ الْحَمْدُ كَمَا يَنْبَغِي لِجَلَالِ وَجْهِكَ وَلِعَظِيمِ سُلْطَانِكَ

«Уа, Раббым! Жүзіңнің ұлылығына, құдіретің мен билігіңнің ұлылығына лайықты түрде Саған мадақтар болсын!»

Сол кезде Аллаһ Тағала ол екі періштеге былай деді:

«Пендем маған қауышып, сол айтқан сөзіне лайықты сауабын бергенімше, сендер ол сөзді сол қалпында жаза беріңдер» деді (Ибн Мәжә, Әдеп, 55).

Раббымыз барлығымызға да осы келтірілген дұғаны ықыласты түрде, жан-тәнімізбен іске асыруды жазсын!..

***

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Жетім болып тудым, кедей болып хижрет еттім. Ғазуанның қызына (яғни, Бусраға) тек қарным тоятындай және аяғыма бірдеме алатындай ақшаға келісіп, қызметші болдым. (Сапар кезінде) тұрақтаған жерлерінде оларға отын жинайтынмын, аттарына немесе түйелеріне мінген кездерінде оларға көмектесіп, кейін түйелерін айдап, жағымды сөздермен оларды жүгіртетін едім... Ислам дінін күшейткен, әрі Әбу Һұрайраны да имам еткен **Аллаһқа мадақтар болсын!»** (Ибн Мәжә, Руһун, 5/2445)**.**

***

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) былай дейді:

Бір күні түнде Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған:

– Айша! Түнді Раббыма ғибадат етіп өткізейін, - деді. Мен:

– Уаллаһи! Менің жанымда болғаныңызды қатты ұнатамын, бірақ та, сізді қуантатын нәрсені бұдан да артық жақсы көремін, - дедім.

Сосын орнынан тұрды да, жақсылап дәрет алып, намаз оқуға кірісті. Біраздан соң жылады... Жылағаны соншалықты, киімдері, мұбәрак сақалдары, тіпті сәжде еткен жерлері де көл болып кетті. Дәл осы уақытта Хазірет Білəл (радиаллаһу анһу) намазға шақыруға келді. Жылап жатқанын көрген соң:

– Уа, Расулаллаһ! Аллаһ Тағала сіздің өткен әрі болашақтағы күнәларыңызды кешіріп қойса да, не үшін жылап жатырсыз? - деп сұрады.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

«Аллаһқа көп-көп шүкір етуші құл болмайын ба? Уаллаһи, бүгін маған сондай аяттар түсірілді, оны оқып, осылар жайлы ойланбайтын адамдар қор болсын!» деді де, мына төмендегі аяттарды оқи бастады:

«Күмәнсіз, көкпен жердің жаратылысында, күнмен түннің кезектесіп келуінде ақыл иелері үшін (Аллаһтың бір екенін айғақтайтын) **нақты дәлелдер бар. Олар** (тақуа мұсылмандар) **тұрғанда да, отырғанда да, жандарымен жатқанда да** (яғни, үнемі) **Аллаһты зікір етеді. Көк пен жердің жаратылуы жайында терең ойланады, әрі: «Раббымыз! Сен бұларды бостан-босқа жаратпағансың! Сені пәктейміз** (Саған тәсбих айтамыз)**! Бізді тозақ азабынан Сақта!** (деп жалбарынады) (Әли Имран сүресі, 190-191 аяттар); (Ибн Хиббан II, 386)**.**

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінде болып, басқаларда болмаған нығметтерге де (өзінен төмендеулерге қарап, жағдайына) шүкіршілік ететін. Бір жолы жолда көтерең болып (орнынан) тұра алмайтын науқасты көріп, оның халін сұрауға барды. Жағдайын білген соң дереу шүкіршілік етіп, сәждеге бас қойған болатын (Хайсәми II, 289).

Аллаһтың Елшісін жақсы көрудің белгісі – оған ұқсауға тырысып бағу. Ал біз ше, күнделікті өмірімізде қаншама ғибратқа толы көріністерге куә болсақ та, қаншалықты шүкір сәждесіне жығылудамыз?!

***

Сағд бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Бір күні Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге Мәдинаға бару үшін Меккеден жолға шыққан едік. Азуара деген жерге жақындап қалғанымызда Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көлігінен түсті. Сосын, қолдарын жайып, біраз уақыт дұға етті. Сосын сәждеге барды, ұзақ уақыт сәжде жасаған бойда қалды. Мұны үш рет қайталады. Соңында былай деді:

«Раббыма жалбарынып, үмбетімнің шапағаты үшін дұға еттім. Аллаһ үмбетімнің үштен бір бөлігін кешіретінін айтты. Мен бұған шүкіршілік ету үшін сәждеге бардым. Сосын қайтадан басымды көтеріп, үмбетімнің кешіруін сұрап жалбарындым. Аллаһ тағы да бір бөлігін кешіретінін айтты. Мен бұған тағы да шүкіршілік етіп, сәждеге бардым. Кейін қайтадан басымды көтеріп, Раббымнан үмбетімді сұрадым. Сонда

Раббым қалған бөлігін де (тозақта мәңгі қалдырмай, ақыр-соңында) кешіретінін айтты. Мен бұған шүкіршілік ету үшін қайтадан сәждеге бардым» (Әбу Дәуіт, Жиһад, 162/2775).

Бұл жерде Пайғамбарымызды қатты қуантып, шүкіршілік сәждесіне баруына себеп болған сүйінші хабар – үмбетінен үлкен күнә жасаған пенделерді осы күнәлары үшін жазаларын тартса да, алайда тозақта мәңгілікке қалып қоймайтыны. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шапағатымен жәннатқа кіретіндіктері, ал кіші күнә істегендердің бәлкім еш жазаланбай, кешірілулері болатын. Бірақ, еш иман келтірмеген адамдардың жәннатқа кіруі – мүлде қисынсыз дүние.

* * *

Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ берген нығметтерге шынайылықпен шүкіршілік ететінін мына бір мысалмен түсіндіреді:

«Бір жолы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешіттен шыққан еді. Мен де байқатпастан, артынан жүрдім. Бір құрма бақшасына кірді. Құбыла жаққа қарап тұрды да сәждеге барды. Сәждесін ұзартқаны соншалық, жан тапсырды ма деп ойлап қалдым. Дереу жанына бардым, иіліп жүзіне қарай бастадым. Сөйтіп, басын сәждеден көтерді де:

– Не болды, Абдуррахман? - деп сұрады.

– Уа, Расулаллаһ! Сәждеңізді соншама ұзарттыңыз, сізді жан тапсырды ма деп қорқып кеттім. Содан алдыңызға келдім, - деп жауап бердім. Мұны естіген Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Бақшаға келгенімде Жәбірейіл аләйһис сәләммен кездестім. Ол маған Аллаһ Тағаланың былай деп сүйіншілегенін білдірді:

«Кімде-кім саған сәлем беретін болса, мен де оған сау-сәлемметік беремін. Ал кім саған салауат айтатын болса, мен де оған салат айтамын (рақымдылық жасаймын)». (Міне, осыны естіп, шүкір сәждесі жасаған едім)» деді (Хаким I, 344-345/810).

* * *

Бізге берілген барлық нығметтердің Аллаһ Тағаладан екендігіне күмән жоқ. Бұл бұлтарпас шындық. Алайда, нығметтердің бізге жетуіне септігін тигізген кейбір адамдарға да алғысымызды айтып қоюды ұмытпағанымыз жөн. Бір хадис-шәрифте:

«Біреу біреуге жақсылық істегенде жақсылық көрген адам әлгі кісіге «Аллаһ саған жақсылықтар берсін!» деп дұға етсе, шүкіршілікті өте кәміл түрде орындаған болады...» деген (Тирмизи, Бирр, 87/2035).

***

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) былай дейді:

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) маған жиі-жиі былай деуші еді:

– Айша! Есіңде қалған өлең шумақтардан оқып бересің бе? - Сонда мен:

– Қай өлең шумақтарды айтасыз, уа, Аллаһтың Елшісі? - дедім.

– Шүкіршілік жайындағылардан, - деді.

– Əке-шешем сізге пида болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Бір ақын былай депті:

«Бір əлсізді көріп қалсаң, оған қол ұшын беріп, орнынан тұрғызып қой. Оның əлсіз екендігі сені алдап қоймасын. Күндер өтіп, саған түрлі қиыншылықтар келіп, жан-жақтан қоршап алады. Міне сол уақытта əлгі көмектескен əлсіз адам саған қол ұшын береді. Қазір ештеңе жасай алмаса да, ең болмағанда сені мақтап, алғыс айтады. Ал жасаған ісің үшін саған алғыс айтылуы – сен үшін үлкен сый болатыны даусыз. Сондай-ақ, абыройлы бір адамды кінəламақ болсаң, біліп қой, оның мықты жіптеріне əлжуаз күштер зиянын тигізе алмайды» деген өлеңді оқыдым.

Сол кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм):

– Уа, Айша! Жəбірейілдің маған хабар бергені бойынша, қиямет күні Аллаһ Тағала бүкіл жаратылыстарды қайта тірілткен кезде, біреуден жақсылық көрген адамға мынадай сұрақ қояды:

– Саған жақсылық жасаған пендеме рақмет айттың ба?

Сонда əлгі адам:

– Уа, Раббым! Маған жасалынған жақсылықтың тек қана Сенен келгенін білгенім үшін – жалғыз Өзіңе ғана шүкіршілік еттім, - деп жауап береді. Сол кезде Аллаһ Тағала:

«Осы жақсылықтардың саған жетуіне себепші қылып қойған пендеме рақмет айтпағаныңша, Маған шүкіршілік еткен болмайсың» дейді (Али əл-Муттақи III, 741-742).

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) басқа бір хадисінде Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ету мен жақсылық істеген адамға рақмет айтудың арасындағы байланысты былайша түсіндіреді: «Адамдарға рақмет айтпаған адам – Аллаһқа шүкір еткен болып саналмайды» (Əбу Дəуіт, Əдеп, 11/4811; Тирмизи, Бирр, 31).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) адамзат атаулына

берілген ең ұлы нығметтердің қатарына «шүкір ететін жүректі» де жатқызған болатын. Бұл жайында Сәубан (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«...Алтын мен күмісті жиып қойып, бұларды Аллаһ жолында жұмсамайтындарға күйзелтуші азап болатынын сүйіншіле!» (Тәубе сүресі, 34-аят) аяты түскен кезде біз Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге сапарда болатынбыз. Сахабалардың кейбіреулері:

«Міне, алтын мен күміс жайында түсетіндер түсті. (Бұдан кейін оларды жимайтын боламыз.) Енді, қандай мал-мүлік біз үшін қайырлы екенін білсек қой, соны ғана жинайтын едік» десті. Бұған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай жауап берді:

*«Ие болған нәрселердің ішіндегі ең құндысы – **зікір етуші тіл, шүкір етуші жүрек, және де күйеуінің иманына көмекші болатын салихалы жар»*** (Тирмизи, Тәфсир, 9/3094)**.**

***

Дәуіт Пайғамбар аләйһис-сәләм да Раббысына көп-көп шүкір ететін еді. Ол бір жолы былай деген болатын:

– Уа, Раббым! Мен Саған қалайша шүкір етемін?! Шын мәнінде де, Саған шүкір етуімнің өзі – Сенің мейіріміңнің арқасында емес пе?!

Сонда оған былайша уахи етілді:

– Саған берілген нығметтердің барлығын Менен екендігін білесің бе?

Хазірет Дәуіт: «Иә» деп жауап берді.

Сонда Аллаһ Тағала:

– Осылай түсінуіңнің өзі Менің сенен разы екендігімді көрсетеді, - деді.[188]

***

Хазірет Омар (радиаллаһу анһу) бір мүминді көреді: ол «Аллаһым! Мені аздардың қатарынан жазғайсың!» деп дұға етіп жатқан еді. Омар (радиаллаһу анһу) оның не үшін бұлай деп жатқанын түсіне алмайды. Соңында:

– Не үшін бұлай дұға етіп жатырсың? - деп сұрайды. Ол кісі былай деп жауап береді:

– Аллаһ Тағала: **«...Құлдарымның ішінде шүкір ететіндері өте аз» деген ғой** (Сәбә сүресі, 13-аят)**.** Мен сол бақытты аздардың қатарында болуды қалаймын.

188. Ибн Кәсир, Қисасул-Әнбия, Бейрут, Дарул- Қалам, 524-б.

Бұл пікірге қатты сасып қалған Омар (радиаллаһу анһу):

«Өкініштi-ақ! Бәрі де Омардан ақылды әрі дана» деп өз-өзінен қапаланады (Ибн Әби Шәйбә, Мусаннаф, VII, 81).

***

Жүнәйд Бағдади жеті жасында нағашы ағасы Сәри Сақати оны өзімен бірге қажылыққа алып барады. Мешіт әл-Харамның ішінде өткізілген сұхбаттардың бірінде «шүкір ету жайлы» сөз етіледі. Ол жердегі ілімді адамдар бір-бірден білгендерін айтып болған соң Сәри Сақати Жүнәйдқа да пікірін айтуын ымдайды. Жүнәйд бір сәт ойланып тұрады да, мына бір керемет жауапты айтады:

«Шүкіршілік ету дегеніміз – Аллаһ Тағаланың берген нығметтерімен Оған қарсы шықпау, әрі сол нығметті жаман істерде де пайдаланбау» (Фәридуддин Аттар, 318-бет)**.**

***

Шүкіршілік жайындағы Ибраһим бин Адхам мен Шақиқ Балһи арасында өткен мына бір сұхбат та зор хикметке ие:

Шақиқ Балһи Ибраһим бин Адхамнан сұрайды:

– Тұрмыс-тіршілік ету мақсатында не істейсіздер?

– Таба алсақ шүкір етеміз, таба алмасақ сабыр етеміз...

Шақиқ Балһи:

– Мұндайды Хорасанның иттері де істей алады ғой, - дейді. Кейін Ибраһим бин Адхам сұрайды:

– Ал, сіздер не істейсіздер?

Бұған Шақиқ Балһи былай жауап береді:

– Тапсақ, шүкіршілік етіп, қайыр-садақа жасаймыз, ал таба алмасақ, тағы да шүкіршілік етіп, сабыр сақтаймыз.

***

Шын мәнінде де, Аллаһ Тағаланың берген барлық нығметтеріне кәміл түрде шүкіршілік етуге дәрменсізбіз. Бірақ та, қолдан келгенше мадақ айтып, шүкіршілік ететін болсақ, Хақ Тағала азымызды көп ретінде қабыл етіп, бізден разы болады деген үміттеміз. Аллаһтың достарының бірі Хазірет Бишр Хафи осы тұрғыдан жақсы бір мысал бола алады:

Ол кісі дүниеден озған соң біреулердің түсіне кіреді. Одан:

– Аллаһ Тағала сен жайында қандай үкім берді? - деп сұрағанда ол төмендегідей жауап берді:

– Аллаһым мені кешірді әрі маған жәннатты уәде етіп былай деді:

«Ей, Бишр! Егер Мен үшін жанып тұрған оттың үстінде сәжде етсең де құлдарымның жүрегіне сен үшін ұялатып қойған сүйіспеншілігімнің шүкіршілігін өтей алмас едің!» (Құшайри, Рисалә, Бейрут 1990, 406-бет).

***

Мұсылман генералдарынан Барбарос Хайреддин дұшпаны Андреа Дорияны Превезе деген жерде жеңіліске ұшыратады. Андреа Дория халі нашарлап, бар-жоғынан айрылудан қорқып, әрең дегенде қашып құтылады.

Барбарос он мыңдаған тұтқынды алып, Сарайбұрнынан Халичке қарай кіріп келе жатты. Бұл мұсылмандар үшін үлкен жеңіс болатын. Осы керемет жағдайды алыстан кейбір ел ағалары, уәзірлер де көріп тұрады. Солардың ішінен біреуі:

«Сұлтаным! Дүние мұндай көріністі неше рет көрген екен?! Бұл керемет қой! Сіздер қаншалықты қуансаңыздар да, қаншама мақтансаңыздар да аз шығар!» - деді.

Сонда Ұлы билеуші Қануни былай деді:

«Генерал! Біздің мақтанғанымыз дұрыс па, әлде осыншама жеңістерді нәсіп еткен Ұлы Раббымызға шүкіршілік еткеніміз жөн бе?!»

Неткен Ислами тәрбие, неткен ғажайып көңіл десеңізші...

***

Қорыта айтатын болсақ, әрбір сәтте Аллаһқа шүкіршілік етіп, мадақ айтып жүру өте маңызды құлдық міндетіміз болып саналмақ. Осы маңызды міндетті орындауымыз біздің әрі Аллаһқа жақындауымызға, әрі нығметтердің артуына себеп болады. Осы туралы Мәулана қандай **жақсы айтқан:**

«Нығметке шүкіршілік ету нығметтен де жағымды! Шүкіршілікті жақсы көретін адам шүкірді тәрк етіп, нығмет жаққа ауып кете ме?! Шүкір ету – нығметтің жаны (рухы). Нығмет болса тері, қабық сияқты. Себебі, сені Аллаһтың құзырына тек қана шүкіршілік алып барады. Нығмет – адам баласының мүқият болуымен қатар, қапы қалуына да себеп болуы мүмкін. Ал, шүкір ету болса – үнемі мүқияттылыққа себеп болады. Сен есіңді жиып ал да, шүкіршілік нығметі арқылы нағыз нығметті ізде!»

17. БАТЫЛДЫҚ

Батылдық (шажағат) сөзі қаһармандық, ержүректілік, батырлық, ерлік, жүректің тұрақтылығы, қиыншылық пен қауіп-қатер кезінде төтеп беру сияқты мағыналарға келеді. Бұл ұғым адамдардағы ашу-

ыза сезімі мен осының қарама-қарсы мағынасы болып табылатын «қорқақтық» сезімінің арасындағы орта жол болып саналады.

Батылдық негізі Аллаһ Тағаланың белгілеп берген тағдырына разы болып, мойынсұну деген сөз. Сондықтан да, тағдырға иман келтіріп, тәуекел еткен мұсылманға қорқақтық пен қорлық жараспайды.

Сәубаннан (радиаллаһу анһу) риуаят етілген хадис бойынша Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Сізге шабуыл жасау мақсатында бөтен қауымдардың бейнебір тамаққа жүгіріп келе жатқан ашқарақтардай бір-бірлерін шақыратын уақыт таяп қалды».

Сонда бір сахаба сұрады:

– Ол күні санымыз аз болғандықтан осындай халге түсеміз бе, уа, Расулаллаһ?

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай айтты:

– Жоқ. Керісінше, ол күні сан жағынан көп боласыздар. Бірақ сіздер бір су ағызып бара жатқан шөп-шалаң сияқты, ешқандай салмағы жоқ адамдардай боласыздар. Аллаһ дұшпандырыңыздың жүрегінен сіздерден қорқу сезімін алып қояды, ал сіздердің жүректеріңізге болса даафты (әлсіздікті) орнықтырады!

Ол жердегілер:

– Дааф не деген сөз, уа, Расулаллаһ! десті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Дүниені жақсы көру әрі өлімнен қорқу» деп жауап қатты (Әбу Дәуіт, Мәлаһим, 5/4297).

Демек, жүректерден батылдық пен ерлік кетіп, орнына дүниеге берілушілік және өлімнен қорқу сияқты сезімдер орныққан кезде мүминдер қор бола бастайды. Осылайша, дұшпандарының алдарында ешқандай да қасиеті мен құны қалмайды.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өткен батыл адамды табу мүмкін емес-ті. Ол әдеттен тыс, күтпеген жағдайларға тап болғанда да, сабырлылық пен шыдамды болып, қорқыныш және сасқалақтау сезімдеріне бой алдырмайтын, қисынсыз әрекеттерге бармайтын.

Аллаһ Тағала өз елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижрет ету жайлы әмір еткен кезде бұдан хабардар болған Құрайш

мүшріктері Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйін қоршап алып, сыртқа шығар-шықпас қылышпен шауып өлтірмекші болды. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш қорықпастан, есігін ашып, мүшріктердің басына топырақ шашқанда Ясин сүресінің алғашқы аяттарын оқыған бойы араларынан байсалдылықпен өтіп кете барған (Ибн Сағд I, 227-228).

***

Хазірет Али (радиаллаһу анһу) былай деген:

«Біз Бәдірде Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артына тығылатынбыз. Ол күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүшпанға ең жақын жерде жүрген еді, әрі адамдардың да ең батыры, ең мықтысы болатын» (Ахмед I, 86).

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһума):

«Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да жомарт, одан ержүрек, одан мықты ешкімді көрмедім» деген еді (Ибн Сағд I, 373).

***

Ухудта мүшріктерден бір адам түйемен алаңға шықты да:

– Менімен төбелесетін біреу бар ма? - деп сұрады.

Мүшрік кісі барлығының өзінен қорқып тұрғанын білген соң әлгі сөзін үш рет қайталады. Сол кезде Зүбәйр бин Ауам (радиаллаһу анһу) ортаға шықты. Түйеге секіріп мініп, мүшрікке жабыса кетті. Екеуі түйенің үстінде біраз уақыт алысты. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Төмен қарай тарт, жерге құлат оны» - деді. Көп уақыт өтпей мүшрік жерге құлады. Зүбәйр келіп, оны өлтірді. Осыдан кейін Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер Зүбәйр шықпағанда, бәрі де артқа шегініп тұрғандықтан, мен ортаға шықпақшы едім» - деді.

***

Меккелік мүшріктерден Үбәй бин Халәф Исламның ең жауыз дұшпандарының бірі болатын. Хижреттен бұрын Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мен бір ат бағып жатырмын. Оған ең мықты нәрселерден жегізіп жатырмын. Күндердің бірінде соған мініп, сені өлтіретін боламын, - деген еді.

Рауслуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бір күні:

«Инша Аллаһ, мен сені өлтірермін» деп қойды.

Ухуд соғысында осы есуас мүшрік Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) іздеп, былай деп айтады:

«Егер бүгін ол құтылып кететін болса, онда мен түкке тұрғысызбын деген сөз!»

Сөйтіп, Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіру мақсатында тіпті жанына дейін жақындайды. Сонда сахабалар оны өлтірмекші болады. Ал Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қоя беріңіздер, келсін» - дейді.

Үбәй бин Халәф жақындаған соң Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сахабаның найзасын алады. Сонда Үбәй кері қарай шегіне бастайды. Бірақ та Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қайда қашып барасың, ей өтірікші?» деп оған найзаны лақтырады. Найза оның мойнына сәл ғана тиіп жалап өтсе де, ол дереу атынан түсіп, сандалып барып, есеңкіреген күйі өз жақтастарына қарай қаша бастады. Бір жағынан жүгіріп, бір жағынан көздері алақандай болып айқайлап жатып:

– Ант етейін, Мұхаммед мені өлтірді! - деді

Сонда қасына келген мүшріктер оның жарасына қарады да:

– Бұл әншейін сыдырылған ғой, түк те болмапты, - десті.

Сонда да Үбәйдің жаны жай таппай:

– Мұхаммед Меккеде болған кездері маған: «Мен сені өлтіремін» деп айтқан болатын. Ант етейін, ол маған бір рет түкірсе де, мен өлетін боламын... - деді.

Кейін тағы да қатты айқайлай бастады. Дауысы бейнебір ақырған өгіздің дауысындай естіліп жатты. Сонда Әбу Суфян:

– Осы сәл ғана сыдырылғанға соншама айқайлайсың ба? - деп оны кінәлады. Бұған жауап ретінде Үбәй былай деді:

– Сен білесің бе, осыны кім істеді? Мұхаммед істеді. Бұл жара – соның қолынан болған. Лат пен Ұззаға ант етейін, осы жарадан сезініп жатқан ауруды бүкіл араб жазирасына таратып берсеңдер, олардың бәрі де жоқ болып кететін еді. Мұхаммед маған Меккеде: «Сені міндетті түрде өлтіремін» деген еді. Мен тура сол уақыттан бері оның қолымен өлтірілетінімді сезіп жүргенмін».

Осылайша, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жауыз дұшпаны болып саналатын Үбәй ақыр-соңында Меккеге жетулеріне бір күн қалғанда, жолда жан тапсырды (Ибн Исхақ, 89-б; ибн Сағд II, 46; Хаким II, 357).

***

Мұхаммад бин Мәсләмә да Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) батырлығы жайлы былай дейді:

Құлақтарыммен естідім, көздеріммен де көрдім, Ухуд соғысында мұсылмандардың кейбіреулері қаша бастаған кезде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жалғыз өзі қалса да, олардың артынан:

«Ей, пәленше! Кел бері. Ей, пәленше, мына жаққа кел. Мен Расулуллаһпын ғой» деп дауыстап жатқан еді (Уақиди I, 237).

Осы ақиқатты мына бір аят та баяндайды:

«Сол уақытта сіздер соғыс майданынан жылдам түрде қашып бара жатып, ешкімге де қарамай тұрған едіңдер. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса (ешқайда қашпастан, зор ержүректілік танытып), арттарыңыздан сіздерді шақырып жатқан болатын…» (Әли Имран сүресі, 153-аят)**.**

***

Ухуд соғысы кезіндегі келісім бойынша мүшріктер мен мұсылмандар бір жылдан кейін қайтадан соғысуы тиіс еді. Осы келісімге орай Әбу Суфян мүшріктерге қолбасшылық етіп, Марруз Заһран деген жерге дейін келеді. Бірақ, іштей қорқып, кері қайтуды көздей бастайды. Сөйте тұра, масқара болмас үшін Мәдинаға бір адамын елші етіп жіберуді жөн көреді. Барып, біз өте қалың қолмен жолға шықтық, бізден жеңілетін боласыңдар, деп қорқытуын айтты. Осылайша, мұсылмандарды қорқытып, соғысқа шығуларына кедергі болуды мақсат тұтты.

Әлгі елшісі Мәдинаға барғанда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғысқа дайын болатын. Тіпті, жолға шығуға да әмір берген еді. Елші кісі Әбу Суфянның қорқып, кері қайтқанын білгені үшін мұсылмандарды соғысудан қатты қорқытып, жолға шықпаулары үшін қолдан келгенін жасап жатқан еді. Өзіне айтылған өтіріктерге тағы да өтіріктер қосып, егер мұсылмандар Меккелік мүшріктермен қаланың сыртында соғысатындай болса, қатты соққыға ұшырайтынын айтып жатты. Осы сөздерден, сондай-ақ мұнафықтардың әрекетінен кейбір мұсылмандардың жүректерінде үрей пайда болып, соғысқа шықпаудың жолын қарастыра бастады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Құдіреті күшті Аллаһқа ант етіп айтайын, қасымда ешкім қалмаған күннің өзінде, жалғыз өзім болсам да соғысуға барамын».

Осыдан кейін Аллаһ Тағала мұсылмандарға жәрдем етіп, жүректеріне нық сенім ұялатты (Ибн Сағд II, 59; Уақиди I, 386-387).

***

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ерлік танытқан көптеген оқиғаларының тағы біреуі Хунейн соғысы кезінде орын алған еді:

Ол күні бәрі де дұшпаннан қашып жатқанда тек Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аттың басын дұшпан жасағына қарай бұрып, тіпті өзін жолдан тоқтатпақшы болған кейбір сахабаларға да назар аудармаған болатын. Осылайша, тек алға жылжыды (Мүслим, Жиһад, 76).

Хазірет Әнәс (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Хунейн күні Һауазин, Ғатафан және басқа да тайпалар бала-шағасы мен түйелерін алып, соғыс орнына келді. Ол күні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында он мың әскер бар болатын. Меккенің алынуынан кейін кешіріп жіберілген меккеліктер де мұсылмандардың сапында болатын. Соғыс енді басталғанда бәрі де қаша бастады. Соңында Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жалғыз өзі қалды. Аллаһтың Елшісі сол күні екі-ақ рет дауыстады. Осы екі рет дауыстауының арасында ештеңе де сөйлеген жоқ. Яғни, оң жағына бұрылып:

– Ей, Ансар жамағаты! - деді. Ол жердегілер:

– Айта беріңіз, уа, Аллаһтың Елшісі! Тыңдап тұрмыз, - десті.

Кейін Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол жаққа бұрылып, оларға да:

– Ей, Ансар жамағаты! - деп дауыстады. Ол жердегілер де:

– Ләббәйк, уа, Аллаһтың Елшісі! Біз сізбен біргеміз, - деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақ бір қашырдың үстінде болатын, содан жерге түсті де:

«Мен Аллаһтың құлы әрі елшісімін ғой» - деді.

(Содан кейін барлық мұсылмандар жиналып, арнайы шабуылды бастаған соң) мүшріктер жеңіліске ұшырай берді... (Бұхари, Мәғази 56, Хумус 19, Мәнақиб 14; Мәнақибул Ансар 1; Мүслим, Зекет 135).

Күндердің бірінде бір кісі Бәра бин Азибтің (радиаллаһу анһу) жанына келіп:

– Ей, Әба Умара! Хунейн күні барлығыңыз қашып кетіп па едіңіздер? - деп сұрады.

Сонда Бәра:

– Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қашпағанына мен куәлік етемін! Жасақтағы жүгі жеңіл алдағылар мен сауыты жоқтар дұшпанымыз – Һауазин жасағына қарай жүрді. Олар – садақшылар

болатын. Біздің әскерлерді шетінен қыра бастады. Содан кейін біздікілер қаша жөнелді. Осыдан кейін дұшпан жасақтары Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарай шабуыл жасауға көшті. Аллаһтың Елшісінің қашырын Әбу Суфян ибн Харис атты сахаба тартып бара жатқан еді. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қашырдан түсті де Аллаһқа жалбарынды. Сонда Пайғамбарымыз былай деп жалбарынғанды:

«Аллаһым! Мен Пайғамбармын, өтірік емес. Мен Абдул Мутталиб ұрпағынанмын. Өзің көмектес...»

Содан кейін әскерлерді тәртіпке келтірді.

Бәра (радиаллаһу анһу) өз сөзін былайша жалғастырады:

«Уаллаһи! Соғыс қызған кездерде біз Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) панасына тығылатын едік. Біздің арамыздағы ең ержүрегіміз – Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір қатарда тұра алатынымыз еді» (Мүслим, Жиһад 79; Бұхари, Мәғази 54, Жиһад 52, 61, 97, 167).

***

Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың ең көріктісі, ең жомарты әрі ең ержүрегі болатын. Мәдинада бір айқай-шу естілсе немесе бір қорқынышты жағдай орын алса, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу Әбу Талханың Мәндуб деген атын аманатқа алып, айқай-шу естілген жаққа қарай кететін. Қай жерде болмасын, бір айқай дауыс естілсе, Аллаһтың Елшісі сол сәттің өзінде-ақ Мәндубпен міндетті түрде жетіп баратын еді.

Сондай түндердің бірінде мәдиналықтар бір айқай естіп, қатты қорқады. Үрейленген күйі сол жаққа қарай барады. Сөйтсе, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардан бұрын ол жаққа барып, жағдайды біліп, кері қайтып келген екен. Әбу Талханың атына мініп, мойнына қылышы ілулі халде сахабаларға:

«Қорықпаңыздар! Қорықпаңыздар!» деді.

Ал аты Мәндубты «Бейне бір сел (топан су) секілді, өте жылдам-ақ!» деп мақтап жатты (Ибн Сағд I, 373; Бұхари, Әдеп, 39).

***

Сахабалардың көпшілігі Бәдірде қатты шайқасып, зор қаһармандық таныттты. Әсіресе, Аллаһтың арыстаны Хазірет Хамза (радиаллаһу анһу) үлкен ерлік көрсетіп, батылдықтың керемет үлгісіне айналды. Сол кездері мұшріктердің көсемдерінің бірі болған Умәйя бин Халәф атақты сахабалардан Абдурраһман бин Ауфтан:

– Соғыста белгі ретінде кеудесіне түйе құстың қанатын тағып алған кім еді? - деп сұрады.

– Ол Хамза бин Абдул Муттәлиб, - деп жауап бергенде, Умәйя:

– Міне, біздің басымызға не келген болса, содан келді, - деді (Ибн Хишам II, 272).

* * *

Ухудта шайқас қызған уақытта Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолына бір қылыш алып, былай деді:

– Мұны менен кім алады?

Сол жердегі сахабалар:

– Мен, мен, - деп қылышты алу үшін қолдарын соза бастайды. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Бұл қылышты, шын мәнінде хаққысын беріп қолдану үшін кім алады? - деп сұрады. Сонда көбісі ойланып қалды. Кейін ансардан Әбу Дұжанә (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып:

– Мен аламын, хаққысын беру үшін аламын, уа, Расулаллаһ! - деді (Мүслим, Фадайлус-Сахаба, 128).

Әбу Дұжанә қылышты алған соң:

– Мұның хаққысы не, уа, Расулаллаһ? - деп сұрады.

– Оның хаққы – қылышың иіліп, майысып кеткенше дұшпанмен соғысуың... - деп жауап берді Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм).

Әбу Дұжанә қылышты алды да қызыл түсті сәлдесін басына орап, Ислам саптары мен мүшріктердің саптары арасында өте байсалды, байыпты әрі тәкаппарлана жүре бастады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның осы тәкаппарлана жүрісін көріп:

«Бұл – сондай жүріс, осындай (соғыс) кездерінен басқа уақытта бұлай жүргендерді Аллаһ жек көреді» деді (Ибн Хишам III, 11-12).

* * *

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әпкесі Хазірет Сафия Хандақ соғысы кезінде әйел және балалармен бірге Хассан бин Сабиттың «Фари» атты сарайында болатын. Яһудилерден он шақты кісі әлгі сарайға келіп, оқ жаудыра бастады. Олар ішке кірмекші болды. Солардың ішіндегі біреуі сарайдың айналасын қарап, ашықтау бір жер іздеп жүрген еді. Ал осы уақытта Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз сахабаларымен Хандақта дұшпандармен соғысып жатқан болатын.

Хазірет Сафия (радиаллаһу анһа) амал жоқтан, осы тығырықтан шығу үшін өзі амал жасауға көшті. Басын бір орамалмен жақсылап байлап, қолына бір таяқ алды. Сөйтіп, сарайдан төмен қарай түсе бастады. Есікті ашып, байқатпастан әлгі жүрген яһудиге жақындай бастады. Қолындағы таяғымен оның басынан ұрып, өлтірді.

Сонда оның өлгенін көрген өзге де яһудилер қатты сасып:

«Бізге бұл жердегі әйелдерді қорғаштайтын ешкім жоқ деп еді ғой» деді де қорқып, қаша жөнелді (Хайсәми VI, 133-134; Уақиди II, 462).

***

Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Мутә соғысы болған күні қолымда тоғыз қылыш сынды. Тек Йеменде жасалынған мықты бір қылыш қана төтеп берді (Бұхари, Мәғази, 44).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабалардың жолын қуған Хазірет Нежмеддин Кубра өз елі Харезм монғол дұшпандарымен соғысуға мәжбүр болғанда шәкірттерімен бірге ерлікпен шайқасып, соңында шейіт болған еді. Сопылық мәдениетінде шейіт болуды арман еткен, шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұмтылатын, әрі ерлік үлгілерін паш еткен тақуа батырлар да ержүректілік пен батылдықтың маңызды мысалдары бола білген.

***

Осман империясын жойып, Византияны құтқару әрі мұсылмандардың билігінде болған Құдусты қолға түсіру сияқты мақсаттармен біріккен кресшілер жасағы әрекетке көшіп, Османлы жерлеріне дейін басып кірген еді. Олар Туна өзенінің жағасындағы Нигболу қаласын қоршап алған болатын.

Мұны естіген Йылдырым Баязид өзіне тән (найзағайдай жылдам) әрекеттермен Нигболу жаққа келді. Қаланы беріп қоймауларын айту үшін, тіпті түннің жартысында жалғыз өзі атына мініп, дұшпан саптарын басып өтті де, қорғанның дәл түбінен қала қолбасшысын шақырды:

– Ей, Доған! Доған!..

Сұлтанның дауысын таныған Доған мырза қатты таң қалып, дереу мұнараның үстіне шықты:

– Тыңдап тұрмын, әміршім...

Патша Йылдырым Баязид өзінің қысқаша тәлімін берді:

«Доған! Мен әскерлермен бірге келдім. Байқаңдар, қаланы беріп жүрмеңдер!» деді де, қараңғылыққа қарай кіріп, көзден ғайып болды.

Ертесі күні кресшілермен болған қанды шайқас Йылдырым Ханның

зор жеңісімен аяқталды. Осы кресшілер жорығына үлкенді-кішілі бүкіл Еуропа елдері әскер берген болатын. Солардың арасында он мыңға тарта француз кавалерлері (яғни, орденмен марапатталған әскерлер) де бар еді, тіпті олар: «Аспан құлайтын болса, осы найзаларымызбен ұстап қаламыз» деп даңдайсыған-ды. Алайда, кресшілер Осман империясының иман нәрімен сусындаған шабуылдарына төтеп бере алмай, түгеп-таусылған болатын. Сол күні Йылдырым Баязид көптеген жарақат алды, аты да жараланып құлады. Бұған қарамастан, басқа бір атқа мініп, соғысты жан-тәнімен басқарып, жеңіске қол жеткізді.

***

Йылдырым Баязид хан Ниғболу жеңісінде көптеген ақсүйектер мен кавалерлерді тұтқынға алған болатын. Сол тұтқындардың арасында француздардың атақты кавалері ержүрек Жен (Jean) де бар еді. Йылдырым Баязид хан оларды фидия (салық) алу арқылы бостандыққа жіберді. Сондай-ақ, елдеріне қайтатын күні бәріне де ас берді. Барлық кавалерлер Сұлтанның осы адамгершілік қасиеттерін көріп, өздерінің тұтқындарына жасаған тірліктерін ойлап, қатты ұялып қалады да:

«Осы уақыттан бастап, Анадолы және Румелінің ханы Йылдырым Баязидке қарсы келмейтінімізге әрі оған қарсы қару қолданбайтынымыз жайлы ар-намысымызбен ант етеміз!» десті.

Олар өз сөздерін міндетсініп айтып болған соң Йылдырым Баязид көпірлер қауымына керемет бір үлгі боларлықтай мықты дауысымен былай деді:

«Еуропада Ержүрек деген лақапқа ие болған Жен және достарының маған қарсы қару-жарақ қолданбайтыны жайлы берген уәделерін өздеріңе кері қайтарып берейін! Одан да барыңдар да, қайтадан қол жинап, бізге қарсы келіңдер. Біліп қойыңдар! Солайша қайта келсеңдер де маған жеңіс әкеледі. Өйткені, мен – Аллаһтың дінін үстем ету жолында, Аллаһтың разылығын табу үшін дүниеге келгенімді сезінетін сұлтанмын. Сондықтан да, Ұлы Аллаһтың көмегі бізбен бірге. Егер, кімде-кімнің жәрдемшісі Аллаһ болса, оны ешқандай күш-құдірет жеңе алмайды!»

***

Ал мына бір оқиға Осман әскерлерінің батылдығын көрсететін ғажайып мысал:

Превезе жеңісімен сүйіншілеу үшін ат жүгіртіп, бар күш-қайратымен жетіп келген әскер Топкапы сарайына кірген соң аттың тізгінін тартып, екі аяғымен біраз уақыт айналып тұрады. Осы көрініске куә болған Қануни әлгі әскерге:

– Неткен асау көлікпен келгенсің! - дегенде, ол:

– Әміршім! Ақ теңіз де асау ат сияқты болатын. Алайда, біз оның да есін жидық!.. деген жауап қатты. Бұл да әрине, иманның берген күшінің арқасында қол жеткізген жетістік еді.

***

Чанаккале соғысы кезінде дұшпандар Мармара теңізінен өтіп кетуі мүмкін деп содан сақтану үшін падишах пен үкіметті Ескішәһірге көшіру жоспарланған болатын. Тақтан алынып, Бейлербейі Сарайына қамалған II Абдулхамид хан бұл жағдайды естіген кезде қатты қарсы шығып, өте батыл түрде былай деген еді:

«Мен Фатих Сұлтан Мехмет ханның немересімін!.. Еш уақытта менің Византия императоры Константиннен төмен келуіме болмайды. Атам Фатих Стамбұлды алар кезде, тіпті Константиннің өзі әскерлерінің басында жан-тәнімен соғысып қайтыс болған. Аллаһ жазбасын, егер дұшпан әскерлері шынында да Чанаккаледен кіретіндей болса, мен де қолыма қару алып, қарапайым әскер сияқты соғысқа кірісемін де, өле-өлгенше соғысамын. Дұшпан әскерлері Стамбұлға тек менің мүрдемді басып қана кіре алады. Ел басындағы бауырым Рәшадқа да айтыңдар, ол да ешқайда кетпесін. Ол және үкімет Стамбұлдан шығатын болса, қайтып біржолата кіре алмайтын болады».

Оның осындай ұстамдылығының арқасында падишах пен үкіметтегілер Стамбұлда қалады. Осының арқасында мемлекеттің құлауының алдын алды.

***

Француз саяхатшысы А.Л.Кастеллан Осман елінің адамдарындағы батылдық пен ержүректілікті мына сөздері арқылы жеткізеді:

«Қаза мен тағдыр сенімі Осман әскерлерінің сауытына сіңіп, мөр болып кеткен. Осы сенімнің арқасында оларда күш-жігер, ерлік пен батырлық туып отырады. Өлімді де тәуекел деп қарсы алулары осыдан болар. Міне сондықтан да, көзбен көрініп тұрған қауіпті жағдайлар да оларды қорқыта алмайды. Қаншама оттың ішіне түсіп, найзаларға көкірегін керіп, бүкіл денелері тесіліп кетсе де, егер ажалы келмегеніне толық көз жеткізсе, өмірлерінен үміт үзбейді».

***

Қорыта айтқанда, мүминдер тек Аллаһтан ғана қорқады әрі Оған деген тәуекелдерінің арқасында Одан өзге ешкімнен де, ешнәрседен де қорықпайды. Ержүректілікпен және батылдықпен Аллаһтың бұйрықтарын орындайды. Ақылға салып, күш-жігерлерін қайда, қалай жұмсау керектігіне баса назар аударып, соған сай әрекет жасайды.

Аллаһ Тағала осы жағдайды бір аятта былайша суреттеген:

«Ол пайғамбарлар (сондай таңдаулы пенделер) **– Аллаһтың әмірлерін жеткізеді, тек Аллаһтан ғана қорқады, әрі Аллаһтан өзге ешкімнен де қорықпайды…»** (Ахзаб сүресі, 39-аят)**.**

18. ИСТИҚАМАТ – ТУРА ЖОЛМЕН ЖҮРУ

Истиқамат – қандай да бір мақсатқа жетуде тура жолмен, үздіксіз, тоқтамастан, үнемі жалғастыра отырып алға жылжу деген сөз. Ал, тасаууф терминіндегі мағынасы: жаратылысымыздағы тазалық пен пәктікті ластамай, сол күйінде кіршіксіз сақтай алу дегенге саяды.

Басқаша айтқанда, истиқамат – Аллаһтың Елшісіне деген сүйіспеншілікті сезініп, Оның ғибратты өмірінен сабақ алу, Оның көркем ахлағымен жүруге тырысу, Құран мен сүннетке сай ғұмыр кешу, нәпсілік қалаулардан ұзақ болып, құлшылық, пенделік және де адамгершілік сырларына қол жеткізу дегенге саяды.

Хаққа жету үшін тура жолдан өзге жолдың жоқ екені ақиқат болса, үнемі истиқаматты ұстанудай қиын істің жоқтығы тағы бір ақиқат. Сондықтан да, Хақ жолында истиқамат (тура жолмен жүру) үлкен кермет (әулиелік сипаты) болып саналған.

Аллаһ Тағала тура жолмен жүргендерді былайша сүйіншілеген:

«Шынында да, «Раббымыз Аллаһ» деп, кейін истиқаматта болғандарға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар, қайғырмаңдар, сіздерге уәде етілген жәннат үшін қуаныңдар! Біз дүниеде де, ақыретте де сіздердің достарыңызбыз. Кешірімді әрі мейірімді Аллаһтың сыйы ретінде ол жерде жаныңыз қалаған, армандаған барлық нәрсе сіздер үшін әзір» дейді» (Фуссилат сүресі, 30-32 аяттар)**.**

«Раббымыз Аллаһ деп, кейін истиқаматта болғандарға ешқандай қайғы-қасірет те уайым да жоқ. Олар жасағандарының жауабы ретінде жәннатта мәңгі бақи қалады» (Ахқаф сүресі, 13-14 аяттар)**.**

Истиқаматты ұстанушылардың жолы – сиратул-мустақим (яғни, түп-тура жол). Осы түп-тура жолда жүре алатындар жайлы Құранда былай делінген:

«Кімде-кім Аллаһқа және Елшісіне итағат етсе, міне солар Аллаһ мейірім еткен Пайғамбарлар, шыншылдар, шейіттер және ізгі құлдармен бірге болады. Бұлар – неткен жақсы достар!» (Ниса сүресі, 69-аят)**.**

Сиратул-мустақим – таңдаулы пенделердің жолы. Истиқаматтың негізі иман мен тақуа. Осы екеуінің орны – жүрек. Сондықтан да, истиқамат дегеніміз жүректегі иман мен тақуаның денемен үйлесімге

келуі. Жүректегі иман, ықылас пен истиқаматтың (тұрақтылық) пайда болуына жол ашып, оны тоқтаусыз қылады. Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Тіл дұрыс болмаса (яғни, истиқаматта болмаса) – жүрек түзелмейді. Ал жүрек дұрыс болмаса – иман дұрыс болмайды» (Ахмед III, 198).

Мұмин кісі бұл өткінші дүниеде үнемі тура жолда болып, ешқашан Хақ жолдан айрылмауы тиіс. Бір ақын неткен керемет баяндаған десеңізші:

Қорықпа дұшпаннан, от болса да жандырмас сені,

Мустақим (дұрыс) бол, Аллаһ та ұялдырмас сірә сені.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқылы біздей үмбеттеріне былай деген:

«(Ей, Сүйіктім!) **Қалай бұйырылған болсаң, осылайша истиқаматты** (тура жолды) **ұстан. Сенімен бірге тәубе еткен** (мүминдер) **де әмір етілгеніндей, тура жолды ұстансын. Және де** (осы мәселеде) **шектен шығушы болмаңдар!»** (Һуд сүресі, 112-аят)**.**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Һуд сүресінің осы аяты жайлы: *«Мені Һуд сүресі қартайтты...» деген еді* (Тирмизи, Тәфсир, 56/3297; Құртуби IX, 107).

Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһума) жоғарыдағы аятқа байланысты былай деген:

«Құран Кәрімде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін осы аяттай әсерлі ескерту болмаған-ды».[189]

Бұл жерде айтылған әмір Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтылғанымен, оны осыншама ойға шомдырған мәселе – тек жеке басының ғана «истиқаматта болуы» емес еді. Ол үмбетін де ойлады. Бұлай дейтініміз, Құранда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайында мақтап: **«**(Ей, Сүйіктім!) **Сен түп-тура жолдасын» делінген** (Ясин сүресі, 4-аят)**.** Ал «түп тура бол» деген әмірдің оны қартайту себебі де – мүминдер үшін уайымдап, қайғыруынан болатын.

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген:

«Түп-тура жолда болыңдар. (Мұның қаншалықты үлкен сауапқа себеп болатынын) аңғара алмайсыздар да. Мынаны да біліп алыңыздар,

189. Нәуәуи, Шарху Сахихи Муслим, Мысыр 1981, II, 9.

ең қайырлы амалдарың – намаз» (Муатта, Тahарат, 6).

***

Суфян бин Абдиллаһ (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Пайғамбарымызға (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған Исламды сондай түсіндіріңіз, нəтижесінде басқа біреулерден сұраудың қажеті қалмасын, - дедім. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм):

«Аллаһқа иман келтірдім де, кейін тұп-тура бол» деп жауап қатты (Мүслим, Иман, 62).

***

Хазірет Əнəстің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алəйһи уə сəлləм) мына бір аятты оқыды: **«Шынында да, «Раббымыз Аллаһ» деп, кейін истиқаматта болғандарға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар, қайғырмаңдар, сіздерге уəде етілген жəннат үшін қуаныңдар!» деп айтады»** (Фуссилəт сүресі, 30-аят)**.**

Кейін былай деді:

«Адамдар осы сөзді (яғни, Раббым Аллаһ дегенді) үнемі айтты, бірақ та көбісі артынан кəпір болып кетті. Кім осы сөзді ұстана жан тапсыратын болса, сол адам истиқаматты ұстанған болады» (Тирмизи, Тəфсир, 41/3250).

***

Ұлы тұлғалардың бірі артына отын артып, əрең жүріп бара жатқан қарт адамды кездестіріп қалады. Оған қарап:

– Ей, қария! Сіз Аллаһтың ризық беретініне сенбейсіз бе, осы жасыңызда да қатты еңбектеніп күй кешудесіз?! Əлде, сізге қарайтындай ешкіміңіз жоқ па? - деп сұрады.

Қария отыншы ол кісінің əлі кəміл еместігін байқап, көздерін көкке қаратты да, қолдарын ашып дұға қылды:

– Уа, Аллаһ! Осы отындарды алтынға айналдыршы...

Əлгі кісі дұға етіп болмастан, əп-сəтте отындары алтынға айналып қалды. Мұны көріп сасып қалған кісі:

– Осыншама кəремет деңгейге жеткен екенсіз ғой, неліктен қиналып, отын тасып жүрсіз? - деп сұрайды.

Сонда отыншы былай жауап берген екен:

– Балам. Мен бұл тірлігімді нəпсіме беріліп, оған құл болып кетпес үшін жасап жүрмін.

Шын мәнінде де, Хақтың құзырында амалдардың қабыл болуы – құлшылықты дұрыс жасауға байланысты».

***

Баязид Бистами (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Ауада молдас құрып отырған адамды көрсеңдер, ол кісінің Аллаһтың бұйрықтары мен тыйым салған нәрселеріне қаншалықты мән бермейтініне қарамай тұрып, «әулие екен, керемет көрсетіп жатыр» деп ойламаңыздар!»

***

Тағы да Хазірет Баязид Бистами былай баяндаған:

Бір күні Дижлә өзенінен арғы бетке өтпекші едім. Жанына барған кезімде Дижлә өзенінің екі жағасы маған жол беру үшін бірікті. Дереу есімді жидым да, Дижләға былай дедім:

«Ант етейін, мен бұған алданбаймын. Өйткені, қайықшылар бір адамды қарсы бетке жарты ақшаға өткізіп қояды. Ал сен болсаң, отыз жылдық амалымды алмақшысың. Олай болса, Махшар алаңы үшін әзірлеген ізгі амалдарымды жарты ақшаға тұратындай іс үшін жұмсамаймын. Маған керемет емес, Кәрим керек (яғни, әулиелер көрсететін таңғажайып оқиға емес, Аллаһтың Өзі керек)!».

***

Бір күні шәкірттері Хазірет Нақшбәндиден керемет көрсетуін қалайды. Хазірет айтты:

«Біздің кереметіміз айқын көрініп тұр ғой. Қараңыз, иығымыздағы осыншама күнәны тасып, орнымыздан тұруымыз, осылармен жер бетінде жүре алуымыздың өзі – керемет емес пе?!»

Содан кейін өміріміздегі ең маңыздысы «керемет көрсету» емес, керісінше «истиқаматта болу» екендігін былайша түсіндірген:

– Егер кімде-кім бақшаға кіргенде ол жердегі барлық ағашқа, барлық жапыраққа тіл бітіп: «Қош келдің, ей, Аллаһтың уәлиі – Аллаһтың досы» деп үн қатса да, бұған еш саспай, алданбау қажет. Қайта құлшылыққа деген құлшынысы мен ынтасы одан да арта түсуі керек.

Сонда кейбір шәкірттер:

– Тақсыр, сіз қаншама жасырғаныңызбен, кей-кейде кереметтеріңізге куә болудамыз, - десті.

Сонда ол кішіпейіл әрі ұлы тұлға:

«Ол көргендеріңіз сіздей шәкірттерімнің кереметі ғой» деді.

Өйткені, ол үнемі кереметтері мен рухани жетістіктерін жасыруға

тырысатын ерекше тұлға болатын. Тіпті, көзі тірісінде оның сөздері мен кереметтерін жазбақшы болған шәкірті Хусамаддин Хажа Юсуфқа келісімін бермеген еді.

Шын мәнінде де, Исламның ұлы кісілері керемет көрсетуді емес, истиқаматта (тура жолда) болуды өмірлік дәстүрге айналдырудың арқасында жоғары деңгейлерге қол жеткізген. Олар кереметті – аспанда құстың ұшуынан, суда балықтың жүзуінен өзге ештеңе де еместігін баса айтатын болған.

Сондай-ақ, олар негізгі мақсат – құс немесе балыққа еліктеп, керемет көрсету емес, керісінше Хақ Тағаланың разылығын табу жолында талмай еңбектеніп, истиқаматта ғұмыр кешу екенін үнемі ұқтырып, өздері де іс-әрекеттері арқылы үлгі бола білген.

Хақ достары – әулие пенделер егер көрсетуге мәжбүр болмаса, ешқашан керемет көрсетуге талпынбаған. Олар тек қана адамдар үлгі алатындай көркем мінез-құлыққа ие болған.

Хазірет Хасан Басридің бір шәкіртіне керемет жайында айтқан мына бір өсиетіне назар аударайықшы:

«Ілім, деңгей, дәреженің жоғары екеніне алданып қалма. Тарихтан Бәлам бин Баураның «Ләухы Махфузға» қарап, ондағы жазуларды оқитындай деңгейге келгенін, ал кейіннен нелерге душар болғанын есіңе түсір». Иә, ол жайында Құранда да айтылған:

«...Бірақ та, ол дүниеге беріліп, нәпсісіне ерді. Оның мысалы бейнебір иттікі сияқты: қасына барсаң да тілін шығарып, дем алады, тәрк етсең де тілін шығарып, дем алады. Міне, аяттарымызды өтірікке шығаратын қауымдардың мысалы да осындай. Бұл қиссаны айтып бер, бәлкім ойланатын болар...» (Ағраф сүресі, 176-аят)**.**

Мәулана Халид Бағдади былай деген еді:

«Истиқаматта (яғни, тура жолда) қайраттылық көптеген кереметтерден де артық. Бұған қоса, егер қол жеткізіп жатқан кереметтері діннің әмірлерін орындауға, одан сайын көбірек құлшылық етуге себеп болмай жатса, демек ол – кереметтер тек пәлекет әрі фитнә ғана деген сөз».

***

Хазірет Мұхаммад Әсад (рахматуллаһи аләйһи) әсіресе алда жүретіндердің истиқаматта болуы керектігіне аса мән бере отырып, былай дейтін:

«Ғалым болсын, шейх болсын, басында тура жолдың сәлдесі болмаған адам соңында зиянға ұшырайтын болады».

«Егер белің истиқамат жүгінің салдарынан иіліп бүгілмеген болса,

қаншама армандағаныңмен Аллаһтың жақынына бара алмайсың!» (Диуан, Истанбул, 1991, 27-бет).

Истиқаматта (яғни, тура жолда) болу мәселесінде тіпті кәміл тұлғалардың өзі де осыншама уайымдап, жүректері қобалжитын болса, біз күнәһар пенделердің одан да көп ойланып, аса мән бергеніміз жөн болар.

* * *

Қорыта айтар болсақ, тура жолмен жүру әрбір мұсылман үшін қажетті. Бірақ оған ие болу да, оны сақтап қалу да қиын нәрсе. Қол жеткізген жетістіктің құны – оған жұмсалған күш-қайратқа байланысты бағаланатындықтан, истиқаматқа қол жеткізгендер жұмсаған еңбектерінің жемісі ретінде жоғары абырой мен шексіз сыйлықтарға ие болады.

19. ӨЗГЕЛЕРДІ ҚАДІРЛЕЙ БІЛУ ЖӘНЕ ОПАЛЫ БОЛУ

Расында да, өзгелерді қадірлей білу және опалы болу Исламдағы ең маңызды қасиеттердің бірі болып саналады. Осы қасиеттерді адамды адам ететін сипаттар деуге де болады. Пайғамбарларға, уәлилерге, ерекше тұлғаларға тән осы қасиеттер рухани өмірімізді байытып тұратын таптырмас ерекшеліктер болып табылмақ. Бұл теңдессіз сезім – жақсы көретін немесе жақсы көруіміз керек болған адамдарға берген мәнмағынамыз, көңіл бөлуіміз және де қадірлеуіміздің көрінісі. Ал, опалы болуды білмейтін жандар – тек өзін ғана, жеке басының мүддесін, яғни пайдаларын ойлайтын менменшіл болады.

Адам баласы бәрінен бұрын Раббысына опалы (шынайы, берілген) болуы керек. Бұл үшін Оның бұйырған әмірлерін орындау қажет. Ұлы Аллаһ Тағала былай деген:

«Аллаһты ұмытқан, міне сол себепті Аллаһ өз-өздерін де ұмыттырған пенделер секілді болмаңдар. Олар жолдан тайған адамдар» (Хашр сүресі, 19-аят)**.**

Аллаһқа деген опагершіліктен кейінгі жоғарғы орында Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген опагершілікті айта кеткен жөн. Бұл опа – «үмбетім, үмбетім» деп Хақ Тағалаға дұғаларында үмбеті үшін жан-тәнімен жалбарынатын Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген алғысымыздың бір көрінісі болып табылады. Пайғамбарымызға деген махаббат пен нағыз сүйіспеншіліктің артуының арқасында пайда болатын осы опа – Оның сүннеттеріне жан-тәнімізбен берілудің арқасында жүзеге аспақ.

Сонымен қатар, кез келген мұсылман кісі Исламдағы ұлы тұлғаларға да, Хақ жолында еңбек еткен уәли пенделерге де опалы болуы тиіс. Себебі, Аллаһтың және Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткізген әмірлері мен тыйымдарын, көркем мінез-құлық үлгілері мен екі дүние бақытына себеп болатын діни үкімдерді біздерге жеткізген осы Хақ достары екенін ұмытпағанымыз жөн.

Опагершілік танытып, алғыс айтуымызды керек ететіндер тек осы жоғарыда санап өткендеріміз ғана емес, әрине. Сондай-ақ, достар мен дін бауырларымызға деген опагершілікке де мән беруге тиіспіз. Бір жағынан, өткен ата-бабалырымызға деген опагершілік, тірілеріміз бен өлілерімізге деген опагершілік, отанға деген опа және де бүкіл аманаттарға деген опа, міне осылардың барлығы да кәміл мұсылман болуымыз үшін өте маңызды жайттар.

Хазірет Мәулана опагершілік пен қадірлеу қасиетін неткен керемет баяндап берген:

«Ғашықтық, махаббат, достық сияқты сипаттардың барлығы опамен байланысты, әрі үнемі опалы адамдарды іздейді. Атап өтілгендер опасыз көңілге еш жоламайды.

Қалам: «Опаның соңында опа, жапаның (жәбірлеудің) соңында жапа келеді» деп жазып қойған, әрі сиясы да кеуіп қалған.

Кез келген патшаға біреу қиянат жасайтын болса, егер ол өз баласы болса да, оның басын алдыртады. Бірақ та, бір құл патшаға опагершілік танытса, көңілдер сол құлға ауады да, оған сыйлықтар беріп, мақтай түседі... Сол құлға жасалынған ілтипатқа, тіпті ешқандай уәзір де ие болмауы мүмкін.

Құл бұлай тұрсын, әншейін үйді қорып отырған иттің өзі егер опагершілікпен жұмысын атқаратын болса, сол иттің иесі оны жақсы көріп, одан разы болады да, сүйіспеншілікпен еркелетеді емес пе?!»

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен атам Ибраһимнің дұғасы, бауырым Исаның сүйінші хабары және де анашым Аминаның көрген түсімін»[190] *дей отырып, оларға деген*

190. Ахмед V, 262; Хаким II, 453.
Ибраһим аләйһис-салам Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайында былай дұға еткен болатын: «Раббым! Іштерінен оларға Сенің аяттарыңды оқитын, Құран мен хикметті үйрететін, оларды бүкіл жамандықтардан пәктейтін бір Пайғамбар жібер...» (Бақара сүресі, 129-аят).
Ал, Иса аләйһис салам өзінен кейін Ахмед есімді бір пайғамбардың келетінін сүйіншілеген еді

опагершілігін, қадірлеуі мен құрметін тілге тиек ететін.

Әлемдердің мырзасы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұдайбия жылы Ұмра қажылығын жасау үшін Меккеге сапар шегіп, жолда Әбуа аулына соғады. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтан рұқсат сұрап, анасының қабірін зиярат етеді. Зират басын өз қолдарымен түзеп, әсерленіп, жылайды. Оның жылағанын көрген өзге мұсылмандар да жылай бастайды. Кейіннен не үшін жылағанын сұрағандарға: «Анашымның маған деген мейірбандығы мен қамқорлығы есіме түсіп, соған жыладым» деп жауап береді (Ибн Сағд I, 116-117; Тағы да қараңыз: Мүслим, Жәнаиз, 105, 108).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеге келгенде Суайба деген әйел де біраз уақыт оған сүт аналық еткен болатын.[191] Ол әйелдің Мәсруһ деген ұлы бар еді. Уақыт өтіп, қаншама жылдардан кейін де Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүт анасына зор опагершілік танытып, құрмет көрсететін. Меккеде болған кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болсын, Хадиша анамыз (радиаллаһу анһа) болсын, одан жақсылықтарын аямайтын еді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға көшкен соң Суайба ханымға үнемі жейтін және киетін нәрселер жіберіп, мұқтаждықтарын өтеп отырады. Хижреттің 7-жылы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбар сапарынан қайтып бара жатқанда оның қайтыс болғанын естиді де, барынша қайғырып:

– Ал баласы Мәсруһ не істеп жатыр? - деп сұрайды. Ол жердегілер:

– Ол анасынан да бұрын қайтыс болған екен, - десті.

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) опагершілік таныту үшін:

«Олардың қандай да бір жақын туысы бар ма?» деп сұрайды. Дегенмен, олардың ешқандай жақыны қалмаған болатын (Ибн Сағд I, 108, 109).

***

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің сүт бауырларына да өте опалы, шынайы қарым-қатынас жасайтын. Сүт анасы Халиманы әр көргенінде «Анашым, анашым» дейтін, оған шын жүректен сүйіспеншілік танытып, құрметтейтін. Ол отыратын кезде астына шапанының етегін жайып, айтқандарын мүлтіксіз орындауға тырысатын болған (Ибн Сағд I, 113-114).

(Саф сүресі, 6-аят). Амина анамыз болса, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тумай тұрып, түсінде өзінен бір нұрдың шығып, бүкіл әлемді нұрға бөлегенін көрген болатын (Ибн Сағд I, 102).

191. Ибн Сағд I, 108

Күндердің бірінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отырған кезде сүт анасының күйеуі шыға келді. Әлемдердің мырзасы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны құрметтеп, киімінің бір бөлігін жерге жайып, үстіне отырғызды. Біраздан кейін сүт анасы келді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған да киімінің қалған бөлігін жайды, ол да отырды. Біраз өткен соң, сүт бауыры да келіп қалды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол үшін орнынан тұрып, өз алдына отырғызды (Әбу Дәуіт, Әдеп, 119-120/5145).

Халима анамыз бір күні Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көру үшін Меккеге келген болатын. Ол кездері Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазірет Хадиша анамызға үйленген-ді. Ол екеуі Халима анамызды жақсылап күтіп алып, қонақ етіп, жылы шыраймен шығарып салады. Уақыт өтіп, Халима анамыз елінде орын алған ашаршылық пен құрғақшылық, сонымен қатар малдарының қырылып қалуы салдарынан қатты қиналады. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хадиша анамызға сүт анасының осы жағдайын айтып түсіндіргенде Бибі Хадиша (радиаллаһу анһа) оған қырық қой мен жүктерін тасуы үшін бір түйе де сыйлады. Осылайша, Хадиша анамыз да Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген опасын паш етеді (Ибн Сағд I, 114).

***

Меккенің алынуы кезінде Әлемдердің мырзасы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбтаһ деген жерде еді. Сол кезде оның қасына Халима анамыздың сіңлісі келеді. Оған біраз ірімшік, май сияқты нәрселер алып келген болатын. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу одан Халима анамыз жайында сұрайды. Оның қайтыс болғанын айтқан кезде Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көздері еріксіз жасқа толады... Артында кімдердің қалғанын сұрайды. Одан хабардар болғаннан соң, осы әйелге киім-кешек, бір түйе және екі жүз дирһам күміс ақша берілуін бұйырады. Ол әйел қуанышпен:

«Сен жас кезіңде де, есейген соң да неткен керемет туысқансың!» дейді (Уақиди II, 869; Бәлазури I, 95).

***

Хунәйн соғысында мұсылмандар жеңіске жетіп, қаншама олжамен бірге көптеген тұтқындарға да ие болған-ды. Аллаһтың Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)ға тұтқындардың арасында өзінің сүт бауыры Шәйманың да бар екені айтылды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу оны қасына шақыртып, шапанын шешті де оның астына жайды.

Жас кезде бірге уақыт өткізген сүт бауырын көріп, сол сәттерді еске алып, оған жылы мәміле танытты да:

«Қош келдің!» деді.

Кейін өткен күндерді аңсап, Халима анасын да еске алды, көздері жасқа толды. Одан әке-шешесін сұрады. Шәйма олардың дүниеден озғаны жайлы айтты. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзге де туысқандары жайлы сұрап, артынан былай деді:

«Қаласаң қасымызда қал, бізбен бірге бол. Қаласаң, саған малдардан бөліп беріп, өзің жаққа жібере саламын. Сен не қаласаң, солай істейін» - деді.

Шәйма:

«Меніңше, маған мал беріп, қауымыма жіберсең жақсы болар еді» - деді де сол мезеттің өзінде мұсылмандықты қабыл етті. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Шәймаға және оның аман-сау қалған туыстарына түйелер мен малдардан берді. Шәймаға бұдан бөлек бір құл мен күң де сыйға тартты. Ал Шәйма болса, ол екеуін бір-бірімен үйлендірді (Ибн Хишам IV, 101; Уақиди III, 913).

Біраз уақыт өткен соң Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) іштерінде сүт бауырлары болған тұтқындардан өз үлесіне және Абдул Мутталиб ұлдарының үлестеріне түскендерін босатқандығы жайлы жариялады. Сахабаларына:

«Сіздердің араңызда кімде-кім тұтқындарын ешнәрсе алмастан, тек қана көңілі разы болған күйде беріп, бауырларын қуанышқа бөлегісі келсе, солай істесін. Ал енді өз үлесіне түскен тұтқынды тегінге беруді қаламаса, онда Аллаһ нәсіп ететін алғашқы олжаға кенелген кезімізде төлейтін боламыз, иә, қалғандар да осылай істесін» деп ұсыныс жасады.

Сол кезде сахабалар опаның нағыз шынайы үлгісін көрсетіп, былай десті:

«Біз де тұтқындарымызды Аллаһтың Елшісіне сыйға тартамыз!» (Бұхари, Мәғази, 54; ибн Хишам IV, 134-135).

Осылайша сол күні Хауазинға мыңдаған соғыс тұтқыны ешқандай ақша алынбастан кері қайтарылды. Әлемдердің мырзасының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осыншама керемет опа үлгісінің арқасында мыңдаған адам «тірілді», иман мен бостандық нығметтеріне қауышты.

* * *

Рақым Пайғамбары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алты жасында анасымен бірге Мәдинаға әкесінің қабірін зиярат етуге барған еді. Қайтарда Әбуа ауылында анасы да жан тапсырды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осылайша әкесінен де, анасынан да айрылып, жетім күйде қызметшілері Умму Әймәнмен (радиаллаһу анһа) Меккеге оралады.

Аллаһтың Елшісі өмір бойы сол Умму Әймәнға жиі-жиі барып, оны «Анашым» деп айтатын. Ол әйел жайында: «Анамнан кейінгі анам! Біздің отбасымыздың ішіндегі көзі тірісі осы-ақ» деп ілтипат жасайтын, оны құрметтеп, сүйіспеншілік танытатын.[192]

***

Әбу Талибтың әйелі Фатима ханым өте биязы, ақ көңіл, ізгі жан болатын. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам дінін қабылдап, Мәдинаға қоныс аударғанда осы мүбәрак әйелді жиі-жиі зиярат етіп, оның үйінде сәске уақытында (яғни, бесін намазынан кейінгі шамалы уақыт) ұйықтап алатын (Ибн Сағд VIII, 222).

Фатима ханым қайтыс болған соң Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк көздерінен інжу-маржандай жастарын ағыза: «Бүгін анам қайтыс болды!..» деген болатын. Сөйтіп, көйлегін оған кебін қылып, жаназа намазын да өзі оқытып, қабірінің ішінде біраз уақыт жатады. Бұл жасағанының себебін сұрағандарға былай деп түсіндірген болатын:

«Әбу Талиб қайтыс болғаннан кейін маған осы әйелдей қол ұшын берген жан жоқ шығар! Ақыретте жәннат киімдерінен киюі үшін оған көйлегімді кебін еттім. Қабірі (суық емес) жылы болуы үшін ол жерде бір сәт жаттым».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің мұншалықты қайғырып жатқанын көріп таң қалғандарға былай дейді:

«Ол менің анамнан кейінгі анам есебінде болатын. Өз перзенттерінің қарындары ашып, түрлері бұзылып бара жатса да, алдымен менің қарнымды тойдыратын, әрі шашымды да тарап, маған гүлдің иіс суларынан себетін. Ол менің анамдай еді». Артынан ол үшін былай деп дұға жасады:

«Аллаһ сені ғапу етсін және де ізгіліктер сыйласын! Аллаһ саған мейірімін жаудырсын, анашым! Сен мен үшін анамнан кейінгі анам болдың! Өзің аш болсаң да мені тойдыратынсың! Өзің кимесең де маған кигізетінсің! Ең дәмді тамақтарды маған жегізіп, өзіңнен арттырып, маған беретінсің! Осылардың барлығын тек Аллаһтың разылығы мен ақыретті ойлап істейтінсің!..» (Хаким III, 116-117; Хайсәми IX, 256-257; Яғқуби II, 14).

***

Айша анамыз (радиаллаһу анһа) Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хадиша анамызға көрсеткен опагершілік

192. *Қараңыз: Ибн Әсир, Усдул Ғаба VII, 303-304; ибн Сағд VIII, 223.*

үлгісін былайша суреттеген болатын:

«Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдерінің ешбіреуін Хадишадай қызғанған емеспін. Бұған қоса, оны мүлде көрмегенмін де. Дегенмен, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны жиі еске алатын. Қандай да бір қой сойып, оның етін тарататын кездері көбінесе Хадишаның достарына жіберетін. Кей уақыттарда Аллаһ Елшісіне (шыдай алмастан):

«Дүниеде Хадишадан өзге әйел қалмағандай, а?» дейтінмін. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ол былай, былай еді» деп оның ерекшеліктері мен игі қасиеттерін санайтын әрі: «Ол бала-шағамның анасы ғой» дейтін (Бұхари, Мәнақибул Ансар, 20; Мүслим, Фәдаилус Сахаба, 74-76).

***

Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ухуд шейіттерінің жерленуі туралы әмір берген кезде Амр бин Жәмух және Абдуллаһ бин Амр бин Харам (радиаллаһу анһума) жайында:

«Олар дүниеде бір сапта, иықтарын тигізіп тұратын. Дүниеде бір-бірлерін қатты жақсы көрген осы екі досты бір қабірге, бір-бірінің қасына қойыңыздар» деген болатын (Ибн Хишам III, 49; ибн Сағд III, 562).

Неткен керемет опагершілік сезімі десеңізші!..

***

Мешіт-Нәбәуиді тазалап жүретін бір қара торы кісі бар еді. Әлемдердің мырзасы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні оның көрінбей қалғанын сезіп, қайда екенін сұрастыра бастады. Сонда жиналған жұрт ол кісінің қайтыс болғанын айтты. Мұны естіген опалы Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Маған да хабар берсеңіздер болмас па еді?!» деп сұрады да, артынан оның қабіріне барып, жаназа намазын оқыды. Кейін оның ақысына дұға етті (Бұхари, Жәнаиз, 67).

***

Хабашистан (яғни, Эфиопия) еліне қоныс аударылғаннан кейін бірнеше жылдар өткен болатын. Бір жолы Хабашистан билеушісінің елшілері Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына келеді. Расулуллаһ оларды жақсы қарсы алып, жақсы мәміле жасауларын қалады. Тіпті тікелей өзі оларға қызмет жасады. Сонда сахабалар өзіміз-ақ істейтін едік қой дегенде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мынадай терең мағынада жауап қатқан-ды:

«Бұлар – Хабашистанға хижрет еткен бауырларыма орын көрсетіп,

ізгілік жасаған жандар. Енді, осыған қайтарым ретінде мен де оларға қызмет жасағым келеді» (Бәйхақи, Шуабул Иман VI, 518, VII, 436).

***

Тәбук сапарынан қайтарда, яғни Ережеп айы кезінде Хабаштардың билеушісі Нәжаши дүниеден озады. Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның өлгені жайлы сахабаларға тура сол күні хабар беріп:

«Алыс бір аймақта қайтыс болған бауырларыңыздың жаназа намазын оқыңыздар» деді.

Сонда сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Ол кім? - десті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ол Нәжаши Ашама! Бүгін Аллаһтың салих пендесі Ашама қайтыс болды. Бауырларыңыз үшін Аллаһтан кешірім тілеңіздер! - деді де, оған ғайыптан жаназа намазын оқытты (Мүслим, Жәнаиз 62-68; Ахмед III 319, IV, 7).

Арадан бірнеше күн өткен соң Нәжашидің дәл Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан күні қайтыс болғандығы анықталды.

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) фатхтан (жеңістен) кейін Меккеде он бес күндей қалады. Сонда кейбір ансар сахабалар уайымдап, Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтып Мәдинаға барып-бармайтыны жайлы ойлана бастайды. Өйткені, Аллаһ Тағала оған өсіп-өнген мүбәрак әрі қасиетті жердің фатхін (яғни, жеңісін) нәсіп еткен болатын. Сафа төбесінде дұға етіп тұрған Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдиналық ансар сахабалардың осы уайымдарын сезеді.

Дұғасы біткен соң олардың қасына келеді де:

– Не жайында әңгімелестіңдер? - деп сұрайды.

Олар өз уайымдарының себебін жеткізгенде Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлы опагершілік үлгісін көрсетіп, оларға мына жауапты білдіреді:

«Уа, Ансар! Олай жасаудан (яғни, Мәдинаны тастап, Меккеде қалып қоюдан) Аллаһқа сыйынамын. Мен сіздердің еліңізге хижрет жасағанмын; өмірім – сіздердің өміріңіз, ал өлімім – сіздердің жандарыңызда болмақ».

Осы айтылған сөздерден кейін ансар сахабалардың уайымдары толығымен сейілген еді (Мүслим, Жиһад, 84, 86; Ахмед II, 538).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам діні жолында малымен, жанымен жиһад еткен, осы жолда шейіт болған сахабаларын еш уақытта ұмытпаған және көңілінен де шығармаған. Кейбір уақыттарда «Жәннатул-Бәқи» қабіріне, кейбір уақыттарда басқа да «шейіттер жерленген» қабірлерге барып, олар үшін дұға ететін. Сахабалар былай дейді:

Хазірет Пайғамбарымыз мінбеге шықты. Кәлиманы айтқаннан кейінгі алғашқы сөзі – Ухуд шейіттері үшін Аллаһтан кешірім сұрау болды (Ибн Сағд II, 228).

Арадан бірнеше күн өткен соң ансар сахабаларға деген опагершілік сезімін көрсетіп, былай деп айтты:

«Ей, адамдар! Адамдар көбейіп барады, бірақ Ансар азаюда. Тіпті тамақтағы тұз сияқты азаюда. Іштеріңізде кімде-кім басқа біреуге пайда немесе зиян бере алатындай бір істің басын ұстаса, ансардың жақсыларына жақсы мәміле жасасын, ал жамандық жасағандарын кешіріп жіберсін» (Бұхари, Мәнақибул Ансар, 11).

«Сіздерге Ансарға жақсы қарым-қатынас жасауларыңызды насихаттаймын. Олар менің жамағатым, сырластарым әрі сенімді адамдарым. Олар өздеріне тапсырылған міндеттерді толығымен орындаған. Ал қызметтерінің ақысы әлі толық беріліп болмаған. (Ақыретте есесімен төленетін болады). Сондықтан да, олардың жақсыларының жасаған тірліктерін қабыл етіңдер де, жамандарының тірліктерін қоя беріңіздер» (Бұхари, Мәнақибул Ансар, 11).

* * *

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұхажирлердің жасаған жанкештіліктерін де мұлде ұмытпаған. Сахабаларды маңызды жұмыстарға тағайындау кезінде Ислам дініне алғаш болып көмектескен «мұхажир» сахабаларды да үнемі ойлайтын болған. Шын мәнінде, олардың арасында Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) орны айрықша еді. Оған деген ілтипаты мен құрметін Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былайша білдіретін:

«Кімде-кім бізге жақсылық жасаған болса, оның ақысын дәл солай немесе артығымен бергенбіз. Бірақ, Әбу Бәкірдікі олай емес. Оның қызметі көп болғаны соншама, сауабын қиямет күні Аллаһ Тағаланың Өзі береді. Маған ешкімнің байлығы Әбу Бәкірдің байлығындай пайдалы болмаған. Егер өзіме бір дос тағайындайтын болсам, міндетті түрде Әбу Бәкірді тағайындар едім. (Өзіне ишарат етіп) хабарларыңыз болсын, сіздердің достарыңыз – Аллаһ Тағаланың досы!» (Тирмизи, Мәнақиб, 15/3661).

* * *

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) халифа болған кезде Пайғамбарымыздың

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кімге бір уәдесі немесе қарызы болса, келіп алуы үшін үндеу жариялаған және де Бахрейннен келген байлықтардан беріп, сол қарыздарды төлеген (Бұхари, Кәфалә, 3).

Хазірет Али де Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған соң:

«Пайғамбарымыздың кімге бір уәдесі немесе қарызы болса, келіп менен алсын» деп үндеу жариялады. Өмір бойы жыл сайын арнайы бір адам жіберіп, құрбан шалынатын күн Минада осылайша үндеу айтқызатын. Бұл жолдау бойынша келгендердің талаптарын орындайтын. Хазірет Алиден (радиаллаһу анһу) соң Хазірет Хасан да, одан соң шейіт болып жан тапсырғанға дейін Хазірет Хусейн де осылай істеді (Ибн Сағд II, 318).

* * *

Абдуллаһ бин Омардың (радиаллаһу анһу) опагершілігі мен өткенді ұмытпайтыны жайында талай-талай айтылады. Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлімінен соң бір кездері жүріп өткен жолдарда оны аңсап жүруі, көлеңкесінде тынығып отырған ағаштардың астында отырып, оны еске алуы, осы ағаштар кеуіп қалмасын деп, олардың тауда-таста болуына қарамастан суғарып жүруі – Оның Аллаһтың Елшісіне деген сүйіспеншілігі және қаншалықты құрметтеп, опа үлгісін көрсеткендігінің айғағы.

* * *

Аллаһ берген бүкіл нығметтерін ұмытып, нәпсілеріне беріліп, опасыздық танытатын адамдардың қал-жағдайын Хазірет Фаридуддин Аттар қандай керемет баяндаған:

«Патшаның өзіне ұнайтын жақсы бір аңшы иті бар болатын. Ол өте мықты аң аулайтын әрі сақ ит еді. Патша оған қатты мән беріп, әр аңға шығарда міндетті түрде өзімен алып жүруші еді. Мойнындағы қарғыбауын асыл тастармен безендіріп, аяқтарына алтын-күмістен жасалған алқалар мен білезіктер тағып қойған. Үстіне де қымбат маталардан тігілген киімдер кигізген.

Сондай күндердің бірінде патша қасына итін де ертіп алып, өз адамдарымен бірге аңға шығады. Иттің бауы қолында, өзі аттың үстінде байсалдылықпен келе жатқан патшаның қуанышында шек жоқ еді. Бірақ та, көп ұзамай оның қуанышы бірден сейілді. Өйткені, өте қатты жақсы көретін әлгі иті патшаны ұмытып, басқа нәрсемен әуреленіп кетті. Патша алдымен қайғырып, қолындағы жібек бауды тартса да ит қарсылық білдіріп, алдындағы сүйекті кеміруді жалғастырды. Бұл жағдайға куә болған патша әрі ашулы, әрі таңырқаулы сезіммен қатты айқайлады:

«Құзырымда мені ұмытып, өзге нәрселермен әуреге салыну! Не деген сұмдық?» деді.

Ол қатты ренжіді. Итінің жасаған осы опасыздығы, надандығы және қанықпезерлігі оған қатты әсер етті. Бір ит болса да, оның ісін ұмытып кешіре салуды ойламады. Соншама құрмет, жақсылық, ізгілікке қарамастан, итінің бір сәтте, әрі тұкке тұрмайтын сүйек үшін патшаны ұмытып кетуі – көңілін қалдыратындай, опа сезімін жоятындай іс ретінде мүлде «кешіруге болмайтын» іс еді. Патша ашулы түрде: «Оны құзырымнан қуып жіберіңдер!» - деді.

Оның ашуланғанын көрген ит те жағдайды түсінгендей болды. Бірақ та, енді тым кеш. Қолдан келер ешнәрсе жоқ. Сол кезде патшаның қасындағылар:

– Сұлтаным! Иттегі алтын, күміс, асыл тастарды алып қалайық, кейін жібере салармыз, - десті.

Сонда патша:

– Жоқ! Жіберіңдер, солай кетсін, - деді. Себебі, адам аяғы жетпейтін шөл-далаға барып, ас-сусыз аш қалсын. Сонда әлгі асыл тастарға қарап, қолдан жіберіп алған жақсылықтар мен нығметтерді ойлап, азап тартсын... - деді.

Хақ Тағаланың есепсіз нығметтерінің қадірін білместен, керісінше өткінші, тұкке тұрғысыз қалаулардың соңына түсіп, қор болған опасыз адамдардың жағдайын баяндап берген осы бір әңгіме неткен керемет десеңізші!

* * *

Сүлеймания мешітінің күмбезіндегі арнайы жазуларды жазу міндеті – Хаттат (арабша калиография маманы) Қарахисариге жүктелген болатын. Қарахисари жазуларды мешіттің көркемдігіне үйлесетіндей әдемі етіп жазу үшін беріле жұмыс істейді. Жұмысына беріліп кеткендігі соншалықты, соңғы сызықтарды түзеп болған кезінде көздерінің көру қабілеті де жойылып, дүниені көре алмайтындай халге түсіп қалады.

Мешіттің құрылысы бітіп, құлшылық үшін ашылатын кезде Қануни Сұлтан Сүлейман:

«Қасиетті мешітті ашу мәртебесін оны осыншама әдемі әрі көркем етіп тұрғызған «бас құрылысшы» ұстамыз Мимар Синанға тапсырамыз» деді.

Өнерін алдымен кішіпейілділікті үйренуден бастаған Мимар Синан болса, сыртқы теңдессіз бейнесін жүрегіндегі кәмілдікпен дәлелдеп, сол сәтте Хаттат Қарахисаридің жанкештілігін ойлады. Сөйтіп, Сұлтанның сөздеріне өте әдептілікпен мына сөздерді қосты:

«Әміршім! Хаттат Қарахисари осы мешітті жазулармен безендіру кезінде өз көздерін де пида қылды, тіпті соқыр болып қалды. Салтанатты ашу мәртебесін соған тапсырсаңыз!..» деп ұсыныс білдірді.

Мұны естісімен Қануни Сұлтан сол теңдессіз кісінің қадір-қасиетін сезініп, сол жерде жиналғандардың да көз жастарымен қоса, жаңа тұрғызылған қасиетті мешіттің Хаттат Қарахисаридің ашуын ұйғарды.

***

Негізінде христиан болып, кейіннен Мәулана және оның «Мәснәуи» атты еңбегінің арқасында Ислам дінін қабылдаған марқұм парсы тілінен ұстазым Йаман Дедеден:

«Сіз не үшін Мәулана мен Мәснәуи жайында осыншама көп тоқталасыз?» деп сұралған кезде:

«Балам! Менің қолымнан Мәулана ұстаған. Ол мені Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есігіне алып барып, һидаят (тура жол) табуыма ықпал еткен. Менің тозақ азабынан құтылуыма себепші болған адамды қанша еске алсам да аздық етеді» деп жауап берді.

Не деген әдемі опа, әрі неткен керемет даналық десеңізші!..

***

Әкеміз, сонымен қатар ұстазымыз болып саналатын **Мұса Топбаш (құддисә сирруһ) өзін жақсы көретіндері арасында «Сахибул уәфа» (яғни, опа иесі) деп танылған еді. Муса тақсырдың опаға қатысты көптеген оқиғаларының бірнешеуін былайша келтіруімізге болады:**

Ол кісі қоғамнан ажыратылып, опасыздарша, жалғыз қалған бейшара қарт адамдарды көргенде қатты әсерленетін:

«Негізінде біз мұндай әлсіз жандарға үйімізде қарайласуымыз керек. Дегенмен, бұған күш-қуатымыз жеткілікті емес. Демек, бір қарттар үйін түрғызуға тиіспіз» дей отырып, өзінің бірнеше жанкешті достарымен осы ниеттерін іске асырған болатын. Кей уақыттарда әлсіз-зағип жандарды зиярат етіп, олардың мұң-мұқтаждарымен тікелей өзі айналысатын.

Оның көңілі ауладағы мысықтардың мінездеріне дейін жететін, оларды сипаттарына қарай атап, мысық балалары марғауларға деген сүйіспеншіліктері мен мейірбандықтарына қарай әр қайсысына өзінше мәміле жасайтын.

Жеке өзіме келер болсақ, әлі сәби кезімде маған қарайлаған мейірбикені елу бес жыл өтіп кетсе де іздеп тапқызып, оған сыйлықтар бергізген болатын.

Бұған қоса, оның ұстазы Хазірет Самиге жасаған опасы көпшілікке белгілі еді. Айт күндері алғаш болып соның үйіне баратын. Алғашқы құрбандарды да сол үшін шалатын. Әсіресе, оған арнап Құран хатым оқылуына үлес қосатын. Жыл сайын оны жақсы көретіндер тарапынан ұстазы үшін оқылған он мыңдаған хатым-шәрифтер опалы көңілін шын мәнінде де қуанышқа бөлейтін еді.

Қысқаша айтқанда, ол кісі бүкіл өмірін көркем мінез-құлықтарымен қамтып біздерге «сүйетін жандардың опасы қалай болуы керектігі» жайында бейнебір Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) секілді ғашықтық пен сүйіспеншіліктің айнымас үлгісі бола білді.

Аллаһ Тағала олардың осындай көркем халдерін барлығымызға да нәсіп етсін!

Уа, Жаратқан! Көңілдерімізге опалы тұлғалардың керемет ахлақтарын нәсіп етіп, біздерді де ізгі жандар қатарына қосқайсың! Амалдарымызға шынайылық нәсіп етіп, барлығымызды «Наим» жәннаттарының мұрагері еткейсің! Ұрпақтарымыз бен нәсіліміздің тақуа адамдардың да басында келетін жарық жүзді, жан-дүниесі таза перзенттер шығарғайсың! Барлығымызды Өзіңе, Пайғамбарыңа, әкешешемізге, туысқандарға, бүкіл мүмин-мұсылмандарға, отанға және де бүкіл аманаттарға опагершілік сезімдерімен қарайтын пенделерден қылғайсың! Біздерді екі дүниеде де Өзіңнің ризашылығында өмір сүргізгейсің!

Әмин!..

20. АР-НАМЫС ПЕН ҰЯТ

Намысты болу дегеніміз – нәпсімізді бүкіл жамандық атаулыдан, төмендіктен, шәхуаттық қалаулардан сақтау. Намыс – адам баласына тән қасиет. Адамзатты өзге тіршілік иелерінен ажыратып тұратын сипаттардың ең негізгісі де намыс. Одан жұрдай болу адамдық қасиетті жоғалтып, өзге тіршілік иелерінің қатарына қосылумен тең.

Намысты болу барша көркем мінез-құлықтардың күре тамыры. Абырой, тұлғалық, құрмет секілді қасиеттер дәл осы намысты болумен байланысты.

Аллаһ Тағала намыс тұрғысынан екі тұлғаны мүминдерге ғибрат болулары үшін Құранда атап өтіп, оларды мақтаған. Олар – «қиссалардың ең әдемісі» деп сипатталған Юсуф сүресіндегі Жүсіп аләйһис салам және де бірнеше орындарда мақталған Хазірет Мәриям (аләйһас салам). Соның бірі Мәриям анамыз жайында Құранда былай делінген:

«Ар-намысын шынайы қорғаған (Мәриямды да) **еске ал. Біз оған рухымыздан үрлегенбіз. Оны және де баласын бүкіл әлемдерге ғибрат қылдық»** (Әнбия сүресі, 91-аят)**.**

Намыстарын қорғағандар, мейлі әйел болсын, мейлі еркек болсын олар Аллаһ Тағаланың нағыз кешірімі мен үлкен сауабына ие болады.[193] Аллаһ Тағала ар-намысын сақтайтын пенделерін былай деп мақтаған:

«Ол (құтылуға қол жеткізген бақытты мүминдер) – **намыстарын** (харамнан) **қорғайды, өз әйелдері мен күңдері** (не жақындасу) **басқа.** (Олармен қатынас жасағанда) **кінә болмайды. Ал, кімде-кім осы айтылғандардан ары қарай өтпекші болса, міне осылар – шектен шыққандар болады»** (Мүминун сүресі, 5-7 аяттар)**.**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдарға иман мен ғибадат сабақтарын берумен қатар, туралық, намыс, туған-туысқандарға қарайласу жайында да ахлақтық ережелерді үйретіп отырған. Мәселен, Византия билеушісі Гераклиус:

«Аллаһтың Елшісі адамдардан нелер талап етіп жатыр» деп сұраған кезде Әбу Суфян оған:

«Шынайы әрі ар-намысты болуды, туған-туысқандарға қарайласуды бұйыруда» деген еді (Бұхари, Бәдул Уахи 6, Салат 1; Мүслим, Жиһад 74).

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намыс мәселесіне мән бергені соншалық, тіпті әйелдерден байғат (келісім) алатын кезінде осы намыс мәселесінде де байғат алған еді.[194] Сондай-ақ, бүкіл мүминдерге қарата:

«Кім маған тілі мен ар-намысын (ұятын) қорғау жайында уәде беретін болса, мен оған жәннатты уәде етемін» дейтін (Бұхари, Риқақ, 23).

Сонымен қатар, еркектер мен әйелдер арасында ұят, ар-намыс, нәзіктік сияқты сезімдердің орын алуы да өте маңызды. Өйткені, Ислам діні барлық арсыздықтар мен ұятсыздықтарды, бүкіл жаман қасиеттерді харам деп бекіткен ұлық дін.

Еркек пен әйелдің шариғаттан тыс байланысы мен махаббаты (зина) бір рет қараудан басталады. Сондықтан да мұсылман ерлер мен әйелдердің бір-біреулеріне шәһуатпен (арам ниетпен) қарамаулары, сөйлесетін кезде бастарын иіп, сөйлеулері жайында Құранда былай делінген:

«(Уа, Елшім!) Мүмин еркектерге былай деп айт: Көздерін (харам-

193. Қараңыз: Ахзаб сүресі, 35-аят.
194. Қараңыз: Мумтахина сүресі, 12-аят.

нан) сақтасын, әрі намыстарын қорғасын. Себебі бұл өздері үшін таза іс-әрекет. Күмәнсіз Аллаһ олардың не істеп жатқандарын толық біледі.

Мүмин әйелдерге де айт: Көздерін (харамға қараудан) **сақтасын, ар-намыстарын да қорғасын. Көрініп тұратын жерлері тыс, зинеттерін** (әурет жерлерін) **ашық көрсетпесін. Орамалдарын жағаларының үстіне салсын. Күйеулері, әкелері, күйеуінің әкелері, өз перзенттері, күйеуінің перзенттері, еркек бауырлары, еркек бауырларының перзенттері, қарындастары мен сіңлілерінің перзенттері, (ер кісілердің) өз әйелдері** (мүмин болған әйелдер)**, қол астында болған** (қызметші құлдар мен күңдер)**, отбасының әйелдеріне арам ниетпен қарамайтын қызметші т.б. кісілер, немесе әлі әйелдердің жасырын әйелдік қасиеттерінің парқына бармайтын балалардан басқаларға зинеттерін** (әурет жерлерін) **көрсетпесін. Жасырып жатқан зинеттері білінсін деп, аяқтарын жерге ұрып жүруші болмасын** (біреулердің назарларын өздеріне аударатындай жүрмесін, сыртқа шығарда әдемі иіс сулар да жақпасын)**. Ей, мүминдер! Барлығыңыз бір мезетте тәубе етіңдер де, құтылуға қол жеткізіңдер!** (Нұр сүресі, 30-31 аяттар)**.**

Ал мына аятта мүминдердің аналарына қарата сөз айтылғанымен, өзге әйелдердің де мән беруі керек болған жайттар тілге тиек етілген:

«Уа, Пайғамбар әйелдері! Сіздер кез келген бір әйелдер сияқты емессіздер. Егер (Аллаһтан) **қорқатын болсаңыздар,** (бөтен еркектерге) **тартымды** (әсерлі) **тілмен сөйлемеңіздер; әйтпесе жүрегінде ауруы бар адамдар үміттенетін болады. Жақсы сөз айтыңдар. Үйлеріңде отырыңдар. Бұрынғы жаһилият** (надандық) **кезінде болғаны сияқты ашылып-шашылушы болмаңдар. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаһқа және Пайғамбарына итағат етіңдер. Уа, әһлі-бәйт! Аллаһ сіздерге** (жамандықты емес) **күнәларыңды кешіріп, сіздерді кіршіксіз-таза қылуды қалайды»** (Ахзаб сүресі, 32-33 аяттар)**.**

Келесі бір аятта былай делінген:

«Уа, Пайғамбар! Әйелдеріңе, қыздарыңа және мүминдердің әйелдеріне айт, (қандай да бір қажеттіліктері себепті) **сыртқа шығатын уақытта сыртқы киімдерін киіп алсын. Бұл олардың** (намысты әйел болып) **танылулары үшін әрі** (өзгелер) **мазаларын алмас үшін жақсы болады. Шынында да, Аллаһ өте кешірімді, мейірім етуші»** (Ахзаб сүресі, 59-аят)**.**

Намахрам (бөтен) еркектер мен әйелдер бірнәрсе сұрамақшы болса немесе бірнәрсе айтар кезінде қолдан келгенше есік немесе перде артында болулары керек.[195]

195. Қараңыз: Ахзаб сүресі, 53-аят.

Сондай-ақ, адамдар бір-бірлерінің үйлеріне рұқсатсыз кірмеулері тиіс. Тіпті, бір үйде тұратын отбасы мүшелерінің өзі басқа бөлмеге кіретін кезде өздерінің келе жатқанын білдіріп, содан соң ғана кіргендері жөн болады. Өйткені, Аллаһ Тағала үнемі ар-намысты болудың «жақсы іс» екендігін баяндаған.[196]

Хақ Тағала пенделерінің ар-намысты болуларына аса мән беріп, көптеген аяттарда осы мәселе жайында айтқан.[197] Сондықтан да, намысты адамдарға жала жабу өте үлкен күнә деп саналады да, осындай жала жабушыларға «қазіф жазасы» (жала жабушы жазасы) беріледі. Аллаһ Тағала былай деген:

«Ар-намысты, жаманшылықтан хабарсыз мүмин әйелдерге зина жасады деп жала жапқан адамдар – дүниеде де, ақыретте де лағынетке ұшыраған. Жасаған осы тірліктеріне қарсы тілдері, қолдары мен аяқтары куәлік беретін күні оларға өте ауыр азап болмақ!» (Нұр сүресі, 23-аят)**.**

Сол себепті, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да: *«...Намысты әйелге зина жаласын жабушы болмаңдар!» деген* (Тирмизи, Истизан, 33/2733).

Шынында да, әрбір әйелдің ең айрықша белгісі оның ар-намысы болып табылады. Жоғарыда келтірілген аяттар мен хадистер де намысты адамға жабылған жаланың ауыр екендігін көрсетуде. Демек, қандай да куәлік беру кезінде адамдардың ар-намыстары жайында жала жабу былай тұрсын, естігеніне сене салып, тіпті оны іздестірмей біреулерге жайып салу да – ауыр күнә екені рас.

Бұдан басқа жағдайларда да, әсіресе адамдардан бірнәрселер сұрайтын кездерде намысты болу керек. Себебі, Аллаһ Тағала намысты пенделерді Құранда былайша мақтаған:

«(Істейтін жақсылықтарыңыз) **өздерін Аллаһ жолына берген, сол себепті жер бетінде ақша табу үшін аралап жүре алмай жатқан кедейлер үшін болсын. Білмейтін адамдар, оларды намыстары себепті бай деп ойлайды. Сен оларды жүздерінен танисың. Өйткені олар ұятсыздық етіп, адамдардан қайта-қайта сұрай бермейді. Жасаған тірліктеріңізді расында да Аллаһ біледі»** (Бақара сүресі, 273-аят)**.**

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Кедей-кепшік дегеніміз бір-екі құрмамен немесе бір-екі үзінді нанмен күн көретін (қайыршы) емес. Нағыз кедей – қатты мұқтаж болып тұрса

196. Қараңыз: Нұр сүресі, 27, 58-60 аяттар.

197. Қараңыз: Ниса сүресі, 25-аят; Мәйда сүресі, 5-аят; Әнбия сүресі, 91-аят; Нұр сүресі, 4, 23 аяттар; Тахрим сүресі, 12-аяттар.

да, ар-намысы себепті, ұяты жібермегендіктен ешкімнен ешнәрсе сұрай алмайтын адам. Қаласаңдар, мына бір аятты оқыңыздар: **«…Олар адамдардан қайта-қайта** (ұятсыздықпен) **сұрай бермейді»** (Бақара сүресі, 273-аят); (Мүслим, Зекет, 102)**.**

«Жәннаттықтар үш бөліктен тұрады: әділетті, қолы ашық, жағымды ел билеушісі; жақындары мен мұсылмандарға мейірімді-қамқор адам; үшіншісі отбасы мүшелері көп болуына қарамастан, харам жолмен ақша табудан сақтанып, өзгелерден қайыр-садақа сұрамайтын ар-намысты мұсылман» (Мүслим, Жәннат, 63).

«Қайыршылық жасаудан сақтанғысы келетіндерді Аллаһ намысты қылып қояды. Ал, адамдардың қолындағыға көз тігуден намыстанатындарды адамдарға мұқтаж болудан сақтайды» (Бұхари, Зекет, 18).

Иманның бір бұтағы болып саналатын «ұят» – арсыз да жаман қасиеттерден ұзақ болу, іс-әрекеттер мен қимылдарда орташа болу, кез келген бір істе шектен шықпау деген сөз. Ұят сезімі – барлық жақсылықтардың негізі, бүкіл жаманшылықтар мен арсыздықтардың кері жағы.

Аллаһ жақсы көретін осы ұят сезімі жайлы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген еді:

«Ұят иманнан» (Бұхари, Иман, 3).

«Ұят пен иман бір жерде. Біреуі кетсе, екіншісі де кетеді» (Суюти I, 53).

«Ұят тек қана жақсылық әкеледі» (Бұхари, Әдеп, 77).

«Ұяттың барлығы түгелдей – жақсылық» (Мүслим, Иман, 61).

«Дөрекі сөз жаманшылықтан басқа ешнәрсе әкелмейді. Ал ұят пен әдептілік болса, кірген жерін безендіреді» (Мүслим, Бирр, 78).

«Аллаһым! Сенен хидаят, тақуа, ар-намыс (ұят) пен көңіл байлығын сұраймын» (Мүслим, Зікір, 72).

Адам баласын ахлаққа жатпайтын жаман іс-әрекеттер мен ой-пікірлерден тек қана ұят сезімі қорғай алады. Мұминді арсыздықтардан қорғау тұрғысынан әдеп пен ұяттың маңызы – жүздеген заңдар мен мықты қуатты күштерден де жоғары тұрады. Ар-намыс пен ұяты бар адамға қандай да бір жағымсыз әрекет кезінде «Ұялмайсың ба?» деудің өзі жеткілікті.

Хазірет Осман (радиаллаһу анһу) ұяты жағынан бізге үлгі боларлықтай теңдессіз тұлға болатын. Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи

уә сәлләм) тіпті періштелердің өзі одан ұялатынын айтқан.[198]

Ұяттан жұрдай болып, қоғамда да ұятсыздық пен арсыздықты жаюды қалайтындарды Аллаһ Тағала былайша сынға алған:

«Күмәнсіз, жаман сөздер мен іс-әрекеттердің мүминдер арасында жайылуын қалайтындар үшін дүниеде де, ақыретте де өте күйзелтуші, ауыр азап бар» (Нұр сүресі, 19-аят)**.**

Арсыздық пен ұятсыздықтың қоғамда жайылуын қалайтын адамдар өз халқы мен отандарына өте жаман зиян әкелген болады. Мұндай тірлік жасаушылар міндетті түрде өздері де осы жамандықтарының салдарын көреді. Өйткені, арсыздық – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тілімен айтқанда, құрдымға кетудің себебі:

«Еш күмәнсіз, Ұлы Аллаһ Тағала қандай да бір пендесін жоюды қаласа, одан ұятты тартып алады. Ұятты алған соң, ол пенде тек қана ашуға ұшыраған адам болады. Ал ашуға ұшыраған соң, одан сенімділік сипаты (аманат) алынады. Аманат алынған соң, ол тек қана қиянатшы болады. Қиянатшы болған соң, одан рақым (мейірімділік) алынады. Мейірімділік алынған соң, оған тек қана лағынет (қарғыс) айтылатын болады, яғни малғұндық халге түседі. Лағынетке ұшырап, малғұн болған соң, оның Исламмен болған байланысы толығымен үзілетін болады» (Ибн Мәжә, Фитән, 27).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Саид әл-Худри (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балиғат жасқа келген бойжеткен қыздан да ұятты болатын. Ұнатпайтын нәрсені көрген кезінде бұл жағдай мүбәрак жүздерінен белгілі болатын» (Бұхари, Мәнақиб, 23; Әбу Дәуіт, Хараж, 34-36).

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш уақытта қатты дауыспен айқайлап сөйлемейтін. Адамдардың алдынан да жай ғана күлімсіреп өтетін еді. Жағымсыз дөрекі сөздер естіп қалса да, сол сөзді айтқан адамның бетіне басып айтпайтын. Жүзіндегі белгілердің өзі-ақ сезімдерін көрсететіндіктен айналасындағылар сөздері мен іс-әрекеттерінде мүқият болушы еді. Ұятты, әдепті және де нәзіктігінен қатты дауыспен айқайлап күлмейтін де. Тек қана күлімсіреп, жылы жүзбен жүретін. Өзінің бір хадисінде:

«Ұят иманнан, әрі ұятты адам жәннатта болады. Ұятсыздық болса, қатігездіктің (жүректің қатты екендігінің) белгісі. Жүрегі қатты

198. *Ахмед I, 71; VI, 155.*

(қатал) адам жәһаннамда болады» деген (Бұхари, Иман, 16).

***

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің теңдессіз ар-ұятының арқасында ешкімнің жүзіне тесіліп қарамайтын, ұзақ уақыт назар аударып, мазасын алмайтын (Мүнауи V, 224).

***

Бәхіз бин Хакимнің атасы Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп, әурет жерлердің қалай жабылатыны жайында сұрады. Сонда Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әурет жерлеріңді әйелің мен қол астыңдағы күңіңнен өзгелердің бәрінен қорға» деді. Әлгі кісі «Ешкім жоқ жерде киім кимесе де бола ма?» деп сұрағанда Расулуллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала – ұялуымыз тұрғысынан адамдардан гөрі лайық қой» деп жауап берді (Әбу Дәуіт, Монша, 2/4017).

Ал басқа бір хадисте:

«Жалаңаштықтан сақтаныңдар! Қасыңызда мүлде жандарыңыздан айрылмайтын періштелер бар. Ол періштелер тек әжетханаға кірген кездеріңіз бен жұптарыңызбен қосылатын кездерде сіздерден айрылады. Олардан ұялыңдар әрі оларға жақсы қарым-қатынаста болыңдар» (Тирмизи, Әдеп, 42/2800).

***

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш күмәнсіз адамдар арасында ұят сезіміне ең көп ие болған тұлға еді. Ол пайғамбарлығынан да бұрын адамзаттың барлығын бұзақылық пен әдепсіздік билеп алған кездері осы ұлы ұятымен ерекшеленіп тұратын. Осыған саятын ең керемет мысалға назар аударсақ:

Қағба жаңадан тұрғызылар кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы Хазірет Аббаспен (радиаллаһу анһу) бірге тас тасып жатқан еді. Аббас (радиаллаһу анһу) Хазірет Пайғамбардың киімсіз иықтарын тас езіп жібермеуі үшін Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Изарыңды (астына киетін шалбар сияқты киімді) иығыңа қойып ал» - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) изарын иығына қояйын дегенде жерге құлап түсті. Сосын көздерін көкке қаратып, немере ағасына:

«Маған изарымды көрсетіңіз» деді. Дереу оны алып, үстін жапты (Бұхари, Хаж, 42).

***

Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір адамды кездестіріп қалады. Әлгі адам астына шалбар кимей, ашық алаңда ғұсыл алып жатқан еді. Кейін барып, мінбеге шыққан соң:

«Аллаһ (жәллә жәләлуһ) – өте ұятты. Сондықтан да, ұятты болуымызды және киініп жүруімізді жақсы көреді. Ендеше, кімде-кім ғұсыл алатын болса, әурет жерлерін жапсын» деді (Әбу Дәуіт, Монша, 1/4012).

***

Мисуәр бин Махрама (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Ауыр бір тасты көтеріп әкелдім. Үстіме жеңіл киім киіп алған едім. Тас иығымда тұрған кезде киімім шешіліп кетті. Тасты қоймастан, сол бетімше көтеріп кете бердім. Алып барып, орнына қойған соң Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Барып киіміңді киіп ал. Былайша киімсіз жүрмеңдер» - деді (Әбу Дәуіт, Монша, 2/4016).

***

Ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) былайша әңгімелейді:

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Аллаһтан шын мәнінде ұялыңыздар!» деді. Біз:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Құдайға шүкір, біз Аллаһтан ұялудамыз, - дедік. Сол кезде Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Менің айтайын дегенім сіздер білетін ұят емес. Аллаһтан шын мәнінде ұялу – бас пен ондағы ағзаларды, дене мен ондағы мүшелерді қорғауыңыз, өлімді және де топырақта шіруіңізді еске түсіруіңіз болып табылады. Ақыретті ойлайтын адам дүниелік өмірдің қызығушылықтарын тәрк етіп, ақыретті таңдағаны жөн. Кімде-кім осы айтылғандарды мүлтіксіз орындайтын болса, Аллаһтан шын мәнінде ұялған болады!» (Тирмизи, Қиямет, 24/2458).

Хазірет Жүнәйд Бағдади былай дейді:

«Ұят дегеніміз Хақ Тағаланың сансыз-есепсіз нығметтерін көріп, осы нығметтердің алдында қаншалықты әлсіз екенімізді сезіну болып табылады».

***

Мысыр елін Перғауындар әулеті билеп жатқан еді. Олар өте залым әрі тәкаппар адамдар болатын. Шекарадан қандай да бір бөтен әрі сұлу әйел өтсе, дереу Перғауынға білдірілетін. Егер түрмысқа шыққан болса, сол мезетте күйеуі өлтірілетін, ал егер ағасы немесе інісі болса, одан әлгі әйелді сұрап алатын. Ибраһим пайғамбар қасында Сара анамызбен бірге шекарадан өткенде, дереу сарайға хабар жеткізілді. Өте көрікті бір әйелдің сарайға келгендігі білдірілді. Олар Сара анамызды алып, сарайға әкелді. Осы жайында хадисте былай делінген:

«Сара сарайға кірген кезде дереу дәрет алып, екі рәкағат намаз оқу үшін Аллаһтың құзырында тұрды. Намазды бітірген соң Аллаһ Тағалаға былайша жалбарынды:

«Ей, Аллаһым! Мен Саған әрі Сенің пайғамбарыңа иман келтірген, намысымды күйеуімнен өзге барлық адамдардан мұқияттылықпен қорғаған әйел болсам, онда мені мына бір кәпірге қорлатпа...» (Бұхари, Буюғ, 100) *деді.*

Перғауын Сараның қасына жақындамақшы болды. Алайда бірден тынысы тарылды. Тіпті аяқ-қолы да істемей қалды. Өйткені, Аллаһ Сара анамызды оның жамандығынан қорғап тұрған еді. Осы жайт бірнеше рет қайталанды.

Перғауын қорыққанынан оны еркіне жіберді. Өзінің сарайындағы қызметші әйел Хажарды да оған сыйлық ретінде беріп жіберді. Бұған таңқалған айналасындағыларға:

«Мына әйел жынды. Қасымда тағы біраз уақыт болғанында, өліп кететін едім. Зиянынан сақтану үшін оған Хажарды да бердім» деді.[199]

Шынында да ар-намыс, ұят және әдепті сақтауға байланысты неткен таптырмайтын мысал!..

Бір аятта былай делінген:

«Сабыр және намаз арқылы Аллаһтан жәрдем тілеңіздер» (Бақара сүресі, 45-аят)**.**

***

Ансарлық сахаба әйелдердің бірі сауда-саттық кезінде бір яһуди зергерге жолығып қалады. Сонда яһуди кісі мұсылман әйелдің ар-намысына тіл тигізіп, оған дөрекі іс-әрекеттер жасай бастайды. Әйел оған қарсы тұрып, өзін қорғап айқайлай бастайды. Сол арадан өтіп бара жатып, әйелдің дауысын естіген бір мұсылман кісі дереу әйелді қорғау үшін әлгі яһудидің қасына барады. Екеуі сөзге келіп, ақыры төбелесуге дейін барады. Біразға созылған төбелесте мұсылман кісі жеңіске жетіп, яһудиді өлтіреді. Ол жерге жиналып келген яһудилер әлгі мұсылманды да шейіт қылады. Осылайша, арадағы ынтымақтастық пен бейбітшілік жойылып, яһудилермен қол қойылған келісім-шарт мүлде бұзылады.

Сол кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) яһудилерді жинады да:

«Уа, яһуди жамағаты! Аллаһтан қорқыңдар! Оның Құрайш тайпасына жібергені сияқты сіздерге де бәле-қаза жаудыруынан абайлаңдар да, мұсылман болыңдар! Себебі, сіздер менің (Аллаһ тарапынан) жіберілген

199. Қараңыз: Мұслим, Фәдайл, 154.

Пайғамбар екенімді білесіздер. Мұны кітабыңыздан да, Аллаһтың сіздерге берген Өсиетінен де білесіздер» деді.

Ал, артынша келісім-шартты қайтадан жасау ұсынысын білдірді. Дегенмен, яһудилер бұған келісе қоймай, қатты қасарысты. Содан кейін Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) яһудилердің осы Бәни Қайнұқа тайпасына қарсы соғыс жариялады.[200]

Иә, әрбір мұсылман әйелдің ар-намысы біз үшін осыншама қымбат болуы тиіс!

***

Әбу Шәхм (радиаллаһу анһу) былай әңгімелейді:

Мәдинада қасымнан бір жас қыз өтіп бара жатқан еді. Жағасынан алдым, бірақ кейін жібере салдым. Ертесі таңертең Хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардан байғат (ант) алып жатқан болатын. Мен де оның қасына бардым. Менен байғат алмады да:

«Ал енді, жағасынан ұстап, қояберген адам келіп тұр ма?» деді. Сонда мен:

«Уаллаһи! Мұндай істі қайтып жасамаймын» деп уәде бердім. Содан кейін ғана Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менен байғат алды (Ахмед V, 294).

***

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жерден өтіп бара жатқанда бір кісінің ұялшақ інісіне «мұндай мінезіңді таста» деп жатқанына куә болады да, ол кісіге:

«Ініңді өз еркіне қоя бер, өйткені ұялу иманнан ғой» деп насихат айтады (Бұхари, Иман 16, Әдеп 77; Мүслим, Иман 57-59).

***

Үммү Халлад (радиаллаһу анһа) – Мәдиналық әйел сахабалардың бірі еді. Баласы Халладты яһудилермен болған Бәни Құрайза шайқасына жіберген болатын. Мұсылман әскерлерінің кері қайтып жатқанын, бірақ та Халладтың шейіт болып жан тапсырғанын естіген кейбір мұсылмандар Үммү Халладтың үйіне жүгіріп, баласы жайында хабар береді. Ол Ислам әйелі орамалын ала салып, Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанына баласының жағдайын білу үшін жүгіреді. Оның орамал тағып алғанын көрген бір кісі таң қалып:

«Халлад өлді ғой! Сен әлі де (шашыңды жұлып жылаудың орнына) орамалмен жүрсің бе?!» деп сұрады. Сонда Үммү Халлад (радиаллаһу анһа) Ислам әйелінің өмірге деген көзқарасын әрі түсінігін айғақтайтын мына бір керемет жауапты берді:

200. *Ибн Хишам II, 426-429; Уақиди I, 176-180; ибн Сағд II, 28-30.*

«Халладтан айрылғаныммен, ұятымнан айрылған жоқпын ғой!»

Үммү Халладтың осы жауабы Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеткізілген кезде Расулуллаһ:

«Халлад үшін екі шейіттікіндей сауап бар» деді.

«Не үшін, уа, Расулаллаһ?» деп сұрағандарға:

«Өйткені, оны әһлі-кітап болған (яһудилер) өлтірді» деп жауап қатты (Ибн Сағд III, 531; ибн Әсир, Усдул Ғаба II, 140).

***

Бибі Айша анамыздың (радиаллаһу анһа) қасына Сириялық бір топ әйелдер келеді. Бибі Айша:

– Сіздер әйелдері моншаға түсер кезде әурет жерлерін жабуға мән бермейтін жерден келген боларсыздар?! - деп сұрады. Олар да:

– Иә, солай, - деп жауап берді. Сонда Айша (радиаллаһу анһа):

– Бірақ мен Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Киімін үйінен басқа кез келген жерде шешкен әрбір әйел – Аллаһ пен өзі арасындағы пердені жыртқан болады» дегенін естігенмін деді (Әбу Дәуіт, Монша, 1/4010; Тирмизи, Әдеп, 43/2804).

Осылай істеген әрбір әйел ұят пен әдеп пердесін жыртқан болады. Себебі, Аллаһ Тағала оның тақуа киімімен киінуін әмір еткен. Ол болса, осы әрекеті арқылы әрі Аллаһтың «әуретті жабу» бұйрығынан, әрі тақуа болу әмірінен бас тартқан болады.

***

Тарих беттеріне үңілер болсақ, бір кездері Әмәуилер кезеңіндегі ең ұлы үш қалжыңпаз ақынның бірі болған Фәрәздақтың әйелі қайтыс болған-ды. Жерлеу рәсіміне Хасан Басри де келеді. Хазірет Хасан Басри өз өлеңдері арқылы адамдарды жамандайтын, ар-намыстарына дақ келтіруге тырысатын осы ақынға қабірді есіне сала отырып былай дейді:

– Ақырет үшін не дайындадың? Ол кісі:

– Жетпіс жылдан бері «Кәлима шаһадатты» дайындадым, - деген кезде Хасан Басри:

– Не деген мықты дайындық! - деді де, артынан мыналарды айтты:

– Бірақ та, кәлима шәһадаттың шарттары бар. Сондықтан, намысты әйелдерге жала жабудан да сақтан, - деді.

Бір адам Уәһб бин Мүнәббиһтен:

«Лә иләһә иллаллаһ деп айту – жұмақтың кілті емес пе?» - деп сұрады. Сонда Уәһб:

«Иә, солай. Бірақ та, тіссіз кілт бола ма? Егер кілтіңнің тістері болса есік те ашылады. (Кәлимаға сай өмір сүрсең, жәннатқа кірерсің). Әйтпесе есік те ашылмай, жабық күйінде қала береді» - деп жауап берді (Бұхари, Жәнайз, 1).

Бұл жердегі таухид кілтінің тістері – ізгілік, жақсылық және де бүкіл салих амалдар болып табылады!

***

Осман мемлекетінде адамдардың ар-намыстары жақсы қорғалатын болған. Мәселен, Мехмет Фатих Боснияны алғаннан соң шығарған жарлықта:

«Байқаңдар! Серб қыздары су алу үшін бұлақ басына келген уақыттарда менің әскерлерім ол жерде болмасын» - деген еді.

Фатих осы жарлығының арқасында әрі өз әскерлерінің, әрі қол астындағы христиан өкілдерінің ар-намыстарын қорғауды мақсат тұтқан.

***

Қануни Сұлтан кезеңінде Франция жерінде «танца» деген арсыздық пен ұятсыздықтың көрінісі жаңадан пайда бола бастаған еді. Мұны естіген Қануни сол сәттің өзінде Франция патшасына мына бір хабарды жібереді:

«...Естуім бойынша, еліңізде әйелдер мен еркектердің бір-бірін құшақтап, халықтың көз алдында ұятсыздарша билейтін танца деген жаңалық шығыпты! Шекарамыз жақын болғандықтан осы арсыздықтың бізге де кіріп келу қауіпі бар. Сондықтан да, осы хабарым жетіп барысымен, тез арада әлгі арсыздыққа шек қойылуын талап етемін. Әйтпесе өзім барып, сол арсыздықты жоюға құдіретім жетеді».

Тарихшы Хаммер осы хабар жіберілгеннен бастап тура жүз жылға жуық Францияда танцаға тыйым салынғанын айтады.

***

Ата-бабаларымыздың ар-ұяттары жібермегендіктен де ешкімнен ешнәрсе сұрай алмайтындардың көңілін ауыртып алмас үшін және оларды сұрауға да мәжбүр етпес үшін көне Стамбұлдың кейбір аймақтарында **«Садақа тастарын» қойғанын естігенбіз.**

Осы садақа тастары бір кездері қаншалықты ұлы іске, қаншалықты қызмет пен ізгілік жарысына куә болған-ды! Хал-жағдайы жақсы, өзіне тоқ отбасылар *«оң қолдың бергенін сол қол білмейтін дәрежеде» қайыр-садақа ету үшін түннің қараңғы уақыттарында ақшаларын сол тастың төбесіндегі шұқырға тастайтын болған.*

Кейін келіп, сол аймақтың ұялшақ, намысқой кедейлері өздеріне керекті ғана ақшаны сол арадан алып, артық ақша алмайтын болған.

Әсіресе, мұқтаж болған күнде де адамдардан алуға ұялатын пақырлар түннің ортасында келіп, тек өздеріне жеткілікті ғана ақша алып, кері қайтатын еді. Он жетінші ғасырдағы Стамбұл жайында жазған бір француз саяхатшысы: әлгі садақа тастарының біреуін тура бір апта бойы аңдып, бірақ та ол жерден садақа алуға ешкімнің келмегенін айтады.

***

Қысқа қайырғанда, мүмин кісі намысы мен ар-ұятына ие болуы керек. Нәпсілік қалаулар мен сезімдерге беріліп кету әбден мүмкін болғандықтан, ар-намысты қорғау әрі нәпсіге ие болу үшін жүректі үнемі жақсы сезімдермен, ой-пікірді әрдайым ізгі қасиеттермен қамтамасыз етіп отырған жөн. Бұған қоса, осы тұрғыда жаман достардан да аулақ болған абзал.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Бөтен (намахрам) әйелдердің алдында намысты болыңдар, сонда сіздердің әйелдеріңіз де намысты болады. Әкелеріңізге жақсылық жасаңдар, сонда перзенттеріңіз де сіздерге жақсылық жасайды. Кешірім сұрап қасына бір бауыры келген адам, мейлі онықі дұрыс не бұрыс болсын, кешірімін қабыл етсін. Олай істемейтін болса, жәннатта Кәусар хауызының қасында маған қауыша алмайды» (Хаким IV, 170/7258).

Адамзаттың бойындағы әшекейі болып саналатын ұят сезімі – бүкіл жаманшылықтардан қорғайтын рухани қалқан болып саналмақ. Ол адам баласының Аллаһқа және де бүткіл пенделерге деген міндеттерін толық орындауына септігін тигізеді. Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұяттың осыншама маңызы мен әсерін білдіру мақсатында былай деген:

«Ең алғашқы Пайғамбардан бастап, барлық халықтың есінде қалып қойған мәшһүр сөз бар: «Ұялмайтын болсаң, қалағаныңды істей бер» (Бұхари, Әнбия 54, Әдеп 78).

21. ФӘТАНАТ (ДАНАЛЫҚ) ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Өте жоғары деңгейдегі ақыл-санаға ие болу деген мағынаға саятын «фәтанат» – пайғамбарлардың ең негізгі бес ерекшеліктерінің біреуі болып саналады. Фәтанат – әншейін қарапайым ақыл мен сана емес, өте жоғары деңгейдегі зейінділікті (даналықты) білдіретін ұғым. Ол көңілге байланысты ақылдың, парасаттылық пен көрегендіктің көрінісі болып табылады. Әрбір пайғамбардың тәблиғ міндетін кәміл түрде, толығымен іске асыруы үшін осындай жоғары деңгейдегі қабілетке (фәтанат сипа-

тына) ие болуы керек. Олай болмаған жағдайда, жіберілген қауымның адамдарына қуатты дәлелдер келтіре алмай, оларды ештеңеге де сендіре алмас еді.

Пайғамбарлар адамдардың арасында ақылы, санасы және де парасаттылығы тұрғысынан ең жоғары деңгейдегі жандар екендігі даусыз. Олар – жоғары деңгейдегі есте сақтау сипатына, өте кәміл түрде ұғыну мен тану мүмкіншілігіне, әрі күшті сана мен адамдардың көзін жеткізу қабілетіне ие тұлғалар. Олар ең қиын әрі машақатты, түсініксіз сияқты көрінетін мәселелерді де оңайшылықпен шешеді. Олар қандай да бір тақырыпты түсіндіру кезінде **«сәһлі мүмтәнимен»**[201] сөйлейтін болғандықтан, ақыл-саналары әр түрлі болған тыңдармандар да оларды оңай түсіне алатын болған.

Пайғамбарлардың сипаттарының бірі парасаттылық – өте нәзік түрде ақылды істетіп, қасындағы адамның сана-сезіміне қарай қарым-қатынас жасау дегенге саяды. Өйткені, бір адамды қуантатын іс-әрекет өзге бір адамды ренжітуі де мүмкін. Демек, адам баласының қаншалықты тәрбиелі екені – қасындағы адамның ішкі жан-дүниесін сезініп, оқиғаларды алдын-ала болжай алуы арқылы анықталмақ.

Осы жайында Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) парасаттылық пен көрегендіктен жұрдай, діннің үкімдерін де толық білмей жатып пәтуа беріп, осы пәтуаларының салдарынан адамдарға зияны тиетіндерге қандай мәміле жасағаны тақырыбымыз тұрғысынан маңызды:

Жабир (радиаллаһу анһу) былай әңгімелейді:

Бір сапарға шыққан едік. Бір досымыздың басына тас тиіп кетті де, басы жарылды. Қатты жараланған еді. Арадан біраз уақыт өтіп, әлгі кісі жүніп болып қалады. Қасындағы адамдарға:

– Мен қазір тәяммум алуыма бола ма? - деп сұрады. Ол жердегілер:

– Сен суды қолдана алатын деңгейдесің ғой, саған тәяммум алуға болмайды-ау, - десті.

Ол кісі жаралы болса да шомылып, кейін (сырқаттанып) жан тапсырды. Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы оқиға жайында айтылған кезде қатты ренжіп, былай деді:

«Білместіктің емі – сұрау ғой. Ол кісі тәяммум алып, жаралы жеріне бір шүберек байлауы, сосын шүберектің үстінен мәсіһ тартуы, ал денесінің қалған бөлігін ғана жууы жеткілікті еді ғой» (Әбу Дәуіт, Тахарат, 125/337; ибн Мәжә, Тахарат, 93).

201. Сәһлі мүмтәни – сырт көзге оңай, қарапайым, әншейін сөздер сияқты көрінгенімен, алайда дәл тауып, орын-орнымен айту қиынға соғатын сөздер.

Сондықтан, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артынан ерген біз мұсылмандардың да ақылды, білімді, зейінді, көреген әрі парасатты болғанымыз жөн.

Парасаттылық – шын мәнінде де Аллаһ Тағаланың Өзі жақсы көретін пенделерінің жүрегіне ұялататын сыйлығы десек болады. Бұлай дейтініміз, ақыл-естілік, жоғары санаға ие болу, сезе білу, ұғыну сияқты дүниелер – рухани таным қабілеті ретінде жүрек арқылы іске асады. Расында да, парасаттылық – жүрекке ұялатылған шынайы сезімдер мен қол жеткізілген шабыттар (илһамдар) арқылы оқиғалардың мән-жайын, ой мен жүректегі нәрселердің ақиқатын дұрыс бағалай білу деген сөз. Негізінде мұндай парасаттылыққа нәпсінің тәкаппарлығынан құтылып, Аллаһтың нұрымен қарайтындар ғана қол жеткізе алады.

Хазірет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мүминнің парасатынан сақтаныңдар! Өйткені ол Аллаһтың нұрымен қарайды» деу арқылы (Тирмизи, Тәфсир, 15/3127) *әрбір мүминнің парасаттылық деңгейі оның иманына байланысты екендігіне ишарат еткен. Осыдан болар, кәміл мүминдер болып саналатын Аллаһ достарының парасаттылық деңгейі өзге мұсылмандардікіне қарағанда әлдеқайда қуатты болып келеді.*

Сонымен қатар, парасаттылықтың шыңына жетудің жолы – өлім атты жұмбаққа жауап іздеуден басталмақ. Себебі, өткінші әлемдегі құпиялар мен ақиқаттарға көз жеткізудің жолы «Өлмей тұрып, өле білу» екенінде күмән жоқ. Хазірет Мәулана былай деген:

«Ақылды адамдар әуелі жылайды, кейін барып жымиятын болады. Ал ақымақтар болса, алдымен айқайлап күледі де, артынша бастарын тасқа ұрып жылайды. Ей, адам баласы! Парасатты болып, ісіңді әу бастан ойластырып еңбектен, сонда есеп беру күнінде өкініште халге түсіп қалмайсың!..»

Парасаттылықтың шарттары – халал тамақ жеу, ішкі жан-дүниені тәрбиелеу, әрі көп ой толғау. Ой толғаудың алғашқы қадамы айналаға ғибрат көзімен қараудан басталады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде құлдарын осындай ғибраттарды ұғынатындай көрегендікпен қарауға шақырып, көптеген аяттарда былай деген:

«Олар түйенің қалай жаратылғанына, бұлтқа, жаңбырға, тауларға, жасыл өсімдіктердің қыстың күні өліп, көктемде қайта тірілгеніне, өткен қауымдардан қалған ескерткіштерге қарамай ма?!»[202]

Сондай-ақ, Құран Кәрімде Аллаһтың нығметтері саналып өткен

202. Қараңыз: Қаф сүресі, 6-аят; Юнус сүресі, 101-аят; Ғашия сүресі, 17-20 аяттар; Нұр сүресі, 43-аят; Хаж сүресі, 63-аят; Рағд сүресі, 3-аят; Әнбия сүресі, 31-аят; Нахыл сүресі, 65-аят; Рум сүресі, 50-аят; Мұхаммед сүресі, 10-аят т.б.

соң адамзатқа қайта-қайта «يَا أُولِي الأَبْصَارِ» **«Ей, көздері ашық, саналы пенделер!»**[203] деп айтылған, әлемге ғибратты көзбен қарау талап етілген. Дәл сол сияқты көптеген басқа да аяттарда «أَفَلاَ تَتَفَكَّرُونَ، أَفَلاَ يَتَدَبَّرُونَ، أَفَلاَ يَعْقِلُونَ» **«Еш ойланбайсыңдар ма? Ақылдарын істетпей ме? Ұқпай ма?» дей отырып, адамзат атаулының қоршаған ортаға жай ғана көз тастап қарамай, керісінше мән-жайды ұғына алатындай көрегендікпен, парасаттылықпен тамашалау керектігі айтылған.**

Көрегендіктің маңызын білдіретін аяттарда болса былай делінген:

«...Әлбетте мұнда көзі ашық құлдар үшін үлкен ғибрат бар» (Әли Имран сүресі, 13-аят)**.**

«(Ей, Мұхаммед!) **Қуатты әрі көңілі ояу құлдарымыз болған Ибраһим, Исхақ және Яъқубты да есіңе ал. Біз оларды, әсіресе ақырет өмірін ойлайтын ықыласты пенделер қылғанбыз. Шынында да, олар Біздің құзырымыздағы таңдаулы әрі ізгі жандар»** (Сад сүресі, 45-47 аяттар)**.**

«(Ей, Сүйіктім!) **Айт: Міне менің жолым! Өзімді және маған ергендерді көрегендік арқылы Аллаһқа шақырамын...»** (Юсуф сүресі, 108-аят)**.**

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Аллаһтан басқаға еш құлшылық жасағансыз ба? - деп сұрады. Пайғамбарымыз:

– Жоқ, - деп жауап берді.

– Еш арақ ішкенсіз бе? - деп сұрағанда:

– Жоқ. Мен Кітап пен иманның не екенін білмейтін кездерімде де олардың (яғни, кәпірлер мен мұшріктердің) жасап жатқандарының күпірлік екенін білетінмін, - деді (Диярбақри I, 254-255).

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таза жаратылысы бойынша оның ақыл-санасы, парасаттылығы мен көрегендігі өте жоғары деңгейде болатын.

***

Құрайштықтар Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығынан бес жыл бұрын Қағбаны жөндеуден өткізген еді.

203. Қараңыз: Әли Имран сүресі, 13-аят; Нұр сүресі, 44-аят; Хашр сүресі, 2-аят.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да немере ағасы Аббаспен бірге жөндеуге қатысты. Кезек Хажар Әсуадты (яғни, қара тасты) орнына қоюға келгенде әрбір тайпа осы қасиетті істі өздері жасағылары келгендіктен арада келіспеушілік туындады. Бұл келіспеушіліктер төбелес пен ұрыс-керіске дейін барып жетті. Бірін-бірі көре алмайтыны күшейгені соншалықты, тіпті қан төгіске жетейін деп қалды. Абдұддар ұлдары қанға толтырылған бір ыдыс әкеліп, өлгенге дейін соғысу мақсатында Адий бин Кағб ұлдарымен келісіп алды да, шайқасқа дайындала бастады. Берген серттерін нықтылау үшін әлгі қанға қолдарын малып отырды. Құрайштықтар төрт-бес күн осындай күйде болды.

Ақыр-соңында құрайштықтардың ең жасы үлкені Әбу Үмәйя қатты дауыстап:

«Ей, қаумым! Біз тек қана жақсылық қалаймыз, мұлде жамандық қаламаймыз! Сіздер мұндай қызғаншақтық қылмаңыздар! Тартысты доғарыңдар! Иә, бұл мәселені өз арамызда шеше алмадық, ендеше Харам (Қағба) қақпасынан алғаш болып кіретін адамды арамызда төреші қылайық та, сол кісінің үкіміне бәріміз де разы болайық» деп қолымен Мешіт Харамның Бәни Шәйба қақпасын көрсетті.

Сол мезетте Харам қақпасынан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрінді. Жиылған жұрттың барлығы қуанып кетті. Өйткені, келе жатқан – Сенімді Мұхаммед (әл-Әмин) болатын. Құрайштың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігі, құрметі, сенімі күн сайын артып бара жатқан болатын. Тіпті, олар бір түйе бауыздайтын болса да Хазірет Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) іздестіріп, соған бауыздататын, Ол келіп бауыздаған соң, істерінің берекелі болуы үшін дұға жасайтын еді.[204]

Сондықтан да құрайштықтар оны көре салысымен:

«Міне, әл-Әмин (Сенімді) Мұхаммед! Оның төреші болуына бәріміз бірдей ризамыз» десті.

Келісе алмай жатқан жағдайды оған баяндап берді. Ол әрбір тайпадан бір-біреуден адам таңдады да, шапанын шешіп, жерге жайды. Кейін Хажар Әсуадты шапанының үстіне қойдырып, әрбір адамға шапанының бір-бір ұшынан ұстатты. Осылайша барлығы мүбәрәк тасты бірге көтерді. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны өз қолымен орнына қойды. Нәтижеде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің көрегендігі мен парасатталығының арқасында рулар арасында өршиін деп тұрған соғыстың алдын алды (Ибн Хишам I, 209-214; Абдур Раззақ V, 319).

204. Абдур Раззақ V, 319; ибн Кәсир, әл-Бидая II, 304.

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ислам шайқастарында көрсеткен даналығы, бейбітшілік келісімдерінде, әсіресе Хұдайбия келісімінде көрсеткен парасаттылығы, Меккенің алынуында, Хүнейнде, Тайфта ұстанған теңдессіз әдісі мен көрсеткен әділдігі – ешқандай адам баласы қол жеткізе алмайтындай деңгейде болатын.

Шынында да адамзат баласы әрдайым парасаттылық пен тұлғалығы жағынан ерекше жандарға қайран қалып, сенім артатыны бар.

***

Хазірет Жүсіп Пайғамбардың кінәсіз екендігі анықталып, абақтыдан шығуы үшін елші жіберілген болатын. Жүсіп аләйһис-сәләм болса, патша оқиғаның шын мәнінде қалай болғанын, мән-жайын білмей тұрып, оның бостан-босқа абақтыға қамалғанына бүкіл жұрттың көзін жеткізбей тұрып зынданнан шықпауды ұйғарды. Ақылын қолдана отырып, сабырлылық танытып, өзін көре алмайтындардың өсек-аяң тасуларының алдын алуды көздеді. Өзіне жабылған бүкіл пәле-жалалардың өтірік екендігін дәлелдеп, жаладан тап-таза болып құтылған соң абақтыдан шығуды жөн көрді.

Сондықтан да, кез келген мұсылман Жүсіп аләйһис-сәләмның жоғарыда келтірілген парасаттылығынан үлгі ала отырып, жабылған жаладан құтылуда, әрі жала жабылатын жағдайларда мұқият болуда ақылды дұрыс қолдана білуі керек-ақ.

***

Сүлеймен аләйһис-сәләм жастық шағынан өте ақылды, зерек болатын. Оның осы ерекшелігі жайында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген:

«Өткен замандарда екі әйел мен олардың балалары бар еді. Жолда кетіп бара жатып, бір қасқыр келді де, жасы үлкендеу әйелдің баласын тістеп әкетті. Сол кезде әлгі үлкен жасты әйел қасындағы өзінен жас әйелге қарап:

– Қасқыр сенің балаңды әкетті, - деді.

Екінші әйел болса:

– Жоқ, сенің балаңды әкетті, - деді.

Сөйтіп, екі әйел өзара келісе алмай, үкімін сұрау үшін Дәуіт аләйһис-сәләмға жүгінді. Сонда Дәуіт аләйһис-сәләм қолда қалған бала – үлкен

әйелдікі деп шешті.[205] Олар үкімді естіп болған соң Дәуіт аләйһис-сәләмнің ұлы Хазірет Сүлеймен аләйһис-сәләмға барды. Әкесінің берген үкімін жеткізді. Кейін Сүлеймен аләйһис-сәләм:

«Маған бір пышақ әкеліңдер! Баланы осы екі әйелдің арасында тең бөліп берейін» деп үкім шығарды.

Сол кезде баланың нағыз анасы болған әйел ортаға жүгіріп шықты да:

«Өтінем! Өлтірмеңіз! Аллаһ сізге мейірімін жаудырсын! Мақұл, бала онықі бола қойсын. Жарайды, тек өтінерім өлтіре көрмеңіз» деп жалбарынды.

Содан Сүлеймен аләйһис-сәләм баланың нағыз анасы кім екендігін біліп, оны кіші әйелге табыстады» (Бұхари, Әнбия, 40).

***

«Араиси Мәжәлис» атты еңбекте келтірілген деректе былай делінген:

Парасаттылық жөнінен әйелдердің ең жоғары деңгейдегісі – екеу. Екеуі де Хазірет Мұса жайында пікір айтқанда дұрыс жолды ұстанған еді. Біреуі – Перғауынның әйелі Әсия анамыз. (Ол әйел Мұса Пайғамбар жас кезінде бір сандықта сарайға әкелінгенде көңілі оған ауып, Перғауынға әкелген болатын). Сөйтіп:

«Бұл сәби сен үшін де, мен үшін де көзіміздің нұры болсын, оны өлтірмеші» деген еді.

Ал, екінші әйел – Шуайб аләйһис-сәләмның қызы. Ол Мұса аләйһис-сәләмның аса көркем мінез-құлыққа ие екенін байқап:

«Әкешім! Қойларымызды бағуы үшін оған ақы төлесеңіз болар еді. Өйткені ол бұған лайықты, әрі сенімді, әрі қуатты» деген болатын.

Шуайб аләйһис-сәләмның қызы Сафура Хазірет Мұсаның сенімді екенін өз парасаттылығының арқасында байқаған болатын. Мұны қалайша байқап қойғанын сұрағандарға:

«Өйткені ол біздің жүзімізге қараған да жоқ. Жолда да біздің алды-

---

205. Негізінде бүкіл пайғамбарларда «исмәт» деген сипат болады. Ягни, қателік жасамау сипаты. Бірақ та, олар да адам баласы болғандықтан кей-кейде кішкене қателесулер болып қалады. Ондайды «зәлле» деп атайды. Ягни, зәллә – пайғамбарларда кездесетін «еріктерінен тыс болатын азғана қателесу» деген сөз. Мұның да өзіне тән хикметтері, жасырын сырлары бар, әрине. Хақ Тағала осындай кішкене қателесулер арқылы кейде бір үкімнің ортаға шығуын қамтамасыз етеді; кейде ол пайғамбар болғанымен де оларға әлсіздіктерін сезіндіріп, олардың құл екендіктерін еске салады; ал кейбір уақыттарда болса, адамдарға осы таңдаулы пайғамбарлардың да негізінде адам баласы екенін, сондықтан да олардың да қателесуі мүмкін екендігін ескере отырып, оларды тәңір етіп алудың алдын алады.

мыздан жүріп барды. Осыдан, оның сенімді екенін түсіндім» деп жауап қатты.

***

Әрбір мұсылман пайғамбарлардағы фәтанат (жүрекке байланысты сана-сезім, көрегендік пен парасаттылық) сипаттарынан үлес алып, ақыл нығметтерін ең тиімді түрде пайдалануы керек. Кімге, нені, қай уақытта, қай жерде, қалайша сөйлеу керектігін әрі қандай іс-әрекет жасау керектігін білуі тиіс. Мысал үшін, Жағфар Тайярдың (радиаллаһу анһу) Эфиопия патшасы Нәжашиға Исламды түсіндірер кезде ұстанған әсерлі әдісі – мұсылманның парасаттылығын айғақтауы тұрғысынан өте ғибрат аларлық жағдай. Христиан дінінің өкілі – Нәжаши Жағфар Тайярдың Құраннан бірнеше аят оқуын сұрағанда ол алғашында «кәпірлерге қарсы сөз айтатын аяттардан емес», Хазірет Иса аләйһиссәләм мен анасы Мәриям мақталған аяттарды, яғни Мәриям сүресінің бірнеше аяттарын оқуды ұйғарды. Хазірет Жағфар оқыған қасиетті аяттарды берліп тыңдаған Нәжашидің көздері жасқа толып:

«Еш күмәнсіз, осы тыңдағандарым мен Иса әкелген дін екеуі бір ғана нұр бастауынан атқылап тұрғандай» деді де, көп ұзамай мұсылмандықты қабыл етті (Ибн Хишам I, 358-360).

***

Хазірет Әнәстің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша ол бір күні Хазірет Османға кетіп бара жатып, жолда бір әйелді көріп қалады. Шын мәнінде де әйелдің сұлу екендігін байқап, жолын жалғастыра берді. Османның (радиаллаһу анһу) қасына келгенде:

– Ей, Әнәс! Көздеріңде зинаның ізі тұрса да, осы жерге келе бердің бе? - деп сұрайды. Бұл сөзден қатты таңырқаған Әнәс:

– Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден озған соң да уахи келіп жатыр ма? - деп сұрады. Сонда Осман (радиаллаһу анһу):

– Жоқ. Бұл бір парасаттылық пен көрегендік қана, - деп жауап береді.[206]

***

Абдуллаһ бин Омарға Хазірет Хусейннің Иракқа қарай бет алғаны жайлы хабар жеткен кезде оның артынан түсіп, үш күн дегенде жетіп келді де:

– Ей, Хусейн, қайда бара жатырсыз? - деді.

– Иракқа бара жатырмын, - деді Хусейн.

Ибн Омар қараса, Хазірет Хусейннің қолында бірнеше қағаз түр

206. *Құшәйри, Рисалә, 238-бет.*

екен.

– Бұлар Ирактықтардың хаттары, - деді Хусейн. Сонда ибн Омар:

– Сіз олардың хаттарына алданып қалмаңыз, оларға бармай-ақ қойыңыз, - деді.

Дегенмен, қаншама тырысса да Хазірет Хусейн оларға баратынын, ол бармаса басқа ешкімнің де бармайтынын айтты. Осыдан кейін ибн Омар Хусейнге былай деді:

– Жарайды. Бірақ та, мен Хазірет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисін есіңізге түсірейін:

«Жәбірейіл аләйһис-сәләм Аллаһтың Елшісіне келді. Әлемдердің мырзасына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние мен ақыретті таңдауда ерікті екенін айтты. Аллаһтың Елшісі дүниені емес, ақыретті таңдады. Сіз де Аллаһ Елшісінің бір ұрпағысыз. Аллаһқа ант етейін, Әһлі-бәйттің ішінен ешбіреуіңіз қияметке дейін дүниеге үстемдік ете алмайсыздар (яғни, мал-мүлік, абырой, атақ, даңқ секілді дүниелік нәрселерге ұзақ уақыт бойы билік ете алмайсыздар). Бұл дүниеде билік ете алмауларыңыздың себебі – өздеріңіз үшін дүниеден әлдеқайда қайырлы нәрсені, яғни ақыретті таңдауларыңыз ғана».

Ирактықтарға сенім артқан Хазірет Хусейн райынан қайтпады. Сонда Абдуллаһ ибн Омар оның мойнына асылып, жылай бастады. Кейін:

«Аллаһқа аманат қылдым! Сіз өлімге бара жатырсыз ғой...» деп қайғырды (Ибн Кәсир, әл-Бидая VIII, 152; Зәһәби, Сияр III, 296).

Сондай-ақ, Хазірет Хусейннің ағасы Хасан (радиаллаһу анһу) да мұсылмандар арасындағы бүлік пен қан төгістің алдын алу мақсатында Муауияға хат жаза отырып, халифалықтан бас тартатынын айтқан болатын.

Міне, Хазірет Абдуллаһтың парасаттылық деңгейін айғақтайтын жоғарыдағы оқиғалар Әһлі-бәйттің жанкештілік, жауапкершілік және де қызмет мәселелеріне бірдей төтеп бергендіктерін паш етеді.

***

Хазірет Абдул Қадир Ғайлани басынан өткен бір жағдайды былайша баяндап берген:

Күндердің бірінде көз алдымда бір жарық пайда болып, бүкіл әлемді қаптай бастады. Бұл не екен деп қарап жатқанымда, әлгі жарықтан бір дауыс естілді:

– Уа, Абдул Қадир! Мен сенің Раббыңмын. Осы күнге дейін жасаған ізгі амалдарыңа риза болғаным соншалық, бұдан әрі харам істерді де саған халал деп шештім, - деді.

Бірақ та, дауыс естіле салысымен, бұл сөздің шайтанға қатысты екенін байқадым да:

– Жоғал, ей, малғұн! Көрсеткен нұрың – мен үшін мәңгілік қараңғылық қой, - дедім. Сол кезде шайтан:

– Раббың саған нәсіп еткен хикмет және парасаттылығыңның арқасында тағы да менен құтылдың! Негізінде мен дәл осы жолмен жүздеген адамдарды адастырған едім, - деп көзден ғайып болып кетті.

Содан кейін қолымды жайып, осындай нығмет бергені үшін Аллаһқа сансыз мәрте шүкір еттім.

Осы сөздерді тыңдап отырған жамағаттағы бір адам сауал қойды:

– Сіз оның шайтан екендігін қайдан білдіңіз?

Сонда Абдул Қадир айтты:

– Саған харам нәрселерді халал қылдым дегенінен.

Міне, өмір бойы барлығымызға қажетті болатын парасаттылық – дәл осы болар.

***

Осман мемлекеті кезінде адамдардың рухани деңгейі қазіргі таңдағыға қарағанда әлдеқайда жоғары болатын. Кейбір уақыттарда ханзадалардың белгілі жақтастары болмастан, қайсысы билік басына өтуін біле алмай, халық билеушісіз қалып қоятын болса, олар парасаттылықпен шара қолданатын еді:

Бірде сол кездегі астана болған Бурса қаласына келген Муса Челебиге халық өз өкілдерін жіберіп, былай дейді:

«Біз ешқайсыңызға жақтас та емеспіз, қарсылас та емеспіз! Сіздер өз араларыңыздағы мәселені өздеріңіз шешіп алыңыздар! Егер бізді де осы қақтығыстарға араластыратын болсаңыздар, онда соңы жазылмайтын жараларға себеп болары анық. Сондықтан да, сіздерден сұранатынымыз: халқымыздың арасында бүлік шығарып, бөліп-жарудың орнына елдің бейбітшілігі мен ынтымақтастығы жолында бірігіңіздер...»

Осман мемлекетін жойылудан сақтап қалған ең маңызды себептердің бірі дәл осы – халықтың парасатты, ақылды әрі саналы болуы еді. Олай болмаған жағдайда, көптеген халықта басына туғанындай әркім өз алдына бір партияны ұстанып, нәтижеде жұрттың арасында қан төгіс пен ұрыс-керіс пайда болар еді.

***

Йылдырым Баязидті Анкарада жеңіліске ұшыратқан Әмір Темір Осман мемлекетіне бар жоғы бірнеше жылдық салық (хараж) төлеулерін

белгілеген болатын. Одан кейін ілхандықтар өздерін Темірдің орнына қалғандарын айтып, салық алуды жалғастыра берді. Осы салық II Мұрат ханның дәуіріне дейін берілген. Ал, II Мұраттың кезінде барынша күшейіп алған Осман мемлекетінің көсемдері Сұлтанға:

– Жоғары мәртебелі патшам! Неліктен оларға салық беру керекпіз, болды жетеді ғой, оларды жояйық, - деп ұсыныс жасайды.

Өте парасатты әрі ақылды сұлтан II Мұрат хан айтылған ұсынысқа мынадай бір ғибратты жауап қайырады:

«Олар біздің күшейіп, осындай мықты деңгейге жеткенімізді әлі білмейді. Егер қазір олар алып жатқан салықты бермейтін болсақ, әншейін жасақ жинап болса да келеді де, тас-талқанымызды шығармақшы болады. Бәлкім жеңілетін де шығар, бірақ та мұсылмандардың қаны ағады... Сондықтан да, олар сұрап жатқан ақшаны қазірге бере берейік. Шын мәнінде де, ақшаға бола мұсылмандардың қанын ағызуды қаламаймын!

Дегенмен, Илхандық елшілерге өздеріңді сондай етіп көрсетіп, әскерлеріміздің көркемділігін паш етіңдер, нәтижеде күш-құдіретімізге көз жеткізіп, өздерінен барынша қуатты болған біздей Ұлы елден салық сұрап келуге батылдары жетпей қалсын!»

Расында да, кейінгі оқиғалар II Мұрат ханның дегеніндей орын алады.

***

II Мұрат ханның өз ұлы II Мехмет Фатихті тездетіп таққа отырғызғысы келгенінің ең басты себебі – оның өте қабілетті екенін байқауы болса керек. Өйткені, ханзада Мехмет өте жас болғанына қарамастан, жасы үлкен адамдардың да ақылы жетпейтін нәрселер жайында ойланатын, ұлы істер жасайтын әрі әкесіне де күтпеген сұрақтар қоятын. Сол сияқты, бір жолы сарайдың бау-бақшасында әкесін көріп, жанына жүгіріп келеді де, хал-жағдайын сұраған соң былай дейді:

«Уа, менің құрметті әкешім! Мына хикметтерді қалай түсінсем болады: осыншама ауыр жүкті көтерсеңіз де, сізде өзге үлкен жасты адамдардағы сияқты қартайғандық белгілері байқалмайды. Көптеген қиыншылықтар мен тауқыметтерге душар болсаңыз да, жас адамдар сияқты күш-қуаттысыз, зеректіс, әрі ақылыңыз бен даналығыңызды да орынды қолданудасыз. Бір қарасам, соғыс майданында батырларша соғысып жатқан қолбасшы халінде көремін; бір қараймын, халыққа шын жүректен қызмет етіп жатқан қарапайым бір дәруішсіз!.. Күндіз-түні тынбайсыз. Осылардың бәріне қалай шыдамыңыз жетіп, қалайша шаршамайсыз? Мен осыларды түсіне алмай, дал боламын! Үнемі ойлана беру адамды шаршатып жіберетіні ақиқат. Бірақ сізде олай емес, сіз ойланып-толғанудан мүлде шаршамайтын сияқтысыз. Осындай ерекше

болуыңызға септігін тигізіп жатқан қандай дауа бар, қандай дәрі бар? Осы құпияларыңызды, өтініш, маған да үйретіңізші. Бәлкім, мен де осы сіздің жетістіктеріңізді қайталармын, сіздің жолыңызбен жүрермін...»

Сұлтан II Мұрат хан мұндай кіші жастағы ұлының күтпеген сұрақтар қоюына қатты таңырқай отырып, оған дән риза болады да, артынша бізге дейін жетіп келген мына бір насихатын жеткізеді:

«Сүйікті балам! Мені қатты қуанттың. Әлемдер мен бүткіл жаратылыстар құлшылық ететін Ұлы Раббымның саған берген осы ерекшеліктерді бұдан да арттыра беруін тілеймін! Аллаһ Тағала осындай маңызды әрі терең мәселелерді іздестіруге деген құштарлығыңды арттыра берсін!

Сүйікті балам! Кім не айтса айта берсін, мен өмірлерін жақсы өткізген жандардың бұл дүниеден өткеннен кейін ақырет әлеміндегі сол шексіз нығметтерге қол жеткізетініне сенемін. Осы сенімімде титтей де күмәнім жоқ. Сол үшін Аллаһыма жасайтын құлшылықтарымды шын ықылас-ниетіммен орындауға тырысамын. Мен осы дүниеде тартатын азаптарым мен қиыншылықтарымның жауабын ол дүниеде Аллаһ Тағала тарапынан сауап ретінде берілетінін үміт етіп, үнемі Раббыма жалбарынамын. Сондай-ақ, маған белгілеп қойған тағдырын да мен үшін теңдессіз бақыт екенін сезініп өмір сүремін.

Уа, балам! Айтылған әрбір нәрсеге сеніп, алданып қалғанның орнына әрбір нәрсені іздестіріп, анық-қанығына жету керек.

Кез келген бір жеміс таза пісіп жетілген кезінде қалай ұнатып желінсе, дәл сол сияқты адамдардың да көпті көрген, ілімді, тәжірибелілері үнемі құрметтеледі. Олай болмаған жағдайда, пісіп жетілген дәмді жемісті жеудің орнына әлі мұлде піспеген шикі жемісті жеу – әлбетте ақылдың аздығын көрсетеді.

Сүйікті балам! Кей уақыттарда өткен ата-бабаларымды да еске аламын. Сонымен қатар, өзімнен кейінгі ұрпақтарымның жағдайлары жайында да толғанамын. Аллаһқа шүкір, бүгінге дейін құрмет, ізет, жақсы қарым-қатынаспен өмір сүріп келеміз. Бұдан кейін де дәл осылай болуын қалар едім. Қалайша (абыроймен, жұрттарға ұнамды болып) келген болсақ, осылайша өмірден кетуді армандаймын...

Мына нәрсені де жақсылап біліп алғын: кез келген нәрсені қолда ұстап тұру тек қана күш-қуат, қылыштың күші, дөрекілік және де қатігездік арқылы болмайды. Ақыл, сабырлылық, көрегендік, көзі ашықтық, сондай-ақ түрлі сынақтар мен мықты жаттығулар да өте маңызды. Бірінші жол үнемі тиімді болмауымен қатар, оның біраз зияндары да жоқ емес. Ал, екінші жол жеке өзі түкке жарамайды. Ендеше, үлкен жетістіктерге қол жеткізу үшін осы екі жолды бірдей алып жүруге тиіссің. Мынаны

да ұмытпағайсың: өткен ата-бабаларымыздың үлкен жеңістері сырт көзге қылыш арқылы жүзеге асырылғандай көрінгенімен, негізінде ақыл, даналық, көрегендік және де ең бастысы өзара сүйіспеншілік арқылы іске асырылған.

Сүйікті балам! Бір сәт те әділеттілікті қолдан жіберме! Себебі, Ұлы Аллаһ Тағала әділ. Ол әділетті жандарды жақсы көреді. Сен бір жағынан Оның жер бетіндегі халифасысың. Ол саған өз қалауымен көптеген нығметтер берген, әрі кейбір адамдардан үстемірек етіп, басшы еткен, мұны да ұмытпағайсың...

Балам! Бұл дүниеде үш түрлі адам бар:

***Бірінші топтағылар**: ақыл-естері дұрыс, саналы әрі болашақты да өз парасаттылықтары арқылы азды-көпті байқай алатын жандар.*

***Екіншісі:** қай жолдың дұрыс, қай жолдың бұрыс екенін ажырата алмайтын адамдар. Бірақ та мұндай халге өз қалауларымен емес, айналадағы, қоршаған ортадағы адамдардың ықпалымен түсіп қалған. Ондайларға насихат айтылатын болса, дұрыс жолға келеді, ақиқатты қабыл етеді, сөзге құлақ асады. Дегенмен, көбінесе құлақтары арқылы не естісе, соған сеніп ғұмыр кешеді.*

*Ал, **үшінші топтағылар** болса, не өздері бірдеңе білмейді, не айтылған ескертулер мен уағыз-насихаттарға құлақ аспайды. Ондайлар тек қана өз қалаулары мен нәпсілеріне еріп, өздерін ғалым-ғұлама деп біледі. Міне, осындайлар – өте қауіпті жандар.*

Балам! Егер Аллаһым сені осы топтардың біріншісіне жатқызған болса, онда қуанып, Раббыма шүкіршілік етемін. Егер де, екінші топқа жататын болсаң, онда саған айтылатын ақыл мен кеңестерге, уағыз-насихаттар мен ескертулерге құлақ асуыңды өсиет етемін. Бірақ та, үшінші топқа кіруден аулақ бол. Шынында да, ондайлар әрі Аллаһқа ұнамайды, әрі адамдар тарапынан да жақсы мәміле көрмейді.

Сүйікті ұлым! Патшалар қолдарында бейнебір таразы ұстап тұрған жандар секілді. Дегенмен, нағыз патша қолындағы таразыны дұрыс ұстай біледі. Сен де патша болсаң, таразыны дұрыс ұстауыңды өсиет етемін. Сонда, Ұлы Аллаһ та саған жақсылықтар нәсіп етіп, салих (ізгі) пенделердің қатарына қосады! Расында да, Ол барлық нәрсені Білуші!..»

Иә, осы айтылғандар әке мен бала арасындағы теңдессіз парасаттылық пен даналықтың көрінісі екенінде дау жоқ.

***

II Баязид Уәлидің Исламдық қор құру, аурухана, жатақхана салу сияқты көптеген қызметтерімен қатар, діни ілімдер мен өркениетке де

аса мән бергені белгілі. Оның дәуірі Осман мемлекеті өркениеті мен мәдениетінің негізі қаланған дәуір. Атақты италияндық құрылысшы әрі суретші Леонардо да Винчи II Баязидқа хат жолдап, Стамбұлдағы мешіттер мен өзге де құрылыстардың жобасын «өзім жасап берейін» деп ұсыныс білдіргенде, осы хат уәзірлерді қатты қуантқан еді. Алғыр, өте дана әрі аса терең тасаууфтық көзқарасқа ие II Баязид хан болса, бұл ұсынысқа қарсы болып, былай дейді:

«Егер осы ұсынысты қабыл ететін болсақ, елімізде әдісі және көрінісі жағынан шіркеулерге ұқсаған құрылыстар пайда бола бастайды да, нәтижеде өзіміздің Исламдық үлгідегі құрылысымыз дамымай, артта қалып қояды!»

Міне, бұл көзқарас – ақылды әрі өте парасатты мұсылманның қаншалықты терең көзқарасқа ие екендігін көрсетуде. Бұлай дейтініміз, II Баязидтен кейін Ислам аймақтары қалайша жиырма төрт миллион шаршы шақырымға жеткен болса, Ислам өнері де соншалықты биік шыңына жетті. Осындай көзқарастың арқасында Исламның асыл рухы құрылысқа да әсер етіп, қияметке дейін құнын жоғалтпайтын Сәлимия, Сүлеймания сынды өнер туындылары пайда болды.

***

Еш күмәнсіз Палестинаның алғашқы мазлұмы (яғни, жапа шеккені) II Абдул Хамид хан болып табылады. Ол Палестина мәселесіне қатты мән беріп, яһудилердің алғашында бейбіт болып көрінген арам ниеттеріне қарсы өз парасаттылығымен тиімді әдістерді қолданып отырған.

«Егер маған (яғни, Израилге) Палестина аймағынан жер берсең, бүкіл сыртқы қарыздарыңды төлеуге разы боламын» деп ұсыныс жасаған Теодор Херцлге Абдул Хамид хан:

«Мен Палестинаның бір қарыс топырағын да сатпаймын. Себебі, бұл аймақтар маған емес, халқыма, мұсылмандарға тиесілі. Ал мұсылман үмбеті бұл аймақтарға қаншама қан төгіп қол жеткізген. Шейіт қандары арқылы алынған бұл теңдессіз жерлер ешқандай ақшаға сатылмайды! Біліп қойыңдар, сендердің тірі жандарға жасауды жоспарлап жатқан осы арам ниеттеріңді іске асыруға мүрсат бермеймін!» деп, жоспарланған қауіп-қатердің алдын алу мақсатында қатаң шаралар қолданған.

Иә, бүгінгі таңда сол аймақтарда болып жатқан оқиғаларды көріп отырып, II Абдул Хамид ханның парасаттылығы мен ақылдылығын одан да жақсы ұғынып жатқандаймыз.

Палестинадағы сәбилерге әлі күнге дейін ең көп қойылатын есім Абдул Хамид екен. Палестина тұрғындары өздерін «Біз – Абдул Хамидтің жетімдеріміз» дей отырып, ол кісіні жақсылықпен еске алып отырады.

***

Қорыта айтар болсақ, көзі ашық, көкірегі ояулық және парасаттылық кез келген мүмин үшін өте маңызды ерекшелік болып табылады.

Шах әл-Кирмани былай дейді:

«Кім көздерін харамнан сақтап, нәпсісін шахуатты нәрселерден қорғаса, ішкі жан-дүниесін бақылауға алып, сыртқы әлемін Сүннетке амал етуге бағыттаса және тек халал тамақ жейтін болса – оның парасаттылығы мүлде адаспайды».

22. НӘПСІНІ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮРЕКТІ ТАЗАЛАУ

Ислам дініндегі көркем мінез-құлықтарға ие болу үшін ең алдымен нәпсіні тәрбиелеп, жүректі пәктеу қажет. Осы тәрбиелеу мен пәктеу – адамзат атаулының бақытты немесе бақытсыз болуын белгілеп беретін ең негізгі жайттар болып саналады.

Нәпсіні тәрбиелеп, жүректі пәктеу үшін алдымен Иләһи бұйрықтарға мән беріп, арсыз құмарлықтар мен ұсқынсыз іс-әрекеттерден бойды алшақ ұстауымыз керек. Мұсылман адам өзінің кемшілік, әлсіздік, түкке тұрғысыз әрі надан (білімсіз) екендігін мойындап, Раббысын бүкіл ұлылық, құдірет әрі кемелдік сипаттары арқылы тани білуі, сондай-ақ өмірін осы танығаны бойынша ретке келтіруі тиіс. Егер осылай істей алса, Құран Кәрім тілімен айтқанда: «Үнемі жамандықты бұйыратын нәпсі»[207] өзінің жағымсыз сипаттарынан құтылып, пайдалы халге келеді.

Нәпсіні тәрбиелеуге ұмтылу және де осы жолда еңбек ету (яғни, сәйрі сүлүкке кіру) маңыздылығы мен қиындығына байланысты «ең үлкен жиһад» деп аталған. Расында да, бұл анықтаманы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте ауыр кешкен Тәбүк шайқасынан қайтарда айтқан болатын. Осы сапарда ардақты сахабалар мың шақырымдай жерге барып қайтқан. Сапар кезінде сахабалар аштық, сусыздық сынды көптеген қиыншылықтарға тап болды. Шаштары мен сақалдары бір-біріне қосылып, одан қалса терілері сүйектеріне жабысып қалды. Сонда олар (сахабалар) осындай ауыр жағдайда тұрса да Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа, нәпсілік қалаулармен соғысуға қайтып жатырмыз!»[208] *деді.*

---

207. Қараңыз: Юсуф сүресі, 53-аят.
208. Қараңыз: Суюти, Жамиғус Сағир II, 73.

Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзге хадистерінде былай деген:

«(Шын мәніндегі) Мұжаһид – нәпсіне қарсы жиһад жасайтын адам» (Тирмизи, Фәдайлул-Жиһад 2/1621; Ахмед VI, 20).

«Ақылды адам нәпсіне ие болып, оны есепке тартып, өлімнен кейінгі өмір үшін әрекет жасайтын адам. Ал ақымақ адам болса, нәпсілік қалауларға еріп жүрумен бірге, Аллаһтан (жақсылық) дәметуші адам» (Тирмизи, Қиямет, 25/2459; ибн Мәжә, Зүһд, 31).

«Үмбетім жайында ең қатты қорқатын нәрсем – нәпсілік қалауларға еріп кетулері» (Суюти I, 12).

Осы тұрғыдан алғанда, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нәбәуи (пайғамбарлық) тәрбиесі нәпсімен өткізілген аяусыз шайқастың арқасында қалыптасқан. Осы пайғамбарлық тәрбиені көрген сахабалар нәпсіні тізгіндеп, жүректерін пәктеу арқылы шикілік сипаттардан айығып, пісіп-жетілген кәміл тұлғалар болған әрі бүкіл адамзат атаулыға үлгі болатындай халге жеткен. Сонымен қатар, Әлемдердің мырзасының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында хамд, шүкір, зікір халдерін үйренген. Мырзамызға жақындығының арқасында кенелген терең хадис біліміне қарамастан, риуаят етудегі мұқияттылығы сонша бар-жоғы 848 хадис риуаят еткен ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тәрбиесінің қаншалықты пайдалы болғанын былайша тілге тиек етеді:

«Біз Расулуллаһтан соншалықты әсерленетін едік, тіпті жеп жатқан тамағымыздың зікір айтып жатқанын естітінбіз» (Қараңыз: Бұхари, Мәнақиб, 25).

Кезінде қарапайым бір «түйе бағушы түйекеш» болған Ибн Масғуд (радиаллаһу анһу) һидаятқа келіп, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тәрбиесін алған соң жан-дүниесі бейнебір тұнық теңізге айналды. Нәзік болды, тереңдей түсіп, жүрегі де Аллаһты танитын ерекше жағдайға кенелді. Біз білетін атақты Куфа мектебі де осы танымал сахабаның туындысы. Дүниежүзіндегі ең мәшһүр құқықшылардың бірі Имам Ағзам Әбу Ханифа да осы мектепте тәлім алған. Әбу Ханифаның құқықты жақсы меңгергендігі соншалықты, тіпті дүниенің ең мықты құқықтанушылары болып саналатын Солон мен Хаммураби секілділер оған тек шәкірт қана бола алады. Әбу Ханифа негізін қалаған Ханафи мазхабы қаншама жыл жалғасатын болса, ибн Масғуд та осыдан садақа жария (үздіксіз барып тұратын садақа) есебінде сауапқа кенеліп тұрады. Міне, осы және өзге де сахабалар денелері топырақ болып кеткеннен кейін де ұмытылмайтын тұлғалар. Олар Мұхаммеди үмбеттің жан-жүректерінде қияметке дейін өмір сүре бермек.

Пайғамбарлар мен әулиелердің адамдарды тәрбиелеуде рух пен жүрекке әсер ету мақсатымен қолданатын ең маңызды әдісі сұқбат жасау болып табылады. Нәпсісін тәрбиелеп, жүрегін пәктеген адамның сұқбатында, өмірінде шынайылық орын алады. Осындай сезімдермен ықыласты түрде айтылған сөздер тыңдарманның құлағынан кіріп, жүрегіне жетеді, тұла бойын билеп, жақсы әсер етеді де, жүрегінің жай табуына септігін тигізеді.

Пайғамбарлардың мұрагерлері болып саналатын ғалымдар және де Аллаһты таныған көкірегі ояу, көзі ашық жандар адамдардағы жағымсыз мінездерді түземес бұрын, сұқбат жасау арқылы олардың жүректерін жұмсартып, түзетуге дайындай бастайды. Нәпсілердегі ашу мен ыза дауылдарын бәсеңдетіп, өкінудің жағымды самалының есуіне жағдай жасайды.

Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүршидтерге дейін сілсілә болып жеткен берекет – мүминдерге рабыта және сұқбат арқылы өтеді. Осылайша, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлгі аларлықтай тұлғалығы мүмин көңілдерге шама-шарқынша ұялаған болады.

Сұқбаттар неғұрлым құлшылық ниетімен орындалатын болса, соғұрлым әсерлі де болады. Сұқбат кезінде жүректер айтылып жатқан адамға қарай түзеледі. Себебі, сұқбат дегеніміз бейнебір науқасқа (былайша айтқанда, тыңдарманға) рухани дәрі жазып беру деген сөз. Шынайы түрде айтылған және тыңдалған сұқбат – жүректе жаңа бір асулардан асуға ықпал етеді. Сондай-ақ, оның пайдалары әр тыңдарманның жүрегіне (яғни, рухани деңгейіне) қарай өзінше жүзеге асады.

Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларды тәрбиелеп, нәпсілерін тізгіндеуді үйрету кезіндегі ең әсерлі әдісі де сұқбат жасау болатын. Өйткені, Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Сен үгіт-насихат айта отып, естеріне сал. Өйткені, еске салу – мүминдерге пайда береді» (Зарият сүресі, 55-аят)**.**

«...Расында да сен үгіт-насихат беруші ғанасың!» (Ғашия сүресі, 21-аят)**.**

«Сахаба» мен «сұқбат» сөздерінің бір түбірден шығуы да назар аударарлық жайт. Бүткіл сахабалар Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген махаббат, құрмет және әдеп сезімдері тұрғысынан рухани сұқбат пен тәрбиеден кәмілдік түрде теңдессіз пайда ала білген ең үлгілі жандар болды.

Осындай пайдаға кенелу үшін Расулуллаһтың сұқбатында қалай отыратындары жайлы былай айтылады:

«Басымызда бір құс тұрғандай болатын. Егер қимылдап кетсек, әлгі құс ұшып кететіндей (тыныш) отыратынбыз» (Қараңыз: Әбу Дәуіт, Сүннет, 23-24/4753; ибн Мәжә, Жәнайз 37; ибн Сағд I, 424).

Міне, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұқбаттары осындай өте тартымды өтетін. Ол сөйлеп жатқанда қасындағылар өте тыныш отыратын әрі беріліп тыңдайтын, тіпті олардың ахуалдары сүйсіндіретін. Одан сахабаларға өткен әдеп пен ұялу сезімдерінің күштілігі соншалық, Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сұрақ сұрауға да дәттері бармайтын. Сондықтан да сахабалар, шөлден бір бәдәуй келіп, Расулуллаһқа сұрақтар қойып, сұқбатқа себепші болса ғой. Біз де оның рухани берекесінен пайдалансақ қой деп үміттенетін.

Бұрындары надан (ғапыл-білімсіз) күй кешкен сахабаларһидаят тауып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әсерлі сұқбаты мен рухани тәрбиесінің көмегімен нәпсілерін тізгіндеп, жүректерін пәктеген уақытта дүниенің ең ізгі жандарына айналды. Олардың ауыздан ауызға жетіп, жүректерді билеп алған өнегелі қиссалары уақыт пен кеңістікті асып, бүгінгі таңға дейін жетті.

Демек, Исламдық жетілудегі өте маңызды жайт болып саналатын нәпсіні тәрбиелеп, жүректі пәктеу әрекеті – алдымен күпірлік, надандық, жаман сезімдер, қате сенімдер және де жағымсыз мінез-құлықтардан арылу деген сөз.

Былайша айтқанда, Ислам дініне қайшы келетін кез келген сенімдік, ахлақтық немесе күнделікті қарым-қатынастық қателіктерден аулақ болу арқылы нәпсіні тізгіндеп, жүректі пәктеген жөн. Жүректі пәктеп, жамандықтардан қорғаған соң иман, ілім, таным, хикмет, жақсы сезімдер, көркем мінез-құлықтар секілді тақуалық сипаттар арқылы тәрбиелеу, яғни осылайша безендіріп, нықтай түсу де тақырыбымыз тұрғысынан маңызды.

Адам баласы бұл дүниеге құлдық сынағы үшін келгендіктен, өлгенге дейін нәпсімен күресуге мәжбүр. Ол Аллаһтың нағыз досына айналған күннің өзінде дүние, нәпсі және де шайтан үшеуі үнемі оны азғырып, тұзақтарымен алдынан шығатын болады. Расында да, құлшылықтың негізгі құндылығы осы қауіп-қатерлерді жойып, бұл өткінші дүниенің тартымды тұзақтарынан аман-есен өтіп, тақуалыққа берілу, әрі соның арқасында Хаққа қарай ұмтылу арта түспек.

Хазірет Мәулана адамзаттың ішіндегі жағдайды былайша түсіндіреді:

«Кімде нәпсі бар болса, ол Мұса аләйһис-сәләм сияқты. Ал, денесі оның Перғауыны іспеттес. Нәпсісі болған адам өзінің ішіндегі нәпсіні ұмыт қалдырып, дұшпан қайда деп сырттан іздеп жүреді».

«Ей, Хақ жолаушысы! Ақиқатты үйренгің келсе, Мұса да, Перғауын да өлмеген. Олар бүгінде сенің ішіңде өмір сүруде. Олар сенің табиғатыңа (жан-тәніңе) жасырынып алған. Сенің көңіліңде соғыстарын жалғастыруда. Сондықтан да, өзара дұшпан болған сол екеуін өз бойыңнан іздеу керексің!»

Хазірет Мәулана тағы да былай дейді:

«Денеңді көп бағып қаға берме. Өйткені денең ақыр-соңында топыраққа кетеді. Сондықтан да ішкі жан-дүниеңді бағып қағуға мән бер. Себебі, биікке көтеріліп, абыройға ие болатыны – сол».

«Денеңе майлы, дәмді нәрселерді аз жегіз. Өйткені оған аса мән беріп, қатты бағатын жандар нәпсілік қалауларына беріліп, ақыр-аяғында қор болады».

«Рухыңа (яғни, жаныңа) рухани азықтар бер. Расында да, жаныңа кәміл түсінік, нәзік ұғым және де рухани азықтар беретін болсаң, баратын жеріне күшті әрі қуатты болып барады».

Негізінде нәпсі жақсылап тәрбиеленетін болса адам баласын ең жоғарғы деңгейге шығаратын, ал тәрбиеленбейтін болса, құрдымға түсіретін ерекше күш. Басқа сөзбен айтқанда, тура екі қырлы пышақ секілді.

Бақылауға алынбай, рухани тұрғыдан жетілмеген нәпсі ақиқаттарды ғапылдықпен жасыратын аянышты перде секілді. Бірақ та, адам баласы нәпсі атты кедергіні жеңіп өтіп, жаман ахлақтан құтылса, сондай-ақ нәпсісін тізгіндеп, жүрегін пәктейтін болса, Хақ пен ізгілікке ұмтылуда «нәпсісіз етіп жаратылған» періштелердің деңгейінен де асып түсуі мүмкін. Өйткені, әрбір нәтиженің бағасы – көздеген мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жоюмен өлшенеді.

Былайша айтқанда, адамзаттың табиғатында болған жамандық жасау (яғни, фүжур) бейімін тәрбиелеп, тақуа тұқымдарын егу үшін нәпсі тәрбиесі мен жүректі пәктеу қажет. Ол үшін әрбір адам баласы шамасы келгенше Хақ Тағаланы танып, осы танымын өміріне енгізу арқылы ізгі амалдар жасаумен Аллаһ Тағаланы пәктеуге әрі дәріптеумен айналысуы тиіс.

Негізінде «құлшылық» дегеніміз де – осы. Ал, осы құлшылықтың діттелген мақсатына жетуі – адамдағы нәпсі тоқтауылынан өтіп, жоғары деңгейлерге қол жеткізу деген мағынаға саятын «нәпсі тәрбиесі мен жүректі пәктеуге» тікелей байланысты.

Нәпсіні тәрбиелеу Аллаһ Тағала бірнеше рет серт етіп, аса мән берген маңызды жайт болып саналады. Бұл жайында Құран Кәрімнің Шәмс сүресінде былай делінген:

«Ұлы құрметіме серт, Күнге және оның сәске уақтысындағы сәулесіне серт, Күннің артынан ерген кездегі Айға серт, оны ашыққа шығарған кездегі күндізге серт, оны жасырған кездегі түнге серт, Аспанға және оны тұрғызғанға серт, Жерге және оны жайып төсегенге серт, нәпсіге және оған көптеген қабілеттер (мен ерекшеліктер) беріп, (сол нәпсіге) жамандықтар мен жақсылықтарды (яғни, фұжур мен тақуалықты да) ұялатқанға СЕРТ БОЛСЫН!

Нәпсіні жамандықтардан арылтқан (заттық және рухани кірлерден тазартқан) **адам – нағыз құтылуға кенелді! Ал, оны жамандықтарға көміп тастаған адам – әлбетте зиянға ұшырады!»** (Шәмс сүресі, 1-10 аяттар)**.**

Аллаһ Тағаланың ант етуі, осы ант етілген нәрселердің құнды әрі құрметті екендігін білдірумен қатар, негізінде сол анттардан кейін айтылып жатқан нәрсенің неғұрлым маңызды екенін білдіреді. Жоғарыдағы аятта да дәл солай. Бірақ та, осы жерде ескере кететін бір жайт бар:

Аллаһ Тағала жоғарыдағы аятта бір-бірінің артынша тура 11 рет серт беруде, ал мұнымен де шектелмей, артынша мағынаны қуаттау үшін араб тіліндегі «Қад» (еш күмәнсіз) деген жалғауды да келтіруде. Осыншама сенімді түрде айтылған серттерден кейін барып:

«Нәпсіні тазалаған (яғни, тәрбиелеген) адам құтылуға қол жеткізді! Керісінше, оны күнәға және жамандықтармен ластаған пенде – міндетті түрде қор болды, зиянға ұшырады» деген мағынада сөз айтылды.

Тағы да бір назар аударатын ақиқат: Құран Кәрімде Аллаһ Тағала нәпсіні тәрбиелеуден басқа ешқандай тақырып жайында 11 рет ант етпеген. Бұл да адам баласының нағыз құтылуға жетуі жағынан нәпсі тәрбиесінің қаншалықты маңызды екендігін айғақтауға жеткілікті.

Тасаууфта тәзкия (арылту) – нәпсінің қалауларын азайтып, оның денеге деген билігін жою, әрі осылайша рухтың үстемдігін ортаға қою болып табылады. Бұл тек қана нәпсіге қарсы күш-жігерді күшейтетін риязат жолымен, яғни ішіп-жеу, ұйықтау және де сөйлеу кезінде мұқият болу арқылы жүзеге асады. Осыдан болар, тасаууфта нәпсіні тізгіндеудің әдісі – аз жеу, аз ұйықтау және аз сөйлеу деп айтылады.

Себебі, осы аталғандар – риязат арқылы нәпсіге ие болудың алғашқы қадамдары. Дегенмен, әрбір істе болғаны сияқты бұл істерде де орта жолды таңдаған жөн. Өйткені, дене де Аллаһтың біз адамзатқа берген аманаты.

Сонымен қатар, нәпсі дегеніміз күрескен кезде өлмейді, тек бақылауға алынады. Біздің мақсатымыз да нәпсіні жою емес, оны шектен шығудан қорғап, арман мен қалауларын Аллаһ Тағала разы болатын істерге бағыттау әрі тәрбиелеу.

Нәпсіні тізгіндеумен қатар тағы да бір маңызды міндетіміз – жүректі мөлдір, тұнық халге әкелу. Жүрек жаратылысы жағынан – осы дүниедегі «Аллаһ Тағала назар аударатын мекен» болып саналмақ. Басқаша айтқанда, жүрегіміз Аллаһ Тағаланың назары түсетін абыройлы мәртебеге ие. Сарайдың тағында патшадан басқа ешкімнің отыруы мүмкін еместігі сияқты, дене атты мемлекеттің сарайы болған жүректің де Аллаһтан өзге нәрселерден, яғни нәпсілік қалаулардан, жаман сезімдерден және бүткіл бос нәрселерден арылып, тазалануы тиіс. Олай болмаған жағдайда жүрек Аллаһтан келетін игіліктер мен шабыттарға жабылып, қабылдай алмайтын халге түседі. Дегенмен, осы айтылғандар Аллаһтан басқа ешкімді немесе ешнәрсені жақсы көруге болмайды деген сөз емес. Иә расында да, нәпсілерін тәрбиелеп, жүректерін пәктеген, әрі жүрегі жай тауып белгілі деңгейге қол жеткізген ерекше жандар Аллаһтан басқа ешнәрсені жақсы көрмейтін халге жетеді. Дегенмен, қарапайым адамдар мал-мүлік, бала-шаға сияқты жаратылыстарға деген сүйіспеншілігінен бір дегенде арыла алмайды. Негізінде аталған сүйіспеншілік түрлері белгілі бір дәрежеге жеткенше орын алады.

Жүректі пәктеудің маңызын ұғыну үшін жүректің заттық және рухани өмірдегі орнына қараудың өзі жетіп жатыр. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүректің өмірлік мән-мағынасын өзінің мына бір хадисімен керемет баяндаған:

*«...Адамзат денесінде бір ет бөлігі бар. Ол дұрыс әрі жақсы болса, бүткіл дене жақсы болады. Ол жаман болса, бүткіл дене жаман болады. Мұқият болыңдар, ол – **жүрек**»* (Бұхари, Иман, 39).

Хазірет Мәулана (құддисә сирруһ) қандай да бір қапшықтың астындағы тесікті бітеп жаппай тұрып, ішін толтыруға тырысуды бос әурегершілік екенін айтқан. Дәл сол сияқты, амал жасаған кезде де алдымен жүректі пәктеп барып, содан кейін ғана жасалған амалдардың бақытқа жеткізетінін білгеніміз жөн. Бұған қоса, амалдар ниеттерге байланысты. Ниет – жүрек амалдарының бірі. Сондықтан да ниетті түзеп, ықыласпен безендіру керек.

Аталмыш дәрежеге жету үшін жүректі шынайы түрде пәктеу қажет. Хақ достарының жүректі тәрбиелеуден көздейтін мақсаттары – жүректі үнемі Аллаһпен бірге болу сезіміне (яғни, ихсан деңгейіне) жеткізу, әрі осының арқасында жүректі тірі ұстауға ұмтылу болып саналады. Жүректің осындай жағдайға келуі үшін «масиуа»-дан, яғни Аллаһтан өзге бүткіл нәрселерден арылуы тиіс.

Мұндай жүрек – нәзік әрі терең ақиқаттарды да сезінетін болады. Жүрек қаттылықтан (яғни, қарапайым ет бөлігі болудан) құтылып, неғұрлым жұмсарған сайын Аллаһтың есімдері мен құпия-сырлары көрініс табатын ерекше мүшеге айналады. Нәтижеде, Аллаһ Тағаланың

жүрек арқылы танылуы деген мағынаны білдіретін «Мағрифатуллаһ» пайда болады. Бұл – ілімнің таным халіне келуі деген сөз.

Аллаһтың құзырына тек шынайы (сәлим) жүрекпен, яғни кірлерден тазаланып, пәктеліп, бүкіл рухани дерттерден арылып, іші иләһи махаббатпен толтырылған көңілмен келгендер ғана табысқа (құтылуға) қол жеткізеді. Осы шындықты Аллаһ Тағала былайша баяндаған:

«Ол күні мал-мүлік те бала-шаға да пайда бермейді! Тек қана, Аллаһқа пәк (шынайы) **жүрекпен келгендер басқа»** (Шуара сүресі, 88-89 аяттар)**.**

Нәпсіні жамандықтардан арылтып, жүректі пәктеу арқылы кіршіксіз жүрек пен пайдалы (мұтмаин) нәпсіге ие болу үшін мән беруіміз қажет бірнеше шарттар бар. Олардың негізгілері мыналар:

- **Халал тамақтану**
- **Истиғфар (кешірім сұрау) мен дұға**
- **Құран оқып, оның үкімдерімен амал жасау**
- **Құлшылықтарды ықыласты түрде орындау**
- **Инфақ (яғни, қайыр-садақа жасау)**
- **Түндерді құлшылықпен өткізу**
- **Аллаһты зікір етіп, үнемі өз-өзін есепке тарту**
- **Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақсы көру әрі көп-көп салауат айту**
- **Өлімді еске алу**
- **Ізгі де салихалы жандармен бірге болу**
- **Көркем мінез-құлыққа ие болу т.б.**

Осы шарттарды мұқияттылықпен орындап, шын ықыласпен жүзеге асырудың арқасында қол жеткізілетін «қалбун сәлим» яғни, шынайы жүрек бос нәрселерден арылып, мөп-мөлдір айна секілді Аллаһтың әдемі сипаттарын көрсететін болады. Хақ Тағала қандай да пендесінің жүрегінде Өзінің көркем сипаттарының көрінісіне (яғни, Өз сипаттарының орныққанына) куә болса, ол пендесін жақсы көріп, одан разы болады.

Расында, Раббымыз – бүткіл нәрселердің жаратушысы әрі иесі. Сол себепті, Ол ешнәрсеге мұқтаж емес. Оның құзырына қаншалықты құнды сыйлық алып барсақ та, сыйлығымыз Оның Өзінің қазынасынан алынған болады!

Ол – хусну мутлақ, яғни барлық жақсылықтар мен сұлулықтардың негізі. Сондықтан да, бүкіл жаратылыстардың ішіндегі ең сұлу әрі ең

бағалы нәрсе – Ұлы Аллаһ Тағаланың көркем есімдеріне айна бола алатындай мөлдір де тұнық «жүрек» екені даусыз. Демек, Раббымызға беруге ең лайықты сыйлық – Аллаһ Тағала бізден қалаған «шынайы таза жүрек».

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешіттің мінбесінен Мүтә соғысының барлық оқиғаларын дәл болған күйінде сахабаларға баяндап жатқан еді. Соғыс майданын тікелей көзбен көріп отырған болатын. Ол жерде бірінен кейін бірі жан тапсырып жатқан шейіттерді, сахабалардың бір жағынан нәпсімен, екінші жағынан шайтанмен қалайша күресіп жатқандарын қайғыра жеткізіп жатыр еді:

«Зәйд бин Хариса жалауды қолына алды. Шайтан дереу оның жанына жетіп келді. Өмір мен дүниені оған жағымды етіп, өлімді жаман етіп көрсетті. Сонда Зәйд:

«Бұл кезең мүминдердің жүрегіндегі иманды қуаттайтын кезең! Сен болсаң маған дүниені жақсы етіп көрсеткің келіп тұр» деді де, алға жылжыды. Соғыса бастады, көп ұзамай шейіт болды. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңыздар».

Сосын өз сөзін былай деп жалғастырды:

«Ол қазір жәннатқа кірді, сол жерде жүр! Кейін жалауды Жағфар алды. Шайтан дереу оның жанына барды. Өмір мен дүниені оған жағымды етіп, ал өлімді жаман етіп көрсетпек болды. Жағфар болса:

«Бұл сәт мүминдердің жүрегіндегі иманды қуаттайтын кез!» деп алға жылжыды. Дұшпан жасақтарына қарай ұмтылды, аяусыз соғысып, соңында ол да шейіт болды. Мен оның шейіт болғанына куәлік етемін».[209]

Содан кейін Расулуллаһ былай деді:

«Бауырларыңыз үшін Аллаһтан кешірім сұраңыздар. Ол шейіт болып жәннатқа кірді. Қазір ол жәннатта жақұттан екі қанат тағып, қалағанынша ұшып жүр».

Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жағфардан кейін жалауды Абдуллаһ бин Рауаха алды» дегеннен

---

209. Ибн Омар (радиаллаһу анһу)ма былай дейді:
«Жағфарды іздедік. Оны шейіттердің арасынан таптық. Қарасақ, денесінің алдыңғы жағында тоқсаннан астам оқ пен найза салған жара бар екен. Жаралардың бірде біреуі артында емес еді» (Бұхари, Мәғази, 44). Жағфар (радиаллаһу анһу) шейіт етілген кезде отыз үш жаста еді (Ибн Хишам, III, 434).

кейін біраз уақыт үндемей қалды. Ансар сахабалар қобалжи бастады. Олар «Абдуллаһ бин Рауаханың Аллаһ пен Расулуллаһқа ұнамайтын бір іс жасап қойды ма?» деп уайымдай бастады. Дәл сол кезде Хазірет Абдуллаһ қолына жалауды алып, алға қарап жылжып бара жатып, бір жағынан нәпсісіне тізе бүктіруге тырысып жатқан болатын:

«Әй, нәпсім! Мен сені өзіме бағындырамын деп ант еттім. Сен бұған өз еркіңмен көнесің, не болмаса мәжбүрлеп көндіретін боламын. Байқаймын, сен жәннатты онша ұнатпайтын секілдісің! Сен денедегі тұкке тұрғысыз бір тамшы судан басқа ештеңе де емессің ғой! Әй, нәпсім! Сен қазір өлтірілмесең өлмейтін бе едің?! Егер әлгі екі кісі сияқты шейіттікті таңдасаң, дұрыс таңдау жасаған боласың! Ал, бұдан кешігетін болсаң, онда құрдымға кеттім дей бер...»

Сол кезде саусағын жаралап алған Абдуллаһ бин Рауаха (радиаллаһу аһһу) атынан түсіп, әлгі саусағын аяғымен басты да:

«Сен бар-жоғы қанап жатқан бір саусақ емеспісің?

Бұған да Аллаһ жолында душар болдың!» деген мағынада өлең шумақтарын оқыды. Кейін әлгі саусағын жұлып тастады да, қайтадан соғысуын жалғастырды. Бір жағынан жауға қарсы кіші жиһад жасап жатса, екінші жағынан нәпсісіне қарсы үлкен жиһад жасап жатқан болатын:

«Әй, нәпсім! Егер әйелден айрылып қаламын деп қорқып жатқан болсаң, оны үш талақпен босадым. Егер қол астыңдағы құлдардан мақрұм болып қалудан қорықсаң, оларды да еркіне жібердім. Ал егер, бау-бақшаларыңнан жұрдай болудан қорқатын болсаң, оларды Аллаһтың және Елішісінің разылығы үшін сыйға тарттым!»

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыс майданында орын алып жатқан оқиғаларды баяндауды былайша жалғастырды:

«Абдуллаһ бин Рауаха да дегеніне жетті. Қолында жалауымен жауға қарсы соғысып, ақыр-соңында шейіт болды. Ол (біраз ойланып қалғандықтан) сәл кідіріп жәннатқа кірді. Ол үшін де Аллаһтан кешірім сұраңыздар» деді.

Абдуллаһтың жәннатқа сәл кідіріп кіруі ансар сахабаларды біраз уайымға салды. Олар:

– Уа, Расулаллаһ! Мұның себебі неде? - деп сұрады.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ол жараланған кезінде дұшпанмен соғысуда екі ойлы болып қалды. Кейін нәпсісімен соғысып, соңында есін жиып, жаумен алысты да, ақыр-аяғында шейіт болды. Жәннатқа кірді. Маған олардың жәннатта, алтын тақтың үстінде екендігі көрсетілді. Абдуллаһтың тағы достарының

тақтарынан сәл төмендеу әрі қисықтау екенін көріп, мұның себебін сұрадым. Сонда:

«Абдуллаһ соғысқа бара жатып, екі ойлы болған еді, содан кейін ғана соғысуды бастаған болатын» деген жауап естідім.

Хазірет Абдуллаһтың шейіт болып, соңында жәннатқа кіруі ансар сахабаларды қатты қуанышқа бөледі.

Осыларды баяндап жатқан Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уайым-қайғысы күшейіп, тіпті мүбәрәк көздерінен інжу-маржандай жас тамшылай бастады. Содан соң:

«Қазір жалауды Аллаһтың қылыштарынан бір қылыш қолына алды. Нәтижеде, Аллаһ Тағала мұжаһидтерді жеңіске жеткізді» деді (Қараңыз: Бұхари, Мәғази, 44; Ахмед V, 299; III, 113; ибн Хишам, III, 433-436; Уақиди II, 762; ибн Сағд III, 46, 530; ибн Әсир, Усдул Ғаба III, 237).

Демек, нәпсі мен шайтан өмір бойы адамды қалт жібермейді. Олай болса үнемі мұқият болып, нәпсімен күресуіміз қажет, сондай-ақ Раббымыздан шын көңілден пана сұрауымыз керек. Құранда да былай делінген:

«...Саған яқин (өлім) келгенге дейін Раббыңа ғибадат ет!» (Хижр сүресі, 99-аят)**.**

***

Аллаһ достарының бірі Абдул Қадир Ғайлани сыртқы (дүниетану) ілімдерін үйреніп болған соң, «менмендік» пен нәпсінің тұзақтарынан құтылуда әрі Аллаһтан алыстататын бүткіл кедергілерден жүрегін қорғау мақсатында бірталай уақыт бойы Бағдаттың шеткі жерлерін мекен еткен болатын.

Дәл сол сияқты, Шах Нақшбәнди (құддисә сирруһ) та өзін жетілдірудің алғашқы кездерінде нәпсісін тәрбиелеп, тәкаппарлық пен өркөкіректіктің қарама-қарсысы болып табылатын «түкке тұрғысыз» халге жету үшін науқас, бейшара жандарға, көшеде қалып қойған жануарларға көмектескен. Оларға көңіл бөлген, сондай-ақ, адамдар жүретін жолдарды тазалау арқылы тура жеті жылдай уақыт қызмет жасаған.

Міне бұл – нәпсіні тізгіндеудің неғұрлым қиын екендігін және осының сыйы ретінде ұлы жетістіктің берілетіндігін аңғартады...

***

Хазірет Имам Ғазали өз дәуіріндегі бүкіл ілімдерді меңгерген болса да, Раббына жақын болу мақсатында ұзақ уақыт бойы «ешкім емес» күйде, яғни барлық нәпсілік қалауларынан бас тартқан күйде өмір

сүрген.

Имам Ғазали ілімнің шыңындағы жағдайын былайша тілге тиек етеді:

«Ақыли және шарғи ілімдермен шұғылданып жатқан едім. Көп шәкірттерім болатын. Жағдайым туралы ойлай бастадым. Қарасам, әр түрлі сынақтардың ішіндемін. Ілімдегі ниетім жайында ойландым. Тек қана Аллаһ разылығы үшін емес, абырой-мақамға ие болу мақсаттарымның да бар екенін сезіндім. Жіті мән беріп қарадым да, құрдымға кетіп бара жатқанымды түсіндім. Жардың жағасында тұрғанымды сезіп, өз-өзіме былай дедім:

«Кәне, жылдам бол, өміріңнің аз ғана бөлігі қалған шығар. Үйренген ілімдеріңнен пайдаланып, амал жасамайтын болсаң, оның не пайдасы бар?! Тап қазір керексіз байланыстарды үзіп, кедергілерді жоймайтын болсаң, ақырың не болмақ?» дедім.

Сол кезде тұла бойымда өзгеше бір күй пайда болды. Дүние мен дүниешілерден қашу, әрі дүниеге берілу мен ақыретті таңдау арасында дал болып, алты ай аң-таң болып, аянышты күй кештім. Жүрегім сыздай бастады. Қаншалықты әлсіз екеніме көз жеткіздім. Ерік-қалауымның түгелімен қолдан кеткенін жете түсіндім. Емсіз науқасқа, дауасыз дертке шалдыққан адам секілді Аллаһқа жалбарына дұға жасадым... Ақыр-соңында:

«...Қиын жағдайға тап болған адам дұға еткен кезінде оның дұғасын қабыл алып, қиыншылығын кетіретін» (Нәміл сүресі, 62-аят) аятында айтылғандай Аллаһ Тағала дұғамды қабыл етіп, жүрегімді оятты. Ішімдегі дүние-мүлік пен атақ-даңққа деген құмарлық мүлде жойылды. Бәрінен де теріс бұрылдым. Зікір, пікір, нәпсімен күрес, ахлақты түзеу сынды өте маңызды істермен шұғылдана бастадым. Осыдан барып көз жеткізгенім: Аллаһқа қауышқандар және де шынайы тура жолды тапқан жандар – тасаууф жолын ұстанған теңдессіз тұлғалар екен. Ең көркем өмір жолы мен ахлақ үлгілері дәл соларда. Себебі, олардың ішкі және сыртқы ахуалдары тура Пайғамбарлардан алынғандай. Ал, жер бетінде Пайғамбарлық нұрынан асқан нұр жоқ» (Қараңыз: Ғазали, әл-Мунқизу минәд-Далал, Истанбул 1994, 35-39 беттер).

***

Бәлх сұлтаны Ибрахим бин Адхамның нәпсісін тізгіндеу мен жүрегін пәктеуге бетбұруы төмендегі әсерлі оқиғадан кейін орын алды:

Түннің жартысында Ибрахим бин Адхам тақтың үстінде ұйықтап қалған болатын. Кенеттен сарайдың үстінен қатты айқай-шу естіледі. Әлгі дауыстар барған сайын күшейе түсіп, ақыр-соңында Сұлтанды оятып жібереді.

Сұлтан Ибрахим бин Адхам тез арада өзін қолға алып, төбеге қарап айқайлады:

– Төбеде кім бар? Түннің бұл уақытында төбеде не істеп жатырсыңдар?

Сонда ол жақтан бір дауыс келеді:

– Жоғалған түйемізді іздеп жатырмыз, сұлтаным!

Ибрахим бин Адхам бұған таң қалып:

– Сендер не айтып тұрсыңдар, сарайдың төбесінен түйе іздей ме екен? - дейді.

Бірақ, берілген жауап өте мағыналы, тура жолға бастайтындай өте әсерлі еді:

– Әй, Ибрахим! Сен төбеде түйе іздеуге болмайтынын білесің. Алайда, үстіңдегі бағалы киімдер, басыңдағы тәж, осы отырған тағыңмен Аллаһты таба алмайтыныңды білмеймісің?!»

Осы оқиға Ибрахим бин Адхамның жан-дүниесінде ұзақ уақыттан бері басталған толғаныстарды одан сайын күшейтіп жібереді. Ол өзін жоғалтқандай, мең-зең болып күй кеше бастайды. Дегенмен өзінің салтанатты сарайын толығымен тәрк ете алмай, екі ойлы болып жүре береді.

Бірақ та, Ибрахим бин Адхамның аңға шығуға құмарлығынан әдетке айналдырған кезектегі аңшылығы кезінде орын алған екінші «ескерту» ретіндегі оқиға оның Аллаһтың досы болуына ықпал етті. Ол оқиға былай еді:

Хазірет Ибрахим бин Адхам күндердің бірінде аңға шығады. Бір киіктің артынан жүгіре бастады. Алыстап кеткені соншалық, қасындағы әскерлер де арт жақта қалып қойды. Сонда да Ибрахим бин Адхам киікті ұстауға бел буғандықтан, оны қуудан бас тартпай, кете берді. Ақырында енді ғана киікті тығырыққа тіредім-ау деген кезінде әлгі сұлу жануарға тіл бітіп, былай деді:

– Ей, Ибрахим! Сен осы үшін жаратылдың ба? Аллаһ мені ұстауың үшін жаратты ма? Ал жарайды, мені ұстағанда не табасың? Бір жануарды өлтіргеннен басқа түкке де ие болмайсың ғой...

Ибрахим бин Адхам бұл сөзді естісімен, жүрегінде бір от тұтанып, өзін аттан тастап жіберді. Кең далаға қарай жүгіре жөнелді... Біраз уақыт өткен соң қараса, айналада жалғыз шопаннан басқа ешкім де жоқ. Дереу әлгі шопанның жанына барып, жалбарына бастады:

– Өтінемін, осы бағалы асыл тастарды, үстімдегі патшалық киімдерімді, барлық нәрсемді алып, маған осы ескі шапаныңды берші...

Ешкімге ештеңе де айтпа, - дейді.

Жарайды деп келіскен шопан аң-таң болып тұрған кезде сұлтан оның киімін киіп, көзден ғайып болады. Әлгі шопан оның артынан: «Патшамыздың есі ауып қалған секілді» деп ойлап жатқан-ды. Ал негізінде Ибрахим бин Адхамның есі аумаған, керісінше енді ғана есін жиған кезі еді... Ол бір киікті аулаймын деп шыққан еді, алайда Аллаһ Тағала бір киікпен оны аулаған болатын.

Нәпсіні ешқандай күрессіз, барлық қалауларын істей беру арқылы тізгіндеу, тәрбиелеу әсте мүмкін емес. Оны Раббымыз қалайтындай халге келтіріп, ақыретте табысқа қол жеткізу үшін бүкіл күш-қайратымызбен әрекет жасауымыз керек. Айтылып отырған тәрбие ісіне уақыт өткізіп алмастан тез арада кірісу, дереу әрекетті бастау керек. Өйткені, «өлім» атты ақиқат адам баласына кез келген уақытта келуі мүмкін!..

***

Хақ достарынан бірі Нәжмиддин Кубра бір салихалы кісінің жаназасына шәкірттерімен бірге барған болатын. Бір кісі қабірге қойылған әлгі адамға талқин айтып (оған дұға жасап) жатқан кезде Нәжмиддин сәл күлімсіреп қояды. Шәкірттері «Осындай кезде де күлімсірей ме екен, қызық!» - деп ойланып қалады. Сөйтіп, оның неліктен күлгенін сұрайды. Бірақ та, ұстаздары жауап беруді қаламайды. Олар қайта-қайта сұрай берген соң, ақырында былай деп жауап береді:

«Әлгі мүрдеге талқин айтып, жәрдем сұрап жатқан адамның жүрегі – ғапыл (Аллаһтан бейхабар), ал қабірге кірген адамның жүрегі – тірі. Ғапыл адамның жүрегі тірі адамға қайғырғанын көріп, таң қалғаным ғой».

Иә, нәпсісін тәрбиелеп, жүрегін пәктеген мүмин өлімінен кейін де өмір сүруін жалғастыра береді. Бұлай істемегендер өмір сүріп жатқанымен, өліктен еш айырмашылығы болмайды.

***

Хазірет Халид Бағдади біраз достарымен бірге Хазірет Абдуллаһ Диһләуиді зиярат ету үшін жолға шығады. Бірнеше айға созылған сапардан кейін Үндістанның Дехли (Жиханабад) қаласына жетеді. Кейбір риуаяттарда осы сапар бір жылға созылған деп те айтылады.

Тезірек Хазірет Абдуллаһтың алдына кіруді қалаған Халид қасындағы достарымен бірге оның құзырына қарай бет алады. Есікті ашқан дәруішке Халидтің жанындағылар:

– Сүлеймания, Шам және Бағдат ғұламаларынан Қажы Халид Зияуддин және оның достары Хазірет Пірді (Диһләуиді) зиярат етуге келіп тұрмыз, - деді.

Осы зиярatты Аллаһтың құдіретімен сезген Абдуллаһ Диһлəуи:

– Халид қалсын. Қалғандары біраз уақыт қонағымыз болып, елдеріне қайта берсін, - деді.

Ұстаздың айтқаны орындалған соң, екінші əмірді берді:

– Халидқа айтыңдар, осы жердегі дəретхананы тазалауға кіріссін.

Шəкірттікке осылай қабыл етілген, əлі Шейхпен де кездеспеген Халид Бағдади бүкіл Ислам əлеміне танымал атақ-абыройына, дария сынды терең іліміне қарамастан, ешқандай қарсылық білдірмеді. Қолына шелегі мен сыпыртқысын алып, дереу іске кірісіп кетті.

Дəретхана тазалауға қажетті суды алыс жердегі бір құдықтан əкелетін. Суды толтырған соң шелекті бір таяқтың ұшына байлап, иығымен таситын. Күніне осы жолдан бірнеше рет барып қайтатын. Яғни, сол жерлерді тазалап, дəрет суларын əзірлейтін еді. Осылайша нəпсісін тəрбиелеу мақсатында барлық ерік-жігерімен тырысып жатқан болатын. Егер нəпсісіне ауыр келіп, оның іштей наразылық жасағанын байқайтындай болса, сол мезетте тəубе-истиғфар айтуға кірісетін. Осылайша, арадан айлар өтті.

Бір күні дəретхананың тастарын тазалап жатып, қатты шаршайды. Сонда нəпсісі оның əлсіз жақтарынан пайдаланып, оны азғыра бастайды:

«Ей, Бағдат пен Шам аймақтарының ұлық ғалымы! Ей, атақ-абыройы шексіз Халид! Əулие ме, есуас па, беймəлім бір адамның сөзімен қаншама жол жүріп, осы жерлерге келдің. Кəне, іздегеніңді таптың ба? Көзіңді ашып қара, мұнда шейх та жоқ, тəлім-тəрбие де жоқ! Саған бірнеше айдан бері тек дəретхана тазалатқызып жатыр! Сен іздеген «ләдүнни (Аллаһтың арнайы құлдарына білдіретін) ілімі» осы ма?!»

Мұндай қатты азғырудан шошып кеткен Халид Бағдади нəпсісінің ғапылдық пердесін жаппақшы болғанын байқап, оған былай деп айтты:

«Ей, нəпсім! Егер осы мүбəрак ұстазымның берген қызметін жақсы орындай алмай, саған сəл ғана берілетіндей болсам да, саған жерлерді сыпыртқымен емес, сақалыммен сыпыртқызамын!»

Оның бұл ахуалын шейхі Абдуллаһ алыстан көріп тұрған болатын. Осы оқиға арқылы нəпсінің соңғы азғыруынан да сүрінбей өткен Халидтің шелегі мен сыпыртқысын ендігі жерде періштелер алып жүргенін (көкірек көзімен) көрді. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін су таси беріп, жара болып кеткен иығынан көкке қарай нұр шыға бастағанына куə болды. Бұған қатты қуанған Пір осы ерекше шəкіртін қасына шақырды да:

«Балам Халид! Ілім жағынан теңдессіз дəрежеге жеткен едің.

Дегенмен, оны рухани құндылықтармен безендіруің керек болатын. Сол үшін нәпсіңді тәрбиелеп, жүрегіңді пәктуге мұқтаж болатынсың. Теріс жағдайда, нәпсің сені мақтаншақтық пен тәкаппарлық құрдымына қарай әкететін еді. Аллаһқа шүкір, қазір сен нәпсіңді жеңіп, біраз болса да өзіңе бағындырып алдың, кәмілдікке қарай бет бұрдың. Енді ісіңді періштелер жасайтындай халге жеттің» деді. Содан соң:

«Балам! Біз қол берген (бағынған) ұстаздарымыздың шариғат, тариқат, ақиқат және де мағрифатқа қол жеткізген тұлғалар екені рас. Енді сен де бір ерекше тұлға (мүжәддид) болып, олардың шынжырындағы бір алқаға айналдың. Бұдан былай сен де осы жолда қызмет етіп, адамдарды тура жолға шақыр. Аллаһ Тағала абыройыңды арттырып, игіліктер нәсіп етсін!» деді.[210]

Тәрбиеленбеген шикі нәпсі мен пәктеліп тазаланбаған жүректің неғұрлым білімді болса да, адамдарды тура жолға шақыра алмайтыны даусыз. Тек осы екі шарт орындалған соң адам баласы пайдалы болуға әрі өзі де пайдаға кенелуге дайын халге жетеді.

***

Хазірет Мұхаммад Мухиддин Үфтада өзіне шәкірт болып келген Азиз Махмудты өте бай бір қазылық лауазымынан келгенін білгендіктен, оған алдымен менмендікті тәрк етіп, әлсіздігін жете түсінуін қалайды да, Бурса базарларында бауыр сатуды, сонымен бірге дәретхананың тазалығына қарайлауды бұйырады. Осындай нәпсі тәрбиесінің нәтижесінде Қазы Махмуд патшаларға жөн сілтейтіндей кемелдікке қол жеткізіп, тікелей ұстазы тарапынан «Худаи» деген атқа ие болады.

Тарихи деректер бойынша, бір кісі Хазірет Худаидің симя ілімін[211] білетінін естіп қалады. Оның құзырына келіп:

– Тақсыр! Сізді симя ілімін біледі деп естідім, не айтасыз? - дейді.

Хазірет Худаи ештеңе айтпастан, жақын жерден үш жапырақ алады да, оларға қарай үрлейді. Аллаһтың құдіретімен, әлгі жапырақтар үш бөлік алтынға айналады.

Бұл оқиғаны таңқалып тамашалаған әлгі кісі дереу солай жасайды. Бірақ та, мақсаты орындалмайды. Сонда Хазірет Худаи былай дейді:

– Балам! Білетін болсаң, симя ілімін үйренуді нәпсісін симя етуден (нәпсіні өзгертіп, жетілдіруден) бастау керек...

Расында да, өмір сүру мен құлшылықтағы мақсат – таңғажайып

---

210. Мұхаммад бин Абдуллаһ әл-Хани, Адаб, ауд. Али Хусреуұлы, Истанбул 1995, 107-108 бб; Ұжым, Ислам ғалымдары энциклопедиясы, Истанбул, Түркия газетесі баспасы, XVIII, 81-82 бб.

211. Симя – қарапайым тастар мен кендерден құнды әрі асыл тастар жасау ілімі.

оқиғалар мен кереметтер көрсету емес, нәпсіні тәрбиелеп, жүректі пәктеу арқылы кәмілдікке ұмтылып, нағыз мүмин болуға қол жеткізу.

***

Атақты ақын әрі ойшыл Мұхаммад Иқбал өзінің бір өлеңінде нәпсіні жетілдіріп, жүректі махаббатпен толтыруды қандай керемет баяндайды:

Бір түні кітапханамда отырып, бір (қара) күйенің түнгі көбелекке айтып жатқан сөзіне құлақ астым:

«Ибн Синаның кітаптарының арасына орналастым. Фарабидің шығармаларын көрдім. (Олардың түгеп-таусылмайтын құрғақ жолдары мен сол жолдардағы бұлыңғыр әріптерінің арасында ұзақ уақыт жүрдім, оларды кемірдім. Осы арада Фарабидің «Ізгіліктер қаласы» деген мағынадағы «Мәдинәтул Фазыласын» бұрыш-бұрышын қалдырмай, біртіндеп айналып шықтым.) Бірақ та бұл өмірдің мән-жайын ұға алмадым. Көптеген тығырықтар мен соңы жоқ көшелерде сапар шектім. Күндерімді жарытатын бірде-бір Күнім жоқ қой, қайтейін...»

Күйенің осылайша уайымға салынған сөздерін тыңдаған түнгі көбелек өзінің өртенген қанаттарын көрсетіп, былай деді:

– Қара! Мен сол үшін, осы махаббат үшін қанаттарымды өртедім. Артынша сөзін былай деп жалғастырды: «Өмірді бұдан да тірі, әсерлі қылатын нәрсе – әрекет жасау мен сүйіспеншілік болып табылады. Ал, өмірді көкке көтеріп ұшыратын нәрсе – ғашықтық!»

Яғни, түнгі көбелек күйеге өзінің өртенген қанаттарын көрсетіп, былай деп айтқысы келгендей болды:

«Сен бұл пәлсапаның тығырық жолдарында жоқ болып кетуден өзіңді құтқар. Мәснәуидің[212] *ғашықтық, шынайы ықылас, әрі өте терең мәнмағыналары дариясынан өзіңе үлес алып, Хаққа қарай қанат қақ!..»*

Міне, нәпсіні тәрбиелеп, жүректі пәктеу үшін рухани бір жарықтың айналасында бейнебір көбелек сияқты шынайы махаббатпен шыр айналу, шын жүрекпен әрекет жасап, қызмет ете отырып ғұмыр кешу керек.

***

Марқұм Махир Из Хазірет жүрекке сіңбеген ілімнің жеткіліксіз екендігін айтып, осы жетіспеушілікті жоюдың бір ғана жолы – рухани тұрғыдан кәмілдікке жету екенін түсінген, әрі өмірінің соңғы жылдарын «өзін рухани тұрғыдан» жетілдіруге бағыттаған болатын. Өзінің осы жағдайын былайша тілге тиек етеді:

«Ғылымның бүкіл ақиқаттарына қол жеткізуге мүмкіншілік

212. Мәснәуи – Мәулана Жәлалиддин Румидің атақты еңбегі.

болмағандықтан, ешуақытта ілім іздеуді тоқтатпау керектігіне, әрі асыл шындыққа жету үшін лайықты (арнайы) адамдардан тәрбие алу қажеттігіне сенемін. Міне сондықтан да, ерік-қалауымды мағрифатуллаһқа жеткізу үшін Хазірет Самиге[213] қол беруді ұйғардым».[214]

Мағрифат (яғни, Аллаһты тану) кеңістігіне қанат жаю үшін талаптану, махаббат әрі қызмет жолдарын сенімді (әулие) тұлғаға тіреп, сол баспалдақтар арқылы жоғары қарай өрлеу керек.

***

Қорыта айтар болсақ, нәпсіні тәрбиелеу және жүректі пәктеу өмір бойы үздіксіз жалғасуды қажет ететін маңызды істердің бірі. Кез келген мүмин-мұсылман пенде нәпсісіне ие болуы керек әрі ешқашан оны кемелдікке жетті деп ойламауы тиіс. Былайша айтқанда, мүлде нәпсінің айлалары мен тұзақтарына түсіп қалмауы қажет. Хазірет Мәулана осы жайында былай деген:

«Бұл сорлы нәпсі сені «өткінші» табысқа жеткізбекші болады. Қай уақытқа шейін сондай өткінші табыстармен әуреленіп жүре бермексің? Осы уақытқа дейін әуреленгенің жетпей ме?!»

«Нәпсі тұзелу жайында саған көптеген уәделер бергенімен, қаншама рет ондай уәделер мен туәбелерді бұзады».

«Өмір саған мың жыл мұрсат берсе де, нәпсің күн сайын жаңа бір сылтаулар тауып отырады».

«Егер сол арсыз нәпсі сенен бір рухани табыс, яғни ізгі амалдар қалайтындай болса, байқа, алданып қалма! Өйткені, бұл қалаудың артында нәпсіңнің тұзағы болуы мүмкін».

«Нәпсінің оң қолында тәспі мен Құран Кәрім бар, бірақ та жеңінің ішінде қанжар мен қылыш та жасырылған».

***

Нәпсі тәрбиесі мен жүректі пәктеуді өте маңызды деп білетін тасаууф – ұшы қиырсыз мұхит сияқты. Ол бүкіл жаратылыстарды қамтитын иләһи әлем болып саналады. Оны тілмен жеткізу әсте мүмкін емес. Тек, әркім өз деңгейіне, түсінігіне, дәрежесіне қарай ол жайында сөз қозғайды.

Тасаууф әһлі (яғни, сопылықтың өкілдері) көркем мінез-құлық, жомарттық, мейірім, қамқорлық, нәзіктік және де кішіпейілділік сияқты ізгі сипаттарға ие жандар. Олар баршамен жақсы мәміледе болып, көрегендік пен парасаттылық арқылы алдын-ала болжамдау-

213. Сами Рамазанұлы.
214. Махир Из, Йылларын изі, Истанбул 1975, 396-бет.

ды біледі. Олардың кез келген әрекеттері Құран Кәрім үкімдеріне, Расулуллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлақ, әдептеріне сондай-ақ іс-әрекеттеріне сәйкес болады. Олар Жаббар иеміз Аллаһ Тағала мен Сүйікті Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жандарынан, мал-дүниелерінен, бала-шағаларынан да артық жақсы көреді.

Аллаһ Тағала бізге де осындай пенделер сияқты ғұмыр кешуді, әрі өмірімізді Өзі разы болатындай ең көркем түрде өткізуді нәсіп етсін!

Уа, Раббым! Көңілдерімізді иман сүйіспеншілігімен безендір! Біздерді күпір мен күнә істердің жаманшылығын сезініп, ондай тірліктерден шын мәнінде сақтанатын пенделеріңнен жазғайсың! Пайғамбар ахлағынан үлес алып, бейнебір тірі Құрандай өмір сүруімізді және де ихсан халінде (Өзіңді көріп тұрғандай) ерекше өмір сүруімізді нәсіп ет! Өзіңе деген махаббатты жүректерімізге орнықтыр! Біздерді Өзіңнің «пенделерің», ал Расулуллаһтың «үмбеті» қатарындағы бақытты құлдарыңнан ете гөр! Артымыздан біздерге дұға ететін әрі екі дүниеде де көзіміздің нұры болатын қайырлы ұрпақ тәрбиелеуімізді нәсіп ет!

Уа, Раббым! Отанымызды, елімізді Құрансыздық, имансыздық және де ахлақсыздықтан сақта! Осы өткінші әлемде Құран Кәрімнің шынайы мән-мағынасын түсініп, жәннат өміріндей ғұмыр кешуді, сондай-ақ Құранмен өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қызмет жасау бақытын баршамызға нәсіп еткейсің!..

Әмин!

Мазмұны

Алғы сөз 3

I БӨЛІМ. Сенім және ғибадат

1. Иман махаббатымен өмір сүру 13

2. Ықылас 3

3. Тақуалық 44

4. Тәубе және истиғфар.....53

5. Аллаһтың және Оның елшісінің әмірлеріне мойынсұну 61

6. Ғибадаттағы ұқыптылық.....72

а) Нәпіл ғибадат 82

ә) Намазды әрдайым жамағатпен оқу 88

б) Түңгі құлшылық 100

в) Дұға мен мінәжат 109

г) Хүшүғ 124

7. Құран Кәріммен амал ету..... 132

8. Аллаһты зікір ету және Пайғамбарға салауат айту 144

9. Ақтық дем қайғысы.

Өлімге және одан кейінгі жағдайға дайындық 157

II БӨЛІМ. Тұлғалық және рухани жетілу

1. Махаббат 177

а) Аллаһқа деген махаббат (Махаббатуллаһ) 178

ә) Аллаһтың елшісіне деген махаббат 191

б) Дін бауырына деген махаббат 226

в) Күллі махлұқатқа деген махаббат 233

2. Аллаһтан қорқу және хауф пен рәжа 245

3. Тағзым (ұлықтау) 260

4. Сенімділік және уәдеде тұру 274
5. Туралық 286
6. Жағдайына разы болу 295
7. Тәуекел ету және тәслімият 304
8. Ихсан және мұрақаба 318
9. Қарапайымдылық (Мутауазы болу) 327
10. Хилм және Мұсамаха (жұмсақтық пен жеңілдік) 343
11. Хұсни зан, яғни жақсы оймен жұру 352
12. Жомарттық және исар 358
13. Қанағат және истиғна 375
14. Дүниеге берілуден сақтану (зүһд) 387
15. Сабырлылық және табандылық 402
16. Мадақтау және шүкіршілік 411
17. Батылдық 421
18. Истиқамат - тура жолмен жүру 432
19. Өзгелерді қадірлей білу және опалы болу 437
20. Ар-намыс пен ұят 449
21. Фәтанат (даналық) және парасаттылық 461
22. Нәпсіні тәрбиелеу және жүректі тазалау 475